

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ХРЕСТОМАТИЯ
1-ТОМ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ



ХРЕСТОМАТИЯ
1-ТОМ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК: ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Серік Жұмабекұлы

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

ХРЕСТОМАТИЯ

1-том

Алматы,
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ
КБЖ
Ж

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 4 хаттама, 20.12.2024 ж.);*

Пікір жазғандар:

Филология ғылымының докторы, профессор **К. Қамзин**
Филология ғылымының кандидаты, доцент **С. Медеубек**

Құрастырған:

Жұмат Орынбасар

Жұмабекұлы Серік

Журналистік шеберлік: Құқықтық журналистика. хрестоматия /
С. Жұмабекұлы, құраст. О. Жұмат, Алматы: Қазақ университеті. – 2025.
– 464 бет.

ISBN

Жинаққа белгілі журналист-құқықтанушы С.Жұмабекұлының әр жылдары «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Президент және Халық», тағы басқа республикалық және халықаралық басылымдарда жарық көрген мақалалары топтастырылды.

Тергеу, прокуратура, сот, адвокатура қызметтерімен қоса, әр түрлі сараптама қорытындыларын пайдалана отырып, сын мақала жазу, сөйтіп адам құқығын қорғауға атсалысу – жүрек қалауымен жүзеге асатын іс. Кітапта сондай-ақ, құқық тақырыбына қалам тарту жолында кездесетін кедергілер мен журналистік шеберліктің қыр-сыры да танымдық-тәжірибелік тұрғыда сипатталады.

Хрестоматия жас журналистер мен жоғары оқу орындарының журналистика факультетінде оқып жүрген студенттерге, магистранттарға арналады.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Жұмабекұлы Серік, 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Құқықтық журналистика деген ұғым бұрыннан бар. Бірақ оны жоғары оқу орындарында базалық пән ретінде оқыту жүйесі КСРО тұсында да, тәуелсіз Қазақстан кезінде де болған емес. Бұл тәжірибені ТМД елдерінің жоғары оқу орындары ішінде алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті қолға алды.

Қазір осы оқу орнында «Құқықтық журналистика» атты пәннің оқытылып жатқанына он бес жылға жуықтады. Бұл тұрғыда осы бастаманың іргетасын қалаған журналист-ұстаз Серік Жұмабекұлының еңбегі айтуға тұрарлықтай.

Құқықтық журналистиканың негізгі міндеті – құқық қорғау саласындағы шырғаланды істердің көлеңкелі тұстарын заңдылық негізде саралай отырып, қоғамда әділдік пен заңдылықтың салтанат құруы жолында журналистік зерттеу жүргізу, сөйтіп қоғамдағы келеңсіздіктерді жалғанның жарығына шығару болып табылады.

Журналист бұл жерде ең алдымен еліміздің Конституциясы мен кодекстерді, салалық заңдарды басшылыққа алады. Өзі қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдарының жарғысына, бағдарламасына сай талдау, саралау, журналистік айғақтау жұмыстарын жүргізеді. Сөйтіп, құқықтық мемлекет құру жолындағы ізгі мұраттарға өзіндік үлесін қосады. Құқық қорғау саласының ішкі құрылымдарындағы ерекшеліктер мен басқа салаларға ұқсай бермейтін өзгешеліктерін талдай отырып, жаңа сипаттағы журналистік ізденістер қажеттігін студенттерге ұғындырады, әрі соған ұмтылдырады. Құқықтық журналистиканың даму заңдылықтары мен маңызы түсіндіріледі. Болашақ журналистерді құқық қорғау салаларымен жұмыс істеу машықтарына, заң саласындағы ақпараттарды халыққа мағынасын өзгертпей дұрыс жеткізуге, сот процестеріне қатысып, объективті пікірлер жазуға баулиды.

Прокуратура, тергеу, сот, адвокатура туралы заңдарды білмей тұрып, адам құқығын қорғау мүмкін емес. Сондықтан, студенттерге құқық қорғау саласындағы сан қилы оқиғаларды арнайы заңдармен байланыстыра, орайластыра дәрежелеу әдістері үйретіледі. Мәселен, журналистік айғақтаманың журналистік зерттеудегі өзіндік орнын

анықтау, сараптама мақалада тергеу тұжырымдамасын пайдалану, талдамалы мақалада адвокаттың айқындамасын дәйектеме ретінде оқырман назарына ұсыну, прокурордың наразылығы негізінде журналистік болжам жасау, сот шешімін, ұйғарымын, үкімін толық игеру барысында қоғамдық пікір қалыптастырудың өзі кейде жетістікке бастай бермейді.


Сондықтан, сот-дәрігерлік сараптамасы қорытындысын сын мақалада пайдалану, куәлардың дәйектемелері мен дәлелдеріне сын көзбен қарай отырып, қылмысты ашу барысында журналистік зерттеу жүргізу, тағы басқа да айғақтамалардың астарына үңіле білу, салыстыру, жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға қарай жіктеу, сөйтіп өзіндік ой сарабына жол ашу, ең соңында журналистік тұжырым жасау, сын мақала жазу әдістері «Құқықтық журналистика» сабағында оқытылады.

Теория жүзінде қанша айтылғанымен, оны журналистикада нақты жүзеге асыру оңай емес. Сондықтан, бұл салаға қалам тартып жүрген журналистердің зертханалық шеберлігін зерттеу ауадай қажет. Ол үшін студенттердің қолында жалпы теорияларға негізделген хрестоматиялық құрал болуға тиісті. Бірақ ол әзірге жоқ.


Студенттер кітапханаға барып, газет тігінділерін көтеріп, оның көшірмесін түсіріп алу үшін біршама уақыт кетеді. Оған екіншісі бірі бара бермейтіні де ақиқат. Ендеше, осы пәнді о баста үйірме ретінде қолға алып, одан тандау пәніне ұластырып, бүгінде журналистика факультетіндегі бірден-бір салалық журналистика ретінде жүргізіп келе жатқан оқытушының өз шығармашылық зертханасы негізінде құрастырылған хрестоматия студенттердің қолында жүрсе, несі артық.

Мұндай үрдіс орыс журналистикасында, шетел журналистикасында баяғыдан бар. Ендеше, қолдарыңыздағы жинақ сол олқылықтың орнын толтырудағы алғашқы қадамдардың бірі деп қабылдағандарыңыз дұрыс. Журналистік шеберлік тұрғысында болашақ журналистерге ұсынылып отырған жинақтың жарыққа шығуына сәттілік тілегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Қайыржан Төрежан,
*ҚР Журналисттер Одағының мүшесі,
құқықтанушы журналист.*



I. БӨЛІМ.



АҚИҚАТҚА БАСТАР ЖОЛ



АТУ ЖАЗАСЫ

Осынау айырықша қатал үкімге байланысты не білеміз? Ол қазіргі өркениетті қоғамымызға қажет пе? Жариялылық пен демократия үрдісі аясында сот, прокуратура және жалпы құқық қорғау органдарының жұмысына сын көзбен қарау, қылмысқа байланысты берілетін жаза мөлшерлеріне уақыт тұрғысынан сараптау қажеттігі туралы мәселелер көптен бері көтеріліп келеді. Әсіресе, өлім жазасына қатысты пікірлер сан алуан.

Редакциямызға келіп түскен хаттар легінің бірқатары осы жөнінде ой қозғайды. Кейбір хаттарда адамдардың бір-біріне деген аяушылық сезімнің жоғалуға шақ қалғанына алаңдаушылық білдірсе, енді бірінде елімізде қалыптасып отырған саяси ахуалдың тұрақсыздығынан өршіп бара жатқан қылмыстардың алдын алу үшін жазалау шараларын қатайтуды талап етеді. Шынында, соңғы жылдарда қасақана кісі өлтірушілік, тағы басқа бұрын естімеген ауыр қылмыстар көбейіп кетті. Тек өткен жылы ғана республикамызда 1700-ден астам адам қылмыскерлер қолынан қаза тапты. Бұл соның алдындағы жылмен салыстырғанда 10 пайызға өскен. Мойынына кісі қанын жүктеушілердің тең жартысынан астамы – жастар. Осынау ауыр қылмыстар қоғамдағы қатыгездік пен жауыздықты аңғартатындай. Бір ауыз сөз үшін немесе болмашы ғана жылтырақ дүние үшін адам өмірін қия салу ақылға симайды-ақ! Құрбандықтарына ойына келгенін істеп, тіпті бесіктен белі шықпаған сәбилердің өзіне айуандықтар жасалып жатқан тұста сондай қаныпезерлерге жеңілдіктер сұралуы көңілге қонбайды. Десек те, қайта құру лебімен жаңаруды мақсат еткен қоғамымыз ізгілік пен адамгершілікке бағдар алып отырған шақта көкейде көлбеңдеген сауалдарды айналып өтуге еш қақымыз жоқ.

Өлім жазасы... Осынау өркениетті заманымызға келешектің көкжиегінен қарасақ, ол қажет пе? Бұл орайда Қазақ ССР

Қылмыстық Кодексінің 22-бабында: «... жазалаудың айырықша шарасы ретінде, бұл шара алдағы уақытта толық жойылғанға дейін, өлім жазасы – атуды қолдануға болады» делінген. Ден қойып қарасақ, аталмыш жазаның ары қарай сақталуы, сақталмауы өз қолымызда, парламент еркінде екен. Ал осы мәселе туралы заң қызметкерлері не дейді? Құқық қорғау органдарының жауапты қызметкерлері мен мамандары өлім жазасы және оны қолдану жөнінде төменде өз ой-пікірлерімен бөліседі.

Мақсұт Нәрікбаев, Қазақ ССР Әділет (Юстиция) министрлігінің басқарма бастығы:

– Өлім жазасына қарсы пікірлердің ішінде құқықтық мемлекет жағдайында адам өмірінің шексіз құндылығын бағалап, әрбір адамның өмір сүруге деген құқығын оның ой-пиғылымен және іс-әрекеттерімен байланыстырмау қажет деген тұжырымдар кездеседі.

Меніңше, өлім жазасын қолдануды адамдардың өмір сүру құқығымен тікелей байланыстыру дұрыс емес.

Біріншіден, кісі өлтіру сияқты асқан жантүршігерлік қылмысты жасауға барған қылмыскер осы жасаған әрекеті үшін, өлім жазасының қолдану мүмкіндігін біле тұра, өзінің де өмір сүруге деген құқығын саналы түрде жойды деп түсінген дұрыс.

Екіншіден, ол қылмыскерге басқа адамды өмір сүру құқынан айыруға ешкім рұқсат еткен жоқ. Ендеше, соның қатыгездігінің салдарынан жан қиған азаматтың (не азаматшаның) жазығы қандай? Оның құқығын кім қорғауға тиіс?

Өкінішке қарай, кейінгі кезде біраз басылымдарда айтылып жүрген пікірлерге назар салсаңыз, қылмыстың нысаны болған жәбірленушінің мүддесі, құқығы қағыс қалып, қылмыскерлердің мүддесі мен құқығына қатысты біржақты қорғаштаулар белең алуда. Мен бұл жерде қылмыскерлерге шектен тыс қатығез жаза қолданылсын деген пікірден аулақыпын Бірақ, сол «біржақтылықтың» салдарынан өте ауыр қылмыс жасағандарға «жеңілірек» жаза қолданушылық бар екенін айтқым келеді. Мұндай жағдайда көпшілік арасында жалпы сот туралы бұрыс

пікірлер белең алып, әділқазылыққа көлеңке түседі. Сондықтан, біздің соттарымыз бұл мәселені әрқашан де есте сақтап, ең алдымен жәбірленуші жағының құқығын қорғаудағы заң талабын қатал сақтағандары дұрыс.

Өлім жазасын Қылмыстық Кодексте сақтап қалу қажеттігінің тағы бір себебі, бұл жазаны негізінде қылмысты ерекше қаталдықпен, асқан айуандықпен жасағандарға қолданылатындығында. Әсіресе, адам жаны түршігерлік қылмыс жасағандарға қалай өлім жазасын тағайындамасқа!

Өлім жазасына қарсылар өз ойларының негізі ретінде сот жұмысында қателіктердің болмай тұрмайтындығын, сол қателіктердің салдарынан жазықсыз адам жазаланып кетіп, қателікті түзету кештік етіп қалады деген қауіпті алға тартады.

Әрине, сотта мүлдем қателік жіберілмейді деген кепілдік жоқ. Бірақ, өлім жазасы тағайындалатын істе соттардың қай-қайсысы да егжей-тегжейлі тексерусіз үкім шығармайды. Сондықтан, соттың қателесуінен сескеніп, өлім жазасынан бас тарту дұрыс бола қояр ма екен?

Менің ойымша, өлім жазасы өте қатыгез қылмыстардың жасалуына психологиялық тосқауыл ретінде біздің Қылмыстық Кодексімізде сақталғаны дұрыс. Қоғам мүшелерін осындай қылмыстардан қорғау құқығымен қамтамасыз етуіміз қажет. Әйтсе де өлім жазасын қолдану шеңбері келешекте бұдан әлдеқайда қысқартылғанына да қарсы емеспін. Өлім жазасы тек адам өміріне қасақана қатер төндіру арқылы жасалған қылмыстарға, оның ішінде сол қылмыстардың ерекше ауыр түрлеріне ғана қолданылуы тиіс. Ал, мемлекеттік қылмыс түрлеріне (шпионаж, бандитизм т.б.) өлім жазасын тек соғыс жағдайында ғана белгілегенін қалар едім.

Өтеген Ықсанов, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

– «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дегендей «қара қылды қақ жарып шықтым, қателеспедім» деу ағаттық. Егер, ол қателік мемлекет атынан үкім шығаратын сот

төрағасының жеке басының шалағайлығына байланысты кетсе ол, әрине, алдымен арға сын, сосын заңға қайшы.

Заң демекші, біздегі заң шығару органы әлі заман талабына сай емес екенін мойындауымыз керек. Республикалық парламентте саусақпен санарлықтай ғана заңгерлер бар екені осының айғағы.

Кейінгі кезде өлім (ату) жазасын Қылмыстық Кодекстен алып тастау керек деген пікірлер айтыла бастады. Бұл ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сессияларының бірінде арнайы қаралуы да мүмкін. Енді осы мәселеге нақты тоқталайын. Ол үшін өлім жазасын қандай қылмыскерлерге не үшін қолданылады деген сауалдардың басын ашып алған дұрыс.

Өлім жазасы – жазаның ең ауыр түрі. Ол Советтік Қылмыстық Кодексте белгілі бір кезең аралығында, яғни, қоғамның белгілі бір даму сатысында алынып тасталатын, уақытша жаза ретінде қарастырылған.

1922 жылы РСФСР Қылмыстық Кодексінде өлім жазасы тек кейбір мемлекеттік, әскери, шаруашылық мәселелері жөнінде және кісіні күшпен тонаушылық сияқты қылмыстарға қолданылды.

1932 жылы бұл заң толықтырылып, өлім жазасы социалистік меншікке аса қауіпті түрде қол сұғушыларға да қолданытын болды.

1962 жылы қабылданған ССРО Қылмыстық кодексінде ату жазасын қолдануға болатындығы айтылған.

Осындай ауыр қылмыстарға өлім жазасын қолдануды заң бекіткенмен, ол барлық жағдайда сөзсіз қолданылады екен деген пікір тұмауға тиіс. Қылмыс жасағанға дейін жасы он сегізге толмаған жеткіншектер, аяғы ауыр әйелдер өлім жазасына кесілмейді.

1930-шы жылдары бұл жаза шпиондық әрекеттер жасап, Отанын сатқандарға, қазына мүлкіне қол сұққандарға да қолданылатын. Еліміздегі қазіргі экономикалық қиыншылықтарға байланысты ұрлық-қарлық, алыпсатарлық сияқты жағымсыз құбылыстар көбейіп барады. Осыған байланысты кейбіреулер өлім жазасын қолдану шеңберін ұлғайтуды қалайтын сияқты.

Мен өз басым бұған қарсымын. Оның аяғы зобалаңға ұласып кетуі әбден ықтимал. Баяғыдағы «үштіктер» қайта өмірге келмесіне кім кепіл?

Өркениетті заманда өлім жазасын қолдану адамгершілікке жат құбылыс. Адам өмірінен, бір күнгі жарық сәуледен қымбат не бар бұл дүниеде. Сондықтан, мемлекет жекелеген адам мүддесін қорғай отырып, «қанға-қан» деген принципті ұстануға тиіс емес. Бұл – орта ғасырдан қалған психологияның сарқыншағы. Әрине, өлген адамның соңында қалған жақын-жуығы қылмыскерді еш кешіре алмасын да түсінеміз.

Егер, туған тарихымызға көз жіберіп, салт-дәстүрімізге назар салсақ, сонау Тәуке ханның тұсында-ақ адам өлімі болған жерде билер кеңесіне жүгініп, қарсы жаққа құн төлеттіріп, қалайда қанды қанмен жууға жол бермеуге, адам өлімін болдырмауға тырысқан. «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш», «Иілген басты қылыш шаппайды» деген мақалдар осыған байланысты айтылса керек.

Өлім жазасының біздің гуманистік қоғамға жат тағы бір жағымсыз жағы бар.

Жазаға кесілген адамды келесі бір адамның қолымен өлтірткіземіз, сонда не болды? Адам өлтірген қылмыскер адамның қолынан қаза тапты ғой. Кек қайтты, қанды қанмен жудық деген осы емес пе? Заң орны басқа бір адамның қолын қанға бояу арқылы өлген адамның кегін қайтарды. Яғни, бұл жерде адамның өмір сүру құқығына қол сұғылды деген сөз.

Осы арада еске алатын тағы бір жәйт бар. Қылмыскер әділ жазасын алып, үкім орындалды дейік. Атылған қылмыскердің мәйіті тәртіп бойынша артында қалған туған-туысқандарына қайтарылмайды, басына белгі де қойылмайды. Туыстары оның осы жазаға лайық екенін саналы түрде сезе тұрса да, жүректері езіліп, қайғырмауы мүмкін емес. Сөйтіп, біз қылмыскердің жазықсыз туыстарын да белгілі бір мөлшерде жазалағанымызды түсінеміз бе? Өлім жазасының гуманистік қоғамға қайшы келетін тұстары осы.

Бұған қарап дәл қазір өлім жазасын қолданбау керек деу де жөнсіз болар еді. Оған әлі уақыт жеткен жоқ. Түкке тұрмайтын жылтырақ дүние үшін де адам өлтіру етек алып бара жатқан тұста жазаның бұл ерекше түрі амалсыз сақтала береді, басқа шара жоқ.

Ал, адамгершілік тұрғыдан алғанда бұл біздің қоғамымызға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жат құбылыс екендігін тағы да айта кеткім келеді. Бұдан шығудың жолы әлеуметтік-экономикалық проблемалармен сабақтасып кетеді. Қысқаша айтсам, өз басым өлім жазасын қолдануға қарсымын. Өйткені, адамбыз ғой, ал адамды адам өлтіру деген...

Сағындық Жүрсінбаев Қазақ ССР Ішкі істер министрінің орынбасары, тергеу басқармасының бастығы:

– Өлім жазасы бізде жазаның ерекше түрі ретінде, тек қылмысты айырықша ауырлататын жағдайларда, қасақана кісі өлтіргендігі және мемлекеттік ерекше ауыр қылмыс жасағандығы үшін белгіленген.

Соңғы уақытта бұл өте ауыр жазаны қолдану жөнінде пікірталас көп. Қылмыстық Кодекске өзгерістер енгізу қарсаңында әртүрлі пікірлерді сараптау өте орынды. Көпшілік кейбір өркениетті мемлекеттерге қарап, гуманистік көзқарасқа жатпайтын жазаны алып тастау орынды деп есептейді.

Жақсы ниет, болашақта солай болуға да тиіс. Бірақ, бүгінгі таңда сол мемлекеттерден біздің қоғамымыздың жалпы мәдениеті мен өркендеу деңгейі әлдеқайда төмендеу екені ескерілмейді. Кей кезде адамның шашы тік тұратындай сұмдық қылмыстар жасап, адамның өмірін шыбын құрлы көрмейтіндер қоғамымызға мүше болып, басқалармен бірге араласып өмір сүруге құқы бар ма деген ойлар келеді.

Меніңше, әділетті және заңды тағайындалған жазаны гуманистік тұрғыдан қарағанда ғана дұрыс деп есептеймін.

Сол себепті, қылмыс етек алып, оның ауыр түрлері өршіп тұрғанда өлім жазасын шектеу мүлдем дұрыс емес. Әрине, оны тек ауыр қылмыстарға ғана қолданған жөн. Ескертетін жағдай,

бұл жаза аз да болса қанды қол қылмыскерлерге тоқтау салып, арқа желін басуға әсерін тигізеді. Сонымен қоса, жазаның осы бір ерекше түрі ретті жерінде ғана қолданатынын ұмытпауымыз керек.

Төменгі буындағы, орта буындағы соттар қылмыскерлерді ату жазасына кескен соң, үкім сол сәтте орындала салмайды. Оны міндетті түрде Республикалық Жоғарғы сот қарап, тексеріп, бекітеді.

Егер, Республикалық Жоғарғы сот үкімді дұрыс деп тапса, ол Одақтық жоғарғы сотқа жіберіледі. Олар да бұл үкімді дұрыс деп тапса, ел басшысы – Президенттің назарына ұсынылады. Президент қылмыскердің жастығын, артында қалып бара жатқан бала-шағаларының болашағын ескеріп, аяушылық білдіруге, ату жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен алмастыруға құқы бар. Осындай сатылардан өткеннен кейін ғана үкім орындалады.

Ал, үкім қалай орындалады дегенге келетін болсақ, менің білуімше оны орындайтын адамдар бар.

Таяуда «Известия» газетінде сондай үкімді орындаушы бір адамның тілшіге берген жауабы жарық көрді. «Өзіңді адам өлтірдім деп сезінесің бе?» деген сұраққа ол: «Жоқ, өйткені, мен адам қанын төккен, өмір сүруге қақысы жоқ қылмыскерді аттым» деген екен. Шынында нағыз жауызға кім де болса аяушылық білдіре алмайды ғой.

Атылған қылмыскердің денесін артына қалған туыстарына қайтарып беру де тәжірибеде жоқ. Қылмыскер мәйіті аруланып жерленсе, басына белгі қойылып жатса, ол жәбірленуші жақтың наразылығын тудыратыны сөзсіз. Сондықтан, үкім орындалған соң қылмыскер денесін жақын туыстарына қайтарып беру біздің гуманистік көзқарастарымызға қайшы келеді деп білемін...

Көріп отырсыздар, өлім жазасы туралы, жалпы оны қолдану-қолданбау жайында құқық қорғау органдарының өкілдері де әртүрлі пікір айтады. Алайда, дәл қазіргі кезде өлім жазасын Қылмыстық Кодекстен мүлдем алып тастауды ешқайсысы жақ-

тай алмайтындығы тағы белгілі болып отыр.

Ата-бабаларымыз қанды қанмен жууды дәріптемегенімен, осынау қатал жазаны қалайда қолданбауға тырысқанымен шектен асып кеткен кейбір қылмыскерлерді еріксіз ат құйрығына байлап жіберуге мәжбүр болған кездері де бар..

«Бір анадан ала да, құла да туады». Қандай өркениетті қоғамның өзінде де шектен шыққан бірлі-жарым қылмыскерлердің кездеспеуі мүмкін емес.

Ендеше жазаның ең қатал түрі – өлім жазасы да жазықсыз жандардың жапа шекпеуін, ең бастысы адамның өмір сүруін қорғайтын әділ шараның бірі ретінде Қылмыстық Кодексте әзірге сақтала тұрғаны жөн болар.

«Халық кеңесі» газеті,
26 наурыз, 1991 жыл.

РЕДАКЦИЯДАН: Жарияланып отырған мәселеге түпкілікті тұжырым жасаудан аулақпыз. Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда Қылмыстық Кодекске өзгерістер енгізіп, жаза мөлшерін жеңілдетуге қадамдар жасау ақылға сыймайтындығы анық. Дегенмен, құқықтық мемлекет құру жолында ондай өзгерістер болуы әбден ықтимал. Ендеше, өздеріңізден осы орайда пікір білдірген хаттарыңызды күтеміз.

АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕНДЕР өлім алдында не ойлайды?

«Бас шабатын балта астына күштеп итере салған адамды қорқыныш сезімі кернегені сонша, тіпті оның ауруы ұстап, бүкіл денесі діріл қақты. Домалап жерге түскен бас сол сәтте-ақ жан берді, ал дене болса қорапта жатып секіре берді. Жиырма минуттан соң молаға әкелгенде де өліктің тәні көпке дейін діріл қағып жатты» (Сұлтан Сартаев «Ар мен дар алдындағы сөз». Алматы, 2001. Альбер Камюдің «Гильотина хақындағы пайымдаулар» атты мақаласынан үзінді).

Бұл тақырыпқа он шақты жыл бұрын бір соғып өткенім бар еді. Онда өлім жазасына кесілгендердің үкімі қалай орындалатыны, жалпы осы жаза бүгінгі таңда керек пе, керек емес пе деген сауалдар төңірегінде пікірлер қозғалған болатын.

Енді басқа да бір қырынан келіп, тереңірек, толығырақ жазуға мүмкіндік туып отыр. Ол мүмкіндікті туғызған – белгілі заңгер ғалым, профессор Сұлтан Сартаевтың «Ар мен дар алдындағы сөз» атты кітабы.

Таяуда газеттің тапсырмасы бойынша ол кісіге арнайы жолықтым. Кетер кезде Сұлтекең баспадан жаңа ғана жарық көрген кітабын ұсынып, қолтаңба жазып берді.

Әдетте жаңа кітап қолымызға түссе, алдымен оның алғашқы бетіндегі алғы сөзге үңілеміз ғой. Онда: «...Әр әңгімеде зұлымдық пен қайырымдылық, арамдық пен адалдық, қатыгездік пен мейірбандық, өтірік пен шындық арасындағы күрес, өмір мен өлім туралы философиялық пайымдаулар бар. Егер, осы айтылғандарға Сұлтан Сартайұлының Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кешірім жасау жөніндегі комиссияның төрағасы болғандығын, дар мен ар алдында кешірім сұраған талай өтініш-шағымдарды талқылап, комиссия мүшелерінің шешімдерін Президенттің қарауына ұсынғанын ескерсек – бұл кітаптың құны бірнеше есе арта түседі» деп жазылыпты.

Яғни, мұндағы әңгімелердің бәрі нақты деректер негізінде жазылған деген сөз. Бұл жерде сондай-ақ ату жазасы туралы әрбір үкімнің астында Президенттің қолы тұрғанын сеземіз.

Кітап қолыма тиген күні бір түн ішінде түгелдей оқып шықтым. Бұдан кейін біразға дейін өзіме-өзім келе алмағаным да рас. Біреулермен алған әсерінді бөліскім келеді екен. Алайда, кітапты әзірге менен басқа кім оқығанын білмеймін. Ақыры Сұлтан Сартайұлының өзіне телефон шалдым. Уақыты болса кездескім келетінін айттым. Ол кісі келісті.

Күн сенбі. Сұлтекеңнің атшаптырымдай қызмет бөлмесінде оңаша әңгімелесіп отырмыз.

– 1990 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Кешірім жасау жөніндегі комиссия құрылды, – деп бастады Сұлтекең әңгімесін. – Бұл комиссия тек өлім жазасына кесілгендердің ғана емес, басқа да ұзақ мерзімге сотталғандардың, немесе жазықсыз сотталдым деп, мемлекет басшысынан араша сұрағандардың арызын алдын ала тексеріп қарайтын. Қорытынды пікірлерін Президентке ұсынады. Елбасы бәрін сараптай келе, өзі шешім қабылдайды. Комиссия төрағасы етіп мені тағайындады. Төрағаның орынбасарлығына Алматыдағы №111 мектептің директоры Владимир Кривобородов деген азамат бекітілді. Комиссия мүшелері төрт адамнан тұратын. Мұнымен қоса оның құрамына республиканың прокуроры, Жоғары соттың төрағасы, Ішкі істер, Әділет министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы енді.

– Сонда Жоғарғы соттың өлім жазасы туралы шығарған үкімі соңғы шешім болмағаны ғой.

– Жоғарғы соттың үкімі – соңғы үкім. Ал өлім жазасына кесілген адамның Президентке өтініш жазуы, жазбауы өз еркінде. Егер жазбаса, сот үкімі белгілі уақыттан кейін орындалады. Кешірім жасау комиссиясы өздігінен шешім қабылдамайды. Тек мемлекет басшысына ұсыныс түсіреді.

– Заң алдында бәріміз бірдей дегенімізбен Президент билігі бәрібір заңнан жоғары тұрған сияқты болып

шығады ғой. Оның үстіне Елбасының қолымен адам тағдырын шешудің қажеті бар ма?

– Президент мемлекет басшысы болғандықтан, сол мемлекеттің кез келген азаматының өмірін сақтауға міндетті. Өлім жазасына кесілген қылмыскер де осы мемлекеттің азаматы... Ендеше, өлім жазасына кесілгендердің не істеп, не қойғанына қарамастан, оның өлім алдындағы ақтық сөзін Елбасы тыңдауға тиіс. Президент те ет пен сүйектен жаралған пенде. Сондықтан, ол заңды сот үкімі мен қылмыскердің соңғы жанайқайын өз көңіл сүзгісінен өткізеді, қылмыскердің жүрегінен де бір жылт еткен адами сезімнің ұшқынын іздейді. Содан кейін соңғы шешім қабылдайды. Себебі, адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ. Ол бір-ақ рет беріледі. Сол өмірді қалай да сақтап қалуға тырысамыз.

Өлім жазасы – қылмыскердің қолынан өлген адамдардың кегін қайтару емес, алдағы уақытта қасақана кісі өлтіруге жол бермеудің амалы. Өлмейтін пенде жоқ. Кеудесінде жаны бар адам әйтеуір бір күні ақыретке баратыны ақиқат. Бақилық болғалы тұрған адамның өлім алдындағы сөзін қастерлеп тындап, ақырғы өтінішін артында қалғандар орындауға тырысады.

Егер кісі өлтірген қылмыскер адами сезімнен айырылып, екі аяқты жыртқышқа айналып кетсе, шара қайсы. Одан тек құтылудан басқа амал жоқ. Елбасы осыған көз жеткізсе, сот шешімін қалайша мақұлдасын.

– Сіздердің ұсыныстарыңызды Президент қайтарып тастаған кездері болды ма?

– Ондай жағдай болған жоқ. Біздің ұсыныстарымыздың бәрін қабылдап, бекітіп отырды.

– Сіз комиссияға төрағалық еткен тұста өлім жазасына кесілгендердің бәрінің үкімі орындалды деп түсінеміз ғой.

– Әрине. Ал, енді ұзақ мерзімге сотталғандардың кейбіреулерінің түрмедегі тәртібіне қарап, мерзімдерін қысқартуды сұраған кездеріміз болды. Елбасы олардың ешқайсысына қарсылық білдірген жоқ.

– Сұлтеке, мына «Ар мен дар алдындағы сөз» деген кітабыңызда ату жазасына кесілгендердің өлім алдындағы ақтық жанайқайларын түгелдей келтіріпсіз. Газет бетінде ол туралы нақтырақ жазсақ қайтеді?

– Бұл жөнінде осы кітапта бәрін жаздым-ау деймін. Дегенмен, сұраған екенсің, бұрынғы ойларымды қайталасам да жауап беруге тырысайын, – деп Сұлтекең ұзағынан сөйлеуге дайындалды. Мен енді ол кісінің сөздерін бөлмеуге тырыстым.

Ақ өлім мен қара өлім

– Өлімнің де ағы мен қарасы болады. Ақ өліммен өле білу де абзал. Әділдік жолында өлген адам ажалды да жеңген адам деп білемін. Ал өзгенің өмірін қастандықпен қиып, қаныпезерлікпен тартып алғандар, бұл өмірден қара өліммен кетеді. Оларға шығарылған өлім жазасы – Алла тағаланың о бастағы ғәділ келісімін орындау ғана. Өмір адамға құдіреті күшті Алла тағаланың еркі бойынша берілгенімен, қасиетті Құранның «Мүлік» сүресінің 9,2 бөлімінде «Ол (Алла тағала) қайсыларыңыздың қандай іс істейтіндеріңізді байқап көру үшін өлім мен өмірді қатар жаратты» делінген. Шындап келгенде, қанша жасаса да адамның өмірі қамшының сабындай қысқа ғой. Сондықтан, бұл өмірде біреудің қанын жүктемей-ақ, адал қалпында кеткен адам ғана өмір сүрдім деуге толық қақысы бар. Жалпы, адам өлтірушілер нағыз қорқақ адамдар. Өлім жазасына кесілгендердің кешірім беру туралы арыздарын қараған кезде менің көзім осыған толық жетті.

Қанышерден асқан қорқақ жоқ

1988 жылдың соңғы айларында Алматыдағы ҚазМУ қалашығының маңынан бірнеше қыз ай сайын үшті-күйлі жоғалып жатқаны туралы хабар елді қатты алаңдатты. Әр айдың 21-22 жұлдызында қас қарая қалашықтың әл-Фараби даңғылы жағындағы кіреберіс қақпаның алдында аңдып тұрып, жалғыз келе жатқан қыздарды ағаш арасына күштеп апарып, зорлап, сосын

денесін қорлап, қоқыстың арасына көміп отырған қаныпезер Иван Манджиков көп ұзамай қолға түсті. Соңында өлім жазасына кесілді.

1990 жылы үкім орындалар сәтте ол өлімнен қорқып, жан дауысы шыға шыбын жанын қиюды сұраған мына сөзіне назар аударғым келеді. Жауыздың жазғандарын үтір, нүктесін өзгертпестен өз тілінде берейік:

«... Да, мной совершенно ряд тяжких преступлений... Я с самого начала предварительного следствия и на суде давал чистосердечные, правдивые показания, что способствовал быстрейшему раскрытию моих деяний, мной по настоящему осознан мои преступления, мне трудно просить, уж слишком тяжкие преступления совершены мной! Но я верю в гуманность нашего государства, в котором происходит утверждения этого принципа – ведь нельзя ни кому и не в какую честь ни карать, ни миловать! Такое требование сегодняшнего дня, а в условиях формирования правового государства, его надо соблюдать особенно строго. Я знаю что мое дело уголовное – серьезное и требует не только строго, но и человеческого подхода, и Вам будет очень трудно пойти на тот шаг, который теплится в моей душе. Дайте мне этот последний шанс.!

Прошу Вас помиловать меня, и дать мне возможность честным трудом искупить свою вину. Манджиков».

Жап-жас қыздарды зорлап өлтіргенімен қоймай, аяғын кесіп өзенге тастаған, мойыны мен ішек-қарынын, жыныс мүшесін тілім-тілім қылып бункерге тыққан жауыздың жан тапсырар алдында аузына түскен сөздері осы. Бұл сөздерді оқыған комиссия мүшелері бір-біріне қарауға батылдары жетпей, үнсіз отырысып қалады. Олар, Манджиковтың өтінішін талқыға салуға ұялды. Сол үнсіз қалпы сот үкімін бір ауыздан қолдады.

Ар-ұяты кеш оянған...

– Мен Кешірім жасау туралы комиссияның төрағасы болған кезімде жүздеген кісі өлтірушілерден арыздар түсті. Солардың

ішінде өз ісіне кешірім сұрамаған Досхоев Мұса деген қылмыскер болды. Ол бір жүргізушіні машинесі үшін өлтіріп, денесін өзенге лақтырып тастаған. Машинесін бөлшектеп сатуға апарғанда ұсталды. Өлім жазасына кесілгеннен кейін ол былай деп жазады: «Мне очень трудно сейчас писать о прощении, никто не вернет этому человеку жизнь, а его близким его самого... Верьте, я говорю правду, раскаиваюсь».

Мен мұны қанішердің өлер алдында аз да болса арының оянғандығы, өз өлімін батылдықпен адамша қабылдауы деп есептеймін.

Жалған намыс

– Қазіргі кезде болмашы нәрсеге бола кісі өлтірушілер жиілеп барады.

Бір мысал. Ұзынағашта Сиқымбай деген жігіт (кейіпкерлердің аттары өзгертілген) Әсия деген қызға ғашық болып, өлердегі сөзін айтып жүріп үйленеді. Екеуінен бір бала туады. Сол бала екі жастан аса бергенде араларына сайтан жүгіреді. Әсия қит етсе «сен еркек емессің» деп күйеуінің намысына тие береді. Келе-келе әйелі оның әке-шешесіне тіл тигізеді. Бір күні түнде кезекті ұрыс-керіс үстінде Сиқымбай әйелін пышақтап тастайды. Арашаға түскен қайын енесіне де пышақ салады. Жаны оңайлықпен шыға қоймаған Әсияны буындырып өлтіреді. «Еркектің қандай болатынын көрсетейін!» дейді де, әйелінің сіңлісі Наргүлді де зорлап тастайды. Бар оқиға осы.

Қазақ намысқой халық екені рас. Намыс жолында талай ерлікке барған. Бірақ, жалған намысты жамылғы етіп, талай ездікке барғандар да баршылық. Сиқымбай солардың бірі. Істерін істеп болып, артынан өкініп, өмірін сақтауды сұрайды. Бірақ бұл өтініші орындалмады.

Естілмеген жанайқай

– Бұл оқиға тек Берікбай Өмірзақовтың емес, бүкіл қазақ халқының басына түскен қасірет еді. Ол Семей облысындағы полигонның нағыз орталығы – Абай ауданы Саржал ауылында

1951 жылы дүниеге келген. Бала кезінен сол маңайда әкесімен бірге қой баққан. Сөйтіп жүргенде сынақ әсерінен пайда болған «атом көлдеріне» талай рет шомылған. Есейе келе жүйке ауруына шалдыққан. Өзін-өзі өлтірмекші болып, асылып тұрған жерінен адамдар талай рет оны құтқарып алған.

Басынан сөз асыра алмайтын ашуланшақтықтың салдарынан бір адамды таяққа жығып, біреуін өлтіріп тынған. Жай уақытта одан жақсы адам жоқ. Таланттан да құралақан емес. Өлім алдындағы ақтық сөзін өлеңмен жазыпты. КСРО-ның қараниет саясатын сынай келіп, Семей полигонының қазақ халқына тигізген әсерін ашына суреттейді. Өзі сол қасіреттің құрбаны екенін айтады. Аурудың салдарынан абайсызда кісі өлтіргенін дәлелдеуге тырысады.

Әйтеуір, осы шындыққа көз жеткізсеңіздер болды дейді. «Бірақ өмірімді сақта деп кешірім сұрамаймын. Себебі, әлдекімдер жүйкеме тисе, тағы да кісі өлтірмеске кепілдік бере алмаймын» дейді. Дәрігерлер ол қылмыс жасағанда ақыл-есі дұрыс болған деген анықтама беріпті. Берікбайды кешіргіміз-ақ келді. Алайда, кісі өлтіруге кепілдік бере алмаймын деп өзі ашық айтып тұрған соң ештеңе жасай алмадық. Оны тірі қалдыру – тағы біраз жазықсыз жандардың өліміне жол ашумен бірдей көрінді бізге, – деп Сұлтекең әңгімесін бір қайырып тастады.

– Өмір бойы қамауда ұстау жазасына қалай қарайсыз?

– Соңғы кезде бүкіл дүние жүзінде өлім жазасымен қатар өмір-бақи тұтқында ұстау жазасын енгізу туралы ұсыныстар ауыздан түспей келеді. Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңізші, өмірбақи қамауда отырған адам 4-6 шаршы метрлік төрт қабырғадан басқа ештеңе көрмейді. Тәулігіне 1,5-2 сағатқа таза ауа жұтуға далаға шығады. Онда да төрт қабырға мен аспаннан басқа ештеңе көрмейді.

Таяуда мен радиодан өмір бойы тұтқында отыру жазасына кесілген адамның сұхбатын тыңдадым. Ол: «Күн сайын, сағат сайын бүйтіп азапқа түсіп өмір сүргенше, өліп кеткенім артық еді дейді», – деп Сұлтекең осыған байланысты мына бір әңгімені айтып берді.

Түрмеде отырып ғалым болған

– Тарихта менің білуімше, өмірлік қамауда отырған кісінің өзіне жұбаныш тапқаны жөнінде бір-ақ дерек бар.

Стоун деген американдық жас жігіт бірде өзінің үйленгелі жүрген ғашық қызын әлдекімнің зорлап жатқан жерінде үстінен түседі. Қызғаныштан өзін өзі ұстай алмай, зорлықшыны сол мезетте өлтіріп жібереді. Сөйтіп, өмір бойы қамауда отыру жазасына кесіледі. Төрт қабырғаның аясында уақыт өтіп жатады. Бірде ол өзі отырған абақтының торлы терезесінің жақтауына келіп қос шымшық торғай ұя сала бастағанын байқайды. Шымшықтарды үркітіп алмас үшін түкпірге барып, күні бойы қозғалмай отырады да, торғайлардың күйбең тіршілігін қадағалайды.

Олар неше күнде ұя жасап болғанын, жұмыртқаларын қанша күн басқанын, жаңадан шыққан балапандарды енесі күніне қанша рет тамақтандырғанын, олардың қалай өсіп жетілгенін, қанаттанғанын, ақыры ұяларын тастап ұшып кеткен сәттерін түгелдей қағазға мұқият жазып отырады. Бұдан кейін ол ұяға тағы басқа құстар келіп балапан басады. Олар туралы да жаза береді.

Сосын ол алғашқы мақаласын құстардың өмірін зерттейтін – орнитология саласындағы журналға жібереді. Бұл мақала маман-орнитологтардың көңілінен шығады. Олар түрмеде отырған жас жігітке мақалаларын одан әрі жалғастыра беруін өтінеді. Арнайы әдебиеттер жіберіп тұрады. Ақыры түрмедегі жас жігіт орнитология саласындағы ғылыми зерттеулермен айналысып кетеді.

Күндердің күні мұны естіген бір бай әйел оған сырттай ғашық болып, қамқорлығына ала бастайды. Әдебиеттермен қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрмыстық жағдай жасайды.

Стоун түрмеде 52 жыл отырады. Осы уақыт аралығында оның есімі дүние жүзіне әйгілі ғалым ретінде ғана емес, қамаудағы өмірін өз қолымен нұрландырған ғажайып адам ретінде де танылады.

Ғылыми қоғамдастықтың талабы бойынша Стоун 52 жылдан соң түрмеден босатылады. Ол бостандыққа шыға салысымен

жүз метрдей жүгіріп барып, тұрып қалады. «Камерама қайтып барсам ба екен, енді мен еркіндіктегі қандастарымның арасында адам құсап жүре алармын ба?!» деген ойға келеді.

Әрине, елдің бәрі Стоун емес. Мұндай жағдай миллионнан бір рет қайталануы мүмкін. Бәлкім қайталанбас та.

Айтайын дегенім, осындай жазаны бүгінде қолданудың реті бар ма?

–Ал, өлім жазасын ше?

– Қазіргі кезде әлемнің 185 елінде өлім жазасы қолданылады. АҚШ-тың 37 штатының қылмыстық кодексінде өлім жазасы бар. 24 мемлекетте өлім жазасы мүлдем жойылды. Осы өлім жазасын жойған екі ел оны қайтадан орнына келтірді. Соның бірі – халқы өте аз Непал мемлекеті.

Өлім жазасына кесудің барысын «Халықаралық амнистия» атты ұйым қадағалайды.

Қазіргі Қазақстан жағдайында өлім жазасын мүлдем жоюға әлі ерте. Себебі, ұлттық менталитетіміз де, құқықтық санамыз да әлі толық пісіп жетілген жоқ.

– Бұл жаза қылмыстық жағдайдың түзелуіне септігін тигізеді деп ойлайсыз ба?

– Әзірге оның пайда, зиянын ешкім дәлелдеген емес.

– Сот қателігі салдарынан жазықсыз адамдардың өлім жазасына кесіліп кеткендігі жайында не айтар едіңіз?

– Бұдан бірнеше жыл бұрын, КСРО кезінде Брянскіде сегіз адам өлім жазасына кесіліп, үкім орындалды. Кейіннен нағыз қылмыскерлер ұсталынып, ол адамдар кінәлі емес екендігі анықталды. Осындай жағдайлар қайталанбас үшін өлім жазасын орындауды үш жылға шегере тұру жөнінде шешім қабылданған. Біз де осы мерзімді ұстанамыз. Айта кетейін, біздің Қылмыстық кодексімізде бұрын өлім жазасына байланысты 31 бап бар болатын. Қазір оның саны 13-ке дейін азайтылды.

– Жалпы, өлім жазасы дүние жүзінде қандай әдістермен жүзеге асырылады?

– Дарға асу, электрлі орындыққа отырғызып өлтіру, газ толтырған камерада тұншықтыру, қарумен ату, гильотино-

мен (қылмысты адамның басын шауып алуға арналған арнайы құрал) бас шабу, инъекция (укол) жасау әдістері арқылы жүзеге асады.

– **Әлемде өлім жазасын ең көп қолданатын ел қайсы?**

– «Халықаралық амнистия» ұйымы 1997 жылы әлемнің 69 елінде 4364 адам өлім жазасына кесіліп, о дүниеге аттанғанын тіркеді. Бұл мәселеде алда келе жатқан елдер – Қытай (1976 адам), Иран (143 адам), Сауд Арабиясы (122 адам), АҚШ (24 адам).

– **Бізде ату жазасы қолданылады. Оған өзіңіз куә болған кездеріңіз бар ма?**

– Жоқ, ондайды көрген емеспін. Естуімше, үкім орындалар сәтте прокурор, дәрігер, тағы басқа құқық қорғау органдарының адамдары қатыстырылады. Қылмыскердің ақтық өтініші қанағаттандырылмағаны оған ресми түрде естіртіледі. Сосын ақтық дыбыс шығармас үшін оның аузы сыртынан арнайы затпен бекітіледі. Екі адам екі жағынан жетектеп, арнайы науаның қасына әкеле бергенде желке тұсынан жендет келіп атады. Қаны науаға ағызылады. Дәрігер оның өлгені туралы акт жасайды. Қалғандары қолдарын қояды.

– **Сонда өлім жазасына кесілген қылмыскердің Кешірім жасау комиссиясына жазған арызы оның өлер алдындағы ақтық сөзі, соңғы ойы дейміз ғой.**

– Иә, одан кейін қылмыскермен ешкім тілдеспейді.

– **Атылған адамның қайда жерленгені де көрсетілмейді екен ғой.**

– Меніңше, осы дұрыс емес. Үкім орындалғаннан кейін өлген адамның денесін оның туған-туыстарына қайтарған жөн сияқты.

«Егемен Қазақстан» газеті,
27 ақпан, 2002 жыл.

АСУДА АТ АУЫСТЫРҒАНЫМЫЗБЕН...

Құқықты реформаны жүзеге асыру үшін оған түбегейлі құрылымдық өзгеріс қажет екенін баяғыда-ақ сезгенбіз. Осы тұрғыда ішкі жағдайымыздың ерекшеліктерін ескере отырып, тағы бір ілгері қадам жасадық. Биылғы жылдың 7 қазан күні Президентіміз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Алдағы жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап бұл комитет өз міндетіне кіріскеннен кейін, прокуратура мен ішкі істер министрлігі тергеу ісімен айналысуды доғарады. Бірақ, оған дейін де әлі екі айдай уақыт бар. Бұл аралықта бұрыннан созылып келе жатқан «шулы» мәселеге соңғы нүкте қойылуға тиіс. Оның бәрін қысқа мерзім ішінде бітіруге қазіргі тергеушілердің күші жете қойса жақсы. Тіпті, бітіргеннің өзінде шалағайлыққа жол берілмесіне кім кепіл? Тергеу қорытындысының соңы сотқа келіп тіреледі. Бір қайнауы ішінде жатқан істердің соттан өте қоюы екіталай. Өте қалған күннің өзінде біреулердің жазықсыз жазаланып кетуі де мүмкін.

Тергеу комитетін құрудағы мақсаттың өзі осындай келеңсіздіктерге жол бермеу, қылмыстың тез ашылуын қамтамасыз ету болып табылады. Егер, енді екі айдан кейін іске кірісетін Тергеу комитетінің тергеушілері бұрын өздері бастаған істерді жаңа жерге алып келіп, «қайта илесе», пайдасы шамалы екенін білікті мамандар жасырмайды. Осы жағы қалай болар екен деген сауалды құқық қорғау органдарының таяуда ғана тағайындалған басшыларына қоюға тырыстық. Алайда, олар әзірге ештеңе айта алмайтындай сыңай танытты.

Соңғы тоғыз ай көлемінде ашылған қылмыстар дерегіне көз жіберсеңіз, төбе шашыңыз тік тұратындай. Қылмыстың ашылуы – істің жартысы ғана. Кінәлі адамның айыбын бұлтартпас айғақтар арқылы мойындату – тергеудің ісі. Ішкі

істер министрлігі мен прокуратураның тергеушілері бүгінде асуда ат ауыстырғандай күй кешуде. Ал, қылмыс күннен күнге өршіп барады. Оған ішкі істер министрлігінен алынған мына деректер дәлел бола алады.

Ұйымдасқан қылмыс

Соңғы тоғыз айдың ішінде 200 ұйымдасқан қылмыстың ұясы ашылып, оған қатысты 800 адамның ісі әшкереленген. Бұлар негізінен халықаралық деңгейде сыбайлас жемқорлықпен айналысқандар. Соңғы бір жылдың ішінде ұйымдасқан қылмыстың саны 2,5 мыңға жеткен. Оның 168-і бопсалаумен, үшеуі қарақшылықпен, 83-і шабуыл жасап тонаумен, 415-і есірткі бизнесімен, 140-ы қару-жарақ сатумен айналысқан. Өте көп мөлшерде ұрлық жасаған 250 адам қолға түскен. 182 адам пара алу үстінде ұсталған. Жүзден астам лауазымды адамдар қызмет бабын пайдаланып, қылмыс жасаған. Бірнеше облыс, қала, аудан әкімдерінің және құқық қорғау органдары өкілдері мен ірі банкілердің басшылары үстінен қылмысты іс қозғалған. Тек осы аталған қылмыстардың кесірінен мемлекетке 1,6 миллиард теңге зиян келген. Оның 421 миллион теңгесі ғана қайтарылған. Қылмыскерлердің қолынан 240 суық қару, оның ішінде, 84 мылтық тартып алынған. 30-дан астам қарулы топтың жолы кесілген. Алматы қаласында милиция киімін киіп, бандалық топ құрған төрт адам белгілі болған. Сондай-ақ, самбодан КСРО спорт шебері Н. деген адам бастаған сегіз адам қарақшылықпен кісі тонап жүрген жерлерінде құрықталған.

Облыс орталықтары мен аудандарда жасалған қылмыстар бұдан асып түспесе, кем соқпайды. Мәселен, Қарағандыда ұйымдасқан қылмыстық топ биылғы жылдың ішінде ғана 6 рет қарулы шабуылға шығыпты.

Ақтөбеде автоматпен қаруланған топтың әзірге төрт адамы ғана қармаққа ілінген.

Семейде құрылған қарулы топтың әзірге алты адамы ғана белгілі. Белгісіздер мен қолға түспей жүргендер қаншама екенін кім білсін?

Экономикадағы қылмыс

Бұл салада соңғы тоғыз айдың ішінде әр салада 20 мың 468 заң бұзушылықтарға жол беріліп, соның кесірінен мемлекетке 440 миллион теңге зиян келген. Жалған ақша жасап, халықты теспей сорып жүрген 841 алаяқ қолға түскен. Қолдан арақ жасаушылардың 1977-сі заң алдында жауап беруге мәжбүр болған.

Экономика саласындағы былық-шылыққа байланысты 15 мың 473 қылмыс тіркеліп отыр. Қазына мүлкін көп мөлшерде талан-таражға түсіру әрекеттері өткен жылғымен салыстырғанда 38,2 процентке өссе, аса көп мөлшерде ұрлау әрекеттері 62,4 процентке жеткен. Пара алушылардың саны 5,2 процентке көбейген. Шетелдерге түсті металдарды заңсыз жолмен тасып әкетуге 425 рет тосқауыл қойылған. Сөйтіп, жалпы құны 925 миллион теңге тұратын 10 мың тонна металл орта жолдан қайтарылған.

Алайда қымбат металдарды арзан бағаға сатып алып, оларды лицензиясыз-ақ шетелдерге өткізіп жіберетін коммерциялық құрылымдардың әрекеті күннен-күнге өршіп барады. Соңғы тоғыз айдың ішінде осындай келеңсіз құбылыстар сексен рет қайталанып, соның кесірінен мемлекетке 27 миллион теңге зиян келіпті.

Әсіресе, банкі құрылымындағы қылмыстардан мемлекетке келер шығын өте көп. Бұл салада биылғы жылы ғана 300 қылмыс жасалған. Соның кесірінен мемлекет 1 миллиард 800 миллион теңге зиян шеккен. Бұл жөнінде де нақты деректер жеткілікті көрінеді.

Із кесушілердің ашқаны

Соңғы тоғыз айдың ішінде республика бойынша 95 мың 268 қылмыс жасалынса, соның 7 мың 400-і із кесушілердің көмегімен ашылған. Қылмыстың өте ауыр түрлері былтырғы жылы осы уақытпен салыстырғанда 25 процентке өскені байқалады. Барлығы – 29 мың 752. Қасақана кісі өлтіру әрекеттері

3,6 процентке көбейген. Яғни, қанішерлер тоғыз айдың ішінде 1 мың 839 адамның өмірін қиған. 14 мың қылмыс бұрын сотталғандардың қолымен жасалған. Қорқытып ақша алу әрекеттері 6,2 процентке өскен.

Сонымен, соңғы тоғыз айдың ішінде 86 мың 423 қылмыскер қолға түсіп, оның 82 мың 379-ына қылмыстық іс қозғалған екен.

Енді ойланайық

Қылмысты іс қозғау дегеніміз – тергеу басталды деген сөз. Яғни, қылмыскерлер әлі жазасын алған жоқ. Ол үшін тергеу толық аяқталып, іс сотқа өткізілуі тиіс. Ал, соттың іс қарап, үкім шығаруы туралы әңгіме – бөлек тақырып.

Әзірге білетініміз – Тергеу комитеті іске кіріскеннен кейін қылмыс болған жерге бірден тергеуші шақырылады. Бұрынғыдай қылмыскерді біреу ұстап, екіншісі анықтап, үшіншісі тергеп, төртіншісі ол істі сотқа әзірлеп, сөйтіп бір-біріне өткізіп жүрмейді. Алайда, құрылымды қаншама жетілдіргенмен, арада бір «саңылау» қалмай тұрмайтынын тәжірибе талай рет көрсеткен. Енді тек сол «саңылаудан» сақтасын дейік. Ол да түк емес-ау, ең үлкен «саңылау» жаңа жылға дейінгі екі айдың аралығы болып жүрмесін дейік.

Асуда ат ауыстырғанымызбен, ер-тұрманды ерте тартуға асықпадық. Осы жағы көпшілікті алаңдатуда. Бұл жөнінде құқық қорғау өкілдерінің жаңа басшылары не ойлайтыны әзірге белгісіз. Белгілі болған күні ол жайында да көпшілікті хабардар етерміз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
27 қазан, 1995 жыл.

ЖАЙЫҚТЫҢ ЖАҒАСЫНДА ЖАЙСАҢ ЕЛ БАР **Бас әкім неге ренжиді?**

Алматыдан кешігіп ұшқан ұшақ Орал қаласына сағат 17.30-да келіп қонады. Иссапардың бір күні жолда өтетініне ішім удай ашып келе жатқан. Әуежайдан күтіп алған әріптесім, осындағы меншікті тілшіміз Темір Құсайын облыс әкімі бізді күтіп отырғанын ескертті де, бірден солай қарай ала жөнелді. Облыс әкімі Хабиболла Жақыпов мырза іссапарымыздың мән-жайын білгенен кейін, ойлағаны болмаған адамдай сәл тосылып қалды.

Елдің қазіргі әл-ауқаты, облыс шаруашылығы жайында бірер ауыз сөзден кейін ол кісі бірден «Егемен Қазақстан» газетінің осындағы меншікті тілшісіне деген өкпесін ақтарып салды.

Хабекеңнің сөз сыңайына қарағанда, бұған дейін Батыс Қазақстан облыстық газетінде қызмет істеген Темір Құсайынды «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі етіп өзі тағайындаған сияқты. Басшының бұл сөзіне тандансақ та, пікірін соңына дейін тыңдауға тырыстық.

Сөйтсек, біздің тілшіміз оның айтқанымен жүріп-тұрмайды екен. «Ауылда өскен ботаның тайлақ аты қалмайды» дегендей, кеше ғана көз алдарында өскен баланың бүгінде республика жұртшылығына танымал газеттің өкілі екенін естен шығарып алғандай. Ал, ондай газеттің қызметкерін облыс басшысы емес, бас редактор өзі тағайындап, өзі орнынан алатынын білмейтіндей көрінді. Әрине, меншікті тілшіні жұмысқа қабылдар сәттіте жергілікті басшының ол жайында пікірін білу үшін бас редакторымыз бір қоңырау шалуы да мүмкін. Осыны Хабекең өз еңбегіндей міндетсініп, «айтқаныма көнбейсің» деп тілшіге өкпелеп отыр.

Жаңа танысқан адаммен әңгімемізді бастамай жатып қабқ шытысуды орынсыз санадық. Бірақ, ол кісі мұны басқаша

түсінді ме, кім білсін, алған бағытынан қайтпады. «Сен ұрыны жақтадың. Бәлкім ол сені сатып алған шығар?!» деп, зілдене сөз тастауы тілшімен қоса «Егемен Қазақстан» газетін де айыптаумен бірдей еді.

Сөйтсек, облыс басшысының шымбайына тиіп отырған нәрсе – биылғы 24 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде «Жақсы басшы елге құт» деген атпен жарық көрген Темір Құсайынның мақаласы екен. Онда Теректі ауданының әкімі Темірболат Баєтовтың еңбек жолындағы өнегелі істері, ол туралы халықтың өзек-жарды пікірлері, жалпы, аудан басшысының адами қасиеттері жайында жылы лебіздер жазылған. Сол әкімді облыс басшысы таяуда орнынан алып тастапты. «Баєтов неге орнынан алынды?» деп ешкім сұрамаса да, алдын ала байбалам салудың бұл жерде қаншалықты қажеті бар екенін алғашқыда түсіне алмай қалғанбыз. Кейін аңдасақ, бізді сол Баєтовтің шағымымен арнайы келді ме деп топшылаған сыңайлы. Я болмаса, облыстық «Приуралье» газетінің бетінде (13.11. 93) өздері тапсырма беріп жаздырғандай, бізге де анықталмаған деректер арқылы мақала жаздырып жібергісі келді ме деген ой қылаң берді. Немесе, облыс басшысы әлдекімдердің алып-қашты сөздеріне сеніп, Баєтовті орнынан босатқанымен, соңы ушығып кете ме деп, өз-өзінен күдіктеніп отыр ма деп те ойлауға болатындай. Өйткені, облыс басшысының нұсқауымен Баєтовті жазықсыз айыптап мақала жазған «Приуралье» газеті сот алдында өз кінәсін мойындап, одан кешірім сұрапты. Онымен қоймай, қылмысы жоқ адамды «қылмысқа тартып жатыр» деп лақап таратқаны үшін бұл басылым Баєтовке сот арқылы 300 мың теңге айып төлеуге мәжбүр болған. Бұл жөнінде биылғы 24 қыркүйек күні «Казахстанская правда» газетінде сын мақала жарық көргені есімізде. Осыған қарап, әкіміміз «қорыққан бірінші жұдырықтайдының» кебін киіп отырмаса игі еді деп те күдіктендік.

Мынадай әңгімеден кейін арнайы келгендегі мақсатымыз – баспасөзге жазылу мәселесі төңірегінде сөз қозғаудың өзі ыңғайсыздау көрінді. Облыс әкімінің атына «Егемен Қазақстан»

газеті Бас редакторының атынан жазылған хатта «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің облыстағы меншікті тілшілерін баспанамен, қызмет көлігімен қамтамасыз ету жөніндегі Президенттің ұсынысы мен қоса Министрлер кабинетінің қаулысы да баса көрсетілген еді. Әкім оған тіпті мән бермеді. Бұл істі болашақта Темір Құсайынның «тәртібіне» байланысты шеше жатармыз дегендей, үстелдің бір шетіне қарай ысыра салуы, әкімнің көзқарасынан хабар беріп тұрғандай әсер етті.

Әр түрлі әкім бар

Ертеңінде аудандарды аралауға шыққалы тұрғанымызда біздің тілшімізбен дембелше денелі бір адам төс қағыстыра амандасып жатты.

– Шыңғырлау ауданының әкімі Марат Оразғалиев деген ағамыз осы кісі, – деп таныстырған меншікті тілшіміз, бұл ауданда «Егемен Қазақстан» газетінің таралымы өткен жарты жылдықта 700 данадан асып түскенін мақтанышпен еске салды. Ал, М.Оразғалиев келесі жылы да бұл басылымның бір данасын кемітпейтінін кесіп айтты. Айтты да, ертең өз ауданына келуімізді өтінді. Сөзіне қарағанда, әкімнің шаруашылығы да жолға қойылғандай. Өзі тым асығыс. Бір күрделі жұмысты шешуге бет алған сыңайы бар.

– Ал, жігіттер, барар жерлеріңіз қашықтау. Күн райы да бұзылып тұр. Ең сенімді көлікті өздеріңізге бердім. Дегенмен, байқап жүресіздер, – деп облыстық әкімшіліктің аппарат басшысы Ержан Ахмедияров мырза сұр «Волганы» алдымызға тоса берді.

Чапаев ауданын бетке ұстап жүріп кеттік. Бас әкімнің кешегі сөздері көңілімнен кетер емес. «Сіздердің меншікті тілшілеріңіз аудан басшыларын түгелдей өзіне қарсы қойып алды» деп еді-ау. Жас тілшіміз адамдармен тіл табыса алмаса, жаңағы жігіттер неге оған осынша құрметпен қарап, өзімсіне сөйлейді? Осы ойымды айтқызбай түсінген Темір тағы да сөз бастады.

– Жаңағы аппарат басшысы Ержан деген бір азамат жігіт. Әкім қызмет көлігін бермесе, бермей-ақ қойсын. Ерекендей азаматтар тұрғанда жаяу қалмаспыз. Баспанасын да бермесе, бермей-ақ қойсын. Мынадай қиын кезеңде халқымыз үшін бір ауыз сөз айта алмасақ, қолға қалам ұстаудың керегі не?!

Қарсы беттен көз ұшынан көрінген ақ «Волга» «тоқта» деген белгі бере бастады. Тоқтадық. Біз бара жатқан Чапаев ауданының әкімі Әлібек Сәтбаев мырза облыс орталығына қарай асығып келеді екен.

– Темақаң (тілшіні айтады) бізге келеміз деп осыдан екі-үш күн бұрын хабарласқан. Күтіп отырмыз. Бірақ облыстан аламыз деген көміріміздің құжаттары дұрыс толтырылмапты дегенді ести сала жолға шығуға тура келді. Айып етпеңіздер, кешке дейін қайтып оралам. Сонда асықпай әңгімелесерміз, – деп ол кісі 10-15 минеттің ішінде-ақ аудан жағдайынан әжептәуір ақпараттар беріп тастады. «Теңіз дәмі – тамшыдан» дегендей, алашапқын әбігер үстінде жүрген әкімнің мына қимылынан-ақ халықтың жағдайы үнемі назарда екенін іштей түсіндік.

Чапаев ауданы әкімінің бірінші орынбасары Мұрат Оразбаев мырза бірден шаруашылыққа қарай бастады. «Жайық» мал бордақылау совхозының директоры Жомарт Қабановтың қолынан іс келетін жігіт екені байқалады. Малы күйлі, жемшөбі жеткілікті, қорасы жылы, ауыл адамдарының көңіл-күйі көтеріңкі. Әйтсе де қарапайым халықтың өз аузынан шыққан сөздің жөні бөлек. Совхоз кеңсесінің алдына шоғырлана қалған бірнеше адаммен тілдесудің сәті түсті. Бәрінің айтатыны сол бір сөз. Бес-алты айдан бері айлық ала алмаған. «Ал, сонда немен күн көріп жатыр?» деген сауал туатыны заңды құбылыс. Естіген жауабымыз: Әлібек Байжанұлы осы елге әкім болып тағайындалғалы жағдай біршама түзелген. Ас-судан тарығып отырған әзірге ешкім жоқ. Айырбас жолымен алынған азық-түлік, киім-кешек көпшілікке бірдей бөлінеді. Күзгі мерзімде бір ай ішінде Жайықтан балық аулауға да рұқсат етілген. Әйтеуір, қысқы азықтарын халық өзі жинап алыпты. Бір орталықтан басқарылатын жылу жүйесі де іске қосылған.

Жылу жүйесі жетпегендерге көмір түсіріліп беріліпті. Нарықтың қыспағы шеңгелін қатты салып тұрғанда, бұған да шүкіршілік.

Кешке жақын Әлібек Байжанұлы қос орынбасарлары Мұрат Оразбаев пен Райса Мұхитова ханымды ортаға ала отырып, бізбен ұзақ әңгімелесті. Бұл кісілер бір ауданның ертеңі үшін ғана емес, егеменді еліміздің болашағы үшін де күресе білетін нар тәуекелдің адамдары екеніне көзіміз жеткендей. Шаруашылықтын жөні бір басқа, халықты рухани азығынан айырмау мақсатында жасап жатқан жұмыстарының өзі бір төбе.

Келесі күні Раиса ханым бізді аудандық баспахана жұмысымен таныстырды. Бұл жерден көрші ауданның газет-журналдарымен қоса мыңдаған данамен кітап басылады екен. Республикалық «Жалын», «Жазушы» баспалары дайындап берген өнімдер шалғай аудандағы шағын баспаханадан кітап болып шығып жатқанын көріп, еріксіз сүйсінесің. Баспахана директоры Ақсан Құрманғалиев пен аудандық «Белес» газетінің редакторы Болат Ескалиев екеуі біріге отырып, бір ұжым жасап, дүниені дөңгелетіп бара жатыр десек, артық айтқандығымыз емес. Қағазды да, құрал-жабдықтарды да өздері табатын көрінеді. Табыстары да ауқымды. Коммерция мәселесін де жолға қойған. Керек десеніз, аудан әкімшілігіне қаржы жағынан көмектесіп отырады. Әкімнің орынбасары Раиса ханымның арқасында осындай игі істерге қол жеткізгенін Ақсан Құрманғалиев өте бір ризашылық сезіммен қайта-қайта айта берді.

Жете алмасақ та, жебеді

Келесі күні шалғайдағы Тайпақ ауданына барамыз деп тұрғанда ауа райы аяқ астынан бұзылды. Бізді келеді деп күтіп отырған аудан әкімі Максим Қожамұратов мырзадан телефон арқылы кешірім сұрадық.

— Жағдайды өз көздеріңізбен келіп көргендеріңіз дұрыс еді. Телефон арқылы не айтайын. Өзірге «ашығып жатырмыз!» деп жедел-хат жолдайтындай халге жеткен жоқпыз. Баспасөзге

жазылу ісі де жаман емес. Тек, әлгі несиеге жаздыру қиындау болып тұр. Байланыс бөлімшелері оған рұқсат бермей жатыр. Себебі, біздер үкіметтің нұсқауынсыз-ақ бұл әдісті былтыр қолға алғанбыз. Нақты ақшаның тапшылығынан сол былтырғы қарызымыздың өзін өтей алмай, сенімнен шығып қалдық Енді басқа бір амалын қарастырармыз. Бізге жете алмасаңыздар да өздеріңізді жебеп жіберуге шамамыз бар. Бұрынғы көрсеткішті төмендетпейміз, – деп ағынан жарыла сөйлеген әкімнің жүзін көрмесек те жүрегін ұқтық.

Мұндай сөзді кеше Раиса Мұхитова ханымның аузынан да естігенбіз. Өз кеңсесінде көрші әріптесімен бізді жалғастырған Әлібек Сатбаев мырза:

– Жігіттер, Тайпақ ауданы өз уәдесі үшін жауап берер. Ал, мен «Егемен Қазақстанның» 500 данасын жаздырып берді деп есептеніздер, – деп қолын ұсынды.

Иә, жалғыз «Егемен Қазақстан» ғана емес, бүкіл қазақ баспа-сөзінің таралымы қиындап тұрған мына шақта қасқайып тұрып, осылай кесіп айту екінің бірінің қолынан келе бермейтін жәйт. Халықтың қалтасында ақша жоқ екен деп, рухани азығынан айырсақ, мемлекеттік саясатты жүзеге асырғанымыз қайсы?

Сақшылар сақадай сай

Облыс орталығына қайтып оралған соң құқық қорғау органдарына бас сұға кеткенді жөн көрдік.

Облыстық ішкі істер басқармасының бастығы демалыста екен. Оның орнында қалған бірінші орынбасары Валерий Макалов мырза Орал өңіріндегі ахуалға тоқтала келіп, қылмысқа қарсы күрес тәсілдерінен әңгіме қозғады.

Қазіргі кезде бұлар Ресейдің Қазақстанмен шектес облыстарындағы әріптестерімен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп жатыр. Көрші облыстағы әріптестер мәслихаттаса келе өзара шартқа отырған. Сол шарт бойынша кез келген уақытта бір-біріне қол ұшын беруге тиіс. Соның нәтижесінде Батыс Қазақстан облысында қылмыс өткен жылғымен салыстырғанда

әлдеқайда азайған. Бір өкініштісі сол, мұндағы милиция қызметкерлері 4-5 айдан бері ақша алмапты.

Бас әкімнің байбаламына себепкер болған Баетов мәселесі бұл жерде тағы да алдымыздан шықты. Ұйымдасқан қылмыспен жемқорлыққа қарсы күрес бас басқармасының мұндағы бөлім бастығы Болат Мұхамедияров мырза ол жөнінде егжей-тегжейлі әңгімелей келіп, біраз деректерді алдымызға жайып салды. Оны оқыған адам Теректі ауданының бұрынғы әкімі Т. Баетов мемлекет мүлкін аяусыз талан-таражыға салған адам деп ойлауы әбден мүмкін. Бірақ, бұл айыптаулардың ешқайсысы да дәлелденбеген. Баетовтің үстінен қылмысты іс те қозғалмаған. Бөлімнің қызметкерлері күдікті деректерді тексерумен ғана тынған. Алайда, соның өзін облыс әкімшілігі желеулетіп «Баетовтің үстінен қылмысты іс қозғалды» деп облыстық газетке күштеп мақала жазғызудың астарында бір сыр жатқандай.

Кейде халықтың өзі де қызық қой. Олар Баетовтің іскер, әрі ақылды да білімді (экономика ғылымының кандидаты) адам екенін дәріптей келе, келешекте облыс басшысына осы кісі лайық деген сөзді жиі айта бастапты. Бұл әлдекімдерге ұнамайтыны сөзсіз. Міне, мәселенің мәнісі қайда жатыр? Дегенмен, соған бола облыс әкімінің «Егемен Қазақстан» газетіне, оның меншікті тілшісіне қырын қарауы көңілге қона қоймады.

Үкімет те қанағаттанбады

Осы мақала жазылып жатқан кезде Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті экономикалық реформаны жүзеге асыруға және дағдарыстан шығуға бағытталған үкімет бағдарламасының Батыс Қазақстан облысында қалай атқарылып жатқандығы жөнінде арнайы мәселе қарады.

Облыс әкімінің орынбасары А.Маючий мырзаның жасаған баяндамасы қанағаттанғысыз деп табылды. Себебі, аталған баяндамадан облыста күні бүгінге дейін атқарылған істің нақты нәтижесі көрінбеді. А.Маючий мырзаның облыстағы қазіргі жағдайға терең экономикалық талдау жасай алмағандығы атап көрсетілді.

Ал, облыс басшысы болса, өзі орнынан босатқан Т. Баєтовті құртып тынудың әлегімен әуре болып жүрген сияқты. Оған таққан алғашқы айыптарын жергілікті құқық қорғау органдары дәлелдей алмаған соң, республикадан белді комиссия шақыртылыпты дегенді де естідік. Баєтовтің ісімен арнайы айналысып жатқан Б.Мұхамедияров мырза оның жаңадан ашылған бір қылмысы негізінде енді үстінен қылмысты іс қозғаймыз деген. Соңы немен тынар екен, байқайық. Дегенмен, осының бәрі зеңбірекпен торғай атқандай көрінеді де тұрады. Ал, құлдырап бара жатқан облыстың экономикасы болса анау...

«Егемен Қазақстан» газеті,
8 желтоқсан, 1994 жыл.

ӘКІМНІҢ ӘМІРШІЛ, СОТТЫҢ СОЛҚЫЛДАҚ БОЛҒАНЫНАН САҚТАСЫН!

Былтыр, 1994 жылдың 8-ші желтоқсанында «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде Батыс Қазақстан облысындағы іссапар барысынан «Жайықтың жағасында жайсаң ел бар» деген тақырыпта мақала жазған едік.

Онда Теректі ауданының бұрынғы әкімі Темірболат Баєтовтың басынан өтіп жатқан шырғалаңды оқиға жөнінде біршама баяндалған. Оған жазықсыз жала жабылғандығы, сөйтіп сот алдында өзін қорғап қалғандығы, соның бәріне «ұйытқы» болған облыс әкімшілігі Баєтовке айып төлеуге мәжбүр болғандығы айтылған.

Бұдан кейін Темірболат Баєтов өз қызметіне қайта орналасу жөнінде сотқа талап арыз жазғанын да білетінбіз. Осыншама уақытқа дейін созылған бұл істің нүктесін сот қояр деген үмітпен әліптің артын бағуға тура келген. Міне, сот айыптының соңғы сөзін тыңдады. Бірақ, осы соңғы сөздің өзі тағы да сөзбұйдаға ұласатын түрі бар. Оған көз жеткізу үшін назарларыңызға төмендегі құжаттарды ұсынсақ та жеткілікті деп ойлаймыз. Онда былай делінген:

«Орал қаласы 27.06.95 ж

Сот шешімінің көшірмесі:

«М.Т.Баєтовті бұрынғы қызметіне қайта орналастыру және еріксіз жұмыссыз жүрген күндерінің ақысын өндіріп беру туралы.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 188-194 баптары және Еңбек туралы кодекстің 130-131 баптарына сүйене отырып, сот мынадай шешім қабылдады: «Баєтов Темірболат Мұхамбетқалиұлының талап арызы қанағаттандырылып, ол Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының әкімі қызметіне қайта орналастырылсын.

1994 жылдың қараша айынан бастап 1995 жылдың шілде айына дейінгі аралықта еріксіз бос жүрген күндері үшін 26 мың 887 тенге, адвокат жалдағаны үшін жұмсаған 10 мың теңгесі Баєтовтың өз пайдасына өндіріліп берілсін. Облыстық әкімшіліктен 3 мың 688 тенге бюджет кірісіне алынсын.

М.Т. Баєтовтың бұрынғы қызметіне қайта орналастыру және бір айлық жалақысын төлеу жөніндегі шешім шұғыл түрде орындалуға тиіс. Қарсы жақ бұл шешімге қанағаттанбаса, 10 күн ішінде Батыс Қазақстан облыстық сотына шағымдануға, қарсылық білдіруге мүмкіндігі бар.

Судья Бахирева»

Дәл сол күні осы шешімді шұғыл түрде жүзеге асыру жөнінде қалалық сот «Орындау қағазын» толтырып, оны облыстық әкімшілікке жолдаған. Облыстық әкімнің бірінші орынбасары В. Мясников мырза оған былай деп жауап қайтарыпты: «Орал қалалық сотының судьясы Г. Бахиреваға: Облыс әкімі Қ.Қ.Жақыповтың Алматыда іссапарда жүруіне байланысты Т.М.Баєтовты бұрынғы қызметіне қайта орналастыру жөніндегі сот шешімін әкім қайта оралғанша тоқтата тұруларыңызды сұраймын. Заң бойынша бұл мәселені тек әкімнің өзі ғана шешуге құқысы бар».

Бірінші орынбасардың «Заң бойынша» дей отырып, заңды құрметтеуге тырысқаны жөн-ақ. Алайда, Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті атынан шығарылған сот шешімі бәрінен жоғары екенін естен шығарғаны өкінішті. Мейлің, бірінші басшының келуін күтсін-ақ дейік. Ол кісі 30 маусымда Қазақстан Республикасы халықтар ассамблеясының екінші сессиясынан кейін көп кешікпей облысқа қайтқан шығар. Осы аралықта, яғни 27 маусым мен 7 шілде аралығында сот шешімін орындауға мүмкіндік бар еді. Заң бойынша алдымен сот шешімі орындалады, сосын қарсы жақ оған келіспесе, солардың шағымы негізінде он күннен кейін іс қайта қаралады.

Бірақ, облыстық соттың төрағасы Р.Рысқалиев мырза он күнге жеткізбей-ақ қалалық соттың шешімін бұзып беріпті. Оның

себебі, әкімнің Алматыдан келмей жатқанына байланысты және «Заң бойынша» болса бір сәрі. Облыстық соттың төрағасы қол қойған құжатта қалалық соттың шешімін тоқтата тұру себебі енді басқаша сипат алған. Сот төрағасы бұл шешімнің көшірмесін облыс әкімі Қ.Қ.Жақыповтың атына жолдай отырып, былай депті: «Т.М.Баєтовтың бұрынғы қызметіне қайта орналастыру жөнінде Орал қалалық сотының 1995 жылы 27 маусымдағы шұғыл түрде орындалуға жататын шешімін тоқтата тұру жөніндегі Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің өтінішін қарап, Теректі ауданының қазіргі әкімі Н.Журавлевтің кезекті еңбек демалысында жүруіне байланысты бұл шешімді Азаматтық іс жүргізу кодексінің 323-бабы негізінде тоқтаттым».

Ал, редакцияға жазған арызында Т.Баєтов өзінің жұмыстан қалай алынғаны жөнінде былай деп жазған еді. «1994 Жылдың 15 қараша күні облыс әкімінің бұйырығымен жұмыстан алындым. Не үшін алынғанымды айтқан жоқ. Сол кезде мен ауырып жатқам...»

Заң бойынша қарасақ, бұл әрине, дұрыс емес. Бірақ дәл сол заң бойынша демалыста жүрген Журавлевті кері шақырып алуға да мүмкіндік бар емес пе? Бұл заң бойынша емес, «сценарий» бойынша Т.Баєтовты қалай да бұрынғы жұмысына орналастырмаудың амалы тәрізді. Сонымен, заң бойынша көрсетілген қас-сациялық шағым мерзімі – 10 күн де өте шықты. Облыстық сот бұл істі қайта қарауға шешім шығарды.

Бұған дейін де Баєтовтың төңірегін шұқшия «зерттеп» шыққан құқық қорғау қызметкерлері бұрынғы жүріп өткен жолдарын енді «бинокольмен» қайта қарауға мәжбүр болуы мүмкін.

«Егемен Қазақстан» газеті,
18 шілде, 1995 жыл.

ДЕРБЕСТІК ДАРАЛАНУ – ЕМЕС

**дейді Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты төрағасының
бірінші орынбасары Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев**

Тәуелсіздік алған жас мемлекетіміздің келешегі бүгінгі экономикалық, саяси және құқықты реформаның жүзеге асуымен тікелей байланысты екендігі әмбеге аян. Осыған орай құқықты реформа туралы мемлекеттік арнайы бағдарлама жасалынып, оны Президент бекітіп те берді. Бірақ, дәл қазіргі жағдайда бұл бағдарламаның болашағы бұлыңғырлау сияқты. Мәселенің мәнісіне терең бойлау үшін осы саладағы білікті мамандардың әрқайсысына газет бетінде сөз бергенді жөн көрдік. Сонымен, әріптестер бір-бірімен пікір-сайысқа түскісі келсе, «Егемен Қазақстанның» есігі ашық.

– Мақсұт Сұлтанұлы, таяуда өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының пленумында сөйлеген сөзіңізді мұқият тындаған едім. «Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі» жайында заң жобасын дайындапсыздар. Оған ұйытқы болған да өзіңіз көрінесіз. Бүгінгі әңгімемізге арқау болатын сол заң жобасы екенін іштей сезіп отырған шығарсыз. Әйтседе, алдымен сіздің билік жайындағы пікіріңізді білгім келеді.

– Бұл сұрағыңызға рахмет. Өйткені, билік жайында мен былтыр да дәл осылай пленумда өз пікірімді ортаға салғам. Сол ойды қайта қозғауға түрткі болдыңыз. Билік деген ұғымның аясы кең. Мемлекет бар жерде белгілі бір жүйе болуға тиісті. Сол жүйе жұмыс істеуі үшін оның тетіктері жасалады. Оның әрбір буыны үлкенді-кішілі билік тұтқалары арқылы қозғалысқа түседі. Бұл – кәдімгі табиғи құбылыс, өмір заңы, жаратылыс заңы. Енді осы қағиданы мемлекеттік тұрғыда алып қарасақ, биліктің ең биігі мемлекет басшысының қолында екен. Дұрыс, мемлекетті бір адам басқарғаны жөн. Бізде ол қазір –

Президент. Жаңа Конституциямызда солай көрсетілген. Яғни, Президент мемлекет тағдыры үшін жауап беретін бірден-бір адам.

Сондай-ақ, Конституцияда мемлекет билігі тағы да үш билікке бөлінетіндігі жазылған. Бұлар – заң шығару билігі, атқарушы билік және сот билігі екені белгілі. Осы арада анықтай кететін бір мәселе бар. Конституцияда Президент атқарушы билікке тікелей басшылық ететіні айтылған. Міне, осыны біржақты түсінетіндер Президентті тек атқарушы билікке ғана байлап қойғылары келеді. Парламенттегі кейбір депутаттар жауабынан осыны аңғарамыз. «Біз депутатпыз, Президентті сынап, кінәлап, оған айтқанымызды істете аламыз» дегендей кеуде соғушылар кездесіп қалатыны рас қой. Ондай адамдар Конституцияның кейбір баптарын жете түсінбейді немесе түсінгісі келмейді деп ойлаймын.

Егер, Конституцияны мұқият оқысақ, жоғарыда аталған үш биліктің басын біріктіріп, үйлестіріп отыратын тағы бір билік бар екені белгілі болады. Ол – мемлекет басшысының қолындағы билік. Жоғарғы Кеңес қабылдаған заңдарға қол қоятын, бекітетін – Президент. Жоғарғы соттың төрағасына үміткер адамдарды тандап, Жоғарғы Кеңеске ұсынатын, сол үміткерді кері шақырып алатын да Президент. Олай болса, екінші сатыдағы үш билік бір-бірінен мүлдем дара тұрған құрылымдар емес. Бірақ, сот билігі шынайы дербестікке әлі жеткен жоқ. «Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі туралы» заң жобасы осы дербестікке қол жеткізу, үш билікті теңестіру мақсатында туған құжаттардың бірі. Өзіңіз ойлаңызшы, Египет пирамидасының бір қабырғасы қалған екеуінен қысқа болса, баяғыда-ақ қирап қалар еді. Ал, біздің мемлекеттік құрылым сол пирамида заңдылығына негізделген сияқты. Билік жөніндегі пікірім осындай.

– Өздеріңіз дайындаған заңда Әділет министрлігі жайында бір ауыз сөз айтылмапты. Оның себебін қалай түсіндірер едіңіз?

– Мұндай заңдарды әдетте, Әділет министрлігі дайындап, парламентке ұсынады. Конституция бойынша Жоғарғы соттың да өздеріне қатысты заң жобасын дайындап, парламентке ұсынуға қақысы бар. Осы қақымызды пайдалана отырып, өзімізге қатысты заң жобасын жасадық. Жобаны жасауға әділет министрінің орынбасарлары мен жауапты қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері, Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің өкілдері, ғалымдар қатысты. Бұл заң Республика Конституциясы негізінде жасалғанын баса айтқым келеді.

Енді Әділет министрлігі жайында тоқталайын. Қазіргі кезде Жоғарғы соттың кадр мәселесін, шаруашылық-әлеуметтік мәселелерін тікелей Әділет министрлігі шешеді. Жоғарғы сот төменгі соттардың іс жүргізу (процессуалдық) жұмыстарын ғана қадағалайды. Мұндайда үшінші билік – сот билігі жайында сөз қозғаудың өзі ыңғайсыз ғой. Атқарушы билік иесі – Министрлер кабинетімен заң бойынша тең дәрежеде тұруға тиісті Жоғарғы сотты екінші биліктің, яғни Министрлер кабинетінің бір тармағы – Әділет министрлігіне тәуелді етіп қойған соң, одан қандай дербестік, билік күтуге болады?

Біз дайындаған заң жобасының 10-бабында Жоғарғы соттың, соттардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Бас басқармасы және облыстық, Алматы қалалық соттарының тиісті басқармалары құрылатындығы айтылған. Олар соттарды қаржыландыру, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, сот өндірісімен, сот статистикасын жүргізумен және тағы басқа жұмыстармен айналысады. Соттардың кадрларға мұқтаждығын және тиісті сот лауазымына қажетті үміткерлер тобын анықтайды. Бұдан кейін ол тізім Жоғарғы сот кеңесіне жіберіледі. Сот кеңесінің шешімінен кейін бұл ұсынысты республика Президенті бекітеді. Сөйтіп, кадр мәселесін дербес шешудің мүмкіндігі туады. Тағы да қайталап айтайын, дербестік – даралану емес. Себебі, Жоғарғы сот кеңесінің құрамына аталған үш биліктің өкілдері мен қоса мемлекет басшысының,

заңгерлер қоғамының өкілдері кіретін болады. Заң жобасында олар нақты көрсетілген. Сондықтан, үшінші биліктің жөні осы екен деп, Жоғарғы сот мемлекет ішінен мемлекет құрып жатқандай үрейлену орынсыз.

– Жаңа заң жобасында халық заседательдері туралы да ештеңе айтылмапты. Оның себебі неде?

– Дұрыс айтасыз, бұл заңда халық заседательдері туралы айтылмаған. Өмірдің шындығы тұрғысынан қарасак, сот ісінде халық заседательдерінің көмегі өте аз екендігін байқар едік. Біріншіден, ол адамдардың арнайы заң білімі болмағандықтан судьялардың айтқанына бас шұлғып отыра бергеннен басқа пайдасы шамалы. Тек сол үшін ғана қаржы шашудың керегі не? Екіншіден, қазір халық заседательдерін сотқа әкелудің өзі қиын. Олар негізгі жұмысынан босай алмайды. Өндірістің көбісі жекешелендіріліп кеткен. Сотқа қатысқан уақыттары үшін халық заседательдеріне кеңес дәуіріндегідей ақша төлемейді. Үшіншіден, әділ үкім шығару үшін соттың өзіне жеке билік беруді жөн деп білдік. Аса ауыр қылмыстар қаралған кезде ғана оған үш судья қатыстырылатыны заң жобасында қарастырылған. Мәселен, Америкада, Американы мысалға алып сөйлеу әдетке айналды ғой, сот ісіне 12 заседатель (суд.присяжные) қатысады. Кейінгі жылдары олар мұның санын жетіге түсіріпті. Жалпы, әлемдік тәжірибеде халық заседательдерін азайту белгісі байқалады. Бұл тегіннен-тегін болмаса керек...

– Сіздер дайындаған заң жобасының 11 бабында «Прокурор сотта қаралатын іске тараптар теңдігі мен іс жүргізудегі сайысушылық принциптері негізінде қатысады» делінген. Сонда, прокурорлық қадағалау, наразылық келтіру сияқты міндеттер қайда қалмақ?

– Прокуратура – кез-келген саладағы заңдылықты қадағалайтын мемлекеттік орган. Сот ісінде прокурор ешкімді жақтамайды, тек заңдылықтың сақталуын қадағалайды. Егер, сот тарапынан заң бұзылса, жоғарғы сатыдағы сотқа наразылық келтіреді. Сол наразылық негізінде біз істі қадағалау тәртібімен

қайта қарауға міндеттіміз. Дәл осылай адвокат та сот ісіндегі өзі келіспейтін мәселелер бойынша наразылық келтіруге құқылы. Бірақ, адвокаттың наразылығы бойынша істі қадағалау тәртібімен қайта қарау, немесе қарамау біздің өз еркімізде. Әрине, сот тарапынан өрескел бір заң бұзушылық көрініп тұрса, істі қадағалау тәртібімен қайта қараймыз. Бұл жерде айтайын дегенім, сот ісінде адвокат жәбірленушіні, немесе айыпкерді жақтап судьямен сайысқа түссе, прокурор заңдылықты сақтау жөнінде сайысқа түседі. Алайда, екеуінің құқығы тең дәрежеде емес. Мына заң жобасында екеуінің құқығы теңестірілген. Осыны кейбір прокурорлар түсінбей, өздерінің құқығына қол сұғылғандай байбалам салуда. Прокурор сот ісіне қазір де сайыскерлік тұрғыда қатысады. Сосын заңдылықты қорғау құқығын пайдаланып, өзінің наразылығын келтіреді. Әйтседе, Конституция бойынша төменгі соттың ісін қадағалау құқығы тек жоғары сатыдағы соттардың өзіне ғана берілген. Ендеше, біз бұл конституциялық құқығымызды неге пайдаланбауымыз керек? Сот реформасы осыны талап етеді.

– Жаңа заң жобасымен танысу барысында көңіл жылытарлық баптарға да көзім түсті. Осы заңның авторы өзіңіз ретінде ең негізгі өзгешеліктермен бүгінгі күннің талабына сай жасалды деген баптарға тоқтала кетсеңіз.

– Бұл заңды қолына алып қараған кез-келген адам алдымен 17-18-ші баптарға назар аударар еді. Ол баптар «Би (татуластыру судьясы) өкілеттігі», «Би мәртебесі» деп аталады. Енді осы билер дегеніміз не, ол немен айналысады деген сауалдарға тоқтала кетейін.

Билер – халықтың қатысуымен жергілікті маслихат жиналысы, жергілікті әкімшіліктің араласуымен құрылған сот учаскесі аумағында сот әділдігін жүзеге асырады. Билер сот учаскесі аумағында тұратын азаматтардың арасындағы азаматтық-құқықтық дауларды, жеке қылмыстық істерді, сондай-ақ, сот учаскесі аумағындағы әкімшілік істерді бірінші инстанциясында қарайды. Осы заңның 53-ші бабының талаптарын бұзған жағдайда

бидің өкілеттігі кері шақырып алу жолымен мерзімінен бұрын тоқтатылады. Би – ең беделді адам болуға тиіс. Ол үш жылға сайланады. Биге қоятын талаптар мен судьяларға қойылатын талаптар бірдей десе де болғандай. Мәселен, би болып ең беделді адам сайланса, судьялыққа бұған дейінгі қызметінде кіршіксіз атқа ие, жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша екі жылдық стажы бар, сотта бір жыл сынақтан өткен, мамандық емтиханын тапсырған Қазақстан азаматы сайлана алатындығы осы заңның 54-бабында нақты көрсетілген. Ал, енді «Судьяларға тиіспеушілік», «Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар», «Судьяларды сайлау мен тағайындау тәртібі», «Судьяның өкілеттілігін тоқтата тұру», «Дәрежелеу алқаларының және Жоғарғы сот кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру» деп аталатын баптар әрбір талқылауларда жаңарып, толықтырылып отырды. Ол жайында айта берсек...

– Түсінікті, ол жайында айта берсек әңгіме ұзаққа созылады. Бізде бұған дейін де сот құрылысы, судьялардың мәртебесі жөнінде, Республиканың Жоғарғы соты туралы, тағы басқа заңдар қабылданған болатын. Ал мына заң жобасы солардың бәрінің басын біріктіретін, болашақта бір ғана сот құрылысына негізделген заң екенін пленумда сөйлеген сөзіңізде де, одан кейін журналистермен жүздескенде де баса айттыңыз. Қағаз жүзінде бәрі жақсы-ау, бірақ осы заңды жүзеге асыратын судьялардың жеке басына, ой-өрісі мен біліміне көңіл толмайтын жәйттер көп. Өзіңіздің жазып жүрген еңбектеріңізбен таныспын. Дегенмен, қазақ заңгерлері арасында теория мен практиканы қатар ұштастыра білетін мамандар, судьялар аз сияқты. Ол жайында не айтар едіңіз? «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей, төменгі буындағы соттардан ертең ізбасарларыңыз шығады деп ойлайсыз ба?

– Судья болып істеу оңай емес. Біздегі судьялардың көбісі практиктер. Таза ғылыммен айналысатын ғалым, заңгерлер аз. Алайда, көп жағдайда теория мен практиканың үйлеспей жататыны белгілі. Бұл екеуін қатар алып жүрмедің деп тағы ешкімді

кінәлай алмайсың. Ол үшін алдымен талант керек. Талант – туа бітетін қасиет. Егер, осы талап деңгейінен қарар болсақ, мен әзірге Шымкент облысы, Сарыағаш аудандық сотының төрағасы Есберген Алауов деген азаматтың есімін айтар едім. Өзі жас жігіт. Газет беттеріндегі ойлы мақалаларына тәнті болып отырамын. Сонымен қоса, ол ғылыми еңбектер де жазып жүр. Бірекі кітабы да жарық көрді-ау деймін. Таяуда кандидаттық диссертациясын қорғапты деп естідім. Жұмысында да үлгі аларлық істері жетерлік. Мен осы жігітті мысалға келтіре отырып, басқа әріптестерге де ой тастағым келеді.

Баспасөз өкілдерімен жиі араласқан дұрыс. Өзіңнің олқылықтарыңды көріп, өзінді-өзің іштей шындаудың бір жолы осы. Әрине, көркем шығарма жазатын, жалпы шығармашылық жұмыспен айналысатын судьялар баршылық қой. Дегенмен, мына өтпелі кезеңде, құқықты реформаны жүзеге асыру кезеңінде сол қабілетіміздің біразын негізгі мамандығымызға қарай бұрсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

– **Ашық әңгімеңізге көп рахмет.**

«Егемен Қазақстан» газеті,
24 ақпан, 1995 жыл.

ЖАЗА ТЫМ ЖЕҢІЛ КӨРІНДІ

Былырғы жылдың 27 қазанында журналист Сергей Дувановқа кәмелетке толмаған қызды зорлады деп айып тағылған болатын. Тергеу кезінде қылмысы толық дәлелденгеннен кейін ісі сотқа өткен еді.

Биылғы жылдың қаңтар айында Алматы облысы Қарасай аудандық соты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 120-бабы 1-бөлімі бойынша Думановты 3 жыл 6 айға бас бостанынан айыру жазасына кескен. Тергеу орындары оны 120-баптың 2-бөлімі «д» тармағымен (кәмелетке толмаған қызды зорлау) айыптағанына қарамастан, бірінші сатыдағы сот оған жұмсақтық танытты. Сөйтіп, жоғарыдағы бапты қолданған. Ол бап бойынша әйел зорлаушыға 3 жылдан 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру шарасы қарастырылған.

Жәбірленушінің ата-анасы, қорғаушысы бұл шешіммен келіспей, облыстық сотқа шағымданды. Сотқа айыптаушы ретінде қатысқан прокурор да бұл шешімге наразылық келтірген.

Таяуда Алматы облыстық соты Қарасай аудандық сотының осы шешімін қайта қарады. Нәтижесінде Дувановқа о баста тергеуде тағылған айыпты дұрыс деп шешті. Онда кәмелетке толмаған қызды зорлағаны үшін 5 жылдан 10 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру шарасы белгіленген. Бірақ, Дувановтың бұрынғы жаза мерзімі өзгеріссіз қалдырылды.

Міне, осы және тағыда басқа түйіткілді жәйттер жөнінде кеше Алматы облыстық прокуроры Жақсылық Байтұқбаев журналистерге қысқаша сұхбат берді. Ең алдымен, ол Дувановтың қылмысы қайта дәрежеленгенімен, жаза мерзімі неге өзгеріссіз қалдырылды деген сұрақтың басын ашуға тырысты.

ҚР ҚК-нің 55-бабында айыпкердің қылмыс жасау кезіндегі мінез-құлқына, қоғамға қауіпті-қауіпсіздігіне, тағы басқа ерекше мән-жайларға байланысты сот жазаның алғашқы бапта көзделгеннен, яғни міндетті жазаның өзінен де төмен жаза қол-

дануға қақысы бар екендігі айтылған. Қарасай аудандық сотының шешімін бұза отырып, облыстық сот осы 55-бап бойынша жаза мерзімін сол күйінде қалдырған.

Мына жағдай, әрине, жәбірленуші жақты қанағаттандырмайтыны түсінікті. Өйткені, олар осы уақытқа дейін қылмысқа қатысты 120-баптың бір әрпі мен бір бөлімін өзгерту үшін ғана арызданбағаны белгілі.

– Мені прокурор ретінде соттың бұл шешімі қанағаттандырмайтынын сіздерден несіне жасырайын,– деді Жақсылық Ысқақұлы. – Біздің ата-баба салтымыз бойынша да, олар жазып қалдырған заң-жарғылар бойынша да кәмелетке толмаған қызды зорлағандарға өте қатаң жаза қолданылған. Әлем елдерінің заңдарына көз жіберсек те осыны байқаймыз. Ал, Дувановтың қылмысы өте ауыр.

Біріншіден, ол қылмысы толық дәлелденіп тұрса да мойындамады. Сол себепті 17 рет сот сараптамасын өткізуге тура келді. Қылмысы бәрібір дәлелденді.

Екіншіден, қылмысты мас күйінде жасаған.

Үшіншіден, кәмелетке толмаған, 14 жастағы қыздың абыройын төкті.

Алғашқы сотта Дуванов қыздың жасы нешеде екенін білмеді делінген. Мұны облыстық сот жоққа шығарды. Енді бұл істі қайта қарауға жатпайды. Тек алты ай мерзім ішінде облыстық прокуратураның наразылғы бойынша қадағалау ретімен немесе жоғары сатыдағы соттың өзі қадағалау ретімен қайта қарауға негіз бар. Әзірге облыстық соттың қаулысы қолымызға тиген жоқ. Ойланып көрерміз, бәлкім жаза мерзімін де өзгертуге күш салармыз,–деген облыстық прокурордың сөзін барынша дұрыс мағынада түсінуге тырыстық.

Дувановтың бұл қылмыстық ісінен саяси астар іздеу ағаттық екенін, бұл кәдімгі қылмыс екенін прокурор тағы да қадай айтты.

ЖАЗЫҚСЫЗ СОТТАЛСАМ ДА АҚТАЛМАДЫМ!
деп редакцияға арыз жазған адамның тағдырына заң
орындары неге немқұрайлы қарады екен?

Биылғы жылдың 14 сәуірінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгені белгілі. Заңның 5-бабында: «Мынадай саяси себептермен адамдардың бәрі ақталуға жатады:

а) «мемлекеттік және басқа қылмыстары үшін сотталғандар...» деп көрсетілген. Осы мақалада сөз еткелі отырған оқиға «тоқырау» кезеңінің соңғы жылдары орын алыпты.

Ол уақытта жоғары жақтағыларға қарсы бірауыз сөз айтсаң «құйрығыңа қалжауыр байланып» кете баратынсың. Әсіресе, шаруашылық басшыларын эп-сәтте орнынан қағып түсіріп, есеп-қисап құжаттарынан бір кілтипан таба қою, сөйтіп оны абақтыдан бір-ақ шығару түкке тұрмайтын.

Қазақ КСР қылмыстық кодексінің 151-1-бабы «Жоспардың орындалуы туралы есептеуге артық қосып жазған және оны басқа түрде бұрмалаған» адамды мемлекетке қарсы әрекет еткен қылмыскер ретінде қарайтын. Ал мемлекетке қарсы әрекет ету деген сөз ол кезде социализмге қарсы әрекет етумен бірдей еді. Ендеше, қылмыстық кодекстің осы бабымен айыпталып, үш жылдай түрмеде отырып шыққан біздің кейіпкеріміз саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына жата ма, жатпай ма? Әрине, ол жөнінде соңғы сөзді заң орындары айтуға тиісті. Бірақ, ол адам кезінде мүлдем жазықсыз сотталған болып шықса ше? Онда заңсыздыққа жол берген, бүгінде өз орындарында отырған кейбір лауазымды кісілерге де таяқтың бір ұшы тиіп кететіні сөзсіз. Сондықтан да, ол «Жазықсыз сотталған едім?» деп қанша жерге арызданғанымен шындықты дәлелдей алмайтынына көзі жеткен соң, еріксіз редакцияға арыз жазуға мәжбүр болған.

Құжаттар не дейді?

Менің қолымда қазір үш құжат бар. Оның бірі – 1987 жылғы 10 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының президиумына республика прокурорының орынбасары А. Н. Ефимовтың келтірген наразылығы. Бұл наразылықта 1985 жылғы 18 қарашадағы Шымкент облыстық сотының үкімін, оны өзгеріссіз қалдырған Қазақ КСР Жоғарғы сотының ұйғаруын бұзып, Қазақ КСР қылмыстық кодексінің 76-5, 143, 151-1-баптары бойынша 12 жылға сотталған М. Нұрғазиевтің, тағы басқа адамдардың істерін қайта тергеуге жіберу сұралған.

Бас прокурордың орынбасары А. Н. Ефимовтың атынан келтірілген бұл наразылықта М. Нұрғазиевтің қылмысқа ешқандай қатысы жоқ екені, оның жазықсыз сотталғаны жан-жақты дәлелденгендей. Қайта тергеу барысында М. Нұрғазиевтің толық ақталып шығатынына сеніміңіз беки түседі. Бұған наразылық келтіріп отырған прокурордың да көзі жете бастаса керек, дәл сол күні бұл туралы Нұрғазиевтің жұбайы А. Нұрғазиеваның атына жеделхат салып та жібереді.

Түрмеде жатқан отағасын асыға күткен ананың төзімі таусыла бастаған сәтте, тура сегіз айдан кейін оған А. Н. Ефимовтың тағы бір жеделхаты (09. 08. 88) келеді. Онда да сол бұрынғы жауап: «М. Нұрғазиев жөніндегі сіздің арызыңыз қаралуда. Қазір бұл іс бойынша наразылық келтіріп отырмыз, нәтижесін кейін хабарлаймыз».

Менің қолымдағы екінші құжат –

Жоғарғы сот президиумының 1988 жылғы 18 қыркүйектегі қаулысы. Осы қаулы бойынша М. Нұрғазиевтің 76-5-бап бойынша айыбы дәлелденбеген деп табылып, қылмысы 148-баппен дәрежеленеді. Енді ол «мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді ерекше мөлшерде ұрлаған» адам емес, «...зұлымдық ниетпен біле тұра құжаттарға өтірік мәліметтер енгізген» адам болып шығады. Сонымен 151-1-баппен айыпталуы дұрыс деп табылған. Сөйтіп, оның бас бостандығынан айырылу мерзімі

12 жылдан 4 жыл 6 айға төмендетілген. Алайда, бұл шешім Нұрғазиевті қанағаттандырмайды. Кесімді мерзімді өтеп шыққаннан кейін ол, жер-жерге шағымдана бастапты.

Менің қолымдағы үшінші құжат –

М. Нұрғазиевтің редакцияға жазған арызы. Онда былай делінген:

«Мен №303-ПМК-ға бастық болып келгенде бұл мекеменің шаруашылығы кері кетіп, жоспар орындалмай жатыр екен. Мұны жолға қоюдың әртүрлі әдістерін қарастыруға тура келді. Ең алдымен жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге, жоспарда бар болғанмен әлі ірге тасы да қаланбаған құрылыс жұмыстарын тез арада бітіруге бар күшті жұмылдырдық. Бұған дейін бұзылып, құлауға шақ тұрған кірпіш зауыты енді жыл сайын 5 миллионнан астам кірпіш шығаратын болды. Ұжымда қатаң тәртіп орнаттым. Алғашқы жыл табыспен аяқталды».

Бірақ, оның осынау оңды істері Мақтаарал ауданының сол кездегі бірінші хатшысына ұнамай жүріпті-міс. Тырнақ астынан кір іздеп, жиналыстарда бұл оған жиі-жиі «тиісуді» шығарады. Бір-екі рет көпшіліктің көзінше ол да бірінші хатшының бетін қайтарып тастайды. Бұдан кейін Нұрғазиевтің соңына шам алып түсушілер көбейе бастаған. 1983 жылдың тамыз айында «Южколхозстрой» тресінен келген тексерушілер мұның мекемесін төрт айдай шұқшия тексереді. Жағдайды ушықтыра түсу үшін бе, кім білсін, дәл осы кезде трест бастығы мұнымен келіспестен ПМК-ға тағы бір бас инженерді өзі тағайындайды. Бұрыннан істеп жүрген бас инженерді жұмыстан босатпайды. Сөйтіп, бір мекемеде екі бас инженер пайда болады. Жүйкені тоздыра ұзаққа созылған тексеру мен қос бас инженердің әлегі М. Нұрғазиевті ақырында ауруханаға түсіріп тынады. Ол ауруханада жатқанда тексеру қорытындысы шығып, оны трестің кеңесінде қарауды ұйғарады. Жүрегі ауырып ауруханада жатқан Нұрғазиевті жеделхат арқылы жиналысқа шақырады. Әрине, оның дәл сол сәтте келе алмайтыны белгілі. «Жығылған

үстінен жұдырық» дегендей, ол жоқта сыртынан өздері кесіп-пішіп, тексеру қорытындысын прокуратураға өткізеді. Арада аз уақыт өткеннен кейін Нұрғазиевтің орнына жаңа бастық тағайындалады. «ПМК-ға жаңадан келген бастық Г.Ержанов – «Славян банкі» бастығының баласы еді, ал ПМК-ның үстінен қарайтын трест бастығы Бегімбетов – Мақтаарал ауданының бірінші хатшысы М. Көлбаевтың жақыны еді» дегенді айтады арыз иесі.

«Сонымен, 1984 жылдың қаңтар айында ауруханадан шыққаннан кейін ауданның бірінші хатшысына келіп:

– Мен ауруханада жатқанымда сыртымнан тағдырымды шешкендеріңіз қалай?– деп сұрадым.

– Ісің тергеуде жатыр, біткен соң көреміз,– деп ол кісі мені шығарып салды»,– дейді Нұрғазиев. Бұдан кейін ол бес айдай жұмыссыз жүреді. Тек, мамыр айында ғана Көлбаев оны ауыл-шаруашылық инспекциясының инспекторы етіп тағайындайды. Алайда, тергеу жалғаса береді. Бір күні аудандық «Мақтаарал» газетінде «Нұрғазиев қазынаның 80 мың сом ақшасын жеп қойыпты» деген мазмұнда мақала жарық көреді. Ол аз дегендей, сол жылдың қараша айында өткен үлкен бір жиналыста аудан басшысы Көлбаев көпшіліктің көзінше: «Нұрғазиев одақтық іздеуде жүр» деп жар салған екен. Мұны ести сала Нұрғазиев тағы да бірінші хатшының өзіне келеді. Бірінші хатшы: «Мұны маған прокурор айтты», – дейді. Прокурордан сұраса, ол: «Мұны маған милицияның бастығы айтты» деп жалтарады. Ақыры соңында Нұрғазиев және осы іске қатысты біраз адамдар сотталып тынады.

Енді прокуратураның алғашқы наразылығына келейік. Өкінішке орай, 1987 жылдың 10 желтоқсанында жіберілген бұл наразылық жоғарғы соттың құзырына жетпей, орта жолдан қайтарылыпты. Істі қайта қарауға А. Н. Ефимовтың екінші рет келтірілген наразылығы себеп болған. Осы жерде оқырманға түсінік бере кеткен жөн. Прокурор наразылығы жәй ғана қатынас қағазы емес. Онда тергеу жұмыстары мен сот үкімі

зандылық тұрғыда тағы бір сараптан өткізіліп, жіберілген қателіктер мен кемшіліктер нақты көрсетіледі. Істі қайта қарағанда осы құжат негізге алынады. Ал енді А. Н. Ефимовтың бірінші рет келтірілген наразылығында не жазылып еді, ол неге орта жолдан қайтарылды? Бұл сауалға жауап беру үшін сол наразылықтың өзін табу керек. Біраз іздегеннен кейін біз оны да қолға түсірдік. «Жазықсыз сотталдым» деп шырылдап жүрген азаматтың о баста тағдырын дұрыс шешпекші болған да, келешекте оның толық ақталуына көмектесетін де осы құжат болуға тиіс-ау деген ой келеді. Ендеше, сәл шегініс жасай отырып, редакцияға жасалған арыз бен прокурор келтірген наразылықтан түйген ойларды сабақтастыра баяндап көрейік.

Алғашқы айыптаулар

Ауруханадан шыққаннан кейін Нұрғазиев бес айдай жұмыссыз жүргенін, 1984 жылдың мамыр айында ғана ауылшаруашылық инспекциясына жұмысқа орналасқанын жоғарыда айттық. Бұл кезде тергеу де қызу түрде жүріп жатқан. Сол жылдың 19 желтоқсанында ол қамауға алынады. Қандай себеппен дейсіздер ғой.

Нұрғазиев ПМК-да бастық болып жүрген кезінде мұнда жұмыс істемейтін адамдардың атына ақша жазып, өзі алып отырыпты. Оның қылмысын осы мекеменің қызметкерлері – Жұрқабаев, Краниди, Жұмақұлов, Қасқабаев дегендер дәлелдейді. «Бұл жөнінде мен ештеңе білмеймін, кадр бөлімінің аға инспекторы М. Г. Пак деген азаматқа ешқашан да ондай нұсқау берген емеспін, – дейді Нұрғазиевтің өзі. – Адамдар жұмысқа тұрар кезде алдымен прорабпен немесе мастермен келіседі. Егер олар жұмысқа қабылдағысы келсе, жаңадан келген жұмысшының өтінішін кадр бөліміне өткізеді, ондағылар оған дәрігерлік тексеруден өтуге жолдама береді. Егер бәрі дұрыс болса, мен соңында ғана өтінішке қол қоямын. Ал жұмысшыларға еңбекақы төлеу жөніндегі құжатты мекеменің бас инженері бекітеді. Сонда мен қалайша артық адамдарды жұмысқа қабылдап, оларға

өтірік еңбекақы жазамын? Оның үстіне бұл құжаттарда менің бірде-бір қолым жоқ қой...»

М. Нұрғазиевтің мойнына 13 мың 727 сом қойылып, сотталуына себепкер болған бұл айыптың дұрыс емес екендігі, алдын-ала және сот тергеулері де шалағай жүргізілгендігі прокурор келтірген алғашқы наразылықта жан-жақты дәлелденіпті. Онда 1982-1983 жылдары № 303-ПМК мен Киров атындағы АТП-ның арасында жасалған келісім-шарттар түгелдей орындалғандығы, олардың бір-біріне бір тиын да берешек еместігі көрсетілген. Ал жалған құжаттар жасау жолымен мекемеде жұмыс істемейтін адамдардың атына ақша жазылды, оны Нұрғазиев өзі иемденді деген айып та тергеу барысында дұрыс дәлелденбегендігі осы наразылықта баса көрсетілген. Сондай-ақ, Шымкент облыстық соты істі қарап, үкім шығарарда алғашқы тергеуде басқадай, сот тергеуінде тағы бір басқа жауап берген елудей куәгердің сөзіне мән бермеген, істің анық-қанығына көз жеткізу үшін сараптау жұмыстарын жүргізбеген. Осы талаптардың барлығы дұрыс жасалғанда Нұрғазиев жазықсыз сотталмас па еді, кім білсін? Себебі, оған тағылған екінші айып та негізсіз екені прокурор наразылығында нақты дәлелденіпті. Ол – 1983 жылдың мамыр айында № 303-ПМК 30 мың сомның құрылыс жұмысын орындамағандығы жайында.

М. Нұрғазиевті тергеуге алып, қамауға себеп болған «жұмысшылардың жалақысына» байланысты кінәні мойнына қою қиындап бара жатқан соң, оған тағы бір айыпты тағу қажет болған сияқты. 1985 жылдың ақпан айында ПМК-дағы өндірістік технология бөлімінің бастығы Сатыбалдиев Киров автокөлік кәсіпорнының бастығы Бектөреевке барып, 1983 жылдың мамыр айында осы екі мекеменің тапсырысы бойынша жасалған жұмыстарға кезінде еңбекақы төленбегенін, енді соны беруін талап етеді. Қамауда жатқан Нұрғазиевтің қылмысын қоюлата түсу үшін бір нәрсе қажет болып тұрғанын ол да түсіне қойса керек: «Ол жұмыстар кезінде толық бітпеген, ақша төленбейді» дейді. Сөйтіп, Нұрғазиевтің үстінен 30 мың сомға байланысты тағы бір іс қозғалып жүре береді.

«Ал мұның шын мәнісі былай, – дейді Нұрғазиев өзінің шағым-арызында, – 30 мың сомға жасалған жол-құрылыс жұмысы толық орындалған. 1983 жылдың мамыр айындағы жұмыс қорытындысы туралы мәліметте бұл «№ 2-форма» түрінде көрсетілген. Жұмсалған қаржы 30 мың сом екені рас. Сөйтіп, ол біткен жұмыс ретінде сол жылдың жоспарына қосылған. Алайда, екі жылдан соң, яғни 1985 жылдың ақпан айында осы мәліметтегі «№2-форманы» әлдекімдер «№3» деп үстінен қаламмен қасақана түзетіп жіберіпті». Бұл екі цифрдың арғы жағында не тұрғанын қарапайым адам түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан, оған да түсінік бере кеткен жөн.

Егер осы құжат «№2-форма» деп толтырылса, жұмыс толық біткен, о баста есептеліп бекітілген 30 мың сомға сай жасалған жұмыс болып шығады. Егер ол «№3-форма» деп көрсетілсе, жұмыстың толық бітпегендігі, яғни, Киров автокөлік кәсіпорны №303 ПМК-ға 30 мың сомды толық төлемеуге тиіс. Міне, Нұрғазиевті су түбіне жіберудің тағы бір амалы осылай табылған. Менің қолымда қазір осы құжаттың (реестрдің) алғашқы түп нұсқадан түсірілген фотокөшірмесі бар. Ондағы мәшинкемен басылған «Ф-№2» деген жазудың «2» саны шынында да қарасиямен «3» деп өзгертіліпті. Мейлі, оны Нұрғазиев немесе басқа біреу әдейі өзгертті дейік. Бірақ, тергеу барысында 30 мың сомның жұмысы толық біткені, яки бітпегені арнайы комиссиямен тексерілуі, сөйтіп, Нұрғазиевтің қылмысы бұлтартпас дәлелдер арқылы мойнына қойылуы керек еді. Иә, бұл шара Нұрғазиевті айыптау үшін, сотқа қажетті құжаттар жинау үшін үстіртін түрде жасалған сияқты.

Енді ойлап қараңыздар, егер Нұрғазиев 30 мың сомның жұмысы толық орындалды деп жалған мәлімет берсе де оны орындаған адамдарға еңбекақы, сыйақы, тағы басқалар төленбеуші ме еді? Сонда ғана ол мемлекет қаржысын талан-таражға түсірген адам болып есептелмей ме? Алайда мұның бірі де тергеу барысында толық дәлелденбегендігі прокурор келтірген алғашқы (10.12.87) наразылықта ашық айтылған. Соған қарамастан

Жоғарғы сот «1993 жылдың мамыр айында №303 ПМК Киров АТП-сының тапсырысы бойынша жол жөндеу жұмыстырын жүргізген. Сол кезде Нұрғазиев жалған құжат жасау арқылы бітпеген істі бітті деп көрсеткен. Ол жұмыс 30 мың сомға бағаланған. Мұны АТП-ның бастығы Бектөреев айғақтайды, Нұрғазиев те оны жоққа шығармайды» деген қорытындыға келеді.

1983 жылдың мәліметіне кімдер әдейі өзгерту енгізгенін, ал істелінген жұмысқа төленуге тиісті 30 мың сом кезінде неге алынбағанын ешкім анықтағысы келмегені түсініксіз. Жұмыс шынымен-ақ толық орындалып, сол жылдың мәліметіне енгізілгені рас болса, №303 ПМК-ның есеп-шотына АТП тарапынан ақша аударылмауы мүмкін емес. Мұның неге бұлай болғаны Нұрғазиевтің өзіне де, бізге де әзірге беймәлім. Егер ақша сол жасалған жұмыстар үшін алынды деп есептегеннің өзінде ешкімге бір тиын еңбекақы төленбегендігі, мемлекетке бір тиын да залал келмегендігі неге ескерілмеген?

Осыны түбіне жетіп анықтамайынша, көңілдегі күдік сейілмейді. Сондықтан да, бұл істі түбегейлі қайта зерттеуге тура келді. Заң орындары бұған баса назар аударуға тиіс.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
24 қараша, 1993 жыл.**

ЖАЛҒАН АҚША ЖАСАУШЫЛАР СОТТАЛДЫ

Мұның бәрін жасап жүрген – өзіміздің қазақтың жігіттері. Тәуелсіздігіміздің бір белгісі, қасиеті болып табылатын теңгеміз алғаш дүниеге келгенде «ұзағынан сүйіндір» деп іштей тебіренбегендер аз шығар. Басқа елдің ақшалары құнсызданып, немесе қолдан жасаушылар оны «қуыршаққа» айналдырып жатқанда теңгеміз жайында жаманат шықпағанына тәубә деуші едік. Енді, міне, ол қуанышымыз да ұзаққа бармады. Қаскөйлер теңгеміздің жалған түрін жасап шығарып, оны айналысқа жіберген. Бұл алаяқтар өзіміздің тексіз ұлдарымыз болып шықты.

1992 жылы Алматы мемлекеттік университетінің көркемсурет және графика факультетін бітіргеннен кейін Жұмашев Талғат тек коммерциялық жұмыстармен айналысқан. Осы тірліктермен жүріп, өзінің айтуына қарағанда, 1996 жылы қарызға қатты батып қалады. Міне, сол кезде бір курстасы арқылы бір мекеменің ғылыми қызметкері Құрманбаев Мырзалымен танысады. 1997 жылдың көктемінде жеңіл автокөлікте келе жатқанда жүргізуші оған 2000 теңгелік ақшаны көрсетіп, оның қолдан жасалынған ақша екенін айтады. Жұмашев сол жалған ақшаны одан жалынып-жалбарынып отырып сұрап алады. Дерев М. Құрманбаевқа келіп, ақшаның көшірмесін қалай жасауға болатынын сұрайды. Себебі, Құрманбаев – компьютердің білікті маманы.

Алғашқыда ол Жұмашевтің бұл ұсынысынан ат-тонын ала қашқанымен, кейіннен келіседі. Келіскенде де осы жалған ақшаларды жасауға арнайы құралдар, яғни компьютердің асай-мүсейлері түгелдей табылса ғана бұл іске кірісетіндігін айтады. Компьютердің керек-жарақтарын Жұмашев арнайы дүкендерден сатып алып келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша департаментінің

тергеушісі Жанділда Жақыповпен осы жөнінде сөйлескенімізде ол кісі былай деген еді:

– Бұл істі ашу өте қиынға түсті. Алдымен біздің із кесушілер жалған ақшаның шығу төркінін анықтауға кіріскен. Айналымға түсіп кеткен жалған ақшаны кім әкеліп дүкенге өткізді? Ол қай банкіден алынды, қай банкіге келіп түсті? Қандай құралдар арқылы жасалды? Қай аймақтарға таратылған? Міне, бұл сұрақтарға жауап іздеу қалың шөптің арасынан ине іздеумен бірдей болатын. Соған қарамастан, 1998 жылдың 4 наурызында кешкі сағат 19 шамасында Жұмашев басқарған қылмыстық топтың мүшелерін бұлтартпас айғақтарымен қоса қолға түсірдік. Тергеу барысында олар өз қылмыстарын толық мойындады.

1998 жылдың 23 маусымында жасалынған сарапшылар қорытындысы бойынша Жұмашевтің қалтасынан табылған 2000 теңгелік ақша бұған дейін оларды тінту кезінде табылған қағаздар мен компьютерлік техникаларды қолдана отырып жасалынғаны анықталды. Сөйтіп, Жұмашев пен Құрманбаев бастаған қылмыстық топ (қалған мүшелерінің аты-жөндерін әзірге атамаймыз) аз ғана уақыттың ішінде 1 миллионға жуық жалған теңгені шығарып, айналымға қосып үлгерген. Олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 235-бабы 3-тармағымен және 206-баптың 3-тармағымен айыпты деп саналды. Бұл баптар бойынша 3 жылмен 8 жылдың арасында бас бостандығынан айыру шарасы қарастырылған.

Әзірге қылмыстық топ мүшелерінің екеуіне Алматы қаласы Медеу аудандық соты үкім шығарды. Т.Жұмашев -2 жылға, М.Құрманбаев -1 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды.

Теңгеміздің тағдырын тәлкекке түсіріп, жалған ақша жасап жүрген тағы екі-үш топ қолға түсіпті дегенін естідік. Тергеу жүріп жатыр. Оның мән-жайы алдағы уақытта белгілі болады.

«Егемен Қазақстан» газеті,
16 ақпан, 1999 жыл.

ЖАРҒА ЖЫҚҚАН ЖАҒЫМПАЗДЫҚ

Павлодар облысындағы Ертіс аудандық советінің сайлауы кезінде «Қазақ ССР жергілікті Советтерінің сайлауы туралы Заң» өрескелдікпен бұзылды. Оның төркінінде тұрған күштерді анықтау құқық қорғау органдарының еншісінде.

Бұл оқиға 1989 жылдың желтоқсан айында өткен жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттар ұсыну кезінде болған еді. Бір қарағанда, соншалықты таңқаларлық та нәрсе емес. Қазіргі уақыт талабы кімге де оңай тиіп тұрған жоқ. Әсіресе, талай жылдан бері жұмсақ креслода шалқайып отырып, жоғарғы жақтан бұйрық беріп үйреніп қалғандарға қиындау екені белгілі. Халық сенімінен көріне алмаған көптеген басшылар жайлы орындарын тастап кетуге мәжбүр болды. Ал, біздің басты кейіпкеріміздің басынан өткен жағдай бұлардан сәл өзгешелеу.

Павлодар облысы Ертіс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Александр Иванович Кошевой Ертіс аудандық советі мен Павлодар облыстық Советінің депутаттығына қатар ұсынылғанды. Аудандық Советтің депутаттығына өте алмағанымен, облыстық Советке өтіп кетті. А. И. Кошевойға бұл тіпті тиімді болды. Сайлаудан кейін он бес күн өтпей жатып-ақ облыстық атқару комитетінің хатшылығына жоғарылап кете барды. Бірақ, жаңа жерде заңға қайшы болғандықтан, депутаттық өкілеттігінен еріксіз бас тартуға мәжбүр болды. Сөйтсе де, қазір жайбарақат қана облыс басшыларының бірі ретінде жұмысын істеп жүріп жатыр. Алайда, редакцияға келіп түскен арыз-шағымдарда жергілікті Советке сайлау өткізу кезінде сайлау заңының өрескел бұзылғандығы, аудандық Советтің депутаттығына өтпей қалған А.И. Кошевойдың қазіргі отырған орнына лайық адам еместігі, ол қызмет бабын пайдаланып, көп адамға қиянат жасағандығы туралы айтылған. Сол арыздарды қолымызға алып, арнайы сапармен «Голубовск» совхозына бардық.

Хат иелері түкпірдегі шағын ауылда тұрып жатқан қаршадай ғана қыздар болып шықты. Қайта-қайта тексерістен жалығып, бәрібір ештеңе шықпасына көздері жеткен олар алғашқыда самарқау жауап берді. Тексеру барысында хатта келтірілген деректердің бәрі анықталды. Бір таңғаларлық жайт, «Қызыл сарай» сайлау учаскесінде болған заңсыздықтардың бәрін сол учаскедегі сайлау комиссиясының төрағасы Төлеген Сатылғанов жолдастың өз мойнына алып, бас шұлғи бергендігі. Себепсізден себепсіз «таза протоколға қол қойғызған да, сол ауылда болмаған үш адамды тізімге қосып жазған да өзім едім» дейді. Бар кінәні соған артып қойып, миығынан күліп отырған В. Манинцев пен Н. Петрученко өздерін сондай биязы да бейкүнә ұстайды. Сөйтсе де, «Талай тексерушілер келген, солардан асып не бітірерсің» дегенді қас-қабақтарынан байқау қиын емес. Шынында да, сүйеушілері мен қолдаушылары сонау облыстың төрінде отырғанда сасатын не бар? Көп болса қарапайым жұмысшы Сатылғановтың басына таяқ тиер. Кейін қажет деп тапса «көкелері» қиюын тауып құтқарып алмай ма? Тек осы айтқандарынан танбаса болды. Сонда ешқайсының мұртын балта шаппайды. Осы орындарында бұрын да отырған, әлі де отыра береді. Айқай-шу басылған соң сыбдырын сездірмей әрқайсысы жан-жаққа зыта жөнелулері де мүмкін. Сөйтіп, басқа жақта бас қосып, тағы да өз ойларына келгендерін істеп жүре береді. Өзірге әліптің артын бағып, саясатқа сәйкес жұмыс жүргізе білудің өзі олар үшін үлкен өнер. Оқырманға түсінікті болу үшін сәл шегініс жасап, 1989 жылдың желтоқсан айында өткен жергілікті Советтердің депутаттығына кандидат ұсыну кезіндегі аласапыран оқиғаларды, оның ішінде А. И. Кошевой жолдастың сүрініп барып, қайта тұрып кеткен тұстарын толығырақ баяндай кетейік.

А. И. Кошевой облыстық Советтің депутаттығына кандидат болып «Северный» совхозынан, ал аудандық Советке «Голубовск» совхозынан түсетін болады. Небары жүзге жетпес сайлаушысы бар соңғы совхоздан ол қауіп ойлаған жоқ. Сондықтан,

бар назарын «Северныйға» салды. Өйткені, онда сайлау кезінде демеуші болып қатысатын «Кутузов» совхозының тұрғындары балама кандидат ретінде Тоқтар Құлшымановты қоса ұсынғалы жатқанды. Құлшыманов осал қарсылас емес. Көп дауыс алып кетуі мүмкін. Бұдан екі-үш жыл бұрын РАПО-ның төрағасы болып тұрғанда Кошевой оны аяқтан шалып, құлдыратып жіберген. Әлі есінде, 1986 жылы аудан бойынша жүн өткізудің жарты жылдық жоспары орындалмады. Қиыннан қиыстырып жол табатын Кошевой етке өткелі тұрған бірнеше мың қойды дереу қырықтырды да, олқы жердің орнын толтырды. Қырсық қылғанда мезгілсіз жүні қырқылған қойларды ет комбинаты қабылдамады. Енді не істеу керек! Тамыр-таныстарын сала жүріп, өтпей қалған қойларды қағаз жүзінде ет комбинатына «өткізіп» тынды. Сөйтті де, қалған жауапкершілікті РАПО-ның бастығы Құлшымановқа ысыра салып, өзі еңбек демалысына шығып кетті. Бірақ, облыстық статистика басқармасы жалған ақпарды сезіп қойып, кері қайтарып тастады. Ақырында, аудан жарты жылдық ет жоспарын орындай алмады. Бұл мәселе жоғары орындарда қаралды. Кошевой ол жөнінде есеп берді. Бір қызығы, Құлшыманов жазаланып, орнынан алынды. Ал, Кошевой құтылып кетті.

Қарашаның 17-і күні «Кутузов» совхозында құрылған ынталы топ жиналыс ашып, сол Құлшымановты енді Кошевоймен қоса облыстық Советтің депутаттығына балама кандидат етіп ұсынбақ. Кошевой жандайшаптарын жіберіп, «адам аз жиналды» деген сылтаумен «Кутузов» совхозындағы жиналысты болдырмай тастады. Ол күні, әрине, бөлімшелерге жүретін көліктердің бәрі жоғары жақтың бұйрығымен сап тыйылған. Сонау жерден жаяулап-жалпылап жеткен біраз адамдардан басқасы мұнда келе алмады. Кейбіреулерін кіші басшылар жұмыстан босатпады. Орталықтағы адамдардың саны жүзге сәл ғана толмады. Осыған байланысты жиналыс таратылды. Құлшыманов баламалы кандидаттықтан шектетілді. Сөйтіп, Кошевой дара шапқан жүйріктей мәреге жалғыз өзі келіп жығылды да, облыстық Советке депутат болып шыға келді.

Сайлау күнгі «Голубовск» совхозының «Қызыл сарай» бөлімшесіндегі № 39 учаскедегі жағдай сәл өзгеше болды. Қызылсарайлықтар бұл күні төрт кандидатқа селолық Советтің, поселкелік Советтің, аудандық Советтің және облыстық Советтің болашақ депутаттарына дауыс берген. В. Манинцев пен ауданнан келген өкіл Н. Петрученко бұл жерге анда-санда бас сұғып, бақылап жүрді. Бар-жоғы 85 сайлаушысы бар бөлімше адамдарының әзірге 25-30 шақтысы ғана келіпті. Сайлауды кінәратсыз өткізу жөніндегі тоқырау тәртібіне үйренген Сатылғанов келген сайлаушылардың әрқайсысының қолына екі-үштен бюллетеньді ұстатып, өзі үшін де, үйде келе алмай қалған келін-кепшігі мен жекжат-жұрағаттары үшін де дауыс бергізе бастады. Бұған аңтарылып қалған сайлау комиссиясының хатшысы Сатылғанова (Сатылғановтың келіні), комиссия мүшелері Қожахметова, Қожамжаров, Мұсанова бір-біріне қарасты. Сатылғанов оларға «дымдарың іштеріңде болсын!» дегенді көзін аларта аңартып өтті. «Әлде қалай болады?!» деп тықыршып тұрған Петрученко қолында рұқсат қағазы болмаса да қызмет бабын пайдаланып, бір бюллетеньді өз атынан урнаға тастап жіберді. Урнаны ашқанда 85 сайлаушының 45-і Кошевойға қарсы дауыс беріпті. Сайлау комиссияларының мүшелері не істерін білмей аңтарылып қалғаны сол еді, бірінші болып Манинцев есін жиды.

– Бірінші хатшыға дауыс берген құжаттарды мөрлемей, орталыққа алып жүріңдер, сонда барған соң ақылдасамыз. Мұнда біраз бюллетеньдер жарамсыз болып тұр,– деді. Тоқыраудың тәлімді тәжірибесі тұрғанда сасатын не бар, әлі толтырылмаған протоколға сайлау комиссиясы мүшелеріне қол қойғызып алуды ұмытпады. Мұндай жағдай тек комиссия мүшелерінің талқылауы арқылы ғана шешілетінін біле тұрса да Манинцев ол жөнінде ешкімге тіс жармады. Есептей білген есесін жіберген бе, кейін бұл сайлаудың қорытындысы мінсіз болып шықты. Яғни 89 сайлаушының 46-сы Кошевойды жақтап, 40-ы қарсы дауыс беріпті.

Апыр-ау, бұл қалай деменіз. «Өлі жандарды» қойдай көгендеп, тірілерді теріліктей желпитін Кошевойдың қолшоқпарлары табан астында не бір құйтырқыларды ойлап тапты. Алдымен, «жарамсыз» деген сылтаумен үш бюллетеньді алып тастады. Сосын қарындаштың ұшы батып, сәл жыртылған екі бюллетеньді із-қайым жоғалтып жіберді. Сөйтіп, о бастағы 45 қарсы дауысты 40-қа түсірді. Енді ұпай санын теңестірген соң, жақтаушы дауыс санын көбейту керек қой. Ол онша қиынға түскен жоқ. Қолда әлі қолданылмаған таза бюллетендер жеткілікті. Заң бойынша олар урна ашылардың алдында жыртылуға тиісті болатын. Бірақ Манинцев олардың бірін де бүлдірмей, алғашқы абыр-сабырды пайдаланып, өзімен бірге ала кеткен. Жоғалтып жіберген екі бюллетеньнің орнына таза екеуін салып қойды. Сосын сол күні ауылда болмаған үш адамның фамилияларын телефон арқылы анықтап алған Манинцев оларды да «дауыс берді» деп тізімге қостырды. Петрученконы төртінші етіп қосымша тізімге іліктірді. Сонда, Кошевойды жақтаушы дауыс 46, ал қарсы дауыс 40 болып шыға келді. «Жарамсыз» деп шығарылған үш бюллетеньді қосқанда ұзын саны 89 адам дауыс берген болып есептелінді. Сол арада күні бұрын қол қойылған таза протоколды толтырып, документтерді мөрлеп-қаттап, ауданға қарай ала жөнелді. Бір-екі күннен кейін сайлау қорытындысы аудандық «Иртыш» газетінде басылды. Олардың ішінде аудандық Советтің депутаттығына баламасыз түрде «кедергісіз» өткен А. Кошевойдың да фамилиясы жарқ ете қалды. О баста 45 қарсы дауыспен Кошевойдың өтпей қалғанын білетін № 39 сайлау учаскесінің комиссия мүшелері мына жағдай қатты таңырқатты. Бір шикіліктің болғанын сезген олар аудандық сайлау комиссиясына арыз жазып, мән-жайды түсіндіруді өтінді. Жағдайдың насырға шауып бара жатқанын сезе қойған Кошевой да аудандық прокуратураға арыз жазды, істің мән-жайын анықтауды өтінді. «Бар пәлені ұйымдастырып жүрген С. Молдақасов пен Т. Құлшыманов болуы мүмкін» дегенді де ескерте кетті. Ертіс аудандық прокуроры А. Г. Донец

сол сәтте-ақ «қамшысын үйіріп» «Қызыл сарайға» жетеді. Соның сәл-ақ алдында келген Манинцев арыз жазғандардың өзін бидайдай қуырып: «Бәріне сендер кінәлісіңдер, Кошевой сотқа берді, енді сотталасыңдар!» деп жас қыздардың зәресін ұшырған. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай прокурор Донец те арыз жазған комиссия мүшелерінің өзін кінәлап, екі аяқтарын бір етікке тыға бастады. Сосын даусын бәсеңсітіп ақырын ғана:

– Сайлау қарсаңында осы ауылға Молдақасов пен Құлшыманов келіп пе еді? – деп сұрады.

– Келген, – деді олар шындықты жасырмай.

– Келсе, олар ауданның бірінші басшысына қарсы үгіт-насихат жүргізген шығар? – деп бір қойды. Халықтан қанша қадала сұраса да Молдақасов пен Құлшымановты жазғырарлықтай нақты деректер таба алмай қайтқан прокурор Донец ауданның бірінші хатшысы Кошевойдың атына кір келтірмеу үшін «Қызыл сарай» сайлау учаскесінде заңның бұзылуына байланысты оны негізсіз деп шешім қабылдайды. Ал, төрешілдіктің тұтқынында қалған сайлау комиссиясы мүшелерінің мүшкіл халіне, оларға өктемдік жасаған аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Н. Петрученко мен «Голубовск» совхозының партия ұйымының хатшысы В. Манинцевтің қылмыстарына терең баға бермейді.

1990 жылдың 4 қаңтарында аудандық газеттің бетінде «Голубовск» совхозындағы №60 учаскеде сайлау қорытындысының негізсіз деп табылғандығы, оған сайланушының (аты-жөні айтылмаған) кінәлі емес екендігі, осы учаскеде екінші рет сайлау өтетіндігі жөнінде хабар жарияланды. Бірақ, енді қайтадан «Қызыл сарайға» беттеуге жүрегі дауламаған Кошевой арыз жазып, қайта сайланудан бас тартады. Себебі, халық алдында беделі түскенін, оның үстіне қарсыластары да көбейіп бара жатқанын сезген. Сондықтан, аудандық Советке депутат болмай-ақ, аман-есен құтылудың өзі артық деп білсе керек. Дегенмен, ең соңында біреу жазаланбаса болмайды ғой, сондықтан, «Голубовск» совхозы партия комитетінің хатшысы

Манинцевтен бастап селолық Совет аткомының төрағасы С. Асқаровқа, сайлау комиссиясының төрағасы Т. Сатылғановқа, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Н. Петрученкоға партиялық жаза қолданылды. Сондай-ақ, аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің бөлімдеріне сайлауды дұрыс ұйымдастырмағаны үшін ескерту жасалынды. Ал, оларды отқа түсірген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы жөнінде ештеңе айтылмады. Айналып келгенде, бәріне жандайшаптары ғана кінәлі болды да, Кошевой қалтарыста қала берді. Бұл жағдай халықтың наразылығын бұрынғыдан да күшейте түсті. Көпе-көрнеу әділетсіздікке шыдай алмаған Сафқан Молдақасов ақсақал облыстық партия комитетіне, облыстық атқару комитетіне бар шындықты ашып, арыз жазады. Олар тексере келе: «Бұл аудандық сайлау комиссиясының өз ісі. Біздің араласуға құқымыз жоқ, себебі әңгіме аудандық Советке депутат сайлау жөнінде болып отыр. Сондықтан, оның ең жоғары органы – аудандық сайлау комиссиясы, солар шешсін», – дейді. Сөйтіп, сайлау комиссиясының мүшелерін кінәлап, істі жылы жауып, қайтып кетеді. Бұдан кейін республикалық Жоғары басшы органдарға арыздар түсе бастайды. Ол арыздардың бәрі облыстық партия комитетіне қайтып келеді. Бұл жерде облыстық партия комитеті ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімінің меңгерушісі И. И. Скрипко оларды шашау шығармай басып тастайды. Өйткені, аудандық Советтің депутаттығынан құлаған Кошевой арада бір апта өтісімен-ақ 12-қаңтардағы болған облыстық Совет сессиясында, өмірі совет қызметінде істеп көрмесе де, облыстық атқару комитетінің хатшылығына бірақ секірді емес пе. Енді оған кімнің тісі батады! Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ю. Мещеряковтың өзі әкеліп қойған адамның төңірегінде іс қозғау деген қалай болады? Сондықтан, аяқты аңдап басқан дұрыс.

Кошевой әлі өз дегенін талай істеп, қарапайым халықты қанқақсатпасына кім кепіл? Осыған байланысты редакцияға арыз жазған С. Молдақасовтың әңгімесіне назар салайық. Бұл

арқылы Кошевойдың өткен өмірі, адамдық қасиеті мен басшылық қызметтегі іс-әрекеттері тағы бір қырынан таныла түскендей болады.

Александр Иванович Кошевойды бұл өңірдің адамдары бала кезінен бері біледі. Қазір құрметті еңбек демалысында жүрген кейбір қариялар оның әкесімен де қызметтес болған. Сондай ауыл ақсақалдарының бірі Сафқан Молдақасов кеше ғана өзінің көз алдында өскен Александрдың бүгінде ел таныр азамат қатарына қосылғанын іштей мақтан тұтатын. Сәкең құрметті демалысқа шыққанға дейін де басшылық қызметтер атқарды. Соңғы жылдары осы Кошевойдың да қарамағында істеуге тура келген. Лауазымы жоғары болса да Александрдың әлі жастығын ескеріп, Сәкең оған ағалық, әкелік ақылын айта жүрді. Егер әлдекімдер Александр Иванович жайында жағымсыз бірдеңе десе, бұл оған онша сенбейтін, «Басшы біреу – қосшы көп, қайсының көңілін тапсын» деп ойлайтын. Сөйтсе, қатты қателесіпті. Адам аласы ішінде деген осы да. (Бұлардың арасындағы бітіспес қайшылық бір қарағанда жеке бастың қам-қарекетінен туындаған сияқты көрінуі де мүмкін. Дегенмен, әр нәрсенің астарына тереңдей ой жіберсек, кейбір оқиғаның көлеңкелі жақтары ашыла түсетіні анық). 1987 жылдың 26 ақпанында Ертіс аудандық комсомол комитетінің екінші пленумы өтіп жатқан болатын. Қайта құру, демократия деп даурығып, жариялылық деп жар салып, мінбе-ден екілене сөйлеген жастардың жылтырақ сөзін тыңдай-тыңдай мезі болған Қанат Молдақасов (Сәкеңнің ұлы) сәлден кейін өзін қоярға жер таппады. Жәй уақытта аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы В. И. Клочковтың кемшіліктерін жіпке тізіп, сыртынан сықпырта жамандап жүретін жігіттер жеме-жемге келгенде шындықты бетке айтуға дәрмендері жетпей, тайқып шығып жатыр. Төрдің төбесінен төмендегілерге төне қарап отырған Клочковтың мысы бәрін басып тастағандай. Бұдан әрі төзуді тізе бүгу деп түсінген аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі Қанат Молдақасов орнынан ширыға көтеріліп, мінбеге беттеді. Басқа уақытта бұйығылау жүретін

талдырмаш жігіттің өткір сыны маужырап отырған елді елең еткізгендей болды.

Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы В.И. Клочковтың жымысқы әрекеттерінің шектен шыққаны сондай, тіпті қарамағындағы қызметкерлердің еңбекақысынан жырымдап жеп жүргені, көпе-көрнеу ішкілікке салынғаны, жоғары жақтағы қолдаушыларына арқа сүйеп, еркінсіп кеткені, сауда орындағылармен жең ұшынан жалғасып, азғындап бара жатқаны туралы пікірлерін нақты дәлелдермен айтып өтті. Мұндай адамды орнынан алып қана қоймай, партия қатарынан шығаруды, ісін сотқа беруді талап етті. Біреулер Қанаттың бұл сөзіне риза болса, енді біреулер: «Мына бала өлетін жерін білмейтін ақымақ екен ғой. Клочковты қолдайтын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Кошевойдың өзі емес пе! Бұл соның адамы. Ал Кошевойды қолдайтындар... Ол жағын айта көрме. Бұларға бәрібір ештеңе істей алмайсың» – деп көріп-келдік танытып жатқандары да табылды.

Шынымен-ақ, «көріпкелдер» қателеспепті. Осы оқиғадан кейін-ақ Қанаттың соңына шырақ алып түсушілер көбейді. Басқан ізін аңдып, мүлт кеткенін бетіне басып, жас жігіттің сағын сындырғысы келгендер небір айла-шарғыларға барды. Жиналысқа шақырып, бірнеше рет сөгіс жариялады, көпшіліктің алдына тұрғызып қойып көзге шұқыды. Бірақ, Қанат бұған мойымады. Алған бетінен қайтпады. Басқа амалы таусылған Клочков енді оның ең жанды жерінен ұстауға бекінді де, қиыннан қиыстырып әкеліп «ұлтшыл» деген айдар тақты. Оны 1986 жылғы Алматыдағы «желтоқсан оқиғасымен» байланыстырды. Клочковты жақтаушылар бас көтеріп шыға келісті. Өмірде мұндай қиянатты көрмеген жас жігіт еріксіз жоғары жақтан көмек сұрады, арыз жазды. Бірақ, жазғандарының бәрі айналып алдымен облыстық партия комитетінің ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімінің меңгерушісі И. И. Скрипкоға, одан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына келіп түсті де, жабулы қазан жабулы күйінде қала берді. Қанатқа енді «арызқой» деген атақ

тағылды. адам жаны темірден жаралмаған, жас жігіт өмірден түңіле бастады, Мұны байқап қалған әкесі Сафқан Молдақасов еріксіз іске араласуға мәжбүр болды. Алдымен адамгершілік жолымен Александр Ивановичке (Кошевойға) келді. Жағдайды түсіндірді. «Саша сен де кеше осындай бала едің ғой. Ініңнің бір әбестігін кешіре сал, қайтесің. Сөйтіп ірілік таныт, ел басшысына қашанда ірілік жарасқан» деді. Бірақ, Кошевой Қанатты қудалауды тоқтатқан жоқ. Дәлірек айтсақ, Ключовка қой демеді. Қайта оның қолтығына су бүрке түсті. Әділетсіздік жүрген жерде қарсылық туындайтыны – өмір заңы. Мына бейбастақтық Сәкенді де еріксіз қолына қалам алғызды. Павлодар облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы П. И. Ерпиловтың алдына екі рет баруына тура келді. Одан республика басшыларының атына арыз жазды.

Ақыры аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы В.И. Ключовтың үстінен қылмысты іс қозғалады да, жұмысынан алынады. Бірақ, жолдасын жауға тастап көрмеген Кошевой осы кезде араға түседі. Ол өзінің қызмет бабын пайдаланып Ключовты судан таза, сүттен ақ күйінде басқа жұмысқа, автотранспорт мекемесіне прораб етіп ауыстырып жібереді. Облыстық прокуратура мен ОБХСС қызметкерлері біраз «із шолып», Ключовтың соңына түскен сыңай танытады да, айғай-шу басыла бере үндерін өшіре қояды. Кейін Ключов бұл жерде де оңбады. Маскүнемдікке салынды, «ішіп-жеді». Сөйтіп, жұмыстан шығарылып еді, қолдаушылары оны одан да «жылы, жұмсақтау» жерге, элеваторға қызметке жіберді. Ал айдарынан жел есіп, асығы алшысынан түсіп үйренген Кошевой жалғанды жалпағынан басып, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып жүріп жатқан. Тек мынау заман талабының күннен-күнге күшейіп бара жатқаны ептеп көңіліне кірбің түсіретіні болмаса...

Сайлаушы Сайын Қабіленовтің айтқан мына сөзі Кошевой жолдастың қандай адам екенін толығырақ аша түсетіндей.

– Кандидаттармен кездесуде мен: «Депутат – халық өкілі. Ол екі тілді қатар білуі керек» деп едім. Мұным бірінші

хатшымыз Кошевойдың шамына тиіп қалды. Ол «Депутат екі тілді бірдей білуге тіпті де міндетті емес. Егер әркімнің ана тілі жөнінде әңгіме қозғасақ, ол тереңге кетеді» деп өзімді қорқыта бастады.

Ал, сайлаушы Болат Қожахметов:

– Жергілікті Советке кандидаттар ұсынылғанда жиналысқа небәрі 25-30 адам келді. Басшылар ауыл тұрғындарының пікірлерімен санаспай, өз дегендерін ұсынды. Мен Кошевойға қарсы болдым. Себебі, ол он жыл ауданды басқарғанда біздің ауылға өте сирек келді. Жасаған жақсылығы да шамалы, – деп күйінгендей кейіп танытты.

Расында да, А. И. Кошевой өзі он жыл бойы басқарған ауданда «Қызыл сарай» деген бөлімшенің бар екенін сайлау қарсаңында ғана естіген сыңайлы. Бізбен әңгімесінде «Қызыл сарайды» қайта-қайта жаңылысып айта алмай «Қызыл-Агач» дей бергеніне қарап, Б.Қожахметовтің сөзінде шындық жатқанын байқағандай болдық. Ең соңында бүгінде Павлодар облыстық атқару комитетінің хатшылық қызметінде отырған А.И. Кошевоймен тілдескен кездегі әңгімеміз мынадай болды:

– Александр Иванович, аудандық газеттегі хабарда «Голубовск» сайлау учаскесінде екінші рет сайлау өткізіледі делініпті. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, тағы да бір рет бағыңызды сынап көрмедіңіз бе?– деген сауалымызға ол:

– Оған облыстық атқару комитеті шақырып әкетті ғой. Біз партия қайда жұмсаса, сонда баратын адамдармыз. Дегенмен, сәл асығыстау жасаппын. Өзімнен де біраз қателік өтті. Аудан көлемінде сайлауды дұрыс ұйымдастыра алмадым. Оны мойындаймын. Сосын, екінші рет қайтадан сайлауға түсіп көруім керек еді. Бірақ, есіңізге мықтап сақтаңыз, мен сайлау кезінде ешкімге қысым жасаған жоқпын,– деп шыршақтанды.

Рас, А. И. Кошевой сырттай қарағанда ешкімге қысым жасамаған сияқты. Тек, «Қызыл сарай» учаскелік сайлау комиссиясының мүшелерінің аңғалдығы мен аңғырттығын ұтымды пайдалана білгені ғана. Біріншіден, сайлау комиссиясының

мүшелері ауданнан келген уәкілдің алдында жалтақтап, протоколға ақтай қол қойды. Сөйтіп, сайлау заңын бұзғандарын өздері де білмей қалды. Екіншіден, сайлау қорытындысы салынған Кошевойдың құжаттарын мөрлеуді, қолданылмаған артық бюллетеньдерді сайлау қорытындысы шықпай тұрып жойдыруды үзілді-кесілді талап ете алмады. Үшіншіден, сайлаушылар тізімінде жоқ үш адамның фамилиясын Манинцевке аңғалдықпен өздері айтып қойды.

Міне, халқымыздың осындай қанына сіңген сенгіштігі мен аңғырттығын орнымен пайдаланған Кошевой «Қызыл сарай» бөлімшесін о баста бекер таңдамаған екен. Бірақ, өкінішке орай, үміті ақталмады. Сөйтсе де, қазіргі шыққан биігі көңілге көп демеу. Заңды белінен басып, адамгершілігіне көлеңке түсіріп алғанына онша қынжылмайды. «Бәрі өтті-кетті, ұмытылды. Енді оны қайта қозғаудың не шарасы бар» деп өзімізге өкпе артады. Әділдік іздеп шарқ ұрып жүрген С. Молдақасов, Т.Құлшымановтың ісіне мұрнын шүйіре қарайтын сияқты. Сөз арасында:

– Өздерімен жолыққан шығарсыз, – дейді, ол бір сәт күдіктене жауап күтіп. Біз жолыққанымызды жасырмадық.

– Не айтты? – деп сыр тартқысы келеді.

– Бәрін де, – дедік біз. А. И. Кошевой жеңіл күрсініп төмен қарады. Біз де іштей ауыр күрсініп қалып едік. Себебі, соңғы күні республикалық газеттің тілшісімен тағы да бір тілдесіп, ішкі сырын ақтарғысы келді ме екен кім білсін, аудан орталығында тұратын Сафқан ақсақал жеңіл машинасымен кешкісін «Голубовск» совхозына жүріп кетеді. Біз ол кезде аудан орталығына қайтып кеткенбіз. Іле-шала қайта ауданға қайтқан Сәкең «жолда келе жатып апатқа ұшырады» деген хабарды естігенде көңіліміз қатты бұзылған. Ертеңінде ертемен облыс орталығына қайтарда асығыстау болсақ та Сәкеңнің ұлы Қанат Молдақасовқа жолығып, жөн сұрадық.

– Папам ауруханада тілсіз жатыр. Тек сізге мына бір қағаздарды тапсыруымды өтіп еді, – деп ол бірнеше парақтарды ұсына берді.

— Өзім қазір «Голубовск» совхозының кәсіподақ комитетінде істеп жатырмын,— деді ол.

— Кеше неге келіп жолықпадың, кеңірек әңгімелесер едік қой? — деген сұрағыма ол жауап бермеді. Оның жүзіне қарағанымда көзінде мөлт-мөлт етіп тұрған жасты көрдім. Жігері жасыған, жүйкесі жұқарған жас жігітті одан әрі сөзге тарту ыңғайсыз еді. Ал, мына Кошевой жолдас болса әкелі-балалы Молдақасовтарды жамандап қойып, шалқайып отыр. Бұдан әрі сөзіміз сабақтаспады. Асығыс қоштасып, есікке беттедім. Арды да, заңды да аяққа таптап үйренген мұндай адамнан не сұрауға болады? Бұған жауапты Павлодар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, әрі облыстық Советтің төрағасы Ю. Мещеряков жолдастан күтейік.

**«Халық кеңесі» газеті,
20-26 қыркүйек, 1990 жыл.**

СОТ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСПЕЙДІ, ҮКІМ ШЫҒАРАДЫ

(Алматы қалалық сотының төрағасы Серік Байбатыр-овпен сұхбат)

– Серік Кәтенұлы, бұдан төрт жыл бұрын Талдықорған облыстық сотының төрағасы болып тұрған жеріңізден Алматы қалалық соттың төрағалығына ауыстыңыз. Мұндағы жұмысыңыздың бұрынғыға қарағанда айырмашылықтары көп пе?

– Алпысыншы жылдардың аяғында Алматы қаласы халқының саны миллионнан асқан болатын. Соның салдарынан сол кездегі қаланың 5 аудандық соты қараған істерінің саны Алматы облысындағы барлық аудандық соттардың қараған істерінен асып түсіпті. Осы жағдайлар ескеріле келе, 1969 жылдың 22 шілдесінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының қаулысы бойынша облыстық сот дәрежесіндегі Алматы қалалық соты құрылды. Оған да, міне, 30 жыл толып отыр.

Ал, енді жұмыс жайына келсек, Алматы қалалық сотын бір кездегі Талдықорған облыстық сотымен салыстыруға мүлде келмейді. Біріншіден, мұнда келіп түскен істердің санына байланысты. Егер бүкіл республикадағы облыстық соттар 10 істің 9-ын қараса, соның біреуі Алматы қалалық сотының үлесіне тиеді екен.

Екіншіден, қылмыстың ең жаңа түрі осы Алматыдан бастау алады. Сондықтан, ауыр қылмыстарды қарау әдісі мен бағыты да осы жерден басталады.

Үшіншіден, Алматы қалалық сотының аппараты да үлкен. Мен Талдықорғанда істеп жүргенде облыстық сотта 20 шақты судья болды. Ал, бұл жерде 60-тан астам судья қызмет етеді. Үш есе көп.

Төртіншіден, Алматыда миллионнан астам халық тұрады.

Бесіншіден, сол миллионнан астам адам қай күні, қай сағатта қалалық сотқа келіп шағым айтамын десе, мүмкіндіктері мол. Облыстағы жағдай басқаша. Аудандар мен ауылдарда тұратын адамдардың бәрінің аяғы облыс орталығына жете бермейді. Сондықтан, онда келушілер де аз. Біз екі жетіде бір рет тұрғындардың арыз-шағымы бойынша қабылдаулар өткіземіз. Сол кезде бір күнде 60-70 адаммен жеке-жеке әңгімелесуге тура келеді. Сондай-ақ, республикадағы ең күрделі істер Алматыда қаралады. Мәселен, Мильграмның өліміне байланысты істерді, тіпті Жамбыл облысын шулатқан Ақбаев дегеннің істерін де біздің қарауымызға тура келді. Осы жарты жылдықта үш адамды өлім жазасына кесу жайында үкім шығардық. Ол шешім күшіне еніп те кетті. Бандылар тобы, кісі өліміне байланысты басқа да күрделі істердің бәрі осы Алматы қаласында. Облыстық соттардан айырмашылығымыз осы ма деп ойлаймын.

– Республикамызда сот реформасы басталғалы бері де біршама уақыт өтті. Сот жүйесінде де өзгерістер болды. Осы жағына тоқталсаңыз.

– Сот реформасын бастап кеттік деп жатырмыз ғой. Дегенмен, реформаның жөні осы екен деп, ескінің бәрін орынсыз жаңалау да дұрыс емес көрінеді. Кейде қарап отырып, бұрынғы заңдардың өзіне зар болғандайсың. Мәселен, бұрындары судьяларды бес жылға сайлайтынбыз да, егер олар осы аралықта көзге түсетіндей кемшіліктер жасамаса, орындарында қалдырылатын немесе басқа жаққа ауыстырылатын. Қазір 1995 жылғы желтоқсанда қабылданған сот туралы заң байынша соттар енді тұрақты судьялардан тұратын болды. Бірақ, осы тұрақтылық бүгінде тұрақсыздыққа әкеп соқтырғанын ашық айтқанымыз жөн. Неге десеңіз, бұрындары судьяларды топ-тобымен бірден жұмыстан шығарып, топ-тобымен бірден жұмысқа алу деген кездеспеуші еді. Тіпті, былтыр Жоғары соттың өзінен алты судья бір күнде жұмыстан шығарылыпты. Мұндай жағдай тарихта болған емес. Мен Жоғары сот кеңесінің мүшесімін. Әрбір жиналыста бірнеше судьяны жұмыстан алу жөнінде ұсыныстар жасалып

жатады. Ал, олар заңсыз жұмыстан шығарылдым деп ешқайда шағымдана алмайды. Өйткені, соттарды жұмыстан алып, тағайындайтын Президент. Ата заң бойынша Президент Жарлығы сотта қаралмайды, қайта өзгертуге жатпайды. Сондықтан, Жарлыққа дейін жеті рет өлшеп, бір рет кесу керек сияқты.

– **Осы пікіріңізді нақтылай түссеңіз. Себебі, «Қазақтан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» заң бойынша, егер судья атқаратын қызметіне сәйкес келмеген жағдайда немесе лауазымымен сыйыспайтын қызметпен айналысса, Жоғары сот кеңесінің немесе Әділет біліктілік алқасының қорытындысы бойынша жұмыстан алу жөнінде Президентке ұсыныс жасамаушы ма еді?**

– Дұрыс айтасыз. Мәселен, біздер Жоғары сот кеңесінде іс қарап, жұмысында кемшілік жіберген судьяға әкімшілік шара қолдану жөнінде шешім қабылдауымыз мүмкін. Бірақ, Әділет министрлігіндегілер оны қостамай, жұмыстан шығару туралы бірден Президентке ұсыныс жасай алады және солардың айтқаны болады да.

– **Ал, сонда нашар судьялар қайдан шығады деген сұрақ туатыны да заңды ғой.**

– Бұрын судьяны жұмысқа аларда облыстық соттың төрағасы, басқарма бастықтары олармен жеке-жеке сөйлесіп, біліктілік деңгейін, адами өресін байқап көретін. Қазір бір орталықтан басқарылатын компьютерлік жүйемен судьялар емтихан тапсырады да, одан өтсе, «мен судьямын» деп келіп тұрады. Жоғарыдан түскен нұсқау бойынша біз оны жұмысқа алуға мәжбүрміз. Алайда, олардың кім екенін нақты білмейміз. Кейін білімі төмен, сапасыз жұмыс істейтіндер де, қызмет бабын теріс пайдаланатындар да солардан шығады. Соттардың тәуелсіздігіне қол жеткіземіз деп жүріп, кейінгі жылдары осындай берекесіздікке жол беріп алдық. Мысалы, бізде жұмыс істей алмай кеткен Күлбаева, Байгесиев, Бастемеев, Блок дегендер осы компьютерлік жүйе бойынша жұмысқа алынғандар. Одан басқалар да толып жатыр. Бұрыннан істеп жүргендердің

ешқайсысы өздерін нашар жағынан көрсеткен жоқ. Байгесиев деген бұған дейін жұмыстан қуылған екен. Мына компьютерлік емтиханның арқасында қайтадан жұмысқа алыныпты. Тұрақты судьялар жасаймыз деп жүріп тұрақсыздыққа ұрынғанымыздың бір көрінісі осы.

– Бұған жол бермеудің қандай амалы бар? Судьяларды компьютер арқылы емтихан тапсыртып барып жұмысқа алу әдісін жою керек шығар?

– Компьютермен білімін сынағанды теріс дей алмаймын. Қазір Алматыда компьютер сынағынан өткен 300-ге жуық адам бар деп естимін. Соларды енді жұмысқа аларда бұрынғыдай жан-жақты тексеріп, тандап алу құқығын өзімізге тапсырса жетіп жатыр емес пе. Сонда жұмысқа қабылданған әрбір судья үшін өзіміз жауап береміз. Ал, бүгінгі жағдайда олар үшін біз жауап бермейміз. Өйткені жұмысқа қабылдаған біз емес. Соның салдарынан жауапкершілік азайды. Компьютерден өтіп, жоғарғы жақтың нұсқауымен келген судьялар уақытша келген адам сияқты жұмыс жасайтынын несіне жасырамыз.

– Сот туралы заң қайта қаралғалы жатқаны белгілі. Одан қандай өзгерістер күтесіз?

– Иә, ол заң қайта қаралғалы жатыр. Онда судьяларды 3 жыл сайын аттестациядан өткізіп отыру мәселесі көтерілуде. Соттар съезінде оған біздер қарсы екенімізді білдіріп, арнайы қаулы қабылдап, Президентке, Парламентке, Жоғарғы сотқа, Әділет министрлігіне, тағы басқа орындарға жібердік. Себебі, Ата заңда «соттар тұрақты судьялардан тұрады» деп көрсетеміз де, үш жылдан кейін оларды тағы да дүрліктіріп сынақтан өткіземіз. Компьютерден ебін тауып өтіп кеткен судьялар тамыр-таныстарын жағалап жүріп бұл сынақтан да өтіп кететіні сөзсіз. Құдайға шүкір, Парламент депутаттары біздің пікірімізді ескеріп, заңды мұқият қараса керек, кері қайтарып жіберіпті.

– Елімізде қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бе-лең алды. Бұл істе соттардың үлесі, соның ішінде Алматы қалалық сотының үлесі қандай деуге болады?

– Соттар қылмыспен күреспейді, тек әділ үкім шығарады. Егер, біз қылмыспен күресетін болсақ, онда 1937 жылғы оқиғалар қайталанатыны анық.

Мәселен, сыбайлас жемқорлықпен айналысқан деген айыппен бізге іс келіп түсті дейік. Біздің міндетіміз тек заң тұрғысында оның ақ-қарасын айыру болып табылады. Сосын әділ үкім шығару. Ал, сыбайлас жемқорлықпен күресетін арнайы органдар бар. Бұл жөнінде солардан сұраған дұрыс. Олар – прокуратура, полициялар, кеденшілер, салықшылар, тағы басқалар. Сот қылмыспен күресіп кетсе, істің анық-қанығын кім анықтайды? Сондықтан, соттар ешқашан қылмыспен күреспеуі керек деп ойлаймын. Күрес деген сөз – жеңу деген сөз. Сот алдына келген адамды қалай да жеңуге тырысақ, оның соңы немен тынары белгілі ғой. Сондықтан, сот тек заңға бағынады, басқа ешкімге емес.

– **Серік Кәтенұлы, кейбір судьялар Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 303 және 530-баптарына көңілдері толмайтындығын айтып жүр. Осы жөнінде де пікіріңізді білгім келіп еді.**

– 303-бап – бұл қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтаруға байланысты бап қой. Сотта қаралған істердің кем дегенде 3-5 процентінен ақау шығып жатады. Алматы қаласы бойынша қаралған істердің 95 проценті бойынша әділ үкім шығады екен. Егер, жасалынған қылмыстар 95 процентке ашылып, сол істер түгелдей сотқа келіп түсіп жатса, қылмыс дегеніміз жоққа тән болар еді. Өкінішке орай, жасалынған қылмыстардың бәрі бірдей сотқа жетпейді. Мысалы, былтырғы жылы Алматы қаласы бойынша 20 мыңнан астам қылмыс жасалынса, оның бес жарым мыңы ғана сотқа келіп түсті. Сонда қалғандары қайда кетті? Тергеушілер қылмысты дәлелдей алмайды немесе әдейі жауып тастайды деген пікір еріксіз осындайда туындайды. Олар неге біз сияқты өз жұмыстарын 95 процентке орындамасқа. Сондай-ақ, бізге келіп түскен істердің көбісі шикі болып шығады. Толық дәлелденбеген қылмысқа қалай үкім шығарарсың.

Жоғарыда айтқан 303-бап бойынша судьялар шала тергелген істің қалғанын өздері тергеп бітіруге тиіс екен. Қайта тергеуге тек үш-ақ жағдайда – егер, ол қаралатын іспен байланысты болса немесе басқа адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін негіз болса, іс дұрыс біріктірілмеген немесе бөлінбеген болса, айыптау актісінде көрсетілген айыптауды одан ауырлауына өзгерту қажет болған жағдайларда істі қосымша тергеуге жолдауға қақымыз бар. Қалған уақытта қайта тергеуге жібере алмаймыз. Жаңа ғана айттым, судьялар қылмыспен күреспеуі керек деп. Ал, мына жаңа кодекс бізді қылмыспен күресуге мәжбүрлейді. Міне, осыған ешкім көңіл бөлмей жүр.

Сондай-ақ, 530-баптын да машақаты жетерлік. Мұнда шет мемлекетінде ұсталған біздің қылмыскер өзге қылмысы үшін жауапқа тартылмайтындығы айтылған. Бұл не деген сөз? Мысалы, бізде мынадай бір қылмыстық іс қаралып жатыр. Қылмыскер Алматыда бір кісіні өлтірген. Ол ең соңында Ресейде қолға түсті. Оны біз Ресей бас прокуратурасының рұқсатымен мұнда алып келіп, алғашқы қылмысы туралы істі қарап жатқанда соңғы қылмыстары ашылды. Бірақ, жоғарыдағы заң бойынша біз оны ашылған қылмыстары үшін соттай алмаймыз. Ол үшін тағы да Ресейден рұқсат алуымыз керек. Себебі, біз қылмыскерді олардан аларда бір адам өлтірген деп көрсеткенбіз. Енді тағы төрт адам өлтіріпті, ол істі қарауға рұқсат етіңіздер деп оларға хат жазамыз. Рұқсат етсе жақсы, етпесе соңғы жасаған қылмыстарынан қылмыскер босатылады. Осы дұрыс па? Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексін қайта қарамаса болмайды. Мана мен сөз басында ескі заңдарымызды сағындық дегенді осыған байланысты айтқан едім.

– Сіз бұдан төрт жыл бұрын соттың ұйымдастыру ісіне атқарушы билік, яғни Әділет министрлігінің араласуын құптаған едіңіз. Ол жайында тағы да әңгіме көтерілуде. Қазіргі пікіріңіз қандай?

– Уақыт өткен сайын көзқарас та өзгереді екен. Қазіргі пікірім басқашалау. Әділет министрлігі ол кезде соттарды

жұмысқа қою мәселесімен айналысатын еді, бүгін оларды орнынан алу мәселесімен де айналысатын болды. Бұл дұрыс емес. Қазір сот департаментін құру жөнінде мәселе көтерілуде. Ұйымдастыру ісімен солар айналысуы керек дейді. Осы жерде ойланатын жағдай бар. Біздегі Жоғарғы сот осы департаментті өзіне бағындырғысы келеді. Ресейде солай екен. Ал, Қырғызстанда мұндай департамент тікелей Президентке бағынатын көрінеді. Меніңше, соңғысы дұрыс. Себебі, соттарды тағайындау, орнынан алу жөніндегі соңғы құжатқа қол қоятын – Президент. Енді біреулер бұл департаментті сот кеңесіне бағындырған дұрыс дейді. Сот кеңесі Президенттің жанындағы кеңесші құрылым ғана. Оның шешімін Президент қабылдауы да, қабылдамауы да мүмкін. Сот ісі қатаң ресмилікті қажет ететін болғандықтан, оны мықты қолға берген жөн ғой деп ойлаймын. Бірақ, бұл әлі атылмаған аюдың терісіне таласқанмен бірдей болып тұр.

«Егемен Қазақстан» газеті,
22 шілде, 1999 жыл.

ЖУРНАЛИСТТІ СОТҚА БЕРУ әрекеттерінің астарында не жатыр?

Баспасөз бетінде сыни мақала жарық көрсе болды, сыналұшы адам бірден сотқа арыз-шағым түсіруді кейінгі кезде әдетке айналдырып алды. Ондағы алға тартатын басты себептері – ар-ожданы мен қадір қасиеттеріне кір келіп қалыпты-мыс.

Иә, жаңа қабылданған Конституцияда да, бұрынғы Конституцияларда да адамның жеке басына, оның ар-ожданы мен қадір қасиетіне ешкімнің қол сұғуға қақысы жоқ екендігі және заңмен қорғалатындығы баса көрсетілген.

Жалғанда арыңа дақ түсірмей, мынау өмірде аяғыңды нық басып, досыңның да, дұшпаныңның да көзіне тура қарап өткенге не жетсін! Бұл – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ал өтірік айтсаң, қылмыс жасасаң, жазықсыз жандардың көз жасына қалсаң, арам пиғылмен күн көруге тырыссаң, ол ісің әшкереленіп жатса, оған өзіңнен басқа кім кінәлі?

Періште болып туған ешкім жоқ. Мына өмірдегі жақсылық пен жаманшылықтың бәрі адамның қолымен жасалады. Егер пендешілікке бой алдырып, жаңсақ бассаң, ол үшін өкініп, арыңның алдында тазарғың келсе, бұл әрине, адамдығыңның белгісі. Өкініштісі сол, соңғы жылдары осы ар-ождан деген қасиетті ұғымды бет-перде тұтып, оны есе қайырудың құралына айналдыра бастағандар қатары азаймай тұр. Шындап келгенде газетте жарық көрген сыни мақалалардың байыбына бармай жатып, айыппұл «өндіріп берулеріңізді сұраймын», деп сотқа шағым жазатындардың мақсатын түсіну тіпті де қиын емес.

Сыни мақаланың байыбына бару деген не сөз? Алдымен соның басын ашып алайық. Әдетте, редакцияға арыз-шағым келіп түседі. Редакция «Баспасөз және бұқаралық хабарлама құралдары туралы» Заң негізінде оны тиісті орындарға тексеруге

жібереді. Тиісті орындардан ресми жауаптар келсе, көпшілікке хабардар етеді.

Ал, ресми орындар газет сынына құлақ аспаса, жауап бермесе ше? Жасыратыны жоқ, кейінгі кезде бұл әдетке айналды. Демократиямен мен жариялылықты, пікір алуандылығын желеу етіп «кім не жазбайды?» деген немқұрайылыққа бүгінде көпшілік бой алдырған. Осы немқұрайылықтың салдарынан талай шындықтың беті ашылмай, журналист көтерген әлеуметтік мәселелердің маңызы көмескіленіп, соңында журналистің өзін әуре сарсаңға салу әрекеттері басталады. Бұл жариялылықтың жаршысы, халықтың айнасы болып табылатын баспасөздің тілін кесудің, аяғына тұсау салудың бірден-бір амалы ма деп те қаламыз.

Баспасөз, жалпы бұқаралық ақпарат құралдары шешім шығарып, шара қолданатан әкімшілік орны да, немесе біреуді қамауға алып тергейтін, сосын үкім шығаратын заң орындары да емес. Алайда, осылардың ешқайсысынан әділдік таба алмаған адамдар басқа барар жері, басар тауы қалмаған соң, соңғы үмітін арқалап редакцияға арыз-шағым жазады, құшақ-құшақ құжаттарды алға тартады. Мұндайда журналист қандай бағыт ұстануы керек?

Журналист жағдаймен толық танысқаннан кейін, оған өз көзқарасын білдіреді. Мақала тиісті орындарға тексерілуге жіберіледі. Тексеруге жіберудегі мақсат не? Мақсат – дұрыс шешімін таппаған мәселеге тиісті орындардың қайта назарын аудару, тексерілмей жатқан іс болса, оған қозғау салу, заң бұзылса, қара қылды қақ жара отырып, әділдігін айтуға, айтқызуға тырысу екені түсінікті. Журналистердің осындай әрекеттерінің арқасында жазықсыз жала жабылғандар мен жапа шеккендердің талайы ақталып, жемқорлар мен алпауыттар заң алдында жауап беруге мәжбүр болғанын көзі қарақты оқырман жақсы білуге тиіс. Ол, әрине бөлек әңгіме.

Ал енді журналисті сотқа тартқызып, ар-ождан деген қасетті ұғымды бет-перде тұту арқылы өзін ақтауға

тырысушылардың пиғылы не екенін осы уақытқа дейін аңғара алдық па? Жоқ. Өзімнің азды-көпті тәжірибеме сүйене отырып, оларды мынадай бірнеше топқа бөліп қарастырғанды жөн көрдім.

Бірінші – газетте жарық көрген сын мақалаға ешқандай жауап қайтармай, тым-тырыс жатып алып, арада жылдар өткеннен кейін «ар-ожданы» аяқ астынан ояна кететіндер. Бұл уақыт ішінде шулы мәселенің ізі суып, сол кездегі кінәлілер мен куәлар басқа жаққа ауысып, құжаттардың өңі айналып шыға келуі әбден мүмкін. Мұндайда айыптың жүгі жеңілдейді, оны қайта дәлелдеу де қиындай түседі. Дәлелденбегеннен кейін, сыналған адамға баспасөз бетінде жазықсыз жала жабылғандай әсер етеді.

Соңында бұрынғы жазған мақаласы үшін журналисті қудалау әрекеттері басталады. Ар-ожданны «қымбат» адам енді өзіне моральдік зиянның құнын даулап, сотқа жүгінеді. Заң бойынша айыппұл мөлшерін сот белгілейді. Бірақ, журналисті алдын ала ықтарып алу үшін, ондаған миллион теңгенің көлемінде моральдық шығын өндіріп беруді арыз берушінің өзі талап ететін болып жүр. Ақшаның құнсыздануын да қатаң есепке алады. Сөйтіп «кең қапшығын» дайындап қойғанын да ескертуден ұялмайды.

Екінші – лауазымы жоғары, құрығы ұзындау, қалтасы қалыңдау, «тамырын» тереңге жайған «мықтылар» алдымен газет дабылы бойынша қозғалған істің «тігісін жатқызып» алады да, сонан соң ар-ождан үшін айқасқа шығады. Себебі, оның «ар-ожданы» өте жоғары бағамен өлшенеді. Одан түскен «олжаның» өзімен-ақ кішігірім бір кәсіпорынды сатып алуға болады. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дегендей, тегіннен-тегін келіп жатқан ақшаның жолын кім бөгесін. Мұндайда тексерушілердің өзі «ар-ожданы» қымбат адаммен ауыз жаласып, қарсы жақты қолдап кететіндерін де көріп жүрміз.

Үшінші – өзінің кемшілігі мен жасаған қылмысының дәлелденгені, дәлелденбегеніне қарамастан журналистің әр сөзінің астарынан ар-ожданға қатысты мағына іздеп, алдын-ала

байбалам салушылар, сотқа арыз түсірушілер. Олар да журналисті ықтырудың басты құралы – айыппұл мөлшерін неғұрлым көбірек талап ету деп біледі.

Төртінші – «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп арызды жан-жаққа қарша борататындар. Олар редакция өкілдерімен осы істі қарауға тиісті судьяның үстінен де шағымдана салады. Ақырында, қисынға келмей тұрса да талап-арызын соттың іс-қарау өндірісіне қабылдаттырып, істің қаралуына қол жеткізеді.

Бесінші – шын мәнінде өзінің ар-ожданын қорғаушылар, әділдік іздеушілер. Егер, редакция тарапынан ағат кеткен тұстар болса, істі сотқа бермей-ақ, журналист өз қатесін мойындауға даяр екенін қалың оқырман жақсы білуге тиіс. Заң талабы да сондай. «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Қалам ұстағанның бәрі не періште, не көріпкелдігі бар әулие емес.

Алайда, кейінгі кезде аға газет «Егемен Қазақстанның» бетінде жарық көрген сыни мақалаларды жөн-жосықсыз «теріске шығаруға» күш салушылар көбейіп бара жатқанын несіне жасырамыз. Дәл қазіргі сәтте осы редакция алты-жеті адаммен қатар соттасуда. Олардың әр қайсысы редакциядан орта есеппен 6-8 миллионнан астам айыппұл талап етіп отыр. Бәрін қосқанда ұзын саны 50-60 миллион теңге болып шыға келеді екен. Сөйтіп, «ар-ождан» мәселесін кейбіреулер күн көріс құралына айналдырмақшы. Жалғыз «Егемен Қазақстан» ғана емес, мемлекеттік бюджетте отырған редакцияларды тырп еткізбей «тізгіндеп» ұстап отырудың аса оңтайлы, тиімді әдісі әлдекімдер үшін әзірге осы сияқты.

Баспасөз өкілдерін кез-келген арызданушының алдында жығып беріп қарап отырсақ, әлеуметтік әділеттік жайында сөз қозғаудың өзі болашақта қиынға түсері ақиқат. Бұған жол бермес үшін алдымен «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңды қайта қарау керек-ақ. Бұл заңда газет бетінде жазылған, радиодан айтылған, теледидар арқылы әшкере болған қылмыстар мен келеңсіз жәйттерге тиісті мекемелер міндетті түрде жауап қайтаруы және қажетті

материалдармен журналистерді кедергісіз, әрі толық таныстыруға міндетті екендіктері баса көрсетілуі ләзім. Қазіргі қолданылып жүрген заңдағыдай журналистің «сөйтуге, бүйтуге қақысы бар» деп күлбілтелендірудің түкке қажеті жоқ. Сот залынан репортаж беруге тиісті журналистке дыбыс жазу құралдарын пайдалануға рұқсат бермеген судьяны да өз көзімізбен көргенбіз. Әділ заңның өкілі заң білмесе, не заңға бағынғысы келмесе басқадан не сұрайсың? Бұдан кейін журналист тек қаламымен алдындағы ақ қағазға ғана жүгінуге тура келеді. Бірақ, сол қаламның ұшын қайыруға тырысушылар жан-жақтан «қылыштарын» жалаңдатып шыға келетіні тағы бар. Олар әділдік үшін айқасқа шығып жатса, кәнеки. Тек, осының астарында үлкен былық-шылықтар жатпаса игі деген күдік көңілге еріксіз ұялайды.

Таяуда «Горизонт» газеті әлеуметтік сауалнама жүргізіп, құқық қорғау органдарына жұртшылықтың қаншалықты сеніммен қарайтындықтарын анықтады. Сонда прокуратураға – 30 процент, сотқа – 41 процент, милицияға – 3 процент қана жұртшылық сенім білдіретіні белгілі болды. Ал, Президент «Заңдылықты баянды ету – жалпы мемлекеттік іс» атты таяуда жасаған баяндамасында соңғы жарты жылдың ішінде 3203 милиция қызметкерлері өрескел заң бұзғаны үшін жазаланғанын, оның ішінде 253 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын айта келіп: «Оларды әшкерелеп, ашық сот процестерін ұйымдастыру керек. Сөйтіп, халық мұндай сұмдыққа қарсы күрестің тұрақты жүргізілетінін білетін болсын» деген еді.

Егер, баспасөзді қайдағы бір күдікті адамдардың «ар-ожданына» бола бұғаулап ұстасақ, халық нені біледі. Ендеше, жариялылықтың жөні осы екен деп сыни мақалалар мен хабарларға көз жұмып қарау – қылмыспен тең. «Өткеннің бәрі сорақы емес, оның жақсы жақтарын да ала білейік» деп жүрміз ғой. Сол алуға тұрарлық жақсы жақтың бірі – ресми басылымдардың үніне құлақ түріп, ондағы сыннан дереу нәтиже шығаратын бұрынғы партиялық әдісті қайта жаңғыртсақ, бізді коммунист болып кеттің деп ешкім жазғыра қоймас.

Баспасөз – мемлекеттік іс. 1917 жылғы революцияның атасы: «Ұшқыннан жалын лаулата» жүріп, дүниені төңкергенін де ұмытпайық. Бұл да өткеннің сабағы және баспасөздің анау-мынау қарулы күштерден де жоғары тұрғанын айғақтайды. Олай болса, журналистерді көрінген көк аттының дауына беріп қоймай, «Баспасөз туралы» заңға шұғыл түрде өзгерістер енгізу жағын қарастырғанымыз жөн. Онсыз журналистер ашық сотқа шыға алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп берді. «Сот» деген сөздің бұл жерде бірнеше, әрі дұрыс мағынасы бар екенін ескерте кетейік.

Егер, қажет десеңіздер «ар-ожданы» күштілердің аты жөндерін атап кетуге болар еді. Бірақ, олардың «сот іс қарағалы жатқанда баспасөз арқылы қысым жасады» деп екінші арыз жазылуына себепкер боламыз ба деп отырған жайымыз бар. Алайда, «құмырсқадан қорыққан егін екпейді» дегендей, бұған қарап, біз енді сыни мақала жазбайды екен деп түсініп қалмаңыздар. Бұл әзірге басы ғана.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
29-қыркүйек, 1995 жыл.**

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ – ЖЕКЕ ШЕШУ ЕМЕС екенін біле тұра заңсыздыққа жол бермейік

Қазіргі нарықтық экономика кезінде жекешелендіру саясаты жедел түрде жүзеге асуда. Ол туралы шыққан заңдар мен Үкімет бағдарламасына қарасаңыз, көңілге күдік келтіретіндей ештеңе таба алмайсыз. Ендеше, неге шалғай ауылдардан редакцияға дабыл хаттар жиі жолданады? Жалғыз редакцияға ғана болса бір сәрі-ау, Президенттен бастап, заң орындары мен бақылау-тексеру мекемелерінің бәріне осы хаттардың бір-бір данасы жөнелтілген. Хаттарына жауап күтіп, сенделіп жүргендер қаншама? Осы орайда редакцияның табалдырығын тоздыратындар да жеткілікті.

Арызданушылардың әңгімесіне құлақ түрсең, жаның ашиды. Елдің көбісі соңғы малын сатып, «шықпа жаным шықпаның» кебін кигендей. «Ауылдағыларға ақша тимейді» дегенге құлағымыз әбден үйреніп алған. «Малыңды өсір, бақшанды сал, сөйтіп күніңді көр, артығын сатып ақша жаса» деп ақыл айту екінің бірінің қолынан келеді. Ойлап қарасаң, ұйымдасып тірлік ету оңай шаруа емес. Мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру деген саясат жоғарыдан жақсы бастау алғанымен, төменгі құрылымдар оны «су аяғы құрдымға» жіберіп жатқанын несіне жасырамыз. Бірде мемлекет басшысының өзі «приватизацияны» «прихватизацияға» айналдырушылар аразында бар екенін үлкен мінберден айтып қалған. Міне, біздің бүгінгі сөзіміз де дәл осы мәселелер жөнінде болмақ.

Таяуда Жезқазған облысы Жезді ауданы «Жетіқоңыр» ұжымының бір топ ардагерлері ақ таяқтарына сүйеніп, редакцияға келген. Қолдарында бір бума құжат. Олар:

«Жетіқоңыр» ұжымының бір топ тұрғыны атынан жазылған арызды тексеру барысында Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің аудандық бөлімшесі жасаған актісі.

Осы аудандық бақылау комитетінің бөлімше төрағасы атынан Жезқазған қаржы бақылау комитетінің басқарма бастығына жазылған анықтама.

Бұдан басқа – Жезқазған облысы әкімінің атына облыстық ауыл шаруашылық департаментінің, мемлекеттік мүлік комитеті аудандық бөлімшесінің, тағы басқа мекемелердің өкілдері қатысқан комиссияның қорытындылары.

Мұнда сол «Жетіқоңыр» ұжымының төрағасы Алтайбеков Әбдібектің былық-шылығы жайында нақты деректер келтірілген.

Енді «Жетіқоңыр» ұжымының тұрғындары атынан түскен шағым-арызға тоқталайық. Олар Алтайбеков өзі қызмет жасаған 1992-95 жылдар аралығында мынадай өрескел кемшіліктерге жол бергенін жазады:

«1994 жылдың қараша айында №2 фермадан 200 тоқты (әр басы 360 теңгеден бағаланған) Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Береке» шаруашылығына берілген. Оның орнына бір «УАЗ» мәшинесінің моторы «Жетіқоңыр» ұжымына келіп түскен.

Құны 72 мың тұратын бұл мотор Ә. Алтайбековтың «УАЗ» мәшинесіне қондырылыпты. Сосын ұжым бастығы осы мәшинені 10 мың 530 теңгеге бағалап, өзінің туған шешесіне сатқан.

1994 жылдың қазан айында жалған құжат жасау арқылы Оңтүстік Қазақстан облысы Леңгір қаласының «Денешынықтыру және денсаулық» бірлестігіне 216 қой сатқан. Жиынтық бағасы 216 мың теңге. Шындығына келгенде Оңтүстік Қазақстан облысының Леңгір қаласында мұндай ұжым болмаған екен. «Ендеше, 216 мың теңге кімнің қалтасына түсті?» деген сауал әркімнің көкейінде қалып қояры сөзсіз. Сондай-ақ, Ә.Алтайбеков ұжым жылқысынан 2 семіз ту биені жеке мүддесіне пайдаланғаны да айтылыпты.

1994 жылдың 23 маусымында 153 қошқарды Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Сайдағали» шағын кәсіпорнына бергізген. Ал, бұл №60 сенім қағазында 53 бас қошқар деп көрсетілген. Бірақ тексеру барысында 153 бас қошқар оңтүстікке қарай жөнелтілгені анықталып отыр. Дегенмен, қалған 100 қошқарды

«сойылды» деп тағы бір құжат жасатқан да, Алтайбеков оны арзан бағамен шопанға төлеттірткен.

Сол жылдың тамыз айында Ә.Алтайбеков ұжымның жүк қоймасынан 5 тонна қой жүнін тағы да Оңтүстік Қазақстан облысының саудагерлеріне сатқызғандығы туралы жазылыпты. Алайда тексеру барысында бұл деректер толық анықталмаған. Куэлардың бірі мұны растаса, екіншісі жоққа шығарыпты. Сондықтан, бұл іс құқық қорғау органдарының араласуын қажет етеді.

1993 жылдың 19 наурыз күні Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Шекер» шаруа қожалығына «Жеті қоңыр» ұжымынан 3 мыңнан астам қой (жалпы құны 151 мың 776 теңге) жіберілген.

«1993 жылдың 27 шілде күні «Шекер» шаруашылығынан біздің ұжымның кассасына 86 мың теңге келіп түсті. Ал, қалған 65 мың 150 теңге төленбей қалды. Осы істі жасыру үшін Алтайбеков өзінің аға-інілерінің, жақын туыстарының атынан жалған құжаттар жасап, айлық ретінде төленген есебінде жауып тастады» деп көрсетілген.

Сонымен қоса, бұл арызда 10 мың 462 қой, 50 ірі қара, 10 жылқы малының із-түссіз жоғалып кеткендігі жазылған.

Енді тексеру қорытындысындағы мына дерекке назар аударайық. Онда былай делінген:

«Ұжым басқармасы Кеңесінің 1994 жылғы 23 қарашадағы «Артық және пайдаланылмайтын автокөліктерін сату» қаулысына сәйкес әр түрлі маркалы 15 мәшинені сату жөнінде қаулы алынған. Оны жедел және жариялы түрде жүзеге асыру ісі Ә.Алтайбеков пен У.Байдуллаевқа тапсырылған. Бұл көліктердің бесеуі көпбалалы және Батыр аналарға, екеуі шопандарға, біреуі шоферға сатылған».

Алайда, арызданушылардың «мәшинелерді арзан бағаға, өз көңіл жетерлеріне сатты» дегені шындық. Мысалы, машина алған 5 ардақты ананың бірі ұжым төрағасының туған шешесі, біреуі жақын туысқаны, екеуі құдағилары. Қысқасы, 15 мәшиненің екеуі ғана ұжым басшыларына қатысы жоқ адамдарға сатылған».

Арызда көрсетілген деректерді тексеру қорытындыларымен салыстыра қарап шыққанымызда бұл адамдар ештеңені ойдан шығармағанына көзіміз жеткендей болды. Мұнда тіпті одан да көп кемшіліктер мен заңсыздықтар тайға таңба басқандай көрсетілген екен. Бірақ күні бүгінге дейін ешқандай нақты шаралар қолданылмаған.

1995 жылдың қазан айында Жезді аудандық прокуратурасы тарапынан тексеру жүргізілген. Онда «Жетіқоңыр» ұжымы 1 миллион 170 мың 388 теңгеге шығынға ұшырағаны белгілі болған. Осыған байланысты «Жетіқоңыр» ұжымы Шымкент төрелік сотына талап-арыз түсіріпті. Төрелік сот бұл ұжымның 4 миллион 393 мың 469 теңгеге пайдамен жұмыс жасап жатқанын анықтаған. Сол себепті Жезді аудандық прокуратурасы «Жетіқоңыр» ұжымының бастығы Алтайбековтің үстінен қылмыстық іс қозғауға негіз жоқ деп тапқан. Бұған қанағаттанбаған арыз иелері облыстық, республикалық прокуратураға дейін шағымданғанымен, әзірге ешқандай нәтиже жоқ.

Бұл жерде прокуратура немкеттілікке жол берген тәрізді. Мәселе кімнің пайдамен немесе кімнің шығынмен жұмыс істеп жатқанында ма? Тексеру қорытындысында көрсетілген кемшіліктер назарға алынбапты. Басқа облыстың соты шығарған шешімді басшылыққа ала салғаны несі? Осы сауалдар төңірегінде ойлансақ, шынында да жергілікті құқық қорғау органдары әлдекімдерден жасқаншақтап отырғандай әсер етеді.

Өткен жылдың соңғы күндерінде республика Президенті ауыл шауашылық қызметкерлерінің республикалық кеңесінде сөйлеген сөзінде Қазақстанның болашағы аграрлық сектор жаңа экономикалық жағдайға қаншалықты бейімделе алатынына байланысты екенін баса айтты. Өкінішке орай, жергілікті басшылар осы ізгі мақсатты өз ыңғайларына икемдеп, «Аша тұяқ қалмасынға» тағы да жол ашқандай ма, қалай? Бұған жоғарыдағы мысалдар айғақ болса керек.

Егер, дәл осындай жағдай тек бір облыстың бір ауданында немесе бір ұжымында ғана болып жатыр деп немқұрайлыққа бой алдырсақ, қатты қателескеніміз.

Мұның алдында ғана Семей облысы Шұбартау ауданы «Жорға» ұжымдық шаруашылығынан да дәл осындай шағым келген еді. Сол шағым арыздарды оқып отырып, жергілікті жерде жекешелендіру саясаты бір-біріне егіздей ұқсас түлкібұлаң әрекеттерімен жүзеге асып жатқанын көріп, таңданбасқа амал қалмайды. Бұл ұжымның басшысы Д.Аяпбергенов мырза тарапынан жасалынған заңсыздықтардың беті ашылғанымен, оған әзірге тісі бататын ешкім жоқ.

Аталған соңғы шаруашылықта 1992 жылы 32 мың 204 қой, 1 мың 224 жылқы, 78 ірі қара мал болса, 1995 жылдың 1 қазан айына дейін мұнда 7 мың 543 бас қой, 375 жылқы, 1 бас ірі қара мал қалыпты. Яғни, екі жарым жылдың ішінде қой малы бұл ұжымда 4,5 есеге, жылқы 3 есеге кеміген. Ал, ірі қара мал бітті деген сөз.

Оған кінәлі тек қана ұжым басшысы Д.Аяпбергенов мырза екенін айтып, дабыл қағушылар аз емес. Әйтсе де, бұған тікелей жауапты басшылық орындары жақ ашпай, үнсіз отыр.

Жекешелендіруді, яғни «приватизацияны» «прихватизацияға» айналдырудың дәл осындай мысалдарын келтіре берсек, әлі де жеткілікті. Дегенмен, құқық қорғау органдары бұған келешекте жол бермейді деген үмітімізді әлі өшіре қойған жоқпыз... Ең бастысы, сол үмітті үзіп алмай тұрғанда, газет сынына құлақ түріп, халыққа жария түрде жауап қайтарғанымыз дұрыс!

«Егемен Қазақстан» газеті,
17 қаңтар, 1996 жыл.

ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСҚАН СУДЬЯЛАР үшінші билікке сенімсіздік туғызады

Қаңтардың 25-і күні Алматыда Республика судьяларының екінші съезі болып өтті. Мұнда Жоғарғы соттың төрағасы, республика Судьялар одағының төрағасы М.С.Нәрікбаев осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар мен сот жүйесіндегі шешімін күткен мәселелер жайында өз ойын ортаға салды.

– 1996 жылдың 16 желтоқсанында алғаш рет ашылған судьялардың бірінші съезінде сіздер мен біздер басқа демократиялық мемлекеттерде орын алып отырғандай, тек сот қана сот әділдігін жүзеге асыруы тиістігін, сот бақылауындағы мемлекеттің өзі оның әлеуметтік маңызын ең жоғарғы деңгейде көтеріп, сот әділдігін жүзеге асырудың тәуелсіздігіне толық кепілдік жасауға міндеттілігін атап өткен едік, – дей келіп, Жоғарғы сот төрағасы өткен жылда республика соттарында қаралған қылмыстық және азаматтық істердің сапасына тоқталып өтті.

Жағымды жаңалықтар жетерлік. Бірақ, сот ісіндегі бір ғана әділетсіз шешім қаншама адамдардың тағдырын күйретіп кетеді десеңізші. Олай болса, соттардың ешқашан қателесуге қақысы жоқ. Осы тұрғыдан келгенде Төрағаның баяндамасы қатқылдау шықты. Өткен жылы Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Атырау, Алматы облыстық соттарында жұмыс өте мардымсыз болыпты. Яғни, бұл соттар шығарған шешімдердің жартысына жуығы Жоғарғы сот тарапынан бұзылып, өзгертілген. Сондай-ақ, заңсыз соттау сорақылықтары орын алған.

Ал, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында керісінше, қылмыскерді заңсыз ақтау әрекеттері белең алған. Қарағанды, Павлодар, Алматы облыстық соттары қылмыскерлерге өте жеңіл жаза беріп, жалпақшешейлік танытқандарды да осы арада қатты сынға алынды.

Съезде сөз алған республика әділет министрі Бауыржан Мұхамеджанов мырза судьялардың өзі сыбайлас жемқорлармен жең ұшынан жалғасып, қылмыс жасағандықтарын аяусыз әшкереледі.

Мәселен, Ақмола облысы Қоғалжың аудандық сотының судьясы С.Б.Жүсіпов, Қызылорда облысы Байқоңыр қалалық сотының судьясы Б.А.Тәжімбетов, Өскемен қаласы аудандық сотының судьясы Т.А.Қасымбекова, Қызылорда облысы Сырдария аудандық сотының судьясы С.К.Ахметқалиев, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық сотының судьясы М.К.Жұбатов сияқтылар ұйымдасқан қылмыстық топтармен ауыз жаласам деп жүріп, әртүрлі мерзімге бас бостандықтарынан айырылып, сотталып тыныпты.

Қазіргі кезде 9 судьяның үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатса, 3 судьяның қылмыстық ісі сотта қаралуда.

Өткен жылы 46 судья өзінің ар-ожданы мен судья деген қастерлі атқа кір келтіргені үшін қызметтерінен аластатылған. Оның 15-і өз қызмет орнына сай емес деген айыппен қызметтен босатылса, төртеуі сот айыптау қортындысы күшіне енуіне байланысты, он бесі өз еркімен, оның он бірі қызметіне сай емес деген құжат дайындалып жатқанын біліп, алдын ала «өз еріктерімен» жұмыстарынан шыға қойыпты. Олар мыналар: Солтүстік Қазақстан облысы Целинный аудандық сотының судьясы С.Н.Шевченко, Шығыс Қазақстан облысы Шемонайха аудандық сотының судьясы В.Д.Гинц, Ақтөбе облысы Мартұқ аудандық сотының судьясы М.Ж.Наурызов, Жамбыл облысы Тараз қаласының судьясы Т.Гриценков, Ақмола қалалық сотының судьясы Н.И. Имишева, Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы Т.С.Ескендіров, тағы басқалар.

Ал, түсті металдарымызды контрабандалық жолмен шетелге әкетушілерді ақтап шешім шығарған Талдықорған қалалық сотының судьясы Р.Ж.Биділданов деген адамның орнынан алынғанын елдің бәрі білсе керек. Өйткені, ол жөнінде және тағы басқалар жөнінде баспасөз беттерінде мақалалар жарық көрген.

Басқа-басқа, дәл судьялардың материалдық жағдайы өзгермен салыстырғанда әжептәуір жақсы екенін министр мырза баса айта келіп, олар өз тұрмыстық жағдайларын шетелдегі әріптестерімен салыстыра жылап-сықтауға үйреніп алғанын да ескертіп өтті.

Қоғамнан тыс тұрған ешкім жоқ. Айлығын немесе зейнетақысын ала алмай жүрген қарапайым жұртшылықпен саластарғанда қазіргі күнге тәубә етуге тиісті судьялар жемқорлыққа барудың әртүрлі себептерін айтып ақталмай-ақ қойсын. Судья деген қасиетті ұғымнан асқақ не бар. Соны ардақ тұта білген азаматтарды ғана судья қызметіне аса талғампаздықпен тағайындауымыз керек деген қорытындыға келгенін Судьялар одағының төрағасы жасырмады.

Министр мырза съезде бұдан да өткір пікірлер мен толғақты ойларын ортаға салды. Алдағы уақытта бұл мәселелер жөнінде газет бетінде жеке-жеке әңгіме болатынын оқырмандарымызға ескерте кеткіміз келеді.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
27 қаңтар, 1999 жыл.**

ЖОЛ ЖИЕГІ ЖЕКЕ АДАМНЫҢ МЕНШІГІ ЕМЕС

Таяуда мынадай бір жағдайға жолықтым. Сенбі күні жеңіл көлікпен Алматының Ақсай-36 шағын ауданының №34 үйінде тұратын ағайындарымызға кіріп-шықпақшы болып машинеме отырдым.. Ол үй қаланың күнбатысындағы автокөлік базарына таяу орналасқан. Аулаға кіре берісте шағын «шлагбаум» алдымнан шықты. Оның жанында бір жігіт тұр. «50 теңге төлеңіз» дейді.

— Сен мына үйлердің бәрін ауласымен қоса жекешелендіріп алып па едің?— деп сұрадым. Ол бір жапырақ қағазды көрсетті. Онда сол шағын ауданның КСК бастығы қолын қойып, мөрін басып, сол жігітке сол жерде тұрып табыс табуға рұқсат етіпті. Себебі, сенбі, жексенбі күндері автокөлік базарына келгендер өз көліктерін осы үйлердің ауласына қоюды әдетке айландырған. Сондықтан, екі күнде ептеп ақша тауып қалуға мүмкіндік бар екен.

Егер, онсыз да тар аулаға сырттан келген бөтен көліктерді жібермейміз десе, бір сәрі. Ақшанды төлесен, біріңнің үстіне бірін шықсан да өзің біл.

Еріксіз көлігімді сол маңайға тастап, ары қарай жаяу жүруіме тура келді. Ал, басқалар үн-түнсіз ақшаларын төлеп өтіп жатыр. Не үшін төлегендерін өздері де білмейді және ол жөнінде ойланғылары да келмейтін сияқты.

Міне, заңсыздық деген осы. Ол аяқ астынан-ақ кездесе береді. Бірақ, оны көрмейміз, көрсекте мән бермейміз.

Енді, Алматыдағы базарлар мен вокзалдардың, ірі мекемелердің маңайында үстеріне сары күртеше киіп, қолдарына ала таяқ ұстаған жігіттерге жол жиегіне аялдағаның үшін ақша төлемей көр. Ол үшін жаға жыртисудан да тайынбайды.

Таяуда Алматы қалалық прокуратурасынан осы істердің қаншалықты заңды екенін сұрағанбыз. Ондағылар жол жиегіне уақытша аялдаған көліктерден ақша жинау заңсыздық қана

емес, оның астарында кәдімгі сыбайлас жемқорлықтың белгісі жатқанын жасырмады. Сонымен қоса, тексеру барысында прокуратура тарапынан жиналған ресми деректерді алдымызға тартты.

«Благоустройствоның» былықтары

Алматы қалалық прокуратурасы 2001 жылдың қараша айында «Жер туралы» Заңның Алматыда қолданылуы туралы арнайы тексеру жүргізіпті. Тексеру барысында жалпыға ортақ мемлекеттің жерін өз жеке меншігіндей пайдаланып, халықтан заңсыз ақша жинауға әдеттенгендердің ісі әшкереленіпті. «Әшкереленіпті» дегеннің өзі жәй сөз. Себебі, бүгінде кәдімгі алпауытқа айналған жемқорлар прокурорлардың тексерулеріне, олардың нұсқауларына пысқырып та қарамайтын болыпты.

Бұл сөзімізге сенбесеңіздер, Алматының базарлары мен ірі мекеме маңындағы автокөліктер тоқтап тұрған жерді барып қараңыздар. Кеуделеріне қызыл кеудеше киген жігіттер әлі сол баяғыдай жүргізушілерден ақша жинауда.

Жеңіл көліктерден – 50 теңге, жүк көліктерінен – 150 теңге, тіркемесі бар «КамАЗ», «МАЗ» сияқты жүк көліктерінен – 200 теңгеден. Ақша жинаушы жігіттерден құжат талап етіп, мұның заңсыздық екенін ескертсең, үн-түнсіз саусақтарын шошайтып, жоғары жақты нұсқайды. Сонда жоғары жақтағылар кімдер дейсіздер ғой. Ол – «Благоустройство» ашық акционерлік қоғамы көрінеді. Президенті – А. Карпов деген азамат.

Прокуратураның анықтамасында бұл жөнінде былай деп жазылған: 1995 жылдың 10 наурызында Алматы қаласының әкімі «Алматының жалпы қолданыстағы жерлерінде орналасқан уақытша автотұрақ орындарын «Благоустройство» мемлекеттік акционерлік қоғамына беру туралы» №47 қаулысын шығарады. Бұл қаулы сол жылдың 21 сәуірінде қалалық мәслихаттың V сессиясында бекітіледі. Кейіннен «Благоустройство» бұл жерлерді «Уақытша автотұрақтар басқармасы» (УАБ) деп аталатын ашық акционерлік қоғамға беріп жіберді. Бірақ, бұл

басқарманың құрылтайшысы «Блогоустройство» ААҚ-ның өзі болып қала берген.

Қалалық прокуратура мұның бәрі, яғни, Алматы қалалық әкімшілігі мен мәслихатының уақытша автотұрақ орындарын «Блогоустройство» ААҚ-ға беруі туралы шешімдері заңсыз екенін дәлелдейді. Себебі, Конституцияның 4-бабы бойынша адамдардың құқы, бостандығы мен міндеттеріне қатысты қаулы-қарарлар міндетті түрде баспасөз арқылы халыққа жариялануы керек. Ал, қалалық әкімшіліктің бұл қаулысы еш жерде жарияланбаған. Сонымен қатар, ол «Жер туралы» Заңға да қайшы келеді.

Біріншіден, УАБ-тың жол жиегіндегі уақытша автотұрақтарға иелік етуге құқық беретін заңды құжаттары жоқ. Олардың қолында тек жол жиегіндегі уақытша автотұрақтардың жалпы саны мен орны көрсетілген құжатсымақтары ғана бар. Оған жергілікті атқару органдарының бастықтары қол қойғанымен, жол жиегінің қанша көлемі уақытша автотұраққа бөлінгені нақты көрсетілмеген.

Екіншіден, уақытша пайдалануға берілген жер телімінен салық немесе жалға беру ақысы алынып, ол бюджетке өткізілуі тиіс. Алайда, бұлардың бірі де жасалынбаған және әкімшіліктің қаулысында бұл жөнінде ештеңе көрсетілмеген.

Үшіншіден, қаланың ішіндегі жер телімі уақытша пайдалануға тек жеңіл бекеттер (дүңгіршектер, автотұрақтар, жарнама тіректері, тағы басқа жеңіл құрылыстар) салу үшін ғана беріледі. Бірақ, кейінгі алты жыл ішінде УАБ мұндай жұмыстардың бірін де жасамаған.

Сондай-ақ, жол жиегіндегі автотұрақтардан салық жинау ісі салық заңына қайшы келеді. Себебі, жол жиегіндегі уақытша тоқтаған автокөлік иелерінен салық жинау мәселесі бұл заңда қарастырылмаған. Өйткені, автокөлік иелері жыл сайын онсыз да көлік салығын төлейді. Көлік салығының ішіне жол шығыны да кіретіні белгілі. Соған қарамастан автокөлік иелері жол жиегіне тоқтағаны үшін тағы да қосымша ақша төлейді. Олай

болса, автокөлік иелері жолда жүргені үшін бір рет және тоқтағаны үшін екінші рет салық төлеген болып шығады. Сонда қалай, жүргізушілер автокөлігін жол жиегіне емес, жолдың ортасына тоқтатуы керек пе екен?

Бұл дегеніңіз, білдірмей қанаудың бір түрі ғана. Осыны түсінетін кез келді. Ең өкініштісі, жол жиегінен түскен ақша мемлекет қоржынына емес, жеке біреудің қалтасына түсіп жатқандығы. Ол жөнінде жоғарыда айттық. Дегенмен, әлі де тереңдеп айту керек болып тұр.

Қалалық прокуратура тағы да мынаны анықтаған: 1995 жылы Алматы қалалық әкімшілігі жалпы қолданыстағы мемлекеттік жерлерге орналасқан автотұрақ орындарын, «Блогоустройство» ААҚ-ға бергенде бұл қоғамның акциялары түгелдей мемлекеттің иелігінде болған көрінеді.

1997 жылы мемлекет осы акцияларды «ДЭУ-автобаза» акционерлік қоғамына берген. Олай болса, бүгін де «Блогоустройство» ААҚ мемлекеттің жерін (жол жиегін) жүргізушілерге сатып, одан түскен қыруар қаржыны түгелдей өз қалтасына басуда. Ол оны қандай жолмен іске асырады дейсіздер ғой. Тағы да нақтылай түсейік.

УАБ жол жиегінен түскен қаржыны өз есеп-шотына аударады. Одан кейін ол қаржы УАБ-тың құрылтайшысы – «Блогоустройство» ААҚ-ның есеп-шотына жөнелтіледі. Мұнымен қоймай УАБ-тың өзі осы Алматыдағы жол жиектерін тағы біреулерге жалға беріп, қосымша пайдаға кеңеліп отыр.

Мына «қызықты» қараңыз. Қаланың әр ауданындағы уақытша автотұрақтардан (жол жиегінен) ай сайын жиналатын ақша көлемін алдымен қалалық әкімшіліктің экономика жөніндегі комитеті (төрайымы – Васильева Л.А.) анықтайды екен де, оны әкімнің орынбасары Заяц Я.И. бекітеді екен. Сосын бұл кәдімгі жоспар түрінде УАБ-қа тапсырылады.

Бұдан шығатын қорытынды – бұл былық-шылықты Алматы қалалық әкімшілігінің өзі ұйымдастырып, заңсыздыққа жол беріп отыр деген сөз. Жол жиегінен түсетін қыруар қаржыға қала шеңбеуліктері де қол сұғуы мүмкін-ау деген ой еріксіз оралады.

Көлденең табыс көлемі

2000 жылдың басынан бастап қалалық прокуратура тексеру жүргізгенге дейінгі уақыт (2001 жыл, 10 қыркүйек) аралығында тек жол жиегінен 91 миллион теңге «пайда» түсіпті. Ал, мекемелермен келісім негізінде қосымша 6 миллион теңге тағы түскен. Осы қаржының 27 миллионы УАБ-ты ұстап тұруға, 16 миллионы – жалақыға, 1,2 миллионы талон сатып алуға жұмсалған. Өртүрлі қаржылық көмектерге 20 миллион теңге жұмсалған. Тек 44 миллион теңге «Блогоустройствого» қарасты жеке меншік құрылыстары мен көлік жолдарына қатысты мекемелерге аударылған. Сөйтіп, жалпыға ортақ жер – жол жиегінен түскен қаржы негізінен қаланы көріктендіруге емес, жеке адамдардың қалтасына түскен.

«Бұл – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының 120 бабы, 1-тармағының 4,5-тармақшалары бойынша «Блогоустройство» ААҚ-ның кәсіпкерлік ісіндегі заңсыздықтарға жол ашуы болып табылады» деп қалалық прокуратура жалпылама қорытынды жасайды.

Алайда, бұған кім жол ашып отырғанын ашық айта алмайды. Ол, әрине, Алматы қалалық әкімшілігінің өзі екені түсінікті.

Деректерден шошымаңыз

2001 жылдың 20 тамызында Алматы қалалық прокуратурасы салық қызметкерлерімен бірге мынадай жерлерге тексеру жүргізіпті: «Ақбұлақ» базарының маңайы. Бұл жерде таңғы сағат 9-дан кешкі 6-ға дейінгі аралықта 772 автокөлік жол жиегіне қаңтарылып тұрған. Олардың жиналатын қаржы көлемі мөлшермен 38 мың 600 теңге болуға тиіс еді. Алайда, жұмыс соңында ақша жинаушылар 4 мың 500 теңге ғана жиналды деп мәлімдеген. Жүргізушілерге ақша төлемдері үшін 120 талон берген. 100 талон өздерінің қолдарында қалған.

«Жібек жолы» көшесіндегі орталық базардың алдында УАБ-тың 109 мәшинеge арналған орны бар. Тексерген кезде онда 135 автокөлік тұрған. Күні бойы бұл жерге 1080 көлік

келіп, кеткен. Бірақ ақша жинаушылар осы күні 250 талон ғана сатқан. Күніне 12500 теңге жинауға тиісті еді. Шын мәнінде 5 мың теңге жиналды деп көрсетеді. Артық ақша қайда кететіні айтпаса да түсінікті.

«Заңғар» акционерлік қоғамының (бұрынғы ЦУМ) алдында 100 машинаға орын бөлінгенімен, бұл жерге күні бойы 639 көлік келіп кетеді. Оларға 203 талон (10 мың 150 теңге) сатылуға тиісті болса, шын мәнінде 119 талон (5 мың 950 теңге) ғана сатылған. Сонда, 520 көліктен алынған ақша тағы да жеке қалталарға түсті деген сөз. «Алатау» және «Алатау Бриз» базарының маңында 90 көліктік орын болса, тексеру сәтінде ол жерде 310 көлік тұрғаны анықталды.

«Алматы-1» вокзалының алдындағы жол жиектерінде таңғы сағат 9 бен кешкі 6 аралығында 350 көлік тұрған. Одан түсетін қаржы 17 мың 500 теңге болуға тиіс еді. Алайда, кешкі ауысым кезінде түскен пайда 4 мың теңгені ғана құраған.

Құрылтайшысы «Блогоустройство» ААҚ болып табылатын УАБ өздеріне қарасты жер телімдерін тағы басқа заңды тұлғаларға жалға өткізіп қойып, олардан да ақша жинап отыратыны жөнінде жоғарыда айтылды. Осы тұрғыдан нақты мысалдар: «Тастак» базарының маңындағы жол жиектерінің УАБ «Жер туралы» Заңның шектеулеріне қарамастан «Тастак» ЖШС-ға ешқандай құжат толтырмай-ақ жалға бере салған. Сөйтіп, олармен ай сайын жаңадан келісімдер жасасып отырған. Осы келісімдер бойынша олардан өткен жылдың тамыз айында 225 мың теңге көлемінде ақша жинау жоспарланған. Ол жоспарды Алматы қалалық әкімшілігінің экономика жөніндегі комитеті ресми түрде бекітіп берген. Кейіннен бұл қаржының көлемін осы комитет 131 мың теңгеге азайтыпты.

Дәл осындай жоспар «Зер» ЖШС-на да жасалынып берілген. Одан ай сайын алынатын ақшаның көлемі 118 мың теңге. Міне, қалалық әкімшілік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлармен ауыз жаласқанын осы деректердің өзі-ақ дәлелдеп тұр.

Сонымен қоса, бұл базарлардың алдындағы жерлер түнгі уақыттарда да пайдаланылады. Мәселен, Қазыбек би мен Исаев

көшелерінің қиылысындағы уақытша автотұрақ (21 мәшинелік орны бар) түнде де жұмыс істейді. Тексеру кезінде ол жерге 106 автокөлік қойылғаны анықталыпты. Түнгі ақы әр көліктен 100 теңгеден жиналған.

Жалпыға ортақ мемлекет жерінен көлденең «табыс табуды» бұдан басқа мекемелер де әдетке айландырып алыпты. Қалалық прокуратура бұл былық-шылықты ашқалы да жарты жылдай уақыт өтті. Сөйтсе де, өзгерген ештеңе көрінбейді. Жол жиегіндегі автокөліктерден ақша жинау ісі күннен-күнге өшіп барды. Бұған Алматы қаласының әкімі не айтар екен?

Редакциядан: Журналист көтерген мәселе тек Алматы қаласына тән болмаса керек. Басқа облыстардағы істің жайына қанығу үшін меншікті тілшілерімізге арнайы тапсырмалар берілді. Жеке көлік жүргізушісі ретінде осындай мәселемен бетпе-бет келгеніңіз бар ма, құрметті оқырман?

«Егемен Қазақстан» газеті,
15 наурыз, 2002 жыл.

ЗАҢ БОЙЫНША ӨМІР СҮРГІҢ КЕЛСЕ әділдіктің ақ жолындағы адамдарға арқа сүйе

Демалыс күні еді, есіктің қоңырауы сылдыр етті де, үйдегі балалардың біреуі барып есікті ашты.

«28 маусым күні №65 сайлау округіне келіп, Мақсұт Қалдыбаевқа дауыс беріңіздер» деген сөзді төргі бөлмеде отырып құлағым шалды. Сәлден кейін менің үстелімнің үстінде үш бүктелген сары қағаз жатты. Оның бірінші бетінің ең жоғарғы жағында «Мақсұт Қалдыбаев, парламент мәжілісінің депутаттығына кандидат» деп жазылыпты да, жас шамасы қырықтан жаңа асқан жігіт ағасының суреті басылыпты. Суреттің астындағы «Заң бойынша өмір сүрейік» деген сөздерге көзім түскеннен кейін «бұл азамат кім болды екен?» деген оймен бірден оның өмірбаянын оқуға кірістім.

«Жасым – қырық төртте, – деп бастапты ол өзі жайындағы қысқаша ақпаратта, – Талдықорған облысында тудым. Соғыс ардагері әкем Қалдыбайды құрмет тұтамын. Өмірден ерте кеткен марқұм анам Әуезханның әруағына сыйынамын. Отбасымыз үлкен, ынтымақтымыз. Біз ата-анамыздан он баламыз: алты ұл, төрт қыз. Мен еңбекке ерте араластым... Төрт балам бар. Ұлым өзімдей ат құмар. Тұлпарымыз «Ақсұңқар» үйішіміздің көңіл қуанышы.

Мамандығым – заңгер, әділет саласында 25 жылым, оның ішінде кейінгі 19 жыл прокуратура саласында өтті. 1996 жылдан бері Алматы қаласы прокурорының орынбасары болып істеймін».

Бұл жігіт туралы біраз мәселелер маған белгілі бола бастады. Алғашқы сәтте-ақ оның аты-жөні таныс көрініп еді. Енді есіме түсті.

Редакцияға жолданып жататын көптеген арыз-шағымдардың біразы сот, тергеу ісіне байланысты болып келетін. Міне,

солардың арасында «заңның бұзылуына байланысты мына іс қайта қаралуға тиісті» деген мағынадағы прокурор наразылықтары да жиі ұшырасатын. Сол наразылықтардың соңғы жағына «Алматы қаласы прокурорының орынбасары М.Қалдыбаев» деп қол қоятын азамат осы болды.

Көкейге бір күдіктілеу сұрақ оралды. «Тәп тәуір лауазымды қызметін тастап, депутаттыққа ұмтылуға не себеп болды екен? Заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету жолындағы күресте прокурорлық пәрмен аздық етті ме?»

Таяуда осы сұрақты оның өзіне қоюдың сәті түскен. Сонда ол: «25 жылғы заңгерлік ғұмырымда мен талай рет әділетсіздікпен бетпе бет келіп, талай рет жазықсыз адамдарды жазалаудан қорғаппын. Сондағы бір көзім жеткені – заңды жақсы білу бар да, оны өмірлік құбылыстардың қалтарыс бұлтарыстарында қателеспей дәл қолданудың жолы бір басқа екен. Заңды қолдануда қателеспеу үшін ең алдымен өмірді терең білу керек. Олай етпесең, догмаға ұрынасың. Әсіресе судья, тергеуші, прокурор болып қызмет ету үшін бұл ауадай қажет. Көптеген әріптестерім осы жағынан ақсап жататына талай рет көзім жеткен. Оның үстіне жаңадан шыққан заңдар өмір ағысына ілесе алмайтынын басқалардан гөрі біздер жақсы сезінеміз. Өйткені, күн сайын неше түрлі жағдайларды бастан өткеріп жатамыз. Енді сол шала піскен заңдарымыз қазақ тіліне шала аударылып келгенін көргенде жыларыңды да, күлеріңді де білмейсің. Сонда, «әттең, мынау өмірде әркім өз қолынан келетін іспен айналысса, дәл мұндай келеңсіздіктерге жол бермес еді-ау!» деп күйінетін кездер де болады. Парламенттің міндеті заң шығару ма, онда неге тек білікті заңгерлер Парламентте отырмайды? Үкіметтің міндеті сол заңдарды мүлтіксіз орындау ма, ендеше онда неге ұйымдастырушылық қабілеті мықты, адал адамдар отырмайды? Сол сияқты басқа салаларда да...

Мен өзім жақсы заң жаза алатынымды ашық айтайын. Біреулер мұны мақтаншақтық десе, дей берсін. Шындығы солай. Өйткені, өзімді-өзім талай рет сынап көрдім және қазақ тілінде

заң шығарудың үлгісін басқаларға танытқым келеді. Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі менің өз ана тілім, анамның тілі бола тұра, сол тілде сауатты заң жаза алмау деген сүйекке таңба сияқты. Осы үшін ғана беделді қызметімді тастап, Парламентке баруға бел будым. Бұл парламенттің қайта сайлануына да бір жыл уақыт қалды. Алайда, шындап жұмыс жасағысы келген адам үшін бір жыл өте көп уақыт. Қырықтан жаңа асқан қызулы шағымда өзімді тағы бір рет төс темірдің үстінде шыңдап көрсем дегеннен басқа ой жоқ. Халыққа үйіп-төгіп уәде бергім де келмейді. Мен дұрыс та сауатты заң шығару арқылы ғана қылмысты құрықтауға, балаларымыздың болашағын қорғауға, зейнеткерлердің зейнет ақысын түгел қайтаруға, табиғи байлықтарымызды талан-таражға түсірмеуге, құлдырап кеткен экономиканы көтеруге, тағы басқа толғақты мәселелерді шешуге әбден болады деп түсінемін», – деп сөзін аяқтаған оған басқадай сауал қоюды жөн деп санамадым.

Алайда, «Сұңқар» атты сәйгүлікті баптап жүрген одан ат-бегілік, аңшылық, серілік өнері жайында толығырақ сұрамағаныма сәл өкініп қалдым.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
19 маусым, 1998 жыл.**

ЗАҢ БҰЗБАҒАН КІМ ҚАЛДЫ?..

Нағашыбай Шәйкенов мырзаның вице-премьер қызметіне тағайындалғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Осы аз мерзімнің ішінде міне, баспасөз өкілдерімен екінші рет жолығып отыр. Ол кісі тікелей өзі жауап беретін заң, құқық саласында ешқандай көлеңкелі тұстар қалмауын мақсат тұтқан адам. Сондықтан да, ойларын ашық айтады, қолындағы деректерге бүге-шігесіне дейін талдау жасайды.

— Мұның алдындағы басқосуда «Елім-ай» экологиялық халықаралық қоры жөнінде біраз пікірлер ортаға салынған еді. Бүгінде сол төңіректе не болып жатқанынан хабардар етейін,— дей келе вице-премьер Жоғарғы соттың «Елім-ай» қоры туралы шығарған шешімін оқып берді.

Шетелдерден дәрі-дәрмек әкелу үшін «Елім-ай» қоры кезінде банкіден несие алған. Бірақ, әкелген дәрілерінің бағасы қымбат болуына байланысты дер кезінде өткізе алмай, банкіге 35,5 миллион неміс маркасы көлемінде қарыз болып қалған. Осыған байланысты прокуратура тарапынан тексеру жүріп, аталған қаржыны банкіге қайтару жөнінде талап қойылған. Сот бұл талапты дұрыс деп тауып, 24 миллионнан астам неміс маркасы көлеміндегі қаржыны «Елім-ай» қоры банкіге құюға тиісті деген шешім шығарыпты. Дәрі-дәрмектерін Денсаулық сақтау министрлігі қабылдағанымен, олардың бағасы мұндағы дәрілерден 30-40 пайыздай жоғары. Осы уақытқа дейін белгілі мөлшері ғана әрең сатылған бұл заттар күні-бүгінге дейін сіресіп қоймаларда тұр. Сақтауға, тасымалдауға жұмсалатын шығындарды есептегенде үкіметке келетін шығын аз емес. Ендеше, бұған кінәлі адамдардың үстінен қылмысты іс қозғалуы да мүмкін. Бұл дәрілер денсаулық сақтау министрлігімен келісілмей, төте жолмен біздің республикаға жеткізілгені туралы бұрын да естігенбіз. Сол бір заңсыз жасалған әрекеттің өзі енді мемлекетке қаншама зиян әкелгенін қарасаңызшы!

Республикадағы кәсіподақтар тарапынан жасалған заңсыздықтар да жетіп артылады екен. Бұл ұйым баяғы әдетімен елдің бәрін өзіне мүше етіп алуда. Қаласаң да, қаламасаң да оған мүшесің, айлығыңнан жырымдап тиесілі қаржыңды ұстап отыра береді. Бірақ, ол қаржылар қайда жұмсалып жатқаны белгісіз. Ол, ол ма енді осы кәсіподақтарға қарасты дүние-мүліктердің көбісі жекешеленіп, әлдекімдер соның арқасында акционерлік қоғамдар құра бастаған. Халықтың қалтасынан шыққан ақшаға кезінде қаншама зәулім ғимараттар тұрғызылды. Енді, олар біреудің иелігінде кете беруі керек пе? Бұл – заңға мүлдем қайшы әрекет. Онан да сол ғимараттарды шығармашылық одақтар мен мәдениет мекемелеріне жалға берсек, мемлекет бюджеті толыға түсер еді. Сөйтіп, өз ақшасын өзіне қайтарудың жолы табылады. Қысқасы, кәсіподақтар саласында болып жатқан заңсыздықтарға осы уақытқа дейін мән берілмеген. Халық мүддесін көздеуге тиісті кәсіподақтар қарпып жеп үйренген әдетін үдете түсуде. Оған енді тосқауыл қоятын кез жеткен сияқты.

Нағашыбай Аманғалиұлы бұдан кейін заңсыз жолмен ашылған жоғары оқу орындары, оның ішінде заң институттары мен университеттері, академиялары жөнінде тоқталды.

Қазіргі кезде республикамызда ешқандай тіркеуден өтпеген 41 жоғары заң оқу орындары бар екен. Ата-аналары ақшасын төлесе болды, балаларын сонда апарып, тоғыта беруге мол мүмкіндік ашылыпты. Ондағы білім жүйесі ешбір қалыпқа сай келмейді. Кейбір институттарда бірде бір заңгер маман жоқ. Бірақ әлдекімдер студенттерге заң сабағынан дәріс оқиды. Сонда оларға ертең кім, қандай диплом бермекші, «Жоғары оқу орындарынан» қандай мамандар шығып, қайда қызмет етпекші? Түсініксіз. Қылмыстың көкесі осында жатыр. Халықты алдап, сүліктей сорған ұстазсымақтардың біразы әлі заң алдында жауап берері сөзсіз. Ал, бұған жол берген шенеуніктер темір тордың арғы жағынан бір-ақ шықпасына кім кепіл.

Біздер құқық қорғау органдары туралы біраз заңдар қабылданғанын білеміз. Осыған қарап құқықты реформаны жүзеге

асырудың алғашқы кезеңінен аттай шауып өте шықтық деп қуануға әлі ерте. Нағашыбай Аманғалиұлының айтуына қарағанда, мемлекеттік тергеу комитеті, ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура және сот реформасы жөніндегі заңдарға кезінде өзінің тың пікірлерін де ұсыныпты. Ол кісі әзірге сол ұсыныстарының жартысы өткеніне дән риза. Ғұмыр болса бұл заңдардың қайта жаңғыруына болашақта барлық күш-жігерін жұмсамақшы.

Вице-премьер өзін толғандырып жүрген ойларын жасырмай, журналистермен ашық әңгімелесті. Мұның бәрін алдағы уақытта оқырман назарына ұсынармыз деген ниеттеміз.

Бір қызығы, Н. Шәйкенов ұсынысым өтпеді деп ешкімге ренжімейді. Бүгінгі досы ертең өзіне қарсы шықса, оған тіпті мән бермейді. Ұлы Абай мұндайда «Көңіл қалды достан да, дұшпаннан да...» деп күйінген ғой. Алайда, сол ақынның өлеңінің келесі тармағын сәл өзгертіп, «Заң бұзбаған кім қалды бұл жалғанда» деп айтсақ, ішіміз күйіп кететіндей ме, қалай?..

«Егемен Қазақстан» газеті,
6 қаңтар, 1996 жыл.

ЗАҢ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС – АР ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Биылғы 28 қаңтарда Алматы қалалық прокуратурасы өткен жылда жасалынған жұмыстардың қорытындысы жайында кеңейтілген алқа мәжілісін өткізді. 30 қаңтар күні қала прокуроры Жақсылық Байтұқбаев журналистермен кездесіп, біраз деректерді ортаға салды, көпшілікті толғандырып жүрген сұрақтарға жауап қайтарды. Осы кездесуден кейін біз ол кісіге арнайы жолығып, сұхбаттасқан едік. Әңгіме – ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлық, лауазымды адамдар мен құқық қорғау қызметкерлері тарапынан жасалатын қылмыстар төңірегінде өрбіді.

– Мұндай алқалы жиындар сіздерде жылда өтеді, жылдық қорытынды жасалынады. Бірақ, Сіздің бұл жолғы баяндамаңыз өте қатқыл естілді, сын көп айтылды. Бұл нені аңғартады? Сырт қараған адамға прокурорлардың жұмысы босаңсып кеткендей әсер қалдырады екен.

– Сын түзелмей, мін түзелмейтіні белгілі. Кез келген мекеменің ішкі жұмысында кездесетін кемшілік басшылық тарапынан қатаң қадағаланбаса, жұмыстың босаңсып кетуі ықтымал. Ал, заңдылықты қадағалау органы болып табылатын прокуратура қызметкерлеріне ешқашан босаңсуға болмайды. Босаңсу – мен үшін қылмыспен тең. Ондайға жол берілмейді. Ал, жұмыс жүрген жерде бірен-саран кемшіліктер кетпей тұрмайды. Оны дер кезінде жоймасаң, соңы үлкен өкінішке соқтырады. Бүгінгі ауыр сындарды ауыр дерттің алдын алу деп білген жөн.

– Дегенмен, Алматыда ауыр қылмыстар азаймай тұр ғой. Әр басқосу кезінде бұл жөнінде айтылудай-ақ айтылып жатады. Салыстырмалы түрде келтірілген кейбір жағымды көрсеткіштер жаныңды жадырата алмайды. Әсіресе, құқық қорғау саласының адамдары тарапынан қылмыстар жасалынғанын естігенде кәдімгідей түңілетініміз рас.

– Түңілмеңіздер. Сіздер түңілсеңіздер басқалары қайтпек? Одан да ащы да болса шындықты айтуға үйренейік. Ал, тыңдаңыз. Өткен жылы қылмыспен тікелей күрес жүргізуге тиісті 43 қызметкердің үстінен қылмыстық іс қозғалды. Оның 9 сотталды. Бұған дейін ашылмай келген кісі өліміне байланысты 16 қылмыс ашылды. Тәртіп сақшылары еш жерге тіркелмей, жасырып келген 523 қылмыс белгілі болды. Оны жасырған қызметкерлердің 73-і тәртіптік жазаға тартылды, үшеуінің үстінен қылмыстық іс қозғалды.

– **«Қылмыстық іс қозғалды» дегенге де құлағымыз әбден үйреніп алған. Оның соңы не болып тынғаны жөнінде біле бермейміз.**

– Мен алқа мәжілісінде дәл осы мәселе бойынша біраз аудандық прокурорларды сынға алғанымды өзіңіз естідіңіз. Өткен жылы Алматы қаласындағы аудандық прокурорлар тарапынан 656 қылмыстық іс қозғалса, оның 79-ы (12 пайызы) қайта қараған кезде қысқартылып тынды. Аудандық прокурорлар мемлекеттік мекеме басшыларының үстінен қылмыстық іс қозғай салуды әдетке айналдырған. Мұны олар жақсы жұмыс істеудің бір көрінісі деп түсінетін сияқты. Іс-әрекетте қылмыстың айқын белгісі болса бір сәрі. Бұл прокуратура қызметкерлерінің басқа саламен өзара тығыз байланысты жұмыс жасай алмай жатқандығын аңғартады. Алдағы уақытта мұндай кемшілік үшін өз қызметкерлерімізді қатаң жазалайтын боламыз. Жиналыста әр прокурорды орнынан тұрғызып тұрып қатаң ескерту жасауымызға тура келді.

– **Әрине, дегенмен жетістіктеріңіз де аз емес екенін байқадық. Жыл қорытындысы бойынша бірер сөз...**

– Өткен жылдың шілде айында Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың қатысуымен үйлестіру кеңесінің алқалы жиынын өткізгенбіз. Оған қалалық мәслихаттың хатшысы мен депутаттары, жергілікті атқарушы билік пен мемлекеттік органдардың басшылары, жоғарғы оқу орндарының ректорлары мен мектеп директорлары, қаладағы денсаулық

сақтау мекемелерінің бас дәрігерлері, қоғамдық және діни ұйымдардың өкілдері шақырылып, Алматы аумағында қылмыстың алдын алу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы талқыланды. Осы жерде ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрес шаралары жөнінде тың жобалар дүниеге келді. Азаматтардың конституциялық құқығын сақтау, прокуратура тарапынан жазықты адамды қамауға рұқсат беру, қылмысты тіркеу, ашу сияқты мәселелер жаңа қырынан сарапталды. Бас прокуратура тарапынан біздерге берілген нұсқаулар мен тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында өткен жылы 12 рет алқа мәжілісін өткізіппіз. Онда прокуратуралық қадағалау, шұғыл іздестіру әрекеттері мен іс-түссіз жоғалып кеткендерді табу, бюджет қаржысын қымқыру сияқты 34 мәселе қаралды. Ал, қала әкімдігінде өткен 7 ведомствоаралық жиналысқа қала прокуроры да шақырылып отырды. Жалпы, бұл басқосудардың үшеуі қалалық прокуратураның ұйытқы болуымен өткенін айта кеткеніміз жөн.

– **Өткен жылы Алматы қаласында аты-шулы оқиғалар аз болған жоқ. Жоғарғы оқу орындарының ақылы бөліміндегі студенттер жылдық ақыларының, кейбір тұрғындар коммуналдық төлемдерінің көтерілуіне ашық наразылық білдірді. Жеке үйлерін бұзып, орнына жаңа үй салуға қарсылық білдірушілер де арагідік бой көрсетіп қалды. Кезінде бос жатқан жерге заңсыз баспана салып алғандар біраз әуреге түсті. Бұл текетірісті жағдайларға сіздер қандай заңдық баға бере аласыздар?**

– Қалалық прокуратура бұл оқиғалардың бел ортасында жүрді десем, артық айтқандығым емес. Студенттердің құқығын сақтау тұрғысында жоғарғы оқу орындарының басшыларына біздің тарапымыздан 5 рет ұйғарым жіберілді. Соның арқасында 5 мыңнан астам студенттің бұзылған құқығы қалпына келтірілді. Жоғары оқу орындарының ректорларымен 110 рет түсініктеме жұмыстарын жүргізіппіз. Сөйтіп, жағдайдың ушығуына жол бермедік. Сондай-ақ, кезінде заңсыз басып алынған

жерлерге үй салушылармен де тиянақты шаралар өткізілді. Нәтижесінде 3 мыңнан астам отбасына жер телімдері қайта заңдастырылып берілді. 80 мыңнан астам адам сол тұрып жатқан жерлеріне қайта тіркеліп, сайлау тізіміне ілікті. Қалалық прокуратураның тікелей араласуы нәтижесінде «Шаңырақ», «Әйгерім», «Дархан» сияқты шағын аудандар қаланы дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған Бас жоспарына енгізілді. Қаланың шет аудандарын қыс қарсаңында жылумен, жарықпен қамтамасыз ету ісіндегі заңсыздықтар да қалалық прокуратураның назарына тыс қалған жоқ. Ал, «Ақжол құрылыс» ЖШС жұмысшыларына әкімшілік тарапынан ұзақ жылдар бойы төленбей келген 1 млн. 300 мың теңге прокуратураның араласуы арқылы иелеріне берілді.

– **Өткен жылдың басында лауазымды адамдардың, әсіресе мемлекеттік қызметтегі адамдар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөнінде Президент Жарлығы шықты. Осы бағытта қандай жұмыстар жасалынды?**

– Бұл Жарлыққа орай Бас прокуратураның №68 бұйрығы шыққан болатын. Бұйрық бойынша біздер 67 рет прокурорлық қадағалау жұмыстарын жүргіздік. Нәтижесінде 60 лауазымды адамның үстінен қылмыстық іс қозғалды. 143 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қалалық ҰҚК мен прокуратура қызметкерлерінің бірлесе қимылдауының нәтижесінде «Қорғас» кеденінде бопсалаумен айналысып келген ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері құрықталды. Түркісіб ауданының судьясы Е.Омаров сотталды. Статистика агенттігі төрағасының орынбасары Ю. Шокоманов, Әуезов аудандық сотының судьясы Р.Рысмағамбетованың істері сотта қаралып жатыр. Ауыр қылмыстармен айыпталып, сот үкімін күтіп отырған қылмыскерлердің аты-жөндерін тізе беруге болады.

– **Сіз есепті баяндамаңызда 5 миллиард теңгені қымқырған «Наурызбанк» АҚ-ның лауазымды қызметкері жайында, 18 млн. теңгені қымқырған «Шағын кәсіпкерлікті**

дамыту» ЖАҚ-тың бас бухгалтері С.Байболова, 300 млн. теңгенің салығын жасырған кәсіпкер Ибрагимов жайында, тағы басқалар тұрғысында ашық айттыңыз. Ал, енді құқық қорғаушылар тарапынан жасалынған қылмыстар да аз емес сияқты. Олардың да атын атап, түсін түстей кеткеніңіз дұрыс сияқты.

– Азаматтардың конституциялық құқығына қол сұққан 43 қызметкер әкімшілік жазаға тартылғандығы жөнінде жоғарыда айттым-ау деймін. Олардың ішінде 14 прокуратура қызметкері бар. 13 полиция қызметкерінің үстінен қылмыстық іс қозғалса, 11-і сотталды. Олар – Әуезов аудандық ІІБ қызметкерлері Әбілов, Хамзин дегендер... Медеу аудандық ІІБ қызметкерлері Б.Әбілазимов, Е.Нұрбаев дегендердің істері тергелуде. Таяуда сотқа өткізілуге тиісті. Жалпы, өткен жылы 314 құқық қорғаушылар тәртіптік жауапкершілікке тартылған...

– Алматыда қылмыс жасап, шетелдерде жасырынып жүрген қылмыскерлер жайында де кезінде баспасөз беттерінде жазылған еді. Бұл жөнінде қандай тың деректер бар?

– Бұған дейін Бас прокуратура арқылы шет елдегі әріптестерімізге 20 рет ұсыныс жібергенбіз. Нәтижесі жаман емес. Өткен жылы Пәкістанда жасырынып жүрген Ильмахунов деген баскесер мұнда әкелінді. Ол 2001 жылы Алматыда үш шетел азаматын өлтіріп, бой тасалап үлгерген. Оның алдында, яғни 1996-1999 жылдары ол Сирияда, Иранда лаңкестік әрекеттерге қатысқан. Қырғызстанда жасырынып жүрген Әлиев, Тажмаков, Даутукаев деген қылмыскерлер де Қазақстанға қайтарылды. Олардың Алматыда қарулы топ құрып, қарақшылықпен айналысқаны да белгілі болатын. Жалпы, шетелдерге 19 қылмыстық істерді жібергенбіз. Алдағы уақыттарда Қазақстанда қылмыс жасап шетелдерде бой тасалап жүргендердің бәрі қайтарылады деп ойлаймын.

– Айта берсек, әңгіме көп. Кейінгі кезде ипотекалық несие төңірегінде де сыбайлас жемқорлық өріс алып бара жатқандай. Бұл жөнінде қандай тың деректер келтіре аласыз?

– Біздер, Алматы қалалық тұрғын үй басқармасындағы заңдылықтың сақталуын жіті қадағалаудамыз. Соған қарамастан өткен жылы 20-дан астам заң бұзушылықтар анықталды. Тұрғын үй алуға қақысы жоқ адамдармен жасалған 14 келісімнің күші жойылды. Прокуратураның қатысуымен ипотекалық несиесі бөлімінің бастығы С.Қайыргелдинаға сөгіс жарияланды. Жалпы қай мәселеде болмасын азаматтырдың өздері табандылық танытқандары дұрыс қой. Қазір пара алған адаммен қоса пара берген адам да қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Егер шенеуніктер қызмет бабын пайдаланып, пара беруге мәжбүрлесе, дереу тиісті орындарға хабарлау керек. Мен азаматтарды осыған шақырамын. Ал, өздері жалынып жүріп әлдекімдерге пара беріп, мәселесін заңсыз жолмен шешіп алғаннан кейін әр түрлі әңгімелерді судай сапырады. Олай еткенше, әділдік үшін күреске шық. Заң жолында күресу – ар жолында күресу деп білемін. Өйткені, заңның жолы – ардың жолы емес пе? Сіз қалай ойласыз?

– Егер, дәл солай ойламасақ, бұған дейінгі әңгіменің мәнісі де болмас еді. Рахмет!

«Президент және Халық» газеті,
3 ақпан, 2006 жыл.

ЗАҢ ӨЗГЕРДІ, МИЛИЦИЯ, СЕН ДЕ ӨЗГЕР!

(Белгілі заңгер, генерал-майор
Қайырбек Сүлейменовпен сұхбат)

– Заң қабылданды. Оны жүзеге асыруға кіріскендеріңізге де міне төрт-бес айдың жүзі болып қалыпты. Сонымен, бұл заң милиция өміріне недей тың үрдістер әкелді?

– Жаңа заңдар үсті-үстіне қабылданып жатыр. Ал, оның орындалуы қалай демексіз ғой? Бір сөзбен айтқанда, заңымызда мін жоқ сияқты. Осы заңды басшылыққа ала отырып, жұмыс жүргізу негізгі міндетіміз. Бүгінгі күнге дейін не істеп, не қойғанымыз жөнінде айта берсек, әңгіме ұзаққа созылып кетер. Сондықтан, сіздің тарапыңыздан қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге дайынмын.

– Келістік. Олай болса, осы жылдың 23 маусымында газетке жарияланған заңды мен де, сіз де қолымызға ұстай отырып, оның әрбір бабына талдау жасап көрейік.

– Жақсы. Бірақ заңның әрбір бабына жеке-жеке тоқталамыз деп келісілген уақытымызды ұзаққа созып алмаймыз ба?

– Жоқ, мен осы заңмен мұқият танысу барысында өзіме де, оқырманға да түсініксіздеу болған кейбір баптарға ғана назар аудармақпын. Сонымен, «Жалпы ережелер» деп аталатын 1-бөлімнің 5-бабында ішкі істер министрінің, облыстардың ішкі істер басқармалары бастықтарының, Ішкі әскерлер бөлімдері мен құрамалары жөніндегі өкілеттігі туралы айтылыпты. Яғни, төтенше жағдайда Ішкі әскерлер құрамалары тікелей ішкі істер министрінің бағыныштылығында болатын сияқты. Ал, республиканың Ішкі әскерлері жөнінде жеке заң бар. Олар сіздерден бөлек ведомство емес пе? Сонда қалай болғаны?

– Ол былай. Ішкі әскерлердің өзі құрамы жағынан үшке бөлінеді:

Біріншісі – арнаулы жасақтар деп аталады. Олар кәдімгі милиция киімін киетін, екі жыл мерзімге әскери қызметке шақырылатын азаматтар.

Екіншісі – арнаулы объектілерді бақылайтын күзет бөлімі.

Үшіншісі – сотталған адамдарды еңбекпен түзеу орындарына жеткізетін, сотқа әкелетін, тұтқындарды бір қаладан екінші қалаға ауыстырған кезде олардың қашып кетпеуін қадағалайтын күзет тобы. Ресми түрде бұл жасақты конвоирование деп атайды. Қазақша – айдауыл дейміз бе қалай? Міне, осылардың ішіндегі арнаулы жасақтар төтенше жағдайда ішкі істер министрiне, облыстардағы ішкі істер басқармалары бастықтарына тікелей бағынады. Себебі, төтенше жағдайдың аты – төтенше жағдай. Ондайда, ырғалып-жырғалып, әркім бас-басына би болуға тырысса, соңы өкінішке әкеліп соқтырары сөзсіз.

– Түсінікті. Сіздер бұдан екі жылдай бұрын жергілікті (муниципальды) милиция жасақтарын құру жұмысын қолға алған едіңіздер. Мына заңнан ол жөнінде ештеңе байқай алмадым.

– Жергілікті милиция ол кезде алғашқы тәжірибелердің бірі ретінде дүниеге келгені рас. Кейбір жерлерде бұл тәжірибе оң нәтижесін бере де бастаған. Бірақ, мына аумалы-төкпелі заманда жергілікті жерлердегі басшылықтың тұрлауы кетіп, тұрақсыздана бастаған соң, бұл істі тоқтата тұруға тура келді. Мұндайда қарулы топ – милицияны әлдекімдердің қолына түбегейлі тапсыру қауіпті. Сондықтан, «Ішкі істер органдары туралы» Заңда ол жайында ештеңе көрсетпедік.

Мысалы, бір бұзақы үлкен бір қылмыс істеп, қашып бара жатыр екен дейік. Қомандирі өзінің бағыныштысына «Атып таста!» деп бұйрық берсе, ол ойланбастан атып тастаса... Сосын келіп «Мынау маған дұрыс бұйрық бермеді» деп шағымданғаннан не пайда? Міне, сондықтан қолына қару ұстаған адамға, өзі екінші біреудің қолындағы ойыншыққа айналмас үшін, өз басымен ойлайтын, қысылтаянда дұрыс шешім қабылдай білетін мемлекет адамының құқығы беріліп отыр.

– Алайда, бағынышты қызметкер «Осы бұйрықты маған дұрыс берді ме, әлде бұрыс берді ме?» деп қабырғасымен кеңесіп тұрғанда «іс бітіп, қу кетіп» қалмай ма?

– Егер осы баптың келесі сөйлемін соңына дейін оқып шықсақ, сіздің бұл сауалыңызға толық жауап шыға келейін деп тұр. Мұнда былай делінген: «Орынды кәсіби тәуекел жағдайындағы ішкі істер заңды органдары қызметкерінің іс-әрекеті заңды бұзғандық болып танылмайды. Егер, жасалған іс-әрекет жағдайдан объективті түрде туындаған болса, ал заңды мақсатқа мұндай әрекет жасамай қол жеткізу мүмкін болмаса және ішкі істер органдарының тәуекел жасаған қызметкері қалыптасқан жағдайда келтірілген зиянды болғызбау үшін барлық шараларды қолданса, тәуекел аяқталды деп танылады». Бұл не деген сөз? Мысалы, бұрнағы жылдары Қырғызстанда мынадай бір оқиға болғаны естеріңізде шығар. Онда арам пиғылды әлдекімдер бір автобустың ішіндегі бүлдіршіндерді кепілдікке алып, үкімет орындарынан қыруар ақша талап етті. Сөйтіп, өздері шет елге ұшып кеткілері келді. Егер, ол талаптарды орындамаған жағдайда автобусты жарамыз деп қоқан-лоққы көрсетті. Міне, осы сәтте құқық қорғау органдарының қызметкерлері тәуекелге бел байлады. Қапияда жол таба білді. Егер, сол жерде оқ шығарып, қылмыскерлермен атысты бастап жібергенде сол маңайдағы қаншама жазықсыз жандар құрбан болар еді. «Нар тәуекел – ердің ісі» деген. Біздің қызметкерлер тек көз жұмып, бұйрықты орындаушы емес, қысылтаяң сәттерде өзінше айла таба білетін нағыз ел сақшысы болғаны жөн. Сондықтан да, бұл заңда оларға ерекше құқықтар берілген.

– Атыс қаруын қолдану жөнінде бұл заңда біршама айтылған екен. Осы жағына тоқталсаңыз.

– Бұрын біздің қызметкерлер белдеріне қаруды тек бұзақыларға айбат көрсету үшін ғана тағып жүрді десем, артық айтқаным емес. Себебі, біреуді ату деген ол кезде өзін де түрмеге түсумен бірдей деген сөз еді. Қазіргідей қылмыс қаулап өсіп тұрған шақта енді милицияның қолын байлаудың өзі

қылмыс. Сондықтан, қылмыскерлер жазықсыз жандардың өміріне ашықтан-ашық қауіп төндірген кездерде бұрынғыдай ырғалып-жырғалып, ескерту ретінде аспанға қарата оқ атып тұратын уақыт емес қазір. Ауызша ескертпелерге құлақ аспаған қылмыскерлердің өзіне тура бағыштап тұрып оқ шығаруға милицияның қақысы бар. Алайда, бұл ретте сол маңайдағы азаматтардың қауіпсіздігі сақталуы тиіс.

– Бұл – адамдардың меншігіне, олардың адамдық құқына қол сұғушылық болып шықпай ма?

– Жалпы, мына заңды оқыған кезде, ой сарабынан өткізген кезде оған қандай көзбен қараудың көп мәнісі бар. Бір сәт осы құжатқа қылмыскердің көзімен қарап көрейікші, қаншама кемшіліктер табар екенбіз. Сосын жәбірленушінің көзімен...

Мәселен, біреудің үйіне ұры түсті деген суық хабарды естіген сақшылар сол жерге жеткенде, есіктен қарсы оқ жаудырды дейік. Ондайда көрші үйдің балконынан өтіп барып, сол үйдің терезесінен түсуге тура келеді. Ал, заң бойынша біреудің үйіне рұқсатынсыз (санкциясыз) кіруге қақысы жоқ. Сонда не істейміз? Прокуратураға барып, одан рұқсат қағаз әкелемін деп жүргенінде қылмыскер ізін жасырып үлгермей ме? Міне, сондықтан жаңа заңда бұл жөнінде жаңа шаралар қолдану жағын қарастырдық.

– Ол да жөн екен. Сөйтсе де мына 14-пунктте МАИ қызметкерлері заңда көзделген ретте тасымал құралдарын қарап шығуға қақысы бар екені айтылған. Тасымал құралдарына – жеке меншік көлігінің қорабын себептен-себепсіз ақтарып-тексеру қалай болады?

– Әдетте, қылмыс жасап келе жатқан жүргізушілер ешқашан жол ережесін бұзбауға, өзіне күдік тудырмауға тырысады, құжаттарын да сақадай-сай етіп ұстайды. Бірақ, көліктің қорабында ұрланған адамның денесі жатпасына кім кепіл? Мұндай деректер аз кездеспейді. Ендеше, заңда көрсетілген бұл бапты да орынды деп білген дұрыс.

– Осы Заңның жобасы алғаш рет талқыланған кезде Жоғары Кеңестен шақырылған депутаттардың бірі:

«МАИ қызметкерлері мені тоқтатқанда мен машинаның ішінде отырып, инспектордың маған келуін күтуім керек пе, жоқ әлде оған өзім баруым керек пе?» деген сұрақ қойғаны есімде. Алайда, сол жолы бұл сауалға нақты жауап қайтарылмады. Бұл жөнінде заңда ештеңе айтылмапты.

– Негізі, тоқтатқан көліктің жүргізушісіне инспектордың өзі баруы керек. Дегенмен, жол үстіндегі арлы-берлі ағылған көліктерді тоқтатқан сайын жолдың ол шеті мен сол шетіне жүгіріп жүрген инспектордың әрекетін бір сәт көз алдымызға елестетейікші. Жүргізуші көп, ол – жалғыз. Бір көлікке қарай жүгіріп бара жатқанда, екіншісі жол ережесін бұзуы мүмкін. Үшіншісі тағы да... Төртінші оның көзін ала беріп тоқтамай кетті... Сондықтан, инспектор машинаға қашан келеді деп кезегін күтіп машинаның ішінде отырғанша, жүргізуші өзі инспекторға жүгіріп барып шаруасын тез тындырғаны екі жаққа да тиімді ғой. Сол себепті, бұл мәселені заңда көрсетіп жатуды артық деп санаймын.

– **Мені мынау 10-баптың 6-пунктінде айтылған жәйттар біраз ойға қалдырып тұрғаны. Мұнда ішкі істер органдары қылмысты табу, тыю және ашу үшін кинобейне, сурет және дыбыс жазбасын пайдалануға, сондай-ақ, прокурордың рұқсатымен телефон немесе басқа да сөйлесетін құралдар арқылы сөйлесілген сөздерді тыңдауға құқығы бар екен. Мұндай әрекеттермен бұрын КГБ айналысып келгенін білеміз. Демократиялық пен жариялылықтың арқасында тыңшылықпен айналысатын адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыратын жансыздардан құтылдық па деп жүргенде, сіздер оны қайта қолға алғандайсыздар. Бұл қалай болғаны?**

– Дұрыс айтасыз, демократиялық пен жариялылық кезінде жасырын ештеңе болмауға тиісті. Сондықтан, тыңшылық жұмысымен, телефон арқылы сөйлесілген сөздерді тыңдаумен, қылмыс болады-ау деген жерлерге жансыз жіберіп, алдын ала деректер алудың құпия әдістерімен айналысатынымызды бұдан былай біз де жария түрде айтатын боламыз және айта аламыз да.

Ақыры айтқаннан кейін түгел айтайын. Жоғарыда аталған 10-баптың 6-пункті негізінде оны одан әрі тереңдетіп, «Шұғыл іздестіру әрекеттері туралы» арнайы Заң жобасын жасап та қойдық. Міне, онымен тереңірек танысу үшін өзіңізге бір данасын уақытша бере тұруға да дайынмын. Республика Жоғары Кеңесінде бұл заң бекітілгеннен кейін өзіміздің «Сақшы-На страже» газеттерінде оны түгелдей жариялаймыз. Бізде жасырын ештеңе жоқ екенін халық білсін. (Заң жобасымен толық танысып шыққаннан кейін Қайырбек Шошанұлымен бұл жөнінде тағы әңгімелестік).

– Қосымша заңдарымызды оқып шығып мен тәуелсіз мемлекетіміздің құқық қорғау органдары үшін тек осындай заң қажет-ау деген ойға қалдым. Себебі, қазір жалғыз Қазақстанда ғана емес, бұрынғы КСРО-ның барлық республикаларында бей-берекетсіздік етек алып кетті. Қаулаған қылмыстың соңы кейбір жерлерде азамат соғысына әкеп тіреді. Мафия дейміз бе, ұйымдасқан қылмыс дейміз бе, әйтеуір ауыздыққа бас бермес бір көзге көрінбейтін жасырын күштер пайда болды. Осынау алмағайып заманда бұқара халық өздеріңізге көп үміт артады. Өйткені, сіздер ел тыныштығын сақтайтын ел сақшыларысыздар. Сондықтан, өз жұмыстарыңызды жаңа үрдіске бастар жолдағы мына қосымша заң жөнінде де қысқаша тұжырымдап, түсініктеме бере кетсеңіз.

– Негізгі Заңдардан туындайтын мұндай құпия ережелер бұрынғы Орталықта бұрында да бар болатын. Тек ол құпия күйінде сақталатын да, онымен тек КГБ айналысатын. Енді, міне, өзіміздің Егемендігімізді, Тәуелсіздігімізді, ішкі-сыртқы қауіпсіздігімізді, ел байлығын сақтау үшін құқық қорғау органдары тізе қоса қимылдайтын кезең туды.

Байқаған шығарсыз, бұл қосымша заң – Ішкі істер министрлігіне де, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне де, Қорғаныс министрлігінің барлау органдарына да, Ішкі әскерлердің іздестіру тобына да, республика Президентінің күзет бөліміне де, бұған

дейін құпия жағдайда жұмыс жүргізген республикалық «Альфа» тобына да ортақ құжат.

Мен бұл жерде мына бір мәселеге баса назар аударғым келіп отыр. Телефон арқылы сөйлесілген сөздерді тыңдау, қылмыс болды немесе болады-ау деген жерлерде тыңшылар ұстау жұмыстарын жүргізу барысында жеке адамдардың құқына ешқашан қол сұғылмайды. Егер, ондайға жол берілсе, заңда көрсетілгендей, шұғыл іздестіру тобының қызметкерлері сот алдында жауап береді.

Қазіргі кезде біздің мемлекеттік шекараны қорғау да күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Әсіресе, шетелдіктердің біздің елге қарсы барлау әрекеттері кейінгі кезде назардан тыс қалып қойды. Сондықтан, қарсы барлау жұмыстарын бәсеңдетпеуіміз керек. Ол үшін халықаралық құқық қорғау органдарымен жұмысты жандандыруға тура келеді. Бір сөзбен айтқанда, заман өзгерді, оған сәйкес заң да өзгеруі қажет. Ендеше, бүгінгі милиция жұмысында түбегейлі өзгерістердің жүргізілуі заңды құбылыс қой деп ойлаймын.

– Әрине, солай болуға тиісті. Әңгімеңізге рахмет!

«Халық кеңесі» газеті,
23 қазан, 1992 жыл.

ЗАҢДЫ САҚТАУ – АРДЫ САҚТАУ
(Қазақстан Республикасының Бас прокуроры,
Қазақстанның халық депутаты Жармахан Тұяқбаевпен
сұхбат)

– Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң қабылданды. Бұл Заңның бұған дейінгі заңнан өзгешелігі қандай? Осы жағын қысқаша әңгімелей кетсеңіз.

– Қазіргі мынау өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына байланысты жаңадан заңдар қабылданып жатқаны белгілі. «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң да уақыт талабынан туындап отырған қажеттіліктердің бірі. Жалғыз біз ғана емес, бұрынғы КСРО құрамындағы басқа республикаларда да осындай үрдіс байқалады.

Біздің қазіргі қабылдаған заңымыздың бұған дейінгі қолданылып келген прокуратура туралы заңнан айырмашылығы қандай дегенге келетін болсақ, мұнда, әрине, ілгерілеу баршылық. Солай болуға тиісті де ғой, өзі.

Прокуратура органдарын құру, үйлестіру, ұйымдастыру жүйесіне біршама толықтырулар енгізілді. Оның бәрі заңда көрсетілген, сондықтан мұның бәрін түгелдей тізбелеп шығудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймын.

– Әрине. Бұл жерде тек өзіңіз маңызды деп есептейтіндерге ғана тоқталсаңыз...

– Жоғарғы Кеңес сессиясында Бас прокурордың өкілеттілігі, бұл қызметке келетін адамның жас мөлшері мен шығу тегі туралы біраз ойлар айтылды. Кейбір депутаттар Бас прокурор қызметіне жиырма беске толған азаматтарды қоюға болады десе, енді біреулері бұл отыз бес жастан кем соқпау керектігін алға тартты. Ақыры, соңғы пікірге келісті. Сонымен қоса, Бас прокурорлыққа республика территориясында ең аз дегенде он

жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін бірдей меңгерген азамат қана ұсынылады деп шешілді. Бұл да құптарлық жайт.

– **Жалпы мұндай қызметке тек республиканың төл перзенттері тағайындалуы керек деп тура айтсақ, бірдеңе бүлініп қалар ма еді?**

– Қайдам, осындай ой-пікірлерді құрметті депутаттарымыздың арасына дауысқа салған кезде мұндай мәселелер өтпей қалып жүр ғой...

– **Иә, сонымен жаңа заң сіздерге несімен құнды?**

– Прокуратура қызметкерлерін әлеуметтік-материалдық жағынан қамтамасыз ету бұл заңда біршама шешімін тапқандай. Прокурорлар мен тергеушілердің жыл сайынғы еңбек демалысы 30 жұмыс күнге дейін ұзартылды. Сондай-ақ, олардың прокуратура саласында қызмет атқарған мерзіміне байланысты 45 күндік еңбек демалысы мерзімі де белгіленуі мүмкін.

Прокурорлар мен тергеушілер енді қала маңындағы және жергілікті жолдардағы транспорттың барлық түрлерін (таксиден басқа) тегін пайдалануға құқылы. Қызмет бабымен сапарға шыққанда жол жүру құжаттарын кезектен тыс ала алады. Демалыс орындарына бара қалған жағдайда жолақылары да тегін төленеді. Осы заңның 62-бабының 5-ші тармағында: «Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері, олардың атқарушы және өкімші органдары прокурорлар мен тергеушілер қызметтеріне жаңадан сайланған адамдарға жеке тұрмысқа жайлы пәтер немесе үй түрінде алты ай ішінде тұрғын үй беруге міндетті» делінген. Егер, мұның бәрі дәл осылай жүзеге асса, біздің қызметкерлердің жағдайы жаман болмас еді.

– **Халқымыз мұндайда «алмақтың да салмағы бар» деген. Қазіргідей қылмыс көбейіп, заңсыздық белең алып тұрған кезеңде үкіметіміз де, қарапайым көпшілік те өздеріңізден үлкен үміт күтеді.**

– Оны жақсы түсінемін. Қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысудамыз...

– **Сөйтсе де қылмыс көбеймесе, азаяр емес...**

– Қылмыстың осыншама өсіп кетуіне жалғыз прокуратура кінәлі деп ойлайсыз ба?!

– **Ендеше, осы мәселенің басын бір ашып алайықшы.**

– Жақсы. «Балық басынан шіриді» деген нақыл да бар біздің қазақта. Қазіргі шиеленіскен саяси жағдай, әлеуметтік-экономикалық саладағы қиыншылықтардың негізгі себебі басқару жүйесіндегі кемшіліктерден болғанын несіне жасырамыз. Демократия, жариялылық деп жүріп бей-берекетсіздікке жол беріп алдық. Сөз көбейді, іс азайды. Заң, жарғылар қағаз жүзінде қалып қойды. Қылмыстың қитұрқы қырлары көбейе түсті.

– **Міне, осы арада прокуратураға өкпелеуге біздің қақымыз бар сияқты. Заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалау – тікелей сіздердің міндеттеріңіз. Қажет деп тапсаңыздар кезкелген лауазымды адамның үстінен қылмысты іс қозғай аласыздар. Ендеше, оған не бөгет...**

– Қылмысты іс қозғау оңай. Ал оны дәлелдеу жағы бір басқа. Бұл жерде қылмысты ашу мен қылмысты дәлелдеу деген ұғымның ара жігін ажыратып алған жөн. Мәселен, милиция қызметкерлерінің негізгі міндеті қылмысқа тосқауыл қою, қылмысты ашу болып табылады. Сол ашылған қылмысты дәлелдеу, яғни қылмыс жасаған адамның кінәсін мойнына қойып, оны сотқа жіберу тергеушілердің міндеті. Мұнан кейін іс сотта қаралып, сот үкім шығарады. Осы аралықтарда шалағайлықтардың салдарынан заң бұзылуы мүмкін. Прокурорлық қадағалау міне осы жерде ауадай қажет.

– **Кешіріңіз, прокуратура істі өзі терген сотқа өткізген соң, сотта тағы айыптаушы болып отырады. Сонда, прокурор заңның дұрыс орындалуын қалай қадағаламақшы?**

– Сұрағыңыз өте орынды. Бұл мені де көптен ойландырып жүрген жайттардың бірі.

Кейінгі кезде арнайы тергеу комитетін құру керек деген ой жиі айтылуда. Прокуратура туралы заң қабылданар кезде сессияда да осы төңіректе әр түрлі пікірлер туындаған. Мен өз басым жеке тергеу комитетін құруды жақтаймын.

Оның бірінші себебі, жаңағы өзіңіз айтқан прокурордың өзі істі тергеп, сотта өзі айыптаушы болуы. Шынында да прокуратура өзі тергеген істің сот алдынан қайта тергеуге қайтарылып жатқанына мүдделі емес. Ендеше, істің әділ шешілуіне қандай кепілдік бар?

Екіншіден, құқық қорғау орындарының бәрінде, милицияда, МХК-де тергеу жұмысы жүргізіледі. Ол органдардың әрқайсысының өзіне жүктелген міндеттері бар. Жаңа айтқандай, милицияның басты мақсаты — қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмысты ашу. Ал, мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің міндеті не екені өздеріңізге белгілі. Сондықтан, олар тергеуді, күдікті адамның кінәлі немесе кінәсіз екендігін анықтауды көбінесе сол басты мақсатқа бейімдеп жүргізеді. Ол барып тергеудің шалағай жүргізілуіне әкеліп соқтырады. Сөйтіп, тергеушілердің кәсіби деңгейінің артуына, олардың процессуалдық тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді.

– Сондағы басты мақсат дегеніңіз, ол қандай мақсат? Редакциямызға келіп түсіп жатқан хаттардың көбісінде «тергеушілер ұрып-соғып мойындатты» деген жан айқайлары жиі естіледі. Бұған не дер едіңіз?

– Тергеушілер ұрып-соғып мойындатты деген, ол бекер сөз. Бұл арада алдын ала тергеу деген нәрсенің басын ашып, түсіндіре кетейін. Мысалы, қылмысты іздестіру тобының қызметкерлері күдікті бір адамды ұстады дейік. Енді олар оны мойындатып, қылмысты ашуы керек. Ол үшін әркімдерді куәға тартады. «Қылмысыңды мойындамасаң бәлен жылға сотталасың!» деп қорқытады. Ұрып-соғуы да мүмкін. Өйткені, милиция бастығының рұқсатымен күдікті адамның үстінен қылмысты іс қозғатқан қызметкер енді «мынаның қылмысы жоқ екен» деп қайтадан алып келсе, бастығы оны маңдайынан сипай қоймайтыны белгілі. Сондықтан, ол күдікті адамды қалайда мойындатып, істі тергеуге өткізуге мүдделі. Себебі, милицияның басты мақсаты қылмысты ашу, ал істің қалай тергеліп, заңның мүлтіксіз орындалуына олар тікелей жауапты емес.

– **Жақсы, іс тергеушіге өткізілді дейік. Айыпкердің кінәлі немесе кінәсіз екенін дәлелдейтін енді сол. Қысқасы, адам тағдыры соның қолында.**

– Қылмысты іздестіру тобының қызметкері тергеушіге іспен қоса айыпкерді алып келгенде өзі көбінесе соның қасында отырады. Ол жерде «мынау мені ұрып-соққаннан кейін еріксіз мойындадым» деп айыпкер айта ала ма? Олай десе тергеуші істі қабылдамауы мүмкін. Ондай жағдайда айыпкер қайтадан бұрынғы «қожасының» қолына түседі. Сосын еріксіз мойындап тынады.

– **Егер, тергеуші күдікті адамның қылмысқа қатысы жоқ екеніне көзі жетсе, неге оны босатуға шешім қабылдамаса...**

– Мәселенің мәнісі сонда, тергеуші де милицияның бастығына бағынышты ғой. Милиция бастығы: «мынау былай дейді, ал сен не айтып тұрсың?!» деп өзіне дүрсе қоя берсе, ол еріксіз бастықтың айтқанына көнбеске амалы қайсы. Сөйтіп тергеуші де алғашқы айыптау қорытындысының жетегінде кете барады.

– **Осының бәрін өзіңіз тайға таңба басқандай біліп отырсыз. Мұндайға қарсы неге бітіспес күрес ашпайсыздар?**

– Мен бұл сөздің бәрін шартты түрде, болжаммен айтып отырмын. Дәл сондай заңсыздықтың үстінен түссек, ешкімді аямас едік. Көрдіңіз бе, сіз де, біз де бәрін іштей ғана сеземіз. Алайда, көзге көрініп тұрған ештеңе жоқ. Сондықтан да, тергеушіге дербестік беріп, жеке тергеу комитетін құру керек деп айтып жүр емеспіз бе?! Онсыз ештеңе де өнбейді.

– **Әйтсе де, істі дұрыс жүргізбеген тергеуші жазаға тартылыпты, сотталыпты дегенді естімеген сияқтымын.**

– О не дегеніңіз. Бізде ондай істер жеткілікті. Бірақ мен үшін бұл мақтанарлық көрсеткіш емес. Сондықтан, цифрлармен ауыз толтырғым келмейді. Біле білсеңіз, қылмысты дәлелдей алмаудың да өзі қылмыс, кешірілмейтін күнә. Адам тағдырынан қымбат дүниеде ештеңе жоқ қой.

– **Кейінгі жылдары жазықсыз сотталып кетіп, соңынан ақталып шыққандар тарапынан редакцияға арыз-шағым**

көптеп келеді. Бір байқағаным, 1985 жылға дейін мемлекет мүлкін талан-таражға салған шаруашылық басшылары жауапқа жиі тартылыпты. Былай қарасаң, дәл сол адам өзі жеке басына ештеңе иемдемегендей көрінеді.

– 1985 жылға дейінгі жағдай әкімшілдік-әміршілік жүйенің қыспағындағы кезең еді. Ауданның немесе облыстың бірінші хатшысы не айтса, сол жүріп тұрды. Заң орындарының кейбір қызметкерлері олардың уысынан шыға алмай, осалдық танытқандықтары да шындық. Ол кезде жеке меншіктен гөрі социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтау басты мақсат болатын. Міне, соның салдарынан талай шаруашылық басшылары орынсыз жазаланды. Мемлекет қаржысын жеке өзі пайдаланбақ түгілі, оны үнемдеп, еңбекшілерді ынталандыру үшін 5-10 сомды артық жұмсағаны үшін қуғынға ұшырағандар, түрмеге отырғандар аз ба?

1987 жылы осы жөнінде арнайы қаулы қабылданып, шаруашылық басшылары талан-таражға түске қаржыны жеке бас пайдасына жаратқаны анықталмаса, оны ақтау керек деп шешілді. Ондайлардың көбісі қазір ақталып та жатыр.

– Ал енді жекешелендіреміз деп жүріп, жеткен жеріміз мынау. Түйені түгімен жұтатындар шықты. Қазіргі кезде кооперация, ассоциация, корпорация, аукцион, биржа дегендер пайда болды. Оларды кімдер қаржыландырып, тауарды қайдан алып жатқанын түсіну қиын. Бар байлық солардың қолында. Алыпсатарлық туралы қылмыстық бапты алып тастадық. Енді не істейміз?

– Шындығын айтсам, бұл жағдай мені де қатты толғандырады, Шет елден үйренудің жөні осы екен деп, кез келген нәрсені ойланбай қабылдай салуды әдетке айналдырдық. Сосын, ол туралы жалпылама, болбырлау заң шығара саламыз. Ол заң қалай жүзеге асатыны туралы жете ойланбаймыз. Сөйтеміз де «Ұрлап жатыр, әкетіп жатыр, құқық тәртібін қорғау органдары қайда қарайды?» деп айқайлап шыға келеміз. Мысалы, бұдан екі жылдай бұрын алыпсатарларға қарсы күресті күшейту

туралы заң шыққан. Бір қараған адамға ол заңның бәрі дұрыс сияқты әсер ететін. Бірақ алыпсатардың көлденең табатын табысы 100 сомнан аспаса оны жауапқа тартуға қақымыз жоқ болып шықты. Оның үстіне ол затты көлденең пайда табу үшін сатып алғанын дәлелдеу қажет делінді. Өстіп те саудагерлермен күресуге бола ма?

Ал мына кейінгі баға еркіндігі дегенге келейік. Нарықтық қатынастың жөні осы екен деп кім қолындағы бұйымды қаншаға сатса да еркіндік бердік. Ол бұйымның қайдан алынғандығы жайлы тіпті сөз жоқ. Жағдай қиындап бара жатқан соң, күнделікті тұрмысқа қажетті тағамдардың бағасына шек қойылды. Баяғыда сөйту керек еді. Енді, сол көрсетілген бағадан артық сатқан адамды біз жауапқа тарта аламыз. Біле білген адамға нарық заңының өзі осылай ғой...

Қылмыстық кодекстен алыпсатарлар тұрмақ «ату жазасын» да алып тастай жаздаған жоқпыз ба? Осы бір қатаң үкім туралы өз пікіріңізді білгім келеді.

— Бұл жазаны қолдану әр түрлі жағдайға байланысты. Алайда, қасақана адам өлтірген қылмыскерге тек ату жазасын қолдану керек. Онсыз жазықсыз бұл дүниеден өткен адамның обалын өтеу мүмкін емес.

— Ал, адамның өмір сүру құқығы жағынан келгенде бұл біздің қоғамға жат құбылыс болып шықпай ма?

— Әсіресе гуманизм жетегіне ереміз деп жүріп жеткен жеріміз осы. 70 жылдан астам уақыт бойы күткен «коммунизміміз» күндердің күнінде ғайыптан пайда бола қалса, дәл сол күні бұл қылмыстық бапты Қылмыстық Кодекстен алып тастау қиынға соқпас...

— Манадан бері сұраймын деп ұмытып отыр екем. Прокуратура белгілі бір іс бойынша сотқа наразылық білдіретін кездері аз емес. Алайда, сөйте отырып кейде сол наразылықтарын прокуратураның өзі орта жолдан қайтарып алатындары несі? Мұндайда көңілге еріксіз күдік туады...

— Ондай оқиғаның кездесетіні рас. Әр нәрсенің өзінің себеп-салдары бар ғой. Кейде бір істі қарап шығып, айыпкердің

қылмысы толық дәлелденбегенін топшылайсың. Сосын, наразылық білдіруге тура келеді. Бірақ, сол екі арада айыпкердің қылмысын дәлелдейтін жаңа бір деректер табылып қалады. Наразылықты орта жолдан қайтарып алуымыздың себебі содан.

– Газет беттерінде тергеуден кеткен ағаттықтар, сот үкіміндегі әділетсіздіктер туралы сыни мақалалар жиі жарық көреді. Оның сіздерге тигізер көмегі бар ма?

– Баспасөзде жарияланған сыни мақалаларға біз қатты көңіл бөлеміз. Сол мақалаға өзек болған оқиғаға байланысты істерді міндетті түрде алғызып алып, қайта қараймыз. Бір өкініштісі сол, журналистің тілге тиек еткен дәйектемелері көбінесе өзінің жеке пікірі мен бір сәттік көңіл-күйдің әсерінен аспай жатады. Сосын оған қарсы жауап береміз. Алайда, олар бұған қанағаттанбай, қайтадан мақала жазады. Біз қайтадан жауап қайтарамыз. Сөйтіп, итіс-тартыс ұзаққа созылады. Шындығын айтсам, кейбір журналистер осыны өздерінше үлкен бедел санайтын сияқты. Мұны мен «атың шықпаса жер өртенің» кері деп білемін. Егер бізбен ақылдасып алып барып мақала жазса, қой демес едік. Әділдік қашанда жеңеді. Ең бастысы, заңды сақтау керек. Ал заңды сақтау – арды сақтау деп түсінген жөн.

– Соңғы сұрақ. Бас прокурор ретінде, тіпті қарапайым адам ретінде көкейіңізде жүрген өкініштеріңіз, реніштеріңіз болмауы мүмкін емес. Сол жөнінде бір екі ауыз сөз айта кетсеңіз.

– Ондайлар бар ғой, бар... Бұған байланысты ойларымды кейін бір кездескенде айтармын...

– Уақытыңызды бөліп, пікір алысқаныңызға рахмет.

– Журналистермен жүздесуге қай кезде де дайынмын. Менің алдыма келіп, кіре алмай кеткен газет қызметкерлері болған емес. Сіздерге дегенде есігіміз ашық.

«Халық кеңесі» газеті,
3 наурыз, 1992 жыл.

ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ – БАСТЫ ҚАҒИДА

Қазанның 21-і күні Қазақ ССР Әділет (Юстиция) министрлігінде республикамыздағы қоғамдық бірлестіктердің құжаттарын ресми түрде тіркеу басталды. Бұл - Егеменді еліміздің саяси өміріндегі елеулі өзгерістердің бірі екені сөзсіз. Қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың басшыларына алғашқы куәлік салтанатты түрде тапсырылғаннан кейін Қазақ ССР Әділет министрі Ғалихан Нұрмұханбетұлы Ержановпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ғалеке, бүгін, міне, республикамыздағы қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың алғашқы легі заңды тіркеуден өтті. №1 куәлік «Невада-Семей» қозғалысының төрағасы Олжас Сүлейменовке тапсырылуының өзіндік мәні бар ма деп ойлаймын?

– Иә, оның үлкен мәні бар. Өйткені «Невада-Семей» – біздің республикамызда ең алғашқы құрылған қоғамдық қозғалыс екенін елдің бәрі біледі. Олар өздерінің бағдарламасындағы негізгі мақсаттарының бәрін сәтті орындап шықты. Қырық жылдан астам халқымыздың басына қайғының қара бұлты болып төніп келген Семей полигонын жаптыруының өзі үлкен ерлік емес пе?! Ал «Невада-Семей» қозғалысының игі бастамасы республика, Одақ көлемінен де әрі асып, бүкіл дүние жүзін шарлап кетті. Соның арқасында Жер шары бір сәт демігін басып, ядролық сынақтың дүрсілі сәл де болса толастағандай.

Оның үстіне өз жарғыларын тіркеу жөнінде бізге бірінші болып өтініш берген де «Невада-Семей» қозғалысы. Ендеше №1 куәліктің заңды иесі де солар болуға тиісті деп білемін.

– Республикамыздың Әділет министрлігіне Жарғыларын тіркеген бірлестіктердің (Қазақстанның социалистік партиясы, Рак ауруына қарсы күрес қоры, Кәсіподақ ұйымдары мен кооперативтер одағы т.б.) саны әзірге оншақты

ғана екен. Келешекте бұл көрсеткіш өсе түсетіні сөзсіз. Бұл сіздердің жұмыстарыңызға өз ауырлығын қоса ала келетін шығар?

– Биылғы жылғы қыркүйектің 5-інде Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің қаулысы бойынша бізде «Қоғамдық және діни ұйымдардың мәселелері жөніндегі Басқарма» деп аталатын тағы бір жаңа сала құрылды. Осы Басқарма енді қоғамдық бірлестіктермен түбегейлі жұмыс жасайтын болады.

– Одақ бойынша қоғамдық бірлестіктер туралы заң шыққаннан кейін оны бірінші болып қолға алған Ресей Республикасы. Біздегі заң мен Ресейдегі заңның арасында қандай айырмашылықтар бар?

– Ресейліктер «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ССРО Заңын сол күйінде көшіріп ала салды. Бәлкім, соның өзі олардың ішкі талаптарын толық қанағаттандыратын шығар. Ал, біздер ұлттық республикамыз. Олай болса, қандай Заңды қабылдаған кезде де, алдымен ұлттық мүдделеріміз ескерілуі керек.

– Дұрыс екен. Егер қарапайым жұртшылық көзімен қарар болсақ, бұл да көптеп шығып жатқан кезекті заңдардың бірі ғана екені рас. Қазір жақсы заң шығарып біреуді таңғалдыра кою қиын сияқты. Өйткені, оның орындалуы туралы мәселе бір басқа. Олай дейтінім, таяуда ғана Орал казактары Ресей мемлекетіне қызмет ете бастағанының 400 жылдығын Орал қаласында тойлаймыз деген желеумен ел ішінде лаң туғыза жаздады. Қазақстанның Заңына қайшы келетін әрекеттерге барып қаламыз-ау деген ойлар қаперлеріне кіріп те шыққан жоқ.

– Орал казактарының бұл ойраны, заңды бұзғаны былай тұрсын, тіпті ақылға сыймайды, ешқандай қисынға келмейді. Олар өздерінше ССРО Әділет министрлігінен тіркелуге өтініш беріп, Жарғыларын өткізіп қойыпты. Таяуда арнайы адамдар жіберіп, ондағы құжаттардың бәрін осында алдырып алдым. Министрге тікелей өзім телефон шалып, мұндайға енді жол беруге болмайтынын айттым. Мәскеудегілер оған келісті. Себебі,

біздің Заңымыздың 4-бабында: «...ССРО мен Қазақ ССР-інің территориялық тұтастығын бұзуды мақсат ететін, соғысты насихаттайтын, сондай-ақ, адам праволары мен бостандықтарын бұзуға жол беретін... Қоғамдық әскерилендірілген бірлестіктер мен қарулы жасақтар құруға тыйым салынады» делінген. Сондай-ақ, коммерциялық мақсатта құрылған кооперативтер мен ассоциацияларды да құруға жол жоқ. Егер, олар бұдан былай біздің Заңға қайшы келетін әрекеттерге баратын болса, заң жүзінде қатаң жазаланатынын ескерткім келеді.

– Ал тыныш елдің мазасын алып, намысымызға тиген Орал казактарын қайтеміз?

– Ол жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің тапсыруымен КГБ, МВД, Әділет министрлігі, Республикалық прокуратура тарапынан арнайы комиссия құрылды. Комиссия осы мәселелердің бәрін таяуда ғана тексеріп қайтты. Қорытындысы шыққаннан кейін екі ел арасындағы қатынастар негізінде республика басшылары тарапынан оларға шара қолданатын шығар деп ойлаймын.

– Сол ойранның алдын алып, елін, жерін бүліншіліктен аман сақтауға атсалысқан республикалық «Азат» қозғалысының мүшелері бүгінде құқық қорғау органдары тарапынан қуғынға ұшырап жатқан көрінеді. Қуғын көргендердің алды наразылықтың ашынған белгісі ретінде аштық жариялауға дейін барып отыр. Осы орайда «Азат» қозғалысы, «Азат» партиясы туралы тікелей өзіңіздің пікіріңізді білгім келеді.

– «Азат» қозғалысына да Азат партиясына да менің көзқарасым дұрыс.

Қазіргі кезде халқымыздың, ұлтымыздың басындағы қиыншылықтарды ашық айтып, нағыз бостандыққа қол жеткізсек деген армандарын қалай қолдамайсың. Шындығын айтсақ, бұл бәріміздің көкейімізде жүрген ой емес пе? Алайда, сол ізгі мақсаттарды жүзеге асыруда ұлтаралық қақтығыстар тудырып алмасақ жарайды да. Ал, енді «Азаттың» мүшелерін қудалап

жатқаны рас болса, ол-нағыз заңсыздық. Оған өз басым жол бере қоймаспын деп ойлаймын. Өйткені, олардың әрекеттерінде ешқандай қылмыстың негізі байқалмайды.

– **Азат партиясы Сіздерге тіркелуге өтініш берді ме?**

– Әзірге берген жоқ. Бірақ, кеше ол партияның өкілдері келіп, бізбен кеңесіп қайтты. Құжаттарын дайындап болған соң өтініш беруге әзір сияқты. Біз, жалпы, Бағдарламалары мен Жарғыларын дайындап әкелген қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің, саяси партиялардың бәрін заңды тіркеуден өткізуге дайынбыз.

**«Халық кеңесі» газеті,
22 қазан, 1991 жыл.**

ЗАҢСЫЗ САУДАҒА ЖОЛ ЖОҚ

Алматы қаласы Медеу ауданындағы заңсыз сауда нүктелері кейінгі кезде тым көбейіп бара жатқаны жай көзге-ақ байқалып тұратын. Әсіресе Көк базардың маңайындағы берекесіздіктер көңіл құлазытарлықтай.

Мақатаев көшесі мен Есенов көшелерінің қиылысындағы жасырын жайма базарына келушілер бұл жердегі тазалықтың нашарлығына қарамастан арзан бағалы көкөністерді қуана сатып алады. Себебі, қала маңайынан ешбір құжатсыз тасып әкелінген бұл тауарлардың қожайындары тез арада өз өнімдерін өткізіп кетуге мүдделі.

Қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов көшелердегі заңсыз сауда нүктелерін қадағалауға алу, қоғамдық орындарда тәртіпті күшейтіп, тазалықты сақтау жөнінде арнайы қаулы қабылдамағанда мұның соңы неге апарып соғарын кім білсін. Тек осы шарадан кейін ғана Көк базардың маңайындағы жабайы тірлікке тосқауыл қойылды.

Дәлірек айтсақ, маусым мен шілденің басынан бері тек осы маңайдағы 7 заңсыз сауда нысандары, 8 үлкенді-кішілі дүңгіршектер орындарынан көшірілді.

Ш.Уәлиханов көшесіндегі, Жібек жолы мен Қонаев көшелерінің қиылысындағы самса сататын, кілт жасайтын орындар, «Алгида» дүкені басқа жақтарға әкетілді. Медеу ауданында осы уақытқа дейін 162 әртүрлі сауда нүктелері жұмыс жасаса, 64-і заңсыз болғандықтан бұзу туралы шешім шықты. Осы заңсыздықтарға себепкер болған 1270 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Заңсыз кәсіпкерлікпен айналысқан 29 адамға айыппұл төлеу жөнінде сот шешімі шығып, оның 24-і дереу орындалды.

«Президент және Халық» газеті,
14 шілде, 2006 жыл.

«ЗОРЛАНДЫМ!...» ДЕП ӨТІРІК ЗОРЫҚҚАН ҚЫЗДАР құқық қорғаушылар тарапынан неге қолдау табады?

Кейінгі кезде бұл да ақша табудың құралына айнала бастаған тәрізді. Қыз бен жігіт алғашында көңіл жарастырып, «ойнап-күліп», жүріп жатады. Әрине, мұндайда алдымен «қалталы» жігіттер «қармаққа» ілінеді.

Қыз одан бірде қылымси, бірде ашық сұрап, «өтемақысын» алып тұруы мүмкін. Әр нәрсенің шегі бар, күндердің күнінде бұлардың «айырылысатын» кездері де жақындайды. Міне, осы уақытта қыз тарапынан кәдімгі сатқындық басталады. Ол «төсекойнақ» сәтіндегі «бұлтартпас айғақтарды» қолына түсіріп алады да, заң органдарына қарай тұра жүгіреді. «Ойбай, мені зорлады!» дейді. Тергеу басталады, іс сот-дәрігерлік сарабынан өтеді. Бұдан кейін төсек рахатын еркін пайдаланған жігітке шарт қойылады. Бәленбай мың долларды айтылған мерзімде қыздың қолына әкеліп салуға тиісті жігіттің шарадай басы шақшадай болады. Ал, егер шартты орындамаса, «қыз зорланды» деген сарапшылардың қорытындысы шыға салуы оп-оңай. Одан кейінгісі айтпаса да түсінікті...

Тергеу мен сот тұжырымдамасы

1997 жылдың 27 қазан күні Жаркент қаласының тұрғыны Еркебұлан Құрманязов өзінің танысы Ашировтың туған күніне қонаққа келеді. Сол күні түн ортасынан ауа бергенде елмен бірге қайтады. Жолда ол осы кештен бірге шыққан бұрынғы кластас қызы, қазіргі кезде Алматыда жоғарғы оқу орындардың бірінде үздік студент атанып жүрген Наташаны (аты-жөнін әдейі өзгертіп алдық. С.Ж.) шығарып салмақшы болып келіседі. Ол оны сол күні туған ағасының үйінде күш қолдана отырып зорлайды. Зорлағанда да еркек пен әйелдің қарапайым

қарым-қатынасынан ауытқып, айуандық, жабайы әдістер қолданады. Мұны №165 сот-дәрігерлік сараптау қорытындысы «айғақтайды». Тергеу мен сот тұжырымдамасы әзірге осындай. Бұл айтылғандардың бәрі шындыққа сая ма, саймай ма, оны төменде баяндалатын жайттан байқайсыздар деп ойлаймын.

Жігіт айтады:

Маған таңылған бұл айыптың ешқайсысын мойындамаймын. Туған күн тойынан шыққаннан кейін Наташа екеуіміз менің туған ағамның үйіне келдік. Үйде екеуімізден басқа ешкім болған жоқ. Отырып шарап іштік. Мен үйде киетін киімдерімді ауыстырып кідім. Наташаның жанына келіп отырдым. Ол менің өзіне үйленуімді қалады. Өйткені, біз бұған дейін талай рет көңіл жарастырғанбыз, талай рет төсек рахатын бірге бастан өткергенбіз. Екеуіміз екі ұлттың өкілі болғандықтан мен оған үйлене алмайтынымды білдірдім. Бұдан кейін ол мені төсек қарым-қатынасына шақырды. Соңы немен біткенін білмеймін, ұйықтап кетіппін. Таңертең ояңсам, Наташа кетіп қалыпты. Жәй кетпеген, менің ішкі киімдерімді, шалбарыммен қоса, оның қалтасындағы 25 мың теңгені де ала кетіпті.

28 тамыз күні Наташаның әпкесін кездестірдім. Ол түнде Наташаның мойнындағы алқасы жоғалып, өзі үйге соққыға жығылып келгенін айтты. Бұлар менен ақша талап етіп отырғанын түсіндім. Емдетуге көмектесейін дедім.

30 тамыз күні Наташадан заттарымды алмақшы болып, үйіне келдім. Бірақ шешесі қызымды зорлады деп маған дүрсе қоя берді. Егер 20 қыркүйекке дейін 2 мың доллар әкеліп бермесең, сотқа беремін деп қорқытты. Мұны естіген әкем келесі күні Наташаның шешесіне барды. Әкеме де маған айтқанын айтты. Әкем ешқандай ақша бере алмайтынын, ондай ақшасы жоқ екенін білдіреді. Дәл сол күні, яғни 1997 жылдың 31 тамызында Наташа өзін мені зорлады деп ішкі істер бөлімімне арыз түсіріпті. Бұдан кейін мені милицияға шақырды да, түсініктеме алып қоя берді. Ал, 20 қыркүйек күні менің үстімнен қыл-

мыстық іс қозғалыпты. Бір таңқаларлығы, бұл мерзім Наташаның шешесінің 2 мың доллар әкеліп бересің деген күнімен дәл келетіндігі.

Қыз айтады:

Туған күн салтанатынан шығып, жанымдағы дос қызыммен үйге қайтып келе жатқанмын. Сол кеште бірге болған жігіттер соңымыздан қуып жетті. Еркебұлан мені құшақтап, жеке алып шықты. Дос қызым мен оның жанындағы жігіт алға озып кетті де, біз соңдарынан келе жаттық. Жолдағы бір үлкен үйді айналып өте бергенімізде Еркебұлан мені мойнымнан қылғындырып, басымнан бірнеше рет ұрып жіберді. Көз алдым қарауытып бара жатты. Есімді жиғанымда бір үйдің есігінің алдында тұрғанымды байқадым. Ол есікті ашып, тұтқасынан ұстап алған екен. Мен ол жерден кетуге асықтым. Мені тағы ұрды. Есімнен айырылып қалдым. Сәлден кейін есімді жиғанымда тыр жалаңаш жатқанымды байқадым. Ол мені аузымнан зорлауға кірісті. Мен қарсылық білдірдім. Бетімнен бірнеше рет ұрып жіберді. Сосын аунап түсіп, арт жағыма шықты. Тік ішегімнің қатты ауырғанын сездім. Ал, үйге келгенімде құны 15 мың теңге тұратын алтын алқам жоғалғанын көрдім.

Сот-дәрігерлік сараптамасы

Арада 3 күн өткен соң, 30 тамыз күні Наташа сот-дәрігерлік сараптамадан өткен. Ондай сараптау әрине, тергеушінің арнайы қаулысымен тағайындалады. «Жаркент аудандық ауруханасында сот-дәрігерлік сарапшысы болмағандықтан, қызды екі гинеколог дәрігер қарады. Оның қорытындысы амбулаторлық картаға жазылды» деп көрсетілген. Кейіннен қайта өткізілген сот-дәрігерлік сарапшылар комиссиясының қорытындысында да солай жазылған.

Ал сонда адам тағдырының шешуші кілтіне айналған, осы екі гинеколог жазған қорытындыда не делініп еді? Онда: «Үлкен дәретке отырғанда тік ішегінің айналасы ауырады.

Бет-аузында көгерген дақтар бар. Қыздың абыройы төгілмеген. Тік ішектің шығар аузы жеңіл сызаттанған. Басқа еш жеріне зақым келмеген» деп қана жазылған. Осы анықтаманың авторлары сотта куә ретінде былай деп жауап беріпті: «тік ішектің шығар аузындағы жеңіл сызат қатты қағазды пайдаланғаннан да болуы мүмкін».

Адвокат айтады:

Егер жоғарыдағы дәрігерлерлік анықтамаға мұқият көз салсақ, онда қыздың зорланғаны жөнінде ештеңе жазылмаған. Сот сарапшысы емес, жәй дәрігерлердің осы қорытындысы (мөрі жоқ, кімнің бергені көрсетілмеген) қалайша қылмысты іске, сот шешіміне негіз болған?

Кейіннен ресми түрде сұрастырып білгенімде, соңғы жүргізілген сот-дәрігерлік сарапшыларының комиссиясы шығарған қорытындыларының бәрі жалған екендігіне көзім жетті. Себебі, Наташа 29 тамыз күні алғаш рет гинекологқа қаралғаннан кейін (оның өзі күмән тудырады) еш жерге өтініш айтып бармағаны, дәрігерге көрінбегені белгілі болды. Ол жөніндегі анықтамалардың барлығы қолымызда. Бір-бір данасы редакцияға да тапсырылды.

Ал соңғы, яғни Құрманязов Еркебұланды 3 жылға соттауға негіз болған №165 сот-дәрігерлік сарапшылар комиссиясының қорытындысында оған бірнеше дәрігерлік анықтама берілген болып шығады (мұның жалған екенін, ол дәрігерлерге қыз қаралмағанын жоғарыда айттық). Соның өзінде «қыз зорланды» деген мұнда бір де сөз жоқ. Тек қатты соққыға жығылды делінген.

Оны соққыға кім, қашан, қалай жығыпты дегенге не тергеуші, не сот тергеуі жауап іздемегені таңғалдырады. Сөйте тұрып, Құрманязов қызды соққыға жыққаны үшін емес, жабайы әдіспен зорлағаны үшін қылмыстық Кодекстің қыз зорлау жөніндегі бабымен 3 жылға сотталып кете барған. Бұған не дейсіз?

Қорытынды

Шынында да оқиға 1997 жылдың 27 тамызында (куәлардың айтуынша тамыздың 25-нен 26-на қараған түні) болса, 17 қыркүйек күні ғана барып, сол жерді тергеушілер тексеруге кірісіп, айғақты заттар іздепті. Дәрігерлік сот-сараптау жұмысын өткізу туралы тергеушінің қаулысы 3 қыркүйек күні ғана шығыпты. Ал Наташаға алғаш рет берілген дәрігерлік анықтама 29 тамыз күні жазылған. Бұл кереғарлықты қалай түсінуге болады?

1997 жылдың 27 қыркүйегінде Е.Құрманязовты тұтқындау жөнінде қаулы шықты. Бірақ, бұл қаулыны кім шығарғаны тағы белгісіз. Мұнда ешкімнің аты-жөні көрсетілмеген. Бұл істің осылай аяқталуына милиция қызметкерлері мүдделі болған сияқты. Мәселен, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Қ. Сыдықов істі өз өндірісіне алмай жатып-ақ сарапшы Қасымовты жауапқа шақырған. Бұдан кейін 4 қазан күні сот-дәрігерлік сарапшылар комиссиясын құру туралы қаулысын шығарған.

Қасымов бұған дейінгі өз жауабында тергеуші Мылтықбаевтың қаулысы негізінде қызды мұқият қарап шығып, ешқандай зорлау белгісін таба алмағанын ашық айтады. Бірақ, сот шешім шығарарда бұл жауапқа көңіл бөлмеген. Сондай-ақ, бірнеше күннен кейін Наташаның дәрігерлік кітапшасы (амбулаторная книжка) пайда болып, жоғарыдағы сарапшының қорытындысы оған жазыла қояды. Сарапшы Қасымов қыздың дәрігерлік кітапшасын қайдан алған? Бұл оның тарапынан қылмысты іске жататынын ескерте кетейік. Себебі, емханада сақталуға тиісті кітапшаны ол өздігінен іздеп тауып алып отыр. Сот-дәрігерлік сарапшысына бұлайша өздігінен әрекет етуге болмайтыны Қылмыстық кодексте қатаң қарастырылған.

Қыз зорланғаны рас болса, алдымен милицияға бармай, неге бірден гинеколог дәрігерге барды? Сарапшы Қасымов неге сол гинеколог дәрігердің алғашқы жүрдім-бардым қорытындысын басшылыққа алды. Кейіннен құрылған сот-дәрігерлік сарапшылар комиссиясы да алғашқы қорытындылардың маңайынан

айналып шыға алмай, соларды қайталаумен шектеліп отыр. Соңғысындағы сәл өзгешелік – қыз басынан қатты соққы алған деген қосымша қорытынды ғана. Ендеше, қыз зорланды деп біреуді бас бостандығынан айыруға қандай негіз бар? Наташа кейіннен өзінің сотқа берген өтінішінен бас тартқан екен. Бірақ оған судья тарапынан көңіл бөлінбеген. Неге? Сұрақ көп, жауап жоқ.

Панфилов аудандық сотының шешімі кассациялық арыз негізінде Алматы облыстық сотының алқасында қаралып, өзгеріссіз қалдырылған.

Олай болса бұл істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты қадағалау тәртібімен қайта қарап, бір әділдігін айтуға тиіс. Онсыз көңілдегі күдік ұлғая бермек. Соттағы солақай шешімдер кезінде дұрысталғанға не жетсін.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
12 қазан, 1999 жыл.**

ӨРІМДЕЙ ҚЫЗДЫҢ ӨЛІГІН ҚОРЛАП ИТ ПЕН ҚҰСҚА ЖЕМ ҚЫЛҒАНДАР ДА ЖАЗАЛАНБАДЫ

Жазықсыз жанның қанын төгу, қанышерді қылмыстық жауаптан құтқарып жіберу бүгінде әдетке айналғандай. Ең қауіптісі сол – бұған да етіміз үйреніп бара жатқан сияқты.

Осынау қанды оқиғаға байланысты қылмыстық істі журналистік зерделеуден өткізгеннен кейін қолға қалам алудың өзі қиынға түсті. «Шіркін-ай, мөлдіреген әп-әдемі қыз еді-ау!» деп аһ ұрған ағасының үні құлағымнан кетер емес. Ал, қайғыдан еңсесі езілген әкеден ол жайында қазба-лап сұрауға дәтім бармады. Сосын бейкүнә қыздың суретін сұратып алдым. Ол міне, алдарыңызда тұр.

Суретке қарап отырып, «Атты екен қандай адам көзі қиып» деген өлең жолдары еріксіз ойға орала береді. Аң еркесіне осылай аяушылық білдірген адамзат ұрпағы енді мұншама қатыгездікке барғаны несі екен деп қынжылмасқа амалың қалмайды. Жыртқыш та өз тұқымына дәл бұлай айуандық жасамас, сірә.

Жә, болары болды дейік. Бірақ қылмыскерге жаза кесерде сот жүрегінің селт етпегені қалай? Бейкүнә қыздың өлігі қорланғаны былай тұрсын, ол өзін-өзі өлтірген, яғни ит өлімімен өлген деген тұжырым жасапты. Алайда сот үкімімен танысып шыққан адам бұған нақты айғақ таба алмайды. Ендеше, әділ сотымыз тірілердің атынан әруақ алдында шынымен-ақ күнәға батқаны ма?

Есі дұрыс пенде себепсізден-себепсіз өзіне-өзі қол жұмсама-са керек. Индира Пірімжанованың қазасына тікелей кінәлі адам Елубаев Талғат екені анық. Судья С.Баймахановтың төрағалық етуімен өткен Қызылорда облыстық сотының ұйғарымында да бұл айқын көрініп тұр. Онда былай делінген:

«Алдын-ала тергеудің анықтағанындай, 1993 жылдың 19 та-мыз күні түнде Елубаев Талғат өзінің саяжайында Пірімжанова

Индираны күш қолдана отырып зорлаған. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Индира сол жерде асылып өлген. Ертеңінде Елубаев өз қылмысын жасыру мақсатымен жолдасы Әбдікәрімов Берік екеуі қыздың сүйегін жеңіл мәшиненің қорабына салып, адам аяғы баспайтын жерге апарып, бетін жаппастан лақтырып тастаған».

Сот мәжілісінде Елубаев бұл қылмысын жартылай мойындаған тәрізді. Ол онда былай дейді:

«Пірімжанова Индирамен 1993 жылы тамыз айының басында таныскам. 19 тамыз күні кешкі сағат 7.00-де кездесуге келістік. Бұл жерге Әбдікәрімов Берікпен бірге Сандыбаева Гүлжан деген қыз да келді. Төртеуміз Беріктің мәшинесімен біздің саяжайға бардық. Онда түн ортасына дейін отырып, көңіл көтердік, ішімдік іштік. Біраздан кейін Берік қасындағы қызды алып, өз саяжайына кетті. Кетерінде жылдам арада қайтып оралам деген. Индира екеуміз жалғыз қалған соң мен оған өз көңілімді білдірдім. Ол қарсы болмады. Төсек рахаты кезінде оның маған дейін де басқа еркекпен болғандай әсер етті. Осы ойымды білдіріп едім, ол ешқашан жеңіл жүріске бармағанын айтып, ант-су ішті. «Енді маған үйленбейсің бе?» деп қатты ренжіді. Сөйтті де, үйге қайтуға асықты. Берік қайтып оралмады. Түн ішінде қайда барамыз, жатып ұйықтауға кірістік. Әлдеқандай дыбыстан ояна кетсем, Индира төсеніш матаны жыртып жатыр екен. Себебін сұрадым. «Қажеттілік» үшін деді. Оған мән бермедім. 10-15 минуттан кейін сыртқа шыққанымда ол аулада асылғалы жатқанын көрдім. «Мұның не?» деп үйге алып кіргенімде алғашқыда «қатты қорықтым» десе, кейіннен «қалжындағаным ғой» деп жауап берді. Таңертең оянғанымда Индира келесі бөлмедегі терезенің жақтауында асылып тұрды...».

Елубаев Талғаттың бұл сөзін Әбдікәрімов Берік пен Сандыбаева Гүлжан да бекіте түседі. Олар ертеңінде мәшинемен қайтып келе жатып, жолда Талғатпен қарсы ұшырасқан. Түндегі оқиғаны бұл екеуі Елубаевтың өз аузынан естиді. Есінеп-күрсінеп отырған Сандыбаева оған тіпті мән бермепті. Сандыбаеваны үйіне апарып тастағаннан кейін екі жігіт қайта оралып, өлікті мәшиненің қорабына салған да, айдаладағы бір топ шеңгелдің арасына жасырған.

Енді Индираның әкесі Тыныштықтың сөзіне назар салайық: «Индира 19 тамыз күні кешке, Талғатпен кездесуге барар алдында әпкесі Ләззатқа оның мекен-жайын, үйінің телефонын жазып қалдырыпты. Бұл жолы Талғатпен ара-қатынасын мүлдем үзетінін де ескерткен».

Мұны естіген әкесі таң атысымен Елубаевтың үйіне барады. Келсе, Талғат та, Индира да жоқ. Сосын іздеп жүріп Елубаевтардың саяжайын тапқан. Олар мұнда да жоқ болып шығыпты. Көршісінен сұрастырғанда саяжайға өткен түнде ешкім келмегенін айтыпты. Сағат 11-ге таман Елубаевты өз үйінің алдында жолықтырған Пірімжанов одан Индираны сұрағанда, ол қорыққанан қол-аяғы дірілдеп, орнынан да тұра алмай қалыпты. Сол күні түстен кейін бұл істі қолға алған тергеуші С.Оразов күдікті адамдар – Елубаев пен Әбдікәрімовтың саяжайын тексеруден бас тартқан көрінеді. «Оның себебі, Елубаев Талғат осы тергеушінің туған жиені болса, Әбдікәрімов оның туған құдасы екен» дейді Тыныштық Пірімжанов. Қызылорда қалалық милициясының «ыждаһатпен» іздестіруі нәтижесінде Индираның сүйегі 38 күннен кейін, яғни 26 қыркүйек күні топ шеңгелдің арасынан әрең табылған. Сүйектің жатқан жерін Елубаевтың өзі көрсетіпті.

Қылмыс ашылды, қылмыскер кінәсін мойындады...

Алайда бейкүнә қыздың қалай, не себептен өлтірілгені күні бүгінге дейін белгісіз. Әдеттегідей, сот-дәрігерлік сарабы жүргізілген. Жаздың ыстығында көмусіз қалған мәйітте не қалушы еді, сарапшылар тек бұл өліктің Пірімжанова Индираныкі екенін анықтаумен ғана шектелген. Одан арғыға шамалары жетпепті. Сүйектің кейбір жерлері мүжілген. Бұл – өліктің ит-құсқа жем болғанын айғақтайды. Марқұмның маңдай тісінде бір белгі болған екен, оны да әлдекімдер қағып тастапты. Ал, Елубаевтың саяжайынан табылған көрпеше мен төсеніштегі қан дағы кімдікі екені тағы белгісіз. Оны енді Индираның қанымен салыстыру да мүмкін емес. Не керек, марқұмның онсыз да қор болған сүйегі 25 қарашаға дейін көмілмей, екі ай бойы прокуратураның подвалында жатқан да қойған. Бұл аз

болғандай, марқұмның сүйек-саяғы 26 қараша күні Алматыдағы сарапшыларға жіберіліпті. Перзентінің сүйегін арулап, жер қойнына тапсыруды армандаған әке байғұс алып-ұшып Алматыға келеді. Келсе, сарапшылар: «Қызыңыздың сүйегі анау темір жәшіктің ішінде жатыр. Бірақ, облыстық прокуратура онымен бірге қажетті құжаттарды жібермепті. Әзірге бұл темір жәшікті ашуға құқымыз жоқ» деп жауап қайтарыпты. Мұны естіген әке сол жерде есінен танып қала жаздаған. «Прокурор Жұбанханов Талаптың жағасынан алайын деп күйініп қайтадан Қызылордаға аттандым. Ол менің келе жатқанымды естісе керек, дереу сол күні демалысқа шығып кетіпті», дейді ол кейіннен. Пірімжановтың бұл сөзіне қарап, жүйкесі аса мықты адам екен деп ойладым. Егер, оның орнында басқа біреу болса, дәл сол күні Жұбанханов жер астына кіріп кетсе де... кім біледі?

Ақыры осы жылдың 1 ақпан күні ол қызының сүйегін Алматыдағы сарапшылардың қолынан алып, қара жердің құшағына тапсырып тынған. Адам мәйіті қорланғанына қарамастан, дәрігерлер жазықсыз жанның неден өлгенін бәрібір анықтай алмапты. Индираның әкесі мұны ақшаға сатылғандардың әрекеті деп топшылайды. Оның ойынша, қылмыскерлер жас қызды зорлап, қорлап өлтіргеннен кейін қанқұйлы істерін жасыру үшін әдейі айдалаға апарып, ит пен құсқа жем қылған сияқты. Сондай-ақ, бұрынғы «партократтардың» балаларын соттың өзі жазалауға қорқып отыр деген пікір айтады. Жәбірленуші жаққа, жалпы көпшілікке теріс пікір туғызу заң орындары үшін үлкен кемшілік.

Индира қандай жағдайда қазаға ұшырағанын сот-дәрігерлік сарабы анықтай алмады. Дегенмен, ол өзін-өзі асып өлтірді деуге қандай негіз бар? Тіпті солай болғанның өзінде оны өлімге итермелеген кім? Әрине, Елубаев Талғат. Біріншіден, ол қыздың арын аяққа басты, намысына тиетіндей қорлау сөз айтты. Екіншіден, Әбдікәрім қайтып оралады деп оны үйіне жібермеді, алдады. Бұған дейін басқа жерде қонып қалу әдетінде жоқ қыз бала үшін мұның өзі үлкен қылмыс сияқты көрінуі әбден мүмкін. «Өлімнен ұят күшті» дегенді пір тұтып өскен жас қыз дәл сол сәтте қатты қиналыс үстінде болғаны анық. Мұны сот

мәжілісінде Елубаев та жоққа шығармаған тәрізді. Олай болса, оның бұл қылмысы қылмыстық кодекстің 92-бабына (Адамды өзін-өзі өлтіру халіне жеткізуі) дөп келіп тұр. Жаза – бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру болып табылады.

Алғашқыда Елубаевты 101-баптың IV-тармағымен айыптағанымен, «қыз өзі қарсы болмапты» деген жалаң сөзді желеу етіп, сотымыз сыйпайы қамшылап өте шыққаны анық байқалады. Себебі, әйел зорлау әрекеттері ауыр зардаптарға соқтырса, бұл бап бойынша қылмыскерді өлім жазасына кесуге де болады. Бірақ, алдын-ала тергеу кезінде де, сот тергеуі кезінде де Елубаевтың бұл қылмысы дәлелденбеген. Соған қарап Елубаевты судан таза, сүттен ақ адам ретінде ақтап жіберген соттың әрекетін түсіну қиын. Егер, Елубаев дәл сондай таза адам болса, кісі өлімін неге жасырды, неге дер кезінде қыздың ата-анасына, заң орындарына хабарламады.

Қылмысты біле тұра жасырған адамды...

Қылмыстық кодекстің 195-бабы бойынша жауапқа тартуға, қажет болса оны екі жылға бас бостандығынан айыруға мүмкіндік бар екенін сот қалайша естен шығарған?

Тіпті ол адамның өзі қылмысқа қатысы болмағанмен, қылмыс жасалатынын алдын-ала біле тұрып, заң орындарына хабарламаудың өзі қылмыс деп есептелінеді. Мұндай әрекет 196-бап негізінде айыпталынып, үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруды қарастырады. Осы баптар бойынша жалғыз Елубаев Талғатты ғана емес, Әбдікәрімов Берікті де, Сандыбаева Гүлжанды да жауапқа тартуға толық мүмкіндік бар еді.

Әбдікәрімов өз көлігімен қыздың өлігін айдалаға апарып тастауға көмектескен, қылмыстың ауырлай түсуіне себепкер болған жанның бірі. Ал, Сандыбаева қайғылы қазаны естісе де оған шыбын өлген құрлы мән бермеуі, әйел заты ретінде селт етпеуі жан түршіктіреді. Осыған қарап бұлардың қолы да қанға малынған ба деген күдік туындайды. Әйтпесе, кеше ғана ойнап-күліп өздерімен бірге отырған жолдастарының өлігі бүгінде айдалада шіріп, ит пен құсқа жем болып жатқанын біле, сезе тұра

қалайша жайбарақат жүруге болады? Өлікті қорлаудың бұдан асқан түрі болмас, сірә.

Ендеше, өлікті қорлау қылмыстарына қарсы қолданылатын 216-бапты неге оларға қарсы қолданбасқа? Егер солай етсек, бұл адамдар ең жоқ дегенде үш жыл мерзімге сотталуға тиіс екен. Өкінішке орай, сот мәжілісінде бұл жөнінде әңгіме де қозғалмапты.

Адамзат рухына қарсы жасалынған мұндай айуандыққа көзжұмбайлықпен қарап, әділетсіз үкім шығарған судья үшін де қылмыстық жаза бар екенін осы арада ескерте кеткіміз келеді. Ол – қылмыстық кодекстің 191-бабы. Онда былай деп жазылған: «Судьялардың пайдақорлықпен немесе өз бастарының басқа мақсаттарын көздеп, біле тұра әділетсіз үкім, шешім, ұйғарым немесе қаулы шығаруы – үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Нақ осындай әрекеттер ауыр зардаптарға әкеп соқтырса, үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Біздің ойымызша, судья С.Баймахановтың төрағалық етуімен өткен Қызылорда облыстық сотының қылмыскер Елубаев Талғатты ақтау жөнінде шығарған үкімі ауыр зардаптарға соқтырып отыр. Өйткені, өлігі ит пен құсқа жем болған, он екіде бір гүлі ашылмай жатып қыршынынан қиылған Индираның қазасын енді ештеңемен толтыра алмайсың. Ал, оның соңында аңырап қалған әке мен шеше, туған-туыс, бауырлар көз алдарында күні бүгінге дейін көлбеңдеп жүрген қылмыскер Елубаев пен Әбдікәрімовтерді көріп, күніне мың өліп, мың тірілетіні сөзсіз. Ендеше, қылмыскерді жазадан босатқан судья да күнәға батты дей беріңіз. Сондықтан, бұл істі аяқсыз қалдыру – қай-қайсымыз үшін де ар алдындағы ауыр күнә.

Олай болса, жәбірленуші жақтың Жоғарғы сотқа шағымданғаны немесе шағымданбағанына қарамастан осынау қылмысты істі қайта тексеру керек. Өйтпесек, заңдылықты сақтау, құқықты мемлекет құру жөнінде сөз қозғаудың өзі бекер болып шығар еді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
5 қараша, 1994 жыл.

СОТ МЕДИЦИНАСЫ ЖӘНЕ МОРГТЕГІ МӘЙІТТЕР

Қайғылы қаза, күдікті өлім орын алған жерде міндетті түрде сот медицинасы іске араласады, мәйіт тексеруден өтеді. Ал, үйінде немесе ауруханада жатып өз ажалынан қайтыс болған адамдардың денесін моргке сүйреу, сосын оны потологиялық сараптау міндетті ме? Бұл жөнінде заң не дейді? Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицина орталығын ғылыми бөлімнің меңгерушісі, медицина ғылымының кандидаты, профессор Қорған Дүйсентайұлы Қаракөбенов мырзамен сұхбат сот медицинасы саласының өзекті мәселелерін қозғайды.

Сұхбат сот медицинасының даму жағдайы мен болашағы жайында өрбіді. Қорған Дүйсентайұлының айтуына қарағанда, сот медицинасы – жалпы медицинаның бір бөлімі. Ғылым ретінде бұдан бірнеше ғасыр бұрын дүниеге келген. Әр елдің даму қарқынына қарай бұл сала да даму үстінде. Сот медицинасының Қазақстанда үкіметтік мекеме болғанына биыл 54 жыл толып отыр. Оның негізгі міндеті – азаматтық және қылмыстық істерді тергеу, тексеру және сотта қарау барысында пайда болатын медициналық, биологиялық сұрақтарға ғылыми тұрғыда дәлелденген жауаптар беру болып табылады. Бұл жөнінде тергеуші немесе судья арнаулы қаулы шығаруға тиісті. Осыдан кейін адам өлімінің себебі, мезгілі, денедегі жарақаттардың сипаты, өлім себебіне қатысты басқа да мән-жайларды анықтау мақсатында сот медициналық сараптама жұмыстары басталады. Ал тірі адамдарды зерттегенде денедегі жарақаттардың денсаулыққа келтірген зияны, адамның жасы, жынысы, әйел адамдардың жыныстық амандығы, жүктілігі, тағы басқа жағдайлар мұқият зерттеу нысандарына айналады.

Біз әңгіме ауанын жол апаты немесе қастандықпен өлтірілген адамдардың денесіне жүргізілетін сот сараптамасы төңірегіне қарай бұрдық.

– Жоғарыда айтылғандай, мұндайда істің бәрі тергеу жұмысынан басталады. Моргте жатқан мәйітті ашып тексеру жөнінде тергеушінің қаулысы сот-медицина сарапшысының қолына тигеннен кейін 12 сағаттың ішінде, ең ары кеткенде үш күннің ішінде дене ашылып, тексеріледі. Осыдан кейін жақын-жуықтарына жерлеуге беріледі. Отыз күннің ішінде сараптау қорытындысы қаулы шығарған орган адамдарының қолына тиеді. Сараптау ерте бітсе, ерте беріледі. Бірақ, отыз күннен кешіктеруге ешкімнің қақысы жоқ. Қорытынды екі дана етіліп жазылады. Біреуі моргте қалады. Ал өлген адамның туыстары сараптау қорытындысымен танысқысы келсе, тек істі жүргізуші тергеуші арқылы ғана танысады. Біз оны ешкімнің қолына бере алмаймыз. Мұны айтып отырған себебім, кейбір адамдар бізге сараптама қорытындысын сұрап келіп, ренжіп кетіп жатады.

– Моргтегі мәйіттің барлық жері ашыла ма, жоқ әлде сіздерге қай жерді ашу керектігі нақты көрсетіле ме?

– Адамның денесі негізгі үш қуыстан тұрады: бас қуысы, кеуде қуысы, жамбас қуысы. Бұлардың бәрі міндетті түрде ашылады, тексеріледі. Ал енді көлік апатынан қайтыс болған адамның тағы бір қуысы ашылады. Ол – омыртқа қуысы. Омыртқаның ішінде жұлын бар. Қатты соғылғанда, жаншылғанда немесе машинаның үшкір темірлерінің бірі кіріп кеткенде жұлынға зақым келуі мүмкін. Сондықтан, мойыннан бастап құйымшаққа дейінгі жұлынтұтаны түгелдей ашуға тура келеді. Тергеуші тарапынан сұрақ қойылған-қойылмағанына қарамастан денедегі бұл қуыстар міндетті түрде тексеріледі.

– Өлген адамдардың туған-туыстарымен есептеспейсіздер ме?

– Марқұм болған адамның туған-туыстары кейде келіп, «ана жерін ашпашы, мына жерін ашпашы» деп өтініш жасайтыны рас. Бірақ, тергеу немесе сот тарапынан қаулы шыққаннан кейін заң бойынша, біз аталған дене қуыстарын ашуға міндеттіміз.

– Денесінде қатты жарақаты жоқ, мысалы асылып өлген адам дейік, олардың да денесін ашу туралы қаулы шыға ма?

– Иә, қаулы шағады. Себебі Қылмыстық кодексте адамды өзін-өзі өлтіруге жеткізу немесе қорқыту, қорлау, жасырын у беру сияқты қылмыстар қарастырылған. Сондықтан, ондай жағдайлар түбегейлі тексеруді қажет етеді. Екінші бір жағдай, асылып өлген адам тұзаққа тірідей түсті ме, жоқ өлгеннен кейін түсті ме деген сұрақты да анықтау қажет. Кейбір адамдар өз үйінде отырып кенеттен қайтыс болады. Оның себебі де әртүрлі. Жұмыста біреу ренжітуі мүмкін. Үйдегі біреу қатты сөз айтты ма дегендей... Заң бойынша мұндай өлімге себепші болғандар да қылмыстық жауапқа тартылады. Сол себепті, сот медициналық сарабы жүргізіледі. Себепсіз салдар жоқ екені белгілі. Мүмкін жүрегі ұстап қалған шығар, анықтау керек. Тергеу назарынан ештеңе тыс қалуға тиіс емес. Ендеше, сараптама жүргізу жөнінде қаулы шығару олардың міндеті.

– Сот медициналық сараптамасы қандай жағдайда жүргізілмейді?

– Адам ауруханада жатып емделіп, енді оған ем қонбайтын жағдайда дәрігерлер оның жаны босқа қиналмас үшін үйіне шығаратын жағдайлар кездеседі. Бірақ, ол адам дәрігердің тіркеуінде тұрады. Қайтыс болғанда сот дәрігерлік сарабы жүргізілмейді.

– Ауруханада жатып қайтыс болған адамдардың денесі де пышаққа түсіп жатады ғой?

– Ауруханада қайтыс болғандарға сот-дәрігерлік сараптамасы жүргізілмейді. Алайда оларда «патанатомия» деген морг бар. «Пат» деген сөз паталогия деген сөздің алғашқы буыны – денедегі өзгерістерді зерттейтін ілім деген сөз. Анатомия – дене құрылысын зерттейді. Патанатомия – дене құрылысындағы өзгерістерді зерттеу деген ұғымды береді. Ауруханада көз жұмған адамға дұрыс анықтама (диагноз) қойылып, дұрыс ем жасалынды ма, алғаш ауруханаға түскен кездегімен салыстырғанда денеде қандай өзгерістер орын алды деген сауалдар туатыны табиғи жағдай. Сол себепті, аурухана бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары қайтыс болған адамды өз шешімімен аурухананың моргіне жібереді.

– Ол жерде қайтыс болған адамның ішкі құрылысы түгелдей алынып қалады деген рас па?

– Денені ашқаннан кейін ауру мүшелердің белгілі бір кішкене бөлшегі ғана алынады да, сараптамаға жіберіледі. Қалғандары өз орнында қалады. Себебі, кейін әлдеқандай күдікті жағдайлар туындай қалса, ол денені қайта сараптан өткізуге тура келуі мүмкін. Сол кезде ауырған адамның өмірден өтуіне себепші болған ішкі ұлпалардың бірі жоқ болып шықса, сараптама жүргізген дәрігер басымен жауап береді. Сондықтан, ондайға ешкім бара қоймас.

– Ауырмаған, сараптаманы қажет етпейтін сау мүшелер алынып қалуы мүмкін ғой. Оның үстіне ол дене енді қайта сараптан өтпейтініне көздері жетіп тұрса....

– Ондай мысалдардың неше түрлісін келтіруге болады. Мұның бәрі марқұм болған адамдардың туыстары тарапынан айтылатын күдіктер. Адам өлімінің қылмысқа қатысы жоқ екендігіне көз жеткен жағдайларда денені ашудың тіпті де қажеті жоқ. Ауруханада қайтқан адамның туыстары дәрігерлердің емдеу қызметіне ешқандай да күмән келтірмейтіндігі жайында өтініш жазса және науқас сыры дәрігерлерге белгілі болса, денені ашу міндет емес.

– Қайтқан адамның денесін моргтен жылдам алып кету үшін ақша ұсынады деп естиміз. Оның себебі неде?

– Қай қызметте болмасын пара ұсыну – мәжбүрліктен туындайды. Марқұм болған адамның туыстары денені жылдам алып кетуге тырысады. Ал, моргтегілер үлгермей жатады. Себебі, Алматының орталығындағы жалғыз морг сонау 1935 жылы салынған. Ол кезде қалада 200-300 мыңға жуық халық болса, қазір біржарым миллионға тақап қалды. Моргте мәйіт тексерілетін арнайы жасақталған үстелдердің саны бар-жоғы бесеу ғана. Ал мұнда күніне 20-30 өлік түседі. Демалыс күндері одан да көп. Олай болса, мұнда ең аз дегенде 25 арнайы үстел қойылуы керек. Штаттағы 15 маманның саны 30-ға жеткенде ғана бәріне үлгеруге мүмкіндік туады. Сонда, ешкім ешкімге пара беріп,

әуреge түспейді деп ойлаймын. Сақтайтын орындар да тым тар. Оның үстіне кедей адамдар қайтыс болған туыстарының денесін жерлеуден бас тартады. Мемлекет есебінен жерленсін дейді. Сөйтіп бір айға дейін иесіз өліктер жиналып қалады. Олардың бәріне мұздатқыштар жетісе бермейді. Байтұрсынов-Қазыбек би көшелерінің қиылысына келгенде сол маңайдан жағымсыз иіс шығатыны сондықтан. Меніңше, Алматының шет жағынан оңашалау жерге жаңадан морг салатын уақыт баяғыда жеткен сияқты. Олай етпесек, жаз айларының ыстығында қаланың дәл ортасынан жұқпалы дерттің қоздырғыштары бұрқ ете қалуы әбден мүмкін. Сот медициналық сарапшылары қызметкерлері жұмыс істейтін орындардың санитарлық жағдайы да сын көтермейді.

Теледидардан көріп жүрген шығарсыздар, шетел моргтерінде әрбір мәйіт бөлек мұздатқышқа салынған. Олар қараймайды, бұзылмайды, иістенбейді де. Ал, біздегі орталық моргтің жағдайы әлгіндей болғанда облыс, аудандардағы моргтердің жағдайы айтпаса да түсінікті шығар,— деп сөзін аяқтаған Қорған Дүйсентайұлы біраз үнсіз отырып қалды.

Сәлден кейін өзі жайында сыр суыртпақтадық. Сот медицина саласында қырық жыл еңбек етіп келеді. Осы уақыт аралығында 3700 мәйітке, 30 мыңдай тірі адамның жағдайына дәрігерлік сараптама жүргізіпті. «Өліктер түсіңізге кірмей ме?» деген сауалымызға: «Мен өмірді сүйемін, сондықтан өлікті зерттеймін»,— деп күле жауап қайырды.

Жасы 68-де. Зейнеткер. Ардагердің ақылы мұндағыларға әлі де ауадай қажет болған соң өздері шақырып алып, ғылыми бөлімді басқартып қойған. Шындықты ашып айтудан қаймықпайтын дәл осындай жігерлі адамдар бәлкім әрбір мекемеге әлі де керек шығар деген ойға келдім ол кісімен қоштасарда.

«Президент және Халық» газеті,
14 сәуір, 2006 жыл.

СОТ ДЕРБЕСТІГІ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАР ОЙЛАР АЗ ЕМЕС

Иссапар кезінде Талдықорған облыстық сотының төрағасы Серік Байбатыров мырзамен арнайы жолығып, сот реформасы, құқықты мемлекет құру жолында жасалынып жатқан істер жайында пікір бөліскен едік. Бұдан үш жыл бұрын бұл кісі «Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі» туралы заң жобасын жасауға қатысқанын да жақсы білетінбіз. Бүгінде осы заң жобасы жайында әр түрлі әңгімелер айтылуда. Ендеше сол заң жобасы авторларының бірі не дер екен, назар салып көрейік.

– Мен алғашқы сайланған Жоғарғы Кеңестің депутаты болған кезімде осы заң жобасын дайындау жөніндегі комиссияның құрамында едім. Заңгер ретінде бұл жұмысқа өз үлесімді қостым деп ойлаймын. Бұл заң жобасының кейбір баптарымен, тармақтарымен о баста-ақ келіспегем...

– Сол жөнінде нақтылай айтсаңыз?

– Мысалы, заң жобасын дайындау үстінде судьялар іс жүргізген кезде арнайы киім үлгісін (манти) киіп отыруы керек деген ұсыныстар айтылды. Осынау еуропалық дәстүр бізге қабыспайтынын ешкім ойлағысы келмеді. Егер, мен алыс аудандардағы сот ісіне қатысатын болсам, жаңағы айтқан киім үлгісін өзіммен бірге алып жүруім керек. Жол бойында оны киіп жүре алмайсың. Бүктеліп, сөмкеге салынған киімді барған жерде маған кім үтіктеп, дайындап береді? Егер, өзіміздің ұлттық дәстүріміз тұрғысынан қарасақ, біздің бұрынғы билеріміз мұндай киім үлгісін кимеген. Билер сайысы кезінде сөз кезегін алу үшін немесе тоқтам айтудың белгісі ретінде ортаға қамшы тасталып отырған. Бұл дәстүрді де бүгінгі күнге қолдануға келмейді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегенді де ұмытпаған дұрыс.

– Жоғарыда аталған заң жобасының соңғы толықтыруында осы билер жайында «Би өкілеттігі», «Би мәртебесі» деп аталатын баптар бар екен. Оған қалай қарайсыз?

– Меніңше, бұл да қазіргі уақыт талабымен қабыспайтын құбылыс болып шығады. Неге дейсіз ғой. Ойлап қараңызшы, ең беделді адамды би етіп сайлағанның өзінде де оның сөзі қылмыскерге өте қояр ма екен? Әсіресе, қаладағы тіршіліктің жөні бөлек. Онда тіпті көршіңіздің қандай адам екенін білмейсіз. Мұндай жағдайда биге лайық беделді адамды іздеп табудың өзі қиынға түседі. Ауылдық жерлерде бәлкім бұл әдісті қолдануға болар... Соның өзінде қайдам... Қатаң тәртіптің, заңның күшімен қылмысқа тосқауыл қою қиындап тұрған қазіргі кезеңде қазақы дәстүрдің күшімен бәрін орнына келтірем деу, аңғалдық сияқты. Республикада өз ұлтымыз азшылыққа айналып тұрғанда сот құрылысындағы ата салтымыз басқаларға жүре қояр ма екен? Ал, заң бүкіл республика азаматтары үшін жасалынады.

– «Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі» туралы Заң жобасы сот дербестігін жүзеге асыру мақсатында жасалынғаны белгілі. Сот дербестігі, судья мәртебесі деген ұғымдарды өзіңіз қалай түсіндірер едіңіз?

– Аудандық сот та, облыстық сот та, Жоғарғы сот та мемлекет атынан үкім шығарады. Сот дербестігінің бір кепілі осы. Өйткені, оның ісіне араласуға ешкімнің хақысы жоқ. Жоғарғы деңгейдегі соттар төменгі деңгейдегі соттардың іс жүргізу мәселесіне тек қадағалау тұрғысынан ғана араласады. Нұсқау, бұйрықтар бере алмайды.

– Қадағалау тұрғысынан деген сөздің мағынасын екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Сондықтан, бұл жөнінде нақтырақ айтқан дұрыс сияқты.

– Мысалы, аудандық сот іс қарап, шешім шығарды дейік. Айыпкер немесе жәбірленуші жақтың біреуі бұған қанағаттанбай, облыстық сотқа кассациялық шағым жазуы мүмкін. Біздер бұл істі қадағалау тұрғысында аудандық соттан сұратып алып,

істі облыстық сот алқасында қараймыз. Егер, аудандық сот тарапынан кеткен кемшіліктер, заңсыздықтар болса, істі қайта тергеуге, қайта қарауға жібереміз. Яғни, біз бұл жерде соттың ісіне қадағалау тұрғысынан араластық...

– Ал аудандық сот облыстық соттың ұйғарымымен келіскісі келмесе ше?

– Ондай жағдайда аудандық соттың төрағасы облыстық соттың төрағасына өз пікірін айтып, ұсыныс (представление) жазады. Егер ол жақтан да қолдау таппаса, Жоғарғы сотқа ұсыныс түсіреді. Сөйтіп, өз дегеніне жетуіне оның толық мүмкіндігі бар. Соттардың дербестігін анықтайтын бір белгі осы.

– Соттардың Әділет министрлігінің ықпалынан құтқармайынша үшінші билік – сот билігін жүзеге асыру мүмкін емес деген пікірлер кейінгі кезде жиі айтылып жүр ғой.

– Бұл пікірге мен қосылмаймын. Әділет министрлігі соттарға ешқашан ықпал еткен емес, ете алмайды да. Керісінше, Әділет министрлігі соттарға қызмет етіп отыр. Оларды кадрмен, қаржымен, керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ететін осы министрліктің құрылымдары. Мен өзім осы жұмысқа дейін облыстық әділет басқармасының бастығы болып істедім. Сонда жергілікті әкімшілікпен келісе жүріп, облыстық соттан бастап аудандық соттардың бәрін көлікпен қамтамасыз еттім. Өйткені, ол менің басты міндетім болатын. Егер, әділет басқармасы болмаса, соттардың өзі барып әкімшілікке алақан жаяр еді, сөйтіп оған тәуелді болып шыға келер еді.

– Соттар бұл тұрғыда әкімшілікке тәуелді болмағанымен, енді Әділет министрлігіне тәуелді жағдайға түседі ғой. Оның үстіне олар кадр мәселесін шешсе...

– Кадр іріктеуде әділет басқармасы бізге қолғабыс жасағанымен, облыстық соттың төрағасымен келіспей тұрып, ешбір аудандық сотты орнынан ала да, тағайындай да алмайды. Сот дербестігі дегенді тек Әділет министрлігінен бөліну деп ұқсақ, қатты қателескеніміз. Егер, дәл солай етсек, сот құрылымының прокуратурадан айырмашылығы болмайды. Төменгі буындағы

соттар жоғары буындағы соттардың айтқанын мүлтіксіз орындап, тәуелділіктің қамытын мойнына ілері сөзсіз. Ойлап қараңыз, егер аудандық соттардың төрағасын тағайындап, орнынан алатын болсам, тағы басқа ұйымдастыру, шаруашылық жұмыстарын мен шешсем, онда олар менің айтқанымнан шыға алмай қалады. Мұндай жағдайда олар менің шешіміммен келіспей көрсін. Жоғарғы сотқа ұсыныс жазбақ түгілі «Байтал түгіл бас қайғының» кебін кимей ме? Сондықтан, Әділет министрлігі атқарушы биліктің бір тармағы, ал сол атқарушы билікпен қатар тұруға тиісті сот билігі Әділет министрлігіне тәуелді жағдайда отыр деген пікірге, тағы да айтайын, қосыла алмаймын. Уақыттың өзі осы құрылымның қажет екенін бірнеше рет дәлелдеп берді де. Енді оны тағы да жоққа шығармақшымыз. Олай етсек, соттар дербестігінен мүлде айрылып, екі жақты тәуелділікте – жергілікті әкімшілік пен жоғарыдан төменге негізделген темірдей сот құрылымының шеңберінде қалып қояды.

– Сот құрылысы, сот реформасы жайында әңгіме қозғалғанда Төрелік сот пен Конституциялық сот туралы айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, бұл жайында да таласты пікірлер бар екені рас.

– Бұл жөнінде мен Жоғарғы соттың қазіргі ұстанған бағытын қуаттар едім. Төрелік сот мәселесіне тоқталайын. Төрелік сот құрылымы бізде облыстық деңгейде ғана жасақталған. Аудандық төрелік сот деген жоқ. Облыстық төрелік соттың шешімін аудандық сот орындаушылары (суд, исполнитель) жүзеге асырады. Осының өзінен-ақ Төрелік соттың қоғамдағы орны көріне бастайды. Бұлай еткенше, сол аудандық соттың өзі мекемелердің арасындағы дауларды шешкені әлдеқайда тиімді емес пе? Әсіресе, мұның қарапайым халыққа тиер пайдасы көп. Жергілікті жерде-ақ шешілетін даулар үшін сонау бір қиырдан облыс орталығына ат сабылтудың қажеті қанша? Қазір бір облыста екі соттың төрағасы, оның қос-қостан орынбасарлары, бірнеше аппарат қызметкерлері жұмыс істейді. Оған енді республикадағы үш сот құрылымының аппаратын қосыңыз.

Бюджет тапшылығы бүйірден қысып тұрғанда халықтың қаржысын далаға шашу деген осы шығар.

Конституциялық соттың өзінде он бір судья бар. Ал, оларға қаншама адам қызмет етеді. Егер, көрші елдерге, оның ішінде Ресейге көз салсақ, ондағы Конституциялық соттың құрамы жеті судьядан тұрады екен. Жалпы соттардың өзі конституциялық заңдардың сақталуы жолында қызмет етеді. Кез келген заң тармақтары Конституциядан бастау алады. Конституция бұзылғанға дейін жасалған қылмысты істер жалпы соттарда қаралады. Ал, Конституция күнде бұзыла бермейді. Бұзылған жағдайда осы мәселені арнайы қарайтын Конституциялық палатаны Жоғарғы соттың жанынан құрса, жетіп жатыр ғой. Он бір судьядан тұратын біздің Конституциялық сотымыз осы уақытқа дейін парламентті таратудан басқа қандай іс бітірді? Ештеңе де...

– **Халық заседательдері жайында да әр түрлі пікірлер айтылып жүр ғой...**

– Халық заседательдерінің сот ісіне тигізер пайдасы шамалы. Бұл жайында маған дейін де осы газет бетінде пікір айтқан әріптестерімді құптаймын.

– **Соңғы сұрақ. Сот іс қарап, шешім немесе үкім шығарғаннан кейін арыз-шағымдар жөн-жосықсыз жан-жаққа жөнелтіліп жатады. Оның біразы редакцияға да келеді, сіздер арқылы да сатылап кете береді. Осының себебі неде деп ойлайсыз?**

– Төменгі сатыдағы сот іс қарағаннан кейін жәбірленуші жақ он күннің ішінде жоғары сатыдағы соттарға шағымдануға хақысы бар. Мәселен, екі жақ 100 мың теңгеге дауласты дейік. Арыз берген адам алғашқы кезде оның он мыңын, яғни 10 процентін өкіметке төлейді. Егер арыз беруші жеңсе, жеңілген адам 10 процентті төлейді және даулы ақшаны иесіне қайтаруға мәжбүр болады. Міне, осыдан кейін бұл 10 процентті төлемей үшін арызданушы адам он күнді әдейі өткізіп жібереді де, Жоғарғы сотқа, тіпті одан да әрі қарай арызды бұрқыратып жаза

береді. Сөйтіп, Жоғарғы жақтан наразылық келтіріліп, іс бұзылуы мүмкін. Мұның соңы әуре-сарсаңға, қағазбастылыққа әкеп соқтырады. Егер, шағымданушылар қаншама рет арыз жазса, соншама рет осы 10 проценттік мемлекеттік алымды (гос.пошлина) төлейтіндей етсек, оңды-солды арыз жазу да тыйылар ма еді деп ойлаймын. Мұның өзі мемлекет бюджетіне көптеген пайда әкелер еді.

– Шынында да мұндай жағдайда біз де (редакция) қаптаған арыздардан бір жеңілдеп қалар ма едік. Әңгімеңізге көп рахмет.

«Егемен Қазақстан» газеті,
13 маусым, 1995 жыл.

СОТТАРДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІЛДІ МЕ?

«Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы» заңға қатысты Президент Жарлығы күшіне енгелі де міне, екі айдан астам уақыт өтті. Жаңа Конституция негізінде дүниеге келген бұл заң сот құрылымына біраз өзгерістер әкелгені рас. Сонымен қоса, облыстық деңгейдегі сот төрағаларының құрамы да жаңарып, басқа адамдармен ауыстырылды. Солардың бірі – Алматы облыстық сотының төрағасы Жалмұхамбетов Кеңес Жексенбіұлы.

Бұл кісі осы заң қабылданар алдында баспасөз беттерінде өзіндік тың пікірлерін ортаға салған, әріптестерімен, қалың көпшілікпен ашық ой бөліскен, сөйтіп, жаңа Конституцияның заман талабына сай қайта жаңғыруына біршама үлес қосқан адам. Соған қарамастан білікті заңгерлерді мазалайтын ойлар аз емес. Мұны ол кісінің төмендегі әңгімелерінен де байқаймыз.

– Сот реформасы тек бір заңның күшіне енуімен жүзеге аса салатын оңай шаруа емес. «Заманына қарай – заңы» демеуші ме еді?!! Жаңа Конституциямыздың өзі қазіргі өтпелі дәуірдің қажеттілігінен туындаған негізгі құжат екенін ескерсек, уақыт талабына орай салалық заңдар да жетіліп, жаңғырып отыруға тиісті. Ендеше, сот туралы заңымызды да әлі талай рет өзгертуге, толықтыруға тура келеді.

– Өзіңіз Конституциялық сотта судья болып жүрген кезде-ақ Конституциялық сот пен Төрелік сотты Жоғарғы сотқа қосу керектігі жөнінде ұсыныстар айтып, мақалалар жаздыңыз. Ол мақсат бүгінде жүзеге асты. Бірақ, сот реформасы жөніндегі тың пікірлер толастар емес...

– Қашанда, біткен іске сыншы көп. Әзірге осы қолда бар заңымызды жүзеге асырып алсақ та аздық етпес еді. Алайда,

кейбір заңгерлер тарапынан әр түрлі пікірлер айтылып жатқанда, үндемей отыру тағы қиын екен.

Конституциялық сот пен Төрелік сотты Жоғары сотқа қосып, сот құрылымын бір ізге түсіргеніміз дұрыс болды. Сондай-ақ, жаңа Конституция бойынша Конституциялық соттың өкілеттігі жоғарғы сотқа берілді. Бұл жөнінде кезінде дәлелді ұсыныстарымызды ашық білдірдік. Оны енді қайталай берудің қажеті жоқ шығар. Бір ғана нәрсе көкейден кетпейді. Ол – Конституциялық соттың біздің жас мемлекетімізде тұңғыш рет құрыла тұрып, өз орнын, бағыт-бағдарын айқындай алмағандығы. Мәселен, осы сотта өзім судья болып жүргенде маған Қазақстан кәсіподағы федерациясының кеңесі тарапынан түскен талап-арызын қарау тапсырылды. Конституциялық соттың сол кездегі төрағасы бұл талап-арызды тікелей өз қарауына алып, іс қозғапты. Заң бойынша, бұл істі бастағаннан кейін төрағаның өзі аяқтап шығуға тиіс-тұғын. Соған қарамастан істі қолға алдым. Танысып шыққаннан кейін арнайы пікірімді жазып, істі төрағаның өзіне қайтарып беруіме тура келді. Мұндай істер Конституциялық сотта емес, жалпы соттарда қаралуға жататынын дәлелдедім. Себебі, кәсіподақ федерациясы кеңесі бүкіл республика халқының мүддесін қорғайтын орган. Ал, мәселе Министрлер кабинеті мен Жоғарғы кеңестік индексация, жинақ кассалары мен Ұлттық банкі, бюджет туралы шығарған қаулылары жөнінде болып отыр. Ондай істер жалпы соттарда қаралуға тиіс. Ендеше, Конституциялық соттың шешімі олармен сәйкеспей жатса, ыңғайсыз емес пе? Мұндай жағдайлар бізде аз кездеспеді. Сондықтан да, біртұтас сот құрылымы қажеттігі жөнінде ұсыныстардың айтылуы заңды құбылыс болады. Енді, міне, округтік соттар құру керек деген ұсыныстар шыға бастапты. Бұған мен өз басым қосылмаймын. Бастаған ісіміздің жемісін көрмей жатып, реформа үшін реформа жасаудың қажеті не?

– **Округтік соттар құрудағы мақсат – кассациялық, апелляциялық шағымдардың жоғарғы сотта қаралуын жеңілдету қажеттігінен туындаған сияқты. Себебі, шалғай**

обылыстардан ат сабылтып астанаға келудің өзі қазіргі кезде оңай шаруа емес. Сондай-ақ, округтік соттар құрылса, жергілікті соттардың жұмысын қадағалау да жеңілге түспей ме?

– Округтік соттарды Қазақстанның төрт облысында – Ақмола, Семей, Қарағанды, Алматы облыстарында құру керек деген ұсыныстар бар. Жақсы, солай болды дейік. Сонда бұл соттарға қандай міндеттер жүктеледі, оларға қандай мәртебе беріледі? Былайша айтқанда, «Княжество» болып шыға келмесіне кім кепіл? Бұған қаншама қаржы жұмсалады. Сот құрылымын бір ізге түсіріп, үшінші билікті түбегейлі жүзеге асырамыз деп жүргенде оны тағы да бөлшектеп, шашыраңқылыққа ұрындырғаннан басқа ештеңе ұтпаймыз.

Кассация мен апелляция мәселесіне келсек, оны оңайлатудың жалғыз жолы бұл емес. Бұдан бірер жыл бұрын Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жаңа құрылымы туралы ұсыныстарымыздың ішінде Жоғары апелляциялық сот сатысын енгізгенбіз. Бұл не деген сөз? Бұл – Жоғарғы соттан бір саты ғана төмен тұрған Жоғары апелляциялық сот тек кассациялық шағым мен апелляцияға байланысты істерді қараумен шұғылданады деген сөз. Қазіргі кезде кассациялық шағымдар Жоғарғы сотта қаралады да, төменгі сот тарапынан жіберілген кемшіліктерді түзету үшін істі бұзып, қайта тергеуге жіберіп жатады. Соның салдарынан қаншама уақыт босқа кетеді, қаржы да босқа шашылады. Ал, Жоғары апелляциялық сот істі құжаттар негізінде тексере отырып, сол жерде түбегейлі шешім шығарады. Яғни, қайта тергеу де, тексеру де тек осы жерде жүзеге асырылады. Бұдан кейін тіпті қайта тергеу институтының қажеті де болмай қалар еді. Әрине, апелляциялық сот тек мемлекеттік маңызы бар үлкен істермен айналысуға тиіс. Ал қалған істер облыстық деңгейде-ақ шешіле жатады.

– Ал Жоғарғы соттың аппаратындағылар сонда немен шұғылданданды?

– Жоғарғы соттың аппаратында білікті, оқымысты заңгерлерді ғана қалдыру керек. Олар сот ісіне талдау-сараптау

жүргізу ісімен, заң дайындау, озық тәжірибені теориялық жағынан жетілдіру, сөйтіп, сот реформасын жүзеге асыру жұмыстарымен айналысса деген ой болған...

– **Сот ісін жүргізуде халық заседательдері қолбайлау жасайды дегенді бұрын талай естігенбіз. Ол кедергілерден құтылдыңыздар. Енді аса ауыр қылмыстардан басқа істерді судья жалғыз өзі-ақ қарап, үкім, шешім шығара беретін болды. Жаңа жұмыс әдісінде өздеріңіз тарапынан қандай жаңа үрдістер бар?**

– Халық заседательдері қызметінің қажетсіздігі бүгінгі уақыт талабынан туындады. Ол туралы да кезінде баспасөз беттерінде біраз пікірлер айтылды. Сондықтан, қайталамай-ақ қояйын. Бірақ, кез келген нәрсенің екінші жағы болады. Біздер көбінесе соны жартылай шешеміз де, екінші мәселені туындатып аламыз. Орта дәрежелі қылмыстық істер мен азаматтық істерді судья жалғыз өзі қарап, шеше береді. Ал ауыр қылмыстар – қасақана кісі өлтіру, әйел зорлау, тағы басқа сол сияқты істерді қарауға үш судья қатыстырылады. Себебі, бұл қылмыстық істердің баптарында ату жазасы қарастырылған. Қазіргі кезде облыстық сот аппаратында оншақты ғана судья жұмыс істейді. Кейде екі-үш ауыр істерді апта бойы қарайтын кездер болады. Мұндайда басқа істерді қарау жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан, ең алдымен кадр мәселесін шешіп, судьялардың санын көбейту керек еді. Бірақ бұл әзірге шешілмей отыр.

– **Мейлі, бірер аптадан кейін де басқа істерді қарауға мүмкіндік бар емес пе?**

– Егер үш судьяның құрамында қаралып жатқан іс қайта тергеуге жіберілсе ше?

– **Иә, солай да болды дейік...**

– Ондайда тергеу аяқталып, сотқа соңғы нүкте қойылғанша бұл істі бастаған судьялардың ешқайсы да басқа істі қарауға қақысы жоқ. Заң бойынша солай. Соның салдарынан азаматтық істердің көбісі шешімін күтіп, ұзақ уақыт жатып қалады. Бұл – халықтың наразылығын тудыратын сөзсіз. Сонымен қоса,

кассациялық және бақылау ретінде қаралатын сот істері көп мерзімге созылып кетеді.

– Кейбір судьялар бастаған бір істі белгілі себептермен тоқтатып қойып, екінші бір істі қарай беретін, сосын алғашқы іске қайта оралып жататынын көріп жүрміз ғой.

– Ол дұрыс емес. Бұл – судья тарапынан заң бұзушылық болып табылады. Мұндайда наразылық келтіріліп, судья осы істен аластатылуға тиісті.

– Жөн екен дейік... Алдағы уақытта Әділет біліктілік алқасы судьяларды сынақтан өткізіп, емтихан қабылдамақшы. Қарамағыңыздағы қызметкерлеріңіз бұдан сүрінбей өтетініне сенімдісіз бе?

– Өзім осында қызметке келгелі бері тәжірибесі мол, білім деңгейі де жоғары біраз судьялар бар екеніне көзім жетті. Олардың бір орында 20-25 жылдан бері тапжылмай жұмыс істеп отырғандарына таң қалдым. Бұларды ешкім керек те қылмаған, өсірмеген де. Әділет біліктілік алқасының 9 сот төрағалары өз істерін жетік білмейтінін анықтағанын несіне жасырамыз. Соның салдарынан аудандық соттарда көптеген қылмыстық, азаматтық істер қайта бұзылып жатады.

– Ондай судьялар кезінде қызметке қалай алынды екен?

– Біздің кадр мәселемізді шешетін Әділет министрлігі мен әділет басқармалары ғой. Басқа жақтан белгісіз біреулер қалай келіп қалғанын өзіміз де білмей қалатын кездеріміз аз емес.

– Судьяны тағайындау, орнынан алу мәселесі сіздердің келісімдеріңіз бен ұсыныстарыңыз арқылы шешілуші ме еді?

– Әрине, алайда соттар Әділет министрлігіне бәрібір тәуелді күйде қалып отыр. Әділет министрлігінің аппараты кадр мәселесін шешеді. Сонда судьяның іскерлігі қайда қалады? Мәселен, Әділет біліктілік алқасының өзі Әділет министрлігінің жанынан құрылды. Ол Әділет министрлігіне де, жоғарғы сотқа да тәуелсіз орган болып құрылғаны дұрыс еді. Заңда солай көрсетілгенімен, іс жүзінде әзірге ештеңе өзгере қойған жоқ.

Оның үстіне біздер материалдық жағынан да Әділет министрлігіне тәуелдіміз.

– Әділет министрлігі соттарды материалдық жағынан қамтамасыз етпесе, сіздер жергілікті әкімшілікке алақан жайып қалмайсыздар ма?

– Обылыстық Әділет басқармасы материалдық жағынан аудандық соттарды қамтамасыз еткені дұрыс қой. Өйткені, қаражатты Әділет Министрлігінен алып отыр. Ал, негізінде соттар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Сондықтан, облыста әділет басқармасының қажеті шамалы. Мемлекеттің жергілікті сотқа берген қаражатын Әділет министрлігі өзі таратып беріп отыр емес пе? Ендеше, Әділет басқармасын тікелей әкімшіліктің бір бөлімі етіп құрса қайтер еді? Материалдық жағынан да, кадр мәселесі тұрғысынан да әділет басқармасына тәуелді болғаннан кейін, соттар бәрібір олардың сөзін екі ете алмайды. Мәселен, былтыр осы Алматы облыстық әділет басқармасының бастығын Әділет министрлігі жұмыстан алып тастады. Мен ол адамды ақтаудан аулақпын. Егер, сол адам өзін орнынан заңсыз алындым деп сотқа шағымдansa, сот бұл мәселені қалай шешеді? Әділет министрлігінің шешімін бұзса, судья ертең өзі орнынан алынып қалмасына кім кепіл? Сол себепті ол алаңдап, дұрыс шешім ала алмауы мүмкін.

– Иә, бұл істе ойланатын шаруалар бар сияқты. Әңгімеңізге рахмет. Құқықты реформаны жүзеге асыру барысында әлі талай ойлар ортаға салынар. Сіздің тарапыңыздан солай қарай бір қадам жасалынды деп есептейміз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
12 наурыз, 1996 жыл.

СУДЬЯ ДА ӨЗІМІЗДЕЙ АДАМ

Алматы қалалық сотының төрағасы Серік Байбатыров мырзамен кездескенде түйген бір ой осындай.

Таяуда осы қаладағы бір аудандық соттың төрағасына қызмет бабымен кіріп-шығайын деп қабылдау бөлмесінде күтіп тұрғанмын. Біраздан кейін іште отырған адам да шықты. Ол – өзім студент кезімнен білетін жолдастарымның бірі екен. Аман-саулықтан кейін төрағаның есігіне қарай ұмтыла беріп едім, ол мені қолтығымнан ұстап, дәлізге шығарды да:

– Сен бұл кісіні бұрыннан білуші ме едің? – деді.

– Жоқ, бірінші рет жүздеспекшімін. Оны неге сұрадың? – деймін таңданып.

– Өзіміз сияқты қарапайым жігіт екен. Судьялар бұлай болады деп кім ойлаған. Емін-еркін сөйлесе бер, – деді де жөніне кетті. Сірә, мені бір өтінішпен келді деп ойласа керек. Аңқау досымның мінезіне іштей күліп, қала бергем.

Алматы қалалық сотының төрағасы Серік Байбатыровтың қабылдау бөлмесіне келгенімде осы әңгіме тағы есіме түсті. Бұл кісімен бұдан бес-алты ай бұрын газет бетінде сұхбат жүргізгенмін. Онда ол Талдықорған облыстық сотының төрағасы-тұғын. Сол облыста жиырма жылдан астам уақыт заң саласында еңбек етіп, енді Алматы қалалық сотының төрағасы қызметіне ауысып келіп отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінде сұхбат жарияланғаннан кейін, шамасы бірер айдай уақыт өтті-ау деймін, Серік Кәтенұлымен Әділет министрлігінің кеңейтілген алқасында ұшырасып қалдым.

– Бауырым, өткендегі біздің әңгіmemіз шындыққа ұласатын түрі бар ма, қалай өзі? – деді әзіл-шыны аралас. Айтса, айтқандай-ақ еді. Дәл сол кездерде «Сот билігін жеке-дара жүзеге асыру үшін оны Әділет министрлігінен бөлу керек!» деген пікірлер төңірегінде дау-дамай өршіп тұрған. Соның салдарынан «Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі туралы» заң жобасын бір ізге түсірудің өзі қиынға соққандай еді.

Ал, С. Байбатыров – алғашқы сайланған Жоғарғы Кеңестің депутаты кезінде осы заңды дайындауға ат салысқан авторлар-

дың бірі болғандықтан, сұхбат кезінде осы мәселе жөнінде сұрақты бүйірден қойғанбыз. Сонда ол кісі: «Сот дербестігі дегенді тек Әділет министрлігінен бөліну деп ұқсақ, қатты қателескеніміз. Егер, дәл солай етсек, сот құрылымының прокуратурадан айырмашылығы қайсы? Төменгі буындағы соттар жоғарғы буындағы соттардың айтқанын мүлтіксіз орындап, тәуелділіктің қамытын мойнына ілері сөзсіз» дей келе, Әділет министрлігі соттарға ешқашан ықпал етпегенін және ықпал ете алмайтынын да, керісінше ол, соттарға қызмет етіп отырғанын ашық айтқан, дәлелдеген.

Сондай-ақ Төрелік сот пен Конституциялық соттардың құрылымын түбегейлі өзгерту қажет екенін де жасырмаған.

Сот реформасын жүзеге асыру, бір күннің шаруасы емес. Мұндайда көпшіліктің, әсіресе, білікті мамандардың ұсынысы мен ой-пікірі ауадай қажет. Осынау үлкен іске өзінің тамшыдай болса да үлесін қосып, оның жүзеге асқанына баладай қуанған Серік Кәтенұлымен тағы бір жүздесіп әңгімеге тартқым келген. Бірақ, бұл жолы өзімнің де уақытым тығыздау еді. Секең де қауырт жұмыс үстінде отыр екен.

– Сот құрылысы туралы заң қабылданды. Енді осы бағытта аянбай жұмыс істеуден басқа не қалды? Бұл қызметке кіріскеніме аз ғана уақыт өтті. «Мынаны бүйтіп тастадым» деп мақтауға әлі ерте. Жалпы, осы қазаққа мақтану, бірін-бірі мадақтау қажет пе, қалай ойлайсың? – деп, ол жүзіме күле қарады.

– Секе, **«Біреуді орға жыққың келсе, оны көзінше мақтай бер» дегенді естігеніңіз бар ма?**

– Тым ащылау айтылған екен...

– Ендеше, менің тарапымнан ешкім мақтау күтпей-ақ қойсын. Редакцияға келген мына арыз-шағым бойынша қылмысты іспен танысып шықсам ба деп едім. Соған рұқсат берсеңіз, болды.

– Үкімі, шешімі шыққан қандай іспен танысам, десеңіз де, рұқсат, – деп қажетті адамдарға нұсқау бере бастады.

Мен алғысымды айттым. Міне, судья деген өзіміз сияқты қарапайым адамдардың бірі ғана...

«Егемен Қазақстан» газеті,
30 қаңтар, 1996 жыл.

СУДЬЯНЫҢ БІР СЫРЫ

Қызмет бабымен сот процестеріне жиі қатысатындығымнан болса керек, өз басым біраз судьялармен жүзданыспын. Сөйте жүріп олардың кейбіреуімен достасып, жасы үлкендерімен сыйласып кететін кездер де аз емес. Ал қайсыбіреулерімен «айтысып» қалуға тура келеді. Журналистерді суқаны сүймейтін, «бәледен машайық» деп, олардан аулақтау жүруге тырысатын судьялар да болады. Сол көп судьялардың ішінде мен үшін ешкімге ұқсамайтын біреуі бар. Ол – Есберген Алауов деген азамат.

Мен онымен алғаш рет телефон арқылы тілдесіп, телефон арқылы таныстым. Иә, өмірде ондай жағдайлар да кездеседі. Бәрі адамына байланысты. Бір-бірімізбен кездеспей тұрып сонда біз не жайында әңгімелесуші едік? Әрине, заң жайында, дәлірек айтсақ заң тақырыбына қалай жазу керектігі жөнінде пікірлесетінбіз. Ол өз ойының нақты нәтижесі ретінде мақалаларын жиі-жиі редакцияға жолдайтын. Сосын телефон шалып: «Қалай ұнады ма, жазылуы қалай?» деп сұрайды. Өлдекімдер құсап: «Мақалам неге шықпай жатыр?» деп байбалам салу оның табиғатына мүлдем жат.

Бір күні кездестік. Редакцияға өзі келді. Тағы да мақалалар әкелген шығар деп ойлағам. Жоқ, ол бұл жолы кітап әкеліпті. Көлемі 20 баспа табаққа жуық сұр кітаптың ішкі мұқабасына бірденелер жаза бастағанда-ақ бұл өз кітабы екенін түсіндім. Кателеспеппін. «Квалификация хищений совершенных по подложным документам» деген оның бұл туындысы Ташкентте басылыпты. Кейін толықтырылып, өз республикамызда да жарық көрді. Ал, оның «Уголовный кодекс Республики Казахстан. Каким ему быть?» деген кітапшасы еліміздің Қылмыстық кодексін қайта толықтыру кезінде көп пайдасы тигенін бұрынғы Жоғарғы Кеңес депутаттарынан да талай естігем. Осы еңбектерінің негізінде ол кандидаттық диссертация қорғады. Енді

докторлық диссертацияға дайындалып жүр. Кейбір судьялар өзіне тапсырылған істерді карауға уақыт таппай, соның кесірінен шала-шарпы үкім, шешім шығарып, біреулердің обалына қалатынын, соңында елдің бәрін әбігерге салатынын білеміз. Ал Е.Алауов Сарыағаш сияқты үлкен ауданның сот жүйесіне басшылық ете отырып, ондағы істердің 40 пайызын тікелей өзі қарайтынын естігенімде таңданғаным да рас.

Бірде ол маған соңғы жылдары республикалық басылымдарда жарық көрген мақалаларын алып келді. Екі тілде бірдей жазатын судьяның газеттегі жазбаларын қадағалап жүргеніммен, кейбіреулерін оқымаған екенмін.

«Журналистер одағының конкурсына шығармаларыңды ұсын деп еді, осылардың қайсысын таңдағанмыз дұрыс?» дейді ол ақылдасу сынайында. Кез келгені сыйлыққа лайық дүниелер екенін айтып, бір-екі күннен кейін өзіне қайтарып бердім. Айтқандай-ақ, 1995 жылы ол Қазақстан Журналистер одағының Бақытжан Қаратаев атындағы марапатына ие болды. Есберген бұған қатты қуанды, журналистикадағы табысы ол үшін бәрінен де жоғары сияқты. Кәсіби дағдыма басып, мен одан осы мәселе жөнінде сыр суыртпақтағам. Сөйтсем, шынында мұның өзіндік себебі бар екен.

«Кейінгі жылдары, жазбасам тұра алмайтын бір күйге түстім, – деп еді бірде ол. – Әсіресе, сот процесін өткізіп, үкім, шешім шығарғаннан кейін өзімді қоярға жер тапаймын. Әл-декімдерді өте қатаң жазаға кескендей, біреулердің көз жасына қалғандай сезінемін де тұрамын өзімді. Бұдан кейін заңдарды қайта ақтарыстыра бастаймын. Өз көңілімді алдарқату үшін сөйтемін. Кейде заңның кейбір тұстары тым артықтау, кейбір тұстары тым осалдау, бір нәрсе жетпейтіндей көрінеді. Ол жайындағы пікірлер мен ойларды дереу қағазға түсіремін. Солардың бәрі жинала келе ғылыми еңбектің негізін қалағанын кейін байқадым».

Ал енді ол журналистикаға соншалықты неге ынтықты дейсіздер ғой. Оның себебі де жоғарыда өзі айтқан жағдайларға

байланысты екен. Небір жап-жас жігіттер немесе өмір жолымен дүп-дұрыс келе жатқан адамдар аяқ астынан заң бұзады, қылмыс жасайды. Сөйтіп, түрменің есігінің алдына қалай келіп қалғанын байқамайды. Сот дегеніңіз, сол түрменің ең сыртқы қақпасы іспетті. Мемлекет атынан оқылатын үкімнің соңғы бір ауыз сөзімен тағдыры шешіледі. Сол бір ауыз сөз судьяның аузынан шығады. Яғни, тіліңнің ұшында әлдекімнің өмірі кетті деген сөз. Міне, Е. Алауовты қинайтын да осы соңғы сөз. Судья да ет пен сүйектен жаралған адам. Оның да жүрегін аяушылық сезімі тырналап жатады. Е. Алауов осындай жағдайда еріксіз қолына қалам алып, журналистикаға бет бұрады екен. Мұны да өзі маған сыр ретінде айтып еді.

Соңғы сөзді сот айтады. Соңғы сөздің жүгі ауыр, жауапкершілігі үлкен. Сондықтан да, үкім оқыр алдында өз-өзіңе іштей есеп бер. Есберген Алауовтың жазбалары осындай салиқалы ойларға жетелейді. Осы бір ізгі ой әділет қорғаушысы мамандығын таңдаған оның әріптестерінің жұмысына тамызық болса, қанеки!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
16 қараша, 1996 жыл.**

ШАРТТЫ ШЫРҒАЛАП

**дәлірек айтқанда «контрактіні» қару етіп, ұлттық
кадрларды қудалауын қоймай жүрген В.Зайцевтің
көксегені не?**

Бұл оқиға Талғар қалалық «Қуыршақ-қолқанат» деп аталатын бүлдіршіндер театрында болып жатыр.

Ұланғайыр республикамыздың шағын ғана бір қаласында орналасқан шағын театрды екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Сондықтан, ол жөнінде аздап мағұлмат бере кетейік.

Театр 1989-шы жылы, қазан айының 6-сы күні Талғар қаласына келіп отау тіккен. Оның алғашқы ұйымдастырушысы – 53 жылдай театр саласында талмай еңбек еткен Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Павел Ильич Поторока. Жаңа жерден жаңа өнер ошағын алаулату кімге де болса оңай шаруа емес. Ең алдымен талантты актерлар керек. Сондықтан, Поторока өзінің бұрынғы шәкірттеріне қолқа салады. Республикалық қуыршақ театрында алаңсыз қызмет істеп жүрген белгілі актриса М.Дәулетқұлова, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері – З. Дүйсенова мен С. Әбуова бір жағынан ұстаздарының тілегін жерге тастағысы келмесе, екінші жағынан астанада шалғайдағы қазақ бүлдіршіндері өз тілдерінде спектакль көруге молынан мүмкіндік алады деген соң, қуана келіседі. Алматыдан Талғарға барып-келіп істеуді де қиынсынбайды.

Бірақ, бұлар күткен қазақ қойылымдары көпке дейін сахнаға шықпай, діңкелерін құрта бастаған соң театр директоры В.Зайцевке өз пікірлерін ашық айтқан. Алайда, ол қазақ актрисалардың сөзін жүре тыңдайды. Осы театрға директорлыққа Зайцевті кезінде Поторока ұсынған. Өйткені, ол кісі өзі таза творчествоның адамы және жасы да біразға келіп қалғандықтан, театрдың жалпы басшылығын алғысы келмеген. Сол Зайцев енді Потороканың өзін ығыстыра бастады. Қайдағы бір

қазақтардың сойылын соғып жүрген шалдан тезірек құтылмаса, іс насырға шабатынын сезсе керек.

Ал, Поторока талантты қазақ актрисаларының орыс спектакльдеріне де бар өнерін салып жүргенін көріп, өз-өзінен қысылады. Кезінде бұларға берген уәдесін орындай алмағаны үшін қатты ыңғайсызданады. Тіпті өзін қазақ халқының алдында кінәлідей сезіне бастайды. Ақыры Зайцев оны құрметті демалысқа жеткізбей шығарып жібереді.

Енді оның соңында қалған шәкірттері нендей күй кешіп жүр деген сұрақ туады. Олар күні бүгінге дейін Зайцевпен «алысумен» алтын уақыттарын өткізуде. Зайцев қаншама рет оларды жұмыстан шығарды, қаншама рет олар сот арқылы қайтадан жұмысқа алынды. Талғар қалалық атқару комитетінен бастап, ортадағы «баспалдақтардың» бірін қалдырмай, республика Мәдениет министрлігіне дейін, одан асып Президенттің атына дейін арыздар жазды. Бірақ нәтиже жоқ. Талғар театрының директоры В. Зайцев ешкімді тыңдамайды. Бір әділдіктің бар екеніне сенген қазақ актрисалары өз дегендерінен қайтпайды.

«Біздер Талғар театрында қазақ тілінде спектакль қоюды талап еткеніміз үшін кінәлі болып, қуғынға ұшырадық. Театр директоры В.А. Зайцев нағыз шовинист адам. Өнердің иісі мұрнына да бармайды. Бірдеңе айтсаң, шарт етіп ұрысуға дайын тұратын «тыз етпенің» өзі. Егер, бұл сөзімізге сенбесеңіздер, өздеріңіз арнайы келіп сөйлесіңіздерші», дейді жоғарыда аттары аталған үш қазақ актрисасы редакциямызға жазған арыздарында.

Даудың басы ұлттық өнер жайында болып отырғанын байқаған шығарсыздар. Тегінде ұлт мәселесі деген өте нәзік әрі күрделі құбылыс. Арыз жазушылардың көбісі жеңіліп бара жатса, өзін «ұлт қаһарманы» ретінде көрсетуге тырысып, кеуделерін соғып шыға келетіндерін де көріп жүрміз. Сондықтан, алдымен арыз жазушылардың қолындағы құжаттарды тереңдей зерттеп, әр іске заңдылық тұрғысынан баға бермесең, өзің де оңбай қателесуің мүмкін.

Талғардағы «Қуыршақ-қолқанат» театрында бұған дейін қазақ тілінде спектакльдер қойылмағаны рас. Осы жайында

В. Зайцевтен сұрағанымызда ол: «Театр орыс тілінде ашылды. Қазақша спектакль қоямын деп о баста ешкімге уәде берген емеспін, оның үстіне қаржы мәселесі де қиындау» деп екіұшты жауап берді. Шынында да қазіргі кезде қаржы табу қиын-ақ. Дегенмен, театр алғаш ашылған кезде орыс тіліндегі спектакльдермен қоса болгар тілінен аударылған бір қазақша спектакль қойылыпты. Дәл сол спектакльге қазақ бүлдіршіндері көптеп келгенін Зайцевтің өзі де жасырмайды. Ендеше, осы игі істі неге одан әрі жалғастыра бермеске. Әлде білікті мамандар жетіспей ме? Олай деуге негіз жоқ. Редакцияға арыз жазған үш актрисадан басқа мұнда Жезқазған театрынан арнайы шақырылған Мұхамеджан Мырзакеев, Әділхан Қабылов деген екі талантты жас жігіт бар. Сондай-ақ, бұл театрда атақты әнші Ләззат Сүйіндікованың туған баласы Жұмахан Құсайынов та режиссер болып істейді. (Қазіргі кезде ол театрдың бас режиссері).

Ал, енді қазақ тілінде спектакль қойылмаса қазақ актерлары мұнда не бітіріп жүр деген ой туады. Олар бар өнерлерін салып, орыс тілді көрермендерін қарық қылуда. Ол үшін әкімшілік тарапынан алған алғыстары да баршылық. Егер, бұл адамдар атак, даңқ іздеген жандар болса, директордың айтқанын орындап, тып-тыныш жүре берсе, түгі кетпес еді. Бірақ, өз республикада тұрып, өз ұлттық өнерінді көркейтуге үлес қоса алмасаң, басқа тілде сөйлеп, басқаның сойылын соқсаң, азаматтығың қайсы? Міне, бұл ұжымдағы ахуалға іріткі салған осындай көңіл түкпіріндегі қыжылдар болатын.

Директор мен қазақ қыздарының арасындағы қақтығыс күннен-күнге өрши түспесе әзірге өшетін түрі жоқ. Әдетте, басшы біткендердің көбісі өзіне ұнамайтын қызметкерлерден құтылу үшін әлімсақтан белгілі, қарапайым көзге ұрып тұратын тұрпайы әдіс – тырнақ астынан кір іздеу, қыр соңына түсіп алу тәрізді жарамсыз қасиеттерді қолданады. Сөйтеді де, алдымен өзін өзгелерге жексұрын етіп көрсеткенін сезбей қалады. Жандайшаптары, жағымпаздары мұндайда оны қолпаштап, қолтығына дым бүрке түседі. Бүкіл басшы біткен солай десек, қателесеміз,

әріне. Бірақ, жетесіздеу, тумасынан тексіздеу жаралған пенделердің маңдайына жазылғаны осы да.

Владимир Зайцевті бір көргенде дәл сондай адам деуге қимайсың. Театр өнеріне жанын салып жүрген әділ, тура мінезді кісідей әсер қалдырады. Бірақ... Иә, әлгі «ұлтшыл» үш актрисаның әрқайсысын жеке-жеке ықтырып алу үшін оның дәл осы әдістен басқаға ақылы жетпепті.

Ыңғайсыздау болса да айтайық, Владимир Алексеевич жаңағы үш әйелдің қыр соңына түскені соншалық, олардың қанша уақыт қол жуып, ауыз шаятынына дейін есептеуді шығарыпты. Бұл «еңбегі» босқа кетпеген. Соның нәтижесінде 1990-шы жылғы қаңтардың 8-і күні № 14-бұйрықты шығарып, С. Әбуоваға «еңбек тәртібін бұзғаны үшін» бір сөгісті беріп үлгереді. Арада алты күн өткеннен кейін 14-ші қаңтар күні жұмысқа 15 минут кешіккені үшін № 17-ші бұйрықпен оған тағы да бір «қатаң ескерту» жасайды. Осы жайында С. Әбуованың өзі былай дейді:

— Алматыдан біз осы мекеменің арнайы автобусымен қатынаймыз. Таңертең келісілген уақыт бойынша белгілі жерде күтіп тұрамыз. Бірақ, кейінгі кезде автобус бізге соқпай, әдейі басқа көшемен бұрылып кететінін байқадық. Зайцевтің құрған «қақпанына» түспеу үшін мұндайда такси ұстап, Талғарға жарыса жеткен кездеріміз де аз емес. Олар автобустан түсіп жатқанда, біз таксиден түсеміз. Сөйтеміз де қатарласа театрға кіреміз. Әйел болған соң үсті-басыңды түзеп, шашыңды тарамасаң, тағы ыңғайсыз. Осыдан кейін дәретханадан шыға бергенде дәл есіктің алдында сағатына қарап қойып: «Міне, жұмысқа тағы да 15 минут кешіктің!» деп саусағын шошайтып тұрған Владимир Алексеевичті көргенде, ол үшін ұялып, жерге кіре жаздаймыз...

Шынымды айтайын, бұл сөзге алғашқыда сенбегенмін. Әйел заты әр нәрсені әсірелеп айтатыны белгілі. Алайда... Себебі... Иә, ол жайына кейінірек тоқталайық...

Сонымен, арада тағы бір-екі күн өткеннен кейін 16-шы қаңтар күні №18-ші бұйрықпен С. Әбуова жұмыстан шығарылады. Не үшін дейсіздер ғой. 10-шы қаңтар күні жұмысқа келмегені

үшін. Сонда оған 14-ші қаңтар күні жұмысқа 15 минут кешіккені үшін «қатаң сөгіс жариялағанша», 10-шы қаңтар күні жұмысқа келмегені үшін неге оны бірден жазаламаған деген ой туады. Ерегесіп жүргенде есіне түсіп кеткен соң, бастығы «игіліктің ерте-кеші жоқ» деп білді ме, кім білсін, бұл жүйесіздіктің жөнін біз де түсіне алмадық.

Әбуова сот алдында өзінің бір күн жұмысқа не себепті келмей қалғанын түсіндіріп, Зайцевтің заңсыздығын дәлелдеп шыққаннан кейін 21-ші наурыз күні №25 бұйрықпен қайтадан жұмысқа алынады. Бос жүрген күндерінің еңбекақысы театр есебінен өндіріледі. Арада бес айдай уақыт өткен соң В. Зайцев арызқой актрисалардан құтылудың тағы бір тәсілін ойлап табады. Ол қандай тәсіл дейсіздер ғой. Бұл – жалған құжат жасау арқылы қарсыластарды алдап соғу тәсілі. «Құлықтың құйрығы бір-ақ тұтам» дегендей, бұл тәсілдің де ғұмыры ұзаққа бармай, Зайцев сот алдында директор басымен әшкереленіп қалады. Бұған көз жеткізу үшін 1991-ші жылдың 3-ші сәуіріндегі Талғар аудандық халық сотының шығарған шешімінен үзінді келтірсек те жеткілікті. Онда былай делінген: «Сотқа арыз берушілер – З. Дүйсенова мен М. Дәулетқұлова 1989 жылдың 19-шы сәуірінде Талғар аудандық қуыршақ марионетка театрына жұмысқа тұрақты (постоянно) мерзімге қабылданған. Ал С. Әбуова 29-шы сәуірде басқа жұмыстан ауысу арқылы осында тұрақты жұмысқа келген. Олар әкімшіліктің атына жазған өтініштерінде де дәл осылай көрсеткен және онда белгілі бір уақытқа дейін келісімге (договорға) отыру жөнінде сөз қозғалмаған. Алайда, екі айдан кейін, 11-ші шілде күні дайындық (репетиция) жүріп жатқан кезде Зайцев бұларға еңбек шарты жөніндегі қағазды алып келіп, қол қоюларын өтінеді. Шартта ешқандай мерзім жөнінде сөз болмаған соң, үшеуі де қол қоя салады. Кейін бұл шарт бір жылға ғана жасалған құжат болып шыға келеді. Мұны олар жұмыстан шығарарда ғана біледі».

Аудандық соттың осы шешімін толық оқып шыққан адам Зайцевтің қитұрқы әрекетінің тағы бір қырын анық байқар еді.

Өйткені, еңбек шартына қол қойғызарда оның мерзімі көрсетілетін тұсты әдейі ашық қалдырып, кейін оның орнына «Бір жылға дейін» деп қосып жазылғаны анықталған. Сотқа арыз беруші үш актрисаның о баста жұмысқа қабылданғанда жазған өтініштерін де жоғалтып жіберіпті. Себебі, онда жұмысқа келісім-шарт (контракт) бойынша бір жыл мерзімге ғана қабылдау жөнінде әңгіме қозғалмаған. Бұдан кейін Зайцев өз қолымен жұмыстан шығарған үш актрисаны қайтадан жұмысқа қабылдап, бос жүрген күндерінің ақшасын төлеуге мәжбүр болады.

Айта кететін бір жәйт, Зайцев біреудің қолымен от көсеуді де жақсы меңгерген екен. Жоғарыда айтылған жалған құжаттарды ол өзінің орынбасарына жасатқан. Алайда директордың орынбасары жұмысқа қабылдауға, жұмыстан шығаруға құқысы жоқ екенін осы жолы ол ұмытып қалса керек, «Жығылған күреске тоймайды» дегендей, Зайцев үш қызбен «күресуді» бұдан кейін де жалғастыра береді.

Қазіргі мынау жекешелендіру, шаруашылық есеп деген, екінің бірі түсіне бермейтін саясат негізінде театрдың атын өзгертіп, жанына бір сөз қосады да (Талғар марионеток және маска), контракт жүйесіне көшеді. Контрактінің жобасын сонау Мәскеудегі «Высшая школа деятелей сценического искусства» деген мекемеден көшіріп алып келеді. Ол үшін қыруар ақша жұмсайды. Заң білместіктен алғашқыда аузы күйіп қалған ол бұл жолы жанына арнайы заңгер алып кіріседі. Сөйтіп, 1991-ші жылдың 10-шы шілдесінде Талғар қалалық атқару комитетімен келісім-шартқа отырады. Мұнда директор атқару комитетінен – үш жылға, ал директор өз қарамағындағылармен бір жылға келісім-шарт жасасуы тиіс екен.

Осы жылдың 20-шы наурызында біз осы мәселеге байланысты іс-сапармен Талғар театрына келіп, Зайцевпен және арыз жазғандармен жүзбе-жүз жолықтық. Келісім-шартқа үш қазақ актрисаларынан басқасы түгел қол қойыпты. Дәл сол күні Әбуовадан басқа екі актриса да біздің көзімізше шартқа қол қоюға мәжбүр болды. Дүйсенова енді бір-екі жылдан кейін зейнеткерлік демалысқа шығатын көрінеді. Зайцевпен ерегісеміз

деп жүріп бейнеті көп тірліктің азғантай ғана зейнетінен айырылып қалғылары келмеген олардың ішкі ойларын айтқызбай-ақ түсіндік. Бірақ С.Әбуова дегенінен қайтпады.

Сол күні түстен кейін бұл театрда тұңғыш рет «Алдар-Көсе» спектаклі қазақ тілінде сахнаға шықты. Бұл қойылымды мен бұған дейін үлкен сахналардан талай рет көрсем де, дәл бұл жолғыдай тебірене алмағам. Сенесіздер ме, сахнадан комедия емес, трагедия көріп отырғандай сезіндім өзімді. Алдар-Көсе мен Шығайбайдың рөлдерінде ойнаған М. Мырзакеев пен Ә. Қабыловтың, шайтанның кейпін келістіре шығарған С. Әбуованың өнеріне көрермен қауым ішек-сілелері қата қол соқты. Ал, олардың жаңа ғана, осы сахнаға шығар алдында ғана Зайцевтің кабинетінде көздеріне жас алғанын, ұлттық өнерді өркендеткілері келгісі үшін қуғын көргендерін айтып, ішкі зарларын қалай төккендерін бұлар қайдан білсін.

Қабылов пен Мырзакеевті жанұяларымен сонау Жезқазған театрында жүрген жерлерінен осында шақыртып, үй беремін, бар жағдайларыңды жасаймын деп арнайы қағаз жіберген Зайцев оларды бүгін тақыр жерге отырғызып кеткен. Өрімдей жас, талантты екі жігіт қазір бала-шағасын шұбыртып, баспанасыз қалайын деп тұрғаны Зайцевтің қаперіне кіріп-шықпайды.

Шартқа қол қоймағаны үшін 23-ші наурызда Әбуованы жұмыстан шығарып та жіберген. Әбуованың шартқа қол қоймауының бір себебі, ол Қазақстанның еңбек сіңірген артисі. Ал, Зайцев оған қатардағы актриса ретінде еңбекақы төлемекші. Бұл дегеніңіз, жеке адамды ғана емес, республика үкіметі бекіткен атақты да қорлау, елемеу деген сөз. Керек десеніз, мұның алдында театр ашылғанына бір жыл толмай жатып-ақ Зайцев Әбуованы жұмыстан шығару үшін аттестация ұйымдастырып, оны «құлатып» тастаған. Соның алдында ғана оған үздік еңбегі үшін алғыс жарияланғанын, сөйтіп, өзіне-өзі қарсы әрекет жасап отырғанын Зайцевтің байқамай қалғаны қызық-ақ.

Зайцевтің бұл әрекеті заңсыз екенін ескертіп, Әбуованы жұмысқа қайта қабылдау жөнінде ауызша ұсыныс жасаған республика Мәдениет министрі орынбасарының сөзін де аяқтасты

еткен. 4-ші наурыз күні Талғар аудандық «Талғар туы» газеті де бұл жөнінде сын-мақала жазылған. Зайцев мұны да шыбын шаққан құрлы көрмепті.

Әбуова қазір Талғар аудандық халық сотына өзінің заңсыз қудалауға ұшырап, контрактіге қол қоймағаны үшін жұмыстан шығарылғаны жөнінде арыз түсірді. Енді бұл істі тағы да сот қарайды. Бар мақсатын өнерге жұмсап жүрген осынау қаршадай қыздың жүйкесін тоздырып, сергелдеңге салып қойған бюрократизмге бір сәт лағнет айтқың келеді.


Зайцев осы жолы тағы да жеңілетініне күмән жоқ. Себебі, республика Министрлер кабинетінің 1991-ші жылғы 17-ші желтоқсанында қабылданған қаулысының (№239) №17-ші бабындағы «Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы» тармақта келісім-шарт тек қана белгілі бір іскер топтармен, ғалымдармен, спортшылармен, ғылыми мекеменің қызметкерлерімен ғана жасалатындығы айтылған. Сондай-ақ, бір мекемеде бұрыннан істеп жүрген адамдар келісім-шартқа тұрғысы келмесе, оларды жұмыстан шығарып жіберуге ешкімнің қақысы жоқ және келісім-шарт біржақты жасалмауға тиісті екені баса көрсетілген. Иә, бұл арада Зайцевтің табан тіреуге тырысатын бір «баспалдағы» бар. Ол – егер мекеме тарап кетсе немесе қайта құрылса, аты мүлдем өзгерсе ғана келісім-шарт бойынша жұмыс жүргізуге болатындығы.

Зайцев театрдың атын өзгертті. Енді шаруашылық есепке көшпекші. Алайда, театрдың аты өзгергенмен мұндағы ішкі жағдай әлі сол қалпында. Қызметкерлер сол бұрынғы жұмыс ауқымын арқалап жүр. Зайцев өзі кезінде Талғар қалалық атқару комитетімен келісім-шартқа қол қойған. Ал атқару комитеттері бүгінде жоқ. Енді ол болашақта кіммен есеп айырысып, жаңа шарттың талабын кімнен сұрауы белгісіз. Жалпы, Қазақстанда тұрып, Ресейдің бұрынғы заңдарын басшылыққа алудағы Зайцевтің мақсаты не?

«Халық кеңесі» газеті,
3 маусым, 1992 жыл.



II. БӨЛІМ.



ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ҚАДАМДАРЫ



«АЛЫНБАЙТЫН ҚАМАЛДАРҒА» АМАЛ БАР МА? немесе тағы да Алматы темір жол басқармасы жайында

Дәл осылай етіп тақырып қоюға біріншіден, осы мекеме жайында республикалық газет беттерінде жарияланған сыни мақалалар себепкер болса, екіншіден, сол сынға бір рет те жауап қайтармаған жоғары орындардың, соның ішінде заң орындарының бейтарап қылықтары әсер етті. Сондай-ақ, баспасөз беттерінде әшкереленген «бас кейіпкерлердің» өздері де жұмған ауыздарын ашар емес. Орыс, қазақ тілдерінде шығатын ресми, бейресми газеттердің бәрі Алматы темір жолы басқармасының бастығы мен оның бірінші орынбасары В.Дуткиннің, Алматы темір жолы бөлімшесінің бастығы С. Ағментаевтың қылмыстарын дүйім жұртқа паш еткен екен.

Әдетте, «шонжарлар» жағы мұндайда «абыройыма, ар-ожданыма кір келтірді!» деп сотқа қарай тұра жүгіруші еді. Ал, бұлардың өйтуге шамасы жоқ. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деп, әзірге тыныш отырған түрлері бар. Бір қызығы, заң орындары да тергеу ісін сағызша созып келеді.

Осыдан үш-төрт ай бұрын орталық теледидардан берілген тікелей хабарлардың бірінде Республика Бас прокурорынан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасынан тергеу ісінің осыншама уақытқа дейін созылу себебін сұрағанбыз. «Бұл – өте күрделі іс. Мұқият тексеруді қажет етеді» дегендей қысқа жауап қайтарылған. Қош, «Піс, қазаным бес ай...» деп, тергеу қорытындысын біз әлі күтуден жалыққан жоқпыз. Дегенмен, мені толғандырып отырған нәрсе, әріптестерім қанша жазса да оған ешкімнің селт етпегені болып отыр. Баспасөзді қадірлемеу – алдымен өзіңді қадірлемеу, сосын халықты қадірлемеу екенін, сол халықтың алдында өзіңнің өресіздігіңді таныту екенін түсінетін кез жетті. Сол себепті де осы тақырыпқа қайта оралуға тура келді.

Жоғарыда аттары аталған адамдардың үстінен редакцияға жазылған арыздардың мазмұны әлі-күнге дейін көкірегімде сайрап тұр. Ол жайында тәптіштеп жазу – бұған дейін басқа басылымдарда жарық көрген мақалаларды қайталау болып шығады. Сондықтан, осы жарияланымдарға шолу жасай отырып, ой түйгенді жөн көрдім.

Мақалалардың тақырыптары былай деп аталады: «СП» – Значит «семейное предприятие» («Караван», 29.08.1994), «Ситуация на железном транспорте» («Панорама», 1.10.94), «Стопкран не сработал» («Казахстанская правда», 9.11.94), «Сот үкім шығарды, бірақ...» («Түркістан», 9.11.1994), «Повод уволить всегда найдется, было бы желание» (Каз.правда 16.05.1995), «Жегені желкесінен шықпай ма?» («Халық кеңесі», 16.05.1995).

Осы мақалалардың бәрінде Алматы темір жолы басшылығының үстінен талай рет қылмыстық іс қозғалса да ешбір жауапқа тартылмаған. Алматы темір жол бөлімшесінің бастығы С. Ағментаев мырзалардың шетелдік «Стелла», «Волга», «Доффлин-С», «АМУ», «РВД», «ЛКЦ», «Буревестник», тағы басқа акционерлік қоғамдармен, кәсіпорындармен, картельдермен, фирмалармен шарттар жасасып, оларға миллиондаған теңге аударғаны, сөйте отырып ешқандай пайда көре алмай, аударған ақшаларынан «айырылып» қалғаны, онымен қоймай темір жолдың мүлкі мен қаржысын өздері бас пайдасына жаратып, онды-солды шашқаны, талан-таражға салғаны тайға таңба басқандай етіп тұрып жазылған. Сөйтсек, бұлар тіпті заң орындарының шешіміне де құлақ асуды қойыпты.

Өткен жылы II Алматы стациясының бастығы Әмірхан Төреханов пен осы мекеменің бас есепшісі А.Мұқажановтың талап-арызы бойынша Октябрь аудандық халық соты іс қарап, «Еңбек туралы» заңның 130-бабы 25-тармағы және темір жол көлік тасымалындағы тәртіп туралы құжаттар негізінде «Ә.Төрехановқа үш айлық көлемінде айып салу және оны өз қызметіне лайықсыз деп есептеуге болмайды» деген шешім шығарыпты. Бұған қосымша «Еңбек туралы» заңның

131-бабына орай әкімшілік мұндай мәселені қарағанда бір ғана жазамен шектелуі тиіс екендігі баса көрсетілген. Сондай-ақ, бас есепші С.Мұқажановқа тағылған айып та негізсіз деп табылып, бұл бұйрықтың күші жойылған.

«Түркістан» газетіне жазған мақаласында журналист Б.Айнабеков соттың бұл шешіміне С.Ағментаев пысқырып та қарамағанын ашына жазыпты. Ал Ө.Төрехановтың II Алматы станциясының құрылыс жұмысына сіңірген еңбегі, бұл станцияның Халықаралық қалыпқа сай қайта жабдықталуына орасан күш салғандығы жөнінде бірнеше басылымдар марапаттау жазғаны да есімізде. Сөйткен азамат енді еңбегінің зейнетін көрер шақта, жасы ұлғайған кезде жұмыстан шығарылып тасталыпты. Мұны – әділ соттың шешіміне де қол сілтенді деп түсінген жөн. «Әділдік іздесең, осындай боласың!» дегендей, әкімгершілік сес көрсетудің белгісі осындай-ақ болар, сірә. Ал, Италияға қу құлқынының қамымен «іссапарға» бара жатқанда Мәскеудің әуежайында шұлығынан 1925 доллар табылып, масқара болған Ағментаевтың үстінен іс қозғалса да әлі бостандықта, өз дегенін жасауда.

Бұлар, яғни Алматы темір жол бастығы А.Омаров бастаған топ қазіргі кезде жекешелендіруді желеу етіп, темір жол қызметкерлеріне тиесілі тұрғын үйлерді «үлестіруден» де қыруар пайда табуға кіріскен көрінеді.

Нарық кезінде қызметке «командасымен» келу, тіпті басқару аппаратының құрылымын ешкіммен келіспей-ақ өзгерту деген бір әдет шықты. «Осы әдетті де бұл мырзалар оңтайымен пайдаланып, өз адамдарынан бұзылмастай шеп құрып алды» дегенді айтады редакцияға арыз жазушылар. Олардың мазмұны мынадай:

«Басшысына – қосшысы, апасына – жездесі сай» болса, бітпейтін іс жоқ екен. А.Омаров пен С.Ағментаевтар ауыз жаласа келе, жолсеріктері резервін өз қолдарына алды. Бұдан келетін пайда шаш етекпен. Әуелі поездардағы бар орындарды жасырып, билет сатқызбай тастайды. Соның салдарынан

кассалардың алдындағы қарақұрым халық еріксіз жолсеріктермен келісіп, пойызға билетсіз мінуге мәжбүр болады. 3 мыңға жуық жолсерік әрбір сапар алдында, немесе қайтып келгенде белгілі бір соманы пойыз бригадиріне, ол – жолсеріктері резервінің бастығына, ол – бөлімше бастығына, бөлімше бастығы өзінен жоғарыларға береді. Бір тәулікте Алматы станциясынан сегіз пойыз жөнелтіледі. Сонда алпауыттардың қалтасына қаншама ақша түсетінін есептей беріңіз». (Хат авторы – осы станцияның бұрынғы қызметкерлерінің бірі. Әзірге аты-жөнін көрсетпедік).

Егер осы тәріздес хаттардағы деректерді тізе берсек, газеттің бір бетін толық алып кететін түрі бар. Оларды егжей-тегжейлі тексеру заң орындарының міндеті болғандықтан, қалғанын солардың үлесіне қалдыра тұрғанымыз дұрыс болар. Себебі, бұл дабылдардың бәрі сол адамдардың атынан Бас прокуратураға, Үкімет басшыларының атына да жолданған екен. Ендеше, бұл сорақылықтарды жоғары жақтағылар біліп отыр деген сөз. Алайда, әзірге «қамал» алынар емес. Егер, Егеменді еліміз болашақта тек осындай «алынбайтын қамалдардан» тұратын болса, қарапайым халықтың жағдайы жайында сөз қозғаудың өзі қиынға түсетін шығар.

«Егемен Қазақстан» газеті,
04 тамыз, 1995 жыл.

АЖАЛ МЕН АБАҚТЫНЫҢ АРАСЫНДА

Қасақана кісі өлтірілді, қылмыскерлер қолға түсті, тергеу аяқталып, іс сотқа өтті, өлім жазасы сұралды, үкім шықты. Төменде осы оқиғалар түгелдей баяндалады.

1998 жылдың 17 қыркүйегінде сағат 11.00-де басталуға тиісті сот мәжілісі түстен кейінге қалдырылды. Себебі, қылмыскерлерді мұнда әкелуге тиісті айдауылдар (конвой) үлгере алмай жатыр екен. Осының өзінен-ақ Алматы қалалық және облыстық соттарында бір күнде қаншама қылмыстық істер қаралатынын аңғару қиын емес.

Түстен кейін, сағат 3-ке 10 минут қалғанда сот залына келіп кіргем. Сол жақтағы темір тордың ішінде үш адам отыр. Оның екі жағына қарулы күзет қойылған. Мәжіліс басталғанға дейін мына адам өлтірушілерді енді сырттай зерттеуге кірістім.

Меніңше, анау төр жақтан бері санағандағы біріншісі Құдияров Сейітқан болуы керек. Сәл тістене, ернін жымқырып-жымқырып қояды. Қылмысты ұйымдастырушы осы екені түр-тұлғасы мен өткір шегір көзінен байқалғандай. Бұған дейін бұларды сот-медициналық сараптауға жіберу туралы шешім шыққан. Сот қаулысының осы жөніндегі көшірмесіне көз жүгірттім. Жасы 31-де. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркстан қаласында туған. Әйелінен ажырасқан. Білімі орта, жұмыс істемейді.

Ал, мынау ортадағы сілімтіктеу қара жігіт Сибанов Мереке екені даусыз. Дәл кеңірдегінің үстінен кесіп өтіп барып, оң жақ мойын тұстан біткен пышақтың ізінен бірден таныдым. Милиция қызметкерлерінің қолына түскен сәтте қорыққанынан өзін-өзі өлтірмекші болып, кеңірдегін орып жіберіпті деп естігенмін. Ол жайындағы әңгіме кейінірек. Бұл жігіт Солтүстік Қазақстаннан. Жасы 31-де. Бойдақ, білімі орта.

Оның бергі жағындағы, шашын тақырлап алғызып тастаған адам ол, әрине Атабаев Ерлан. Жасы 33-те. Мұның білімі жоғары. Бұған дейін әйел зорлаймын деп қылмысқа тартылғаны бар. Бірақ, ол жолы ақыл-есі дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін сот-дәрігерлік сараптаудан өткізуге тура келген. Алматы қаласындағы Республикалық клиникалық сот-психиатриялық аурухананың соңғы сараптамасы бойынша осы үш қылмыскердің де ақыл естері дұрыс екендігі туралы анықтама беріліпті. Сондықтан да, осы мәселеге байланысты біразға дейін тоқтап қалған қылмыстық іс, міне, бүгін қайта жалғасып отыр. Мәжіліс Алматы облыстық сотының судьясы К.Ш. Шалбаеваның төрайымдық етуімен басталып кетті.

Қылмысқа дайындық

Бірнеше күнге созылған сот отырысына қатысу барысында қылмыскерлердің өз сөздерінен, куәлардың берген анықтамаларынан, прокурор мен судьялардың, қорғаушылардың қойған сұрақтарына қайтарылған жауаптардан түйген ойларым төмендегідей.

1997 жылдың желтоқсан айының ортасы. Қыс қаһарына міне бастаған шақ. Алматыдағы Сейфуллин көшесінің әр жерінде шоғыр-шоғыр болып тұратын жұмысқа жалданушыларға көпшіліктің көзі үйренгелі қашан. Жұмыссыздардың бар ойлайтыны – бір күнге болса да әлдекімге жалданып, ептеп нәпақа табу ғана. Осындай іспен біраздан бері айналысып жүрген С.Құдияров енді қылмыстық жолмен бірден мол пайда табуға бекінді. Бұл ойын алдымен қасындағы М.Сибановқа айтып көріп еді, ол қарсылық білдірмеді. Сосын екеуі ақырын жоспар құруға кірісті. Ол жоспар бойынша бұлар машина ұрлап, сатуға тиіс. Қастарына тағы бір адамды ертіп алса жақсы-ақ болар еді. Үш адам бір кісідей қимылдаса, жүргізушіні тыпыр еткізбеуге әбден мүмкіндік бар. Көп кешікпей қастарына Е.Атабаев қосылды.

Қыстың қысқа күні ұясына батқаннан кейін бұлар Сейфуллин көшесімен жоғары жүріп отырып, Абай даңғылының қиылысына келді. Зулаған жеңіл көліктердің біріне қол

көтерген. Бір «Жигули» тоқтай қалды. Бұл жілігі татымайтын ескілеу мәшине болып шықты. Жібере салды. Міне, бір жап-жаңа «Волга» жақындап келеді. Құдияров алдына жүгіріп шығып, елбелектей, сұмдық бір оқиға болып қалғандай қол көтерді. «Волга» тоқтады. Жүргізушіні қалай көндіргені белгісіз, үшеуі сәлден кейін жапырлай машинаға кіріп, отырыса-отырыса қалысты. Жолақысы үшін 300 теңгеге келіскен Құдияров жүргізушінің қасына, Атабаев көзінен от шашып, жүргізушінің желке тұсына жымысқылана жайғасты. Ал, Сибанов онымен қатар отырғаны айтпаса да түсінікті.

Құдияров сол жылғы жазда жоғарғы Каменка кенішінің тау жақ жиегіндегі біреудің саяжайында жалданып жұмыс істеген. Қазір онда ешкім жоқ. Есігіне құлып салынбайтын. Құдияров жүргізушіні өзі білетін жолдармен солай қарай бағыттады.

Қылмыс әлемі де кешірмейді

Ол саяжай жол жиегінде орналасқан еді. Дәл тұсына келгенде Құдияров жүргізушіге «Тоқта!» деген әмір берді де, оның бүйіріне пышақты тақай қойды. (Сот тергеуі кезінде пышақ мәселесін қылмыскерлер бұлтаққа салып бақты. С.Ж.) Осы кезде тышқан аңдыған мысықша бұғып отырған Атабаев ту сыртынан қосқолдай қылғындырып, орындықтың арқалығына жапсыра түсті. Сибанов та қарап қалмай, өз міндетіне кірісті. Ол машинадан атып шығып, жүргізуші жақтың есігін ашты да, қолындағы ауыр затпен жүргізушіні басынан ұрып-ұрып өтті. Сөйтті де, өздерінен әлдеқайда еңселі, кесек денелі, әп-әдемі жігітті қарсыласа алмастай халге келтіріп алғаннан кейін, біреуі шаштан, қалған екеуі қолтықтан ала сүйреп қараңғы саяжайға алып кірді. Әлсіреген жігітті түкпірдегі бөлмедегі орындыққа әкеліп отырғызды. Сол кезде қапыда қарақшылардың қолына түскен хирург-дәрігер, екі баланың әкесі, 30-ға әлі жетпеген Мұхамедияр Ысмайылов ептеп есін жиып, тілге келді.

— Жігіттер, машина керек болса алындар. Еш жерге шағымданбаймын, іздемеймін де. Тек жанымды қинамандаршы. Мен — адам жанының арашашысы — дәрігермін...

– Бізге ақша керек!

– Ақша керек болса, үйге жүріңдер. 3 мың теңгем бар еді сендерге берейін...

– Үйіне алып барып мұны аман қалдырсақ, ертең бәрібір милицияға айтады, қолға түсеміз, – деген Сибановтың қорқынышты сөзін естіген қарақшылар «Дәрігер болмақ түгіл періште болсаң да!...» деп жазықсыз жанды басқа-көзге тепкілей жөнелді.

«Өттең, ер жігітше қарсы келуге де жарамадыңдар-ау, әйтпегенде ендігі үшеуің үш жерде сілейіп қалар едіңдер...» деп ойлауға ғана шамасы жеткен Мұхамедиярдың көз алдында мына дүние шыр айналып бара жатты. Алматыға арман қуып келіп, аспирантураға түсіп несі бар еді. Міне, енді қыршын ғұмыр қиылып кетуі әбден мүмкін.

Қарақшылардың бірі есік алдында жатқан кір жаятын жіпті алып келіп, алдымен Мұхамедиярдың аяғын, сосын қолын артына қаратып байлады. Құдияров өзі бұрыннан білетін әдіспен жіптің тағы бір ұшын байлаулы аяқтың арасынан өткізіп, оның ұшын тұзақтап әкеп, мойынға салды. Манағы еңселі бейне енді артқа қарай екі бүктеліп, домаланды да қалды. Құдияров осы үйдің астындағы тереңдігі 2,5 метрге жететін жертөле (погреб) бар екенін жақсы білетін. Соның қақпағын ашты. Темір саты сол баяғы орнында тұр. Үңіліп қарап еді, арғы жағы көрдей қараңғы екен. Желтоқсанның бүкіл ызғары осы жертөлеге жиналғандай-ақ ызғарлы леп бірден бетке ұрды. Тұла-бойы тітіреніп сала берді.

Біраз шаруа тындырып тастағандай болып, аһілеп-уһілеген үш жігіт сәл дамылдап, темекі тартуға отырысты. Сосын байлаулы жатқан жігітті айыздары қанғанша тағы тепкілеп алғаннан кейін, көзін мүлдем жоюға бет алды. Қиналған дене енді артқа қарай бүгілген аяғын қимылдата бастап еді, мойындағы тұзақ өзінен кеңірдектен буындыра жөнелді. Қырылдай дем алды.

– Қой, отыра береміз бе, қайтайық, – деді бір қарақшы.

– Мынаны осылай тастап кетсек, шешіліп кетіп жүрмей ме?

Бұл сұраққа жауапты іспен қайтаруды жөн көрген Құдияров бүктетіліп жатқан денені жертөлеге қарай сүйрей жөнелді.

Қалған екеуі де көмекке тұра ұмтылысты. Сосын байлаулы адамды басымен төмен қаратып бір тепті де, қараңғы үңгірге қарай салдыр-гүлдір домалатып жіберді. Жертөленің қақпағын іштен аша алмас үшін, кереуеттің басымен, тағы да сондай ауыр заттармен бастырып тастады. Сөйтіп, бұлар қылмыс әлемінің өзі кешірмейтін сорақылық жасады. Олардың «заңы» бойынша қылмыскер қандай жағдайда да дәрігерлер мен адвокаттарға қол көтеруге, өлтіруге болмайды екен.

МАИ-дың өзі майып болды

Сол күні түнде Алматының көшесін арлы-берлі ойқаптап жүрген «Волганы» МАИ қызметкерлері бірден байқады. «Тоқта!» деген белгі беріп еді, ол бағынбай өте шықты. Дереу ізге түскен. Тар көшелерді тасалай қашқан қарақшылар бір бұрышта аяғы ауыр әйелді де қағып кетті. Қуып келе жатқан МАИ-дың мәшинесі де сәлден кейін апатқа ұшырап, екі қызметкер ауруханаға жеткізілді. Алайда, оларға көмекке келген басқа МАИ қызметкерлері қарақшыларды ұзаққа жібермей, «Волганың» жолын бөгеген. Симанов пен Құдияров есікті ашып, қаша жөнелді. Атабаев үлгермейтінін біліп, мәшиненің ішінде қалып қойды. «Мен пассажирмін ғой» деген екен, оны тәртіп сақшылары жібере салыпты. Ал, Симанов сол бойы құтылып кетті де, Құдияров қолға түсті. «Волга» мәшинесі МАИ-дың айып алаңына қойылған.

Арызды қабылдамады

Ертеңінде Мұхамедияр Ысмайыловтың әйелі Алматы қаласы Әуезов аудандық ішкі істер басқармасына келіп, өзінің күйеуі бір сәтке бойы хабарсыз кеткенін, іздеу қажеттігін айтты, арыз берген. Бірақ, сол күні кезекшілікте отырған тәртіп сақшысы бұл арызды қабылдамай қойыпты. Бұдан ешқандай нәтиже шықпаған соң, Мұхамедиярдың жұбайы К.З. Оңғарбаева бірнеше күннен кейін Алматы қаласының прокуроры Е.С. Мерзадиновтың атына төмендегідей арыз түсірген.

«Мен марқұм М.М.Ысмайыловтың әйелі Оңғарбаева К.З. сізге мына жағдайды мәлімдеймін, – депті ол арызында. – Менің күйеуім 1997 жылдың 15 желтоқсан күні Алматы қаласындағы Сарыбай атындағы көшенің 63-пәтерінде тұратын қарындасы Ысмайылова Мәдинаның үйінен үстел алып келемін деп кешкі сағат 4.00-де өзінің 402 АРМ нөмірлі мәшинесін мініп кеткен бойы қайтып оралмады. Мен 1997 жылдың 16 желтоқсан күні кешкі сағат 16.00-де күйеуімнің қарындасы Ысмайылова Мәдинамен бірге келіп, Әуезов аудандық ішкі істер басқармасына күйеуім мәшинесімен қоса жоғалып кеткені жайында арыз жаздым. Бірақ мұндағы қызметкерлер бүгін мереке күні екенін және басшылар жоқ екенін айтып, арызымды қабылдамады. Шұғыл өкілетті қызметкер Елемесов негізгі деректерді қағазына түртіп алды да, қаладағы басқа органдардан сұрап білемін деп шығарып салды.

1997 жылдың 17 желтоқсан күні күндізгі сағат 10.30-да күйеуімнің қарындасы екеуіміз тағы келіп, күйеуімнің жоғалғанына әлі үш күн өтпегендігіне байланысты тағы арыз ұсындық. ИБ бастығы Кондаковтың араласуы арқасында сол күні сағат 12.00-де әйтеуір арыз қабылданды.

1997 жылдың 18 желтоқсанында білдік, 1997 жылғы желтоқсанның 15-інен 16-на қараған түні мәшине ұсталынып, айып алаңына қойылыпты. Рөлде отырған Құдияров деген біреу Ақсай аудандық милиция бөлімшесіне әкелініп, қамалыпты. Алайда, Әуезов ауданының прокуроры қайта-қайта қысым көрсетіп болмаған соң, өкілетті уәкіл Далабаев оны келесі күні қамаудан босатып жіберіпті. Енді белгілі болып отыр, сол Құдияров жанындағы сыбайластарымен бірге менің күйеуімді жоғары Каменкадағы саяжайжайда қол-аяғын байлап, мойнынан қылғындырып өлтіріпті. Оңтүстік Қазақстан облысында қолға түскен Құдияровтың айтуы бойынша өлі дене енді ғана табылды. Тергеу жүргізіп жатқан – Алматы облыстық ішкі істер басқармасы. Мені қинайтыны мына жағдай:

1997 жылдың 16 желтоқсан күні менің арызымды Әуезов аудандық ішкі істер басқармасының қабылдамай қойғанына байланысты қызметтік тексеру жүргізулеріңізді сұраймын.

1997 жылдың 17 желтоқсан күні менің арызымды екінші рет қабылдамай қойған кезекшінің кім екенін анықтауды сұраймын.

Осының бәріне тексеру жүргізгеннен кейін мына адамдарды қылмыстық жауапқа тартуларыңызды өтінемін:

а) Құдияровты босатып жіберген Ақсай аудандық милиция бөлімшесінің қызметкері Далабаевты;

б) Құдияровты босату жөнінде қысым көрсеткен Әуезов ауданының прокурорын;

Ал, Құдияров мәшинемен қолға түсердің алдында-ақ қаншама қылмыс жасағаны белгілі еді ғой:

а) машинаны заңсыз айдап кету;

б) оны ұстауға тырысқан екі МАИ қызметкері жол апатына ұшырап, ауруханаға түсті;

в) Құдияров МАИ қызметкерлерінен қашып келе жатып аяғы ауыр әйелді қағып кеткен.

Егер дәл сол күні, менің күйеуім жоғалғаны туралы хабар түскен сәтте милиция қызметкерлері өз міндеттеріне немқұрайлы, жауапсыз қарамағанда қылмыскер Құдияров дер кезінде ұсталар еді. Менің күйеуім дер кезінде табылып, бәлкім өлмей қалар ма еді. Сөйтіп, менің екі балам жетім қалмас еді ғой.

Сізден өтініп сұарым, осы негіздер бойынша ішкі істер органдарының лауазымды адамдары мен бандиттік топтың арасындағы байланысты анықтап, тексеру жүргізсеңіз екен.

К.З. Оңғарбаева»

Бұл хат әрине, бірнеше күннен кейін, яғни Құдияров қолға түсіп, қылмыс ашылғаннан кейін жазылып отырғандығын байқаған шығарсыздар. Оңғарбаева осы арызын ішкі істер министрлігіне, Бас прокуратураға, Әділет министрлігіне, тағы басқа жерлерге жолдаған. Олардың көбісі «хатыңызды алдық, тексеріп жатырмыз, жауабын сосын береміз» деген сияқты сырғытпа жауаптармен шығарып салыпты. Ал, 1998 жылдың

20 ақпанында Оңғарбаеваға Ішкі істер министрлігінен келген мына хат назар аударарлықтай:

«Сіздің күйеуіңіз М.М.Ысмайыловтың із-түссіз жоғалып кетуіне байланысты Алматы қаласындағы Әуезов аудандық ішкі істер басқармасына өтініш жазғаныңызда ондағылар өтінішіңізді қабылдамай қойғандығы туралы мәселені қарадық.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің хаттарды қабылдау реті мен тіркеу, есепке алу, ішкі істер органдарына келіп түскен қандайда бір қылмысты оқиға жөніндегі суыт хабарлар мен өтініштерді дер кезінде шешу жайындағы бұйрық пен нұсқауды өрескел бұзғандығы үшін Әуезов аудандық Ішкі істер басқармасындағы милиция майоры М.И. Ахметовке қатаң тәртіптік шара қолдандуды Алматы қаласы ішкі істер басқармасы бастығына қатаң тапсырдық.

Қазіргі кезде С.А. Құдияров, Е.А. Атабаев, С.Б. Сибанов тұтқындалған, қамауда отыр. Оларға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 76-2-бабы, 3-бөлімшесі бойынша айып тағылған. Бұл қылмыстық істің тергеу қорытындысы сізге кейін қосымша хабарланады.

Тергеу департаменті,

Бас тергеу басқармасы бастығының орынбасары

В.И.Свечников»

Бұл жауапқа қарағанда, Оңғарбаеваның арызынан кейін милиция қызметкерлері дереу қылмыскерлерді ұстап, апыр-жұпыр іс тындырып тастаған сияқты. Шынында солай ма? Оған көз жеткізу үшін асықтай ұлын жоғалтып, жетім қалған екі немересін бауырына қысып, келінін қалай жұбатарын білмей, аһ ұрған асқар таудай әкенің ауыр үніне құлақ түріп көрелік.

Дұшпаныңа да тілемейтін тауқымет

– Ұлымның із-түссіз жоғалып кеткені туралы хабар маған 18 желтоқсанда келіп жетті. Қызылордадан дереу Алматыға

аттандым. Келе сала Алматы қалалық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары И. П. Шегайдан мән-жайды сұрадым. Ол жарытып ештеңе айта алмады. Бар жасаған көмегі – Әуезов аудандық ішкі істер басқармасына тапсырма беріп, қозғау сала бастады. Сосын Әуезов аудандық ішкі істер басқармасына келдім. Мұндағылар тіпті жайбарақаттық танытты. Бұдан кейін сол ауданның прокуроры Тілеу Жаңғарашев дегенге жолықтым. Ол кісі бұл оқиға жөнінен тіпті бейхабар екен. «Ойпырмай, адам жоғалғалы міне, үш күн болды. Сендер қылмыстық іс қозғамаушы ма едіңдер?!» деймін күйініп. Осыдан кейін ғана қылмыстық іс қозғалып, Қанат Досмағамбетов деген тергеуші іске кірісті. Бұлардан естіп-білгенім – ұлымның автокөлігі 16 желтоқсан күні түнде көшеде ұсталып, МАИ-дың айып алаңына қойылған. Автокөлік рөлінде Сейтхан Құдияров деген қылмыскер болған. Алайда, С. Құдияров 17 желтоқсан күні кешке қарай қамаудан босатылыпты. Босатқан Әуезов аудандық Ішкі істер бөлімінің милиция қызметкері Ерлан Далабаев. Оның айтуына қарағанда, Әуезов аудандық прокуратурасынан екі-үш рет қылмыскерді босату жөнінде тапсырма беріліпті. Құдияров әлі қашып, жасырынып жүрген көрінеді. Қылмыскерді іздеп табуға тікелей өзім атсалысуыма тура келді. Милицияда көлік жоқ, көлік болса, оған құяр жанармай жоқ. Әйтеуір, сылтаулары таусылмайды. Өз ақшама көлік жалдап, оларға мінгізіп қойдым. Бүкіл құжаттарды көбейту шығындары мен оны тиісті жерлерге тарату жұмыстарын да өз мойныма алдым. 21 желтоқсан күні Құдияровтың әйелі арқылы ол Оңтүстік Қазақстан облысында тұратын туысқандарына кетуі мүмкін екендігі анықталды. Екі милиция қызметкерлерінің жолақысы мен жатын орнына, тәуліктік азық-түліктеріне ақша беріп, қоржындарын азық-түлікке толтырып, қылмыскерді ұстап әкелу үшін поезға шығарып салдым. Іссапар куәлігін, қару-жарақтарын алғанымен, оларда ақша жоқ екен. Қайтейін, ұлымның өлігін табу үшін ештеңеден аянбадым. Олардың қасына ұлым Ғарифолланы да қостым. Қалайда Құдияровты өлтірмей тірі әкелуді қатты

тапсырдым. Өйткені, ұлымның денесі қайда жатқанын анықтауымыз керек. Сөйтіп, Чиркина деген ауылдан 23 желтоқсан күні Құдияров қолға түсіп, 24 желтоқсанда ұшақпен Алматыға әкелінді. Олар маған сол жақтан хабарласқан соң, пойызды қойып, ұшаққа билет алындар деп, ұлым Ғарифоллаға тапсырған өзім едім. Әуежайдан күтіп алуға тиісті бұл жақтағы милициялар келмеген соң, таксиге ақша төлеп, қылмыскерлер мен милицияларды өзім қалаға алып келдім. С.Құдияров 24 желтоқсан күні ұлымның мәйітін жоғары Каменканың арғы жағындағы саяжайлардың бірінен тауып берді.

Баламның денесін алып елге апарып жерледім. Осы жылдың 5 қаңтарында Алматыға келіп, істің тексерілу жайларын білсем, менің арызым Әуезов айдандық ішкі істер бөлімінен Қарасай ауданына 30 желтоқсан күні өткізіліпті. Бірақ, ешқандай іздестіру жұмыстары жүргізілмеген. Бұдан кейін аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Жанай Сүлейменов пен Каменка милиция бөлімшесінің бастығы Ахмет Тағиев мырзаларға наразылығымды білдірдім. Олар маған «Сіз кімсіз соншама?» дегендей сыңай танытты. «Мен бұған дейін сендер сияқты милиция бастықтарын әскери тәртіппен алдыма қазықтай қақшытып қойып, жұмыс есебін тыңдайтын аудан әкімі болғанмын» дегеннен кейін ғана олар райларынан қайтты. Сөйтіп, 6 қаңтардан бастап жұмысқа кірісті. 8 қаңтар күні Ерлан Атабаев қолға түсті. Үшінші қылмыскер Мереке Сибанов жасырынып жатқан жеріне милиция қызметкерлері кіріп келгенде, өз кеңірдегін орып жіберіпті. Ол ауруханада ұзақ емделді. Енді мен оның өлмей қалуын құдайдан тіледім. Егер ол өліп қалса, Құдияров пен Атабаев бар қылмысты соған аударып, өздері құтылып кетуі әбден мүмкін. Менің ол тілегім орындалды, міне үш қарақшы сот алдында отыр» деп сөзін аяқтаған Мұхитдин Ысмайылов қарақшылардың ең жоқ дегенде біреуіне өлім жазасы берілетініне күмәнданбады.

Сот залында құда күткендейміз

Бұл қылмыстық іс 1998 жылдың 17 қыркүйегі мен 5 қазан аралығында Алматы облыстық сотының судьялары К.Ш.Шалбаева (төрайым), З.Г.Журбаева, Ш.О.Сейітовтың қатысуымен өтті.

Әдеттегідей сот тергеуі кезінде үш қылмыскер әртүрлі қулыққа басып, бірде жынды адамдарға ұқсағысы келсе, бірде о бастағы жауаптарынан тайқып, «тергеу кезінде тергеуші қысым көрсетті, соның айтуы бойынша бәрін жазып бердік» деп бас сауғалауға тырысты. Бұл өтіріктерінің бірі де сот мәжілісінде дәлелденбеді.

Біз көбінесе қанішердің қолынан өлген баланың әкесі Мұхитдин Ысмайыловқа назар аудара бердік. Мына қанішерлерді дәл қарсы алдында көріп, қалай шыдап отыр екен? Неткен жүйкесі мықты адам еді. Тіпті, қылмыскер қолға түскен кезде оны өлтіріп алмандар деп, өзі олардың өміріне араша түскенін қайтерсін.

Сот мәжілісі әр күн сайын екі сағатқа жуық кешігіп басталып, жәбірленуші жақ түгілі біздің өзіміздің жүйкемізге тие бастады. Бірде сот төрайымы Күләш Шәріпбаеваның бөлмесіне арнайы кіріп, мұның себеп-салдарын сұрағанымда ол кісі:

– Білесіз бе, қылмыскерлерді сот мәжілісіне әкелетін айдауылдар бізге бағынышты емес. Олар ішкі істер қызметінің құрамында. Кейде айдауылдарға жалынуымызға тура келеді. Тіпті менің жұмысым жүруі үшін оларға ақша төлеген кездерім де болғанын несіне жасырайын. «Көлік жоқ, бензин жоқ, адам жетіспейді» деген себептерді алдымызға тартады. Мүмкін солай да шығар. Міне, осы мәселені шешетін кез жетті. Меніңше, қылмыскерді сотқа әкелу жұмысын сот жүйесінің өзіне жүктеген дұрыс сияқты. Сізден сұрайтыным, бұл жайында да газетке жазыңызшы. Бәлкім жоғары жақтағылардың құлағына жетсе, ойланар, – деп ағынан жарылған судьяны түсіндім. Шынында да бұл жоғарғы сот төрағасы, ішкі істер министрі, тағы басқа лауазымды адамдардың шұғыл қолға алатын шаруасы екені даусыз. Әйтпесе, адам қанын төккен қылмыскерлерді сот залында құда күткендей жолдарына қарап, әлсін-әлсін терезеге үңіліп,

сырттан олардың төбесі көрінсе «келе жатыр, келе жатыр!» деп қуанатын күйге түскенімізді несіне жасырайық. Әрине, күткен еңбегің босқа кетпей, сот мәжілісі дер кезінде басталғанын қалайсың да. Ал, үстеріне айбынды манти киіп, мемлекет атынан үкім шығарғалы отырған судьялар осы келеңсіздік үшін жәбірленушілердің алдында өздерін кінәлі сезінетіндей, төменшікте-месе екен деп тілейсің.

Үкім

Міне, асыға күткен үкім де шықты-ау. Құдияров 15 жылға, Сибанов пен Атабаев әрқайсысы 13 жылға бас бостандықтарынан айырылып, жазасын жалпы режимдегі колонияда өтейтін болды.

Қыршын кеткен ұлы Мұхамедиярдың әруағының алдында өзін кінәлі сезінгендей еңсесі түскен арыстай әке аһ ұрып, залдан шығып бара жатты.

– Соттың бұл шешіміне риза емеспін. Баламды тірідей көміп өлтірген жауыздарға лағынет айтып, өлім тілеймін. Бұлай болатынын білгенде...Әй, бұлар әлі талайдың түбіне жететін айуандар ғой. Кассациялық шағым жазамын. Жоғары соттан қылмыскерлерге өлім жазасын сұраймын, – деп үнсіз бұрылып кетті.

Соңғы сөз

Айтпақшы, үкім шығарар алдында қылмыскерлерге соңғы сөз берілетіні белгілі ғой. Бұл жолы да солай болды. Құдияров пен Сибанов сотқа ешқандай тілектері жоқ екенін айтты. Ал, Атабаев:

– Мені атыңдар. Абақтыдағы өмір – өмір емес. Одан да өлгенім артық! – деді. Иә, ажал мен абақтының арасында үлкен айырмашылық бар екенін енді аңғара бастағандаймын.

«Егемен Қазақстан» газеті,
15 қазан, 1998 жыл.

БЕС ОҚУШЫ ӨРТЕНІП КЕТТІ

ал бұған жауапты басшылар өз бастарын арашалауда

Жаңа жыл қарсаңында осынау қайғылы оқиғаны құлағымыз шалғанымен ішкі істер органдарынан ресми хабар түспеген соң, әліптің артын баққан едік. Облыс орталығы – Талдықорғанға, Ұйғыр ауданының орталығы Шонжыға телефон шалғанымызбен нақты деректер ала алмадық.

Жаңа жыл басталысымен редакцияға үш адам келді. Қолдарында Алматы облысының әкімі Ш.Құлмахановқа және қайтыс болған бес қыздың әкелерінің атынан редакцияға жазылған ашық хат.

Келген кісілердің көзінше облыстық ішкі істер басқармасының баспасөз қызметімен хабарластық. Құдай оңдағанда, жаңа жыл қарсаңында ала алмаған нөмірімізге осы жолы дәл түстік. Баспасөз қызметінің хатшысы қайғылы хабар жайындағы ресми деректі телефон арқылы оқып берді. Онда былай делінген: «2001 жылдың 22 желтоқсаны күні Шонжы-Көлжат бағытындағы жолмен келе жатқан ГАЗ-53 автокөлігінің жүргізушісі Оразбеков (1977 жылы туған) рөлге ие бола алмай; қарсы келе жатқан ВАЗ 2106 (мемлекеттік нөмірі 132 МТМ) жеңіл автокөлігімен соқтығысты.

ВАЗ 2106 автокөлігінің ішінде аудан орталығына олимпиадаға барып, қайтып келе жатқан 5 оқушы қыз бар еді. Олардың бәрі сол жерде жүргізуші Амановпен бірге өртеніп өлді.

Бұл оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалды. Тергеу жүріп жатыр».

Енді осы оқиғаның анық-қанығына көз жеткізу үшін редакцияға түскен арыздан үзінді келтірейік:

«Бұл өмірде бұрын-соңды болмаған жантүршігерлік осынау оқиға тек Қырғызсай ауылына ғана емес, бүкіл аудан халқына аспан айналып жерге түскендей әсер етті.

Аудан орталығы Шонжыдан шыға берісте кешкі сағат алтылар шамасында ауылға келе жатқан «Жигули» автокөлігі қарсы ұшырасқан бензовозға соқтығысып, ішіндегі 10-11 сыныптың 5 қызы жүргізушісімен қоса жанып кеткен. Атап айтқанда:

1. Дынысбаева Ардақ Темірғалиқызы (11 сынып).
2. Смадиева Кербез Жаңалыққызы (11 сынып).
3. Ибрагимова Альбина Ахметжанқызы (11сынып).
4. Қоқымбаева Гүлзира Жаңбырбайқызы(10 сынып)
5. Жағыпарова Гауһар Ержанқызы (10 сынып).

Қырғызсай орта мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Бақыт Оразбаев 5 қыздың жанына 6-шы қызды – Смадиева Кәмшатты да отырғызбақ болады. Алайда, Кәмшат бұл машинаға отырудан үзілді-кесілді бас тартып, қалып қояды.

Сабакты кілең беске оқып, болашақтарынан зор үміт күттіріп отырған бес үйдің аялаған бес гүлі мезгілсіз, ауыр жағдайда солды. Ата-ананың жанына балаған перзенттері жүректеріне айықпас жара салып кете барды.

Болар іс болды, солар гүл солды, қолдан келер қайран жоқ. Бірақ, мұндай қайғылы оқиға алдағы уақытта тағы қайталанбасына кім кепілдік береді. Қыс көзі қырау, тар жол-тайғақты мұзда бір мектептен 35 баланы ауданға жіберу қай ақылға сияды?

Өзге мектептер 8-9, әрі кеткенде 13-14 оқушыдан алып барғанда Надырова Лена басқаратын мектеп 35 оқушы мен 9 мұғалімді жібереді. Басқа мектептер автобус жалдаса, Қырғызсай мектебінің директоры таксилерді қолайлы көреді. Оқушыларды бір мезгілде алып барып, алып қайту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тым болмаса учаскелік полиция қызметкеріне ескерту ешкімнің ойына кіріп шықпаған.

Шонжыға барған соң Қырғызсай мектебінің 9 мұғалімі (оның үшеуі завуч) түгелдей әділқазылар құрамына кіріп, көрінбей кетеді. Ешқайсысы сыртта қалған оқушыларды

қадағалап, жарысқа қатысуларын реттеп, түскі тамақ ішулеріне көмектеспейді. Қайтар кезде әркім өз жөндерімен кете барған. Бірін ерте, бірін кеш жібермей, көліктерді тосқызып, әр көлікке бір мұғалім отырғызуды мектеп директорының орынбасары Бақыт Оразбаев осы сапарға тікелей өзі жауапты бола тұра қаперіне алмаған.

Ел болып, жұрт болып балғын денелерді жер қойнына жібердік. Алайда оқиға өтіп кеткен соң мектеп мұғалімдері өз бастарын арашалауға кірісті. Олар түнделетіп оқушыларға барып, «өз еркімізбен бардық» деген қолхат алыпты. Өлген балалардың орнына қол қою үшін ата-аналарына жабысыпты.

Аудандық оқу бөлімінің қазіргі бастығы Дәуренбеков Ноғайбек аталмыш қызметке тұрғанына 6-7 ай ғана уақыт өтті. Оған дейін Қырғызсай орта мектебінің директоры болып 7-8 жыл істеді. Ол директорлық еткен жылдары мектепте тәртіпсіздік пен небір сорақылықтар белең алғаны соншалық, кезінде бұл жайында аудан әкіміне, прокуратураға, аудандық оқу бөлімінің сол кездегі басшысы Иманазароваға жазғанбыз (Дәуренбековке қатысты екі беттен тұратын деректер арнайы тексеруді қажет ететіндіктен қысқарттық. С.Ж.)

Перзенттерін соңғы сапарға шығарар алдында аза иелерімен бірге бүкіл ауыл, бүкіл аудан адамдары болды. Жүректен шыққан азалы сөздерін арнады. Алайда, аудандық оқу бөлімінің бастығы Дәуренбеков бір ауыз сөз айтуға беті күйіп, жұрт алдына шыға алмай тасада жүрді. Өздері оқытқан шәкірттерінің соңғы сапары алдында мектеп директоры Надырова да, оның орынбасары Оразбаев та көңіл жұбатар сөз айтуға жарамай қалды.

Қайғылы оқиға болған 22 желтоқсан күні мектеп директоры Надырова той тойлаудан қолы босамаған.

Ауданға жіберілген мұғалімдері өздері алып барған оқушыларының санын да білмейді. Тәбиев деген бір оқушы далада қалып қойып, көрші ауылдың мәшинесімен үйіне әрең жеткен.

Қыршынынан қиылған аяулы қыздарымыздың өліміне тікелей кінәлі адам заң бойынша әділ жазасын алар. Ал, мына Дәуренбеков, Надырова, Оразбаев сияқтыларға не істеуге болады? Қасіретте қалған ананың көңіліне, ботамдаған әкенің көңіліне жұбаныш болар жылы лебіз естігіміз келеді.

Мезгілсіз солған бес гүлдің әкелері – Дынысбаев Т., Смадиев Ж., Ибрагимов А., Қоқымбаев Ж., Жағыпаров Е.».

Редакцияға келген үш адамның біреуі марқұм болған Гауһардың әкесі – Жағыпаров екен. Екіншісі – Кербездің атасы Жанәбіл, үшіншісі – Ардақтың ағасы Қалибек.

Ашық хатты оқып болғаннан кейін, арада үнсіздік орнады.

– Өзім қайғыдан қарс айырылып жүргенде «балам аудан орталығына өз еркімен барды» деген қағазға қол қойдырып алды. Ал, бізден балалардың жолына деп 200 теңгеден ақша жинағандарын ұмытып қалғандай,– дейді Гауһардың әкесі ауыр күрсініп. – Ол кезде басым айналып қалған еді ғой, қайдан білейін...

Иә, ата-ананың бұл күйігін ешкімнің басына бермесін. «Соллай болмағанда дәл осылай болмас па еді?!» деген өкініш мұндайда әр нәрседен себеп-салдар іздеткізетіні де табиғи жағдай. Апат айтып келген бе? Ал, егер сол балаларды бір автобуска тиеп алып жүргенде бензовозға соқтықпасына кім кепілдік береді. Бәлкім соқтықпас па еді?

Бәлкім... Бұл не, құдайдың ісі ме, әлде адамның ісі ме? Кім біледі?!

Дегенмен, аудандық олимпиаданы ұйымдастыру ісінде бір шалалық кеткені анық. Сол шалалық жіберілмегенде... Тағы да: кім біледі?!

Ең болмағанда сол шалалық жібергендер қайғылы адамдардың көңілін жұбатуға шамалары жетпегені қалай? Оның үстіне өз бастарын арашалауға тырысыпты. Кезінде жауқазындай жайқалып, көз алдарында өскен шәкірттеріне деген ұстаздық махаббат қайда? Қарапайым адами аяушылық сезімді қайда қоямыз?

Не болып барамыз, өзі?!.

ГЕНЕРАЛ ЖАУАПТАН ЖАЛТАРДЫ. НЕГЕ?

Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының баспасөз қызметіндегі азаматтармен хабарласып, осы басқарманың бастығы генерал-майор Қалмұханбет Қасымов мырза сыбайлас жемқорлықпен күрес барысы жөнінде «Егемен Қазақстанның» тілшісімен ой бөлісіп, газетке сұхбат беруге қалай қарар екен деген сауал қойдым.

«Сұрақтарыңызды алдын-ала жазбаша түрде ұсыныңыз, дайындалсын, сосын өзіңізді қабылдайды» деді ондағылар. Айтқанындай жасап, 9 сұрақ дайындадым. «Енді оны бізге 544881 нөмірлі факске қарай тастап жіберіңіз» деді. Мұны да орындадым. Арада бір аптадай уақыт өтті. Хабарластым. Баспасөз қызметінің бастығы:

– 18 қазан күні Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының 9 ай ішінде жасаған жұмыс қорытындысы шығады. Генерал сізге сол қорытынды бойынша интервью жаза берсін деп сәлем айтты, – деді.

– Сонда қалай, мен генерал мырзамен жолықпай-ақ онымен интервью дайындамақпын ба? Оған келісе алмаймын, – дедім.

Десем де, 9 ай қорытындысын алып, соның негізінде газетке басқаша бір мақала дайындауға әзір екенімді білдірдім. Келістік. Ертеңіне басқармаға өзім бардым.

– Әлі өңдеп бітіре алмай жатырмыз, ертең келіңіз, – деді баспасөз қызметінің хатшысы. Ертеңінде таңертең тағы келдім. Қолыма екі бет парак ұсынды. Мәтіні бір жарым беттен асатын бұл анықтамада 1999 жылдың тоғыз айы ішінде Алматы қаласында жасалған, ашылған қылмыстардың проценттік көрсеткіштері ғана жазылыпты.

Бұған көңілім толмайтынын ашық айттым. Нақты деректер болмаған соң, сықиған проценттік көрсеткіштер кімге керек? Бұл ойымды да жасыра алмадым.

– Кеше Алматыға келген 50 пәкістандық азамат қолға түсті. Сол туралы сізге телефон арқылы айтып берсем қайтеді? – де-

ген хатшы қыздың көңілін жыға алмай, оған да келістім. Шындығын айтсам, теледидардан көрсетілген бұл оқиғада алып бара жатқан қылмыстық белгі жоқ сияқты еді. Пәкістандағы біздің елшілік оларға жалпақшешейлік танытып, заңды құжаттар жасап берген көрінеді.

Осыншама шетелдіктердің бір күнде Қазақстанға топ ете қалуы кез-келген адамға күдік тудыраы сөзсіз. Міне, осы күдік негізінде тексеріліп жатқан 50 адамды бұлар 50 қылмыскерді қуып жүріп ұстағандай етіп көрсеткілері келетіндей.

Алайда, сол күні бұл хабарды да ала алмадым. Еріксіз тоғыз айдың қорытындысы туралы жазылған анықтамаға тағы үңілдім. «1999 жылдың тоғыз айы ішінде қаладағы қылмыстық ахуал барлық сала бойынша 18 процентке кемігені байқалады. Оның ішінде қылмысты іздестіру саласы бойынша 10 мың тұрғынға шаққанда 21.1 қылмысқа азайғаны байқалады» деп кете береді.

Генералмен интервью жүргіземін деп алдын-ала дайындаған сұрақтарыма алған жауабымның түрі осы. Енді менің генералға қойған сұрақтарым қандай еді, соған келейік.

1-2. Қалалық басқарманың ішкі құрылымы, қызметкерлердің жай-күйі, жалпы Алматы қаласындағы қылмыстық ахуалдың барысы жайында қойылыпты. Одан кейінгілері мынадай:

3. Редакцияға келіп түсіп жатқан шағым хаттардан, сот мәжілісіне қатысқан кездегі кейбір жағдайлардан байқағаным – полиция тарапынан жіберілетін олқылықтар аз емес. Пара алу, қылмысты жасырып қалу, өздері қылмыс жасау сияқты әрекеттер жиі кездеседі. Осыған тыйым салу мүмкін бе?

4. Сыбайлас жемқорлықпен күрес барысындағы іс-әрекеттеріңіз газет беттерінде жарияланып жатыр. Бірақ, соның бәрі мәселенің бергі жағын ғана қалқып өтетіндей әсер етеді. Бұл қоғамдық дерттің тамырына балта шабу да полицияның үлесі қандай болуы керек деп ойлайсыз? Күрес белең алып келе ме, әлде бәсеңсіді ме?

5. Полицияға тиесілі жеңілдіктер алынып тасталды. Жол бойындағы, көше тәртібін сақтау қызметіндегі сақшылар енді параны бұрынғыдан да көп алатын болды деушілер бар. Билік

басындағылар да пара алуды әдетке айналдырды. Осы жөніндегі ойыңызды ортаға салып көріңізші.

6. Полицияның негізгі міндеттерінің бірі – қылмысты ашу, сосын тергеуді тәмамдап, істі сотқа өткізу болып табылады. Сот пен прокуратура тарапынан тергеушілерге көңіл толмайды, мұның себебі неде?

7. Алматыдағы «шулы істердің» көбісі алғашқы кезде баспасөз бетінде дабырайтып көрсетіледі де, кейіннен су сепкендей басылып қалады. Бұл да тергеу ісіне күдік тудырады. Ендеше, тергеушілердің тірлігінен ақпар бергеніңіз дұрыс шығар.

8. Алматының төңірегінде кавказдық белгісіз адамдар пайда болыпты деген сыбыс шығып жүр. Ал, қаланың ішінде бөтен елден келгендер қаншама екені белгісіз. Олармен бірге жасырын түрде қару жарақтар да келмесіне кім кепіл. Бұл жөнінде қандай деректер бар?

9. Қарапайым адам ретінде өзіңіз құқықтық реформаның жүзеге асатынына сенесіз бе және бүгінгі жұмысқа көңіліңіз тола ма?

Өкінішке орай, бұл сұрақтарға жауап қайтарылмады. Кездесе қалсақ, генералдан былтырғы жылы Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасы тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты бір мыңнан астам қылмыстық іс қозғалғанын, бірақ соның 82-сі ғана сотқа өткені туралы сұрамақшы едім...

Биылғы жылдың 16 қазан күні Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі Қайырбек Сүлейменов «Полиция беделі неге төмен?» деген атпен «Егемен Қазақстан» газетіне берген интервьюінде: «Ішкі істер министрлігінің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысына біз үлкен мән береміз...» деген болатын.

Алайда, ол кісіге бағынышты генералдардың барлығы басысына ұқсап тұрса, қанекей. Әлде, олар өзіне ұнамаған сұрақтарға тура жауап беруге жүректері дауаламай ма?

Қасымов мырза бұған не дер екен?!...

«Егемен Қазақстан» газеті,
27 қазан, 1999 жыл.

ЕКІНІҢ БІРІНІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙДІ...

Өткен жылдың 6 қазан күні Президент Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитеті құрылғалы бері, міне, үш-төрт айдың жүзі болды. Биылғы жаңа жылдан бастап іске кіріскен бұл комитеттің жұмысы жайында толық мағлұмат алудың да мүмкіндігі туа қоймаған.

Жасақтау ісімен қызу айналысып жатқан басшылар бірден не айта қойсын. Жылдың соңына таман осы комитет туралы заң күші бар Президенттің Жарлығы шыққаннан кейін ғана оның болашағы айқындала түскендей көрінді. Оған дейін әркім өзінше топшылағаны да рас. Құқық қорғау органдарының тікелей Президентке бағынатын осы саласынан көпшілік зор үміт күтуде.

Қаншама қылмыскер қолға түсіп, жолы кесілгенімен, оның қылмысы мойнына қойылып, дәлелденбесе, еңбектің еш кеткені. Оны біліп те, көріп те жүрміз. Міне, сондықтан да, Мемлекеттік тергеу комитетінде өткен алғашқы баспасөз мәслихатында комитет төрағасы Жармахан Айтбайұлы Тұяқбаев мырзаға журналистер өткір-өткір сұрақтар қойды. Төрағадан бастап оның орынбасарлары, баспасөз қызметінің қазіргі бастығы журналистерге бұрыннан таныс адамдар. Жармахан Айтбайұлы – бұрынғы Бас прокурор, М. Ф. Шведюк – Бас прокурордың орынбасары болатын. Ал, Б. Сәрсеков мырза бұған дейін Ішкі істер министрінің орынбасары, Н. Өзбеков мырза сол министрліктегі баспасөз орталығын басқарған. Бәрі көзге жылы ұшырайды. Бірақ, дәл кірер есікке жеткенде әрқайсымыз мұқият тексеруден өттік. Тіпті, диктофондарымыздың түймесін басып, көрсетуімізге тура келді. Мұның өзі тергеушілердің мәртебесі бұрынғыдан әлдеқайда көтерілгенін бір аңғартып қою үшін жасалынған шара ма деп түсінгендер аз емес. Әріптестер тарапынан сөз арасында бұл да тілге тиек етілді.

Әдеттегідей, комитет төрағасы Ж. Тұяқбаев кіріспе сөз сөйлеп, Республикадағы қылмыстық ахуалдан хабардар етті. ТМД

елдерімен салыстыра қарағанда, Қазақстан бұл жөнінде Ресейден кейінгі екінші орында тұр. Егер 1994 жылы әр жүз адамға шаққанда Украина мен Белоруста кісі өлтіру саны 9 процентке жетсе, Тәжікстан мен Молдовада-11, Әзірбайжанда-8, Өзбекстанда-5 процент болыпты. Ал, бізде бұл көрсеткіш 15 процентке өскен. Оның үстіне жыл сайын 6 кісі өлтіру әрекетінің біреуі ашылмай қалып отырған. Сондай-ақ, әйел зорлау әрекеттерінің 30 проценті, ұрлықтың 60 проценті, денеге ауыр жарақат салудың 40 проценті жабулы қазан жабулы күйінде кетуі әдетке айналған. Сол себепті, тергеу қызметін өзгелерден тәуелсіз етіп, жеке отау шығаруға тура келген.

— Тергеу комитетінің жергілікті құрылымдары әкімшілікке, тағы басқа жанама бағыныштылықтан оқшауланған. Бірақ, біздер құқық қорғау органдарының қай саласымен де тығыз байланыста жұмыс жүргізуіміз керек. Себебі, бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы,— дей келе, Ж. Тұяқбаев алда тұрған қиыншылықтарға да соқпай өте алмады.

Тергеуші болып істеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Бос орындардың бәрін әзірге ішкі істер мен прокуратурада бұрын тергеуші болып қызмет атқарғандармен толтыруға тырысыпты. Ниет білдіргендердің ешқайсысын беттен қақпаған. Бұл әрине, тергеу ісіне болашақта кері әсерін тигізері даусыз. Енді бір жарты жылдан кейін сол мамандарды сараптаудан өткізбекші. Оған дейін жоғарғы оқу орындарын бітірген жас мамандар да қатарға қосылып үлгереді деген үміт бар.

Қарағанды жоғарғы милиция мектебі қайта жасақталынып, Мемлекеттік тергеу комитетінің құзырына беріледі. Тек, тергеушілер ғана дайындайтын арнайы жоғарғы оқу орындары осылай уақыт озған сайын көбейе берсе, бұл комитет аяғынан тік тұрып кетуге тиіс. Мұнда қазір тергеу, қылмысты іздестіру, экономикалық қылмыспен күресу, ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күресу деп аталатын төрт бас басқарма жұмыс істейді.

Бұған дейін республикада «аты шулы істер» ретінде қаралған біраз істер сотқа өткізілсе, біразы уақыттың өзгеруіне

байланысты қысқарып тыныпты. Оның есесіне жаңадан қосылған «салмақты» істер де жеткілікті.

Жармахан Айтбайұлының айтуына қарағанда, өз алдына жеке сала болып құрылған мұндай комитет әзірге ешбір мемлекетте жоқ. Осы игі істі жетілдіру жолында шетелдіктердің тәжірибесін де молынан пайдалану артықтық етпейді. Кейбірулер мұны АҚШ-тың ФБР-імен салыстыра қарайтындай. Бұл оған да ұқсамайды. Себебі, олардың міндетіне барлау әрекеттері де кіретіні белгілі. Ал, ондай іспен бізде МХК айналысады.

Тергеу комитеті қылмысты іздестіру, тағы басқа міндеттерді өзіне жүктемей, тек тергеу ісімен айналысқаны дұрыс еді деген пікірлерді де естіп жүрміз. Кім біледі «көш жүре түзеледі» дегендей, ненің артық, ненің кем екенін уақыт көрсетер.

Тергеушілердің киім үлгісінің түсі, кейбір айрықша белгілері қазіргі милициядан сәл өзгешелеу болғанымен, әскери дәрежелері сол күйінде қалады. Мұның бәрі түк емес-ау, ең қауіптісі – осы комитеттің қызметкерлері материалдық жағынан тағы да жергілікті әкімшілікке тәуелді күйде қала ма деген күдік те аз емес. Соны түбегейлі шешіп алмайынша, қандай да бір тәуелсізбін деген адам қалталыларға қол жаюға мәжбүр екенін өмірдің өзі талай рет дәлелдеді.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын кез-келген мекеме қызметкерлерінің қазіргі кезде материалдық жағдайы жетісіп тұрғаны шамалы. Олай болса, бұрыннан «жеп үйренген» кейбір қызыл жағалылар мұнда келіп тағы да мұрын тықса, соңы жақсылыққа апармайды.

Тергеушіге қашанда темір тәртіп жарасады. Бұл әсіресе қылмыскермен күресте көрініп жатса, құба-құп.

«Егемен Қазақстан» газеті,
25 қаңтар, 1996 жыл.

ЖҮРЕКТЕ ҰЙЫҒАН ҚАН

Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы Бостандық аудандық сотының 2005 жылғы 15 наурызда хирург-дәрігер Қ.Жайырбаевқа қатысты шығарған үкімін күшінде қалдырды. Алдын ала тергеу қорытындысы бойынша Қ.Жайырбаевқа өзінің кәсіби міндеттің атқару кезінде ауыр жарақатпен ауруханаға келіп түскен Ә.Байымбетовке дер кезінде дұрыс дәрігерлік көмек көрсетпеді, сөйтіп оның өліміне себепкер болды деген айып тағылған.

Қанды оқиға

2003 жылдың 6 тамызы. Таңғы сағат 5 шамасында Әлім Байымбетов жолда қол көтерген қыз бен жігітті межелі жерге дейін өз машинасымен жеткізіп салды. Есеп айырысу мәселесіне байланысты ма, әлде басқа себеп болды ма, Достық даңғылының бойындағы «Шекарашылар» училищесінің тұсына келгенде жанжал шықты. Нәтижесінде Әлім қатты жарақат алды. Анау екеуі таңғы алакеуімде бой жасырып үлгерді.

Әлім ұялы телефоны арқылы жедел жәрдем шақырды. Көп ұзамай олар да келіп жетті. Жедел жәрдем Әлімді сол маңайдағы ең жақын №5 қалалық клиникалық ауруханасына жеткізді. Ондағы дәрігерлер тексере келе, Әлімнің оң жақ кеуде тұсына пышақ салынғанын, күрделі емдеуді қажет ететінін анықтағаннан кейін, Орталық қалалық клиникалық ауруханаға апарып салды. Өйткені, №5 аурухана жақ-бет хирургиясымен ғана айналысатын мекеме еді. Бірақ, осы жерде жаралы Әлім жарты сағаттан астам уақытын өткізіп алды.

Ауруханада

Таңғы сағат алтыдан он бес минут өткенде Әлімді сол күнгі кезекшіліктегі жауапты хирург Қ.Жайырбаев қарап шыққан.

Қан-қысымы 40-ты ғана көрсетіп тұр. Оң жақ кеудеге пышық ұрылған. Жараның көлемі 3 сантиметрдей. Жауапты хирург қарамағындағы кезекші хирургтердің бірі Еңкебаевқа жаралы адамды операцияға дайындауға нұсқау берді. Сонымен қатар, оған алғашқы дәрігерлік көмек көрсете бастайды. Тамырдан дәрі жіберіледі. Қан қысымы қайтадан қалпына келеді. Кеудесін айнаға (рентгенге) түсіреді. Кеуде қуысына ауа кірмеген және қан жиналмаған. Қан құрамы мен кіші дәретті тексеру қорытындысы да осыны көрсетті.

Бұдан кейін Қ.Жайырбаев тәжірибесі молдау кезекші хирургтердің бірі Дәсібековке жараның аузын тігуге нұсқау берді. Кеуде қуысының еш жеріннен қан ағып жатпағаны белгілі болды. Кеудеге пышақ кіргенімен ішкі құрылыстар – өкпе, жүрек, тағы басқалары аман екеніне көздері жетті. Енді кеуде қуысының төменгі жағынан ішке түтікше жіберілді. Егер алдағы уақытта іште қан жинала бастаса, ол түтікше арқылы сырттағы бөтелкеге құйылуға тиісті. Дегенмен, сырқатты қатаң дәрігерлік бақылауда ұстау үшін оны жан сақтау (реанимация) бөліміне жібертізеді. Екі сағаттан кейін аурудың жағдайы күрт төмендеп, түтікшеден аққан қан бөтелкеге жинала бастайды. Дерееу операция жасауға кіріседі. Өкінішті. 31 жасар Әлім операция кезінде мәңгілікке көз жұмады.

Тергеу мен қорғау

2004 жылдың ақпан айында Қ.Жайырбаев Алматы қалалық Ішкі істер бас басқармасына шақырылды. Ақыры, оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, жауапқа тартылды. Қойылған кінә – Орталық қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөлімінде жауапты хирург міндетін атқарған күні Қ.Жайырбаев кәсіби міндетін тиісінше орындамай, салақтық, селқостық танытқан. Соның кесірінен операция үстінде Ә.Байымбетов қайтыс болған. Ә.Байымбетовтың шешесі Роза Байымбетова ауыр қайғыдан есін жиғаннан кейін Денсаулық сақтау министрлігіне арыз жазып, ұлының өлімі дәрігерлердің қателігінен болғанын

көрсеткен. Тексеріп, кінәлілерді жауапқа тартуын өтінген. Осы іс бойынша арнайы мамандар ретінде сұралған А.Н.Сызғанов атындағы ғылыми зерттеу орталығының жауапты қызметкерлері өлімнің себебі дәрігерлердің дұрыс диагноз қоймауынан және дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетпеулерінен болған деп тұжырымдапты. Сондай-ақ, «торакоскопия» деп аталатын арнаулы құрал арқылы кеуде қуысын мұқият тексергенде, жүректегі жараны анық көруге болатындығын айтқан.

Қ.Жайырбаевтың адвокаты бұған келіспей, тергеушіге де, прокурорға да қарсы ұсыныс түсіреді. Себебі, бұл істі үш рет тексерген сот-дәрігерлік сарапшылары да Ә.Байымбетовтың өлімі жүрек құлақшасын пышақ тесіп өтуден болған, оған дәрігерлердің кінәсі жоқ деген тұжырымға тоқтапты.

Ана көңілі сенбейді

Ұлымның ауруханаға ауыр халде түскендігі жайында маған телефон арқылы Қ.Жайырбаевтың өзі хабарлады. Жылдам жеттім. «Жүрек те, өкпе де аман. Операция жасамаймыз» деді Қ.Жайырбаев. Ал кеудедегі жараны тіккен кезекші хирург Дәсібеков жауапты хирург Қ.Жайырбаевқа бірден кеудені ашып, операция жасау жөнінде ұсыныс білдірген екен, анау оны тыңдамапты. «Әрине, мен ұлымның өліміне дәрігерлер тікелей кінәлі деуден аулақпын. Бірақ, осы уақытқа дейін дәл осындай ауыр жағдайда ауруханаға түскендердің біразы тірі қалыпты. Соның 1 пайызын менің ұлыма неге бұйыртпаған? Сонда аман қалуы мүмкін еді ғой. Таныс дәрігерлерім де солай дейді. Қазір әр түрлі ойларға беріліп, ұлымның аруағының алдында өзімді кінәлі сезінемін. Бәлкім, дәрігерлерге бірден ақша ұсынғаным жөн бе еді? Сонда, олар ұлыма бірден операция жасап, аман алып қалар ма еді?» – деп аһ ұрған анаға жұбату айтудың өзі қиын екен.

Дәрігердің дәлелі

6 тамыз күні таңғы сағат алтыдан кете бергенде кеудеден ауыр жарақат алған Ә. Байымбетов біздің ауруханаға жеткізілді.

Бірден айнаға түсірдік. Егер оң жақ омырау тұсынан сұғылған пышақ ішкі құрылыстардың бірін жарақаттаса, кеуде қуысына қан толып кетуге тиісті. Рентгенолог мамандар да мұқият қарады. Іште қан да, ауа да жоқ екені анықталды. Ал, «торако-копия» деген аспап біздің ауруханада болған емес. Сондықтан, ішкі құрылысты толықтай көре алмадық. Қан тамыры арқылы қажетті дәрілер жібердік. Қан қысымы қайтадан 100-ге дейін көтерілді. Сырқаттың жағдайы жақсарып қалды. Енді жарақатты емдеуге тапсырма бердім. Жауапты хирург ретінде өзім тікелей қадағалауға алдым. Жараның аузын ашып көргенде жалпақтығы 3 сантиметрдей пышақ кіргенін байқадық. Оң жақ бұғананың орта сызығы мен үшінші қабырғаның жанынан сұғылған екен. Бұдан кейін кеуденің төменгі тұсынан инемен сорып, тағы да қан алып тексердік. Ондағы мақсат – іште қан жиналған ба және ол бір жерден ағып келіп жатқан жоқ па, кеуде қуысына ауа жиналған ба, соны анықтау еді. Бәрі дұрыс екендігіне көз жеткіздік. Операция жасауға негіз көрінбеді. Кеудені ашудың өзі өте қауіпті, екіншісі бірі оны көтере алмайды да. Енді жаңағы ине салған тесік арқылы түтікше қойдық. Бұл кезде таңғы сағат 8 болып қалған. Менің ауысым уақытым бітті. Түнгі кезекшілік барысы жайында басшыларға мәлімдеме беру үшін жоғары көтерілдім. Жансақтау бөліміне жатқызылған Ә.Байымбетовтың жағдайы туралы бәріне айтым. Сағат 10-ға таман жиналысқа кірдім. Сол кезде Ә.Байымбетовтың жағдайы нашарлағаны туралы хабар келді. Түтікшеден қан кете бастапты. Кеудені ашуға ұйғардық. Операция басталды. Жүрек құлақшасының маңайына қан ұйыпты. Оны тазалай бастағанда қан атқақтай жөнелді. Оң жақтан сұғылған пышақ сол жақтағы жүрекке дейін жеткені бізді таңқалдырды. Жараны жылдам тіктік. Енді құлақшаның арғы бетінен қан ақты. Ептеп жүректі бұрыңқырап, астыңғы жағынан қарағанымызда пышақ жүрек құлақшасын тесіп өткенін көрдік. Жүректі аздап көтеріп тұрып, арғы жақтағы екінші жараны тігуге кіріскенімізде жүрек тоқтады. Жанталаса басқа мүмкіндіктерді пайдалануға тырысқанымыздан нәтиже шықпады, – дейді Қ.Жайырбаев.

Жұмбақ жарақат

Қайтыс болған Ә.Байымбетовтың денесін аурухана мәйітханасында ашып қараған сот-дәрігерлік сарапшысы жүрек құлақшасының алдыңғы жағынан кірген пышақ төменгі жүрекшеден тесіп шыққан деген тұжырым жасапты. Мұның дұрыс еместігін кейінгі сот-дәрігерлік сарапшылары дәлелдеген. Себебі, жүрекке тура кірген пышақтың жүзі майысып, төменгі жақтағы жүрекшеден шығуы мүмкін емес. Жүрекшедегі қан қысымы өте жоғары. Сондықтан, жараның аузын ұйыған қан бітеп тұра алмайды. Ал оның жоғары жағына орналасқан жүрек құлақшасындағы қан қысымы аздау болады. Ол жердегі жараның аузын ұйыған қан бітеп қалған да, кеуде қуысына қан жиналмаған. Мұндай өзгеше жағдай (атипичная картина ранения сердца) бұрындары кездеспеген.

Р.Байымбетова жауапты хирург Қ.Жайырбаевты жаралы ұлына бірден операция жасауға рұқсат бермегені үшін кінәлайды. «Кезекші хирургтардың бірі Дәсібеков кеудені ашу жөнінде Қ.Жайырбаевқа ұсыныс жасаса да, ол тыңдамапты» дейді. Сонымен қатар, алғаш рет бұл іс жөнінде пікір білдірген мамандар бастапқы жауаптарынан тайқып, Қ.Жайырбаевты қорғаштап отырғанын айтады.

Ал, Қ.Жайырбаев болса, қатардағы кезекші хирург ондай ұсыныс айтуы мүмкін емес дейді. Себебі, әлі толық диагноз қойылмаған, оның үстіне адам өміріне қауіп төніп тұрған жоқ. Мұндайда бірден операция жасау асығыстық болады. Ол оны жақсы біледі.

Бұл іс жөнінде алғаш пікір білдірген мамандардың назарына бірінші түсірілген рентген көрінісі ұсынылмапты. Онымен толық танысқаннан кейін ғана олар алғашқы тұжырымдарының дұрыс еместігіне көз жеткізген.

Үкім

«Сол себепті дәрігерлік көмек дер кезінде көрсетілмеді, бірден операция жасауға нұсқаулық бермеді» деп, Қ.Жайырбаевты

Қылмыстық Кодекстің 114-бабы 1-тармағы бойынша жауапқа тартқан тергеушілердің айыптаулары сотта өз дәлелін таппады. Хирург Қуантқан Жайырбаевты ақтау жөніндегі Бостандық аудандық сотының шешімі күшінде қалдырылды. Бірақ, 31 жасар Әлімнің өмірін қиған қылмыскерлер мына жарық дүниеде әлі сайраңдап жүр. Олар түбі бір қолға түсетініне тәртіп сақшылары сенімді.

Әлім қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай дүниеге келген оның тұңғыш ұлы әкесін суретінен танып өсіп келеді. Ал, ана жүрегі қан жылауда.

**«Қазақстан-Заман» газеті,
10 маусым, 2005 жыл.**

ИНСПЕКТОРДЫҢ БІР КҮНІ

Бұл маңайда ең көп жасалатын қылмыстар – ұрлық, тонау, алаяқтық, автокөліктердің мүлкін қымқыру, тағы басқалар. Әдетте, ақша қай жерде болса, қылмыскерлер де сол жерлерді торуылдайды. Орталықта мерекелік шаралар жиі өтеді. бағалы бұйымдар сататын дүкендер де осында. Ендеше, қалталы адамдар, әсіресе шетелдік қонақтардың жүретін жері де осы төңірек.

– Дүкенге кірген ауқаттылардың соңына түскен ұрылар кейде тал түсте қолсөмкелерін ала қашқан жерінен талай рет ұстадық. Құтылып кеткендері қаншама. Әсіресе, қас қарайған кездегі қылмыстарды ашу оңай емес. Демалыс орындары мен мейманханаларда, түнгі сайранханаларда әртүрлі клубтар мен би алаңдарында жасалатын қылмыстар да жетерлік,- дей отырып. Талант түнгі Алматының біз біле бермейтін құпияларын аша сөйледі. Тоғыз жылдан астам бір жерде тапжылмай қызмет етудің арқасында Талант осы маңдағы адамдардың өздері тұрмақ иттеріне дейін танып-біліп алғандай. Қай үйде қандай маскүнем немесе нашақор тұратынын, қай үйдің баласы қандай болып өсіп келе жатқанына дейін хабардар.

Учаскелік инспекторлардың жұмысы таңғы сағат 8.30-да басталады. Күні бойы маскүнемдер мен нашақорлардың құжаттарын реттейді, арыз-шағымдарды тексеріп, кімге айып салу, кімді әкімшілік жазаға тарту қажет болса, оперативтік топпен бірге дереу сол жаққа аттанады. Себебі, қылмыс болған жерге тергеушімен бірге қорытынды құжат толтыратындар да, із кесушілерге бағыт-бағдар сілтеп, олармен бірге қылмысты ашуға бел шеше кірісетіндер де осы учаскелік инспекторлар. Мұны екінің бірі біле бермеуі мүмкін.

Таяуда Алматыдағы «Арома» кафесінде үлкен төбелес болып, сегіз жеткіншек пышақталғаны жайындағы хабарды елдің бәрі естіді. Міне, осы төбелесті басуға да біздің кейіпкеріміз

Талант тікелей араласыпты. Тергеу жүріп жатқандықтан ол жайында толығырақ әңгімелеуге әлі ертерек. Учаскелік инспекторлардың негізгі міндеттері туралы сұрағанымда ол:

– Бүкіл полиция немен айналысса, соның бәрі учаскелік инспектордың қатысуынсыз өтпейді,- деп қысқа қайырды.

Міне, сондықтан да кейінгі кезде учаскелік инспекторлардың қызметіне ПМ тарапынан айырықша көңіл бөлінуде. Бұл дұрыс та. Себебі, учаскелік инспекторлар – ПМ-ның жергілікті жердегі көзі мен құлағы, негізгі тірегі екені әлімсақтан белгілі жайт. Сондықтан да, оларға басқа полиция қызметкеріне қарағанда көбірек билік берілген. Оның бәрін санамалап жату міндет емес. Ептеп құпия сақтағанымыз да дұрыс.

Таяуда олардың жалақыларын көбейту жөнінде шешім қабылданды. Бұл енді қариялардың зейнетақысын өсіргендей бірдеңе болып шықпаса екен деп тілейік.

Инспекторлардың киім үлгісі де өзгереді деген сөз бар. Бұл да оңды бастаманың бірі екені даусыз. Мәртебелері мен беделдерін көтере түседі. Қазіргі кезде учаскелік инспекторлардың бәрі көлікпен, пәтермен қамтамасыз етілген.

Талант Тоқсанбаев жасы отыздан аса бере таяуда ғана үйленіпті.

– Ұжымымыз екі бөлмелі пәтер берді, рахмет. Әйтпесе, әлі де үйленбей жүре берерме едім, кім білсін,- дейді ол қуанышын жасыра алмай.

Бұған дейін де жоғары білімі бар Т.Тоқсанбаев қазір заң факультетінде сырттай оқиды. Алдағы жылдары қос дипломды инспектор болып шыға келетіні сөзсіз. Мен білетін учаскелік инспекторлардың көбісі осындай адамдар болып кездесетіні қызық. Бұл өзі кездейсоқтық па, заңдылық па деп ойлайсың кейде. Меніңше, бұл – полиция қызметінің, соның ішінде учаскелік инспектордың беделі жылдан-жылға артып келе жатқанын аңғартса керек. Кейде оларды сынап-мінеп жатамыз. Жек көргеннен емес, әрине. Мұны олар да түсінуге тиісті.

Таланттың айтуына қарағанда, ауыр қылмыстар жылдан-жылға көбейіп бара жатыр. Осының бәрі тұрмыстың тұралағандығынан, жалақының тұрақсыздығынан. Сондай-ақ, әлеуметтік теңсіздіктің ара-жігі тереңдеп бара жатқанын аңғартады. Дегенмен, қылмысқа қарсы күрес күн сайын күшейе беруі керек. Өмір осыны талап етеді. Әйтеуір, біздің тыныштығымыз үшін түн қатып жүрген Талант сияқты азаматтар аман болсын!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
14 қазан, 2003 жыл.**

ИНСПЕКТОРДЫҢ ЖАҢА МӘРТЕБЕСІ

Бұл жайында бұрыннан айтылып келеді. Ішкі істер министрлігіне басшы болып азаматтық тұлға Зауытбек Тұрысбеков тағайындалғаннан бастап учаскелік инспекторлардың мәртебесін көтеру ісі бірден қолға алынды. Алдымен олардың киім үлгілері басқалардан ерекшелендірілді. Оның алғашқы нұсқаларын теледидардан көріп те үлгердік. Мұнан кейін жалақыларын көтереді дегенді естідік. Сонда учаскелік инспектордың беделін көтеру үшін осы екі шараны жүзеге асырса жетіп жатыр ма деген ой тууы да мүмкін. Бұл сұрақтарға жауап алу мақсатында Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасындағы қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары подполковник Серік Қазыбаевты әңгімеге тартқан едік.

– Алдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап учаскелік инспекторлардың айлық жалақысы 40 мың теңгеге дейін өсетіні белгілі болып отыр. Меніңше, күн көруге жететін қаражат. Сонымен қатар, жаңа жылдан бастап инспекторлар жаңа киім үлгісіне көшеді. Бұрынғыдан көп айырмашылығы жоқ, тек түсі көкшіл, айырықша белгілері бар, – деді ол біздің алғашқы сұрағымызға қысқаша жауап қайтаруға тырысып.

Бұдан кейін учаскелік инспекторлардың үй-жайы, қызмет көлігі, қару-жарағы, негізгі міндеттер жайында сөз қозғадық.

– Алматы қаласының әкімі былтыр біздегі учаскелік тіректердің бәріне бір-бір жеңіл көлік бөлген еді. Енді, тағы да қосымша көліктер бермекшіміз. Сонымен қатар, бұдан былай учаскелік инспектордың қасында көмекшісі болады. Қалада 300-ге жуық учаскелік инспектор қызмет етеді. Олар қызмет пәтерлерінде тұрады.

– Бірақ бұл пәтерлер уақытша баспана ғой. Учаскелік полиция қызметкері басқа қызметке, мәселен тергеу, із кесу, тағы басқаларға ауысса, бұл пәтер жаңадан келген инспекторға босатылып беріледі ғой.

– Әрине. Жаңадан келген учаскелік полиция қызметкері пәтерсіз қалмау керек.

– Сонда учаскелік полиция қызметкері пәтерге бола зейнетке шыққанша бір жерде тапжылмай қызмет істей беру керек пе екен? Кез келген қызметкер, оның ішінде полиция – әскери қызметке жатады, қызмет бабын, әскери шенін өсіруін ойламаса, несіне полицияға келеді? Осы жағын қалай түсіндірер едіңіз?

– Мысалы, ПМ академиясын бітірген жас лейтенант кем дегенде бес жылдай учаскелік инспектор қызметінде істемесе, одан болашақта жақсы із кесуші немесе тергеуші шыға қоюы неғайбыл. Учаскелік полицияның ең жоғарғы әскери шені – майор.

Ал, бұдан кейін басқа жұмысқа ауысам десе, жол ашық. Бізде алғаш жұмысқа кірген кезкелген полиция қызметкері, мейлін ол учаскелік инспектор болсын, бас басқармадағы жалпыға ортақ үй кезегіне қойылады. Сол кезегі келгенде үйін алады. Ал, учаскелік инспектордың қызмет пәтері ешкімге басыбайлы берілмейді.

– Мәселен, учаскелік инспектор он шақты жыл қызмет еткеннен кейін оның жалпы үй кезегі де келіп қалды дейік. Сонда, оның мына қызмет пәтерін тастап, жаңа үй алуына бола ма?

– Учаскелік инспектордың қызмет пәтері оның қызмет ететін аумағында орналасқан. Ол сол жерде тұруға тиісті. Маңайдағы ахуалды күнделікті бақылап отырмаса, учаскелік инспекторлығы қайсы? Ал, енді бір жерде 20-25 жыл қызмет еткен учаскелік инспектор зейнетке шыға қалса, оған бұрынғы тұрған пәтеріне сәйкес пәтер немесе басқа пәтер сатып алуға өсіміз несие ақша беріледі деген жаңа жобаны жоғарғы жаққа ұсындық. Нәтижесін уақыт көрсетеді.

– Учаскелік инспектордың адал, әрі жақсы жұмыс істеуі үшін әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысқандарыңыз көңілге қонады. Бірақ, тек осыған байланысты оның мәртебесі көтеріліп, беделі артып кетпесі тағы бар...

– Кез келген қызметте алдымен әлеуметтік шаралар шешілмейінше үлкен жетістіктерге жету қиын. Учаскелік инспектордың жағдайы дұрысталғаннан кейін, соған сәйкес талаптар қойылады. Құр талапты күшейте бергеннен де олардың мәртебесі өсе қоймасы анық. Ең бастысы, учаскелік инспектордың жаңа міндеттерін айқындау керек. Кез келген полицияның міндеті – қылмыспен күресу. Ал қазіргі учаскелік инспекторлардың алдына қылмыспен күрес міндетін қоя отырып, оларға қосымша, өз міндетіне қатысты шамалы жұмыстарды жүктейтінімізді екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Мысалы, базарлардың маңайынан 50 метр қашықтыққа дейінгі аралықтың тазалығына сол базар әкімшілігі жауап береді. Олай болса сол базардың іргесінде пісте сатып, маңайын ластауға себепкер болған адамдарды міндетті түрде учаскелік инспекторлардың араласуымен аластау керек пе? Бұл оның міндеті емес. Бірақ «учасковой қайда қарайды?» деп, базар әкімшілігі арыз жазса, ойланбастан учаскелік инспекторды жауапқа тартуға дайын тұратындар аз емес.

Сол маңайдағы қоқыс уақытында тазаланбаса да учаскелік инспектордан хаттама толтыру талап етіледі. Сондай-ақ, әр ауданда санэпидемстанция, «зеленстрой», наркодиспансер деген сияқты мекемелер жұмыс істейді. Бұлардың бәрі учаскелік инспектордың мойнына мініп алған. Бір жерде заңсыз ағаш кесілсе де, әлдекім есірткімен айналысса да, үйдің іргесінде мысық өліп жатса да учаскелік инспекторлар жауап беруі керек екен. Сонда жаңағы айтылған мекемелердің қызметкерлері қайда қарайды? Бұл солардың тікелей жұмысы емес пе? Соған қарамастан бәрін учаскелік инспектор қадағалауы керек деп түсінеміз.

Ал енді олардың көршілері түнде музыка қойса, ұрыс-керіс шығарса, тіпті таңертеңгілік әлдекім тұрғындардың терезесінің алдына келіп «молоко!» деп айқайласа да оны учаскелік инспектор тыныштандыруы керек екен.

Егер сол маңайда ауыр қылмыс жасала қалса ізкесушілер мен тергеушілерге бағыт-бағдар сілтеп, қылмыстың ашылуына белсене араласатындар да осы учаскелік инспекторлар. Міне,

барлық міндетті осылай бір адамның мойнына үйіп қою оның мәртебесін көтермейді, қайта беделін түсіреді. Сондықтан, біздер бұл жөнінде министрлікке нақты ұсыныстар бердік. Алдағы уақытта учаскелік инспектор тек қылмыспен күресуі керек. Заңға бағынбаған, күштеу шарасын қажет ететін адамдарға ғана учаскелік инспекторды шақырған жөн. Мәселен, нашақорлардың тұрған жерін анықтау, оларды тиісті орындарға емдеуге дайындау, тағы басқа ұсақ-түйек жұмыстарды наркодиспансердің қызметкерлері өздері-ақ атқара алады. Егер, емделуші адам оларға көнбей, қарсылық көрсетсе ғана учаскелік инспектор араласуға тиісті. Басқа қызметтер жөнінде де солай еткен жөн.

– Ал енді учаскелік инспектордың бәріне бірдей атыс қаруын асынып жүру құқығы берілмегені жөнінде не айтар едіңіз?

– Бұл біздің ішкі мәселеміз. Дегенмен, кез келген полиция қызметкеріне бірден қару асыну құқын беру асығыстыққа ұрындырады. Алдымен тексеріп көреміз. Тәжірибе жинақтағаннан кейін қажетті жағдайда ғана ол адамға қару беріледі. Бұл талап учаскелік инспекторларға да тікелей қатысты. Оларда да өзге полиция қызметкерлері сияқты өздеріне бекітілген қару-жарақ, тағы басқа қылмысқа қарсы қолданылатын құралдары бар.

– Дұрыс екен. Енді осының бәрі тек учаскелік полицияның мәртебесін көтеруге септігін тигізсе жарады да.

«Егемен Қазақстан» газеті,
30 қазан, 2003 жыл.

КӨРШІДЕН КЕЛГЕН КЕСЕЛ

Бұл оқиға құқық қорғаушылардың тәлкегі мен сот-дәрігерлік сарабының әлегінен кейін асқындай түсті. Сау адамды мүгедек еткен оқиғаның ақ-қарасын ажыратар құжаттарда көп сыр бар.

Бұған дейін тергеу жұмысындағы кемшіліктер мен прокуратура, сот, сот-дәрігерлік сарабы жұмысындағы шалағайлықтар жөнінде талай рет жазған едік. Ондайда олар көбінесе бір-біріне сілтеп, әрқайсысы өздерін ақтап, әртүрлі себептер айтып, газет көтерген мәселенің жүгін жеңілдетіп жіберуге тырысатын. Тіпті болмай бара жатса, журналист істің байыбына терең бойламаған деген қарсы пікірлерлерін алға тартып, түлкібұлаңға сала бастайтын.

Ал, мына төмендегі оқиғадан қылмысты ашуға, қылмыскердің әділ жазасын беруге тиісті органдардың бәрі бірігіп бір істі қалай «шешіп отырғанына» куә боласыздар. Бұл жолы журналистік пайымдау жасамай-ақ, құқық қорғаушылардың әрқайсысы өздеріне тиісті істі аяқтап, сосын қол қойған құжаттарды ғана назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Оқиға

Қылмыстық іс қозғауға негіз болған жағдайды редакцияға шағымданған Жолдасова Айханымның арызынан үзінді келтіру арқылы баяндағанымыз дұрыс.

«Мен бес баланың анасымын. Жоғары білімді дәрігермін. Он бір немерем бар. Еңбек стажым 30 жылдан асады. Қазіргі кезде Алматы облысы, Талғар ауданы «Красное поле» амбулаториялық емханасында әйел дәрігері болып қызмет істеймін. Екі жылдан бері заң орындарынан, Мұсатаевтардың отбасынан зәбір көруім сіздерге арыз жазуға мәжбүр етті.

Біз Мұсатаевтар отбасымен көрші ретінде өте жақсы қарым-қатынаста тұрып жатқан едік.

1997 жылдың 28 мамыр күні Мұсатаев Жұбатқан біздің үйге келіп, өзі ауырып жүргенін айтып, көмек сұрады. Өйткені, менің жолдасым «Красное поле» емханасында бас дәрігер болатын. Ол Мұсатаевтың ауруын тексеріп көрген соң, емханада жатып емделуге кеңес берді. Мұсатаев Талғардағы аурухананың терапия бөлімінде емделе бастады. Қажетті дәрі-дәрмектің тізімін баласынан бізге беріп жіберіпті. Менің ұлым Бауыржан «Айсберг» фирмасының филиалы ретінде жекеменшік дәріхана ашқан. Мұндағы дәрілер арзан болғандықтан, оның үстіне сыйлас адамымыз жаны қысылып, көмек сұрап жатқандықтан барлық дәрілерді өзім апарып бердім. Дәрінің ақшасын (3253теңге) кейін қайтарамын деді. Мен келістім. Содан 18 қыркүйек күні кешкі сағат сегіз шамасында қарыз ақшаны сұрап Мұсатаевтардың үйіне бардым. Себебі, біздің дәріханаға жоғары жақтан тексеріс келіп, ақшаның орнын дереу толтыру керек болды.

Үйінде отбасымен шай ішіп отырған Мұсатаев Жұбатқан мені көре сала теріс айналды. Мен тізе бүккеннен кейін келген шаруамды айттым. Сол-ақ екен Жұбатқан: «Ақшанды қайтарғанмын, неге мені мазалай бересің?!» – деп дүрсе қоя бергені. Одан мұндай жауап күтпеген мен қатты сасып қалдым. Содан кеткелі жатқанымда Жұбатқанның қызы Қарлығаш менің жағама жармаса кетті. «Әкем саған ақшаны берген!» деп қабырғаға тақап, соққының астына алды. Менің онымен тіресуге шамам жетпеді, себебі мен үшінші топтағы мүгедек адаммын. Сол үйдің анасынан көмек сұрадым. Бірақ, ол көмектеспеді. Бір кезде Қарлығаш жұдырығымен аузыма ұрғанда тісім сынып, аузымнан қан бұрқ ете қалды. Шашымды жұлып, орамалымды лақтырып, бетімді тырнап тастады. Осы сәтте сол үйдің баласы Асқар келіп, одан мені әрең ажыратып әкетті. Қарлығаш мені ұра бастағанда Мұсатаев Жұбатқан «милиция шақырамын» деп шығып кеткен. Мен есіктен сыртқа беттегенде Мұсатаев қасына бір орыс шалын ертіп кіріп келе жатыр екен. Ол кісіні куә

ретінде акт жасау үшін шақырғанын білдім. Ертеңінде, 19 қыркүйек күні тісім қатты ауырған соң емханаға барып көріндім. Оны растайтын құжаттарым бар. Арада 8-9 күн өткеннен кейін өзіміздің учаскелік милиционер келіп түсініктеме алды. Сөйтсем, Мұсатаева Қарлығаш арызданған екен. Содан 1997 жылдың 17 қарашасы күні соттың жүзін көрдік».

Міне, болған оқиғаның ұзын-ырғасы осы. Енді, сотқа дейін, соттан кейін осы жағдай қалай өрбігенін құқық қорғаушылардың өз құжаттарынан үзінді келтіре отырып баяндап көрелік.

Тергеу амалы

«Талғар аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, милиция полковнигі Е.А. Тезекбаевқа рапорт.

Менің қолымда Талғар қаласының Малькеева көшесінің №18 үйінде тұратын, 1976 жылы туған Мұсатаева Қарлығаш Жұбатқанқызының арызы бар екенін сізге құлағдар етемін. 1997 жылдың 18 қыркүйегі күні кешкі сағат он шамасында Жолдасова Айханым деген әйел оның үйіне келіп, ұрыс-керіс шығарғанын, соңында өзін таяққа жыққанын жазады. Бірақ, сот-дәрігерлік сарабының қорытындысы қолыма түспей жатқандықтан істі сотқа жіберуге мүмкіндік болмай отыр. Сол себепті, бұл істі соза тұруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Милиция аға лейтенанты Т.Бектібаев
10.10.1997»

Сот-дәрігерлік сарабы

1.Акт №186. «1997 жылдың 3 қазан күні сот-дәрігерлік сарапшысы Т.Ю.Мирзопоязов (Жұмыс стажы 16 жыл, 1-категориялы дәрігер) Талғар аудандық ИБ-нің қызметкері Т.Бектібаевтың жолдауы бойынша Жолдасова Айханымды дәрігерлік тексеруден өткізді.

Сарапшыға Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 55-бабы және Қылмыстық кодекстің 187, 193-баптары қатаң ескертілді. Сараптау жұмысы кезінде дәрігер Г.К.Наводилова да қатысып отырды...

Болған жағдай: 18.09.97 жылы көршілері ұрған.

Қорытынды:

1. Жәбірленуші А.Жолдасованың сол жақ құлағының түбіне сызат түскен. Төменге иегінің сол жақтағы бір тісіне ұру салдарынан зақым келген. Зақымдану мерзімі оқиға болған уақытпен дәл келеді, жеңіл жарақатқа жатады.

Сот- дәрігерлік сарапшысы Т.Ю.Мирзопоязов»

2. Акт №193 Қорытындысы:

«...Жәбірленуші Қ.Мұсатаеваның оң жақ және сол жақ білектеріне қатты соғу салдарынан сызат түскен. Зақымдану мерзімі оқиға болған уақытпен дәл келеді, жеңіл жарақатқа жатады.

Сот-дәрігерлік сарапшысы Т.Ю.Мирзопоязов»

Алдын ала тергеу аяқталды

«Талғар қаласы, 10 мамыр 1998 жыл. Талғар АІБ-нің анықтама жүргізу бөлімшесінің анықтаушысы, милиция лейтенанты Камалов Р.М ҚР ҚК-нің 257-бабының 1-бөлігімен Жолдасова Айханымға №2820 қылмыстық іс бойынша жүргізілген алдын ала тергеу аяқталды, жиналған дәлелдемелер айыптау қорытындысын шығару үшін жеткілікті деп тауып Талғар АІБ-де ҚР ҚІЖК 273,275- баптарының талаптарына сәйкес, бұл жөнінде айыпкер Жолдасова Айханымға жарияладым және оған істің барлық материалдарымен жеке өзі немесе қорғаушы арқылы танысуына, сондай-ақ жүргізілген алдын ала тергеуді толықтыру жөнінде өтініш жасауға құқы бар екенін түсіндірдім.

Істің материалдарымен танысып шыққан айыпкер қояр талап-арызым жоқ деп жауап берді».

Айыптау қорытындысы

Алдын ала тергеуде А.Жолдасоваға мына төмендегідей айыптар тағылған:

«Жолдасова А. 18 қыркүйек 1997 жылы сағат кешкі 22-лер шамасында Талғар қаласы Малькеевка көшесіндегі №22а үйде тұратын Мұсатаев Жұбатқанның үйіне барып, үй

иелерінің ешқандай рұқсатынсыз дөрекі түрде баса-көктеп кіріп, бұзақылық әрекетімен, үйде отырған азаматтарды қадірлемей «дәрінің ақшасын бер» деп Мұсатаев Жұбатқанға айқайлай бастаған. Жолдасованың бұзақылық әрекетін баспақ болған Қарлығаш Мұсатаеваға балағат сөздер айтып, оның ар-намысына тиіп, ұрып, мойнындағы алтын алқасын, құлағындағы сырғасын, сағатының бауын жұлып алып, барлығы 3 мың теңгелік зиян келтірген. Одан әрі қылмыстық әрекетін тыймай, үйдегі адамдарды қадірлемей, ерекше әдепсіз түрде Мұсатаева Қарлығаштың денесінің әр жерінен ұрып, оған сот-дәрігерлік акт бойынша «жеңіл» түрдегі дене жарақатын салған. Яғни, өзінің әрекеттерімен ҚР ҚК-нің 257-бабының 1-тармағында көрсетілген қылмыстық әрекеттерді жасаған...»

(Осы қылмыстық іс бойынша айыпталған Жолдасова Айханым өзіне тағылған айыпты мойындамайды. Ол кісінің жауабы жоғарыдағы «Оқиға» бөлімінде айтылғандармен сәйкес келетіндіктен қайталағанды жөн көрмедік. – С.Ж.).

Ал жәбірленуші ретінде жауап берген Мұсатаева Қарлығаш, куә ретінде жауап берген Мұсатаев Жұбатқан, Дәулетәлиева З, Васильев И, Трегубов В. дегендер Жолдасованы кінәлайды. Тергеуші сондай-ақ, сот-дәрігерлік сарабының қорытындысын, беттестіру хаттамасын, тағы басқа материалдарды дәлел ретінде ала отырып, мынадай қорытындыға келіпті:

«...Яғни, ол (Жолдасова А. деп түсінеміз. С.Ж.) кәнігі бұзақылық әрекетімен мазмұны жағынан ерекше әдепсіз іс-әрекет жасаған. Бұл қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу бітті, айыпкердің кінәсі толық дәлелденді.

Талғар АПБ-нің анықтама жүргізу бөлімшесінің анықтаушысы, милиция лейтенанты Камалов Р.М».

Прокурордың қаулысы

«...Аталған іс аудандық соттың қарауына жатады. Қылмыстық істі қысқартуға немесе тоқтатуға негіз жоқ. Іс бойынша қажетті дәлелдер толық жиналған. Айыпкердің қылмыстық

әрекеті дұрыс дәрежеленген. Алдын ала тергеу орны ҚІЖК-нің талаптары бойынша дұрыс жүргізілген. Айыптау қорытынды ҚІЖК-нің талабына сәйкес орындалған...

Талғар аудандық прокуроры,
Заң кеңесшісі Алмабеков Ж.Н.».

Судьяның қаулысы

Алматы облысы, Талғар аудандық соты (төрағалық етуші Абденбеков Е.М.) 1998 жылдың 16 қарашасында бұл жөнінде мынадай қаулы шығарды:

«...А.Жолдасованың қылмыстық ісін қайта тергеу үшін Талғар аудандық прокуратурасына жіберуге».

Үкім

Әлбетте, қайта тергеу жүрді, аяқталды. Іс тағы да сотқа өтті.

Талғар аудандық соты (төрағалық етуші Нұрманов Ш.Н.) 16 маусым 1999 жылы ашық сот мәжілісін өткізіп, үкім етті:

«Жолдасова Айханымды ҚР ҚК-нің 257-бабаы 1-тармағымен тағылған айыптарын және 105-бабымен қылмысқа тартуға, оның әрекетінде мұндай қылмыстарды жасаған белгісі жоқ болғандықтан ақтауға...».

Себеп

Сот үкімінің анықтама бөлімінен үзінді келтіреміз:

«... себебі Алматы облыстық алқалық сот-дәрігерлік сарапшыларға және Қазақстан Республикасының орталық алқалық сот-дәрігерлік сарапшыларының қорытындысында былай деп көрсетілген. «Қ.Мұсатаеваның денесіне түскен жарақат жеңіл дене жарақатына жатады. Бірақ, мерзімдері 18 қыркүйек 1997 жылы болған оқиғамен сәйкес келмейді. Атап айтқанда Алматы облыстық және республикалық сарапшылары сарапшы Мирзопоязовтың 10 қазан 1997 жылғы және 2 наурыз 1999 жылғы қорытындыларында көрсетілген мерзімдерді теріске шығарып, жәбірленушіге қорытынды бергенде сол жарақаттардың

көлемін, тереңдігін көрсету қажет болса да, көрсетпегендігін анықтады. Оны сарапшының өзі сот тергеуінде мойындады. Енді ол жарақаттың көлемін, тереңдігін тексеру және мерзімін анықтау мүмкін емес. Өйткені, одан бері екі жыл өтіп кетті» деп көрсетті. Осымен қатар, сот тергеуінде сұралған куәлар және жәбірленушінің өзі де Жолдасова оны ұрмағанын айтты. Жедел жәрдем дәрігері Болотаева Г.Б. жәбірленушінің үстінен немесе қолынан дене жарақатын көргенім жоқ, не көргенімді жедел жәрдем журналына жаздым деп жауап берді.»

Прокурордың наразылығы

Алматы облыстық сотының қылмысты істер жөніндегі алқасына:

«...сот өз үкіміне өзі қарама-қайшы шығып отыр және алдын ала тергеу орындары ҚР ҚК-нің 105-бабы бойынша Жолдасоваға айып тақпаған. Сондықтан, сот өзі Жолдасованың іс-әрекетін қайта дәрежелеген жағдайда ҚР ҚК-нің 257-бап 1-тармағы бойынша ақтау үкімін негізсіз шығарып отыр.

ҚР ҚДЖК-нің 328,427- баптарын басшылыққа ала отырып сұраймын:

Талғар аудандық сотының 16.06.1999 жылғы ... А.Жолдасова жөніндегі ақтауды өзгертіп, ҚР ҚК-нің 105-бойынша қалдыртуыңызды.

Талғар аудандық прокуроры Алмабеков Ж.Н.».

Өзгеріссіз қалдырды

3 тамыз 1999 жылы Талғар аудандық прокурорының кассациялық наразылығы бойынша Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы Талғар аудандық сотының А.Жолдасоваға қатысты шығарған үкімін қарап, ол үкімді өзгеріссіз қалдыруға қаулы етті. (Төрағалық етуші – Н.Р. Бейсенова, судьялар – Л.Т. Мерекенов, К.Ш. Шалабаева).

Қарсы арыздар

Сөйтіп, дәрігер А.Жолдасова көршісі Мұсатаев Жұбатқан қысылған кезде оған қолұшын беремін деп жүріп өз басы дауға қалды, қаншама уақытын, денсаулығын жоғалтты. Алайда, соңында ол кінәсы жоқ деп табылып, сот үкімімен ақталды. Енді ол жалақор Қ.Мұсатаева мен оның әкесі Ж.Мұсатаевтың, өтірік анықтама жазған сот-дәрігерлік сарапшысы Т.Мирзопоязовтың, істі ушықтыра түскен тергеуші Р.Камалов пен судья Бердібаевтың, заңдылықты қадағалаушы прокурорлар А.Ибраев пен К.Умаровтың үстінен іс қозғауды талап етіп, қарсы арыздар жазған. Оған төмендегідей жауаптар келіпті.

Прокурордың жауабы

«... Сіздің Талғар аудандық прокуратурасына жолдаған арыздарыңыз бойынша тексеру жүргізіліп, төмендегі жағдайлар анықталды:

... аудандық прокуратурасының қызметкерлеріне келсек, қылмыстық істі тексерген прокурордың көмекшісі Ибраев А. жұмыстан шығып кеткен, ал қылмыстық істің айыптау қорытындысын бекіткен және сотқа жолдаған прокурордың орынбасары К.Умаров та жұмыстан шығып кеткен.

Сондықтан, прокуратура қызметкерлерінің жауапкершілігін шешуге мүмкіндік жоқ.

Талғар аудандық прокуроры Алмабеков Ж.Н.»

Полицияның жауабы

«Сіздің 30.03.2000 жылы жазған хатыңызға мына төмендегідей хабарлаймыз. Талғар аудандық сотының 21.10.99 жылғы қаулысымен қозғалған № 1-638 санды қылмыстық іс бойынша Алматы облыстық ПБ-нің АБ-сы тергеу жүргізіп, ҚР ҚК-нің 129, 105-баптарымен қылмыс құрамы дәлелденбеуіне байланысты Мұсатаев Ж, Мұсатаева Қ. үстерінен ҚР ҚІЖК-нің 37-бабының 2-бөлігін қолданып, қылмыстық іс қысқартылған, 04.03.2000 жылы.

Алматы облысы ПБ-нің АБ-ының бастығы полиция полковнигі Р.Х.Ишкенов»

Тергеушінің жауабы

«Сізге мынаны хабарлаймыз. 20.01.2000 жылы ҚР ҚК-нің 352-бабы 1-тармағы бойынша азамат Мирзопоязов Тимурға қатысты қозғалған №447 қылмыстық іс оның іс-әрекетінде қылмыстың құрамы болмағандықтан қысқартылды...

Қазіргі уақытта бұл қылмыстық іс заңдылығын тексеру үшін Алматы облыстық прокуратурасында жатыр.

Алматы ПБ-нің тергеу қызметінің тергеушісі, полиция лейтенанты Тұрысбеков М.С.»

Полицияны сотқа берді

Онсыз да үшінші топтағы мүгедектігі бар А.Жолдасова осы сергелдеңнің салдарынан екінші топтағы мүгедектік күйге түскен. Ал, оған кінәлілерді құқық қорғау органдары жауапқа тартпады. Олай болса екі жылдан астам уақыттан бері шеккен материалдық және моральдық шығынды А.Жолдасова мен Алматы облыстық ішкі істер басқармасының өзінен өндіріп алу үшін оларды сотқа берген.

11 ақпан 2000 жылы Алматы облысы Іле аудандық соты (төрағалық етуші судья Тоқтахунов Н) мынадай билік шығарды:

«Жолдасова Айханымның пайдасына Алматы облыстық ішкі істер басқармасынан 161 мың 174 теңге өндіруге.

Жолдасова Айханымның пайдасына Алматы облыстық ішкі істер басқармасынан моральдық залал ретінде 100 мың теңге өндіруге...»

Сот билігін орындамады

Сот билігінен кейін тура 10 күн өткен соң Алматы облыстық ПБ-ге Іле аудандық сотынан орындау қағазы (исполнительный лист) жіберілді. ПБ-дағылар прокуратурадан көмек сұрады:

«Алматы облысының прокуроры, үшінші сыныпты заң кенесшісі Ғ.Қ.Өтебаевқа!

А. Жолдасованың Алматы облыстық ПБ-дан моральдық және материалдық шығын өндіріп алу жөніндегі Іле аудандық сотының шешімін тоқтата тұруыңызды сұраймын. Біздің ойымызша, бұл ақы ПБ-дан емес, Алматы қаласындағы сот-дәрігерлік сарабының муниципалды бюросынан өндіріліп алынуға тиісті. Себебі, олардың қызметкерлері бір іс бойынша екі түрлі сараптау қорытындысын шығарған, ал бұл қарама-қайшылық сот іс қарағанда жөнделмеген.

Алматы обл. ПБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Н.Қыдырқожаев.»

Прокурор полицияны қолдады

Мұны біз Алматы обл. ПБ анықтау басқармасының бастығы Р.Ишкеевтің Жолдасоваға жазған жауабынан көреміз:

«А.Жолдасоваға! ... Іле аудандық сотының шешіміне Алматы облыстық прокурорды залалды Алматы облыстық ПБ-нан емес, Алматы сот-дәрігерлік сараптама бюросынан өндіру туралы наразылық келтірген... Арызыңыздағы аталған мәселені шешу үшін сіз Алматы облыстық прокуратурасына немесе облыстық сот-дәрігерлік сараптама бюросына өтініш етуіңіз қажет»

Прокуратураға да арызданған еді

Ол жақтан мынадай жауап келді: «А.Жолдасоваға! Облыстық прокуратура сіздің Ж.Мұсатаев пен Қ.Мұсатаева және Т.Мирзопоязовтың үстерінен берген арызыңызға сәйкес, олар жөніндегі қылмыстық іс материалдарын Алматы облыстық ішкі істер басқармасынан сұратып алып, тексертті. Тергеуші М.С.Тұрысбеков сарапшы Т.Мирзопоязовтың іс-әрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығарған. Шығарылған қаулы заңды болғандықтан тергеушінің шешімімен облыстық прокуратура келісті.

Ал Ж.Мұсатаев пен оның қызы Қ.Мұсатаеваның үстерінен жинақталған қылмыстық іс бойынша көрсетілген мән-жайлардың бәрін жан-жақты, толық және сапалы түрде тексеру үшін Алматы облыстық ішкі істер басқармасына жіберіліп, бақылауға алынғанын хабарлаймын.

Алматы облысының прокуроры Ғ.Қ.Өтебаев»

Ақшаны төлемеуге себеп табылды

О баста Мұсатаевтар мен сарапшы Т.Мирзопоязов жөніндегі қылмыстық істерді қысқартқаны өздерінің басына таяқ болып тигенін кейін түсінген Алматы облыстық ІІБ қызметкерлері енді Мұсатаевтардың ісін қайта тергеу үшін прокуратура өздеріне қайтарып бергеніне қатты қуанған сыңайлы. Қуанғандары соншалық, сот қаулысын орындау жөніндегі департаменттің бастығына жазған қатынас қағаздарында олар Мұсатаевтар мен Жолдасованың фамилиясын шатастырып алған тәрізді. Тіпті, әдейі шатастырып, сот билігінің жүзеге асуына уақытша болса да кедергі жасай тұру үшін, Жолдасованы қылмыскер ретінде көрсете тұру үшін де осылай жасалуы мүмкін. Сондықтан, орыс тілінде жазылған бұл құжатты сол күйінде назарларыңызға ұсынайық:

«Начальнику Департамента Комитета по исполнению судебных постановлений МЮ Республики Казахстан Онгарбаеву К.К.

Направляем постановление об отмене постановления о прекращении уголовного дела в отношении Жолдасовой А. Пост. 105 и 129 УК РК

Одновременно сообщаем что расследование по данному уголовному делу проводится управлением дознания УВД Алматинской области.

Заместитель начальника УВД Алматинской области полковник полиции Н.К.Агибаев»

Бұдан кейін материалдық және моральдық-зиянды ІІБ-дан өндіру ісі уақытша тоқтай тұрады. Енді Алматы ІІБ қызметкерлері Мұсатаевтардың (бәлкім Жолдасованың шығар кім білсін,

жоғарыдағы қатынас қағазында сол кісінің фамилиясы жазылған.-С.Ж.) мәселесін қалай шешері әзірге белгісіз. Жолдасоваға төленуге тиісті 261 мың 174 теңге кімнің мойнына ілінетіні де беймәлім. Тағы да бір-біріне сілтеу басталды. Белгілісі сол – ол бәрібір мемлекет бюджетінен, яғни, сіз бен біздің қалтамыздан өндіріледі.

Айтпасқа болмайтын сөз

Айханым Жолдасова мына сергелдеңнен әбден шаршағанын, өмір бойы мүгедек болып қалғанын осы мақала жазылып біте бергенде редакцияға келіп жылап отырып айтқан еді. Ол кісі осы әбігерді о баста-ақ тоқтату жөнінде құқық қорғаушыларға арызданған екен. Олар көнбепті. Екі әйел ұрсысып қалды. Бұл мәселені ушықтырмай, ағайынгершілікпен-ақ шеше салуға болар ма еді? Әрине, болар еді. Енді міне, бүгін осы бір түкке тұрмайтын қақтығысқа бола ІПБ, прокуратура, сот, сот орындаушылары, сот-дәрігерлік сарапшылары, тағы басқа органдар ең төменгі сатысынан бастап облыстық деңгейге дейін айналысуда. Басқа істейтін жұмыс жоқтай екі адамды бір-біріне айдап салып, өздері қағаз жазумен айналысып отырғандай әсер қалдырады. Құқықтық реформаны жүзеге асырудағы «жанкештілігіміз» осы болса, жетіскен екенбіз. Бұған Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Бас прокуратура мен Жоғарғы Сот, Ішкі істер министрлігі не жауап айтар екен?!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
4 тамыз, 2000 жыл.**

ҚАЙСЫБІРІН АЙТАЙЫҚ...

Өткен аптаның ішінде республика Ішкі істер министрлігінде тағы 2 мың 653 қылмысты әрекеттер тіркелді. Оның 1 мың 488-і қолма-қол ашылған. Яғни, осыншама қылмыскерлер ұсталып, оларға тергеу жүріп жатыр деген сөз. Солардың ішінде адам тонау, пәтерлерге ұрлыққа түсу жағы күннен-күнге белең алып барады. Әсіресе, қас қарайған сәтте жалғыз-жарым жүрген адамдарды өлтіріп немесе қорқыту арқылы сырт киімдерін шешіп алу сияқты құбылыстардың саны 1 мың 146-ға жеткен.

Пәтер тонау бұрынғыдан көбеймесе, азаймапты. Сондай-ақ, еш жерде тіркелмеген қару-жарақ ұстап жүрген адамдардың 36 мылтығы қайтарып алынды. Ал, осы жылдың ішінде ашықтан-ашық пара алу жолымен қалтасын қалыңдатқысы келген 141 қылмыскердің 102-сі қылмыс үстінде ұсталды. Олардың көбісі жоғары қызметтегі лауазымды адамдар болып шықты.

Пара алған директор

Талдықорған облысындағы нан өнімдері өндірістік комбинаты бас директорының орынбасары К. деген (тергеу біткенше аты-жөнін атамаймыз) азамат Сарыөзек нан өнімдері комбинатында цех бастығы болып істейтін М. 3. Еркековтан 25 мың сом пара алып жатқан жерінен өз кабинетінде ұсталды. Тексере келгенде Еркеков арадағы делдал ғана екені анықталды. Негізгі пара беруші Алматы облысы Талғар ауданындағы дайындау мекемесінде қойма меңгерушісі болып істейтін Е. У. Қожахметов болып шықты. Ол бас директордың орынбасары өзіне заңсыз түрде 100 тонна комбикорм бөлу үшін алдын ала осындай айла-шарғыларға барған. Тергеу жүріп жатыр.

Қарулы қарақшылар

Желтоқсанның 19-ы күні кешкі сағат 8-де Целиноград қаласындағы «Гефест» кооперативінде жұмысшы болып істейтін К. деген азаматтың үйіне баса көктеп кіріп келген бейтаныс үш адам мылтық кезеніп тұрып, бүкіл заттарын тонап кетті. Кейін есептей келгенде ұрланған дүниенің құны 45 мың сом болды.

Ал желтоқсанның 20-сы күні Алматы қаласында құрылысшы болып істейтін К. деген азаматтың үйіне де дәл осындай шабуыл жасалды. Бірақ, қарулы қарақшылар бұл жолы құтылмады. Олар еш жерде жұмыс істемейтін жас жігіттер көрінеді. Тергеу жүріп жатыр.

Милиция қару қолданды

21-ші желтоқсан күні түнгі сағат 1.00-де Гурьев облысы Балықшы поселкесінің тұрғыны И. деген азамат пәтер ұрлауға кіріскенде, күзет бөлімінің қызметкерлері ол жерге дер кезінде келіп үлгерді. Еш жерде жұмыс істемейтін С. деген жігіт пен №3-ші СПТУ-дың оқушысы ұрлық үстінде қолға түсті. Алайда, СПТУ-дың оқушысы право тәртібін қорғау өкілдеріне өршеле-не қарсы тұрып, қол көтерді. Мұның соңы қару қолдануға мәжбүр етті. Ақырында бір қолынан жараланғаннан кейін баукеспе сабасына түсе бастады. Бұл жолы милиция тарапынан қару жұмсау дұрыс қолданылды деп табылды.

Шырша ұрлау басталды

Жаңа жыл тақаған сайын Алматы қаласының көшелеріндегі жасыл желек жамылған шыршалар саны азайып барады.

№9-орта мектептің оқушысы С. деген жүгірмек Алатау аудандық атқару комитеті үйінің жанына егілген шыршаның біреуін түбінен кесіп әкетіп бара жатқан жерінен қолға түсті.

Сондай-ақ, Саин мен Шаляпин көшелерінің қиылысында жайқалып өсіп тұрған сымбатты шыршаның біреуін арқа-лап бара жатқан Ж. деген ересек «жүгермек» те ұсталды. Ол – ара өсіретін «Вега» кооперативінде талай жылдан бері жұмыс

істейді. Жаңа заман талабына сәйкес, оларға салынатын айып-тың көлемі де ұлғая түспек.

Жазатайымнан сақтасын

Желтоқсанның 22-сі күні Алматы облысы Шелек ауданы Қайрат селосындағы бір үйлі жан үйдегі пештің дұрыс істеуінің кесірінен иіс тиіп, түгелімен қайтыс болды.

Сол күні кешке жақын Талғар қаласындағы бір жанұяның тетелес өскен үш баласы өз үйлерінде аяқ астынан қыршындарынан қиылды. Ол сәбилер ата-анасы оңай жерге немқұрайдылықпен қоя салған дәрілерді ішіп, уланып өліпті. Құдай жазатайымнан сақтасын де.

**«Халық кеңесі» газеті,
22 желтоқсан, 1992 жыл.**

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАНҒА НЕ ЖЕТСІН!

Республика Прокуратурасы сот актілерінің заңдарға сай келуін қадағалау басқармасының бастығы, аға заң кеңесшісі Жақсылық Ысқақұлы Байтұқбаевпен сұхбат.

– Аумалы-төкпелі оқиғаларға толы жетпіс жыл артта қалыпты. Осынау кезеңде ел басына нелер келіп, нелер кетпеді. Әділ заңымыз көпе-көрінеу аяққа тапталып, адамның басы алланың добына айналған сәттер де аз емес. Оқырмандар атынан сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әңгіме арнасын өткен күндер өрнектеріне қарай бұрғым келіп тұр. Оған қалай қарайсыз?

– Несі бар, солай-ақ етейік. Әр нәрсенің өткені, бүгінгісі, болашағы бар емес пе. Соның бәрі қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Ал қоғамнан тысқары тұрған ешкім жоқ. Бүгін жетпіс жылғы мерекесі атап өтілетін республика Прокуратурасының қызметі жөнінде де осыны айтуға болады. Жаңа өзің айтып өткендей, осынау кезеңдерде небір аумалы-төкпелі оқиғалар өтті, әділ заң аяққа тапталды, адамның басы алланың добына айналды дедіңіз.

– Кешіріңіз, сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймын деп отырып көңілдеріңізге кірбің түсіріп алған жоқпын ба? «Көңіл кірі айтса кетеді» деген, осындайда бір іштей арылып алғанға не жетсін.

– Әрине, шындық бәрінен де жоғары. Өткенге есеп бермей, бүгінгінің биігіне шығу қиын. Бұдан жетпіс жыл бұрынғы жүріп өткен жолымызға бір сәт сын көзімен қарар болсақ, кейде көмейге ащы запыран келетіндей.

Нәубет жылдары үш миллионнан астам халқымыздан айырылды деп жүрміз. Енді бұған 1937-38 жылдар мен 1953 жылдар арасындағы зұлматтың кесірінен шет елдерге босып кеткен 3 миллион 333 мың қазақтарды қосыңыз. Ашаршылық жылдардың қасіреті бөлек әңгіме. Ал, халықтың басына туған

зұлматтың (репрессия) себеп-салдарына үңілетін болсақ, таяқтың бір ұшы заң орындарына, әсіресе, заңдылықты қадағалауға тікелей міндетті прокуратураға да тиеді. Осы арада прокуратура қайда қараған деген сұрақ қоюыңызға болады.

– **Дұрыс айтасыз. Сол сұрақты сізге қойды деп есептеңіз.**

– Ол үшін республика прокуратурасының бұдан жетпіс жылғы тарихының кейбір бұрқасынды белендерінен сыр суыртпақтап көрейік.

Зұлмат жылдары құқық қорғау органдарының бәрі үкімет пен партияның қолындағы қолшоқпарға айналып кеткені белгілі жайт. Былайша айтқанда, сол кездегі темір құрсаулы құрылымның құрбаны болды. Мысалы, аудандық прокурорлардан бастап республика прокурорына дейін міндетті түрде партия комитетінің мүшесі немесе бюро мүшесі болуға тиісті еді ол уақытта. Мұнан кейін прокурорлар жергілікті басшылар алдында көгендеген қозыдай күй кешпегенде қайтеді. Осыған байланысты мына бір деректерге оқырман назарын аударайын. Мысалы, 1928 жылы 27-тамызда Орталықтың нұсқауы бойынша ҚазЦИК-тің, Совнаркомның, Қазақ Автономиялық Республикасының «Байлардың мүлкін тәркілеу туралы», 13-қыркүйекте «Ірі және жартылай феодал байлардың мүлкін тәркілеуге қарсы әрекет көрсеткендерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы» деген қаулылар бірінен кейін бірі жарыққа шығыпты. Бұдан соң қорасында бес қойы бар адам да бай, 500 қойы бар адам да бай деп есептелініп, жендеттердің қанды шеңгеліне ілініп кете барған. Адам құқын аяққа таптаудың ең сорақы түрі осы. Әділетсіздікке қарсы тұрып, жазықсыз жандарды заңсыз әрекеттерден қорғауға тырысқан қаншама прокуратура қызметкерлерінің мойнына қыл бұрау түсті. Жоғарыдағы қаулылардағы «байлардың мүлкін тәркілеуге қарсы әрекет көрсеткендерді...» деген сөз прокуратура қызметкерлерінің өзін ауыздықтап ұстау үшін әдейі жазылған. Себебі, біреудің мүлкін тәркілеп, өзін қамауға алу үшін алдымен прокурордың рұқсаты (санкция) керек. Сол кезеңде туған халқымды тепкіге бермеймін деп жүріп көптеген прокуратура қызметкерлері қыршынынан қиылғанын бүгінде екінің бірі біле

бермеуі де мүмкін. Ол үшін тағы да бір мысал келтірейін. Осынау нәубет жылдары, қанды зұлмат жылдары республика бойынша 56 прокуратура қызметкері ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылып, түрмеге қамалса, 12 прокурор ату жазасына кесілген. Кезінде жазықсыз құрбан болған әріптестерімізді ақтау жөнінде қазір көптеген жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Бұл мәселені таяуда республиканың Бас прокуроры Жармахан Тұякбаев біздің алдымызға басты міндеттердің бірі ретінде қойды. Жұмыс жасалынып жатыр. Іс оң нәтижесін берері сөзсіз.

– Тек прокуратура қызметкерлері ғана емес, зұлмат жылдары опат болғандардың бәрін ақтап алсақ қандай ғанибет...

– Сөз бар ма?! Менің манадан бері айтайын дегенім де осы мәселелерге байланысты. «Зұлмат (репрессия) құрбандарын ақтау туралы» заң жобасын дайындау үстіндеміз. Осы заң сәтімен дүниеге келсе, кезінде тағдыр тәлкегіне ұшыраған, жер шарының түпкір-түпкіріне тарыдай шашырап кеткен 3 миллионнан астам қандастарымыздың туған жерге қайтып оралуына мол мүмкіндік туады деп білемін.

– Бұл жалғанда жазықсыз жазаланғаннан ауыр қасірет жоқ шығар. Мұндайда жаңа өзіңіз айтқандай, қара қылды қақ жаруға тиісті заң қызметкерлерінің мойнына түсетін жүктің де салмағы жеті батпан. Осыдан төрт-бес ай бұрын республиканың Бас прокуроры Жармахан Айтбайұлы біздің газетке берген бір сұхбатында «Заңды сақтау – арды сақтау деп білемін» дегені есімізде. Ол кісі бұл сөзді жазаның ең қатал түрі – ату жазасына байланысты айтқан. Осы бір қатал үкім жайында өзіңіз не ойлайсыз?

– Жалпы мынау қылмыс дегенің – үлкен қасіреттің бірі. Бұл жерде жәбірленушінің де, жәбірлеушінің де өміріне балта шабылды деп білген жөн. Ал, бұл жалғанда адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ. «Бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін» деген гуманистік қағида ешбір қоғамға жат емес. Адам құқын қорғау жөніндегі халықаралық комитетінде бұл дүние жүзіндегі маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Соған қарамастан, көптеген елдердің қылмыстық заңдарында ату жазасы қолда-

нылатыны рас. Бізде де бұл жаза күні бүгінге дейін қолданылып келеді, әлі де қолданыла беруі тиіс деп ойлаймын. Бірақ қандай жағдайда қолданылуы тиіс? Ол жөнінде әңгіме басқа. Бұған дейін бұл жаза мемлекет мүлкін аса көп мөлшерде талан-таражға салғандарға, Отанын сатқандаға, 30-ыншы, 50-інші жылдары тіпті бір қап бидай ұрлағандарға да қолданылып келді. Бұл – мана өзіңіз айтқандай, «адамның басын алланың добына айналдырған» дөңайбат саясаттың кесірі. Қазіргі өркениетті заманда мұндай қатыгездік – тағылықтың бір түрі болып шығады.

– Әңгімеміз прокуратура саласының өткен өмірінен бүгінгісіне ойысып келе жатқан сияқты. Осыған байланысты таяуда қабылданған «Республика Прокуратурасы туралы» жаңа заңға тоқтала кетсеңіз. Бұл заңның бұрынғы заңдардан өзгешелігі неде, сіздердің жұмыстарыңызға нендей тың үрдістер әкелді?

– Егеменді республикамыз Прокуратура туралы жаңа заңды қабылдағанға дейін 1979 жылы 30-қарашада шыққан КСРО Прокуратурасының соңғы заңын пайдалануға тура келген. Ол заңның сипаты қалай екені түсінікті. Онда ең алдымен мемлекеттің мүддесі қорғалған. Яғни, мемлекет мүддесі адам мүддесінен жоғары тұрды деген сөз. Осы заң негізінде Орталық Комитет, тағы басқа өкілетті органдар қаулы қабылдайтын, біздер оны мүлтіксіз орындауға тырысатынбыз. Ал мына өз заңымыз біздің аяқ-қолымызды құрсаудан босатқандай әсер етті десем, артық айтқандық емес. Бұл заңда ең алдымен адам құқын қорғауға жол ашылған. Сондай-ақ, заңдылықты қадағалауға тиісті прокуратура органдары енді басыбайлықтан құтылған. Егер жаңа заңның 1-бабына назар салсаңыз, онда Қазақстан Республикасының Прокуратурасы тек Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің алдында есеп беріп отыратындығы айтылған. Ал Жоғарғы Кеңес – халық трибунасы, бірден-бір демократиялық басқару жүйесіне кепілдік беретін өкілетті орын. Енді мына 3-бапты оқып көрейікші. Онда: «Прокуратура заңының үстемдігін, Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқық тәртібінің бірлігін, нығайтылуын қамтамасыз ету мақсатында іс-қимыл жасайды» деп жазылған. Бізге керегі де осы ғой.

– **Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің соңғы сессиясында жаңа Конституциясының жобасы қаралып, халық талқылауына ұсынылды. Конституция жобасы мен Прокуратура туралы заңның негіздері осында өзіндік үйлесімін тапқан ба, қалай ойлайсыз?**

– Менің бір байқағаным – жаңа Конституцияның жобасындағы «Прокуратура» деп аталатын 18-тарау төрт-ақ баптан тұрады екен. Керісінше, сот жөнінде біраз мәселелер қамтылған.

Конституция жобасын қазір талқылап, біз де өз ұсыныстарымызды даярлап жатырмыз. Дегенмен, өз тарапымынан мынадай бір мәселелерді алдын ала айта кетейік. Жобаның 12-бабындағы: «Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істердің анықталуы мен тергелуін қадағалауды, сотта мемлекеттік айыптауды және сот шешімдерінің орындалуын қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады» делінген. Осы сөйлемдегі «мемлекеттік айыптауды» деген сөздің орнына «мемлекеттің атынан айыптауды» деп өзгерткен дұрыс. Себебі, қылмыскерді мемлекет айыптамайды, мемлекеттің атынан прокурор айыптайды. Сондай-ақ, «сот шешімдерінің орындалуын» деген сөзден кейін «сот актілерінің заңдарға сай келуін және жоғары қадағалауды прокуратура жүзеге асырады» деген сөйлемді қосқан дұрыс болар еді. Өйткені, прокуратураның ең басты бір міндеті – сот актілерінің заңдарға сай келуін қадағалау емес пе. Прокуратура туралы заңда осылай айқын жазылған. Ендеше, жаңа Конституцияда да солай көрсету керек. Тағы бір айтайын дегенім, «жоғары қадағалау» деген сөзді кіргізудің де өзіндік мәні бар. Бізде қазір өрт сөндіруді қадағалау, техникалық жағынан қадағалау деген салалар бар. Олар іс барысында дүдәмалды жағдайлар туғанда бәрі бір прокурорлық қадағалауға жүгінуге мәжбүр болады. Сондықтан әр нәрсені өз атымен атай білуге үйренейік.

– **Сіз басқаратын Басқарма-сот актілерінің заңдарға сай келуін қадағалау деп аталады екен. Енді осы өз салаңыз бойынша қысқаша мағлұмат бере кетсеңіз.**

– Біздің Басқарма негізінен сот үкімі шыққаннан кейін кассациялық шағым бойынша келіп түскен істерді қарайды. Мұндай шағымдарды көбінесе қорғаушылар, сотталушының туыстары

немесе айыпкер өзі түрмеде отырып жазады. Егер заң бұзылғанына көзіміз жетсе, сол іс бойынша үкім шығарған соттың үстінен қарайтын сотқа наразылық келтіреміз. Бұдан кейін іс қайта тексеріледі. Адам жазықсыз сотталса, ақталады, жазықты болса үкім күшінде қалады. Мысалы, өткен жылы республика бойынша азаматтық істерден басқа соттарда 58 мыңдай қылмыстық істер қаралып, үкім шықты. Оның ішінде 1 мың 420 халық сотының, 100-ге тарта облыстық соттардың үкімдері заңсыз деп табылып, бұзылды. Соның ішінде 730-дан аса қылмыстық іс бойынша шығарылған сот үкімдері прокурорлардың наразылығымен заңсыз деп табылды. Қалалық, аудандық халық соттары жүргізген 1 мың 730, облыстық соттар жүргізген 200-ге тарта қылмысты істер бойынша үкімдер өзгертілді. Мұнда да прокурорлардың үлесі зор. Жалпы өткен жылы 405 адам ақталып шықты.

– **Осының бәрі өзіңіздің тікелей карамағыңыздағы, жергілікті жерлердегі прокуратура қызметкерлерінің ыждағатты еңбектерінің арқасында қол жеткен табыстар ғой. Олай болса, бүгінгі 70 жылдық мерекелеріңіз қарсаңында ел құрметіне бөленіп жүрген заң өкілдерінің аттарын атап өтетін сәттер де туған сияқты.**

– «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген бар. Бізде есімдерін мақтанышпен айтуға тұратын қызметкерлер жетерлік. Мысалы, Талдықорған облыстық прокуроры А. Нұрмағамбетов, Қарағанды облыстық прокуроры Ғ. Өтебаев, Жамбыл облысы Мерке аудандық прокуроры М. Исаев, Семей облыстық прокурорының бөлім бастығы Р. Кузьменко, Солтүстік Қазақстан Мамлют аудандық прокурорының орынбасары А. Көшекova, тағы басқа заңгерлерді бүгінгі мерекесімен құттықтай отырып. Сіздердің газеттеріңіз арқылы оларға зор денсаулық, семьяларында бақыт, жұмыстарында табысты еңбек тілеймін.

– **Әңгімеңізге рахмет. Қара қылды қақ жарып, әділет жолында талмай еңбек ете беруіңізге мен де сізге тілектестік білдіремін.**

«Халық кеңесі» газеті,
10 шілде, 1992 жыл.

ҚАРПЫП ҚАЛУҒА АСЫҚҚАН «Тұранбанктың» бұрынғы басшылары енді бас сауғалауда

«Адам көзі топыраққа ғана тояды» деген рас-ау, нарықты экономиканың өтпелі кезеңін ұтымды пайдаланып қалуға тырысып жүрген алпауыттар өздері тойса да, көздері ештеңеге тояр емес. Олардың алдарынан бір даңғыл жол ашылғандай. Заң-зәкүнге пысқырап та қарамайды. Керек десең, оның осал тұстарын кез-келген заңгерлерден артық «меңгеріп» үлгерген. Бірақ, «Тұранбанктың» бұрынғы басшылары бұл жолы Бас прокуратураның құрығынан құтыла алмады. Жоғарғы сот алқасының (коллегиясының) қорғаштауынан да ештеңе шықпады. Өкініштісі сол, «Тұранбанк» акционерлік банкісі төрағасының орынбасары Коржов Андрей «аңқау» соттың арқасында шетелге қашып кеткен. Ал, банк төрағасы Бейсенов Ораз келесі соттың шешімін күтіп, бостандықта жүр. Егер, А. И. Коржовтың осы кеткеннен қарасы көрінбесе, істің соңы сиырқұймышақтанып бітуі де мүмкін. Дәл солай болса, онда біздің Егеменді еліміздің беделіне де нұқсан келері сөзсіз. Мұндай былық-шылық бүгінде мемлекет құрлымын да жайлап алған десек, артық айтқандығымыз емес. Осынау дерттің күні бұрын алдын алмасақ, соңы бір сұмдыққа соқтыруы әбден мүмкін. Сондықтан да бұл жөнінде бүкпесіз жазып, шындықты ашық көрсетуге тура келеді.

Аталмыш банк туралы не білеміз?

Бұрынғы кеңестік кезеңінде КСРО мемлекеттік банкісімен қоса салалық өндірістер мен шаруашылықтарды ақшамен қамтамасыз етіп отыратын Мемлекеттік-салалық банкілер де жұмыс істеген. Оған жататындар – «Сбербанк», «Внешэкономбанк», «Агропромбанк» және «Промстройбанк». КСРО мемлекеттік банкі сияқты бұл салалық банктердің де әр одақтас республикаларда, облыс, аудандарда мемлекеттік жүйелері қалыптасқан.

1990 жылдың соңында, яғни, бір орталыққа бағынған КСРО құрлымы әлсіреп, нарықты экономика өмірімізге дендеп ене бастаған кезде Қазақ ССР Миністрлер кеңесі Төралқасының шешімімен Қазақстандағы «КСРО Промстройбанк» акционерлік коммерциялық банк болып қайта құрылды. Оның негізгі құрылтайшысының бірі Қазақ ССР Миністрлер Кеңесінің өзі еді. Сөйтіп, бұрынғы «Промстройбанктің» 23 миллион 800 мың рубль көлеміндегі қаржысы «Тұранбанкке» берілді. Онымен қоса, осы банк орналасқан жер, ғимарат тағы басқа дүние-мүліктер банктің пайдалануына тегін қалдырылды.

1991 жылдың 7 ақпанында шақырылған алғашқы құрылтай конференциясында «Промстройбанктің» аты өзгертіліп, ол акционерлік-коммерциялық «Тұранбанк» деп аталды. Осы жиында «Тұранбанктің» жарғысы қабылданды. Онда Республика үкіметінің мұндағы өкілі банктің мемлекеттік кеңесшісі болып есептелінеді деген шешім дүниеге келген. «Тұранбанктің» бұл жарғысы 1991 жылдың 22 мамырында Қазақ ССР мемлекеттік банкісі арқылы арнайы тіркеуден өтті. Бұдан кейін «Тұранбанктің» өрісі кеңейе түсті. Оған Республикадағы барлық министрлік пен ведомство, ірі-ірі мемлекеттік өндіріс ошақтары мен құрлыс, жол қатынастары, тау-кен өндірістері, ауыл шаруашылық ұйымдары мен алып индустриалы аймақтар құрылтайшы болып кірді. Қысқасы, 1991 жылы ресми тіркеуден өткен кезде «Тұранбанктің» айналымдағы қорының процентін мемлекет қаржысы құрады. Ол 1992 жылы 84.1 процент болса, 1994 жылдың 1 ақпанына дейін сәл төмендеп, 61 процентті құраған.

Еліміздегі экономиканы тұрақтандыру мақсатында Республика үкіметі «Тұранбанктен» ештеңесін аямаған. Бұл үшін оған мемлекет бюджетінен және бюджеттен тыс қаржы-несие айналымын жүргізуге кеңінен мүрсат берілген. Былайша айтқанда, «Тұранбанк» үкімет агентствосы ретінде іске кіріскен. Үкімет тарапынан коммерциялық банктерге бөлінген барлық ақшаның 20 проценті тұрақты түрде «Тұранбанкке» де бөлініп отырды. Егер, мұны нақты сандармен көрсетсек, 1991-1992 жылдары

269 миллион, 1993 жылы 1275,3 миллион рубль осы банктің есеп-шотына аударылғанын байқаймыз. Сөйтіп, «Тұранбанк» мемлекет пен акционерлердің арқасында байыған үстіне байып бара жатты. Тергеу құжаттарына қарағанда «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегендей, бұл банктің бұрынғы басшылары енді

Несие үшін пара алып

1991 жылдың 1 шілдесінде швед фирмасы «Евромин АБ» Павлодар қалайы зауытынан «глинозем» деп аталатын шикізат сатып алу үшін шартқа отырған. Бірақ, ол үшін тек рубльмен есеп айырысуға тура келген.

«Евромин АБ»-ның Қазақстандағы бас өкілі С.Югай 1,5 миллиард рубльді ешкімнен таба алмаған соң, «Тұранбанк» төрағасының орынбасары А. Коржовпен жеңушынан жалғасуға кіріседі. Коржов оны «Тұранбанктің» бірінші басшысы О.Бейсеновке жолықтырғаннан кейін іс оңай шешілген.

1992 жылдың 31 шілдесі күні бұлар № 64 келісім-шартқа қол қояды да, қысқа мерзімге өсімсіз (беспроцентный кредит) қайтарымымен алғашқы 500 миллион рубльді Югайға беріп кеп жібереді. Бұл қызметі үшін Бейсенов одан 80 мыңнан астам доллар, Коржов 34 мыңнан астам доллар пара алған. Яғни, бірінші жолы Югай бұларға 115 мың долларды лақтырып тастады деген сөз.

Арада екі айдай уақыт өткеннен кейін, 6 қыркүйекте Югайға тиесілі тағы бір 500 миллионды беру үшін екінші шартқа (№76) қол қойылады. Екі күннен кейін Югай осы шартқа қосымша №1 шарттың құжаттарын дайындап әкелгеннен кейін, олар бұған да қол қойып үлгереді. Сөйтіп, өсімсіз қайтарымымен 1,5 миллиард рубльді қалтасына басқан Югайдың көңілі бір тыншиды.

Соңғы екі шартты дайындап, бір миллиард рубльді оңай жолмен шығарып берген «еңбегі» үшін ол Коржовтың қолына 136 мыңнан астам долларды ұстатқан. Ал, бірінші басшы

Бейсеновтың «үлесі» бұдан әлде қайда қомақты – 309 мың доллар, Сондықтан, ол бұл ақшаны Швейцария банкісінде күні бұрын өзінің ұлы Бейсенов Асқардың атына ашылып қойылған №1004600-есеп-шотқа аударуды өтінеді. Югай бұған сөзсіз келіседі. Сол жылдың 1 қазан күні алғашқы 150 мың доллар Бейсенов Асқардың Швейцария банкісіндегі есеп-шотына келіп түскен. Югай енді қалған 159 мың долларды Асқардың атына аудару ниетімен әрекет ете бастағанда, бұл істің беті ашылып қалды. Алдымен қолға түскен Коржов

Тергеуде тыпыр ете алмаған

1992 жылдың қараша айында Алматы қалалық прокуратурасы «Тұранбанктің» жұмысын тергеген кезде біз жоғарыда айтып кеткен № 64 және №76 шарттар жөніндегі құжаттардың былық-шылығы шыға бастады. Онда «Тұранбанк» тарапынан «Евромин АБ»-ге алғашқы екі қарыз (кредит) қысқа уақытқа әр жыл сайын 90 процент өсімді қайтарыммен, ал, ұзақ уақытқа әр жыл сайын 180 процент өсімді қайтарыммен берілді деп кейіннен жазылғаны анықталды. Шын мәнінде бұл қарыздар шетел фирмасына өсімсіз қайтарыммен берілгені тексеру барысында дәлелденді.

«Тұранбанк» тарапынан бұлай жасаудағы мақсат не еді? Оны жете түсіну үшін аздаған есеп-қисаптық талдау жасауға тура келеді.

Югайға алғашқы 500 миллион берілген кезде 1 доллардың курсы 150 рубльге тең болатын. Бірақ, Бейсенов пен Коржов есеп айырысу құжаттарында рубльдің 1 долларға қатысты курсы 145 деп көрсетеді. Міне, осы құжатқа енбеген 5 рубльді 1 долларға шаққанда 115 мың доллар шыға келеді. Оны бұлар қалай бөлісіп алғанын жоғарыда айттық.

Ал, екінші (500 миллион) және үшінші (500 миллион) қарыз беру кезінде бір доллардың курсы 220 рубльге тең болған екен. Бұл жерде де бұрынғы әдіс қолданылады. Есеп айырысу құжатында 200 рубль үшін 1 доллар деп жазылады да, оның

сыртында қалған 1 миллиардтың ішіндегі әрбір 20 рубль, 1 доллар есебімен Бейсенов пен Коржовтың қалтасына түскен. Мұны тағы да есеп-қисапқа салып байқасаңыз, 445 мыңнан астам доллар шыға келеді. Бейсеновке тиесілі – 309 мың, Коржовқа тиесілі 136 мың доллар осының ішінде (бұл екі санды қайта қоссаңыз 445 мың шығады).

Бір ескерте кететін нәрсе, Бейсенов Асқардың Швейцария банкісіндегі есеп-шотына соңғы 159 мың доллар аударылып үлгірілмегендіктен, бұл ақша тергеуде «алуға ниет етілген пара» ретінде қарастырылуда. Сонда, Бейсеновтың нақты алған ақшасы – 230 мың доллар (80 мың+150 мың), Коржовтың алғаны –170 мың доллар (34 мың+136 мың).

Тергеу кезінде бұл адамдардың қылмысы қалай дәлелденгені жөнінде баяндап жатпай-ақ қояйық. Мұның бәрі бұлтартпас айғақтар арқылы көрсетілген. Әйтседе, осы іс сот алдынан қайта тергеуге жіберілді. Неге?

Сот солқылдақтық танытты ма?

Бір қарағанда солай да сияқты. 1994 жылдың 27 мамырында Қасымтай Нұржановтың төрағалық етуімен осы істі қараған Республиканың жоғарғы соты қылмысты істер жөніндегі алқасының (коллегиясының) ұйғарымы қисынға келмейтінін алдын-ала айта кеткен жөн. Бұған қарсы Республика Бас прокурорының орынбасары В.Ф.Шведюктің келтірген наразылығы да орынды. Жоғарғы сот төралқасы (президиумы) осы наразылық бойынша жоғарғы сот алқасының шешімін қарап шығып, дәлелденіп тұрған қылмысты істі қайта тергеуге жіберудің ешқандай қажеттігі жоқ екендігін анықтады. Сонда Қ.Нұржановтың төрағалық етуімен ұйғарым жасаған жоғарғы сот алқасы мұндай қисынсыз қадамға неге барды және неге сүйенді деген сауал туатыны белгілі. Оған қысқаша тоқтала кетсек, мынандай екен:

1. Жоғарғы сот алқасы «Тұранбанктың» о баста мемлекет қаржысының, яғни бұрынғы «Промстройбанктің» негізінде

дүниеге келгенін ескермей, оны түбегейлі жекеменшік банк ретінде қарастырып, Бейсенов пен Корожовты қызмет бабын пайдаланып, мемлекет мүлкін талан-таржыға салған лауазымды адамдар емес, жекеменшік иелері, ендеше олар не істеймін десе өз еріктері деген жалпақшешейлікке жол берген (осы мақаланың алғашқы тарауында «Тұранбанктің» қалай құрылғаны, оған қаншама министрліктер мен ведомстволар акционерлер болып кіріп, есеп-шотына қаржы құйғаны жайында айттық).

2. Істі қайта тергеуге жібере отырып, сот алқасы Бейсенов пен Корожовтың Югайдан аса көп мөлшерде пара алғандығы тайға таңба басқандай көрініп тұрса да көзжұмбайлыққа жол берген. Сот тергеуінде Корожовқа байланысты қылмыстар назардан мүлдем тыс қалған десе де болғандай.

3. Сот тергеуінде Югай бұрынғы жауаптарынан тайсақтап, әртүрлі анықтамалар бере бастаған. Оның әрбір солқылдақ сөзіне сене бермей, әділ сот бұл жерде Югайдың әрекетін басқа қылмыстармен тікелей қатыстыра, жинақтай қарауы керек еді. Өкінішке орай, олай етпеген. Ақыр соңында бұл – Югайдың кінәсі толық дәлелденбеген деген сыңаржақ тұжырым жасауға әкеп соқтырған.

4. О. Бейсеновтың ұлы – Бейсенов Асқар мен куәгер Волков А. дегендерге бұл кезде іздеу салынып жатқан. Сондықтан, оларды сот мәжілісіне әкелу мүмкін емес еді. Шет елдерде қашып жүрген күдіктілерді ұстап әкеле қоймадың деп сот тарапынан прокуратура тергеушілеріне дәл осы арада кінә тағудың, соған бола істі қайта тергеуге жібере салудың жөні жоқ. Керек десеңіз, куәгерлер мен күдіктілерді сот мәжілісіне әкелу – соттың тікелей өз міндетіне кіреді.

5. Өкініштісі сол, бұл қағиданы да сот есте ұстамаған, өзім білемдікке салынған. Қызмет бабын пайдалану арқылы мемлекет мүлкін талан-таржыға салып, сыбайластық пен жемқорлықтың жолына түскен «Тұранбанктің» бұрынғы басшылары Бейсенов пен Коржов жоғарғы сот алқасы іс қарағанға дейін қамауда отырған. Сот алқасы істі қайта тергеуге жіберіп қана қоймай,

екі айыпкерді босату жөнінде шешім қабылдағанын қайтерсіз? Әрине, олардан ешқайда қашып кетпейтіндіктері жөнінде қолхат алыныпты. Республика Бас прокурорының орынбасары В.Ф Шведюк мырза Жоғарғы сот алқасының бұл шешімімен келіспегендігі жөнінде Жоғарғы сот төралқасына наразылық келтіруінің басты себебі осы болатын. Прокурордың бұл ұсынысы төралқа тарапынан қолдау тапты. Іс қайта тергеуге емес, басқа сот құрамының қарауына берілді. Бірақ, мұны ести сала бостандықта жүрген

Коржов шетелге қашып кетті

Енді оны қолға түсірудің өзі өте қиынға соғып тұр. Осы суыт хабарды ести сала Бас прокурордың орынбасары Владимир Федороич Шведюк мырзаға арнайы жолыққан едім. Ол кісі өзінің қарамағындағы жауапты қызметкерлерінің бірін шақырып, «Тұранбанктегі» былық-шылыққа байланысты жинақталған құжаттардың біразын алдыртты. Онымен толық танысып шыққан кез-келген адам мынадай

Тұжырым

жасар еді. «Тұранбанктегі» жасалған қылмыс жалғыз-жарым емес, бүкіл қоғамды жәйлап бара жатқан ауыр дерттің бірі екеніне дау жоқ. «Қорқыт дегенде осылай қорқыт деп еп едім?» дегендей, шетел іскерілермен байланыс жасағанда өзіңмен қоса оларды да қылмыстық әрекетке тарт, сөйтіп, заңның осал тұстарын өзіңнің ыңғайыңа қарай икемдеп пайдалана бер деп кім айтыпты? Мұны көрген шетелдіктер Қазақстан мемлекетіндегі іскерлермен тек пара беру арқылы ғана сөйлесуге болады екен деген пікірге келетіні сөзсіз. Сонда, нарықты экономика жолымен елімізді гүлдендіреміз деп жүріп күндердің күнінде құрдымға кететініміз ешкімнің жанына батпағаны ғой. Бұл азаматтар халықтың обал-сауабы туралы ойлады ма екен? Қарапайым еңбекшілердің табан ақы, маңдай тері есебінен құрылған қаржыны сүліктей сорып алып, енді бас сауғалап жүрген

Коржов сияқтылар арамызда әлі де жетерлік. Заңның әр тармағын әр жаққа бұра тартып, солқылдап отырған сотымыздың түрі анау. Әлде осал заңдарды дүниеге әкелген Жоғарғы кеңеске өкпелейміз бе?

Бейсенов сот мәжілісінде көз жасын көл етіп, 1937 жылы әкесі де зобалаңға ұшырағанын, енді оның баласы да соның аяғын құшқалы тұрғанын айтқанында жәй адамдар түгілі, заседательдің бірі көзіне жас алса, судьяның да көңілі босаған көрінеді. Ендеше, халқымыздың (Бейсенов пен Коржов та халқымыздың бір өкілі ғой) тағдырын тәлкекке салмаудың бірден-бір жолы – заман ағымына сай сауатты заңдарды дүниеге әкелу, оның мүлтіксіз орындалуын қатаң қадағалау болып саналады.

Бірақ, қылмыскерлер әділ жазадан құтылмауға тиіс.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
8 қыркүйек, 1994 жыл.**

ҚЫЗДАР ЖҮР КӨШЕЛЕРДЕ «ӨЗІН САТЫП»

Алматыдағы Саин көшесінің бойында өткен-кеткен жеңіл көліктерге қылымси карап, өздерін өздері «жарнамалап» тұрған қыздарға көпшіліктің көзі үйреніп кеткелі қашан. Таяуда солардың біразын полицияның көмегімен жинап алып, дәрігерлік бақылаудан өткізгенде 90 пайызы жыныстық жұқпалы ауруларға ұшырағаны анықталыпты. Екі қыз СПИД-ке шалдығып үлгерген.

Соған карамастан көшеде «өзін сатып» тұрған қыздардың саны көбеймесе, азаяр емес. Ал, бұларды «сатып алушылар» да жеткілікті. Сонда мұның соңы неге апарып соқтырады, бұл кеселдің түп-тамыры қайда жатыр деген сауалдар әркімді-ақ алаңдататыны анық.

Осы сұрақты біз алдымен Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасындағы жеңгетайлыққа қарсы күрес тобының бастығы Сергей Юртановқа қойдық.

– Көшеде ешкімге соқтықпай, өзімен-өзі тұрған адамды біз себепсіз жауапқа тарта алмаймыз. Оның үстіне Қылмыстық кодексте жезөкшелік туралы арнайы бап та жоқ. Тек жезөкшелікпен айналысуға тарту (270-бап), жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру (271-бап) мәселелері ғана қарастырылған. Демек, біздер көшеде тұрған қыздармен емес, сол қыздарды «сату» ісінде жеңгетайлық жасап, пайда тауып жүргендермен күресеміз, – деді. Сосын:

– Көп естігеннен бір көрген артық, егер өздеріңіз Саин, Сейфуллин көшелерін бойлап аз ғана уақыт жүріп қайтсаныздар, біраз жайттарға куә боласыздар, – деген соң қалалық ішкі істер бас басқармасының қоғамдық байланыстар бөлімінің аға инспекторы Арман Жусанбаевты қасымызға алып, қас қарая жеңіл көлікпен сол жерлерге қарай бет алдық,

Төле би мен Саин көшелерінің қиылысынан сәл жоғарырақта тұрған екі-үш қыздың қасына келіп тоқтадық. Біреуі бері

жақындады. Арман көліктің ішінде отырып жаңағы қызбен «келіссөз» жүргізуге кірісті. Машина құлағында отырған қалпымда байқатпай олардың әңгімелерін диктофонға жаза бастадым. Сөйлесіп тұрған қыздардың есімдері Жанат, Әйгерім екен. Шынында солай ма, ол жағын білмедік, әйтеуір бірін-бірі шақырғанда солай атады.

– Екі адам болсандар, таң атқанша төрт мың теңге төлейсіңдер, – дейді. Бағаларын одан төмен түсірмеді. Пәтер өздерінікі. Айтуларына қарағанда, онда барлық жағдай жасалған. Сонда да «келіспедік».

Саин көшесімен тағы да жоғары қарай өрлеп келеміз. Бізді орай өтіп бір «КамАЗ» мәшинесі анадай жерге барып тоқтады. Сол маңайда жүрген үш қыздың біреуі оған қарай тұра жүгірді. Сәлден кейін қолын бұлғап, екінші қызды шақырды. Екі қызды салып алып, ауыр жүк мәшинесі ыңырана орнынан қозғалып кете барды.

Саин мен Ұлықбек көшелерінің қиылысына жете берістегі оң жақта жеңіл көліктер кезекке тұрып қалыпты. Жол жиегіндегі ағаштар арасында «қызу сауда» жүріп жатыр. Бұл жерге кідірмедік. Абай даңғылын қиып өттік. Мұнда да сол көрініс.

Жандосов көшесіндегі айналма жолмен кері қайттық. Саин көшесінің екінші жағалауында тұрған қыздармен де «тілдесе» кеткенді жөн көрдік. Тоқтадық. Жанымызға топтан бөлініп бір қыз келді. Көліктің ішінде отырып сөйлесуге шақырдық. Көнбеді. «Күштеп алып кетулерің мүмкін» дейді.

Ал бізге оның дауысының диктофонға анық жазылғаны керек. Дегенмен, артқы есікті жартылай ашып қойып ішке енді. Есімін Г. деді. Жасы 19-да. Мұндай «жортуылға» анда-санда шығамын дейді. Тараз қаласынан келіпті. Сол жақта жігіті бар көрінеді. Болашақ қалыңдығының мына жүрісінен ол, әрине, бейхабар. Бұл қыздан біз осынау көлеңкелі құбылыс жайында біраз ақпар алдық. Көшеде тұрған қыздар полициядан қорықпайды екен. Полиция бұлардың жанына келмейді, келсе де тиіспейді. Ал, анау жол жиегінде қаптап тұрған жеңіл көліктердің

көбісі бұларды қажетті жерлеріне «сатып алушыларымен» бірге апарып, алып қайтатын «таксилер».

Бір қыз таң атқанша таксиге төрт мың теңге төлейді. Оның өзінде ақшасын күні бұрын беріп қояды. Сол маңайдағы қонақ үйлер де бұларды кез келген уақытта қабылдайды. Бір сағатқа 500 теңгеден.

Қыздар саудаласу барысында ештеңеден қымсынбай, анайы тілмен ашық сөйлеседі. Ар-ождан, ұят, мәдениет жөнінде бұл жерде сөз қозғағанды олар ұнатпайды. Неғұрлым анайы сөйлессең, соғұрлым жылдам тіл табысасың. Бұлардың бағалары 1,5-2 мың теңгенін арасында болып шықты. Одан аспайды да, төмендемейді де. «Арзан қыздарды іздесендер, Сейфуллин көшесіне барыңдар» деп кеңес беріп қояды.

Міне, біз енді Сейфуллин даңғылымен төмен түсіп келеміз, Күн – сенбі. Кешкі сағат он шамасы. Жол жиегінде әзірге «түнгі көбелектер» көрінбейді. Рысқұлов көшесінің қиылысынан өттік. Өне көрінді. Токтадық. Әдеттегідей біреуі бері жақындады. Бір сағатқа пәтерімен қоса 1,5 мың теңге сұрайды. Баратын пәтерлері 1 вокзалдың маңайында. «Егер бізді қымбатсынсандар, вокзалдың тура өзіне барыңдар» дейді. Жолдағы осындай екі-үш қыздар шоғырына тоқтамастан, I-Алматыдағы теміржол вокзалына келдік.

Ә.Жангелдин ескерткіші тұрған шағын сквердің іші толған қыздар шоғыры. Қара-құрым десе де болатындай. Бұлардың бағасы бір сағатқа 1 мың теңгеден. Пәтерақысы бөлек. Оны өзін қожайынмен келісесің. Бақта серуендеп жүрген адамдардай бұл жердегі қыздар тым еркін. Әр бұрышта күзетші жігіттер көрінеді. Кәдімгі мал базарындағыдай. Қыздармен қоса жасы 30-40-ты еңсеріп қалған келіншектер де кездеседі. Киім киістері, бет-әлпеттері жаман емес. Көшедегі көпшіліктен айырмашылықтары байқалмайды.

Кенет әлгі қыздар жан-жаққа бытырай қашты да, сквердің іші қаңырап бос қалды. Олардың сонына түскен қуғыншы да байқалмайды.

– «Сымсыз телефон» арқылы бір қауіптің келе жатқаны жөнінде хабар алды-ау, сірә,– деді жанымдағы Арман. Айтқандай-ақ бір шеттен полиция қызметкерінің сұлбасы көзімізге түсті. Ол жол жиегіндегі бір жеңіл көліктің жаңында тұрған әйел мен еркектен жауап ала бастады. Жандарына жақындадық.

– Сендерге не керек, кімсіңдер?! – деп өзімізге бас салған полиция капитанына жөнімізді айтып, құжаттарымызды ұсындық

– Бұл жұмыстарыңызды қуана құптаймын. Мен осы жердің учаскойы – полиция капитаны Сәкен Татыбаевпын. Жүріңіздер, тірек пунктіне барып, бастықтармен таныстырайын,– деп ол бізді Түркісіб аудандық ішкі істер бөліміне карасты №80 тірек пунктіне алып келді. Кіре берісте бірнеше мосқалдау әйелдерге көзіміз түсті. Олар түнгі қыздарға пәтерлерін жалға беремін деп жүріп қолға түскендер екен. Солардың, бірі Гүлшат деген кісі С.Татыбаевтың алдында жауап беріп отыр.

– 35 жыл жұмыс стажым бар. Зауытта, ыстық цехта істедім. Зауыт жабылды да, өзім жұмыссыз қалдым. Енді қайтіп күн көремін. Пойыздан түскен жолаушыларға пәтерімнің бір бұрышын бір түнге 200-300 теңгеге жалға беріп, шәй-суымды әрең табамын,– дейді жыламсырап.

Капитанның айтуына қарағанда, ол кісі «түнгі көбелектерге» пәтерін жалға беруге әдеттенген. Сол үшін қылмыстық жауапқа тартуға толық негіз бар. Ақыры ол әйел айып төлеп құтылды. Пәтерді жалға беруші басқа әйелдер де өз түсініктемелерін жазып, айыптарын төлеп жатыр.

Сәлден кейін капитан С.Татыбаев біздің сұрауымыз бойынша вокзалдың қарсысындағы аялдамадан үш қызды ұстап әкелді. Біз олармен полиция қызметкерлерінің кезінше сөйлесе бастадық.

Әдеміше келген бір жас қыз полиция қызметкерлерінің алдында өзін тым еркін ұстайды. С.Татыбаевтан басқасын жақсы танытынын білдіріп, «анау кайда, мынау кайда?» деп әркімнің атын атап сұрап қояды. Жасы 19-да. «Гаухара Ә.» деп өзін толық таныстырды. Мұнысы – не істесендер де маған бәрібір дегенді аңғартқаны. Аяғөзден келген. Әке-шешесі мұғалім адамдар. Отбасында алты бала бар. Өзі ең кішісі. Төрт ағасы

бар, бәрі де әскери қызметте. Алматыда сол ағаларының бірінің үйінде тұрады. «Вокзалда неге жүрсің?» деген сұраққа «пойыздан келетін біреулерді күтіп жүрмін» деп жауап берді. Бұған дейін «Қайнар» университетінде оқыпты. Биылғы көктемде оны тастап кеткен.

Сәуле О. деген қыз – Ақтөбеден. Алматыдағы технология колледжін тәмамдаған. Мамаңдығы бойынша жұмыс таба алмапты. Үш жылдан бері жезөкшелікпен айналысатынын жасырмады. Әке-шешесі бар. Отбасында он бала. Бұл төртіншісі. Мына «жұмысы» өзіне ұнайды. Айына 20 мың теңгеден астам таза табыс табады. Тоғыз мың теңгеге пәтер жалдайды. Ол пәтерді бос кезінде өзі сияқты «жұмыс істейтіндерге» жалға береді. Сағатына бір мың теңгеден. Таң атқанша болса 2 мың теңге. Құқық қорғаушылардан қорықпайды. Олар көп болса 200 теңгеден айып салады. Өздерін одан қатал жазалайтын заң жоқ екенін жақсы біледі. Сондықтан, қай кезде «жұмыс істеймін» десе өз еркінде.

Тірек пунктіндегі учаскелік полицейлер жезекшелерді тәртіпке салу мүмкін емес екенін айтады. Вокзалдағы қыздардың түрлері бұларға жақсы таныс. Олардың не істеп жүргені түсінікті. Бірақ, соны делелдеп, жауапқа тарту мүмкін емес. Сондықтан, көрсе де көрмегенсуге мәжбүр. Олардан басқа да жұмыстары толып жатыр. Ұры-қарылар, нашақорлар, кәнігі қылмыскерлер дегендей...

Біздер қайтар жолда әдейі «Жетісу» қонақ үйінің алдынан өттік. Түннің бір уағы болғанмен, ол маңайда да шоғыр-шоғырымен «жеңгетайлар» жүр. Еркек-әйелі аралас. Жас шамасы біразға келіп қалғандар да кездеседі. Бұл маңайда тәртіп сақшылары көрінбейді.

Ертеңінде мен осынау келеңсіз құбылыс жөнінде әртүрлі мамандарды әңгімеге тарттым.

Қатердің көзі

Алматыдағы СПИД-ке қарсы күрес орталығының дәрігері Раиса Рубанюк:

– Былтырғы жылдың соңғы үш тоқсанында республика бойынша СПИД ауруына шалдыққандардың екеуі Алматыдағы Саин көшесінде жүрген қыздардың арасынан шықты. Олардың біреуі Қырғызстаннан, біреуі Өзбекстаннан келіпті. Екеуін де өз елдеріне қайтардық. Алайда Қырғызстанның қызы өз еліне барған-бармағаны жөнінде әзірге хабар жоқ. Ол қайтып келіп, Алматыда тағы да өз «бизнесін» одан әрі жалғастырып жүруі мүмкін. Бұл жағын анықтау құқық қорғаушылардың міндеті.

Тұқымымыз тозады

Белгілі демограф-ғалым Мақаш Тәтімовпен хабарласып, көшедегі жеңіл жүрісті қыздар жайындағы пікірін сұрағанымызда ол кісі:

– Көшеде ашықтан-ашық анайы жезөкшелікпен айналысуға заң жолымен тыйым салу керек. Бұл – ұлтымыздың бетіне түскен қара дақ, тамырына түскен жегі құрт. Дүниеге сәби әкелуге тиісті мұндай болашақ аналардан қандай дені сау адам тууы мүмкін. Арға да, занға да сыймайтын осынау дертті жоюдың амалын мемлекеттік деңгейде шешетін уақыт жетті! –деп күйіне сөйледі.

Әйел заты бір бұзылса...

«Неке және отбасы» деп аталатын ұйымда қызмет ететін психотерапевт Ирина Волкова бұл жөнінде былай дейді:

–Жалпы, жезөкшелік жолға түсетіндер қатарына көбінесе жас кезінде зорланған қыздар мен алданғандар, шынайы махаббаттан түңілгендер мен жар төсегінен суынғандар жатады. Мұнымен қоса мұқтаждық пен жоқшылыққа төзе алмағандар, жеңіл жүрісті, жеңіл мінезді пайдакүнемдер, өміріне өкпелілер, тағы басқа ішкі-сыртқы әсерлердің салдарынан психикасы ауытқыған әйелдер де олардың санын көбейте түсетіні сөзсіз.

Көшеде «өзін саудалап» тұрған бойжеткендермен әңгімелессеңіз, бұдан да көп себеп пен салдар алдыңыздан шығуы мүмкін. Солай екен деп оларды тағы да ақтай алмайсың.

Ар-ұятын жоғалтпаған, тәрбие-өнегесі дұрыс, мінезі мен ойлау қабілеті орнықты әйел заты аштан өліп бара жатса да мұндай әрекетке бармайды және бара алмайды да. Тегінде әйел заты бір бұзылмасын деңіз, бұзылса қайта түзеу өте қиынға соғады. Сондықтан, оларды сақтаудың жолын бүкіл қоғам болып шешкен дұрыс.

Зинә – харам іс

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасындағы үгіт-насихат, уағыз секторының меңгерушісі Дайрабай Рысбаев:

– Қасиетті Құран Кәрімде зинә (ойнас) жасау – харам іс екендігі көрсетілген. Егер, еркек те, әйел де үйленген, құдай қосқан қосағы бола тұра басқа біреумен зинә жасаса, оларды таспен ұрып өлтіру жазасы белгіленген. Ал, бойдақ адамдар зинә жасаса. оған жүз рет дүре соғылған.

Зинә жасаған харамдар бұл дүниеде жазаланбаса. онда оларды о дүниеде қиямет күтіп тұр. О дүниеде олардың жыныс мүшесіне балқытылған қорғасын құйылып, күйдіріледі. Біздің міндетіміз – әрбір мұсылманға осыны түсіндіру,– дейді.

Қазіргі кезде көшелерде «өзін сатып» тұрған қыздарды көріп жүрміз. Оларға қарсы жасар шарамыз жоқ. Себебі, біздің мемлекетіміз зайырлы, демократиялық жолды ұстанған мемлекет. Дінімізге, тілімізге, түрімізге қарамастан, бәріміз осы мемлекеттің заңына бағынамыз. Мұсылман заңымен біреулерді жазалауға қақымыз жоқ. Ендеше, көшеде өткен-кеткен еркектерге көзін сүзіп, ашықтан-ашық зинақорлыққа шақыру белгісін жасап тұрған әйел затына заңды жолмен тыйым салу мемлекеттің міндеті болса керек.

Көшеде тұрмай-ақ хабарландырулар арқылы өзін саудалап жүргендер аз ба? Тіпті зинәмен айналысу үшін шетелге «жұмыс іздеп» кетіп жатқан қыздарымызды қайтеміз? Соның бәрі қайыршылар емес, оңай олжа табу жолына түскендер. Олардың ата-аналарының өзі «қыздарымыз ақша тауып жүр» деп мақтанатын көрінеді. Ең сорақысы осы. Сонда ұлттық намысымыз, мұсылмандығымыз қайда қалады? Көрші мұсылман елдері біз жайында

не ойлайды? Теледидарымыз ашықтан-ашық зинәні насихаттап жатыр. Оған тыйым салатын ешкім жоқ. Үйде бала-шағамызбен қатар отырып теледидар көруден қалдық. Көшедегі көрініс анау. Сонда мал болып кеткеніміз бе? Малдың ұрғашысы да күтпеген кезде «күйлеп», еркегі көрінгенге «шаба» бермейді ғой. Осылардың бәріне заң тарапынан тыйым салынбаса, түбі қиын болады.

Нақты деректер не дейді?

Ал, Алматыдағы тері-венерологиялық ауруларын зерттеу ғылыми институтының ғылыми қызметкері, медицина ғылымының кандидаты Игорь Калоиди таяуда жезөкшелікпен айналысып жүрген жүз әйелдің арасында жазбаша сұрақ-жауап жүргізіпті. Сонда анықталғаны – 56 пайызы 16-22 жас аралығында. 21 пайызы 16-18 жас аралығында. 16 жасқа дейінгілері – 2 пайыз. 42 пайызы – қазақ, 19 пайызы орыс ұлтынан. 48 пайызы орта және жоғары білімді қыздар. 73 пайызы – студенттер мен оқушылар. 36 пайызы тұрақты жұмыс істейді. 22 пайызы арақ-шарап ішпейді. 13 пайызы ұдайы ішеді, 79 пайызы ешқашан есірткімен айналыспаған, 5 пайызы есірткі заттарын қолданады, 36 пайызы христиан дінінде, 32 пайызы мұсылман дінін мойындайды, 28 пайызы ешқандай дінді мойындамайды. 58 пайызы тұрмыс құрмаған. Олардың тең жартысы қызмет істейді. 76 пайызы әке-шешесінің қолында тәрбиеленген.

Сұрау салынған осынау 100 жезөкшенің жартысынан көбісінің айлық табысы жоғары. Тек 39 пайызының айлығы 10 мың теңгені құрайды.

Сұралғандардың төрттен бірі 16 жасқа дейін-ақ жыныстық қатынасқа түскендер. 36 пайызы 16-18 жас аралығында жыныстық қатынасты бастағандар. 92 пайызы алғашқы жыныстық қатынасқа өз еркімен келіскендер, 8 пайызы зорланғандар.

Бұлардың 9 пайызы ғана жезөкшелерді күнкөріс құрбаны деп есептейді.

Жыныстық қатынас арқылы таралатын аурулар жөнінде бәрі дерлік хабардар. Тек 2 пайызы ғана ол жөнінде ештеңе білмейді.

Заңгердің пікірі

Ең соңғы сұрақты заңгер Святослав Шевченкоға қойдық. Ол жігіт бұл жөнінде былай деді:

– Жезөкшелік – ежелден келе жатқан көне «кәсіптің» бірі екені белгілі. Менің білуімше, Швецияда, Американың кейбір штаттарында мұнымен айналыскандарды заң жолымен жауапқа тартады. Ал, Германияда оған ресми түрде рұқсат етілген. Тек қоғамдық орындарда, ауруханалар мен мектептердің маңайында жезөкшелікпен айналысуға тыйым салынған.

КСРО кезінде мұндай «кәсіппен» айналыскандарды тек әкімшілік жауапқа тартатын. Ресейдің Азаматтық кодексінде жезөкшелік үшін жауапқа тарту туралы бап сақталып қалды. Ал, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бұны әкімшілік жауапкершіліктің өзі қарастырмаған.

Қылмыстық кодексімізде жеңгетайлық (сутенерство), жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұстау ісіне қарсы баптар ғана бар.

Енді мына сіздер айтып отырған, көшеде «өзін саудалап» жүрген қыздарға қарсы заң қабылдау мәселесі өте күрделі іс. Себебі, ол қыздардың жезөкшелікпен айналысып жүргені белгілі болса да, дәлелдеу қиын. Ол үшін алдымен жезөкшелік деген ұғымның өзін анықтап алу керек. Сонан кейін ғана оған қарсы заңды қабылдаған дұрыс. Алайда, тек заңның күшімен бұл келеңсіз құбылысты түбегейлі жою мүмкін емес. Мәселен, жезөкшеге айып салынды дейік. Айыбын төлейді де, қайтадан бұрынғы ісімен айналысады. Ал, қылмыстық жауапқа тартса ше? Түрмеден шыққан қыз бұрынғы әдетін қайта бастамайтынына кім кепілдік береді. Сонымен қоса, бұл шараны кейбір қолы таза емес тәртіп сақшылары өз мүддесіне пайдаланатыны сөзсіз.

Жезөкшелерді көшеде тұрғызбау шарасын қолданайық делік. Онда олар басқа бір амалын тауып, басқа бір жерлерді паналайды.

«Жезөкшелер үйін ашу керек» деушілер де бар. Бұл да дұрыс емес.

Біріншіден, дін мемлекеттен бөлек болғанымен біздің мемлекеттегі жергілікті халық ұстанатын дін – мұсылман діні.

Ендеше жезөкшелікті заңдастыру біздің моралімізбен де, сыртқы саясатымызбен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Екіншіден, ондай орынды ашқанның өзінде ол жерге жезөкшелер бармайды. Қала шағын, халық аз, бірін-бірі танып қоюдан қорқады.

Үшіншіден. ол жер тек баспанасыз жүрген қыздардың уақытша тұрағына айналады.

Соған қарамастан, жезөкшелік бүгінде көленкелі бизнеске жол ашты. Қаншама қаржы бюджеттен тыс жеке қалталарға түсіп жатыр. Осыны салық қызметкерлері неге ойламайды?— деп сөзін аяқтаған заңгеріміз тағы бір проблеманың ұшын шығарды.

Түйін

Жезөкшелердің пікіріне құлақ салсаң, бұл істі заңдастырып, арнайы орын ашуды қалайды. Жоғарыда біз әңгімелескен мамандардың бәрі бұған үзілді-кесілді қарсы. Жезөкшелікпен күрес туралы арнайы заң қабылдау ісінде де пікірлер әртүрлі екенін байқадыңыздар.

Дегенмен, бір нәрсеге назар аудара кетейін.

Біз, қарапайым журналистер, екі-үш сағаттық кездесулеріміздің өзінен-ақ қаншама қыздардың жезөкшелікпен айналысып жүргеніне көз жеткіздік және оны өздеріне мойындаттық та. Оған жоғарыдағы мысалдар куә.

Ал, сонда жезөкшелікті дәлелдеу мүмкін емес деген құқық қорғаушылардың пікіріне қалай қарайсыздар? Дәлелдеудің неше түрлі жолдары бар емес пе.

Ең қиыны, тападай тал түсте бетке шіркеу, сүйекке таңба болып көшеде тұрған қыздарымызды қайтеміз? Қазақта «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген сөз бар. Төрт аяқты хайуан құрлы қасиетіміз қалмағаны ма?

Егер ұлттық намысты ойласақ, дәл осы мәселеге байланысты таяу арада бір шара қолдану керек-ақ. Халық қалаулылары бұған не айтар екен ?

ҚЫРШЫН КЕТКЕН ҚҰЛЫНЫМ-АЙ!..

деп еңсесі түскен әке мен аңыраған ананың өкінішке толы дауысы есімізден кетер емес. Мұндай қайғылы оқиға қойлы ауылда әлі талай қайталанбасына ешкім кепілдік бере алмайды.

«...Айдардың бұл ісін біз бейбіт күнде жасаған ерлік деп есептейміз. Бірақ, совхоз басшылары оны елеп-ескермеді, тіпті басына белгі қоюға да жарамады. Қайғылы оқиғаға кінәлі ферма зоотехнигі Қ.Сүлімов суға кетіп бара жатқан жас жігітке дер кезінде қол ұшын бергенде, ал, оның қасында тұрған О.Құлтаев сәл батылдық танытқанда бір семьяның басына қайғы бұлтты үйірілмес пе еді, кім білсін?!..»

Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, «Қызылту» совхозынан жолданған бұл хатқа 24 қыз-жігіт қол қойыпты. Жиырмаға жаңа толған жастардың аузынан шыққан ашу-ызаға, өкінішке толы сөздерін кім де болса жайбырақат оқи алмасы ақиқат. Жоғарыда біз хаттың бір бөлігінен ғана үзінді келтірдік. Ал оның тұтастай мазмұны сұраққа толы.

Сол сұрақтар бізді шалғайдағы қойлы ауылға сапарға шығуға итермеледі.

Қыстың көзі қырауда межелі жерге ойлаған мерзімде жете қою оңайға түскен жоқ. Жолда екі күн қонып, үшінші күні таңертең әрең дегенде «Қызылту» совхозының шетіне іліктік. Жаңа жыл қарсаңында мерекелік күй кешіп жатқан ауыл өмірін әбігерге түсіретінімізді сезгенде, сәл кейінірек келмегенімізге іштей өкіне бастадық. «Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма» дегендей, бұл ауылға не себепті ат басын тірегенімізді совхоз басшыларына бірден айтқанымызда, олар алғашында аңырысып қалды.

— Иә, 1989 жылғы мамыр айының 27-сі күні болған сол бір қайғылы оқиға күні бүгінге дейін көз алдымызда. Бірақ, сонау

жерден соған бола ат сабылтатындай қылмысты іс жоқ еді ғой онда! – деді, жасы егде тартып қалған совхоз директоры С.Шынтасов маңайындағыларға сұраулы жүзбен қарап. Редакциядан көмек сұрап, бір топ адам хат жазған соң тексеру міндетіміз екенін түсіндірдік. Сәлден кейін совхоз кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Омаров кісі өліміне байланысты жинақталған біраз құжаттарды әкеп алдымызға қойды. Таныса бастадық.

Аудандық прокуратура мен арнайы құрылған тексеру комиссиясының қорытындысына қарағанда «Қызылту» совхозының №1 фермасындағы қайғылы оқиға техникалық қауіпсіздікті сақтамағандықтан, көмекші шопан Айдар Үбіғалиев қой тоғыту ережелерімен кезінде жіті таныстырылмағандықтан, сондай-ақ, жұмысты дұрыс ұйымдастырмағандықтан болған екен. Сол себепті, ферма зоотехнигі Қ.Сүлімов жұмыстан босатылып, шаруашылық басшысына, совхоздың бас мамандарына әкімшілік шаралар қолданылыпты.

Сөйтіп, Айдар Үбіғалиевтің өліміне тікелей ешкімнің қатысы жоқ деп табылып, қылмысты іс қозғалмаған. Ендеше, неге бір топ жас республикалық газеттен істің анық-қанығын тексеруді сұрап хат жазды?! Хат иелерімен әңгімелеспес бұрын Айдар суға кетіп бара жатқанда оның жанында тұрған екі куә – Қ.Сүлімовпен, О.Құлатаевпен тілдескенді жөн көрдік.

Олардың айтуына қарағанда оқиға былай болыпты.

1989 жылы мамырдың 27-сі күні Айдар бір отар қаркөл қойды Сағыз өзенінің жанындағы қырықтыққа айдап келе жатқанда, алдынан су таситын машинамен (жүргізушісі О.Құлтаев) ферма зоотехнигі Қ.Сүлімов кездеседі. Түс әлетінде шөлдеген малдарды Сағыз өзенінен суарып алып, әкесі Жалғас Үбіғалиев келгенше Айдар оларды сол маңайда жая тұрмақшы болып келіскен. Өйткені, әкесі: «Өзім келгенше қойды тоғытпа» деп қатаң ескерткені есінде. Бірақ, Қ.Сүлімов Айдардың сөзіне құлақ түрмейді. Ол өзеннен су ішіп жатқан қойларды арғы жағаға өткізіп, қырықтықтың алдында жүнді тазалап алғанды дұрыс көреді. Бұл – әлімсақтан бері малды ауылда қалыптасқан дәс-

түр. Қаракөл қойдың жүнін тазалап алмай қырықтырсаң, ертең оны қабылдау орындары өте арзан бағамен алады.

Ал, ол қаншама шығынға әкеп соқтырады.

Науқан кезінде әрбір минөт қымбат. Сондықтан, уақыттан ұтуды, жоспарды дер кезінде орындауды мақсат тұтқан ферма зоотехнигі машина ішінде отырған О.Құлтаевты көмекке шақырып, қойларды арғы жағаға қарай айдай бастады. Шыға берістегі жағалаудың тік жар екенін, судың түіе байламастай терең екенін, қойлардың алды ұйлығып, кейбіреуі суға тұншығып, ағып бара жатқанын байқаған зоотехник енді «қойларды құтқару керек!» деп байбаламға басады. Ат үстінде тұрған Айдар осы сәт секіріп түсіп, қолындағы сағаты мен жейдесін жағаға лақтырып тастайды да, суға қойып кетіпті.

Бала кезінен-ақ спорттың бірнеше түрімен айналысқан, әбден шыныққан қарулы жігіт жеткен бойда екі қойды іліп, жағаға қарай алып шыққан.

Енді судың ортасында ағып бара жатқан үшінші қойға жүзіп барып, қолын сала бергенде, ауыр салмақтан әлі құрыды ма, әлде сіңірі тартылып қалды ма, кім білсін, «Құтқарыңдар!» деген ащы дауыс естілді.

Алақтап, не істерін білмеген жағадағы екі азаматтың суға түсуге жүректері дауаламайды. Ең жоқ дегенде жандарында тұрған атқа міне сала, жақындап барып шылбыр тастауға, болмаса таяқ лақтыруға шамалары жетпеді. Осы кезде өзеннің төмен жағынан келіп қой суарып жатқан О.Қаленов деген шопанды байқап қалған олар айғайлап, соған қарай жүгіре жөнеледі. Күш-қайраттары әлі бойында тұрған қос азамат су бетіндегі өмір мен өлімнің соңғы айқасын көріп тұрып, ештеңе істей алмағандары өкінішті-ақ.

Сәлден кейін бұлар асығып-аптығып қайта жеткенде Айдардың жанталасқан жаны мәңгілікке тыныштық тауып, тұңғыық тереңінде жатқан еді...

Ертеңінде, бір сөткедей уақыт өткенде ғана бүкіл елді сабылтып барып, Айдардың сүйегі су түбінен әрең табылады.

Өздері көзбен көрген оқиғаны баяндап болып Қ.Сүлімов пен О.Құлтаев ұнжырғалары түсе төмен қарап отыр.

– Құтқара алмадық, қайтейік. Екеуміз де жүзе алмайтын болып шықтық. Егер суға түссек, Айдарға жеткенше өзіміз де тұншығып үлгіретініміз ақиқат. Құдай-ай, осынша қор болып туғанымызды қарашы. Жүзе білу де үлкен өнер екен ғой!– деп өкінген жігіттерді бір жағынан кінәлау да қиын.

«Білмеген у ішеді» деген осы. Құби Сүлімов жүзуді ғана емес, қой тоғытудың әдістерін де білмейтін болып шықты. Зоотехник болып істегеніне де небәрі жарты-ақ жылдай уақыт өтіпті. Мал шаруашылы саласынан хабары шамалы осындай адамға совхоз басшылары қалай сенім артқаны белгісіз. «Бір қызымнан бір қызым сорақы» дегендей, совхоздың техникалық қауіпсіздік жөніндегі инженері Қанат Құсайыновтан не себепті ереже сақталмағанын, жалпы қой тоғытудың үлгісі қандай болатынын сұрағанымызда, ол тіпті жұмған аузын аша алмады.

Мұны сұраған себебіміз – аудандық прокуратураның қорытындысында «техникалық қауіпсіздік сақталмаған, шаруашылық дұрыс ұйымдастырылмаған, жас шопан аттестациядан дер кезінде өткізілмеген...» деген айыптаулар бар. Сол жағын анықтай түскіміз келген.

Бұл, әрине, әйтеуір біреуге қарай жауапкершілікті ысыра салудың оңай әдісі екені айтпаса да түсінікті. Әйтпесе, совхоз гаражындағы машина, тракторлардан аса алмай жүретін техника қауіпсіздігі инженері қойшыларға «ақыл» үйрететіндей қайбір шамасы болсын. Ойлап қарасақ, күлкілі жағдай. «Жауырды жаба тоқуды» да білмеген «тексерушілердің» бұл әрекеті «сасқан үйрек артымен сүңгидінің» кері екені көрініп тұр.

Осы арада шаруашылықты дұрыс ұйымдастырмаған совхоз басшыларын кінәлауға әбден болады. Әйтсе де бір жақты кінәлай бергеннен жағдай өзгере ме? Егер мал шаруашылығына білікті мамандар лек-легімен келіп жатса, Сүлімов сияқты шала сауаттылар өздері-ақ оларға ығысып жол бермей ме. Өкінішке орай, бүгінде тепсе темір үзетін жас жігіттер бұл ауылда не

істерін білмей, екі қолдарын қусырып бос жүр. Солардың бірі, редакцияға хат жазған Айдардың кластас досы – Асылан Боранқұлов. Бұл жігітпен оңаша әңгімелестік.

– Мен қазір жұмыс істемеймін, істегім де келмейді,– деді ол ашық әңгімеге дайын екенін байқатып. – Жалғыз мен ғана емес, менімен бірге әскерден келген оншақты кластасым да осы ауылда «ит аузына ағаш тығып» жүріп жатыр. Мұнда бізге жұмыс жоқ. Жұмыс сұрасаң – қойға бар дейді. Қойға барған досымыз Айдардың тағдырын, міне, өзіңіз көріп отырсыз. Айдар да, мен де мектепті жақсы бітірдік. Арманымыз оқу еді, оған қолымыз әзірге жетер емес. Қалаға жұмысқа барғымыз келеді. Бірақ, онда кісі есігінде қаңғып жүрген қазақ жастарын көргенде еріксіз жаның түршігеді. Сондықтан, ол жаққа да беттей алмаймыз. Менің негізі айтайын дегенім мынау: Біздер қоғам малы үшін жас өмірін құрбан еткен досымызды өз қолымызбен жерлеп жатқанда «оның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады» деп қағазға қарап, көлгірсігендер ертеңінде-ақ оны ұмытып кетті.

Рас, Айдардың әкесінің біраз дәулеті бар. Баласының зиратына бір құлпытасты қоюға шамасы онсыз да жетеді. Мәселе дүниеде, ақшада емес. Жалғас Үбіғалиев отыз жылдан астам осы совхозда мал баққан алдыңғы қатарлы шопандардың бірі. Басына қайғы түскенде бұл еңбегін елеп, совхоз басшылары қол ұшын беруге жарамай, теріс айналғандары көңілімізге қаяу түсірді. Ол ол ма, Айдардың әкесі шарт бойынша мемлекетке 8 тонна ет тапсырып, «УАЗ» машинасын да әлі ала алмай жүр. Ал, бес тоннадай ғана ет тапсырған әлдекімдер оның алдын орап кетті. Басшылар ештеңе білмегенсиді.

Біз редакцияға хат жазғанда осы бір әділетсіздіктің бетін ашқымыз келген. Әйтпесе біреуді соттатайық, қалай да түрмеге жаптырайық деген ойдан аулақпыз,– деп адалдылық таныта сөйлеген Асыланның сөзін бөлмей ұзақ тыңдадық.

Жас жігіттің ойы дұрыс. Қазіргі кезде күнде айтылып жүрген көкейкесті мәселелерді қозғағаны көңілге қонады.

Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі малды ауылдың қайсы-сына барсаң да еститінің осы. Не мал бағудың ата дәстүрін жалғастыра алмай, не ғылыми-техниканың құлағынан ұстай алмай дүбәрә күй кешкен жастарымыздың болашақ тағдырын ойласаң, көңілің құлазиды. Кімді жазғыарыңды білмейсің.

Совхоз орталығынан 100 шақырым жердегі малшы қыстағына келгенімізде ежелден таныс жүдеу тірлік алдымыздан шықты. Қақаған қыстың ортасы болса да Жалғас Үбіғалиевқа әлі көмекші берілмепті. Сірә, өмірден ерте кеткен қолқанаты – Айдардың орны үңірейіп тұра тұрсын, қанаты қайырылмаған әкесінің еңсесі түсе түссін дегендей қиянаттың бір түрі демеске лажың жоқ.

Үйге кіріп, төргі бөлмеге жайғаса бере қарсы қабырғадағы үлкен суретке көзім түсті. Бұл – жиегі азагүлмен көмкерілген Айдардың келбеті екеніне күмәнданбадым. Суреттің төменгі жағына шанақтарына түйістіре домбыра мен гитара ілініпті.

Қою қасты, қайратты шаштарын тікірейте артқа тараған бозбаланың аясы кең өткір кезінде сыр тұнып тұрғандай. Айдар 1988 жылы Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін Ақтөбе қаласындағы құрылыс техникумына түседі. Бірақ, ол ұнамағаннан соң 1989 жылдың көктемінде үйге қайтып келіп, жазда Гурьев қаласындағы педагогикалық институтқа түсуге дайындалып жүрген. Әкесіне сәл қолғабысын тигізіп, енді бір аптадан кейін арман жолына аттанғалы жүргенде мамырдың 27-сі күні жас ғұмыры қиылып түсті...

Алпысты алқымдап қалған әкесі – Жәкең әлі тың көрінеді. Былай қарағанда, қырық пен елудің арасындағы жігіт ағасындай әсер қалдырады. Тек кейінгі қайғының табы еңсесін басып тастағаны, қабырғасын қайыстырып кеткені жүдеу қабағынан байқалып тұр. Ауырлау болса да Айдар туралы әңгіме қозғадық.

Қабырғадағы суретке Жәкең бір қарады да:

– Жарығым, өнерлі еді, домбыра да, гитара да тартатын. Нар тұлғасына қарамай, өте кішіпейіл болатын. Спортпен де қатты айналысты. Техникумды тастап, пединституттың спортшылар

дайындайтын факультетіне түсем деген соң қарсылық білдірмегенмін. Неге ғана сөйттім екен десеңізші. Бәлкім, техникумда оқып жүре бергенде, мұндай жағдайға ұшырамас па еді, қайдам?..

Жәкең ауыр күрсінді. Суға кетіп бара жатып «Құтқар!» дегенде көмек бере алмаған жігіттердің ынжықтығына деген ренішін жасыра алмады. «Ферма зоотехнигі бекер-ақ асықтырған. Жарты сағаттай өзімді күте тұрса, ештеңе жоқ еді ғой. Осы отыз жыл қой баққан жылдарымда ешкімнен көмек сұраған емеспін. Малды өзім-ақ өзеннен жалғыз тоғытатынымын. Сағыз өзенінің суы ауыр, оның бүге-шігесін, қай жері терең, қай жері таяз екенін менен артық ешкім білмейді. Кейінгі жастар ол жағынан бейхабар. Міне,енді не істеді..?»

Сәлден кейін әңгіме арнасын «машина мәселесіне» қарай бұруға тырыстым.

Мұным Жәкеңе онша ұнамады. «Е, қалған мына алты балам аман болсын. Сол қу темірді алмай-ақ қояр едім. Тек шаруашылық үшін қажет. Міне, айдалада не электр жарығы, не теледидар жоқ, қаңырап отырмыз. Ауырып, сырқай қалсаң, я бірдеңе қажет болса, орталыққа жетудің өзі мұң. Әйтпесе...».

Жәкең бізбен бірге келген совхоз директорына қарап, шаруашылық мұқтаждарын айта бастады. 1989 жылы қазанның 21-інде Қызылқоға ауданы бойынша төрт адам Гурьев облыстық тұтынушылар одағымен келісім-шартқа отырып, «УАЗ» машинасына кезекке тұрады. Шарт бойынша әр адам сегіз тонна ет өткізуі тиісті болса, Жәкең оны дер кезінде орындаған. Бірақ, әлі күнге дейін оған машина тиген жоқ. Ал, көрші совхоздағы Сапаров деген азамат етті толық өткізбей-ақ (1,5 тонна берешек) машинаға ие болған. Бұл әрине, Жалғасқа жығылған үстіне жұдырықтай әсер еткені рас. Жаны жаралы адамға дәл осы арада совхоз, аудан басшылары жанашырлық танытулары керек-ақ еді. Бірақ, оған шамалары жетпеген.

Осы пікірімізді аудандық атқару комитетінің төрағасы М.Бейісқалиев жолдасқа айтып едік, ол: «Машина қайда кетеді. Кезегі келген соң алады да» деген немқұрайлы жауап қайырды. Аудан басшысының енжарлығына таң қалдым. Бұл

кісі Жәкеңнің ұлы Айдар қоғам малы үшін өмірін қиған күні, дәлірек айтсақ, бүкіл аудан басшылары аяқтарынан тік тұрып бір сөткеден кейін суға кеткен адамның денесін әрең тауып, жағалауға шығарып жатқанда дәл қасында болған.

Сондағы еңсесі түскен әке мен аңыраған ананың, ұлардай шулаған бір отбасының қасіретін өз көзімен көрді емес пе?! Бұдан кейін ел ағасы ретінде бір емеурін танытса, машина кезегінде тұрған адамдар Жалғаспен жаға жыртыса қоймас еді. Бірақ, ондай мәртікті ешкім көрсете алмаған. Онсыз да қамкөңіл Жәкеңді жоғарғы орындарға – Республикалық тұтынушылар одағына, тіпті республика Президентінің атына дейін арыздануға мәжбүр еткен. О жақтан да нақты көмек болмапты. Жалпылама жауап берумен шектелген.

Жәкеңнің өзі айтқандай машина мәселесі шешілер-ау, бірақ ұлының орнын кім толтырады? Еңбекті дұрыс ұйымдастырмағаны үшін шаруашылық басшыларына сөгіс жариялап, немесе жұмысынан алып тастаумен қойлы ауылдың проблемалары жуық маңда оңала қояр ма? Әрине, жоқ.

Гурьев облыстық прокуратурасының деректері бойынша 1990 жылы ғана агроөнеркәсіп саласында 110 оқыс оқиға болыпты. Оның ішінде 8 адам қаза тапқан. Осы мақаланы жазу барысында республикалық Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігіндегі бас мамандар – Б. Тұрлыбеков, И. Адырбеков, А. Атабаев жолдастарымен хабарласып, қазіргі кездегі қой тоғыту науқаны, қаракөл жүнін қырқар алдында жүргізетін жұмыстар туралы, олардың технологиясы жайында сұрап едік, ол кісілер «бұл жөнінде анау біледі, мынау біледі» деп тура жауап беруден біраз тайқақтады да, ақыры болмаған соң «ата кәсіптен басқа амалымыз жоқ» деп өздерінің шарасыздығын танытты.

Бұл – малшы өміріндегі көкейтесті мәселелердің бірі ғана. Ал, әлі алда қаншама шешіммін күткен жағдайлар бар. Олармен арнайы айналысатын жоғарғы орындардың берген жауаптары жаңағыдай. Бұдан кейін Айдардың өліміне байланысты тек жалғыз ферма зоотехнигі Қ. Сүлімовты жазалау зеңбірекпен торғай атқанмен бірдей ғана.

Мақала газетке теріліп жатқанда Қызылқоға аудандық прокуратурасынан мынандай хабар келіп түсті:

«Сіздің, облысымызға келіп кеткеніңізді облыстық прокуратура басшыларынан естіп, төмендегідей жайларды хабарлаймын – делініпті онда – «Қызылту» совхозының көмекші шопаны Үбіғалиев Айдардың қой тоғыту кезінде суға кетіп қаза болуы жөнінде жинақталған тексеру құжаттарын өзім қарап, оқыған болатынмын (Бұл жағдай мен Алматы қаласында оқуға жүрген кезде болған).

Тексерту толық жүргізілмегендіктен, алынған шешімді мен өз билігіммен бұзып, қайта толық тексеруді тергеуші Б.Ибраев жолдасқа тапсырдым. Қазіргі уақытта аудан бойынша жоғарыдағыдай оқиғаларға талдау жасап, аудандық прокуратура тиісті әкімшілік шаруашылық органдарының алдында мәселе қою жоспарланды. Мұндай жұмыстарды облыстық прокуратура бүкіл облыс бойынша жүргізуде. Қорытындысы сіздерге хабарланатын болады.

Қызылқоға аудандық прокуроры Е.К.Досанов».

Біз барғанда аудандық прокуратураның прокуроры да, тергеушісі де сапарда жүргендіктен ауызба-ауыз сөйлесе алмағанбыз. Енді олар әйтеуір біреулерді жазалау ниетімен қой тоғыту кезінде асығыстық жасаған, бірақ бөтен ойы болмаған Қ.Сүлімовты түрмеден бірақ шығармаса игі еді. Ол онсыз да тиісті жазасын алды және өзінің батылсыздық танытқанына қатты өкінеді де. Егер қайғылы оқиғаны болдырмаудың жолын іздесек, оны басқа арнадан қарастырғанымыз жөн. Әсіресе, Қазақ ССР Ауыл шаруашылық және азық-түлік министрлігінде осы іспен арнайы айналысып, ай сайын айлық алып отырған жоғары білімді мамандар бұған қалай қарайды? Зейнетінен бейнеті көп малшы өмірін жақсарту мәселесін шешудің бір амалын қарастыратын кез баяғыда-ақ жетті емес пе?!

«Халық кеңесі» газеті,
7 ақпан, 1991 жыл.

МИЛИЦИЯДА МҮМКІНДІК КӨП

Жуырда республика ішкі істер министрі, ішкі әскерлер қолбасшысы Қайырбек Сүлейменов осы қызметке тағайындалғаннан бері алғаш рет журналистермен жүздесіп, өзін толғандырып жүрген біраз ойларын ортаға салды.

Құқық қорғау органдарының басқа да саласындағыдай, Ішкі істер министрлігінде де біршама құрылымдық өзгерістер жүріп жатқаны белгілі. Мемлекеттік тергеу комитеті құрылуына байланысты Ішкі істер министрлігі енді тергеу жұмысымен айналыспайды. Осыған байланысты бұл министрліктің міндеті мен мүмкіндіктері шектеліп қалғандай көрінгені де рас.

Мемлекеттік тергеу комитетін құру қажеттігі жөніндегі ұсынысты қолдаушылардың бірі болған Қайырбек Шошанұлы өзі сол мекеменің креслосына отырғысы да келіпті-мыс дегені де бос сөз. Уақыт талабынан туындаған іске қолдау білдіру – әркімнің азаматтық парызы. Мемлекеттік кеңесші қызметінде жүргенде Қ.Сүлейменов тарапынан туындаған тың пікірлер жалғыз бұл емес. Ол, әрине, бөлек әңгіме.

Білікті басшы қай жерде де жаңа үрдісте жұмыс жүргізе алады. Алдағы уақытта біз мұны Ішкі істер министрлігіндегі құрылымдық өзгерістерден көретініміз анық. Солардың ішіндегі ең бастысы – МАИ қызметкерлерінің міндеттері болып табылады.

Ала таяқ ұстаған жол сақшылары енді тек мәшине аңдумен күнелтпейді. Ол өзі тұрған маңайдағы жағдайдың бәріне тікелей жауап беретін болады. Қысқасы, ол тек жүргізушілердің «қожайыны» ретінде ғана қалып қоймайтындай жағдай тудыру керек.

Учаскелік инспектордың жұмысы да басқаша құрылады. Онда енді жоғары шенді офицермен бірге қатардағы милиция қызметкері де еңбек етеді.

Бұл – белгілі аумақтағы ахуалды сараптан өткізе отырып, қылмыстың алдын алудың, оны болдырмаудың бірден-бір

амалы деген сөз. Сондай-ақ, милиция енді табиғатты қорғау, оны көздің қарашығындай сақтау ісімен де тікелей айналысады. Қолына шиті мылтық ұстаған орманшы бүгінде қылмыскердің алдында мүлдем дәрменсіз екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Сондықтан, осы саланың арнайы милициясын құратын кез жеткені анық.

– Бұдан былай, – деді Қайырбек Шошанұлы, – қылмыс болған жерге, тіпті пәтерге де милиция қызметкері кез келген уақытта кедергісіз кіріп, істің ақ-қарасын анықтайды. Оған заңда рұқсат етілген.

Ендеше, осы мүмкіндікті жүзеге асыруымыз керек. Атыс қаруын қолданудан да тайсақтаудың қажеті жоқ. Ең бастысы, заңды құрметтейтін қарапайым адамдардың тыныштығын сақтау – милицияның басты міндеті, қасиетті борышы.

Министр мырза осы мекеменің жаңа құрылымдық жобасын жасап та қойған екен. Сол жоба жоғары жақтан бекітілгеннен кейін, бел шеше іске кіріспекші. Журналистер тарапынан қойылған сан түрлі сауалдарға Қ.Сүлейменов әдеттегі байсалды қалпымен толымды жауап беріп отырды. Иә, милицияда мүмкіндік көп. Тек соны орнымен пайдалана білгенге не жетсін!

«Егемен Қазақстан» газеті,
26 қараша, 1996 жыл.

ОҚТАЛМАҒАН «МУХА» ЖӘНЕ СЫРАҒА СЫЛҚИҒАН ҚЫЗДАР

Елімізде күллі құқық қорғау орындарының қатысуымен жүргізілген «Құқық тәртібі» жедел алдын алу шаралары 21 ақпанда аяқталды. Осы шаралардың аясында республикалық «Президент және Халық» газеті мен Алматы қалалық ішкі істер департаментімен бірлескен рейд өткізген болатын.

Алматы қалалық ішкі істер департаменті мен республикалық «Президент және Халық» газетінің бірлескен рейді 16 ақпан күні кешкі 23:00 сағатта басталды. Департамент жанынан бірнеше көлік қала магистральдарына шықты. Жанымызда қалалық жол полициясының қызметкерлері. Рация үзбей жұмыс істеп тұр. Адам өлімі туралы дерек түсті. Дереву көрсетілген мекен-жайға бағыт алдық. Розыбақиев көшесі мен Сәтбаев көшелерінің қиылысы маңындағы бір тар көшеге келдік. Адам өмірінен қымбат не болсын?!

Сол қымбат өмірді қиған оқиға рас болып шықты. Алматы облысының тұрғыны 33 жасар ер адам Алматыда тұратын бір әйелді өлтіріп, оның бауырына және анасына әртүрлі дәрежедегі тән жарақатын салған. Біз келсек, қанды қол қарақшы құрықталып, түсінік беріп жатыр екен.

Түнгі он екі шамасында ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы қызметкерлермен бірге Бостандық ауданы аумағында тұратын, бұрын сотталған 54 жастағы бір күдікті азаматтың (ұсталғандардың аты-жөні тергеу мүддесіне орай аталмайды) пәтеріне келдік. Полиция қызметкерлері бекер күдіктенбепті, тексеру кезінде оның үйінен «Муха» деп аталатын оқталмаған гранатомет табылды.

Ары қарай рейд криминалдық полиция қызметкерлерімен бірге жалғасты. Абай даңғылының бойымен келе жатқанымызда

көшедегі бір жігіт полиция көлігін көре сала жалтаруға тырысты. Бірақ адым ашып үлгермей-ақ ұсталып қалды. Тексере бастағанда ол Жамбыл облысынан келгендігін айтып, қалайда бізден жылдам құтылудың амалын қарастырды. Оның бұл қылығы күдікті молайта түсті. Аудандық ішкі істер бөлімінде жүргізілген тергеу барысында 23 жасар бұл жігіттің осыдан екі жыл бұрын қылмыс жасап, іздеуде жүргендігі анықталды. Ол жасөспірімді қарақшылықпен тонаған екен.

Сондай-ақ, өткен жылдың қараша айында бір адамды өлтіріп, ұстатпай жүрген қанішер де осы күні құрықталды.

03:00. Қалалық жол полициясы қызметкерлерімен бірге Жандосов-Байзақов көшелерінің қиылысында тұрмыз. Түнгі көліктерге тексеру жүріп жатыр. Рация арқылы шұғыл хабар келіп түсті. 28 Панфиловшылар саябағында орналасқан түнгі клубта есірткімен айналысып жүргендер ұсталыпты. Дереву жеттік. Бас киімін көзіне дейін түсіріп қойған жас жігіттің екі жағында беттеріне бүркеніш киген екі сақшы тұр. Қолдарында автомат. Андып жүріп ұстаған тәрізді. Анадай жердегі үстел үстінде мына нашакордан алынған инелер мен есірткі ұнтақтары жатыр. Қысқа жауап алынғаннан кейін екі сақшы қылмыскердің басын бүркеп, сырттағы көліктерге қарай ала жөнелді. Түнгі клубтың іші буалдыр түтін. Құдды батыстық фильмдердегі жын-ойнақ. Сол арада сау етіп тағы бір топ полиция қызметкерлері кірді. Сөйтсек, Алматы қаласы ішкі істер департаментінің бастығы, полковник Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев келіп қалыпты. Дүңкілдеген музыка ырғағымен бірге естерінен айырылғандай ербеңдеп жүрген қыз-жігіттер ештеңеге назар аударар емес. Дәл қазір жер сілкінсе де, құдай оның бетін ары қылсын, мыналардың тоқтайтын түрі жоқ. ПД бастығы сыртқа шыққан соң түсінік берді.

— Жаңа сіздердің көз алдарыңызда бұрын бірнеше рет сотталған, қылмыстық топтың басшыларының бірі ұсталды. Одан 3 грамм героин тәркіленді. «Құқық тәртібінің» барысында аса көп мөлшердегі есірткі сату мен контрабанда фактілерін

анықтауға, есірткі сату орындары мен притондарды тексеруге, сонымен қатар түнгі ойын-сауық мекемелеріне рейдтік жұмыстар да жүріп жатыр. Соңғы күндері ғана 55 есірткі қылмысы, 35 есірткі сату фактілері анықталды. 1 келіден астам есірткі заттары тәркіленді. Соның ішінде 946 грамы героин. Әдетте бір келі «героиннің» бағасы оның сапасына қарай 3 мыңнан 10 мың долларға дейін, ал бір грамының құны 2 мыңнан 5 мың теңгеге дейін барады.

Мысалға, аса ірі көлемде есірткі сатқаны үшін, бұрын есірткіге қатысты қылмысы үшін сотталған 40 жастағы Р. есімді жігіт ұсталып, одан 677 грамм героин тәркіленді. Аса ірі көлемде есірткі сатқаны үшін қылмыстық топтың мүшесі, Шешенстан азаматы ұсталып, одан 219,8 грамм героин тәркіленді.

Есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында жастардың жиналатын 19 ойын-сауық орны тексерілді. Пысықталған жедел ақпараттар бойынша ІІД есірткіге қарсы күрес басқармасының қызметкерлері екі түнгі клубтан заңсыз есірткі сату фактісін анықтаған. Аталған орындардан героин есірткісін сатып, оны пайдаланған 35 жасар әйел мен бұрын ұрлығы үшін сотты болған 32 жасар ер адам қолға түсті.

Қазақстан Республикасына заңсыз келушілер легі азаяр емес. Бір аптаға созылған іс-шара барысында әкімшілік жауапкершілікке 905 шет ел азаматы тартылса, оның 134-і алыс шетелдіктер, 771-і жақын елдерден келгендер. Ел аумағынан заңсыз келген 126 шетелдік шығарылыпты. Жоспарланбаған брифингтен біз осындай деректерге қанықтық.

04:00. Алматы қалалық жол полициясы басқармасының дәрігерлік сараптама бөліміне таңғы төрт шамасында келдік. Бөлмеде әп-әдемі қазақтың бес-алты қызы топырлап тұр. Алкогольді ішімдіктер пайдаланып, көлік рөліне отырғандар көрінеді. Бәрі «қызу». Біреуі сыра ішкен, енді бірі аққайнар ұрттаған. Сараптамашы дәрігер солай дейді. Осы күйлерінде таудай көліктердің құлағына отырып, Алматының ішінде сайран салып жүргенде қолға түсіпті.

Біз жол полициясы басқармасында жол полиция бөлімдері тәуліктік тәртіппен жұмыс істеп жатқанын көрдік. Жүргізілген іс-шаралар кезінде түрлі жол апаттарына соқтыратын жол қозғалысы ережесінің өрескел бұзылуына ерекше мән беріліп, әсіресе мас күйінде көлік басқару фактілеріне баса назар аударылды.

Мәселен, іс-шара басталғалы 8602 жол ережесінің бұзылуы орын алса, соның ішінде қарсы бағытқа шығып кеткендер – 722, жылдамдықты шамадан тыс арттырғандар – 2507, автокөлікті құжатсыз басқарғандар – 617, апатты жағдай туғызғандар – 247 болған. Полицияға бағынбау фактісі де көп. Ондай оқиға 87 рет қайталанған. Автокөлікті мас күйінде басқарғандарға 616 іс хатталып, 389 автокөлік айып тұрағына қойылған.

Таңға жуық жол полициясының қызметкерлерімен бірге үйге қайттық. Көліктің ішінде рацияға құлақ түрудемін. Одан үрейлі дауыстар үздіксіз естілуде. «Достық» көшесінің бойымен бір «Мерседесті» қуып барамын. Сәтпаев көшесінен өттік. Жолдасбеков көшесінен оңға бұрылды. Бұл жерде тұман қалың, нөмірі көрінбейді. Қап, көз жазып қалдық!». Тағы да үрейлі дауыстар: «Сейфулиннің» бойымен қуып келеміз. «ВМВ». «Райымбектен» өттік. Қаланың ортасына кірдік. Екпіні тым қатты. Бағынар түрі жоқ». Осындай әр хабардың тасасында тыныштық жолындағы тынымсыз еңбек жатыр.

Міне, үйге де жеттім-ау.

– Жігіттер, әйтеуір өздерің аман болыңдаршы, – деймін түнгі сақшыларға.

– Жақсы жатып, жайлы тұрыңыз, аға, – деді олар. – Бұл біздің күнделікті тірлігіміз ғой.

Түнгі сақшыларға бір жағынан риза болдым, бір жағынан оларға деген аяныш сезім де қылаң беріп қалды...

Біздің анықтама

«Құқық тәртібі» алдын алу шаралары барысында түрлі адамдардың қолында рұқсатсыз, жасырын ұсталынып келген 7 атыс қаруы тәркіленді. Олардың ішінде гранатомет, ресейлік винтовка, қолдан жасалған тапанша мен автомат та бар.

Мәселен, үстіміздегі жылдың 17 ақпанында 23 сағат 30 минутта Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері мен Бостандық АІБ қызметкерлері бірлескен іс-шара кезінде Науаи көшесінде тұратын бір азаматтың ауласынан көп мәрте қолдануға арналған гранатомет тәркіленді.

Сол күні, «Айнабұлақ-2» ықшам ауданында полицияның учаскелік уәкілі Шығыс Қазақстан облысынан келген бір азаматты тінту кезінде одан қолдан жасалған автомат табылды. Ұйымдасқан қылмысқа қатысты 7 қылмыс ашылды. Атап айтқанда, «Рыжи Алмаз» деп аталатын ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшесі болып табылатын А. есімді азамат Алматыдағы ірі банктерден алаяқтық жолмен 790 000 АҚШ долларын қымқырғаны анықталды.

Сонымен қатар, «Тойота Лэнд Крузер» көлігінің ішінен Израиль азаматы Ю.М. Тарнопольский мен оның жүргізушісі Ф.М.Галибабаевтың, Алматы-Жандосов тас жолының 27 шақырымынан азамат А.А.Славковтың өртенген көліктері табылды. Осы қылмыстарды жасаған ағайынды жігіттер ұсталды. Олардың көліктерінен 7 оғы бар «Макров» тапаншасы, 1 млн 300 мың АҚШ доллары тәркіленді.

**«Президент және Халық» газеті,
23 ақпан, 2007 жыл.**

ӨЛМЕЙ ҚАЛҒАНЫ ҮШІН КІНӘЛІ Ақ «москвичпен» абайсызда апатқа ұшыраған жас жігіт қуғынға түсті

Істің дәл осылай ушыға түсуіне Талдықорған облысы Бөрлітөбе аудандық прокуратурасы да себепкер болған. Алайда, редакцияға келіп түскен арыз прокуратураның емес, облыстық газет тілшісінің үстінен жазылыпты. Онда: «Біз Талдықорған облыстық «Жерұйық» газетін өзіміздің ана тіліміз, ақ сүтіміз деп білеміз. Бұл басылымды кейінгі жылдары оқырмандар қатты құрметтейді, іздеп жүріп оқиды. Бірақ, «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» дегендей, осы газеттің партия бөлімінің меңгерушісі Болат Бисұлтанов қызмет бабын пайдаланып, бүкіл журналистер атына кір келтіруде. Сондықтан, арнайы келіп тексерулеріңізді, ақ-қарасын ашып берулеріңізді сұраймыз» депті.

Мұны оқығаннан кейін әрі-сәрі ойға қалдық. Егер жергілікті газеттің тілшісі шынымен-ақ асыра сілтеп бара жатса, сол органың құрылтайшысына немесе сотқа арыз беріп, тәртіпке шақырып алу қиын емес. Міндетті түрде оған республикалық газеттің араласуы қажет пе? Алғашында осындай сауалдар көкейімізде тұрғанмен істі толық тексеріп шығуға тура келді. Сөйтсек, мәселе біз ойлағандай емес, кәдімгідей шиеленісіп кетіпті.

Хат иесі айтса айтқандай, жиырма үш жылдай баспасөз төңірегінде қызмет істеген тәжірибелі журналист қаламдастарының атына кір келтіретіндей қылықтарға бойын үйретіп алыпты.

– Кейінгі жылдары бір қырсықтан бір қырсық шалып, әбден мамамыз кетті. Облыстық газеттен көмек сұрап неміз бар еді. Ендігі түріміз мынау, – деп Талдықорған облыстық Тері-венерологиялық диспансерінің бас дәрігері С.Қадыров «Жерұйық» газетінің осы жылғы 22-ші ақпанда шыққан санын алдымызға тастады. Ондағы «Ақ «Москвичтің» ажалы» деген көлемді фельетонда осы Диспансердің дәрігері С.Ибраев пен жүргізуші

Қ.Иманжанов 1987 жылдың 24-і сәуірінде Бөрлітөбе ауданы М.Төлебаев атындағы совхоз орталығына арнайы сапармен бара жатып, түнгі сағат 11-де ақ «Москвичпен» Лепсі өзеніне түсіп кеткенін, өздері аман шыққанымен мекеме машинасы сол күйі су түбінде қалып қойғанын, ал кінәлі адамдар машинаның құнын әлі төлемегенін айта келіп, Диспансердің бас дәрігері С.Қадыров пен дәрігер С.Ибраевті қатты сынға алды. Оларды кәдімгідей сайқымазаққа айналдыра суреттейді.

Фельетон авторы Б.Бисұлтановтың пікірінше, дәрігер С.Ибраев пен жүргізуші Т.Иманжанов екеуі «түнгі серуенде» жүріп, осындай жағдайға ұшыраған сияқты. Сонымен қоса, облыстық газеттің тілшісі «08-06 ТКА» нөмірлі ақ «москвичтің» су түбінде жатқанына да күмән келтіреді. Бұл ойын: «... ақ «Москвич» суға батқан жоқ, өзенде жатқан жоқ, тірі жүр, тек бояуы өзгерді» деп тұжырымдайды. Ал, мемлекет мүлкін кінәлі адамнан өндіріп беруін, егер оған ешкім кінәлі болмаса, ақ «Москвичті» Диспансердің есебінен шығаруды өтініп, әр мекеменің есігін қағып жүрген бас дәрігер С.Қадыровтің әрекетін «сезікті секіретін» ісі деп бағалайды. Кінәнің бәрін бас дәрігерге аударып, көліктің құнын Диспансердің әкімшілігі төлеуге тиісті деп меңзейді. Себебі, ақ «Москвич» диспансердің ортақ өгізі сияқты «ешкімге бекітілмеген» деген себепті алға тартады. «Соның салдарынан заң орындары жүргізушіге машинаның құнын төлете алмай» отыр деп, тергеу ісін 4 жылға созған прокуратураны ақтай сөйлейді.

Шын мәнінде олай емес екендігін облыстық «Әділет» басқармасының бастығы М.Әділбаев былай деп айғақтапты: «1941 сом тұратын машинаның құнын жүргізушісі Иманжановтан өндіріп беру туралы талап-арыз сотқа 2 рет ұсынылды. Бірақ, тергеу жұмысының дұрыс жүргізілмеуіне байланысты Иманжановтың кінәсі дәлелденбеген. Сондықтан, сот Тері-венерологиялық Диспансердің талап-арызын кері қайтарды».

Бұл құжат облыстық газеттің қызметкері Б.Бисұлтановтың атына жазылыпты. Неге ол кісінің атына жазылған деген мәселеге кейінірек тоқталайық.

Алдымен, тергеудің неге 4 жылға созылу себебін анықтап алғанымыз дұрыс. Облыстық прокуратурадағы осы іспен арнайы айналысқан адамдармен тілдесіп, іс-қағаздармен танысқаннан кейін мынаған көзіміз жетті:

1987 жылдың 4-і мамырында машина суға құлаған жерге келіп тексеру жүргізген Бөрлітөбе аудандық ішкі істер бөлімінің автоинспекторы Б.Сүлейменов бұл жерде қылмыстық іс жоқ, өлім-жітім болмаған деп тауып, мемлекетке келген шығынды жүргізушіден азаматтық жолмен өндіріп алу туралы шешім шығарыпты. Алайда, іс сотқа келгенде Иманжанов машинаның құнын жалғыз төлеуден бас тартады. Себебі, көктемде су бұзып кеткен көпірдің алдына ешқандай белгі қойылмаған, бұрынғы көпірге барар жол бекітілмеген, жаңа көпір әдейі көзден тасаланғандай етіліп, басқа жерге ауыстырылған. Ал, мұны кез келген адам байқай бермейді. Сондықтан, су түбінде қалған ақ «Москвичтің» құны осы жерге дер кезінде белгі қоюды ойластырмаған жол жөндеушілер мен автоинспекция қызметкерлері де бөліп төлеуге тиісті деген уәж айтады.

Бұл жерге бұдан бұрын да бірнеше машина, трактор батып кетіп, сол бойы құрдымға сіңіп жоғалған. Өйткені, су өте терең, асты қиыршық құм болатын. Ақ «Москвичті» шығаруға қанша әрекет жасағанмен ештеңе өнбепті. Олай болса, Иманжановтың талабы орынды. Оны іштей мойындаған прокуратурадағылар 1990 жылдың 2-і қаңтарында алғашқы шешімді бұзып, істі қайта тексеруге жіберген. Бірақ, облыстық газеттің тілшісі Б.Бисұлтанов айтқандай, тергеуге бөгет болған жағдай машинаның «ортақ өгіз» құсап, ешкімге бекітілмеуінде емес екен. Ол – мекеме әкімшілігінің ішкі мәселесі. Ең бастысы, жүргізуші жұмысқа бұйрықпен алынған соң, оның қай машинаға ие болуы бұл арада соншалықты себеп бола алмайды. Өйткені, мекемеде бірнеше машина бар. Әр машинаға жүргізушіні ауыстырған сайын қайта-қайта бұйрық шығара берудің мәні жоқ. Бұл – қағазбастылықтың белгісі болып шығады. Мұны заңсыздық деп қараған дұрыс емес. Облыстық прокуратура осы пікірді растайды.

Қайта тексерумен айналысқан Бөрлітөбе аудандық прокуратурасының тергеушісі Қ.Қойбағаров та автоинспектор Б.Сүлейменовтің алғашқы тұжырымын қайталап, мемлекетке келген шығын мөлшері елеусіздеу болғандықтан, қылмыстық іс қозғаудан бас тартыпты. Онда да бұл машинаның кімге бекітілгенін анықтай алмай қиындыққа кезіккен тергеушіні көре алмадық.

Осы жылдың 29 мамырында облыстық прокуратура бұл ұйғарымды да бұзып, қылмысты іс қозғау жөнінде шешім шығарға мәжбүр болған. Бірақ, бұған дейін аудандық тергеушілер неге өздері қылмыстық іс қозғауға батылдары бармады деген сұрақ туады. Оған тікелей ықпал еткен Бөрлітөбе аудандық прокуроры Ж.Досымбековтың өзі сияқты.

1988 жылдың 19 сәуірінде Диспансердің бас дәрігеріне берген жауаптардың бірінде ол «06-08 ТКА» нөмірлі «Москвичті» суға батырған Бөрлітөбе ауданының адамдары емес, өз адамдарыңыз. Ендеше, сол адамдарыңыздан құнын өндіріп алыңыздар. Прокуратура суға батқан машинаны шығарумен айналыспайды (№4/124-88)» деп қолды бір-ақ сілтепті.

Бұдан кейін тергеушілер қайтіп батыл шешім қабылдасын. Еріксіз аудандық прокуратураның ығына қарай жығыла береді де. Ж.Досымбеков таяқтың бір ұшы өзіне келіп тиетінін күні бұрын сезгені көрініп тұр. Әйтпесе, ол «машинаны суға батырған Бөрлітөбе ауданының адамдары емес» деп байбалам салмас еді.

«Орнынан жылжыған» бұрынғы көпірге барар жолды дер кезінде жаптырып, жаңа көпірге бұрылар тұсқа белгі қоюды кезінде ешкімнен талап етпеген соң, сөйтпегенде қайтеді?! Бәлкім. «Бұл да аудандық прокуратураның міндетіне жатпайды» деп, ол кісі бізге қарсы пікір айтуы мүмкін. Сонда, прокуратура қашан кісі өлімі болғанша қол қусырып, әліптің артын бағып отыра беруі керек пе? Ойлап қарасаң, шынында да солай сияқты. Өйткені, прокуратура тергеушісі Қ.Қойбағаровтың «бұл жерде қылмыстық іс жоқ, қайғылы оқиға болмаған» деп арқаны кеңге салуы осыны аңғартады.

Арада төрт жылдан астам уақыт өтіп кеткеннен кейін енді автоинспекция қызметкерлерімен жол жөндеушілер тарапынан жіберілген шалағайлықтарды дәлелдеу мүмкін емес. Қазір тергеу бастығының орынбасары Б.Трубачев апатты оқиға болған жерге барған кезінде ешқандай жол көрсеткішін байқамағанын, «орнынан жылжыған» жаңа көпірге бұрылар тұстағы бұрынғы жол сол күйінде жатқанын жасырмады. Олай болса, бұл «қақпанға» бұрын осы жошмен жүріп көрмеген кез келген жолаушы түсіп кететіні айдан-анық. Ендеше, апатқа ұшыраған ақ «Москвичтің» жүргізушісі Иманжановтың сотқа қойған талабы да дұрыс. Көліктің құнын жол жөндеушілер мен автоинспекция қызметкерлері, сонымен қоса тексеру жұмысын дұрыс жүргізбеген прокуратура тергеушілері де бөліп төлеуге тиісті.

Егер облыстық газеттің тілшісі Б.Бисұлтановты суға батқан машинаның тағдыры қатты алаңдататыны рас болса, алғашқы әңгімені осы төңіректен бастау керек еді. Бірақ, ол өйтпеген. Керісінше, жүргізушінің жанында отырған дәрігер С.Ибраевты, дәл сол кезде Алматыда оқуда жүрген Диспансердің бас дәрігері С.Қадыровты жерден алып, жерге салады. Олардың аттарын бүкіл облысқа әйгілеп, жұрт алдында сайқымазақ етеді. Сөйтіп, бүкіл оқырман қауымды, заң орындарының назарын басқа жаққа аударып, адастыруға тырысқан.

— Енді мен не істеуім керек еді. Бисұлтанов мені ақ «Москвичпен» бірге суға кетіп, өлмегенім үшін кіналайтын сияқты. Сонда, өлмей қалғандығым үшін де кінәлімін бе? — дейді дәрігер Ибраев. Расында да өлмей қалғаны үшін біреуді кінәлауға болмас. Әлде бұлардың арасында басараздық бар ма? Сөйтсек, Б.Бисұлтанов фельетон жазбас бұрын, оның үстінен он екі жерге арыз жазыпты. Журналист басымен бұл қай сасқаны деп ойлайсың. Сонда, Б.Бисұлтанов Тері-венереологиялық диспансердің басшыларына неге осынша шүйлігіп жүр? Мәселе былай екен:

Б.Бисұлтанов 1989 жылы әскер қатарынан қайтқан ұлы Ерланды осы Диспансерге жүргізуші етіп орналастыруды ойлайды. Бұл кезде бас дәрігер С.Қадыров кезекте еңбек демылысында болыпты. Оның міндетін уақытша орындаушы

Сләмжан Ибраев Ерланды жұмысқа қабылдайды. Бұйрық шыққан күннің ертеңінде УАЗ-469 машинасының құлағына отырған жас жігіт жол апатына ұшыраған. Құдай ұрғанда бұл жолы да оның жанында С.Ибраевтың өзі отырыпты. Тексере келгенде, кінәлі диспансердің жүргізушісі екені анықталды. Ол оны мойындап, соқтығысқан машинаның құнын төлеуге келісім берген.

Бұдан кейін жас жігіттің жеңіл машина жүргізуге тәжірибесі аздығын байқаған С.Ибраев мекеменің еңбек коллективімен келісе отырып, оған жүк машинасын жүргізе тұруды тапсырады. Алайда, Ерлан оған келіспей, өз өтінішімен жұмыстан шығып кетеді. Енді бұған әкесі араласып, Талдықорған қалалық прокуроры Ю.Г.Морскойдың атына арыз жазады. «Баламды әдейі кудалап, жұмыстан шығарып отыр» дейді.

Соңында қалалық прокурор Е.Бисұлтановты қайтадан жұмысқа қабылдау туралы шешім шығарды. Бұл кезде С.Қадыров демалыстан шыққан. Дереву бұйрық беріп Ерланды қайтадан бұрынғы жұмысына қабылдайды. Сосын осы Диспансерде бас медбике болып істейтін Ерланның шешесі арқылы бірнеше рет шақырады. Ерлан қасарысып келмейді.

Біраз уақыт өткен соң қайта бұйрық беріп, Ерланды жұмыстан шығаруға мәжбүр болады (Өрине, Ерланның өз еркімен, өтініші бойынша осылай еткен. С:Ж.). Осы арада Диспансердің басшылары Бисұлтановтың алдында неге құрдай жорғалап, оның айтқанын істей береді деген ой туы мүмкін. Өйтпегенде қайтсін, қит етсе бұлардың үстінен арыз жазып, әбден мазаларын алған соң «бәледен машайық» деп отырған жайлары бар. Бисұлтанов бұларды қызмет бабын пайдалана жүріп, әбден қорқытып, «ерттеп мініп алған» сияқты.

Оны біз диспансердің 1989 жылғы 6 қазан айында өткен кәсіподақ жиналысының протоколынан байқадық. Онда жұмыстан өз еркімен шығып кетіп, енді коллективтің мазасын алып жүрген Ерлан Бисұлтанов пен оның шешесі Нұрғалимова туралы адамдар ашық пікір айтыпты.

С.Нұрғалимова Диспансердің бас медбикесі қызметін атқарған кезде ол орын аяқ астынан қысқарыпты. Бұдан кейін жа-

лақысы дәл сондай – емхананың аға медбике қызметіне ауыстырады. Бұл ол кісіге қызметінен күрт төмендеп кеткендей әсер етіпті. Міне, осы кезде тағы да күйеуі Б.Бисұлтанов журналистік куәлігін шошаңдатып, осы мекемеге жетіп келді де, екі аяқтарын бір етікке тығады. «Бұл біздің ішкі жұмысымыз ғой, өзіміз шешеміз» деген сөзге құлақ аспайды. «Ертең газетке жазамын, бәріңді құртамын!» деп қоқаң-лоқы көрсеткеннен кейін бұлар тағы да «шегініске» барады. Бұйрықтарын өзгертіп, С.Нұрғалимованы қайтадан бұрынғы жұмысына тағайындайды.

Бірақ, енді ол кісі шалқайып, бұрынғы жұмысына бармай қояды. Мұны қалай түсінерсің? Бұл – мекеме басшыларына қыр көрсету, немесе оларды ойыншыққа айналдыру ма? Әлде, әр адымын басқан сайын өзінің салмағын танытып отыру деп қабылдаған жөн бе? Бұдан кейін тынышталған шығар деп ойлайтын шығарсыздар. Жоқ, Болат Бисұлтанов жоғарғы орындардың бәріне бүркұратып арыз жазудан жалықпайды.

Не жазса да ішіне С.Ибраевты іліктіріп, оның мекеме машинасын жоғалтып жібергенін бетіне басады да отырады. Бірде ол қалалық атқару комитетіне де осындай арыз жөнелтеді. Онда: «Мемлекет мүлкін талан-таржыға салып жүрген С.Ибраевқа үй беруге болмайды» деп байбалам салады. Сөйтіп, талай жыл кезекте тұрып, енді бір баспанаға ие болам ба деп жүрген жас маман бір-ақ күнде пәтерден қағылады. Әбден запы болған жас жігіт шыдай алмай, облыстық газеттің редакторына шағым арыз жазған.

Редакцияның коллективтік жиналысында Бисұлтанов пен Ибраевты беттестіре отырып, істің анық-қанығын тексергенде, облыстық газет қызметкерінің бұл әрекеті жала екені анықталған. Сөйтіп, Бисұлтанов Ибраевтан кешірім сұрап, енді Тері-венеологический диспансеріне соқтықпауға уәде берді. Редакция бұл жауапты заңдастырып, жазбаша түрде мекеме басшысына салып жіберіпті. Сөйте тұра арада біраз уақыт өткен соң Бисұлтанов «Ақ «Москвичтің ажалы» атты фельетонмен бұларды тағы да «осып» түсіпті. Бұл бір қызық жағдай.

Алғашқы тексеруді Диспансерден бастаған біздер оларға күдіктене қарағанымыз рас. Тәжірбиелі журналистің бір білгені

рас шығар, әйтпесе, нақақтан нақақ біреулерді күйдірмеуге тиіс қой деп ойлады. Бірақ, қаламдасымыздың қолында фельетондағы пікірлерін айғақтайтындай бір дерек табылмады.

Ертеңінде «Жерұйық» газетінің редакциясында коллектив мүшелері бас қосқан жиналыс өтті. Бұл жерде сөз сөйлеген көпшілік тарапынан Бисұлтанов туралы бір ауыз жылы сөз ести алмадық. Тергеу бітпей жатып фельетон жазып алып келіп, газет редакторын да алдап соғыпты. «Бәрі біткен іс, қолымда деректерім жетеді» деп сендірген. 23 жыл газетте жұмыс істеген тәжірибелі адамның бұл ісі, әрине, ақылға сыймайды-ақ. Дегенмен, бұған қарап Талдықорған облыстық «Жерұйық» газеті туралы, жалпы журналистер туралы біржақты пікір туып қалмауы тиіс.

Бұл мақаланы дәл осылай жазып, бұлай аяқтамасақ та болар еді. Әйтсе де бәріне себеп – «Ақ «Москвичтің» ажалы» болып тұрғанын байқаған шығарсыздар.

Біріншіден, ол оқиға жөнінде қазір қайтадан қылмыстық іс қозғалды. Ал, біздегі құқық қорғау органдары бір қателіктен екінші қателік туындатып, істің бетін басқа жақа бұрып жіберуі әбден мүмкін.

Екіншіден, жазықсыз жазықты болып, сайқымазаққа ұшыраған Диспансер басшылары бізге хат жазып, әділ пікір айтуымызды өтінді емес пе?! Ендеше, оларға газет арқылы жауап беру – біріншіден, азаматтық, екіншіден журналистік парызымыз.

Үшіншіден, ақ «Москвичке» байланысты қылмысты іс қозғаған облыстық прокуратура тергеушілері облыстық газетте жарияланған фельетонның жетегінде кетіп қалмау жағын, кінәсіз адамдардан кілтипан іздемеу жағын қарастырдық.

Ал, қызмет бабын пайдаланып, облыстық газетті өш алу құралына айналдырып отырған партия тұрмысы бөлімнің меңгерушісі Б.Бисұлтановтың мәселесін редакция алқасы, қала берді облыстық партия комитеті шеше жатар деп ойлаймыз.

«Халық кеңесі» газеті,
10 қараша, 1991 жыл.

ӨЛІКТІ КӨРДЕН ҚАЙТА ҚАЗЫП ҚАРАҒАНМЕН бұл қылмысты іске нүкте қоюға әзірге ешкім асығар емес

Болған оқиғаны бастан аяқ баяндамас бұрын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасынан жәбірленуші А.Өтеповаға жолданған мына бір хаттан үзінді келтіргенді жөн көрдік. Сосын, осынау қайғылы оқиға әр қырынан әңгіме болады.

Сонымен, 1999 жылдың 5 қаңтарында Бас прокурордың бірінші орынбасары қол қойған қатынас қағазда не айтылып еді?

«Сіздің ұлыңыздың өлігі табылуына байланысты, Шиелі аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушісі Ғ.Баєтов өлімнің себепсалдарын анықтау үшін сот-дәрігерлік сараптау жұмыстарын тағайындап, тексеру жүргізген. Мәйітті тексеру ісін аудандық сот-дәрігерлік сарапшысының міндетін атқарушы уролог дәрігер Қ.Мәдиев жүргізген. Ол Ғ.Садықов суға кетіп өлген, денеде ешқандай күштеп өлтіру белгісі жоқ деген қорытынды шығарған. Осы тұжырыммен тергеуші Ғ.Баєтов қылмысты іс қозғаудан бас тартқан».

Алайда, өлген баланың ата-анасының арызы негізінде 1998 жылдың 21 желтоқсанында облыстық прокуратура бұл қаулыны өзгертіп, жиналған деректермен қоса, өлікті көрден қайта қазып қарау, тағы басқа жұмыстарды облыстық ішкі істер басқармасына жүктеген.

Қазылып алынған өлікті сот-дәрігерлік сараптаудан өткізгенде онда тірі кезінде денеге зақым келгені, мойнынан қылғындырылғаны, басына ауыр соққылар тигені белгілі болды. Сол себепті, 1998 жыдың 22 желтоқсанында облыстық ішкі істер басқармасы Қылмыстық кодекстің 96-бабы, I бөлігі (кісі өлтіру) бойынша қылмыстық іс қозғады.

Тергеу барысында мыналар анықталған:

1998 жылдың 11 қарашасында сағат түнгі 11 шамасында Ғ.Садықов пен Тартоғай кентінің тұрғыны С.Байназаров екеуі

бірге арақ ішкен. Соңында С.Байназаров екеуі төбелескен. Төбелес барысында С. Байназаров бүгінде марқұм Ғ.Садықовты қылғындырып өлтірген де, денесін суға тастаған.

1998 жылдың 25 желтоқсанында жоғарыда айтылған қылмыс белгісіне орай айып тағылып, дәл сол күні облыстық прокуратураның рұқсаты бойынша ол қамауға алынған.

Облыстық прокуратураның нұсқауына қрғанда, облыстық ішкі істер басқармасы өздерінің қызметтік міндеттеріне жауапсыздықпен қарап, аса ауыр қылмысты жасырып қалуға тырысқан. Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, милиция подполковнигі Б.Байтілеуов пен тергеуші, милиция лейтенанты Ғ.Баетов үстінен қызметтік тексеру істері жүргізілген. Ал сот-дәрігерлік сарабының міндетін атқарушы Қ.Мәдиевтің мәселесін қарауды аудандық прокуратура облыстық сот-дәрігерлік сараптама бюросының бастығына тапсырыпты. Сонымен қатар, тергеу барысында алғаш рет өлікті тексерген кезде жалған тұжырым жасаған сарапшының ісі де тексерілуде екен.

Марқұм болған баланың шешесі, батыр ана Өтегенова Аманкүл редакцияға арыз жазыпты. Енді соған тоқталайық.

1998 жылдың 12 қараша күні таңғы сағат 8 шамасында Сырдария өзені Айғара қалқымалы көпірінің астынан баласы Садықов Ғалымжанның өлігі табылған. Ол кісінің айтуына қарағанда оқиға былай болған екен:

«11 қараша күні кешкі сағат 6 шамасында олар тамақ ішіп отырған. Кенет мотоциклдің дауысы естіледі. Ғалымжан сыртқа шығып, қайтып оралады да «Сәбит келді. Мен көпір жаққа барып келемін» деп, киініп шығып кетеді. Содан ол келмейді. Қайда жүр деген сұрақ туады. Олар – Байназаров Сабит, Рахметов Ержан және Ғалымжан үшеуі Мақанов Ермекке: «Жүр, әлдекімдермен төбелесіп қайтайық» депті. Ал, мұның алдында Байназаров Сәбит бұларға маған балалар тиісіп жүр деп айтқан болатын. Ауырып тұрғандықтан Е.Мақанов бұл сапарға бармай қалады. Судың басына үшеуі кетеді. С.Байназаров көпірде

қарауыл болып істейді. Бұл жерде үшеуінен басқа Рахыметов Ғалым, Көпешбаев Бекзат болады. Бәрі отырып арақ ішеді. С.Байназаров пен Е.Рахметов кешкі сағат 8-де ауылға қайтып оралған.

12 қараша күні таңғы сағат 8-де ауыл жақтан Талқанбаев Мейірбек келеді. Байназаров Сәбит оған: «Сен Ғалымжанды көрген жоқсың ба? Ол суға кетіп қалды-ау» дейді түк білмегенсіп. Екеуі судың жағасын аралап көрсе, Ғалымжанның сол аяғының (туфлиінің) ұшы судан көрініп тұр екен. Байназаров мәйітті судан шығарып алған.

13 қараша күні Шиелі аудандық сот-дәрігерлік сарапшысы Қ. Мәдиев бұл жайында «Садықов суға тұншығып өлген, өкпесінде шамалы көпіршік бар, денесінде дақ жоқ» деген қорытынды шығарады.

Баланы жерлер алдында оның сүйегін жуған кісілер денеде жарақат көп дегенді айтыпты. Сонымен, өлген бала 14 қараша күні жерленеді. 16 қараша күні Шиелі аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушісі Баєтов Ғалым істі мүлде жабады. Бірақ, бұл кезде сарапшының қорытындысымен жәбірленуші жақсы танысуы керек болатын. Өкінішке орай, олай етілмейді. Марқұм Ғалымжанның әке-шешесі арызданып жүріп 18 күннен кейін, 1998 жылғы 2 желтоқсанда қайтадан сот-дәрігерлік сараптамасын өткізуге қол жеткізіпті.

Сол екінші рет шыққан сараптаудың қорытындысына назар аударсақ, онда былай делінген: «Қылғындырылған (механическая аспекция), сол жақ қарақұсынан ауыр, қатты затпен ұрылған, қан ұйыған. Өңеші мен тамақ сіңірлері езілген, қан ұйыған...»

Ендеше бала суда өлмеген, өлтіріліп барып, суға тасталған деген қорытынды өзінен-өзі қылаң береді.

1998 жылдың 21 желтоқсан күні өлген баланың әкесі Садықов Сейітсұлтан қайтадан сарапшылыр қорытындысымен танысқан. Ол кісінің айтуына қарағанда, 21 желтоқсан күні тергеуші Б.Досжанов екінші рет өткен сараптау қорытындысын облыстық ішкі істер басқармасының бастығы Т.Рахымовқа

бермепті. «Айқай-шумен жүріп, түстен кейін барып берді, оған дейін уақыты болмапты» дейді Садықов Сейітсұлтан.

Келесі күні Байназаров Сәбитті қамауға алған. Ал Е.Рахметов, Ғ.Рахыметов, Б.Көпешбаевтар уақытша ұстайтын жерде (КПЗ) болып, босатылыпты. Сөйтіп, барлық кінәні С.Байназаров мойнына алыпты да, қалғандары судан таза, сүттен ақ болып шыға келіпті...»

Міне, редакцияға арыз жазып келген жәбірленуші жақ тергеу жұмысына осылайша күмән келтіреді.

Бізді бұл жерде қатты ойландыратыны – бала қайтыс болғаннан кейін жүргізген сот-дәрігерлік сарапатау жұмысының жалған жасалынғандығы. Солардың кесірінен қаза тапқан баланың денесін қайтадан көрден алып, қарауға тура келді. Сөйтіп, онсыз да қаралы болып отырған отбасына тағы қайғы үстеді, мәңгілік жер қойнына кеткен адамның аруағы қорланды. Бұл, о баста-ақ тергеу ісі таза жүргізілмегендігінің бір айғағы болса керек.

Күдіктен күдік туады. Шынында да қаза болған баланы жалғыз адам өлтірді ме, әлде жанында бірге арақ ішкендер де оған қатысты ма, мұны анықтау тергеудің ісі. Әйтсе де, редакцияға келіп түскен арыздың ішінде ата-ана тарапынан бұл іске қатысты бірнеше айғақтар келтіріліпті. Оны әзірге газет бетінде жариялағымыз келмей отыр. Тергеу бітсін, сот үкімін шығарсын, содан кейін де үлгерерміз деген ниетпен мақаланы аяқтағанды жөн көрдік.

Тек, онсыз да бұлталаққа түскен тергеу ісі созыла бермей, тезірек аяқталсын деп тілейік. Бұл жөнінде жоғарыдағы Бас прокуратура нұсқауын бекерден-бекер тілге тиек еткеніміз жоқ. Себебі, заң алдында бәрі бірдей жауапты. Мұны тергеушілер де санасына мықтап ұстағандары дұрыс.

Айтпақшы, Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасының тергеушісі Досжанов Бақытжан деген біреу арақ ішіп алып, осы іске куәгер Дербішев Дүйсен деген азаматты жазықсыздан-жазықсыз соққыға жығыпты. Ол жөніндегі түсініктеме редакцияда сақтаулы тұр. Мұны тергеушінің теперіші демегенде не дейміз?

«Егемен Қазақстан» газеті,
26 ақпан, 1996 жыл.

ПОЛИЦИЯ МЕН ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ АШЫҚ ӘНГІМЕСІ

Таяуда Алматы қалалық ІІБ мәжіліс залында ішкі істер органдары баспасөз қызметтерінің басшылары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері бас қосқан республикалық семинар-кеңес болып өтті.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі генерал-полковник Қайырбек Сүлейменовтің тікелей нұсқауы бойынша ұйымдастырылған бұл алқалы жиынды министрдің кеңесшісі генерал-майор С.Асыл-Кеней жүргізіп отырды.

«Полиция қызметкерлері мен журналистердің дәл осындай ашық пікір алмасуы бізде тұңғыш рет өтуде. Осының өзі еліміздегі демократия мен құқықтық реформаның жаңа кезеңге көтерілгенін айғақтаса керек» дей келіп, ІІМ баспасөз қызметінің бастығы, подполковник Н.Ағыбаев алғашқы сөзді журналистерге берді.

Қызу пікірталас өрбіді. Сөз реті келгенде облыстық ІІБ баспасөз қызметінің басшылары бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кейде құқық қорғау тақырыбына келгенде шалыс басатын тұстары бар екенін де жасырмады.

Қызу әңгіме барысында екі жақ бір-бірінен ешқандай сыр бүгіп қалмаған сияқты.

Бұл жиын журналистер мен полиция қызметкерлерінің ежелден бері ортақ мүдде тұрғысында жұмыс жасап келе жатқанын тағы да дәлелдей түскендей болды.

«Егемен Қазақстан» газеті,
17 мамыр, 2003 жыл.

ПРОКУРАТУРА ӨЗІНЕ-ӨЗІ СЫН КӨЗІМЕН ҚАРАҒАНДА шешімін күткен мәселелер әлі де көп екендігі анықталды

Қазақстан прокуратурасы үшін өткен 1995 жыл тарихи оқиғалардың бірі болды. Сонау кеңес дәуірінен бері заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалаумен бірге айыптаушы органдардың бірі ретінде танылған бұл саланы түбегейлі өзгертудің мүмкіндігі енді туды. Президент Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуына байланысты прокуратура бұдан былай тек қана заңдылықтың сақталуын қадағалаумен айналысатындығы жөнінде айтылып та, жазылып та жүр. Оны прокуратура және тергеу комитеті туралы шыққан заңдардан да байқау қиын емес.

Өткен айдың соңғы күндерінде Бас прокуратурада кеңейтілген алқа мәжілісі өтіп, онда 1995 жылғы істелген жұмыстардың қорытындысы, алдағы уақытта заңның қолданылуы мен оны қадағалау туралы мәселелер қаралды.

Бас прокурор Мақсұт Нәрікбаевтың жасаған баяндамасында өзекті мәселелер мен олқы тұстар тілге тиек етілді.

«Бытырғы жылдың өзінде прокуратура 42 мың заң бұзушылықтың, 9 мың құқық бұзушылықтың бетін ашыпты. Осы қылмыстарға қарсы прокуратура 17 мың рет алдын ала ескерту жасаған, 9 мың рет наразылық келтіріпті. Он мыңнан астам ұсыныс, 11 мың рет сақтандыру жұмыстары жүргізіліп, 1300 қылмыстық іс қозғалған. 17,5 мың лауазымды адамдар әкімшілік жазаға тартылған. Экономика саласындағы заңсыздықтарды әшкерелеудің арқасында мемлекет қорына 1,5 миллиард теңге, 10 миллион АҚШ доллары қайта құйылған. Егер, прокуратураның талабы бойынша шаруашылық мекемелеріне салынған айып мөлшерін қоса есептесек, мемлекет қорына 5 миллиард 792 миллион теңге, 17 миллион АҚШ доллары келіп түскені

белгілі болады. Бұл аз қаржы емес. Тек, енді осының бәрі халық игілігіне өз ретімен жұмсалғанына не жетсін!» – деді Бас прокурор.

Облыстық прокурорлардың біразының атына өткір сындар айтылды. Әрине, бұған қарап прокуратура органдарының жұмысы мүлдем құлдырап кеткен екен деген пікір тумауға тиіс. Осынау қомақты іске Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл, Ақмола, Ақтөбе облыстық прокуратураларының қосқан үлестері мол. Ал керісінше, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстық прокуратуралары басқаларға қарағанда босбелбеулік танытыпты.

Бүгінгі таңда жергілікті жердегі атқару органдары мен өкілетті органдар тарапынан заң бұзушылық көңіл алаңдатарлықтай. Егер, нақты деректерге жүгінсек, олардың тарапынан бір жылдың ішінде 950 рет құқық бұзушылық, 1,4 мың рет заң бұзушылыққа жол беріліпті. Ал республикалық деңгейдегі басқару орындарын 68 рет «жөнге салуға» тура келген. Енді ойлап қараңыз, прокуратураның қырағы қадағалауы болмаса, мұның соңы неге апарып соқтырар еді? Жоғарыда келтірілген деректер сырына үңілсек, біздің қоғамды кілең заңсыздықтар жайлап алғандай әсер қалдырады. Ел тізгінін қолына ұстаған азаматтар заң бұзса, заңның жүзеге асуына кедергі жасаса, басқадан не сұрайсың?

Бас прокурор Мақсұт Нәрікбаев мырзаның жасаған баяндамасында әрбір облыстағы заң бұзушылықтар мен прокурорлардың оған қарсы жүргізген жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктер төңірегінде кеңірек айтылды.

– Біздер қоғамымыздағы әлеуметтік жағынан ерекше қолдауды қажет ететін топтардың – зейнеткерлер мен мүгедектердің, тұрмысы нашар адамдар мен жеткіншектердің конституциялық құқықтарын қорғауды бұрын да қатты қадағалағанбыз, болашақта да бұл істі назардан тыс қалдырмаймыз, – дей келе, Бас прокурор осы саладағы заңсыздықтардың өрескел түрлерінен мысалдар келтірді. Ерекше қамқорлық қажет ететін адамдарға қол ұшын берудің орнына 1700 лауазымды адам олардың үлесінен жырымдап күн көріпті. Сөйтіп, 5,5 мың рет заңсыздыққа

жол берілген, зейнеткерлердің ақшасы судай шашылып, көлденең мақсаттарға жұмсалып отырған.

Сондай-ақ, жекешелендіру саясатындағы заңсыздықтардан да аяқ алып жүргісіз. Бұл сала бойынша өткен жылы 677 құқық бұзушылық пен 2,5 мың заңсыздық белең алған. Бұған кінәлі 4 мың лауазымды адамға шара қолданған.

Жаңа жылдың алдында Бас прокуратура тарапынан жергілікті жердегі прокуратуралардың жұмысына арнайы тексеру жүргізілгенін білеміз.

– Осы тексеріс барысында,– дейді Мақсұт Сұлтанұлы, – кейбір прокурорлардың өзі күнделікті шығып жатқан заңдардан бейхабар отырғанын байқадық. Тіпті, бір прокурордың үстелінен, не қолынан Қазақстан Конституциясын көре алмадым. Ата Заңымыздың түр-түсін білмейтін ондай заңгерлер нені басшылыққа алып, өзгелерден қандай заңдылықты талап ететіні түсініксіз. Кейбір прокурорлар көз алдында өтіп жатқан заңсыздықтарды көруге шамасы келмегендері еріксіз таңдандырады,– дей келе, М.Нәрікбаев Ленинскі қаласындағы мына бір сорақылықты мысалға келтірді.

Байқоңыр ғарыш айлағы Ресейге жалға берілгеннен бастап, мұндағы жергілікті халықтың жұмысқа орналасуы қиямет-қайымға айналған. Егер олар Ресей азаматтығын қабылдамаса, ешқайсысына жұмыс берілмейді. Соның кесірінен жергілікті тұрғындар босқыншылықты бастан кешуде. Мұндайда «әй, мынауың заңға сыймайды ғой» деуге шамасы келмейтін прокурор кімге керек?

Бас прокурор Қазақстан Жоғарғы Сотының жұмысына да тоқтала келіп, сот ісіндегі жайбасарлыққа бұдан былай төзуге болмайтынын ескертті. Қысқасы, елімізде құқықты реформаны жүзеге асыру үшін құқық қорғау органдары бір кісідей жоғары деңгейде жұмыс істемесе, ізгі ниет ешқашан жүзеге аспайтынын түсінуіміз керек.

«Егемен Қазақстан» газеті,
7 ақпан, 1996 жыл.

БАС ПРОКУРОР МҮДІРМЕСЕ ЕКЕН

Таяуда Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Ю. А. Хитрин мырза республикамыздағы қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың басшыларымен кездесіп, көкейде жүрген көптеген ойларды ортаға салды. Бұл жиынға баспасөз өкілдері де қатысты.

Бас прокурор алдымен елімізде жасалған қылмыстың ашылу жағдайына тоқталып өткеннен кейін, екі-жақты пікір алысуларға мүмкіндік туды. Қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың басшылары Бас прокурорға өткір-өткір сұрақтар қоюмен қатар, өздерінің талап-тілектерін де осы арада айтып үлгерді. Кейбіреулері Бас прокурорға жеткізе алмай жүрген өтініш-тілектерін ортаға салды. Демократиялық жолға түсе бастағанымыздың белгісі осы. Бас прокурор қарсы жақтың ащылау пікірлеріне сабырлылық пен байсалдылық таныта отырып, заң тұрғысынан терең-терең түсініктемелер бере білді.

– Прокуратура органдары Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігі үшін қызмет жасайды. Оның 32-бабында айқындалғандай, азаматтар бейбіт жиналыстар, митингілер, демократиялық шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқылы.

Ю.А.Хитриннің айтуына қарағанда, өткен жылы осы іске қатысты заңсыздыққа барған 250-ден астам адам жауапкершілікке тартылып, 3-і сотталыпты. Жауапқа тартылғандардың барлығына прокуратура алдын ала ескерту жасап, заң қағидаларын жете түсіндірген екен.

Әсіресе, «Жұмысшы қозғалысы», «Азамат», «Азат» қозғалыстары, «Компартия казачество» бірлестіктері сияқты ұйымдар өздерінің өрескел іс-әрекеттерімен көзге түскен. Мұндай жағдайлар Алматы қаласы, Солтүстік және ШығысҚазақстан, Қарағанды облыстарында орын алған. Компартияның өкілдері

тарапынан өздерінің жабық жиындарына өктемдікпен қол сұғып, оларды қылмыскердей көріп, суретке, бейнетаспаға түсірулері қандай заңға сай келеді деген сұрақ қойды Бас прокурорға.

Дәл осы мезетте журналистер сот мәжілісіне қатысқан сәтте оларға дыбыс жазу құралдарын пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынатындығы, оған заңдылықтың сақталуын қадағалауға тиісті прокуратура өкілдері тым немқұрайды қарап отыра беру себебін сұрады.

Баспасөз заңы бойынша журналист қандайда бір апатты жердің өзінде ресми түрде қатысып отырғандығын мәлімдегеннен кейін кез келген дыбыс жазу, суретке, бейнетаспаға түсіру құралдарын пайдалануға құқылы екендігін құқық қорғау органдары неге ескермейді?

Өкінішке орай, дәл осы сауалдарға келгенде Бас прокурор екі ұшты жауаптар қайтарып, мүдіре берді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
6 ақпан, 1998 жыл.

СЫРТЫҢНАН ПОЛИЦИЯ БАҚЫЛАП ЖҮР

Алматы қалалық ішкі істер Бас басқармысының қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Құрманхан Нұрымбетов деген азамат бізді ПББ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бағдат Майкеевтің бөлмесіне алып кірді.

Құрманханның негізгі міндеті – Алматы қаласындағы учаскелік полиция қызметіне басшылық жасау екен. Айтуына қарағанда, осы салада ауыз толтырып айтарлықтар игі істер баршылық. Сол игі істер жөнінде ПББ бастығының орынбасары ресми түрде ақпарат таратуға ниет етті. Ол ниетін қош алдық.

Полковник қысқа қайырды.

Полковник Б.Майкеев алғашқы әңгімесін Алматы қаласының әкіміне арналған алғысынан бастады. Иә, кейінгі жылдары Алматы қаласының әкіміне халықтың көңілі жақсы. Қала көшелері таза, жол жөнделді. Жылу, жарықтан тарығып көрген емеспіз. Ардагерлер мен мүгедектерге де жиі көмектесіп тұрады. Тізе берсе аз емес. Таяуда оңтүстік астанадағы тәртіпті бұдан да күшейту, қылмысқа қарсы күресті пәрменді жүргізу мақсатында әкім Алматы ПББ-на 78 миллион теңге бөлді. Оған олар 119 жеңіл автокөлік сатып алды.

Әкімдіктің алдындағы жаңа алаңда осы көліктердің кілтін әкім өзі тапсырған. Сол жолы 75 «Уаз» мәшинесі учаскелік полицияға бөлінді. Бұл дегеніңіз, Алматыдағы учаскелік инспекторлар түгелдей көлікпен қамтамасыз етілді деген сөз. Өйткені, қаладағы учаскелік тіректердің барлық саны – 75. Ал бұған осыдан бірер жыл бұрын 184 пәтер тек учаскелік инспекторларға бөлінгенін қосайық. Қалғандарының бұрыннан пәтерлері бар. Бұдан артық не керек. Әрине, енді аянбай жұмыс істеу керек!

Жақсылыққа жақсылық істеу адами парыздарының бірі. Әкімнің шапағатты ісі өз жемісін бере бастаған. Алматы қалалық ПББ басшылығы осы аралықта 6 учаскелік тіректі алдыңғы қатарлы үлгілер ретінде қайта жасақтап үлгеріпті. Енді олардың саны күн өткен сайын көбейсе бермек. Сөйтіп, Алматы қаласын қоғамдық тәртіпті сақтау жағынан республикаға үлгі етпекші.

– Алдыңғы қатарлы учаскелік тірек жасау тек мекеменің іші-сыртын жалтыратып қоюмен ғана өлшенбейді, – дейді полковник Бағдат Майкеев. – Бұл жердегі басты өлшемдер – іс сапасы, қылмыстың алдын алу, қылмысты ашу, есепке алынған, бақылауда тұратын күдікті адамдарды қадағалау, қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс жүргізу, мекен-жайлардың санитарлық-техникалық жағдайына назар аудару, тағы басқа әрекеттер болып табылады. Сондай-ақ, жекеменшік пәтер иелері кооперативтерімен (ЖПК-КСК), жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарымен, халық жасақшыларымен жұмысты жаңаша жолға қоятын кез келді. Қалалық, аудандық әкімшіліктер арқылы ерікті халық жасақшыларының жұмысын жандандырамыз. Халық пен полицияның арасында өзара түсіністік орнату, қылмысқа қарсы күресті көпшілікпен бірге жүргізу біз үшін аса қажет екені әлімсақтан белгілі. Әсіресе, пәтер тонаушыларды ұстау оңай емес. Мұндайда ЖПК-ның көмегі ауадай қажет. Олармен де түсіністік жағдайда жұмыс жүргізуге тырысудамыз. Жуырда қала тұрғындарын тіркеп, есепке алу әрекеттері тәмамдалды. Әр учаскелік тіректе қала тұрғындарына қатысты ақпараттармен қатар, кімнің қандай көлігі, кімнің жеке қаруы, қандай итері бар екендігіне дейін есепке алынған. Себебі, осы пәтерлерде қылмыс жасала қалса, полиция қызметкерлері алдымен қауіпсіздік шараларын қолдана отырып, іске кірісулері тиіс.

Б.Майкеевтің айтуына қарағанда, жоғарыда аталған 184 пәтер қызмет пәтері ретінде ғана берілген. Учаскелік полиция қызметкері басқа қызметке ауысса, немесе зейнеткерлікке шықса, бұл пәтерді жаңадан келген қызметкерге босатып береді. Жекешелендіруге, сатып алуға хақысы жоқ.

Осы жерде еріксіз сұрақ туындайды. Бүкіл ғұмырларын полиция қызметіне арнаған инспекторлардың ең соңында пәтерсіз қалатындай қандай жазықтары бар? Басқа жұмысқа ауысқандардың жөні бөлек. Ал ұзақ уақыт осында жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан инспекторға өз қалауы бойынша осы пәтерді неге басы бүтін бермеске. Қартайғанда бала-шағасын қаңғыртып тағы да шенеуніктерге арыз жазып жүру оңай дейсіз бе. Қызметте жүргендердің өзі жоғары жақтағыларға сөздерін өткізе алмай қиналғанда, зейнеткердің сөзін кім тыңдай қояр екен? Сондықтан, бұл мәселені заңдастырып қойған жөн сияқты. Әйтпесе бір жақтылыққа ұрындыратын тәрізді.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін пәтер өзінде қалатынын білген адам сол жерде тапжылмай қызмет етуге тырысатыны сөзсіз. Сонда бұл – кадрды тұрақтандырудың ұтымды бір әдісі болып шықпас па еді.

Подполковник те көп созбады

Б.Майкеевтен шыққан соң подполковник Қ.Нұрымбетовтың өзін әңгімеге тартуға тырыстым.

– Бастығым бәрін айтты ғой, мен тек мына бір деректерді ғана бере аламын, – деп, қойын кітапшасындағы цифрларды оқи бастады. Одан түсінгеніміз, уческелік полицияның бақылауында тұрған азаматтар тарапынан қоғамдық орындарда жасалған қылмыс деңгейі өткен жылғымен салыстырғанда биыл 40 пайызға (2494-1483), көшеде жасалған қылмыс 45,4 пайызға (2007-1025) азайған. Бұрын сотталғандар тарапынан былтыр 552 қылмыс жасалса, биыл – 442. Ішкілік салдарынан болған қылмыстардың саны 43,6 пайызға (312-176) төмендеген. Қоштасар сәтте мен өз аумағымдағы учаскелік полицияны көргім келетінімді айттым.

– Осы уақытқа дейін өз инспекторыңызды білмейтініңіз қалай? – деді Құрманхан сәл таңырқап.

– Ешқашан тәртіп бұзбасам, ешкімнен жәбір көрмесем, құдай көрсетпесін әрине, менің полицияда, полицияның менде қандай жұмысы бар?

– Бір жағынан солай екен-ау өзі, – деп ойланып қалды.

Менің полициям

Келесі күні кешкісін қапсағай денелі, жылы жүзді, жасы қырықтар шамасындағы полиция капитаны рұқсат сұрап, біздің үйдің табалдырығынан аттады. Өзін «Серікбай Дәндібаев» деп таныстырды. Өуезов ауданындағы №22 учаскелік тіректе инспектор болып істегеніне биыл бес жыл болыпты. Оған дейін, қылмыстық іздестіру саласында қызмет атқарған. Ақсай-3а, 3б шағын аудандарына тікелей жауапты. Бірақ, Өуезов ауданының бір жерінде қылмыс бола қалса, уческелік тіректегі инспекторлардың бәрі бірдей қимылдайтын көрінеді.

Бұл ауданда 52 мың тұрғын бар. Қаладағы ең қылмыс көп жасалатын маңай осы. Себебі, мұнда ең ірі базарлар шоғырланған: «Баянауыл» көлік базарын, «Арман», «Алтын Орда» жеміс-жидек базарларын қоспағанда осы төңіректегі ұсақ базарлардың өзі қаншама. Ал, бұл базарларға негізінен қалтасы қалыңдар мен ақшасы жоқтар келеді. Ақшасы жоқтар – үрлайды.

Серікбайдың айтуына қарағанда, көбінесе Қарақалпақстаннан келген адамдар тарапынан қылмыс жиі жасалынады. Ол таяуда ғана Жолмырза деген қанішерді қалай ұстағандары жөнінде әңгімелеп берді. Сармановтардың отбасын түгелдей қырып кеткен қылмыскерді Өзбекстаннан ұстап әкелген. Осынау күрделі істі ашуда біздің учаскелік полиция кәдімгідей еңбек сіңіріпті. Қанды оқиға №22 учаскелік тірекке қатысты аумаққа өткенін енді ғана білдім.

Серікбай бұдан басқа да өзінің тікелей қатысуымен ашылған үлкен қылмыстар жайында ұзақ әңгімеледі. Ол эпизодтардың әрқайсысы жеке-жеке мақалаларға арқау боларлықтай екен.

– Мені дұрыс түсінуіңізді өтінемін. Үлкен қылмыстар әшкере болған жағдайда ең алдымен қылмысты іздеушілер мен тергеушілердің аты-жөндері аталады да, сол істі ашудың басы-қасында жүрген учаскелік полиция қызметкерлері ұмыт қалатыны түсініксіз,– дейді С.Дәндібаев. – Ал шын мәнінде көп жағдайда «жіптің ұшын» алдымен учаскелік полициялар тарқатады. Өйткені, біздер өз аумағымыздағы ахуалды бес

саусағымыздай білеміз. Мәселен, сіз осы үйдің төменгі, жоғарғы қабаттарындағы көршілеріңіздің немен айналысатынын білесіз бе?— дей отырып, маңайымдағы алыс-жақын көршілерімнің біраз «күпияларын» ашып тастады.

— Осы үйге келерде сіздің отбасыңызға байланысты деректерге де назар аудардым,— деді ол папкасының ішінен бірнеше парақтарды суырып жатып. Бұдан түсінгенім, мен учаскелік полициямды танымағанымен, ол мені жақсы білетінін аңғартты.

— Занды сыйлайтын, үлгілі отбасыларға себептен-себепсіз полиция қызметкерлерінің келуі олардың намысына тиюі мүмкін. Сондықтан, біз сіздердің амандықтарыңызды сырттай тілеп қана жүре береміз,— деп, әңгімесін аяқтаған полиция капитаны Серікбай Дәндібаевты ризашылықпен шығарып салдым.

Осыдан соң ПББ бастығының орынбасары Бағдат Майкеевтің ресми, салқын түрде баяндаған әңгімелерін еске алдым. ол кісінің айтқандарын мына уческелік полиция қызметкері басқа қырынан жандандырып кетті.

Ең бастысы, біздердің қауіпсіздігімізді сырттай қадағалап жүретін учаскелік полициямыз бар екеніне көзім жетіп, көңілім орнына түскендей. Мен бұл жігіттерге қалай көмектесіп, қалай жақсылық жасасам деп ойладым. Мына мақаланы оқыған басқалар да дәл солай ойлайтынына күмәнім жоқ. Ендеше, полицияға өкпе айта бермей, көпшілік болып қылмысқа қарсы күресетін кез келген сияқты.

«Егемен Қазақстан» газеті,
30 қазан, 2002 жыл.

АШЫҚ ТОНАУ БАСТАЛДЫ

Қантардың 6-нан бастап баға ырықтандырылғаны белгілі. Мұның өзі алғашқы кезде көпшілікті қатты үрейлендірді. Халқымыз бәріне үйренісіп, келе-келе көндігіп кетуі де мүмкін-ау. Бірақ ел үстінен күн көріп үйренген «қарақшылар» оған мүмкіндік берер емес. Олар енді аш қасқырдай жалаңдап, бейбіт елді сыпыра тонауға кірісті. Көзіне қағып кететіндей бірдене көрінсе болды, тап беруге дайын. Ал егер ондай оңай олжа кезікпесе ше? Онда тал түсте есігінді сындырып кіріп, қарсылассаң өзінді өлтіріп, қалағанын алып жүре береді.

Тек соңғы аптаның үш күнінде ғана (13-16-қаңтар) республика бойынша 1482 тонаушылық әрекеттер жасалыныпты. Алдағы уақытта не боларын кім білсін?

Оқушының қолындағы қару

Алматы қаласы «Алмагүл» шағын ауданындағы №27 үйдің кіреберісінде № 85 орта мектептің 7-класс оқушысы А. А. Сединовты біреу мойнынан тапаншамен атып құлатты. Қылмыскер көп ұзамай қолға түсті. Ол – № 37 мектептің 8 класс оқушысы Т. И. Ивдиминон деген бала болып шықты. Қолдан жасалған суық қару бұл жүгермектің қолына қайдан түскені әзірге белгісіз.

Бесіктен белі шықпай жатып ұрлық жасауға, адам өлтіруге бейімделіп келе жатқан мұндай оқушы ертең кім болып шығатынын ойласаңыз, төбе шашыңыз тік тұрады.

Шет ел қызы қан қақсап қалды

Қазіргі кезде студенттер жатақханасына шабуыл жасап, бөлмелерінде жайбарақат жүрген қыздарды тонаушылар көбейіп барады.

Сонау Сауд Арабиясынан келіп ҚазМУ-де оқып жатқан Рашида Изза деген жап-жас қыз 13-қаңтар күні түнде Калинин аудандық ішкі істер бөліміне келіп арыз түсірді. Кешкі сағат 11 шамасында бейтаныс төрт адам оның бөлмесіне кіріп келіп, өзін таяққа жығып, бүкіл заттарын алып кетіпті.

Туған елінен жырақта жүрген жас қыз Отанына барған соң біз туралы не айтарын кім білсін.

«Бас жарылса бөрік ішінде» ме?

Бұрындары көшеде келе жатқан адамдардың бас киімдерін ала қашатындар туралы жиі естуші едік. Енді дәл үйіңе кіреберістегі қараңғы дәлізден ары қарай жалаңбас кетуіңе тура келеді. Өйткені, онда жасырынып тұрған ұрылар бас киімді жұлып алады да, сыртыңнан есікті жауып тастайды. Жабылған есікті тепкілеп, қайта ашам дегенше олар қарасын батырып та үлгіреді. Мұндайда бас киім тұрмақ басың аман қалғанына шүкіршілік етесің де қоясың.

Алматы қаласы Калинин ауданындағы Тимирязев көшесіндегі №72 үйде тұратын Г. В. Тохтарида, 8 шағын ауданда тұратын Н. А. Дозоров, Ленин ауданында тұратын Т. А. Туленко деген азаматтар қымбат бағалы құндыз бөріктерімен осылай «қоштасыпты».

Темір есік те төтеп бермес

Алатау аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері тері комбинатында жүргізуші болып істейтін В. В. Андросенко мен қалалық жылу жүйесінде монтажшы болып істейтін А. Н. Соколов деген ұрыларды қолға түсірді. Олар «Орбита-3» шағын ауданындағы «Орион» кафесінің есігін сындырып кіріп, құны 1 мың сомнан асатын спирттік ішімдіктерді ұрлап әкеткен.

Ал, Ақтөбе қаласында тұратын А. Д. Пикнес деген азаматтың үйінің есігін сындырып ішке енген үш баукеспе оны қатты соққыға жыққан соң, аңшы мылтығын кезеніп тұрып, пәтеріндегі қажетті заттарының көбісін алып кеткен. Есептей келгенде ұрланған дүниелердің құны 1200 сомнан асты.

Бүйте берсе қоймаларға да, үйлерге де темір есік салудан басқа амал қалмас. Бірақ, мынадай қат заманда ондай есікті табудың өзі оңайға түспейтіндей.

Жол қатері

Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Новоалексеев қыстағынан отыз шақырым жерде ГАЗ-2410 автомашинасы мен УАЗ-469 жеңіл машинасы бір-бірімен бетпе-бет келіп, қатты соқтығысты. Нәтижесінде алты адам қайтыс болды, бірнеше адам ауыр жарақат алды. Бұл – кездейсоқ оқиға.

Ал, Жамбыл облысындағы Сулыжер станциясының маңында № 2158 жүк пойызының төңкерілуіне қара ниетті біреулер себепші болған сияқты. Өйткені, қос рельстің арасын әдейі кенейтіп қоймаса ол аяқ астынан өз орнынан жылжымайды екен. Соның салдарынан 14 вагон қирап, 75 метр темір жол істен шықты, төрт байланыс бағанасы түбімен қопарыла құлаған.

**«Халық кеңесі» газеті,
18 қаңтар, 1992 жыл.**

ТОНАУҒА ТОСҚАУЫЛ

«Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Республика Президентінің Жарлығы шыққаннан кейін (12.12.91 жыл) Республика Ішкі істер министрлігі шұғыл іске кіріскен болатын. Мыңнан астам милиция қызметкерлерінен тұратын арнайы жасақ құрылып, 159 жерден мұқият тексеріп өткізетін бақылап өткізу пункттері (КПП) ұйымдастырылған. Бұл іс өз нәтижесін бере бастады. Тамақ өнімдері мен қымбат бағалы зәру заттарды басқа жаққа жасырын түрде әкету әрекеттері күрт бәсеңсігендей. Суыққолдыларға 391 рет тосқауыл қойылып, 2 миллионнан астам сомның дүниелері өзімізге қайтарылды.

Осындай игі шаралар қызу түрде қолға алынып жатқанда қаңтардың 22-сі күні «Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы шаруашылық қызметтегі шектеулерді алып тастау туралы» келісім жарқ ете қалды. Оны алдын-ала естіген «Экспресс» газеті (21.01.92) «Қазақстаннан Ресейге азық-түлік әкетуге енді жол ашық!» деп, дүйім жұртқа қуана жар салды.

«Бұдан кейін не болатынын өздерің де түсінесіңдер ғой» дегендей, право тәртібін қорғау өкілдері төмендегі деректерді ұсынды.

Тасып әкетіп барады

Осы айдың ішінде Атырау облысындағы ішкі істер басқармасы ұйымдастырған өткізу пунктінде Ставрополь өлкесінен осында әдейі келген Завыло И. Ф. деген делдал Теңіз ауданындағы РАПО қызметкерлерімен жең ұшынан жалғасып, 18 мың сомның азық-түлігі мен (ұн, қант, май, ет) т.б. өзімізге зәру болып отырған бөлшек заттарды «КамАЗ» машинасына лықылдата тиеп әкетіп бара жатқан жерінен қолға түсті.

Ал, Жамбыл облысындағы бақылау-өткізу пунктінде осындай 17 әрекетке тосқауыл қойылды. Соның арқасында 23 бас

ірі қара малдары, 18 жылқы, 26 қой мен қоса 2 тонна 600 кило азық-түлік заттары қайтарылып алынды. Тергеу жүріп жатыр.

Сөреге жетпей...

Бұған дейін талондық жүйемен өмір сүріп келдік. Ол өзін ақтамағаннан кейін «кәртішке» дегенді шығардық. Бірақ өзгерген ештеңе байқалмайды. Таңертеңнен кешке дейін ұшы-қиыры көрінбейтін кезекке тұрып, сүйекке таласқан иттей ырылдасып, кешке жақын ғана бірдеңеге қолың жетеді. Сөйтсек, азық-түлік жоқ емес, бар екен. Оны тығып, «сақтап» қоятын кімдер дейсіз ғой? Әлгі, басқа республикалардан келіп, көтерме бағамен сатып әкететін «делдалдар» да баяғы.

Тек осы аптаның ішінде Алматы қаласында үлкен үш қылмысты топтың әрекеттері әшкере болды. Олар темекі сататын 21 дүкеннің, арақ-шарап сататын 3 дүкеннің заттарын сөреге шығармай тығып тастаған. Сонымен қоса алыпсатарлықпен айналысып жүрген 95 сатушы жазаға тартылмақшы.

Ленин ауданына қарасты № 202/18 дүкеннің меңгерушісі К. Дауыткелдинова 2 тонна 600 кило сары майды, 464 кило етті (барлығы 32 мың сом) әлдекімдерге «сақтап» қойған. Ал, № 44-аптеканың меңгерушісі Гриценко 1010 сомның дәрі-дәрмегін сатуға шығармай, жасырып ұстаған. Бұл «өлмесең өме қаптың» кері емес пе?

Тоналған вагондар

Өзіміздегі барды арқалап әкетіп жатқаны аздай, енді келісім бойынша басқалардан алуға тиісті заттарымыз да қолымызға түгел тимейтін болды.

Мәселен, Сібір жақтан Алматыға қарай әкеліне жатқан контейнерлерді Семей мен Аягөз станцияларының арасында біреулер «тонап» кеткендіктен 40 мың 920 сомның дүниесі кем шықты.

Целиноград темір жолының бойында келе жатқан жүк пойызын тексергенде 107 мың 608 сомның тауарлары жетпейтіндігі анықталды.

Бұдан бұрын жүріп келе жатқан пойызды тонау әрекеттері туралы естіген едік. Ол басқа әңгіме. Алайда, контейнердің еш жері бүлінбей, оның есігіне салынған құлып пен белгі (пломба) бұзылмай-ақ, бағалы заттардың кейінгі кезде «қолды» бола беретіндігі таңқалдырады.

Бәлкім, бізбен тауар алмасушылар көлікке жүк тиеген кезде жартысын өздеріне алып қалып, сосын жол-жөнекей контейнерлердің құлпын «бұзып», белгісін «жұлып» немесе контейнердің «төбесін тесе салып», «тонатып алған өздеріңнен көріңдер» деп жайбарақат жүр ме деген күдік те жоқ емес. Әйтпесе, неге ел аман, жұрт тынышта вагондардағы тауарлар жоқ болып кетеді?

Ұрылар сотталды

Шымкент облыстық ішкі істер басқармасы – кәнігі ұрылар Х. Мұсаев, Б. Тұрысов, К. Дәулетов, Р. Миначаев дегендердің тергеу ісін аяқтап, сотқа жіберді.

Олар бұған дейін беттеріне противогаз (маска) киіп, қолдарына суық қару алып, бейбіт елді сыпыра тонап жүрген баукеспелер екендігі анықталды. Өткен жылы азаматтардың 2 жекеменшік машинасын ұрлаған, бірнеше рет бірігіп шабуыл жасау арқылы талай пәтерлерді тонаған Тұрысов – 11 жылға, Мұсаев пен Дәулетов – 9 жылға, Тұрманов – 8 жылға, Миначаев – 7 жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын қатаң жағдайда өтеуге кесілді.

**«Халық кеңесі» газеті,
25 қаңтар, 1992 жыл.**

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРДІ КІМ ШЕШЕДІ?

Теміржол саласы қызметкерлеріне айтылар сын көп. Өкінішке орай, олқылықтың көптігін несіне жасырамыз. Бұған жолаушылардың көздері күнде жетіп жүр десек, артық айтқандық емес. Бұл өмірде бәріміз де жолаушымыз.

Бір жаққа шыққың келіп, теміржол кассасының алдына бара қалсаң, маңдайыңыз тасқа тірелгендей күй кешесіз. Билет жоқ. Бірақ оның бәрі алыпсатарлардың қолында жүргендігін көріп тағы күйінесіз. Егер, әлгі билеттерді екі есе бағасына сатып алып, вагонға кірсеңіз, қаңыраған бос орындарға тап боласыз. Сәлден кейін осы бос орындарды тең-тең жүк көтерген коммерсанттар сатып алып, өздерінше жайғасып жатады. Вагондар қыста суық, жазда ыстық. Төсек-орын бұйымдарының әлдеқашан тозығы жеткен. Әйтеуір, ыстық су болғанына шүкіршілік етесің де, өзіңмен алып шыққан шайыңмен жүрек жалғайсың. Бұл жайында талай рет БАҚ-та мәселе көтерілді. Бірақ, ешқашан ештеңе өзгерген емес.

Осы аптаның басында Алматыдағы Ұлттық баспасөз үйінде журналистердің алдында арнайы шығып мәлімдеме жасаған теміржол саласының бұрынғы басшыларының бірі, кезінде «Жолсерік-Алматы» ЖШС-ты басқарған, 33 жыл теміржолда еңбек етіп, «Құрметті теміржолшы» атағына ие болған Роза Шамсудинова бар шындықты жайып салды.

Ол кісінің айтуына қарағанда, «Қазақстан теміржолы» бүгінде былық-шылықтың ордасына айналып кеткен. Мәселен, теміржолды қайта жасақтау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны бетке ұстаған осы саланың басшылары бұрынғы білікті мамандардың орнына кәсіпкерлер мен менеджерлерді, тіпті салаға еш қатысы жоқ балықшыларды қаптатып жіберген. Ал, 2004 жылдың 31 желтоқсанында өткен тендер бойынша Үкімет

тарапынан субсидия ретінде бөлінген 9,9 млрд теңгенің бүгін ізі де көрінбейді.

2004 жылы «Алматы-Шымкент», «Алматы-Петропавл», «Алматы-Маңғыстау», «Алматы-Мәскеу» бағыттарында қатынайтын пойыздарға 15-17 вагон тіркелсе, 2005 жылы олардың саны 10 вагонға дейін төмендеп кеткен. Себебі, 60 жолаушы вагоны қыста қатып қалып, істен шыққан. Сонымен қатар, жоғарыдағы көрсетілген мол қаржыны жасыру мақсатында ҚТЖ басшылары «Жолсерік-Алматы» филиалы жанынан «Жетісу» филиалын құрған. Бірнеше адамдарға қосымша айлық төленген. Ол адамдар отыратын кеңсе жалдаған. Бұл жөнінде Р. Шамсудинова Бас прокуратурадан бастап, Парламент Мәжілісіне, Үкіметке, тағы басқа құқық қорғау органдарына арыз жазыпты.

Нәтижесінде орталық аймақтық көлік прокуратурасы 2005 жылдың қыркүйек айында «Жетісу» филиалының ашылуын заңсыз деп тауып, наразылық келтірген. Бірақ, бұл шешім күні бүгінге дейін орындалмай келеді. Р.Шамсудиновамен бірге журналистердің алдына шыққан пойыз жолсерігі Т. Көпжасарова ескі вагондарды өздері қалталарынан ақша шығарып, қалай жамап-жасағандарын, өз қаржыларына көмір сатып алып, вагондарды жылытатындарын, тағы басқа мемлекет тарапынан бөлінуге тиісті қаржының орнына өз айлықтарынан жырымдап төлеп, жолаушыларға қызмет көрсетуге мәжбүр болғандарын жасырмады.

Сонымен қоса, Р. Шамсудиновамен бірге қызмет атқарған «Алатау» ЖШС филиалының заңгері А. Тампишев, қоғамдық қорғау филиалының директоры А. Матаева біраз деректерді келтіре отырып, ҚТЖ-да орын алған кемшіліктердің барлығын ортаға салды. Осы келеңсіздіктерді Елбасына жеткізуімізді сұрады. Жеткізу деген – осы. Енді нәтижесін күтейік!

**«Президент және Халық» газеті,
20 қаңтар, 2006 жыл.**

ТҰРҒЫН ҮЙ ДАУЫ

Жақында Астанада Жоғарғы соттың төрағасы Қайрат Мәмидің басшылығымен өткен басқосуда екі маңызды мәселе қаралды. Біріншісі, меншік иесінің бұрын тастап кеткен үйіне меншік құқығы туралы дауларды соттардың қарау тәжірибесі болса, екіншісі, қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелеріне арналды.

Бірінші мәселе бойынша баяндама жасаған ҚР Жоғарғы сотының судьясы Мәрзия Балтабай бұл қылмыстар қазіргі кезде елімізде өткір проблемаға айналғанын тілге тиек етті. Таяуда облыс әкімдерімен өткен кеңесте Президент осы істерді тезірек қолға алуды тапсырған болатын. Еліміздің көптеген жерлерінде, әсіресе, Қостанай облысындағы Арқалық, Жітіқара секілді шағын қалаларда, Қарағанды облысында кезінде өз пәтерлерін тастап, көшіп кеткен азаматтар енді еліміздегі экономикалық жағдайы түзелгеннен кейін қайта оралып, баспаналарын талап етіп жатыр. Қазіргі кездегі қолданыстағы заңдарға жүгінсек, олардың бұл әрекеттері дұрыс та.

Бірақ, мәселенің екінші жағы да бар. Ол – аталған үйлерде қазір жергілікті атқарушы биліктердің шешімдерімен басқа адамдардың тұрып жатқандығы. Жаңа қожайындар кезінде қараусыз, қаңырап қалған үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, коммуналдық төлемдерін төлеп, үйді толық қирап, бүлінуден сақтады. Егер де, олар болмаса қазір ол үйлер де болмас еді.

Рас, кезінде еліміз қиыншылықтарға ұшыраған өткен ғасырдағы 90-шы жылдары көптеген адамдар басқа елдерге, басқа жерлерге көшіп кетті. Олардың көбі «Жаман дос – көлеңке, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың, күн шалса құтыла алмайсың» дегендердің қатарынан екендігіне еріксіз қынжыласың.

Бірақ, бір қызығы, соттардың соларды жақтап шешімдер шығарып жатқандығы. Бұны біліп алған кейбір азаматтардың

оны бизнеске айналдырып алғандығы. Бұрынғы қожайындардан сенім хат жазғызып алып, еркін қимылдауда. Жергілікті билік болса дәрменсіз. Өйткені, кезінде өздері заң талаптарын толық сақтамаған.

Заңда коммуналдық тұрғын үйді пайдаланудың ерекше тәртібі белгіленген. Тәртіпте, әкімшіліктің арызы бойынша, өзіне қарайтын аумақта мұндай иесіз мүлік белгілі болғанда, ол мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның есебіне алынуы тиіс. Осы органның талабы бойынша бір жыл өткен соң, аталған тұрғын үй сот шешімімен иесіз деп танылып, коммуналдық меншікке берілуі мүмкін. Бірақ, іс жүзінде бұлай болмаған. Жергілікті әкімдіктер кезінде заңды білмегендіктен бе, әлде енді олардың қайтып келетіндігіне, қазіргідей жағдайдың қалыптасатынын алдын ала сезбегендіктен бе, бұндай әрекеттер жасамаған. Ал, атқарушы билік заңға сәйкес әрекет еткен жерлерде қазіргі кезде дауға айналып жатқан баспана бұрынғы тастап кеткен меншік иесіне емес, тәртіп бойынша жаңадан алған меншік иесіне бұйыруда.

Отырыста сөз сөйлеген Арқалық қаласы сот төрағасының айтуынша, қазіргі кезде аталған қалада 3 мыңнан астам бұрынғы иелері тастап кеткен пәтер бар. Соның кейінгі кездері 500-дейінің қожайындары қайтып келіп, өз пәтерлерін даулаған. Сот та амал жоқ, негізінен соларды жақтап шешім шығарып берген. Бұл жерде негізгі себеп, кезінде ешкім сатып алмаған үйлердің енді рыноктағы бағасының көтерілуі болып отыр. Сондықтан, көбісі тіпті қайтып келіп, тұру үшін де емес, сату үшін әрекет етуде деуге толық негіз бар. Бұған Қостанай облыстық әкімдігі аппарат қызметкерінің сөйлеген сөзі дәлел бола алады.

Оның айтуынша, қазіргі тұрып жатқан адамдар болмағанда, жалпы қала, оның коммуналдық қызметі дағдарысқа ұшырайтын еді. Тіпті, көп пәтерлі бір үйдің 70 пайызына дейін босап қалған кездері болған. Бұндай үйлерге жылу, жарық беру мүмкін емес. Бұрынғы қожайындары көшерінде есік, терезелер

мен жылу келетін құбырларға дейін өздерімен алып кетіп отырған. Сондықтан, жергілікті әкімдіктер қалған тұрғындарды өз еріктерінен тыс қаланың ортасындағы үйлерге қарай жинаған. Сөйтіп, қаланы қыстан аман алып шығу қамдарын жасаған. Соның арқасында Арқалық қаласында қыс бойы 60 мың тонна мазут жағылатын болса, оңтайландырудан кейін 20 мыңға түскен.

Қазір еліміздегі жағдай түзелді. Мысалы, жаңағы Арқалық қаласында қазір бос қалған пәтер жоқ деуге болады. Тіпті 300-ден астам адам пәтер кезегінде тұр. Адамдардың ертеңгі күнге деген сенімдері нығайып келеді.

Жалпы Жоғарғы соттың бұл қадамын сәл кешігіп жасалған әрекет болса да әбден дұрыс деуге болады. Алдағы уақытта да осындай оқиғалар орын ала бермек. Сонда, жергілікті атқарушы органның да, соттардың да жүгінер заңы дап-дайын тұрады. Әрі бұл өз азаматтарымызды қорғаудың қажеттілігінен туындап отырған қадам.

Отырысқа қатысушы Президент Әкімшілігінің, Жоғары сот кеңесінің, Бас прокуратураның басшылары мен өкілдері, облыстық әкімдіктер мен сот қызметкерлері даулы үйді кейінгі иесіне қалдырған дұрыс деген ниеттегі өз ой-пікірлерін білдірді. Бұл үшін заңдарға біраз түсініктемелер беріледі. Ал, Жоғарғы сот болса осы тұрғыдағы қаулы қабылдамақ.

**«Президент және Халық» газеті,
28 сәуір, 2006 жыл.**

САРЫ АЛМАСТЫ ТҮРМЕДЕН КІМ ШЫҒАРДЫ?

Осы сауал көптен бері елдің көкейінде жүрген. Құқық қорғау органдары бұған тура жауап беруден тайсақтап, бір-біріне сілтеген кездері де болды. 27 қараша күні бұл іске кінәлі адамдар да анықталды.

Ішкі істер министрлігінде өткен алқа мәжілісінің күн тәртібіне қойылған дәл осы мәселе жөнінде біраз адам жауап берді. Бір қызығы, олардың бәрі өз кінәларын мойындап, қандай жазаға да дайын екендіктерін білдірді.

Бұл іс бойынша арнайы құрылған комиссияның қорытындысына құлақ түрсек, жағдай төмендегідей.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бұрынғы төрағасы Михаил Малаховқа пара беру арқасында бес-ақ жылға сотталды деген атышулы қарақшы Нәсенов Несіпбай (бүркеме аты Сары Алмас) Маңғыстау түрмесінде жазасын өтеп жатқанына бір жыл енді тола бастаған. Міне, осы қарсаңда түрмеде отырғандардың кейбіреуіне рақымшылық жасау (амнистия) жөнінде заң шықты. Заңда қылмысының ауыр-жеңілдігіне, жас мөлшеріне, тағы басқа бірнеше белгілеріне байланысты ғана жеңілдік жасау көрсетілген. Ал, Нәсеновтің жасаған қылмыстары тым ауыр еді. Бірнеше жыл бойы Алматы қаласын «уысында ұстаған» қарақшы Қылмыстық кодекстің төрт бабын бірдей аркалап кете барған.

Оны енді түрмеден шығарып алуға тырысқандар алдымен дәрігерлердің аузын алғанға ұқсайды. Маңғыстау облысының «ақ халатты абзал жандары» оны екінші топтағы мүгедек деген қорытынды шығарыпты. Бас прокуратураның ресми өкілінің айтуына қарағанда, бұл құжаттың қолдан жасалынғандығы жай көзге-ақ көрініп тұр.

Сондай-ақ, әлдекімдер заңды бұза отырып, Нәсеновті сырттағы «жақын-жуықтарымен» кездестірген. Ішкі істер

министрінің айтуына қарағанда, бұл шара КНБ-ның кейбір адамдары тарапынан жасалған.

Нәсеновтің бүкіл құжаттарын дайындап болып, енді түрмеден шығаруға екі сағат қалғанда ғана бұл жөнінде Ішкі істер министрлігіне хабарланған. Алайда, мұндағы түрме саласына жауапты адамдар не министрге, не оның орынбасарларына бұл жөнінде ештеңе айтпаған.

Ішкі істер министрі Қ. Сүлейменов мырза осыған қатты күйіне отырып, Маңғыстаудағы түрме бастығы подполковник К. Габбасовты, тағы басқа жауапты адамдарды алқа мәжілісі үстінде жұмыстан босатты, біразына әкімшілік шаралар қолданды.

Атышулы қарақшыны босату ісіне жалғыз түрме бастығы кәнілі десек, қателесеміз. Бұған тек Ішкі істер министрлігі айыпты деп жауырды жаба тоқуға тағы болмайды.

Нәсеновтың қылмыстары рақымшылық жасау жөніндегі заңға үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығын біле тұра заңдылықтың сақталуын екі қарап, бір шоқуға тиісті облыстық прокуратура қайда қараған?

Ішкі істер министрлігі өздері ашқан бұл істі олардың қолынан жұлып алып, тергеп-тексеріп жатқан МТК-ның «қырағылығы» да тым кештеу және бұл әрекеттері оларды жауапкершіліктен құтқармауға тиіс.

М. Малаховтан аяқ астынан «айырылып» қалған КНБ-ның өкілдері енді түрмеде отырған Нәсеновты неге айналсоқтап жүрді? Қарақшының шет елге кетуіне жол ашқан кімдер? Сұрақ көп. Оған алдын-ала жауап беріп, сәуегейлік таныту біздің міндетімізге жатпайды. МТК тексеріп жатыр екен. Тек жіптің ұшы тағы да бір жер де «қиылып» түспесе болды да.

«Егемен Қазақстан» газеті,
26 қараша, 1996 жыл.

ТҮРМЕДЕН ШЫҒАРУДЫ КІМ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ?

26 қараша күні «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде «Сары Алмасты түрмеден кім шығарды?» деген тақырыпта мақала жазып, осы іске тікелей кінәлі адамдар анықталғанымен, ұйымдастырушылар белгісіз күйде қалып отырғаны жайында хабарлағанбыз.

Сонымен қоса, бұл істі түбегейлі тергеуді қолға алған МТК-ның алдағы жұмысына сәттілік тілеуімен қатар «осы «қырағылықтарының» тым кештеу» емес пе дегендей сын айтқанымыз да рас. Себебі, 27-қараша күні Ішкі істер министрлігінде өткен алқа мәжілісінде министр Қ. Сүлейменов мырза Нәсеновтің түрмеден шығуына жалғыз Ішкі істер министрлігі ғана емес, басқа да құқық қорғау органдары, оның ішінде МТК-да кінәлі дегенді ескерткен болатын.

2-желтоқсан күні Республикалық МТК төрағасының орынбасары Р.Тілеуханов мырза бізге бұл жөнінде былай деді:

– Әдетте, сотталып, жазасын өтеп жатқандар үшін Ішкі істер министрлігі жауап береді. Біздер, яғни тергеушілер тергеу абақтысында уақытша жатқандар үшін жауап береміз. Егер осы жерден біреу заңсыз шығып кетсе, кінә бізден. Бірақ, мына жағдайға байланысты тергеу комитетінің ешқандай айыбы жоқ. Керек десеңіз, біздер Нәсеновті түрмеден шығаруға астыртын дайындық жүріп жатқаны жөнінде Ішкі істер министрлігіне, Бас прокуратураға, Маңғыстау облыстық сотының төрағасына алдын ала жазбаша түрде, тіпті ауызша да хабарладық, – дей келіп, Р.Тілеуханов ол хаттарды алдымызға жайып салды.

Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Н.К. Чиняевтың атына бұл хат 18-қазан күні МТК төрағасының орынбасары Р. Тілеухановтың қолымен жөнелтілсе, Бас прокурор С.И.Шуткин мен Ішкі істер министрі Қ. Ш. Сүлейменовтың атына 21-қазан күні МТК төрағасы Ж. А. Тұяқбаевтың өз қолымен жөнелтілген екен. Хаттардың мазмұны бірдей.

Онда былай делініпті:

«Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бас басқарманың қызметкерлеріне мынадай суық хабар келіп түсті.

Маңғыстау облысындағы №23 Еңбекпен түзету колониясының әкімшілігі осында 1995 жылдың маусым айынан бері Қылмыстық Кодекстің 202-бабы 3-бөлімі және 135-баптың 2-бөлімі бойынша жазасын өтеп жатқан Нәсенов Несіпбай Болатбекұлы (бүркеншік аты «Сары Алмас») шартты түрде мерзімінен бұрын босатып жіберу мақсатында құпия құжаттар дайындап жатыр.

Нәсенов Н.Б. Алматыдағы және республика аумағында ұйымдасқан қылмыстық топтың басшысы, қылмыс әлемінің серкелерімен тығыз байланыста және олардың арасында өзіндік орны бар. Ол №23 Еңбекпен түзету колониясында отырып-ақ, өз тобына билік жүргізуде. Бұған колония әкімшілігі де жағдай туғызып, оның өз «қонақтарымен» кедергісіз кездесуіне мүмкіндік жасауда.

Нәсеновтың маңайындағылар өз басшыларын түрмеден шығарып алуға септігі тиеді-ау деген лауазымды адамдарды сатып алудың жолдарын қарастырып жүр. Оны жүзеге асыратын бірден-бір адам – адвокат Н. деген азаматша (толық аты-жөнін айтуға әлі ерте.С.Ж.). Ол 15-17 қазан күндері Нәсеновте және колонияның әкімшілігінде болды.

Осы жағдайларды ескере отырып, Нәсеновті шартты түрде мерзімінен бұрын босату жөнінде дайындалып жатқан құжаттарды қатаң назарға алуларыңызды, оның заңдылық жақтарын тексерулеріңізді және Нәсеновті сырттан келушілермен емін-еркін жүздесуге жол бермей, оқшаулап ұстау жағын қарастыруларыңызды сұраймын.

Төраға,

Әділет генерал-полковнигі Ж.А.Тұяқбаев».

Көріп отырсыздар, Нәсеновты түрмеден босату әрекеті құқық қорғау органдарының біразына алдын-ала белгілі болған. Бірақ, Ішкі істер министрлігіндегі түрме саласына жауап-

ты адамдар Нәсеновті түрмеден шығаруға екі сағат қалғанда ғана білгендігі, ал министр мен оның бірінші орынбасарына бұл хабар 10 күннен кейін ғана жеткендігі жөніндегі әңгімелер біздің диктофонымыздың таспасында сайрап тұр. Сонда қалай болды өзі?..


Айтпақшы, Н.Нәсеновтің шетелдік төлқұжатын Ішкі істер министрлігінен МТК қызметкерлері алып қойғандығы жөнінде сұрағанымызда Р. Тілеуханов:

– Нәсеновте ондай төлқұжаттың 20 шақтысы болуы мүмкін. Оның бәрі Ішкі істер министрлігі тарапынан беріледі, егер берілсе... Нәсенов қазір шетелде жүр. Ол жайында бізге хабар да жетті,— деп еді. «Естімеген елде көп» деген осы.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
4 желтоқсан, 1996 жыл.**



ІІІ. БӨЛІМ.



ЖУРНАЛИСТІК АЙҒАҚТАМАЛАР



АЛЫПСАТАРЛАР АЛШАҢДАЙ БЕРЕ МЕ?

Социалистік меншікті ұрлауға қарсы күрес жөніндегі республикалық басқарманың биылғы бірінші тоқсанында жасаған жұмыс қорытындылары бойынша 4288 сауда мекемелері тексеріліп, 456 ұрлықтың беті ашылыпты. Сонымен қатар, 691 рет сауда қызметкерлерінің халықты алдауға жол бергендігі, қажетті заттарды тығып қойғандығы анықталған. Қоймалар мен базалардан қымбат заттар заңсыз сатылып бара жатқан жерінде 297 рет тосқауыл қойылыпты. Сөйтіп, барлық жиыны 302 800 сомның бұйымдары қайтарылған.

Қарапайым халық қазіргі кезде күнделікті тұрмысқа қажетті ұсақ-түйек заттардан бастап, азық-түлік, киім-кешекке дейін зәрулік көріп отырғаны ешкімге құпия емес. Дүкендерден іздегеніңді таба алмайсың. «Кешегі тоқырау жылдарында осылардың бәрі өтпей тұрушы еді, қайта құру кезеңінде түгелдей жер жұтты ма?» деген ренішті сөздерді әр жерден-ақ естіп қаламыз.

Таяуда үй жиназдарын жасайтын Алматы «Мерей» өндірістік бірлестігінде болғанымыз бар. Тоқсандық жоспарды орындау үшін ондағылар жанталасып жатыр екен. Конвейерден жаңа шыққан бұйымдар буылып-түйіліп, сол сәтте-ақ тиісті жерлерге жөнелтуде. Дүкенге келсең, апта бойы, ай бойы кезегін күтіп, салы суға кеткен адамдар.

Сондай-ақ, кез-келген кәсіпорынға барсаңыз да қол қусырып отырған ешкімді кездестіре алмайсыз. Жоспарларын асыра орындамағанымен, әйтеуір жұмыс жүріп жатады, өнім шығып жатады. Бұлар дүкенге неге түспейді? Бәлкім, әлгі «көлеңкелі экономика» деген бар деп естуші едік, сол құрдымға батып кетті ме екен? Бірақ, жақында ғана оларды, яғни алыпсатарларды ауыздықтайтындай мықты заң күшіне енді. Одан кейін де ештеңе өзгермесе...

Осы ойлардың ұшығына жету үшін сәуірдің соңғы жексінбісінде Алматының солтүстік-батысындағы жайма базарға бет алдық. Бір танданғанымыз – саудагерлер бұрынғыдан да еркінсіп кеткен сияқты. Зәру заттардың бәрі солардың қолында. Өздері ешкімнен қысылып-қымтырылмайды. «Екі есе бағасына алсаң ал, алмасаң жолың әне!» дегенді қас-қабақтарынан-ақ танытып тұр. Базар дегенді біздер – әркім жасаған заттарын, артық-ауыс дүниелерін сататын орын деп білуші едік. Бірақ мұнда су жаңа техникалық тетіктер, үйлердің жылу жүйелеріне қажетті саймандар, киім-кешектің небір түрлері аяқ басқан сайын алдыңнан шығады. Қайсыбірін айтайық, құс сүтінен басқаның бәрін осы жерден тауып алуға болады.

Ал енді заңды қорғаушылар, социалистік меншікті талан-таражға түсірушлерге қарсы күрес тобы не қарап жүр деген сауалдар еріксіз ойыңа оралады. Олар текке қарап жүрген жоқ екен. Былтыр ғана қоғамдық қылмыстарға қарсы күресте жоғары көрсеткіштерге жетіп, қалааралық ауыспалы туды жеңіп алған Калинин аудандық БХСС тобының қызметкерлері алыпсатарларды «жаналқымға» алып жатқанда, дәл үстерінен түсіппіз. Манағы дүниені алшысынан басып жүргендердің көбісі мүләйім күй кешіп, әйелдер жағы көздеріне жас ала бастапты. Әрқайсысы әртүрлі сылтау айтқанмен, бәрібір құтыла алмады – 100 сомнан айып төлеп, қолға түскен дүниелері қайтарылды.

Тоғызыншы класта оқитын бір жеткіншек тозығы жеткен аяқ киімін көрсетіп: – Мына күйіммен мектепке қалай барамын. Жалғыз шешемнің айлығы бәрімізге жетпейді. Ағайындарымыз осыны әпкеме туған күніне сыйлаған. Жоғары бағаға өткізіп, арзан болса да бір бәтеңке алып, кисем деп едім. Өзіме қайтарып беріндер. Шешем өлтіреді ғой,– дейді жалбарынып. Халықтың жағдайы осыншама төмендеп кеткен бе, әлде ол бала қорыққаннан өтірік айтты ма, белгісіз. Сондықтан, аты-жөнін атағымыз келмей отыр. Ал мына Аубакирова Зухра есімді әдемі бойжеткен нарқы қымбат шет елдік бұйымдармен қоса ауруханаларда таптырмайтын бірқолданба шприцтерді сатып жүрген

жерінен қолға түсіпті. Өзі сол салада істейді. Әрине, оған да тиесілі жаза қолданылады.

БХСС қызметкерлері ұстап әкелген алыпсатарларды әр бөлмеге кіргізіп жатыр, кіргізіп жатыр. Ал, сырттағы саудагерлердің арасында түйені түгімен жұтатын талайлардың әлі тайрандап жүргені анық. Осы орайда Калинин аудандық БХСС тобының бастығы Совет Салықбаев жолдасты жолықтырып, әңгімеге тартып едік, ол кісі іркілмеді.

– Алыпсатарлық – біздің қоғамдағы үлкен бір індетке айналды ғой,– деп бастады сөзін. – Дәл бүгінгідей әдіспен қимылдасақ, мына қаптаған саудагерлердің жартысынан көбісін жауапқа тартуға тура келер еді. Бірақ, өйтіп алыпсатарлықты тыя алмаймыз. Қараңыз, дәл қазірге дейін 134 адамды ұстап, заттарын тәркіледік. Сонымен қоса, әрқайсысына 100 сомнан айып салынды. 50 адамды қалалық атқару комитетінің әкімшілік комиссиясына жібердік. 22 адамның ісі сотқа берілді. Нәтижесінде, олардан түскен 10350 сом ақша үкімет қорына аударылды. Осымен іс біте ме? Әрине, жоқ. Нағыз алаяқтар оңайлықпен ұстатпайды. Олардың соңына түсемін деп жүргенінде қалғандары өз істерін «тындырып» үлгіреді, – деп Сәкең қараңөпір халықты қолымен нұсқады.

– Сонда біздің қоғамда алыпсатарлықты жоюдың жолы жоқ демекшісіз бе? .

– Неге? Бар, бар. Бірақ таяу арада шешіле қоятын шаруа емес. Ол үшін ең алдымен экономикадағы келеңсіздіктерді жою керек. Қажетті заттар дүкен сөрелерінде толып тұрса, мұнда әкеліп оны ешкім де екі есе бағасына сата алмас еді. Тоғышарлардың жөні бір басқа. Қарапайым халықтың көбісін кейінгі кезде алыпсатарлық жасауға өзіміз мәжбүр еткендейміз. Мысалы, үш-төрт баласы бар жалғыз басты әйелдің тұрмыс-жағдайын көз алдыңызға елестетіңізші. Алатын айлығы 120 сомнан аспаса, бала-шағасын қалай асырайды? Кейде шындыққа көз жеткізу үшін үйіне барып тексереміз. Сонда бізде көптеген жанұялардың кедей тұратынын біліп, еріксіз қиналасың.

«Қанша жерден айып салсаңдар да осыдан басқа амалым жоқ» дегенді ашық айтады және олар ұрламайды. Дүкенге түсе қалған зәру затты күні бойы кезекке тұрып сатып алады. Сосын базарға әкеп қайта сатады. Өйткені, ол затқа сұраным көп екенін жақсы біледі.

– Дұрыс айтасыз, кейде көп-көрім қызметте істейтін көрікті келіншектердің өздері кеңсені іштен жауып ап, тападай тал түсте көйлектерін «өлшеп» жатады ғой. Мұндайларды мәдениетті алыпсатарлар дейміз бе?

– Жоқ, мен оларды нағыз алыпсатарлар дер едім. Мана айттым, нағыз алыпсатарларды ұстау қиын деп. Олар мұндай жерлерге келмейді де. Өздерінің тамыр-таныстарына, сенімді адамдарына ғана зәру заттарды ұсынады. Ал, оның ар жағында тағы біреулермен жең ұшынан жалғасып, қоймадағылармен, қолында барлармен, «іскерлермен» сыбайлас болып келеді. Ондай адамдар күнде қасымызда жүруі мүмкін. Бірақ біз бәрін байқай бермейміз. Байқасақ та олардың алыпсатар екенін дәлелдей алмаймыз.

– Сәке, осы пікіріңізді нақтылай түссеңіз.

– Жарайды. Мысалы, аяқ киіміңіз әбден тозса, жалаң-аяқ жүрмейсіз ғой. Сапасы нашар дүниені тағы алғыңыз келмейді. Сондайда бір танысыңыз «өзіне сыймай қалған» жап-жаңа туфлиді сізге көтерме бағамен ұсына қойды дейік. Сіз оны қуана-қуана сатып аласыз, тіпті алғысыңызды айтасыз. «Жоқшылық не істетпейді» деген осы.

– Сонымен алыпсатарлықтың туындау себептері сан түрлі демекшісіз ғой. Оның алдын алуға бәрібір міндетті емессіз бе?

– Алыпсатарлыққа қарсы жаңа Указ шыққаннан бері біраз жұмыстар істелді,— деп Сәкең қолындағы қағаздардың арасынан Указдың тасқа басылған көшірмесін алып шықты. Сосын 165-статьяны оқи бастады.

– Мұнда: «пайда табу мақсатымен ұсақ алыпсатарлық жаса-са, яғни шамалы мөлшерде халық тұтынатын товарларды және өзге құнды заттарды сатып алса және қайта сатса, егер тапқан пайдасының мөлшері 100 сомнан аспаса мүлкі конфискеленіп,

не конфискеленбей 100 сомнан 300 сомға дейін айып салынады» делінген. Былай қарағанда бәрі дұрыс. Бірақ осы жерде біраз ширататын сәттер бар екенін екінші бірі түсіне бермейді. Сондықтан, ойымды қарапайым мысал арқылы жеткізуге тырысайын, – деді Сәкең. Біз сөзін бөлмедік.

– Мысалы, мемлекет бағасы бойынша 100 сом тұратын етікті бір адам 150 сомға сатты дейік. Біз әзірге оған ескерту жасаймыз. Себебі, оның тапқан табысы әлі 100 сомға жеткен жоқ. Олай болса, жаңағы адамның екінші етікті тағы да 150 сомға сатуын күтуіміз керек пе? Мүмкін, ол оны бүгін сатпай, кейін басқа жаққа апарып сататын шығар. Сонда, жаңа Указ бойынша алыпсатарларға 99 сом 99 тиын пайда табуына рұқсат берілген сияқты. Осы жері түсініксіз. Алыпсатарларға салынатын айып мөлшерін көбейткенмен, оның табыс мөлшерін көбейтпеу керек еді. Дәл қазіргі кезде алыпсатар 10 сом көлденең табыс тапса, 100 сом айып төлейтіндей заң шығару артықтық етпейді деп ойлаймын.

Екінші мысал. Тағы бір адам 100 сомдық етікті 200 сомға сатты дейік. Бұл адамды айыпқа тартуға болады. Бірақ, енді етікті «қайта сату үшін сатып алғанын» дәлелдеуіміз керек. Ал, ол неше түрлі сылтау айтады. «Кеше ғана осы жерден 200 сомға сатып алып едім, аяғыма сыймай қалды, бүгін сол

бағасына қайта сатып тұрмын» дейді, тағы басқа. Бұндайда не істеуге тиіспіз? Үйін тінтуге қақымыз жоқ. Біздің жұмысымыз осылай қиындай түседі, ал керісінше, алыпсатарлардың алдынан даңғыл жол ашыла түсетіндей. Бірақ, бұған қарап біздерді алыпсатарлардың алдында мүлдем дәрменсіз екен деген пікір туып қалмағаны жөн. Әзірге айла-тәсіліміз таусыла қойған жоқ. Әйтпесе, мана ғана жапон магнитофонын 2000 сомға сатқан АЗТМ-ның жұмысшысы В. Е. Вожаевты, ҚазМУ-дың физика факультетінің механигі И. Ю. Савченковты мойындата алмас едік. Олардың ісі сотқа тапсырылды, 100 сомнан айып төледі. Тек, заң шыққан соң, жүзеге асыру жағы тереңірек ойластырылып жасалса деген тілек тұрғысынан айтып жатырмын, – деп Совет Салықбаев әңгімесін аяқтады.

Бұл сұхбаттан кейін келесі күні Ішкі істер министрлігіне қарасты БХСС Басқармасы бастығының орынбасары Қанат Әбішевке жолығып, жаңа Указ туралы ойымызды одан әрі сабақтадық. Ол кісінің пікірі де Совет Салықбаевтың айтқандарымен дәп түсті.

– Біздегі заң шығару орындары, әсіресе Юстиция министрлігі кейінгі кезде төменгі жақтың тілек-талабымен санаспай, тек жоғары жаққа жалтақтай беретінін жасырғым келмейді. Егер сіздер ащы шындықты жазсаңыздар, көбін ашық айта аламыз,– деді ол кісі. Біз уәде бердік.

– Ендеше,– деді Мәкең сөзін одан әрі жалғап. – Осы заң алдымен РСФСР-да қабылданды. Ал, біздегілер оны сарғайып күтіп жүрді де, ойланбастан сол күйінде көшіре салды. Мәселен, айып мөлшерін не себепті 100 сомға жеткізгенін мен өз басым түсінбеймін. Ал, 165-статьядағы «сатып алса және қайта сатса» (скупка) деген сөзді алып тастау туралы Юстиция министрлігіне жазбаша ұсыныс та жасағанбыз, бірақ ескерілмеді. Себебі, алыпсатарлар дегеніміз – қоғамға тікелей шығын келтірмейтін адамдар. Біз оларды көбінесе моральдық жағынан кінәлаймыз.

Қанатпен болған бұл әңгімеде біраз ойларымыз бір жерден шығып жатқандай көрінген еді. Дегенмен, соңғы пікірмен келісе алмадық. Өйткені, алыпсатарлық дегеніміз – онсыз да мынау күрделі кезеңде барымызды жоқ етіп, экономикамыз бен саясатымызға да кесірін тигізе бастаған қоғамдық дерт деп қарағанымыз жөн. Оның үстіне оларға қарсы шыққан заңның әлі де күңгірт тұстары бар. Ендеше, алыпсатарлар арамызда талайға дейін алшаң басып жүре беруі ықтимал. Сондықтан, келеңсіз құбылыстың алдын ертерек орағанымыз дұрыс деп білеміз.

«Халық кеңесі» газеті,
9 мамыр, 1990 жыл.

АСПАНДА «АСЫР САЛҒАН» ШЕНЕУНІКТЕР

Бұл іс жайында өз пікірімізді білдірмес бұрын Республикалық Бас прокуратураның деректерін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

«Эйр Қазақстан» авиакомпаниясының ұшақтарын тегін пайдаланып, көк аспанда қырандай қалықтап жүрген бірнеше лауазымды адамдардың заңсыз қылықтары туралы қылмыстық іс Бас прокуратура тарапынан тексеріліп бітіпті.

Бұрынғы «Қазақстан әуе жолы» деп аталатын ұлттық авиаккомпанияның орнына «Эйр Қазақстан» деген атпен дүниеге қайта келген бұл авиакомпания еліміздің осы саласындағы қалыптасқан дәстүр бойынша жаңаша жұмыс жүргізеді, қаржы-шаруашылық мәселелерін уақыт талабына сай ұйымдастырады деген үміт пен сенім мол еді.

Өкінішке орай, тексеру барысында жаңа компанияның жаңа басшылығы, дәлірек айтсақ оның президенті Бектұров Р.С. мырза үлкен сорақылыққа жол бергені белгілі болып отыр. Ол кісі жоғарғы жақтың ресми нұсқауынсыз-ақ өзінің арнайы бұйрығымен авиабилеттерді тегін алуға «құқысы бар» адамдардың тізімін бекітіпті. Әрине, жұмсалатын қаржы компанияның есебінен бөлінген.

Соның арқасында Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация министрі өз қалтасынан бір тиын шығармастан көк жүзінде 42 рет қалықтаса, вице-министрі аспан төсін 44 рет тегін шарлап өтіпті. Осындай тегін қызметті пайдалануда бұлардан қалыспауға тырысқан адамдар да бар. Олар: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті директорының орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңсесінің мемлекеттік шешімдерді әзірлеуді үйлестіру бөлімінің кеңесшісі, азаматтық авиация басқармасының бастығы бар.

Олар тек өздерінің жеке бастары үшін ғана 222 рет авиабилеттерді тегін пайдалана отырып, «Эйр Қазақстан» компаниясына 2,2 миллион теңге залал келтірген. Ал, осы мекеменің қарапайым қызметкерлері бірнеше айдан бері жалақыларын ала алмай, безек қағып жүргені баршаға мәлім. Жоғарыда аттары аталған лауазымдылар тегін жүрген билеттерінің құнын компанияға қайтара бастапты. Сондықтан, іс Тәртіптік кеңестің құзырына берілген.

Тәртіптік кеңестің шешімінен кейін олардың аттарын атап, түстерін түстеп хабарлайтын боламыз.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
26 тамыз, 1998 жыл.**

БҰЛ СӨЗІМДІ БАСҚАЛАР БІЛСЕ ҒОЙ...

Өткен жылдың 23 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінде өткен баспасөз конференциясында ішкі істер министрінің орынбасары, полковник Бексұлтан Сәрсеков мырза журналистердің алдында осылай деп мәлімдеді. Бұлай деудің бірнеше себептері де бар еді.

Елімізде қылмыстық жағдайлардың күннен-күнге өршіп бара жатқаны жайында баспасөз беттерінде де, теледидар арқылы да қаншама байбалам салып айқайлағанымызбен жағдай әзірге өзгерер емес. Бұл аз болғандай, енді республиканың ішкі байлығы – азық-түлік, киім-кешек, т.б. күнделікті өмірге қажетті заттардың өзін шет жаққа заңсыз жолмен тасып әкету әрекеттері белең алыпты. 1991 жылдың 12 желтоқсан күні, яғни осыдан тура бір жыл бұрын республика Президентінің арнайы шығарған «Қазақстан жұртшылығын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі қосымша шаралар» туралы Жарлығы да жүзеге аспай жатқанын құқық қорғау органдарының өкілдері осы бас қосуда ашық айтты. Президент Жарлығын жүзеге асыру жолында Ішкі істер министрлігімен бірге шұғыл шара қолдануға тиісті – Бас кеден басқармасы мен Қаржы министрлігі ешқандай әрекет жасамай отырғанын Б.Сәрсеков мырза журналистердің алдында жасырмады.

– Бұл арада,– деді ол кісі, – осы ведомстволардың басын біріктіріп, игі іске жұмылдыратын бір үйлестіруші орган керек сияқты. Егер, өзгелері бұған қарсы болмаса, осы міндетті Ішкі істер министрлігі өз қолына алуға дайын. Онсыз ештеңе өнбейді. Менің бұл сөзімді басқалары да білгенін қалар едім...

Иә, Ішкі істер министрі орынбасарының мына сөзінде жан бар. «Бас басына би болған өңкей қиқым» (Абай) бір-біріне қыр көрсетіп, дәл осылай ведомстволық шамшылдық жетегінде кете берсе, таяу арада не ішіп, не киерімізді білмей

қалатынымыз айдан анық. Себебі, кейінгі кезде Теміржол басқармасы мен Азаматтық авиация басқармасындағылар жолаушылардың тең-теңімен әкетіп бара жатқан жүктерін тексеру міндетін де «өз қолдарына» ала бастаған көрінеді. Осы міндетті тікелей атқаруға тиісті милиция қызметкерлеріне төленетін ақшаны өз қалталарында қалдыру мақсатымен ішкі істермен қосанжарласа өз іштерінде «сақшылар» тобын құрып жатқандары түсініксіз. Бұл мәселе жөніндегі орынды ескертулерге де құлақ аспаған.

Таяуда №2-Алматы теміржол басқармасы бастығының орынбасары заңсыз жолмен сырт жаққа қарай дүние әкетуге тырысқан алпауыттардан пара алып жатқан жерінде қолға түскенін еске алсақ, мұндай берекесіздіктің соңы неге әкеліп соқтыратынын алдын-ала болжау қиын емес. Алайда, әр ведомство солай істегісі келді екен деп Ішкі істер министрлігі заңсыздыққа көз жұмып қарап отыра алмасы тағы белгілі. Қазіргі уақытта республика жерінде 200-ден астам тұрақты және жылжымалы тексеріп өткізу тіректері (КПП) бар. Оларда негізінен МАИ қызметкерлері мен учаскелік милиционерлер күндіз-түні кірпік қақпай тұрады десек, артық айтқандығымыз емес.

Сондай-ақ 21 әуежай (аэропорт) мен бүкіл республиканы көктеп өтетін теміржол бойларында жол-қатынас (транспортный) милиция қызметкерлері жұмыс жүргізеді. Міне, тек солардың ыждағатты еңбектерінің арқасында өткен жылдың соңғы жарты жылдығы ішінде айдалаға судай шашылғалы тұрған 84 миллион сом республика қоржынына қайта құйылды. Оның ішінде 17,5 миллион сомның азық-түлігі, 8,1 миллион сомның техникалық құрал-жабдықтары, 16,7 миллион сомның киім-кешегі, 5,3 миллион сомның құрылыс материалдары «суыққолдылардан» қайтарылып алынған.

Өткен жылдың 1 желтоқсанына дейінгі уақытта Шығыс жол қатынасы ішкі істер басқармасының қызметкерлері республикамыздан тысқары жерлерге заңсыз түрде тауар әкетушілердің 4569 рет жолын кесті. Оның ішінде қазіргі тұрмыста, күнделікті

тіршілікте тапшы боп тұрған дүниелердің бәрі бар екенін тағы еске сала кеткен дұрыс.

Бұл аз болғандай, шет елдерге – әсіресе Қытайға, Польшаға, Түркияға «туристік сапармен барамыз» деген желеумен өз адамдарымыз қаншама дүние-мүліктерді заңсыз түрде жымқырып кетіп жатыр десеңізші! Егер, дер кезінде оларға тосқауыл қойыла қалса, аяқ астынан бет алған сапарларынан бас тартады, сөйтіп оған кеткен шығынды ел сақшыларының мойнына жүктей салғылары келетінін қайтерсің? Сонда азаматтардың заң бұзғаны үшін де милиция қызметкерлері кінәлі болуы керек пе екен? Міне, осы жағы ақылға сыймайды-ақ!

Егер баспасөз конференциясында журналистер назарына ұсынылған деректерге көз салсаңыз, мемлекеттік құрылымымыздың өзін түгелдей алпауыттар жайлап алған ба деген ойға қаласың.

Мынаны қараңыз, Қарағанды металлургия комбинатынан бағасы 3,5 миллион сом тұратын 5,5 тонна қалайыны «Ревикс» шағын кәсіпорнының делдалы Гыуба деген азамат қандай жолмен қолға түсірген? Оған жалған рұқсат қағазын (лицензия) сонау Санк-Петербургқа дейін кім жазып берді? Сол сияқты, 100 тоннадан астам түсті металды 5 автокөлікке тиеп, Латвия мен Литваға қарай кім жөнелтті? Ал, Ақтөбе облысындағы шағын кәсіпорынның директоры Сахнов деген азамат 37 миллион сомды қалайша заңсыз түрде банк арқылы Орынбор облысына қарай оп-оңай аударып салған? Осы «қызметі» үшін ол Орскінің «Южуралникель» комбинатынан 15 тонна кобальт металын алып, қалайша оны 22 миллион сомға Санк-Петербургқа сатып жібереді? Мұндай деректерді түгелдей тізіп шықсақ, жағаларыңызды ұстайсыздар. Мұның бәріне ел сақшылары дер кезінде тосқауыл қойып үлгеріпті. Сонда да, қолға түспей, құрдымға кетіп жатқандары әлі қаншама екен? Ол жағы белгісіз.

Сөз арасында мұндай келеңсіз құбылыстарға «ұйтқы» болып жүрген жергілікті әкімшілік басшылары да бар екені айтылып қалды. Мұны естіген журналистер қауымы елең етісіп,

алаяқ әкімдердің атын атап, түсін түстеуді өтінді. Бірақ, алдынала тексеру-тергеу жұмыстары әлі аяқталмай жатқанына байланысты баспасөз конференциясына қатысып отырған өкілетті ел сақшылары бұл жөнінде сабырлылық танытты.

Менің өз басым осы баспасөз конференциясын жүргізіп отырған Ішкі істер министрінің орынбасары, полковник Сәрсек-ков Бексұлтан Сәрсекұлының сөзінен мынадай ой түйдім.

Қазіргі аумалы-төкпелі кезеңде кез келеген сәтте ер тоқымнан аударылып, ат бауырына түсу қатері басымызда тұрған кезде, Президент Жарлығы да, Үкімет басшысының арнайы қаулысы да орындалмай, аяқасты қалып жатқанда, мына берекесіздікке тыйым салатын бір орындаушы өкілетті орган болмай ештеңе өнбейтін сияқты.

Себебі, Кеден басқармасы қазір өз жұмысына көңіл бөлмейді. Оның міндетін онсыз да бір қолын екі ете алмай отырған баяғы милиция атқаруда.

Теміржол басқармасы милициямен қосанжарласа өздерінде күзет-сақшылық құрылымын жасауға бет бұрған. Сөйтіп, «май шелпекті» екі бүктеп асауға кіріскен сыңайлы.

Азаматтық авиация басқармасы милицияны аяқтан шалудың тиімді әдістерін іздестіруде. Өйтпесе «алпауыт» жолаушылар «өз кінәсінен» ұшаққа отыра алмай қалған жағдайда оның шеккен шығынын милицияның мойнына жүктемес еді.

Сауда министрлігі республика бойынша 200-ден астам тексеріп өткізу тіректері бар екенін біле тұра, сол жерден заңсыз әкетіліп бара жатқан азық-түлікке тосқауыл қойылғанда оны уақытша сақтайтын қойма мәселесін ұйымдастырмай, сол азық-түлікті халыққа қайта сату үшін республика бойынша бар жоғы екі-ақ дүкен ашып бергенін қалай түсінеміз?

Ал шет жаққа заңсыз түрде тасылып бара жатқан азық-түлікке тосқауыл қойылғанымен, ол халықтың өзіне қайтарылмаса немесе сол жерде жата-жата шіріп кетсе, онда ел сақшыларының қырағылығынан не пайда? Бұған да милиция кінәлі болуы керек пе?

Содан да болса керек, Бексұлтан Сәрсекұлының: «Осы сөзімді өзгелер де білсе ғой» деп күйінгені. Министрдің орынбасарының бұл өтінішін біздің әріптестеріміз өз басылымдарында өздерінше жеткізуге тырысып жатқаны да белгілі. Алайда, мен айтар едім: «Құрметті, Беке-ау, өзгеге жалынғанша, өзіңіздің «Сақшы-На страже» газетіңіздің Ішкі істер министрлігінің ауласынан әрірек шығып, қалың көпшілік оқитын басылымға айналу жағын қарастырсаңыз, біз алмайтын қамал қалмас еді ғой!» деп.

Шынымды айтсам, осы мақаланың тақырыбы, яғни, Бексұлтан Сәрсеков мырзаның аузынан шыққан сөз, біздің редакция ұжымындағы азаматтардың әрқайсысының да аузында жүргені анық.

**«Сақшы-На страже» газеті,
7 қаңтар, 1993 жыл.**

ДӘРІГЕРЛЕР ДЕ ҚЫЛМЫСКЕРДІ ҚОЛДАДЫ ал, тергеушілерге керегі осы болатын

Жалғыз ұлын жазықсыздан жазықсыз атып тастаған жауыз сол жерде қолға түскен. Қанды оқиғаны өз көздерімен көрген куәгерлер қанішердің қол-аяғын байлап-матап, милицияға табыс етіпті. Соған қарамастан, бұл қылмысты іс күні бүгінге дейін сағызша созылып келеді. Оның бірнеше себептері бар.

Қайғыдан қан жұтқан ана – Даниярова Дәмелі апай редакцияға мынадай мазмұнда хат жазыпты:

«1993 жылы қыркүйектің 13-і күні жалғыз ұлым Абзалды әйелінің және жолдастарының көзінше Смайылов Жандос деген бұзық жазықсыз атып өлтірді. Сол күні кешке жақын балам мен келінім Ыбыраев Мақсұт деген танысының үйіне кіріп шықпақшы болып, баспалдақпен көтеріліп келе жатқанда, Смайылов бұларға қарсы ұшырасыпты. Менің балам оны танып амандасқан екен, бірақ Смайылов оған балағат сөздермен жауап қайтарыпты. Сөйтіп, ол баспалдақпен төмен түсіп кеткен. Балам мен келінім келген үйлерінде көп отырмай қайта далаға шыққанда, есік алдында тағы екі-үш танысы кездесіп қалады. Солармен әңгімелесіп тұрғанда Смайылов аяқ астынан көлікпен жетіп келеді де, дәл жандарына тоқтай қалады. Қолында мылтық болатын. Қасында тағы бір жігіт бар. Жандос машинадан шыға сала бұларға қарсы мылтық кезенеді. Түн тыныштығын бұза аспанға қарата бір оқ шығарған Жандосқа Абзал:

«Ақымақ болмасаңшы!» деп ескерту жасаған. Смайылов қараңғыда ешкімнің бет-жүзін айыра алмай тұрса керек: «Мұны айтқан қайсың?» дейді. «Бұл мен – Абзал ғой» дей бергенде: «Мә, ендеше!» деп шүріппен басып қалған. Абзал сол жерде қансырап барып, көз жұмыпты. Жан даусы шыға өзіне қарсы ұмтылған оның әйелін де жер қаптырғысы келген Смайылов

оғы таусылғанын біліп, қашуға әрекет жасапты. Бірақ, Абзалдын жанында тұрған жолдастары – Рүстем, Мақсат, Руслан деген жігіттер сол жерде оның қол-аяғын байлап, милицияға тапсырыпты. Бұл жағдайды келінім Сәуле және жоғарыда аттары аталған балалар растайды» дей келіп, Дәмелі апай тергеу орындары мен сот-дәрігерлік сарабының құйтырқы әрекеттерін баяндайды.

Ол кісінің айтуына қарағанда, бұл істі Алматы қаласы Фрунзе аудандық прокуратурасының тергеушісі К. Алмасов деген жүргізген. Баласының қырқын өткізгеннен кейін қайғылы ана Алмасовқа келіп, мән-жайды сұрамай ма? «Тергеу аяқталып қалды. Қылмыскердің есі дұрыс екені көрініп тұр. Жауыз жазасын алады. Тергеу толық біткен соң өзіңізді шақырып, іспен таныстырамын. 13 қараша күні істі сотқа өткізуге тырысамын» деп тергеуші ол кісіні шығарып салыпты. Айтылған мерзім өткеннен кейін Дәмелі апай тағы да тергеушіге келген.

Келсе, К. Алмасов жұмыстан шығып кетіпті. Бұл іспен енді Аманатов Михаил Сергеевич деген тергеуші айналысып жатқан көрінеді. Ол Смайыловты Қылмыстық кодекстің 88-бабы II бөлімімен айыптап, сот-дәрігерлік сарабының қорытындысын күтіп отырғанын айтады.

Сөз соңында: «Бәлкім, оны босатып жіберер, бәлкім соттар, бәлкім наградтар» деп әлдекімді мазақтағандай сыңый танытыпты.

Мынадай сөздерден секем алып, көңілі алай-дүлей күйге түскен Дәмелі апай Республикалық прокуратураға, Президент аппаратына дейін шағымданады.

Соның нәтижесінде Смайыловты айыптау дәрежесі Қылмыстық кодекстің 88-бабы II бөлімінен осы баптың I бөліміне ауыстырылыпты. Бұл, яғни, қасақана кісі өлтірудің ең қатал түрі деген сөз. II бөлімге қарағанда мұның жазасы да ауыр – 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады немесе өлім жазасына кесіледі. Өлім жазасы дегенде кімнің де болса жаны мұрнының ұшына келетіні белгілі. «Суға кеткен

тал қармайдының» кебін киген қылмыскер және оның жақындары барын салып, жазаны жеңілдетуге тырысады. Ол үшін ең алдымен тергеушінің, сосын прокурордың аузын алса, бітіп жатыр. Олар анау-мынауды сылтауратып, істі сағызша созады. Уақыт өткен сайын қылмысты іс күрделене береді. Сөйтіп, әділ соттың өзін шатыстырып жіберу оп-оңай.

Дәмелі апайдың айтуына қарағанда, мына жағдай да дәл солай болған сияқты. Дәлелденіп тұрған қылмысты іс қақпақылға түскен доптай бір тергеушіден бір тергеушінің қолынан сырғи отырып, енді Үсенов Амантай деген тергеушінің қолына түскенде, қанды оқиғаның себеп-салдары да өзгере бастаған. Бұл жерде Смайылов Жандос алғашқы берген жауаптарынан тайқып, өзі атып өлтірген Абзалмен жанжалдасып қалғанын, оның қасында тұрған жолдастары бұны жабылып ұрғаннан кейін ашу үстінде мылтығының шүріппесін басып қалғанын айтып, ақтала сөйлейді. Бірақ тергеу кезінде Абзалдың жолдастарынан жауап алынбаған. Оның үстіне сот-дәрігерлік сарабы қылмыс жасалған сәтте Смайыловтың ақыл-есі ауытқу үстінде (невменяемый) болған деген анықтама берген. Бұдан кейін Дәмелі апай Алматы қаласының прокуроры А. Э. Буксманға барып, Фрунзе ауданының прокуратурасы тарапынан істің шалағай тексеріліп жатқанын баяндапты. Буксман ол кісінің сөзіне түсіністікпен қарай келе, қылмыстық істі Фрунзе ауданының прокуратурасынан алғызып, Октябрь ауданының прокуратурасына бергізеді. Енді бұл іспен Сергей Александров деген тергеуші айналыса бастаған. Өкінішке орай, Александров та бұрынғы тергеушілер дайындап кеткен материалдар негізінде істі сотқа өткізіп жіберіпті.

Осы жылғы шілденің 22-сі күні Ф. Г. Пак мырзаның төрағалық етуімен істі қараған қалалық сот – тергеу тарапынан кеткен шалағайлықтарды, әсіресе сот-дәрігерлік сарабы берген анықтамаларға күдік келтіре отырып, осынау қылмысты істі қайта тексеруге жіберіпті. Айыпкер Смайылов Жандос әлі қамауда. Қазіргі ең басты мәселе – қылмыскердің есі дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау болып тұр. Іс сотқа өткізілгенге дейін

Смайыловтың денсаулығы үш рет тексерілген. Ең алғаш рет 1993 жылдың 12 қазан күні Алматы қалалық жүйке аурулары ауруханасының дәрігерлері оның есі дұрыс (вменяемый) деген анықтама беріпті. Смайыловтың бұған дейін жүйке ауруымен ауырмағандығы және еш жерде есепте тұрмағандығы жөнінде тағы да құжаттар жиналған. Оның үстіне машина жүргізуге рұқсат куәлігі де бар екен. Қылмыс жасалған уақытқа дейін «Жеңіс» деп аталатын шағын кәсіпорнының бас директоры бола жүріп, мемлекеттік банкіден аса көп мөлшерде қарыз (кредит) ақша алыпты. 1993 жылдың сәуір айында Мәскеу аудандық ішкі істер бөлімінің рұқсаты бойынша мылтық ұстауға тағы да рұқсат алған. Осы рұқсаттардың әрқайсысы үшін алдымен адамның ақыл-есінің дұрыс, иә бұрыстығы анықталатын, содан кейін ғана арнайы құжаттар берілетіндігін еске алсақ, Смайылов Жандостың жүйке ауруымен ауырмайтындығына көзіңіз жете бастайды. Соған қарамастан соңғы тексеру кезінде Республикалық жүйке аурулары ауруханасының бөлім меңгерушісі, сарапшылар комиссиясының мүшесі Ш. Матаева Смайылов қылмыс жасаған кезде ақыл-есі дұрыс болмаған деген анықтама беріпті. Осыны басшылыққа алып істі сотқа өткізген тергеуші қылмыскердің қылмысы өте ауыр екенін, бірақ оны жауапқа тартуға емес, керісінше еріксіз түрде жалпы режимдегі ауруханаға емдеуге жіберуге шешім қабылдау жөнінде мәселе қойған.

Сот тергеуі кезінде дәрігер Ш. Матаева мұндай анықтама беру себебін былай дәлелдеуге тырысыпты: «Смайылов бұрындары бокс спортымен шұғылданып жүрген кезде бірнеше рет басынан ауыр соққы алыпты-мыс. Ал, қылмыс жасаған сәтте көңіл-күйі қатты бұзылып тұрған. Оны тергеу құжаттарынан да байқай аласыздар...».

Алайда, тергеу құжаттарында ондай пікір айтылмағандығын судья бетіне басқанда ол сасқанынан: «Қайдан білейін, әке-шешесі, әйелі солай дейді ғой» деген сияқты қисынсыздау жауап қайтарыпты. Сондай-ақ, дәрігерлік сарап қорытындысында қылмыс жасардан бір ай бұрын оның жүйкесі жұқарып,

сандырақ пен елестің арасында жүрген деген де пікір айтылыпты. Дәл сол кезде Смайылов бұл дәрігерлерге келіп қаралмаса, өзінен-өзі жүрген адамның көңіл-күйін олар қайдан біле қойған деген сауал туады. Сотқа қатысып отырған прокурор Т. Бокунович мырза осы арада орынды ескертпе жасап, істі қайта тергеуді талап еткенін әділдіктің бір белгісі ретінде атай кеткеніміз дұрыс. Жалпы, судья Ф. Г. Пак мырзаның төрағалық етуімен өткен сот мәжілісі әділ шешім қабылдауға талпынған сияқты.

Сот залында дәрігерлер тарапынан жіберілген былықтардың біразы ашыла түсіпті. Мәселен, соңғы дәрігерлік анықтама «психолого-психиатрический» деп аталғанымен, онда психолог дәрігердің қолы қойылмаған. Яғни, психолог дәрігерді қатыстармай-ақ Ш. Матаева бастаған «ақ халатты абзал жандар» қылмыскерді жазадан құтқарып жіберуге күш салғаны еріксіз көзге ұрады. Сот мәжілісі кезінде Ш. Матаевадан «Қылмыскердің ақыл-есі қазір дұрыс па?» деп сұралғанда, ол: «Иә, қазір ақыл-есі дұрыс, бірақ қылмыс жасаған кезінде бұрыс болған» деп жауап қайтарған. Сонда қылмыс жасағаннан кейін 8 айдай уақыт өткен соң ол адамның дәл сол кезде ақыл-есі ауытқып тұрғанын дәрігер Матаева қайдан біле қойған десеңізші? Бұл сауалға Матаева тағы да Смайыловтың туыстарының сөзін дәлел етіп, сол кезде Жандостың қатты күйгелектеніп жүргенін ескерткен. Тіпті болмаған соң «Энцефелограмма» деген құрал арқылы оның миын тексергенде ауру екені анықталды деп сырғаттатыпты. Ал, бұл құралға кез келген ауру адамның миының суретін (рентген тәрізді) салып, одан шыққан қорытындыны басқа адамға тели салу қиын емес. Олай болса, Республикалық жүйке аурулары ауруханасының дәрігерлері бұл жолы ашықтан-ашық «көзжұмбақтық әрекетке» барған тәрізді. «Өзі пұшық сорлы еді, ит қапқан соң не сорым» дегендей, онсыз да тергеуді шалағай жүргізген, негізгі куәлардан жауап алмаған, сөйтіп жәбірленушіні күні бүгінге дейін әуре-сарсаңға салған тергеушілерге не дерінді білмейсің.

Өзірге көңілге үміт ұялатар бірақ нәрсе бар. Қалалық сот бұл істі қайта тергеуге жібере отырып, қылмыскер

Смайыловтың денсаулығын тексеруді бейтарап сарапшылардың үлесіне қалдырды. Соңғы сөзді солар айтуға тиіс. Ол адамдар, әйтеуір, Гиппократтың антына берік болғай деп тілегеннен басқа амал жоқ.

Бірақ, 26 жасында жесір қалған Сәуленің, бес жасында жетім қалған кішкентай Маликаның әкесі енді бәрібір қайтып оралмайды. Ал бұл өмірден ерте кеткен әкесінің мұрагерін, оның ұрпағын жалғастырушы жалғыз ұлын да мәңгілікке жоғалтқан ана жүрегі мұнан кейін тынши қойса бір сәрі. Бір үйлі жанға осыншама қайғы әкелген, жазықсыз жанның қанын төккен Смайылов әділ жазаға кесілсе, қыршын кеткен ұлының аруағының алдында соңғы борышын өтегендей ана жүрегі бір жеңілдеп қалар ма екен деп те ойлайсың.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
18 қазан, 1994 жыл.**

ДОЛЛАР АРҚАЛАП, ТАҒЫ ДА БОЙ ТАСАЛАДЫ

Смағұлов, Иманбаев, Коржов, Кутовой деген алпауыт алаяқтардың қатарына енді Сансызбаев деген сужұқпасты да қосып қоюларыңызға әбден негіз бар.

Бұл жайында таяуда Алматы қалалық қаржы полициясы тергеу басқармасының полковнигі Айболат Шалаханов мырза журналистердің алдында ресми түрде мәлімдеді.

«Көмірбанк» ААҚ басқармасының төрағасы С.Сансызбаевтың арам пиғылды китүрқы әрекеттерін тізбектеп баяндасақ, біраз хикаяға ұласады. Сондықтан, оның «ерлік жолдарын» қысқа ғана қайыруға тырысайық.

Сансызбаев «Көмірбанктің» басшысы ретінде «Рената», «Лотус», «Мыңбұлақ», «Ойл...инк» деген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне қайтарымсыз несие беру жөнінде «Эксимбанк Қазақстан» ЖАҚ-тың алдына мәселе қояды. Олар үшін кепілдікті өз мойнына алатынын да жазбаша түрде мәлімдейді. Шын мәнінде бұл ЖШС-лардың өзі «Көмірбанкке» көптен бері қарыздар болатын. Оны жасырып қалады. Керісінше, бұл ЖШС-лар бүкіл дүние мүліктерін менің алдыма кепілдікке қойды деп С.Сансызбаев тағы бір жалған құжатты жөнелтеді. Бір қызығы, «Эксимбанктің» басшылары бұған оп-оңай сене салады. Сөйтеді де, жоғарыдағы аттары аталған ЖШС-лардың есепшоттарына барлық жиыны 10 миллион АҚШ долларын құрайтын қаражатты аударып тастайды. Бұл ақша сол сәтте-ақ «Көмірбанктің» есепшотына ЖШС-лардан қайтарылған қарыздар ретінде дөп етіп түсе қалады. Осымен іс бітті, ку кетті десе де болғандай еді.

Несиесін қайтарар мезгіл жеткенде «Эксимбанк» әдеттегідей «жер сипап» қалғанын айтып, қаржы полициясына арыз түсіреді. Қылмыстық іс қозғалып, тергеу басталады. Қылмысы дәлелденіп, енді қамауға алынғалы отырғанда Сансызбаев

Серік әдеттегідей жым-жылас жоғалған. Енді оны шарқ ұрып іздестіруде. 10 миллион доллар қайда кеткенін ешкім білмейді.

Сондай-ақ, «Көмірбанк» ААҚ басқарма төрағасының орынбасары Қ.Қасымханов та бастығы С.Сансызбаевтан көргенін жасап, түйені түгімен жұтуға тырысыпты. Ол бүгін қамауда отыр. Ал, С.Сансызбаев 10 миллион долларды алып шетелге асып кетсе керек. Интерполға да хабар беріліпті. Іздестіріп жатыр. Бір түсініксіздеу жері, ауыр қылмысқа қатысты күдіктіден құқық қорғаушылардың оп-оңай көз жазып қалатындығы болып отыр. «Қамайтын кез тақап қалғанын сезіп, бой тасалап үлгеріпті» деген аңқаусымақ жауапқа кім сенеді? Қамамаса да сыртынан қадағалап жүру соншалық қиын шаруа ма екен? Бұған дейін де сан соқтырып кеткен Смағұлов және тағы басқалары сияқты қулардың ісінен сабақ ала алмаған тәртіп сақшыларына мұндайда не дерінді білмейді екенсің.

«Егемен Қазақстан» газеті,
11 қыркүйек, 2003 жыл.

ЕСІРТКІ ЕЛГЕ ҚАУІП

Үстіміздегі жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның есірткіні қадағалау жөніндегі халықаралық бағдарламасының атқарушы директоры П. Арлакки мырзамен Астанада кездесіп, осынау дерттің алдын алу жөніндегі келелі ойларды ортаға салған болатын. Бұдан кейін іле-шала БҰҰ-ның өкілдері Қазақстанға келіп, еліміздегі есірткінің заңсыз таралуы жөніндегі ахуалды жан-жақты зерттей бастаған. Жәй ғана зерттеп қоймай, олар осы іске қарсы күрес жөніндегі нақты бағдарламасын үкіметіміздің назарына ұсынған. Біздегі біраз министрліктер бұл жұмыс бағдарламасы негізінде қосымша өз жобаларын жасауға кіріскен.

Осы аптаның соңында вице-премьер Жәнібек Кәрібжанов мырза БҰҰ-ның есірткіні қадағалау жөніндегі халықаралық бағдарламасының Орта Азия және Қазақстан бойынша өкілі Богдан Лисовичті арнайы қабылдап, жоғарыда айтқан жұмыс бағдарламасының толықтырылған, пысықталған нұсқасын өздеріне табыстады. Алдағы уақытта есірткіге қатысты Қазақстан Президентінің арнайы Жарлығы да шығып қалатынын құлаққағыс етті.

Бұл дегеніңіз, Қазақстан енді БҰҰ-ның көмегін пайдалану арқасында есірткі дертіне қарсы бітіспес күрес ашады деген сөз. Оны жүзеге асыру үшін, әрине, қаржы керек. Қазақстан тарапынан жұмсалатын шығын да аз емес. Дегенмен, БҰҰ бізге бөлуге тиісті қаражат дер кезінде қолымызға тисе, осынау ізгі ниеттің жүзеге асатыны сөзсіз. Ж. Кәрібжанов мырза БҰҰ өкілін осыған шүбәсіз сенуге шақырды. Өз кезегінде Богдан Лисович мырза біраз уақыттан бері екі жақ тер төге даярлаған жұмыс бағдарламасының жүзеге асуына бар күш-жігерін жұмсайтындығын білдірді.

Сонымен, жұмыс бағдарламасы деп отырғанымыздың өзі не екеніне қысқаша тоқталып кетейік. «Қазақстан-2030» бағдарламасы біз үшін негізгі мемлекеттік құжат екені белгілі. Ендеше, алдағы уақытта өмір талабынан туындап жатқан тың ойлар мен жұмыс жоспарлары осыдан бастау алуға тиісті. Сонда ғана ол өміршең болады. Міне, жұмыс бағдарламасына біздер тек осы тұрғыдан келіппіз.

Айтпақшы, БҰҰ өкілдерінің айтуына қарағанда, Қазақстан болашақта есірткі таратушылардың ойранына айналып кету қаупі бар. Оның үстіне, көрші елдермен шекарамыз күні бүгінге дейін ашық-шашық жатыр. Оны жаппасаңыздар сіздермен бірге жұмыс жүргізу, онды нәтежиеге қол жеткізу қиындай түседі дегенді БҰҰ өкілі ашық айтты. Иә, етек-жеңімізді толық қымтауға жағдай болмай жатқаны рас. Алайда, ең бастысы, есірткі деген кесел жеке адам үшін де, бүкіл ұлт болашағы үшін де қауіпті қатер екенін жастарға түсіндіруден ешқашан тынбауымыз керек.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
31 қазан, 1998 жыл.**

АБАЙЛА! ҒАСЫР ДЕРТІ ҚАСЫҢДА!

Лаңкестікке, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз қару-жарақ таратуға, есірткі саудасы мен басқа да осындай қатерлерге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту ісі Қазақстанның тиісті халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге, нақты іске асыруға белсене араласуын қарастырады.

Өткен жылы Алматы қаласы бойынша есірткіге қатысты 1395 қылмыс тіркелді. Қалалық ПД Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлері 442 келі есірткі заттарын тәркіледі. Түнгі ойын-сауық клубтарына жүргізілген қырықтан астам шұғыл тексерулер нәтижесінде заңсыз есірткі сатумен айналысып жүрген отыздан астам адам қолға түсті. Нәтижесінде «Текила-Санрайс», «Сайхан» клубтарының басшылары әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

2005 жылы есірткіге уланып 211 адам қаза тапса, 2006 жылы бұл көрсеткіш 254-ке жетті. Олардың бәрі 18 бен 25 жас аралығындағы қыршындар.

Қазақстанға алыс-жақын шетелдерден жасырын түрде есірткі әкелетіндер саны толастамай отыр. 2006 жылы осындай қылмыстармен айналысып жүрген 25 шетелдік азамат ұсталған. Бұлардың көбісі Өзбекстан, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Армения, Иран мемлекеттерінен келгендер.

Мәселен, бір шымшымының өзі өте қауіпті болып табылатын героиннің 12 келі 276 грамын алып Алматыға келген тәжік азаматы Х.Сафаров сыбайластарымен қоса құрықталды. Героиннің 1 келісі аса ірі көлемдегі есірткі заты деп есептелінеді. Тек сол үшін ғана қолданылатын жазаның өзі өте ауыр екенін кейбіреулер ескере бермейтін сияқты.

Қырғызстан азаматтары – М.Ахметов (563 гр), К.Ворапев (1 келі 102 гр.), Р.Муждабаев (546,23 гр.) героин есірткісін, Жамбыл облысы Шу ауданының тұрғындары – О.Саурықов,

Б.Садықова, С.Изатовалар бірлесіп 67 келі марихуана есірткісін шекара, кеден бекеттерінен қалай алып өткендері тандандырады. Ал, Алматы қаласының тұрғыны С.Полуяновқа 22 келі 530 грамм марихуананы кім қандай жолмен әкеліп бергені әзірге белгісіздеу болып тұр.

– Қылмысты ашумен бірге оның алдын алу шараларын қоса жүргізбесе, бұл ғасыр дертіне тосқауыл қою қиындай береді. Осыған орай Алматы қалалық Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы тарапынан жасалып жатқан жұмыстар аз емес, – дейді басқарма бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ғазиз Мағзымбеков.

Бытырғы жылы осы бағытта жасалынған жұмыстар көрсеткіші төмендегідей:

Қазір Алматы қаласында 177 орта мектеп пен 67 жоғары оқу орындары бар. Солардың бәрінде есірткіге қарсы күрес тіректерін ашу ісі қолға алынған. Өткен жылы басқарма қызметкерлері Алматы жоғары оқу орындарында 365 рет алдын алу шараларын өткізіпті.

Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов ойынсауық орындарында түнгі сағат 11-ден кейін кәмелетке толмағандардың болуына тыйым салу жөнінде арнайы шешім қабылдағаны белгілі. Осы шешімнің орындалуына тікелей жауапты сала қызметкерлерімен бірге жасалынып жатқан жұмыстар да аз емес.

Алматы қалалық Есірткіге қарсы күрес басқармасы шетелдік әріптестерімен ынтымақтаса жұмыс жүргізудің де тиімді тәсілдерін жолға қоя бастаған. Жоғарыда келтірілген деректер осы істің айғағындай.

– Алда бұдан да жауапты міндеттер күтіп тұр. Ол жайында «Президент және Халық» газетінің оқырмандарын жиі хабардар етіп отыратын боламыз, – деген Ғазиз Есімханұлына іске сәт демекпіз.

**«Президент және Халық» газеті,
19 қаңтар, 2007 жыл.**

АҚЫЛ-ОЙЫҢДЫ ТОНАТПА!

Таяуда Алматы қалалық ішкі істер департаментінің ұйымдастыруымен есірткіге қатысты қылмыстардың алдын алу және жедел іздестіру шаралардың әдістерін жетілдіре түсу мақсатында арнайы жұмыстар жүргізілген болатын. 22-тамыз бен 3-қыркүйек аралығында өткен бұл істің басы-қасында ПД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлері жүргені белгілі. Сол себепті, Алматы қалалық есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Ғазиз Мағзымбековты әңгімеге тартып, бірнеше сұрақтар қойған едік.

– Алматы қаласында өткізген осы кезекті шараларыңыз көпшілікті елең еткізген тәрізді. Оның себебі неде?

– Оның негізгі себебі, қала тұрғындарының есірткі қылмысына немқұрайды қарай алмайтындыقتарында жатса керек. Сондай-ақ, ақпарат құралдары да біздің жұмыстарымызға қолғабыстарын тигізуде. Әсіресе, сіздердің газеттеріңізде жарық көрген мақалалар полиция қызметкерлеріне кәдімгідей рух берді. Ол мақалаларды осында талқылағаннан кейін Астанадағы ІІМ есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитетке жібердік. Үлкен басшыларымыз болашақта сіздермен тығыз байланыста жұмыс жүргізуге ықыласты.

– Рахмет. Қоғамдық дертке қарсы күресте қалыс қалмау әрбір адамның қасиетті борышы. Сонымен, жедел алдыналу шарасы өткізілген аралықтағы нақты істер жөнінде не айтар едіңіз?

– Кейбір оқиғаларға өзіңіз де куә болдыңыз. Енді мен соларды жинақтап айтар болсам, сол екі аптаның ішінде есірткі қылмыстарына қатысты 48 адам жауапқа тартылды. Заңсыз есірткі сатумен айналысқан 13 адам ұсталды. Контрабандалық жолмен 1 келі 600 грамм «героин» есірткісімен бір адам қолға түсті.

Ол – 1970 жылы туған, Қырғызстан азаматы Сырғақ Тұрғынбаев болатын. Ал, Садовая №24, 19-линия №133 мекен-жайларындағы нашақорлардың жасырын екі ұясы ашылғанынан көпшілік құлағдар. Жедел іздестіру, із кесуден басқа бұл күндері қала бойынша көптеген алдын-алу шаралары жүргізілді.

28 тамызда «SOS Киндердорф» деп аталатын қоғамдық қордың қамқорлығында тәрбиеленіп жатқан жетім балалармен кездесіп, оларға есірткінің зияны мен айықпас дерті жайында дәрістер оқыдық, спорттық жарыстар өткіздік. Бұл қоғамдық қордың қарамағында жүзден астам жастар орта және жоғары білім алып шығады. Қордың негізгі ұйымдастырушылары Голландияда тұрады.

24 тамызда тәртібі қиын балаларды қалыпқа келтіру орталығының қызметкерлері мен Әуезов аудандық ішкі істер басқармасы қызметкерлері дөңгелек үстел басында жүздесе отырып, есірткіге қарсы күресудің тәсілдері мен одан мүлде құтылудың жолдары жайындағы өз ойларын ортаға салды. 25 тамызда біздің басқарма қызметкерлері алдында ТМД елдеріндегі «Нарконон» қоғамдық қорының өкілдері Д.Мирбакиев, Л.Гедько мырзалар тәжірибе алмасу сипаттағы дәрістер оқыды. 28 тамызда Жастар үйінде нарколог дәрігерлер мен СПИД орталығы мамандарының қатысуымен «Есірткісіз болашақ» деген тақырыпта дөңгелек үстел кеңесі өтті.

2-3 қыркүйек күндері «Нарконон» қоғамдық қорының өкілдерімен қоса №6 мектептің, №27 гимназияның 9-11 сынып оқушыларының, ұстаздарының қатысуымен «Жастар есірткіге қарсы» деген тақырыпта семинар-кеңес өткіздік. Бұл – таяуда құрылған Алматы қалалық есірткіге қарсы күрес комиссиясының бастығы, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р.Ш.Шамсутдинов пен Алматы қаласы ішкі істер департаментінің бастығы генерал-майор М.М.Оразалиновтың бекітуімен жүзеге асқан жұмыстардың бірі.

– Мәдени шараларды өткізген дұрыс-ау. Бірақ оның есірткі пайдаланатын немесе оны заңсыз жолмен сататын қылмыскерлерге қаншалықты әсері бола қояр екен?

— Ең алдымен жастарға есірткінің қаншалықты зиянды екенін түсіндіріп алмайынша, оған тосқауыл қою мүмкін емес. Қылмыскерлерді ұстап, жазаға тарта бергеннен іс оңса, осы уақытқа дейін оңар еді ғой. Сондықтан, қаладағы әр мектепте қазір «Есірткіге қарсы күрес» тіректері ашылған. Оны мектеп директорының орынбасарлары басқарады және олар бізбен тікелей байланыста жұмыс істейді. Енді, осындай тіректерді жоғары оқу орындарында ашуды қолға алып жатырмыз. Есірткі пайдаланатын оқушыны немесе студентті педагогтар да, полиция да мәжбүрлеп емдетуге хақысы жоқ. Бұл мәселе тек сот арқылы шешіледі. Ал сот істі қарап, шешім шығарғанша қаншама уақыт өтіп кетеді. Сондықтан, есірткі пайдаланатын балаға сынптастары мен курстастары есірткінің зияны туралы ескертіп, емделуге кеңес берсе, анағұрлым пайдалы болары сөзсіз.

Ал, Алматыда 177 орта мектеп болса, онда 190 мың бала тәрбие алады. Бұған 63 жоғары оқу орындарында оқитын студенттерді қоссақ, онда да дәл осындай тәрбие жұмыстарын жүргізсек, ісіміз оңды нәтиже береді деп білемін.

Мұнымен қатар, қаладағы 27 қоғамдық ұйымдарды, мекемелерді, мемлекеттік органдарды жаппай осы есірткіге қарсы күреске жұмылдыруды қолға алдық. Бұл жұмысты тиянақты жүргізу үшін бізде «Алдын алу ведомствоаралық байланыс» деп аталатын бөлім құрылған. Бұл бөлімнің үйлестіру жұмысы тікелей маған жүктелген. Әзірге нәтиже жаман емес. Алматыда 5 балалар үйі бар. Алматы әкімшілік аппараты мен дене шынықтыру және спорт басқармасы осы балалар үйінің арасында спорт жарыстарын өткізуді қолға алды. Оған біз де үлесімізді қосудамыз. Анау бұрышта тұрған қораптың ішінде соларға арналған сыйлықтарымыз бар. Былғары доп, спорттық жейде, т.б. дегендей. Балалар үйіне көңіл бөлу керек. Ертең олар мектеп бітіргеннен кейін ешкімнің қарауынсыз далада қалады. Есірткі пайдаланушылардың көбісі солардың арасынан шығатынын несіне жасырамыз.

Жоғарыда қала деңгейінде есірткіге қарсы комиссия жұмыс жасайтынын айттым ғой. Сондай комиссиялар әрбір аудандарда да құрылған. Оны аудан әкімінің орынбасарлары

басқарады. Яғни қалалық есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының әрбір қызметкері осы комиссияның мүшелігіне кірген. Бұл күндері біздер қаладағы барлық кинотеатрларда есірткінің қасіреті жайында түсірілген бейне таспаларымызды жасөспірімдерге тегін көрсеттік. Балалар жазғы демалыста киноға көбірек келеді. Кино басталар алдында есірткіге қарсы күрес орталығының қызметкерлерімен қоса, біздің адамдар да олармен әңгіме өткізіп, өздері көрмекші болып келген киноның кіріспесі ретінде ұсынылған көріністерге қосымша түсініктер бердік. Осының бәрі есірткіге қарсы күрестің күретамыр әдістері деп білген жөн.

– Өткенде ІІД деректерінің бірінде биылғы қаңтардан бастап осы уақыт аралығына дейін қала бойынша 75 адам есірткіден қайтыс болғандығы айтылды. Бұл жөнінде не дер едіңіз? Ол көрсеткіш былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда сәл аздау, былтыр 78 адам қайтыс болған. Бұлардың ішінде мектеп оқушылары бар ма?

– Бір қуанарлығы, биыл есірткіні шамадан тыс пайдалану салдарынан өлгендердің арасында мектеп оқушылары жоқ. Былтыр 8 мектеп оқушысы болған. 8-25 жас аралығындағы жастардың өзі ақыл-естерін есірткімен уландырып, жас ғұмырларын қор ететіні өкінішті-ақ. Бұл дертпен бүкіл қоғам болып күрескенде ғана онды өзгерістерге қол жеткізу мүмкіндігі туады. Әсіресе, ата-аналар отбасында бала тәрбиесіне көп көңіл бөлулері қажет. Діни ұйымдардың, т.б. ізгілікті қасиеттерді мұрат тұтқан адамдардың көмегі таптырмас құралдардың бірі емес пе? Өкінішке орай, бәрін полицияның күшімен шешуге үйреніп алғанбыз. Ең алдымен сананы дұрыстау керек. Есірткі – адамдардың ақыл-ойын білдіртпей тонайтын алпауыттың бірі. Үйінді, мүлкінді, т.б. қымбат дүниелерінді тонатсаң, оларды біртіндеп орнына келтірерсің. Ал, ақыл-есінді ешкім орнына келтіре алмайды дегенді жастарға айтудан жалықпайық! Сіздер, қаламгерлер де осы жөнінде көбірек жазсаңыздар екен.

– Әңгімеңізге рахмет. Есірткіге қарсы күрес жолында бәріміз қашан да бірге болайық!

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЫМҚЫРУ МЕН ҚЫМҚЫРУДАН басталады, – дейді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Мақсұт Нәрікбаев

– Мақсұт Сұлтанұлы «Егемен Қазақстанның» бетінде кездеспегелі де екі жылдың жүзі болыпты. Осы уақыт аралығында егемен елімізде де, сот жүйесінде де айтарлықтай өзгерістер болды. Құқықтық негіздерімізді реттейтін жаңа заңдар мен кодекстер өмірге келіп жатыр. Елмен бірге өздеріңіз де Астанаға қоныс аудардыңыздар. Оқырман қауыммен бөлісер ойларыңыз да жиналып қалған болар?

– Ортаға салар ой-пікірлер қашан да табылады ғой. Атқарылып жатқан және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар аз емес.

Өзіңіз жақсы білесіз, қазір біз құқықтық мемлекет құру үстіндеміз. Бұл жұмыс бүкіл әділет жүйесін, оның ішінде соттарды, бүкіл құқық қорғау органдарын реформалауды қажет етті. Өйткені, бізге өткеннен мұра болып қалған сот жүйесі жаңа жағдайда өзіне жүктелген міндеттерді толығымен атқаруға қауқарсыз болып шықты. Ұзақ жылдар бойы бір ғана партияның айтқанымен жүріп-тұрған әділет жүйесі нарық қатынастарын, одан туындайтын меншік қатынастарын, енді пайда бола бастаған кәсіпкерлікті қабылдай алмайтын еді. Ал сот төрелігі өркениет талаптарына сай жүзеге аспаған жерде қандай заңдылық сақталуы мүмкін.

Қабылданған жаңа Конституциямызда заң шығару, атқару және сот биліктерінің міндеттері сараланып қана қойған жоқ, құқық қорғау жүйесін реформалаудың негізгі мәселелері де шешімін тапты. Президенттің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы осы мәселелер айналасындағы пікірталастардың бәріне нүкте қойды.

Бұл құжат – тұтастай алғанда сот жүйесін реформалау жолындағы батыл қадам. Соттардың заң жүзінде мемлекеттік билік тармақтарының бірі болып танылуы, сөз жоқ, сот қызметінің абыройын көтеріп қана қойған жоқ, тиімділігін де арттырды. Қазір соттар, осы Жарлықа сәйкес, өздеріне тиесілі билікті ешкімнің шен-шекпеніне қарамастан, заңдарға сәйкес жүзеге асырады. Ал, олардың шешімдері, үкімдері, өзге де қаулылары, заңды өкімдері, тіпті талаптары, тапсырмалары болсын, республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымы бар-жоқ азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Оларды орындамау – заң бойынша жауапқа тартылады. Заң алдында «қара» да бір, билік тұтқасындағы «дара» да бір. Ешқандай орган, қанша жерден жоғары тұрса да, сот функцияларын өзіне ала алмайды. Сот істеріне араласуға, қысым жасауға немесе бұрынғы кеңестік дәуірдегідей нұсқау беруге ешкімнің, ешқандай органның құқы жоқ. Тағы да айтайын, сот билігін атқаратын судьялар тәуелсіз және ауыстырылмайды, олардың тәуелсіздігі арнайы заңдармен қорғалады. Судьялар, олардың отбасылары, мүлкі мемлекеттің ерекше қорғауында. Оларды осы қызметке тек республика Президенті тағайындайды. Ал, Жоғарғы Соттың судьяларын Парламент Сенаты сайлайды. Бұл да тарихымызда бірінші рет. Міне, осы айтылғандардың бәрінен, сот, сот төрелігін жүзеге асырушы судьялар міндеттерінің қаншалықты жауапты да құрметті екені көрініп тұр. Мұның бәрі заң жүзінде хатталған. Біздің тарихымызда соттарға осындай өкілеттілік қай кезде беріліп еді? Бұл жағдайға тек қана еліміз егемендік алғаннан кейін қол жетіп отыр.

– Сіз әлгінде соттың ісіне араласуға ешкімнің де және ешқандай органның да құқы жоқ және ол заң жүзінде хатталған дедіңіз. Бірақ, қандай бір жолдармен болмасын сот істеріне ықпал еткісі келетіндер мүлдем жоқ деуге болмас.

– Жоқ деп айта алмаймыз. Ондай жағдайлар кездесіп тұрады. Бұған енді ескі көзқарас шылауында шырматылып жүргендердің қарекеті деп қараған жөн. Есіңізде болар, бұрындары

кейбір кеудемсоқтар «жоғарыда ағаларым отыр, сен не істей аласың?» деген сыңайда ойына келгенін жасап бағатын. Өйткені, бір кездері жиі айтатын әкімшілдік-әміршілдік тәсілдің белең алып тұрған кезінде сот компартияның жазалаушы органы болып табылды. Аудандық, облыстық сот төрағалары, прокурорлар, райкомның, обкомның мүшелері ретінде солардың партиялық тапсырмаларын бұлжытпай орындаушылар болды. Қазір құқық қорғау жүйесі одан арылса да, кейбір азаматтар, тіпті мемлекеттік органда отырған лауазымды азаматтарға дейін сотқа жоғарыдан «тізе батырғысы» келеді. Оның мысалдары жоқ емес. Айталық, үстіміздегі жылдың көктемінде Шығыс Қазақстан облысы әкімшілігінен, Президент әкімшілігінен сотта қаралып жатқан шаруашылық істерге ықпал етуін сұраған өтініштер келіп түсті. Облыс басшылары акционерлік қоғамдар арасындағы даулы мәселелердің Жоғарғы Сот арқылы тез арада шешілуін талап етеді. Тіпті Парламент депутаттарынан да сотта қаралған немесе қаралатын істерге қатысты хаттар келіп жатады. Өйткені, судья, қандай нысанда болмасын өзінің өндірісіндегі іс бойынша алдын ала ой-пікірін білдірмейді. Сот кезінде нақты іс бойынша өз пікірін кеңесу бөлмесінде ғана айтады.

Сот төрелігін тек соттың ғана жүзеге асыратынына көпшілік деңдей бермейтін секілді. Ата Заңымыздың 77-бабында «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады» деп анық айтылған.

Соған қарамастан сот шешіміне наразы болғандар соттың өзіне жүгінудің орнына, билік тармақтарының басқа сатыларына шағынады. Ал, жоғарыда айтылғандай, сот ісіне, яғни қаулыға немесе үкімге байланысты соттан тыс органдарға түскен арыз-шағымдар қаралмайды. Сотта ғана әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы. Осыны ескере бермейтын шағым иелері істің қаралуын өздері созып алады. Президенттің соттар және судьялардың мәртебесі туралы Жарлығына сәйкес сот өндірісі бойынша қарауға жататын азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін,

арыздары мен шағымдарын ешқандай басқа органдар, басқа да лауазымды тұлғалар бақылауға ала алмайды.

Сот істеріне араласпаушылық туралы мәселелер үстіміздегі жылғы мамырдың 14-інде болған Жоғарғы Сот пленумында тағы да қосымша тиянақталды. Осы пленумында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері жайында арнайы қаулы да қабылданды. Онда судьялардың өз тәуелсіздіктерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін толық күшінде пайдалана алмай келе жатқаны, өйткені, кейбір атқарушы органдар тарапынан сот ісіне араласушылықтың орын алып отырғаны, соттарға құрметпен қарамау фактілеріне әркез көңіл бөліне бермейтіні егжей-тегжейлі айтылған. Ол қаулының толық мәтіні сіздердің газеттеріңізде жарияланды да.

Әрине, өмір болғаннан кейін адам басында неше түрлі жағдайлар кездеспей тұрмайды. Қылмыстық істердің құрбаны болып кететіндер де, керісінше, өздері қылмысқа барып, қоғам, заң алдында жауап беруге тура келетін жәйттер де аз кездеспейді. Мұндай мәселелерге сот қана баға береді, сот қана соңғы сөзін айтады. Жоғарғы Соттың алқаларында одан кейін, қажет болған жағдайда, ең жоғары тұрған сот сатысы Төралқада қаралады. Оның жұмысына өздеріңіз де талай мәрте қатыстыңыздар. Білесіздер, Үкімет, заң шығарушы органдардағы, басқа да атқарушы ведомстволардағы кез-келген лауазым иелерінің сот шешімін өз бетімен бұрмалауына, оның орындалуына кедергі болуға қақысы жоқ. Сондықтан, азаматтар жоғары тұрған сотқа сот шешімдерімен келіспеушілігін жеткізудің, шағымданудың белгіленген заң тәртібі бойынша жүргізілінетінін естен шығармауы тиіс.

Орайы келгенде айта кеткен артық болмас, осыдан бірнеше жыл бұрын, нақтырақ айтқанда, 1995 жылы Президенттің жұртшылыққа құқықтық тәрбие беру жөніндегі Жарлығы шықты. Құқықтық мемлекеттің негізін енді қалап жатқан біздің қоғам үшін ол актінің әлі де маңызы зор.

Жыл сайын мемлекеттік, жекеменшік заң оқу орындарын бітіріп жатқан жастар жеткілікті. Бір кездері «Заң консульта-

циясы» деген шағын мекемелер қаланың кез келген бұрышында кездесетін. Соны бүгінгі өмірдің жағдайына ыңғайлап, қайта жаңғыртуға болады. Өйткені, сот процестері тереңдеген сайын жұрттың өздеріне қатысты заңды міндеттерін, құқықтарын білуге деген ынта-ықыласы арта түспесе кемімейді. Сонда жұрт әділдік іздеп, жоғары орындарға емес, тәртібін, ретін сақтай отырып, жергілікті соттарға, оның ішінде Жоғарғы Соттың алқаларына, тіпті Төралқасына дейін шағымдарын жеткізер еді.

– Төралқа демекші, көп азаматтар оның құзырына не жататынын, қандай тәртіппен істер қарайтынын, шағымдарды қандай жолдармен шешетінін, қарау тәртібін біле бермейді. Өзіңіз айтып отырған дәлелді-дәлелсіз арыз-шағымдардың жергілікті соттарды аттап өтіп, тікелей Төралқаның, тіпті Конституция талаптарына сәйкес келмесе де мемлекеттік атқарушы органдар басшыларының атына түсіп жататыны да сондықтан болса керек.

– Оныңыз рас. Төралқа, сот төрелігінің ең соңғы сатысы ретінде, істерді қадағалау тәртібімен қарай отырып, соттардың заңдарды дұрыс қолдануын, іс қарау барысында заңдылықтардың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді. Осы мәселелер бойынша төменгі сатыдағы соттардың есебін тыңдайды. Таратып айтар болсақ, былай: Төралқа мәжілісі келіп түскен істерді қадағалау тәртібімен қарайды, сот практикасының материалдарын зерттеп, қорытады, сот статистикасына талдау жасайды. Төменгі соттардың, Жоғарғы соттағы сот алқаларының сот төрелігін жүзеге асыру жұмыстарын қадағалайды. Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың алқа төрағаларын тыңдап, заңға сәйкес қорытындылар жасап отырады. Оның мүшелері Жоғарғы Соттың пленумында жабық дауыспен сайланады. Төралқада істі қарамас бұрын олар төраға алдыртып алған іспен мұқият, жан-жақты танысады, зерттейді. Төралқаның тоғыз мүшесі бар. Қазіргі заңға сәйкес екі жылда бір рет құрамын жаңартып отырамыз. Егер, олардың кімдер екені қажет болса оны да айтайын: Серіккелді Әбдірахманов, Ғалихан Бапақов, Валерий Булович,

Валентина Бурляева, Анатолий Линник, Ибрагим Тоқболатов, Тиышты Тоғымбетова. Төралқаның тоғызыншы мүшесі Сансызбек Райымбаев болатын. Ол жуырда Астана қалалық сотының төрағасы қызметіне ауысты.

Ал, басқа тұрғыдағы жалпы арыз-шағымдар мен қорытындылар, оның ішінде сот қаулысын орындамау, істердің қаралуын жөнсіз созу, арыздарды қарамау, сот қызметкерлерінің әдепке сыйыспайтын іс-әрекеттері мен өрескел қылықтары туралы түскен шағымдарды сот алқалары және арыз-шағым бөлімі іс барысында шешіп жатады, не болмаса оларды қарауға міндетті басқа мемлекеттік құрылымдарға жібереді. Бұл сұрағыңызға берер қысқаша жауабым осы.

– **Мақсұт Сұлтанұлы, сот қызметкерлерінің әдепке сыйыспайтын дөрекі әрекеттері туралы айтып қалдыңыз. Жуырда Жоғарғы Соттың алты бірдей судьясы Сенаттың шешімі бойынша қызметтерінен босатылды. Олар сот жүйесіндегі мұндай жоғары сатыдағы қызметке келмес бұрын «өз міндеттерімді адал атқарамын, сот төрелігін заңдарға ғана бағына отырып жүзеге асырамын» деп Конституция атымен ант-су ішті емес пе? Оның үстіне бәрінің де заң саласындағы стаждары жеткілікті, біліктілік емтиханынан сүрінбей өткен және Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесімен Сотқа сайланған тәжірибелі заңгерлер. Сөйте тұра атқарып отырған лауазымдарына сәйкес келмеу себепті қызметтерімен қоштасты. Жоғарғы Соттың тарихында мұндай жағдай, бұрын-соңды болмаған шығар? Бұл – «Келінім саған айтам, қызым сен тыңда» деген сыңайдағы тұспал ма, әлде...**

– Бұл ешқандай да тұспал емес. Азаматтардың құқықтарын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың заңды мүдделерін, Ата Заңымыздың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс судьялардың өздері заңды аттап, көзге көрініп тұрған қылмысты жамап-жасқауға тырысса, басқалардан не үміт, не қайыр? Қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы аяусыз күрес жүргізіліп жатыр. Биылғы жылдың өзінде ғана республикамызда 300-ге жуық лауазым

иелерінің қылмысқа барғаны анықталды. Олардың ішінде ел басқарып отырған әкімдер де, прокурорлар да, судьялар да, атқару органдарының адамдары да бар. Біздегі судьяларға қолданылған қатаң шаралар, тағы да айтамын, тұспал емес, жемқорлыққа қарсы күрестің ашық түрі. Сіздер жуырдағы нөмірлеріңізде «Жымқыру мен қымқыру – бұл халықтың несібесін ұрлау деген сөз» деп дәл айттыңыз. Жоғарғы Соттың жазаланған судьялары өз ісінің білгір де тәжірибелі мамандары екені рас. Оған ешкім таласа алмайды. Әрқайсысының 10-15 жылдан стаждары бар. Қателіктерге ұрынып қалды деу қиын. Қараңыз енді: Талдықорғандағы бұрынғы мемлекеттік тергеу комитетінің екі қызметкері құны 3 миллион теңгеден астам түсті металды басқа елдің шекарасына дейін ұзатып салады. Олардың бұл қылмыстық істері алдымен қалалық, содан соң облыстық соттарда қаралып, қылмыскерлерге заң талабына сәйкес келмейтін өте жеңіл жаза қолданылған. Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы, істе қылмыс іздері жамырап жүрсе-дағы әлгілерді сүттен ақ, судан таза етіп шығарған, яғни қылмыстық істерге тікелей қатысы бар адамдар заңсыз ақталған. Жоғарғы Соттың Төралқасы 1998 жылғы тамыздың ішінде алқа мүшелерінің бұл негізсіз шешімін бұзу туралы қаулы шығарып, осы қылмыстық іс бойынша шығарылған үкім мен кассациялық ұйғарымға тиісті өзгерістер енгізді. Судьяларға жеке қаулылар шығарылды, соның негізінде Жоғарғы Сот Кеңесі алдында олардың жауапкершілігі туралы мәселелер қойдым. Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қайрат Мәми өз еркінмен отставкаға кетті, қалған бесеуі Конституция талаптарымен, судья этикасының кодексімен еш сыйыспайтын осы қылықтары үшін Парламентіміздің Сенатында орындарынан босатылады. Басқа не деуге болады? Әрине, бұл жағдай республикадағы судьялар корпусы үшін абырой емес.

– Таяуда тікелей эфир арқылы берген бір сұхбатыңызда сот билігі мен атқарушы биліктің ара-жігін ажырату жөнінде өз ойыңызды айтып қалдыңыз. Бұған дейін де осы

пікіріңіз баспасөз беттерінде арагідік кездесіп қалатын. Соған қарағанда, бұл өзекті мәселелер қатарында болғаны ма?

— Кез келген құқықтық мемлекетте сот, тек қана сот өз төрелігін жүргізеді. Соттың ғана шешімін басшылыққа алатын мемлекет оның әлеуметтік маңыздылығын барынша жоғары көтеріп, сот төрелігін іске асырудағы тәуелсіздігіне толық кепілдік беруі тиіс. Барлық демократиялық елдерде солай. Ал әділет жүйесінің қалған органдары аса маңызды да күрделі міндеттерін жүзеге асыра отырып, тек сот төрелігінің функциясына қызмет етуі қажет. Бұл тұжырым заң саласындағы басқа мамандардың көңіліне келмеуі тиіс. Мен тек құқықты ғана алға тартып, соған біржолата бет бұрған мемлекеттердегі талқылауға жатпайтын сөзсіз ақиқатты айтып отырмын. Өкінішке орай, заңгерлердің өздері, кейбір жағдайларда, осы ақиқатты қабылдағысы келмейді.

Жалпы, сот жүйесін реформалауда соттарды ұйымдық жағынан қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте тұруы керек. Өйткені, тәуелсіз сот қана азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына кепіл бола алады. Сот жүйесі өзіне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқаруы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының түсіндірмелерінде, Заңгерлердің халықаралық ассоциациясының нормативтерінде көзделген стандарттарды басшылыққа алуы тиіс. Ал онда былай делінген: судьялар барлық жағынан, оның ішінде материалдық жағынан да тәуелсіз болуы керек. Бұл арада атқарушы органдар тарапынан бақылау туралы сөз болу мүмкін емес. Судьялар құқыққа қатысты барлық мәселені атқарушы өкіметтің араласуынсыз шешуі тиіс. Тәртіптік шаралар қолдану өкілеттігі және судьяларды қызметтерінен алу-алмау мәселелері атқарушы органдарға тіпті де қатысты емес. Өйткені, олардың судьялар қызметіне қандай да бір жолдармен бақылау жасауға немесе ықпал етуге құқығы жоқ. Сот тәртібінің процедурасы судьялардың қатысуымен ғана шешіледі. Соттарды басқару жауапкершілігі тек судьяларда болады. Бір сөзбен айтқанда, судьяларды тек судьялар ғана алмастыра алады. Басқа ешкім емес.

Біз соңғы бірнеше жыл бойы осы мәселелерде бір шешімге келе алмай жүрміз. Ал, Ресейдегі, Қырғызстандағы, Түркі-

менстандағы сот жүйелері атқарушы органдар «қамқорлығынан» әлдеқашан бас тартқан. Мысалы, Ресей Федерациясында соттарды материалдық-техникалық жағынан және кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі Әділет министрлігінің барлық өкілеттіктері Жоғары Сотқа берілген. Қырғыз Республикасының Сот департаменті өз президенттерінің 1996 жылдың мамырындағы Жарлығымен сот және судьялар қауымдастығы органдарының қалыпты жұмыстарын қамтамасыз етумен ғана шектеліп отыр. Түрікмения әділет жүйесіне де осындай тұрпаттағы құрылымдық жаңалықтар енгізілді. Біз, әрине, бұл жерде әлемдік тәжірибелерді басты назарға ала отырып, өз дамуымыздың мүмкіндіктерін де саралауымыз керек. Күшті жақтарымызды да, кемсін жатқан тұстарымызды да парасат таразысына салып барып шешім жасағанымыз абзал. Біз Қазақстан Президентінің 1995 жылғы конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялар мәртебесі туралы» Жарлығы шыққалы бері республиканың сот жүйесі өзінің оңы мен солын толық айқындап, уақыттың қатал емтиханынан сүрінбей өтті деп ойлаймыз. Енді сот құқықтық реформалаудың кезекті кезеңі туралы мәселені батыл қоюға болады.

Мен осыдан бірнеше жыл бұрын газеттерге берген бір сұхбатымда соттар – армия емес, бірақ олар да сап түзеп жүруі тиіс деген ойды айтып қалған едім. Біз уақытпен бірге алға басуымыз керек.

– Қазақ даласында ғасырлар бойы билер үкімі үстемдік құрып, ел арасындағы түрлі дау-шарларды шешіп отырған. Және олардың шешімі сөзсіз орындалуға жатқан. Кеңес өкіметінің орнауымен ол институт жойылды. Айтыңызшы, сол ұлы билеріміздің тағылым боларлық тәжірибелері қазіргі сот жүйесінде қаншалықты көрініс тауып келеді?

– Айтайын. Егер Жоғарғы Сот осы күнге қалай жетті дер болсақ, ол ұлы билерімізден мұра болып қалған сол асыл қазыналарды қазіргі сот жүйесінің негізіне ала отырып жетті деп айтуға болады. Әрине, бұдан дала кодекстерін сол күйі осы күнге көшіріп алдық деген пікір тумады. Біз небір дауылдармен

алысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халықпыз. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміз сонау ежелгі ғұндар мен сақтардан бастап, кешегі шерлі желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтып жатыр. Бірақ, қандай алапат қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, бабаларымыз ешқашан әділдік жолынан ауытқымаған. Мысалы, «Жеті жарғыны» алайық. Мұнда Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы деп аталатын мемлекет басқару мен ел билеудің әбден қалыпқа түскен жүйелері негізге алынған. Оның бір бабын да алып тастай алмас едіңіз. Өйткені, онда сол заманның ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ тұрмыс-тіршіліктің қоғамдық-әлеуметтік ахуалы ескерілген. Сот билігі, кей кездері хан билігінен де жоғары тұрған. Хандар хандық дәрежесін нығайтып отыру үшін де билер шешімімен санасып, әрдайым соған арқа сүйеп отырды. «Дау мұраты – бітім» деген аталы сөз де сол кезден қалған.

Осы арада айта кету керек, заңның міндеті – қоғамдық қатынастарды реттеп отыру. Осы тұрғыдан келгенде, қоғамымызда қалыптасып отырған салттарымыз, дәстүрлеріміз өткен ғасырлардағы ата-баба салт-дәстүрлерінен өзгешелеу. Бүгінгі өмірімізге көз салыңызшы, нарық қатынастары белең алып келеді, жаңа экономика, банк қызметі, мемлекеттік қызмет, зейнетақы, жәрдемақы... Нарық заңдары ұлтқа, дініне қарамастан, барлық елдерге ортақ. Қазір өркениет жолына түскен бар әлем құқықтық интеграцияға қарай ұмтылуда. Әр мемлекеттің заңы, бір қарағанда әртүрлі сияқты болып көрінгенімен, назар салып қараған адам олардың заңдарымен біздің заңдардың үндесіп жатқанын байқар еді. Ал енді ұлы билеріміздің тағылымы бүгінгі сот билігінде қандай дәрежеде көрініс тауып отыр дегенге келер болсақ, ол нендей бір даулы мәселеде, қылмыстық, азаматтық істе болмасын қара қылды қақ жару болып табылады. Төле би бабамыздың «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген даналық сөздері қазір халық нақылына айналып кетті. Біздің де басты мұратымыз осы.

«Егемен Қазақстан» газеті,
29 желтоқсан, 1998 жыл.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАҚПАҚЫЛҒА САЛМАЙЫҚ!:

Талдықорған қаласындағы «Сайман» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысының орынбасары редакцияға әкеп тапсырған құжаттармен мұқият танысып шықтық. Таныстық та таң қалдық. Сот пен прокуратура тарапынан бір іске қатысты жиырмадан астам шешім, ұйғарым, нұсқау, қаулылар шығыпты. Бір бұрыс бұйрықтың кесірінен біржарым жылдан астам уақытқа созылған дау-дамай әлі қаншаға созылары белгісіз. Әйтеуір кәсіпкердің жүйкесін жұқартып, күн өткен сайын өршіп бара жатқаны анық. Сондықтан, әр құжатты үтір, нүктесіне дейін үңіле оқыдық. Енді одан түйген ойларымызды нақты деректермен салыстыра отырып ортаға салғанды жөн көрдік.

Алматы облыстық коммуналдық меншікті жекешелендіру және басқару жөніндегі департаменті мен «Сайман» ЖШС 2003 жылдың 23 шілдесінде №1 келісім-шартқа қол қояды. Бұл шарт бойынша акциясының 100 пайызы мемлекеттік болып табылатын «Ақ-Нар» Акционерлік қоғамының барлық акциясы «Сайманның» басқаруына беріледі. «Сайман» бұдан кейін «Ақ-Нардың» бұған дейінгі қарыздарын түгелдей өз мойнына ала отырып, келешекте осы акциялардың бәрін өзі сатып алу құқығына да ие болады.

Бес жыл мерзімге жасалған осы келісім-шарт бойынша қала ішінде жолаушылар тасымалдайтын «Сайман» ЖШС алаңсыз жұмыс істеуге кіріскен.

2004 жылдың 22 қазан күні «Сайман» мен «Ақ-Нардың» арасындағы келісім-шарт негізінде атқарылған жұмыстарға Алматы облыстық коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департаментінің бас маманы К.К.Ыдырысов, басқарма төрағасы М.М.Сыдықов, бас бухгалтер Р.А.Бектемова тексеру жүргізеді. Олар қол қойып,

растаған анықтамаға қарағанда, «Ақ-Нардың» жағдайы жаман емес екені байқалады. «Сайман» келісім-шартты орындау барысында «Ақ-Нарға» өзінің 38 автобусын жалға берген. Одан түскен 6 миллионнан астам теңгені «Ақ-Нар» біраздан бері жұмысшыларға төленбей келген жалақыға жұмсайды. Сөйтіп, «Сайманның» басқаруындағы «Ақ-Нар» жылдар бойы жинақталған қарыздарынан құтыла бастайды.

2004 жылдың 23 желтоқсанында Алматы облысы әкімінің өкімімен Алматы облысының коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департаменті таратылып, оның орнына «Алматы облыстық қаржы басқармасы» деген мекеме дүниеге келеді. Бұрынғы департаменттің барлық міндеті жаңадан құрылған осы басқармаға жүктелген. Міне, осы кезден бастап жағдай да күрт өзгерген.

Жаңа басшылық дереу «Сайман» мен «Ақ-Нардың» жұмыстарына тексерулер ұйымдастырады. Алматы облыстық Салық комитеті мен Қаржы бақылау және мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеттің қызметкерлері әдеттегідей біраз кемшіліктер табады. Мұны ести сала Алматы облыстық Қаржы басқармасы 2005 жылдың 14 наурызы күні «Сайманға» арнайы хат жіберіп, 15 күн ішінде «Ақ-Нарға» берешектерін қайтаруды сұрайды. Бірақ, келесі күні, яғни 15 наурыз күні «Ақ-Нардың» жарғылық қорындағы 100 пайызы мемлекеттік акцияны аукционға қою жөнінде облыс әкімінің өкімі шығады. Бұл аукцион 2005 жылдың 29 сәуірінде өткендігі туралы хабар «Юридическая газетада» жарияланыпты. Оның жеңімпазы атанған «Жан-Ел» ЖШС-і 2005 жылдың 9 маусымы күні «Ақ-Нардың» 100 пайыз мемлекеттік акциясын сатып алғанды.

Содан кейін, Алматы облыстық Қаржы басқармасымен келісім-шартқа отырады. Ал дәл осы аралықта, яғни 2005 жылдың 10 мамыр күні Алматы облысының ауданаралық мамандандырылған экономикалық соты «Ақ-Нар» АҚ-ны банкрот деп жариялау жөнінде іс қозғаған. Мұндайда «Ақ-Нардың» мүлкіне ешкім иелік етуге құқығы жоқ. Оның үстіне

голландиялық әдіс бойынша өтуге тиісті акция саудасы ағылшын әдісі бойынша өтіпті. «Сайманның» сыртынан жасырын түрде ұйымдастырылған бұл аукцион барысында жіберілген заңсыздықтар жалғыз бұл емес. Акция саудасы өтерден 20 күн бұрын оны сатып алушы жақ болашақта өзінің тапқан құнды қағаздарын «Ақ-Нарға» өткізіп тұру үшін арнайы есеп-шот ашуға тиісті еді. Ондай есеп-шотты ашпақ түгілі акцияны сатып алушы жақ «Ақ-Нардың» мүлкіне иелік құқығын да заңдастырмағаны кейінгі сот тексерулерінде белгілі болып отыр. Сондай-ақ, «Жан-Ел» мен «Ақ-Нардың» арасында мүлікті алу-беру рәсімдері де жасалмағаны кейін анықталған. Соған қарамастан 2005 жылдың 14 сәуірінде Алматы облыстық Қаржы басқармасының «Сайманмен» келісім-шартты бұзу жөнінде шешім қабылдағаны тіпті түсініксіз.

Бұл шешімнің жазбаша нұсқасы аукцион өткеннен кейін, 2005 жылдың 23 маусымында ғана «Сайман» басшыларының қолына тиеді. Кейін сот мәжілісінде бұл – келісім-шартты бұзу жөніндегі шешім емес, бар-жоғы қарызды уақытында төлеуді өтінген хабарлама қағаз ғана екені белгілі болған.

Заң бойынша, келісім-шарт бұзылатыны жөнінде ресми түрде ескертілуі тиісті. Келісім-шартты бұзу себептері өте ауыр жағдайларға әкеліп соқтырғанда ол сот арқылы шешілуге жатаындығы ескерілмеген.

Ешқандай ескерусіз өздерін сырттан сатып кеткен Алматы облыстық қаржы басқармасын «Сайман» еріксіз сотқа береді.

2006 жылдың 22 шілдесінде істі қараған Алматы облысының ауданаралық мамандандырылған экономикалық соты (төрағалық етуші судья – Аханова Ж.А.) Алматы облыстық қаржы басқармасының 2005 жылдың 14 сәуіріндегі «Сайманмен» келісім-шартты бұзу туралы шешімін заңсыз деп табады. Сөйтіп, «Сайманның» талап-арызы толықтай қанағаттандырылады. Ауданаралық экономикалық соттың шешімін Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасы да бекіткен. Осымен іс бітті, әділдік салтанат құрды деп ойлайтын шығарсыздар. Жок, әрине.

Бірден айтайық, біз осы іспен танысу барысында сот пен прокуратура тарапынан 20 рет әртүрлі шешім, қаулы, ұйғарым, нұсқаулар шыққанына көзіміз жетті. Алдағы уақытта қаншасы шығары әзірге белгісіз.

Алғашқы шешім облыстық сот алқасы тарапынан бекітілгеніне қарамастан Алматы облыстық қаржы басқармасы ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотқа енді «Сайманмен» қоса «Ақ-Нардың» да үстінен талап-арыз түсіреді. Себебі, бұл іске қатысты «жаңадан жағдайлар пайда болыпты». Осыған орай тағы бір мәселені алдын-ала ескерте кетейік. Жалпы Алматы облыстық қаржы басқармасы «Сайман», «Ақ-Нар», «Жан-Ел» кәсіпорындарын бір-біріне ұтымды түрде айдап салып отырған сияқты. Сот шешімдерінен соны байқаймыз. 2005 жылдың 12 қазанында судья Ә.Өтемісовтің төрағалығымен өткен ауданаралық экономикалық соты «Сайманға» Қаржы бақылауы мен Салық комитеттері тарапынан жүргізілген тексерулер қорытындысын басшылыққа ала отырып, дауласушы жақтардың мәселесін бастапқы қалыптарына келтіру (первоначальное положение) жөнінде шешім шығарады. Бұл шешімді облыстық сот бекітеді. Сөйтіп, алғашқы шешім жоққа шығарылады.

Осы сәтті пайдаланып «Жан-Ел» ЖШС-і экономикалық сотқа «Сайманның» үстінен талап-арыз түсіреді. Ол аукционда «Ақ-Нардан» сатып алған 100 пайызы мемлекеттік акцияларды «Сайманнан» алып беруді өтінеді.

2005 жылдың 12 желтоқсанында істі қараған экономикалық сот (төраға-Ә.Өтемісов) оның талап-арызын қанағаттандырады. Осылайша, «Сайманға» қарсы соттасушы тағы бір мекеме пайда болады.

Мына былық-шылықтың соңы жақсылыққа әкелмейтінін сезген Алматы облысының прокуроры С.Оңғарбаев 2006 жылдың 6 қаңтарында Алматы облыстық сотының қадағалау алқасына наразылық келтірген. Онда Алматы облыстық қаржы басқармасы 2003 жылдың 23 шілдесінде «Сайман» ЖШС-мен 5 жылға жасалған келісім-шартты әдейі бұзып отырғанын тайға таңба басқандай етіп көрсеткен.

Бұдан кейін 2006 жылдың 19 қаңтарында Алматы облыстық сотының қадағалау алқасы ауданаралық соттың 2005 жылғы 12 қазанында «Жан-Елдің» талап-арызын қанағаттандырған шешімін бұзып, істі басынан бастап қайта қарауға жібереді. 2006 жылдың 16 наурызында судья Ж.А.Аханованың төрағалығымен өткен экономикалық сотта «Сайман» ЖШС-ның ешқандай заң бұзбағаны, ол келісім-шартқа сай өз міндетін барынша орындап жатқаны, бірақ Алматы облыстық қаржы басқармасының аяқ астынан, ескертусіз жағдайда келісім-шартты бұзу салдарынан бүгінде жазықсыз жапа шегіп отырғандығы тағы дәлелденеді. Осының нәтижесінде 2005 жылдың 12 қазанындағы ауданаралық соттың «бастапқы қалпына келтіру» туралы шешімі жоққа шығарылады.

2006 жылдың 5 сәуірінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасына Алматы облысының қаржы басқармасы бастығының атынан тағы да өтініш түскен. Онда, ол 2006 жылдың 16 наурызында шыққан ауданаралық экономикалық соттың шешімін қолдайтындығын (таңқаларлық жағдай! С.Ж.), мұның алдында осы соттың шешіміне («Сайманмен» келісім-шартты бұзу жөніндегі Алматы облыстық қаржы басқармасы талап-арызы қанағаттандырылмаған. С.Ж.) қарсы жазылған апелляциялық арызын қайтып алатындығын ескертеді. Бұл – «Сайман» ЖШС басшылығын осы уақытқа дейін босқа сергелдеңге салған адамның өз қателігін ашық мойындағаны емес пе:

Бірақ, 2006 жылдың 4 мамырында «жаңадан ашылған жағдайға» байланысты «Жан-Ел» ЖШС өкілдері тағы да «Сайманның» үстінен талап-арыз түсіреді. Істі қайта қараған экономикалық сот «Жан-Елдің» аукционнан ұтқан акциялары заңсыз екенін тағы да жан-жақты дәлелдей келе талап-арызды қанағаттандырусыз қалдырады. Алматы облыстық соты бұл шешімді бекітеді. Осымен бұл іске нүкте қойылуға тиісті сияқты. Жок, бұрынғы «әләулей» тағы жалғасады.

2006 жылдың 30 мамырында экономикалық сотқа енді «Сайман» қарсы талап-арыз түсіреді. 2005 жылдың 14 желтоқсанында

«Жан-Ел» 100 пайызы мемлекеттік болып табылатын акциялардың заңды иесі» деген шешімді өзгертуді өтінеді. Талап-арыз бойынша істі қайта қараған судья Ә.Өтеміс бір кезде өзі шығарған шешімін өзі жоққа шығарып тыныпты. Осымен «Сайман» толық жеңіске жетіп, іске нүкте қойылуға тиіс еді. Бірақ олай болмады.

2006 жылдың 25 шілдесінде Алматы облыстық прокурорының міндетін атқарушы С.Б.Тұрсынов сөніп бара жатқан қоламтаны қайта көсеп жіберген сияқты. Ол Алматы облыстық сотының қадағалау алқасына келтірген наразылығында бұрынғы айтылғандарға заңдық тұрғыдан жаңаша баға бере келе «Алматы облыстық қаржы басқармасының талап-арызын қанағаттандыру қажет еді» деп түйеді.

2006 жылдың 29 тамызында Алматы облысы ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.С.Мәндібаев бұл істі қайта қарап, бұдан былай «Жан-Ел», «Сайман» ЖШС-ға қатысты істерді қарауды мүлдем тоқтату жөнінде шешім шығарады. Себебі, сотқа азаматтық істер бойынша талап-арыз келіп түскен соң ол қаралуға жатады. Алайда, сот шешімі күшіне енген соң оны қайта-қайта қақпақылға сала беру ешкімге абырой әпермесі анық. Алматы облыстық соты дауласушы жақтардың ешқайсысының өтінішін жерде қалдырмауға тырысты. Сөйтіп, әділдіктің салтанат құруына барлық жағдайды жасады. Дегенмен, судья Б.С.Мәндібаев дауласушы жақтарға әр нәрсенің шегі бар екенін де ұқтырған. Енді осымен іс бітті деп ойлауға әбден болатын сияқты еді. Бірақ...

2006 жылдың 14 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Бас прокурорының орынбасары И.Бақтыбаев қол қойған наразылық Алматы облыстық соттың қадағалау алқасына жіберіліпті. Онда бұған дейінгі сот шешімдерін өзгертіп, істі жаңа сот құрамында қайта қарау сұралған. Бұл – ендігі қақпақыл Бас прокуратура мен Жоғарғы соттың арасында жүретінін байқатады.

Қарапайым оқырман шым-шытырық оқиғаның негізгі желісін шатыстырып алған да шығар. Шатыспас үшін, бір

қызын қайта-қайта ұзатып, пайда табуға дағдыланған қарау әкенің әрекетін еске түсірсек жетіп жатыр. Алматы облыстық қаржы басқармасы да қарауындағы «Ақ-Нар» кәсіпорнын алғашқыда «Сайманға», одан кейін жасырын түрде «Жан-Елге» сатты. Сергелдең себебі осы ғана.

Сондықтан да, Алматы облысының прокуроры С.Оңғарбаев осынау дау-дамайдың шығуына Алматы облыстық қаржы басқармасының бастығы М.А.Сатқалиев пен оның орынбасары Б.М.Мұхамедиев кінәлі екенін ашық айтып, Алматы облысының әкімі С.Үмбетовке хат жолдаған, шара қолдануын сұраған.

Қазақстан Республикасының Президенті биылғы халыққа Жолдауында дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін алдымен шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қажеттілігін баса көрсетті. Олардың жұмысына орынсыз араласудың арғы жағында қу құлқынның қамын ойлаған сыбайлас жемқорлықтың белгісі жататынын да жасырмады.

Ал, Талдықорғандағы «Сайман» ЖШС-ның басына үйірілген бұлтты қай жақтан соққан жел айдап әкелгені әзірге ешкімге беймәлім. Мұның анық-қанығын оқырманға жеткізу үшін бұл тақырыпқа біз тағы айналып соғатынымызды ескерткіміз келеді.

«Президент және Халық» газеті,
13 қазан, 2006. жыл.

ҚАНІШЕРДІҢ ҚОЛЫНАН ҚАЗА ТАПҚАН АҢҚАУ ДА АДАЛ АРУЛАР-АЙ!

Дәл қазіргі сәтте бұл өмірде жоқ адам жайында салқын сөз айту күпірлік сияқты. Өйткені, ол сені естімейді, сенің сөздеріңе жауап та қайтара алмайды. Бірақ, ол адам өз құлқыны үшін жазықсыз жандардың қанын төккен, сөйтіп, өз басын өзі жұтқан адам тұрпатындағы айуан болса ше!

Менің бұл мақаланы жазудағы мақсатым – онсыз да қанды оқиғаны қызыл-жалқын бояумен алаулата суреттеп, оқырман көңіліне үрей тудыру емес екенін түсінерсіздер деймін. Бар ойым – әрқайсысымыздың басымызда бар күнделікті күйбең тірлікте қандыбалақтарға арандап қалудан сақтандыру ғана. Со-сын... иә, ол жайында соңына таман айтармыз. Сонымен, 1961 жылы туған, Алматы қаласының тұрғыны Смағұлов Әділбек Әбілқасұлы дегенге қатысты қылмыстық істі түбегейлі зерттеп болып, Алматы қалалық сотының судьялары Е. М. Нұрәлиев (төрағалық етуші), Ш. К. Нұржанова, К. С. Бухбанова сот мәжілісінде төменгі жағдайларды

Анықтады

1996 жылдың қаңтар айында Смағұлов А. басқа адамның жеке мүлкін қылмыстық жолмен иемдену мақсатында Н. В. Юхненко деген азаматшамен танысады...

Бұл келіншектің сотқа берген жауабына қарағанда, ол күйеуі екеуі 1996 жылғы қаңтардың соңында бір бөлмелі пәтерлерін екі бөлмеге айырбастайтындығы жөнінде құлақтандырулар жазып, Гагарин-Сәтбаев көшелерінің маңындағы үйлердің кіреберістеріне жапсырып қойған. Көп кешіктірмей үйлеріне бір адам телефон шалған, дәл сол маңайда айырбастауға болатын екі бөлмелі пәтер бар екенін айтқан. Өзін осындай іспен айналысатын делдалмын (маклер) деп таныстырды.

Қалағанға сұраған, екі жақ кездесті. Делдал Смағұлов үйін кеңейткісі келген Юхненконың бір бөлмелі пәтерін келіп көрді. Өзі бұларға ұсынатын екі бөлмелі үйдің ішкі жобасын суреттеп берді. Жоба таныс. Юхненко екі бөлме үшін қосымша 4500 АҚШ долларын төлейтін болып келісті.

25 қаңтар күні таңертең Смағұлов аяқ астынан телефон шалып, ақшаға өте зәру болып тұрғанын, үйді айырбастау жөніндегі құжаттарды жөндеуді шұғыл түрде қолға алу керектігін айтты. Ақшаны да бірге ала келуді Юхненконың есіне салған. Өзінің болашақ екі бөлмелі пәтерін көзімен көргісі келген Юхненко ақшаны үйге тастап, межелі жерге келген. Қызды мәшиненің ішіне кіргізген соң Смағұлов біраз жер жүріп барып 4500 АҚШ долларын дәл осы жерде өзіне беруді талап етті.

Ақшаның үйде қалғанын естіген Смағұлов мәшиненің ішінде Юхненконы пышақтап өлтірмекші болған. Алайда қатты қарсылыққа тап болып, арам ойы іске аспады. Бұдан кейін оны зорламақшы болды. Сот мәжілісінде бұл әрекет толық дәлелденбегендіктен, оған егжей-тегжейлі тоқталғанды артық санадық. Юхненконың сотқа берген жауабына қарағанда, Смағұловтың күш алып бара жатқанын байқаған соң, оның қойған талаптарына көнетіндігін, ол үшін тасалау жерге апаруын өтінген. Смағұлов қыздың қолын байлап, мәшиненің артқы орындығына отырғызды да, Төле би-Розыбакиев көшелерінің қиылысына келіп тоқтайды. Сол жерде әлдекімдерге телефон шалмақшы болып, мәшинеден шыға бергенде, жол-жөнекей оған білдірмей қолын шешіп үлгерген Юхненко оның қалтасындағы кілтті ептілікпен жұлып алып, есікті іштен бекіте қойыпты. Смағұлов мәшинені айнала жүгіріп, есікті қайта ашуға тырысқан. Мәшиненің ішіндегі және сыртындағы адамның әбігерін көрген былайғы жұрт милиция шақыртып, Смағұловты қамауға алдырыпты.

Тергеу 1990 жылдың 15 мамырында аяқталды. Іс сотқа өтті. Алайда Алмалы аудандық сотының судьясы А. Ахметова істі қайта тергеуге жіберген. Ал Смағұловтан ешқайда қашып кетпеу жөнінде қолхат алып, оны уақытша бостандыққа

шығарыпты. Міне, ең өкініштісі осы жағдай. Бұл уақыт аралығында Смағұлов қылмысты тағы қайталап, жазықсыз екі жанның өмірін қиды.

Көлік қорабындағы өлік

Сембаева Ш. және Әбжанова Л. есімді екі қыз Пушкин көшесіндегі екі бөлмелі пәтерде тұрып жатқандарына біраз уақыт болған. Енді олар осы екі бөлмені бір бөлмелік жеке екі пәтерге айырбастап, әрқайсысы бөлек тұрмаққа ниет етті.

Әдеттегідей көшелерге құлақтандырулар ілінді. Ол құлақтандырулар бойынша бір ер адам телефон шалып, бір бөлмелік екі пәтер тауып бере алатындығын, өзі осы іс жөніндегі «маклер» екендігін хабарлайды. Бұл, әрине, алаяқ, қаныпезер Смағұлов екені айтпаса да түсінікті шығар.

Үйреншікті әдіспен ол алдымен екі қыздың пәтеріне келген. Аңқау қыздар үйлерін 14 мың АҚШ долларына сатқандарын да осы жерде айтып салыпты. 1996 жылдың 22 тамызы күні Смағұлов өзінің жеңіл автокөлігімен келіп, Әбжановаға «Көктем-2» шағын ауданындағы сатылуға тиіс 1 бөлмелі үйді көрсетпекші болады. Бұлармен бірге барғысы келген Сембаеваны «үй иесі көп адамды ұнатпайды» деп тастап кетті. Ақыры ол ешқандай пәтерге бармастан қала көшелерінің бір тасалау жеріне тоқтады да, мәшиненің ішінде Әбжанованы қылғындырып, өлтіріп тастайды. Бұдан кейін өлі денені дереу көліктің қорабын ауыстырып салып, Алматының көшелерімен баяу жүріп кете барған. Кешке дейін біраз уақыт бар. Жол жигіне аялдап, біраз көз шырымын алды. Күн көкжиекке ілінуге сүйемқарыс қалғанда ол енді көліктің қорабында өлігі жатқан қыздың құрбысы Ш. Сембаеваға қарай бет түзеді.

Бәрін ал, тек жанымды қалдыршы!

Сотта куә ретінде жауап берген Е. Сембаеваның сөзіне назар аударайық. Ол – Ш. Сембаеваның немере сіңлісі. Соңғы күнге дейін әпкесімен бірге тұрып жатқан.

«Кешкісін балабақшадан інілерімді (Ш. Сембаеваның екі баласы бар) алып келгенімде, Л. Әбжанова БТИ-де үйдің құжаттарын заңдастырып жүргенін әпкемнен естідім. Біраздан кейін дос қызыммен үйге қайта кіргенімде әпкеммен бірге мұнда Смағұлов та отырғанын байқадым. Бұлар Әбжановадан хабар күтуде екендерін айтты. Бұдан кейін мен дос қызымды шығарып салып, қайтып келе жатқанымда, біздің пәтерден қатты шыңғырған дауыс естілді. Жүгіріп келсем, Смағұлов «ақша қайда?!» деп әпкемді пышақтап жатыр. «Менде ақша жоқ, керегіңнің бәрін ал, тек жанымды қалдыршы!» деп шырылдаған әпкемнің даусын ести сала, айғайлап далаға қарай ұмтылдым». Бұл кезде аулада Ш. Сембаеваның туысқаны Е. Сембаев жеңіл мәшинесін жуып жатқан. Іле-шала үсті-басы қан-қан Смағұлов та үйден атып шығып, қаша жөнелді. Сол маңайдағы көршісі Б. Ахметов мен Е. Сембаев екеуі қылмыскерді қуа жөнелді. Қашып бара жатып, пышағын жалаңдата бұларға қарсы бір рет айбат көрсетіп үлгерген Смағұлов көп дүңгіршектердің арасына кіріп, қарасын батырды. Бірақ ол көп ұзамай-ақ бір дүңгіршектің астында тығылып жатқан жерінде құқық қорғаушылардың қолына түскен.

Үкім

Смағұлов Әділбек Әбілқасұлы Қылмыстық кодекстің 762-бабының 3-тармағымен, 88-баптың 1-тармағы, а, г, е, и-бөлімшелерімен айыпты деп табылып, бірнеше қылмыстық іске байланысты жағдайларды топтастыра қарауға негізделген 37-бап бойынша өлім жазасына кесілді. Алматы қалалық сотының бұл үкімі өзгеріссіз қалдырылып, ол орындалғалы да біраз уақыт өтті.

Жеке ұйғарым

Алматы қалалық сотының осы істі қарап, үкім шығарған судьялары қылмыскер Смағұлов А. алғаш рет Юхненкоға қарақшылық шабуыл жасап, қылмысты іс сотқа түскенде, оны

уақытша бостандыққа жіберген Алмалы аудандық сотының судьясын айыптап, оны әкімшілік жазаға тарту жөнінде жеке ұйғарым шығарған.

Өттең!

Егер қандыбалақ Смағұлов алғашқы қылмысынан кейін қамаудан босатылмағанда, аңқау да адал арулар жазықсыздан-жазықсыз қаза таппас еді, Ш. Сембаеваның онсыз да әкесіз өсіп келе жатқан екі бүлдіршіні тұлдыр жетім болып қалмас еді-ау деген өкініш ойдан кетпейді.

Пәтер сату, сатып алу, тағы басқа қымбат дүниелер жөнінде саудаласқан сәтте өте сақ болмасаңыздар, жоғарыдағыдай жағдайға тап болуларыңыз мүмкін. Сондықтан да, осынау қанды оқиғаны сақтандыру ретінде назарларыңызға ұсындым. Әйтеуір, аман болайық.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
2 қыркүйек, 1998 жыл.**

ҚАРА ПЫШАҚТЫҢ ӘЛЕГІ

Редакцияға жолданған хаттың тақырыбы осылай аталады. Оны сол күйінде өзгертпей мақалаға шығарудың да өзіндік себебі бар.

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы «Бірлік» кеңшарының қарапайым жұмысшысы Маханбетов Ергеш деген азаматтың: «Өмірде адам басынан не өтпейді? Сондай бір келеңсіз оқиға менің де басымды шарпып өтті. Бұл тіпті адам сенбейтін нәрсе» деп күйіне жазған арызын соңына дейін оқып шыққан адам еріксіз бас шайқайтындай екен.

Егер заңдылық тұрғысынан қарасақ, бәрі орынды сияқты. Тергеушілерге «мынауың дурыс емес» деуге екіншісі бірі себеп таба алмайды. Мәселені талдап түсіндірер алдында Жаңақорған аудандық Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеушісі Ш.Амитовтың шығарған айыптау қорытындысына назарларыңызды аударайын.

1996 жылы 24 маусым күні тәртіп сақшылары «Бірлік» кеңшарының Қыраш бөлімшесінде тұратын Е.Маханбетовтың үйіне, дәлірек айтсақ, Қайнарбұлақтың басына тігілген оның қараша үйіне (киіз үй) тұтқиылдан тексеру жүргізеді. Айдаладағы жалғыз үйде шынымен-ақ осындай тексеру жүргізілді ме, жоқ әлде «жолаушылар» шаршап, шөлдеп келе жатып бас сұға салды ма, ол жағы бізге белгісіз. Күтпеген қонақтар қараша үйдің төріне жайғасып, жан-жақтарына көз салғанда керегенің басында ілулі тұрған үлкен қара пышаққа көздері түссе керек. Егер қылмыс жасаушылардың «шортандарын» шап беруге сақшылардың жүректері дауаламай, шабақтары қармаққа ілікпей, діңкелері құрығандай жағдай болса, мынау, әрине, әжептәуір олжа.

Сақшылар сол арада хаттама толтырып, оған куәлар – Ж.Құлтанов, Н.Әбдіримов, Ә.Жандарбековалардың қолдарын қойдырып, кереге басында ілулі тұрған қара пышақты ала жөнелді. Пышақтың иесі үйде жоқ екендігіне де қарамайды.

Тек оның келесі күні, яғни, 25 маусымда милицияға келуі керек екендігін ескерткен. Ертеңінде Е.Маханбетов милицияға келіп, барлығын түсіндірген.

Бұл қара пышақты 1982 жылы құдасы оған сыйлық ретінде ұсыныпты. Содан бері осы пышақ кереге басында ілулі тұрған. Тек ауылдағы тойтомалақ, өлім-жітім кезінде сойылған ірі малдардың етін бөлшектеуге ғана пайдаланып жүріпті. Қара пышақ сол ауылдың қадірлі бір затына айналған сыңайлы. Біреу мал соя қалса, Ергешті қара пышағымен қоса шақыру әдетке айналған. Бұл пышақты ол ешқашан белдігіне қыстырмағанын, қонышына, не қолтығына тығып жүрмегенін өзі де, жұбайы Ә.Жандарбекова да тергеу кезінде дәлелдеуге тырысқанымен, ештеңе шықпапты. Қара пышақты криминалистикалық сараптаудан өткізгенде ол қолдан жасалынған аңшы пышағы, кесуге, тесуге бейімделген суық қару екендігі анықталған. Сөйтіп, Е.Маханбетов кәсіптік немесе қызмет жағдайларына байланысты емес, суық қару түріне жататын пышақты заңсыз сақтап, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 202-бабы 3-бөлімінде көрсетілген қылмысты жасағанын анықтаған тергеуші істі Жаңақорған аудандық прокурорына жолдайды. Ал прокурор бұл істі сотқа жібереді. Е.Маханбетов редакцияға жазған арызында:

«Сот әуелгіде 6 ай беріп, кейін ол үкімін 4600 теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге ауыстырды. Дәл қазір бұл айыпты төлей қоюға менің шамам жоқ. Бір үйде кәрі шешем, тоғыз бала – бәрі маған қарап отыр. Мектепте оқитын шиеттей балашағамның аузынан жырып, мен оны қайдан табамын? Бәрінен бұрын бататыны – солардың алдында кінәсізден кінәлі болғаным. Айналамызда түйені түгімен, биені бүгімен жұтып жатқандар да, неше түрлі қылмыс жасап жүргендер де аз емес.

Сол нағыз қылмыскерлермен күресудің орнына аудандық МТК тергеушісі мені, қарапайым жұмысшыны ұстап, қаншама уақытымды алып, дабылдатқандарына жаным күйеді. Егер, әр ауылдардағы инспектор немесе заңгер біз секілді жандарға «суық қару» дегеннің не екенін айтып түсіндіргеннің өзінде де ауылда тұратын жұрт үшін мұндай зат (пышақ, айбалта,

шоқпар, т.б.) ең зәру еңбек құралы емес пе? Жергілікті жерлердегі милициялар кейде түймедейді түйедей қылып көрсететінін жоғарыдағы басшылар біле ме екен? Осы ойымды сіздермен бөлісуді жөн көрдім» деп күйінішін білдіріпті. «Бұған құрметті оқырман, сіздер не айтар едіңіздер?» деп мақаланың соңына нүкте қоя салуға да болар еді. Бірақ, көкейге келген мына бір ойды айтпасқа амалымыз жоқ.

Зандылық тұрғысынан қарағанда бұл арада тергеушіге кінә қою қиын екенін жоғарыда айттық. Себебі Қылмыстық кодекстің 202-бабы 3-бөлімінде былай деп жазылған: «Қанжар, фин пышағын немесе басқа да атылмайтын қару алып жүру, сақтау, алу, жасау немесе өткізу, егер атылмайтын қаруды алып жүру кәсіптік немесе қызмет жағдайларына байланысты болмаса – бір жылға дейінгі бас бостандығынан айыруға немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе 100 сомға дейінгі штрафқа жазаланады».

Е.Маханбетовтің қылмысы осы бапқа дөп келген. Сарапшылардың қорытындысы анау. Қара пышақ қараша үйде сақтаулы тұрған жерінен, яғни керегенің басынан алынған. Осы арада құқық қорғаушылардың арасында айтылатын мынадай бір әзіл-мәтелсымақ еске түседі. «Адамын тапсаң, соттайтын бап табылады». Бұл – біреуді айыптағың келсе, Қылмыстық кодекстің кез келген бабын қолдана салу оп-оңай деген мағынаны білдіреді. Алайда, бұған қарап құқық қорғау органдарындағы жоғары білімді қызметкерлер кодексті көз жұмып қолдана береді екен деген бір жақты ұғым тумауы тиіс.

Жоғарыдағы жағдайға ұқсас бір оқиға есіме түсіп отыр. Сексенінші жылдардың соңына таман Колбиннің бұйрығымен елдің қолындағы заңды, заңсыз мылтықтардың бәрін сыпыра жинап жатқан кез. Дәл сол қарсаңда Атырау облысы Қызылқоға ауданында іссапармен жүргенмін. Бір шаруамен ішкі істер бөліміне бас сұқтым. Тергеуші әлдекімді қыспаққа алыңқырап отыр екен. Әңгіме сыңайына қарасам, тұтқиылдан тексеру кезінде әлгі адамның үйінен винтовка табылған көрінеді. Рұқсат қағазы жоқ. Бұл қаруды елуінші жылдары Ресей жаққа

барып келе жатып, жолда бір дүкеннен сатып алыпты. Содан бері қолданусыз тұрған. Тергеуші осы арада Қылмыстық кодекстің 202-бабы 1-бөлімімен қылмысты іс қозғап, тергеп, дәлелдеп, оны сотқа өткізсе, әлгі адамның бес жылды арқалап кете беруі сөзсіз еді. Бірақ, тергеуші олай етпеді, жағдайды түсінді.

– «Сіздің дұрыс адам екеніңізді сырттай білемін. Сөзіңізге сенемін. Елуінші жылдары Ресей жақта мұндай мылтықтардың дүкендерде сатылғаны да рас. Енді бұл қаруды сіз бізге өз еркіңізбен әкеліп өткізген ретінде қабылдайын» – деп, құжаттарын толтыра бастады. Міне, адамгершілік жолы деген осы. Ең бастысы, мылтықтың иесі қылмыскер емес және қылмыстық оқиға болған жоқ. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 14, 14-1-баптарында бұл мәселе жан-жақты қарастырылған да. Қара пышақтың иесін тергеген тергеуші істі ушықтырмай-ақ қоя саламын десе, кодекстен оған сеп боларлықтай басқа да баптарды тауып алу қиын емес еді. Алайда, ол оған бармаған. Мүмкін тергеуші ол жағына мән бермеген шығар, осы арада прокурор мен судьяның біреуі: «Әй, жігіттер, осыдан басқа қылмыстың бәрі құрып қалды ма, қарапайым жұмысшыны шырылдатып қайтеміз?» дегендей сәл емеурін танытса, оқиға басқаша сипат алар ма еді, кім білсін. Әлде бұл қайтсе де қылмысты ашу керек деген көрсеткіш қуу мен жоспаршылдықтың салқыны ма?

Сот 6 ай мерзімді 4600 теңге айыппұлға ауыстырған екен. Оған да шүкіршілік. Бірақ, соның өзі ауылдың бүгінгі бейнеткеріне үлкен салмақ екені ескерілмепті.

Он төрт жыл халық игілігіне қызмет еткен қара пышақ енді міне, бір азаматтың басын сергелдеңге салып отыр. Ауылда соятын мал да азайып барады. Күндердің күнінде мұндай қара пышақтың да керегі болмай қалар. Мал ұрлау мен қасақана кісі өлтіру әрекеттері күннен-күнге өрши түсуде. Тергеушілер осынау қылмыстарды да аса бір шеберлікпен аша білсе, құба-құп.

«Егемен Қазақстан» газеті,
9 қазан, 1996 жыл.

ҚАРАҚШЫЛАР БӘРІБІР ҚҰТЫЛМАЙДЫ

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің баспасөз орталығына барып, республикамызда бір тәуліктің ішінде ғана жасалған қылмыстар дерегіне көз салсаңыз, жаныңыз түршігеді. Кісі өлтіру, зорлау, тонау, ұрлық, ішімдіктің кесірінен болған жол апаты, тағы басқа небір сұмдықтар туралы қысқаша мәліметтерді толық оқып шығуға екінің бірінің жүрегі дауламайтындай. «Сонда осы қаныпезерлер мен алаяқтарды ауызықтаудың амалы таусылған ба? Қоғамдық тәртіп сақшылары қайда қарайды?» деген сауалдар еріксіз ойға оралатыны да заңды.

Өткен айдың тек соңғы аптасында (24-30 қараша) республика бойынша 2404 қылмысты әрекеттер тіркелсе, право тәртібін қорғау органдары сол мерзім ішінде 665 қылмысты ашып үлгеріпті. Ашылған қылмыстар саны жасалған қылмыстарға қарағанда үш еседей аздау. Бірақ дәл сол аптада бұрын ізін жасырып жүрген қандықолдардың 825-і қолға түсіп, өз қылмыстарын толық мойындаған. Кейбіреулері тиісті жазаларын алып тыныпты. Егер осы деректі қоса есептесек, бір аптаның ішінде аз қылмыс ашылмайды екен. Енді сол ашылған қылмыстарға көңіл аударайық.

- Бұдан бір жыл бұрын (17.11.90) Гурьев қаласының тұрғындарын мынадай бір оқиға дүр сілкіндірген еді.

Сол қаладағы бір кооперативте кассир болып істейтін Б. деген келіншектің пәтеріне түнде терезеден түскен қанішерлер оны зорлап, соңынан айуандықпен өлтіріп кеткен. Онымен қоймай анасының жанында шырылдап жүрген бес жасар қызы мен үш жасар ұлын да бауыздап тастаған. Көздегендері қу дүние болса, оған да қолдары жеткен. Алайда, жазықсыз ана мен бейкүнә сәбилердің қаны қылмыскерлерді құтқармады. Бұл қанды оқиғаның ойраншылары бұрын сотталған А. А. деген ағайынды екі жігітпен қоса үш рет сотталған А. және Ж. деген сілімтектер

болып шықты. *(Осы жағдайға байланысты олардың соңына милиция түскен кезде, бұл адамдардың екеуі жазықсыз зәбір көрушілер ретінде біздің редакциямызға келіп, арыз-шағымдарын тастап кеткендерін ескертейік).*

27 қараша күні Ішкі істер министрлігінің оперативтік іздестіру тобы «Горный Гигант» совхозында жалгер болып істейтін К. деген баукеспені қолға түсірді. Ол биыл, 12-қыркүйек күні бұрынғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы идеология хатшысының саяжайын тонап, бірнеше бағалы бұйымдарды жымқырып кетіпті. Тексеру барысында бұрын тура бір жыл бұрын дәл осындай ұрлық жасағаны анықталды. Онда да ол бұрынғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тағы бір бұрынғы хатшысының саяжайына түсіп, қымбат заттарды иемденген. Ұрланған дүниелердің біразы иелеріне қайтарылды.

28 қараша күні бұдан төрт жыл бұрын жасалған ауыр қылмыстың беті ашылды. Шымкент облысы Бөген ауданы «Қараспан» совхозының қойшысы, 1958 жылы туған Р. деген азамат қолға түсті. Ол 1987 жылғы көктемде әкесі екеуі өздерінің қарамағында жалданып жұмыс жасап жүрген 45 жастағы көмекші шопанды сөзге келіспей қалғаны үшін өлтіріп, денесін құдыққа тастай салыпты. Кезінде іс-түссіз жоғалып кеткен тағы бір адамның сүйегі де сол құдықтың түбінен табылды.

Мұндай деректерді көптеп келтіре беруге болар еді. Бірақ ол міндет емес. Мәселе жасалған қылмыстың ерте ме, кеш пе әйтеуір бір ашылатындығында. Ендеше, адам қанын мойнына жүктеп жүрген қандықол қарақшылар уақытша құтылғанмен, түбінде бір тұтылатындарын естеріне ұстағандары дұрыс шығар.

«Халық кеңесі» газеті,
№105, 29 қараша, 1991 жыл.

ҚАМАУДАҒЫЛАР – ЖУРНАЛИСТЕР ЕМЕС ЕКЕН

Осы аптаның басында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің баспасөз хатшысы Бағдат Қожахметов Алматыда баспасөз мәслихатын өткізіп, кейінгі уақытта әртүрлі алыпқашты әңгімелерге өзек болып жүрген қылмыстар жөнінде нақты мағлұматтар берді. Бұдан үш ай бұрын «Нұрбанк» АҚ-ның төрағасы Жолдас Темірәлиев пен осы банктің қызметкері Айбар Хасенов із-түзсіз жоғалып кеткен болатын. Осы қылмысқа қатысы бар деген күдікпен КТК телеарнасының екі қызметкері қамауға алынғаны жөнінде де ақпараттар тараған.

Б.Қожахметов елді елеңдеткен оқиғалар жөнінде айтпас бұрын биылғы жылдың 7-13 мамыры аралығында республика бойынша орын алған қылмыстарға кеңінен тоқталды.

Бұл күндері елімізде барлық жиыны 2234 қылмыс тіркеліпті. Оның 51-і қасақана кісі өлтіру, 24-і қарақшылық шабуыл, 195-і тонау, 1031-і ұрлық қылмыстарына жатады.

Жедел іздестіру шараларының нәтижесінде 296 қылмыс ашылып, 4 атыс қаруы тәркіленген. Есірткіге қатысты 149 қылмысқа тосқауыл қойылған. 350 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Жол апатынан 74 адам қаза тапқан.

Ланкестік пен діни экстремизмге қарсы күрес барысында Шортанды қаласында заңсыз миссионерлікпен айналысып жүрген Ұлыбритания елінің екі азаматымен қоса Австралия және Ресей азаматтары қамауға алынды.

Сондай-ақ, Алматыда «Адамбаев Нұралин» атты қылмыстық топтың төрт белсенді мүшелері құрықталыпты. Олар кезінде «Рыжи Алмаз» атты ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамында болғандары белгілі болып отыр. Бұл адамдардан есірткі қаруы мен от қарулар, бірнеше оқтар тәркіленген.

Биылғы жылдың 28 наурызында Алматы қаласындағы «Арман» базарында әлдекімдер арасында атыс болғаны белгілі.

Оны ұйымдастырғандар Арыс және Шымкент қаласының тұрғындары екен. Қазір бәрі қамауда отыр.

Алматыдағы бір ЖШС директоры 2 миллион АҚШ доллары көлемінде экономикалық контрабанда жасағаны үшін қолға түсті.

Б.Қожахметов сөзін аяқтай бере-ақ журналистер жан-жақтан сұрақтар қоя бастады. Ол сұрақтардың көбі тек «Нұрбанктің» жоғалып кеткен басшысы мен қызметкеріне байланысты болды.

Жауап қысқа әрі нұсқа қайтарылды. Б.Қожахметовтың айтуына қарағанда тергеу жұмыстары қызу жүріп жатыр. Банк төрағасы Ж.Темірәлиевтің көміліп тасталған денесі табылыпты деген сөз де лақап екен.

Баспасөз беттеріндегі «КТК журналистері заңсыз тұтқындалды» деген ақпараттар да негізсіз көрінеді. Кісі ұрлауға қатысы бар деп қамауға алынған күдіктілер Н.Лихоузов пен В.Пискуновтар ешқандай да журналист емес, әртүрлі компанияларда қызмет ететін адамдар болып шықты. Жауап алу кезінде оларға тергеушілер тарапынан қысым көрсетілмегенін олар өздері жазбаша түрде хабарлапты. Оны ІІМ баспасөз хатшысы көпшіліктің алдында оқып берді.

Кісі ұрлауға қатысы бар деген күдікпен қамауға алынған банк қызметкерлері Сәрсенбеков пен Сартбековтер де өз адвокаттарының қатысуымен тергеушілерге жауап беруде. Соңы немен бітетіні әзірге белгісіз. Тергеу жүріп жатыр.

**«Президент және Халық» газеті,
18 мамыр, 2007 жыл.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ЕКЕУ, ҚОЖАЙЫНЫ БІРЕУ...

Бұл өзі бұрындары кездеспеген жағдайлардың бірі болды. Әдетте, газеттің үстінен арыз сирек жазылады. Жамыбл облысы Қордай ауданында 1994 жылдың сәуір айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде «Новости Кордая» – «Қордай жаңалықтары» деген атпен аудандық газет шығып келеді екен. Құрылтайшылары – Қордай аудандық әкімшілігі мен «Сұлтан Тегі Импекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2001 жылғы таралымы – 6706 дана. Қазақшасы – 2125, орысшасы – 4281. Оның алдындағы жылдардың көрсеткіштері де жаман емес. Аудандық газет үшін бұл, әрине үлкен жетістік.

Құрылтайшыға қарсы шыққан

Аудандық газеттің оқыраамандары атынан бір топ адам қол қойып, «Егемен Қазақстан» газетіне арыз жазыпты. Сонда олар не айтады дейсіздер ғой: «Біздің арыз беру себебіміз, еліміз Қордайды айтып отырмыз, бүлініп барады. Сүттей ұйып отырған ауданға Садықов Мұрат Сұлтантегі деген кәсіпкер лаң салуда. Бір газеті бар, сонымен жұртты үркітіп, қорқытып, ойына келегенін істеп жатыр...».

Бұдан кейін олар Садықов өзінің газетін кәсіпорын басшыларымен келісіп, баспа-бас (бартерлік) жолымен халыққа күштеп жаздыратынын айтады. «... Тіпті ауданды облыста озық етіп отырған, кеше ғана аудан әкімдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып Құрмет Орденін тағып қайтқан Құрманғали Ормановты жағасынан ала бастады» дейді олар.

Өзінің құрылтайшысына қарсы шыққан аудандық газеттің батылдығына таңдануға болатын да сияқты. Газет аудан әкімінен бастап, аудандық сот, прокуратурасымен қоса басқалардың да кемшіліктерін бетіне айтып, «сойып» салады. Қазіргі қиын

жағдайда қарапайым халық басшылықты сынағанды ұнатады. Сын мақала жазған журналисті нағыз батыл адам ретінде қабылдайды. Әрине, газет сынын ұнатпайтындар да бар. Оны әділетсіз сын деп есептейді. Олай болса олар ел іші бүлініп барады деп шырылдап «Егемен Қазақстанға» арыз жазғанша сотқа жүгінгендері дұрыс емес пе. Сондықтан, біз бұл арызды тексермесек те болар еді. Себебі, кез келген газеттің шығуына рұқсат ететін, сосын оны арнайы тіркеуден өткізетін орын бар. Ол – Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі. Егер, газет (басқа да ақпарат құралдары) Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңын бұзса, осы заңның 13 бабы негізінде соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

Сондай-ақ, азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұсқан келтіретін мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында таратылса, олар сол бұқаралық ақпарат құралында тегін теріске шығарылуы тиіс. (19-бап, 2-бөлім). Сондай-ақ, ел-іші бүлініп бара жатса аудан басшылары қайда қарап отыр деген сұрақ туады. «Айтпақшы ұмытып барамыз Садықов 6200 газетін Бішкектен контрабандалық жолмен 3 жыл шығарды. Растаможка жоқ, НДС жоқ, декларация жазылғаны белгісіз», деген сөздерді оқығанда тағы да таңдандық. Аудандық газет шет елде басылады да, ауданға әкеліп таратылады. Мұндайға ауданың құқық қорғау органдары қалайша жол берген? Осы және тағы басқа сұрақтар бізді еріксіз іссапарға шығуымызға итермеледі.

Әкімнің әңгімесі

Қордай ауданының әкімі Құрманғали Уәлиевке осы аудан тұрғындары атынан «Егемен Қазақстанға» жазылған арызды оқыттық. Сосын өз пікірін сұрадық.

– «Новости Кордая» – «Қордай жаңалықтары» газеттері 1994 жылдың сәуір айынан бастап шыға бастады. Ол кезде ауданның жағдайы өте қиын еді. Сондықтан, бізге кәсіпкер Мұрат

Садықов қол ұшын созып, аудандық газетті бірлесіп шығаруға келісім берді. Газетке жұмсалатын шығынды бірге бөлісіп көтеретін болдық. Мұны уақытша шара деп білдік. Басылымды ресми түрде екі құрылтайшының атынан тіркеттік. Сосын Мұрат газетті шығара бастады. Арнайы куәлік алдым деді. 1999 жылы газетті қайта тіркеуден өткізді. Сол кезде кәне куәлікті әкел, көрсет демепшін. Біздер өйткені өте сыйлас адамдар едік. Мен оған сендім. Сөйтсем ол мені алдап келіпті. Кейінгі кезде аудан басшыларын бірде дұрыс, бірде бұрыс сынай бастады. Мұраттың мұнысын түсінбедім. Газеттің бағыты да басқа жаққа бұрыла бастады. Бірде газеттің тіркелуі туралы куәлігін тексертсем, онда аудан әкімшілігінің құрылтайшылығы жайында ешнәрсе жазылмапты. Осы кезден бастап, яғни биылғы жылдың қаңтарынан бері олар аудан әкімшілігін газеттерінде құрылтайшы ретінде көрсетпейтін болды. Сөйтіп, бір-бірімізден іргемізді аулақ салдық. Енді әкімшіліктің өз газетін жеке шығармақшымыз.

– Бұған дейін осы газетте сіздерді сынаған сын мақалалар жөнінде не айтар едіңіз?

– Әрине, олар бізді біржақты сынады. Бұл жөнінде халықтың өзі айтар. Менің міндетім елдің әл-ауқатын көтеру, аудан шаруашылығын жолға қою. Кәсіпкердің жеке газетімен айтысып-тартысып, сөз жарыстырып жатуға уақытым жоқ, – деп әкім сөзін қысқа қайтарды.

Шаруашылық басшыларының айтқаны

Қордай ауданы «Талапты» өндірістік кооперативінің бастығы Қуанар Төкешов:

– Біз негізіген егін шаруашылығымен айналысамыз,– дей келіп, өз жұмыстарынан біраз ақпарат берді. Сосын бірден Мұрат Садықовтың мәселесіне ауысты:

– 1999 жылдың 4 маусымы күні «Сұлтан Тегі Импекспен» келісім-шартқа отырғанбыз. Онда оның газетін 2000 жылға жаздыру мәселесі қозғалған. Газеттің бір жылдық бағасы –

1500 теңге. Біз оның 200 данасын халыққа жаздыруға міндеттеме алдық. Барлық сома – 300 мың теңге болды. Қолма-қол ақша халықта жоқ. Сондықтан, ақшаның орынына 40 тонна жүгері береміз деп келістік. 300 мың теңгеге шаққанда жүгерінің әр киләсі 7 теңге 50 тиын тұрады. Алайда сол жылы ауа райының қолайсыздығына байланысты келісілген 40 тоннаға 16 тонна 200 килә жүгері жетпей қалды. Берешегімізді 2000 жылдың 15 мамырына дейін қайтаратынымыз туралы ауызша да, жазбаша да, уәде бердік. Бұған Садықов ешқандай жауап қайтармады, қарсылық та білдірмеді. Бірақ, бес айдан кейін ол бізді сотқа сүйреді. Сот «Сұлтан тегі Импекстің» пайдасына бізден 2 миллион теңге қиып берді,– деп Қордай аудандық сотының 2000 жылғы 13 мауысымдағы шешімін ұсынды. Сот шешімінде екі жақ №10 келісім-шартқа қол қойғандығы айтылған. Егер шартта көрсетілген келісімді мерзімді екі жақ бір-біріне тиесілі затты, немесе ақшаны кешіктірсе, сол күннен бастап, әр күн сайын жалпы соманың 10 пайыз мөлшерінде айып салынатындығы жазылған. 1999 жылдың 16 қарашасынан 2000 жылғы 12 мамырдың арасында 177 күн бар. Міне осы күндер үшін «Талапты» өндірістік кооперативі «Сұлтан Тегіне» 2 миллион 594 мың 633 теңге айып төлеуі керек. Сот заң бойынша «Талаптыдан» қарсы жаққа 2 миллион теңге өндіру жөнінде шешім шығарған.

– Келісім-шартқа қол қойғанда оның төменгі жағындағы 10 пайыз айып жөніндегі пунктке назар аудармаппыз,– дейді Қ.Төкешов. – Келісім-шартқа қол қоймасақ олар бізді газет бетінде сынап береді. Сосын келісуге мәжбүр болдық.

– Сыннан неге қорқасыздар? Әділетсіз сынаса, жала жапса, олар да заң алдында жауап береді ғой.

– Газеттің әрбір мақаласы үшін соттасып жүретін бізде уақыт бар ма? Оның үстіне аудандағы жалғыз газет болған соң, жазылып едік. Оқырмандар алдағы жылға бұл газетке жазылмаймыз деп қарсылық білдіруде,– деп өндіріс басшысы 200-ге жуық адам қол қойған тізімді ұсынды.

«Талапты» өндірістік кооперативті ұжымның атынан Жамбыл облыстық сотына кассациялық шағым да жазылыпты.

Онда олар аудандық газетке жазылу, жазылмау ісі өз еріктерінде екенін айтады, оған күштеп жаздыру заңсыздық деп түсіндіреді. Соған қарамастан «Талапты» ұжымы «Сұлтан тегіне» 23 тонна 800 килә жүгері өткізгенін, оның құны 178 мың 500 теңге тұратынын, осы ақша 7 айға, 2000 жылдың 1 тамызына дейін жазылған аудандық газет бағасына дәл келетінін көрсетеді. Өздері әрең күн көріп отырғанда аудандық газет үшін 2 миллион теңге айып төлей алмайтындықтарын білдіреді.

Басқа басшылар не дейді?

Бұдан кейін біздер «Ақбұлын» өндірістік кооперативінің басшысы Александр Занохаға жолықтық. Ол кісі «Новости Кордая» газетінің бетіндегі сын мақалалардың ешқайсымен келіспейтіндігін жасырмады.

— Бұл қазіргі аудан әкіміне қарсы әдейі ұйымдастырылып отырған шаралардың бірі. Сондықтан, алдағы уақытта осы газетті жаздырып алу мәселесін ойланудамыз. Қарапайым халыққа аудан басшыларын құбыжық етіп көрсететіні ыңғайсыздау болып тұр. Салыстырмалы түрде қарасак, біздің ауданның жағдайы өзгелерге қарағанда көш ілгері екенін көпшілік жақсы біледі.

— Газетті күштеп қорқытып жаздырады дегені рас па?

— Мені ешкім күштеп қорқыта алмайды. Мұрат Садықовпен ара-қатынасым жақсы. Алайда оның кейінгі қылықтарын түсіне алмадым...

«Сапа Қордай» фирмасының басшысы Олег Шукіннің «Сұлтан тегіне» деген өкпесі қара қазандай екен. Газетке жазылу мәселесінен басқа да деректерді тілге тиек етті. Диктофонға жазылған ол сөздерді қалам ұшына іліктіргенді жөн көрмедік. Олай етсек, тақырыптан ауытқып кететін түріміз бар. Аудандық газеттегі сын мақалаларда шаруамыз жоқ. Оның дұрыс, бұрыстығын анықтау соттың ісі. Оқырмандар оны әділетсіздік деп тапса, сотқа жүгінуге ақыл-кеңес береміз. Бұдан кейін Қордай аудандық сотының төрағасы Есен Егізбаевқа кірдік.

–«Новости Кордая» – «Қордай жаңалықтары» газетіндегі сын мақалаларға байланысты сіздерге талап-арыздар түсті ме? – деп сұрадық.

–1997 жылы екі талап арыз болған. Біз олардың біреуін қанағаттандырыппыз. Сот шешімі бойынша газет жәбірленушіден кешірім сұраған...

Прокурор хабарламасы

Қордай ауданының бұрынғы прокуроры К.Д.Сейітжановтың Жамбыл облысының прокуроры К.Д.Төлегеновтың атына жазған хабарламасының көшірмесі қолымызға тиді. Онда 1994 жылдың наурыз айынан бастап, «Новости Кордая» – «Қордай жаңалықтары» газетінің құрылтайшылары Қордай аудандық әкімшілігі мен «Сұлтан Тегі Импекс» ЖШС екендігі, соған байланысты 1999 жылдың 10 наурыз күні әкімшілік тарапынан газетке дотация ретінде 150 мың теңге бөлінгендігі туралы жазылған. Оған дейін де әкімшілік газетке әртүрлі көмектер көрсетіпті. Ақша қолдарына тие салысымен екі күннен кейін «Сұлтан тегі» ЖШС аудандық газет «Новости Кордая» – «Қордай жаңалықтары» газетін қайтадан тіркеуден өткізген. Сол жолы аудан әкімшілігін құрылтайшылықтан шығартып тастапты. Сөйтіп, бұған дейін аудан әкімшілігінің, яғни жартылай мемлекеттің қаржысымен жарық көріп келген аудандық газет енді осылайша жекешеленеді.

Алайда, әкімшілікті де құрылтайшы ретінде газет соңында көрсетіп отырады. Прокуратура тексеріп, нәтижесін әкімшілікке хабарламағанда, жекешелендірілген газет мемлекет қаржысымен қашанға дейін шыға берері белгісіз екен.

Кеден салығын төлемепті

Қордай кеден бекетінің бастығы Жарқынбек Ахметов «Новости Кордая» – «Қордай жаңалықтары» газеттері кедендік рәсімдеуден ешқашан өтпегендігін мәлімдеді. Соған қарамастан редакция атынан Жамбыл облысы бойынша кеден басқар-

масының бастығы Б.Құлжановтың атына хат жібердік. Ол кісі өзі қол қойған мынадай жауап хат алдық.

«Сіздердің 02.05.2001 жылы бізге жолдаған № 091 хаттарыңызға орай мынаны хабарлаймыз: «Қордай кеден бекетінде «Қордай жаңалықтары» – «Новости Кордая» газет өнімдері рәсімделмеген. Кеден басқармасы осы дәйек бойынша тексеру жүргізуде».

Кездесуге келмеді

Іссапар кезінде «Сұлтан тегі Импекстің» бастығы Мұрат Садықовқа жолығу үшін жұмыс орынына іздеп барғанбыз. «Алматыда жүр, қашан келетінін білмейміз» деген жауап алдық. Сосын газеттің бас редакторы В.Бочковқа жолықтық.

– Газетке жаздыру ісін, қаржы мәселесін Мұрат Сұлтанұлының өзі шешеді. Мен шығармашылық жұмыстарға жауап беремін. Газет сынымен келіспейтіндер әзірге бізді сотқа берген жоқ. Олай болса, біздер шындықты жазып жатырмыз да, – деген әріптесімізге сәттілік тілеп қоштастық.

Алматыға келеген соң, Мұрат Садықовпен телефон арқылы сөйлесіп, өзіммен жолыққымыз келетінін ескерттік.

– Онда, өзім барайын күтіңіздер, – деді. Қай күні, қай сағатта келетініне дейін айтты. Күттік. Келмеді. Бірнеше күннен кейін тағы да телефон шалдық – Адвокатыммен ақылдасып едім: Несіне олардың алдына ақталасың? – деді. Сіздер бәрібір біржақты тексересіздер ғой, – деген жауап алдық.

– Екі жақты бірдей тексеру деген осы емес пе. Сіздің келуіңізді ғана күтіп отырмыз. Уәде еткен уақытта келмедіңіз ғой.

– Егер шындықты жазатын болсаңыздар, онда барайын, – деп Мұрат тағы да қай күні қай сағатта келтінін айтты. Күттік. Келмеді. Ақыры іссапардан көрген-білгенімізді сол күйінде қағазға түсірдік. Егер Мұрат Сұлтанұлының жауаптары екінші жақтан естілгенде мақаламыз бұдан да қызықтырақ шығар ма еді деген ойымызды да жасырмаймыз. Айтпақшы, Қордай ауданы әкімшілігінің өз газеті шыға бастапты дегенді естідік. Ол – «Қордай Шамшырағы» деп аталады екен.

Ырыс ынтымаққа барады

Біздіңше бәрі түсінікті болды-ау деймін. Тек бірнәрсені ескерткіміз келеді. Мемлекет саясатын дұрыс жүргізу барысында, билік басындағыларға ресми басылым қашанда кажет екені шындық. Оны жоғарғыдағы мысалдан-ақ байқауға болады. Демократияның жолы осы екен деп, әкімдер тым қарапайымдылық пен сенгіштікке жол бермегені дұрыс. Адами тұрғыдан бұл жақсы қасиет шығар. Ал ел билеу ісінде өкіндірер тұстары аз емес екенін байқаған шығарсыздар.

Біз бұл даудың басын ашып, бір жағына шығудан аулақпыз. Ол үшін құзырлы мекемелер бар. Біздің назар аудармағымыз бір ғана мәселе – баспасөздің бүгінгі қоғамдық өміріміздегі алар орны, оның береке-бірлікті баянды етудегі рөлі. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы демократиялық үрдістердің белең алуы, нарық жағдайында қиыншылықтан шығу үшін сан түрлі тәсілдерді қолданып жатуы, әрине құптарлық. Бұл орайда өзі қол қойған қағаздағы жазуларды дұрыстап оқымаған әкімнен айыппұл өндіруге тырысқан әріптестеріміздің «іскерлігіне» тандануға да болатын сияқты. Тек қалайда жұртшылықтың қызығушылығын туғызамыз деген оймен, онды-солды қалам сілтеп, жөнді-жөнсіз басшыларға соқтығу, сөйтіп, халықты қайткенде де билік орындарына қарсы қоюға тырысу, айналып келгенде ағайынның арасын ашуға әкеліп соқпай ма? Ырыс тек ынтымаққа бастайтынын ұмытпайық.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
30 мамыр, 2001 жыл.**

ҚЫЛМЫСҚА – БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ТОСҚАУЫЛ

Бұрнағы күні Қазақстан Президентінің резиденциясында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің республикалық кеңесі болып өтті. Бүгінде өрттей қаулап өсіп келе жатқан қылмысқа тосқауыл қоймай тұрып, экономикалық реформаларға қол жеткізу мүмкін еместігін ел басшысы осы жерде ашық айтты. Сондықтан, құқық қорғау органдарының өкілдеріне бұл кеңесті кезекті есеп беру жиналысына айналдырмай, нақты ұсыныстарын ортаға салуды өтінді.

«Осы уақытқа дейін өтпелі кезеңнің небір қиыншылықтарына, қымбатшылық пен жоқшылыққа шыдап келген халықтың төзімі таусылуға жақын қалғанын кейінгі кездері өз көзіммен көруге тура келді. Соңғы бір кездесуден мен олардан әдеттегідей тұрмыс тауқыметі туралы әңгімелерді еститін шығармын деп ойлағанмын. Ал олар ең бірінші кезекте қандықол қарақшылар мен тонаушылардан құтқаруымды сұрады. Бұл – төзімнің таусылғаны емей немене?» деп ел басы республикамыздағы күрделі жағдайды нақты деректер арқылы сипаттап өтті.

Тыңдап отырсаң төбе құйқаң шымырлайтындай. Тек былтырғы жылы ғана 2 мың адам қылмыскерлер қолынан қаза тауыпты. Соңғы үш айдың ішінде 4 миллион сомның тауарлары талан-таражға түскен. Ал ашылмай қалған қылмыстар саны өткен жылғымен салыстырғанда екі есе өсе түссе, биылғы бірінші тоқсанда өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда ол үш есе артып кеткен. Қылмыстың толық ашылып, сотқа жіберілуі де өте бәсең. Өзірге бұл көрсеткіш 37 процентке ғана жетіпті.

Республиканың Бас прокуроры Ж. Тұяқбаевтың мәлімдеуіне қарағанда, бұл мекемеге тек биылғы жылдың бірінші тоқсаны ішінде ғана 2,5 мың адамнан арыз-шағым келіп түсіпті. Қылмысты ашудың 80 проценті Ішкі істер министрлігінің үлесіне тиеді. Алайда, Бас прокурордың айтуына қарағанда, олар өз

міндеттерін ойдағыдай атқара алмай отырған көрінеді. Республикада арнайы тергеу комитетін құрмайынша іс алға басуы екі талай деген ойлар осы арада тағы да қылаң берді.

Бұдан кейін сөз алған республика ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Қ. Сүлейменов дәл қазіргі сәтте тергеу басқармасын қайта құрып жатуды уақыт талабы көтермейтіндігін, бұл болашақтың ісі екендігін ескертті. Онан да, жергілікті милицияның жұмысын жандандырып, кейінгі кезде өз әрекетін тоқтатқан із кесу-агентуралық жұмыстарды жаңа қырынан жандандырудың мәнісі зор екеніне назар аударды. Учаскелік милиция қызметкерлерінің жұмысын жолға қою керектігін, автоинспекция тіректерін көбейтуді, бүгінде естен шыққан ерікті халық жасақшыларын көмекке шақыруды талап етті. Ол кісі кейбір жергілікті әкімдердің қолына тиген билікті пайдаланып, ішкі істер басқармасының бастықтарын бірінен кейін бірін ойланбай ауыстырып жатқанына алаңдаушылық білдірді. Қысқа мерзім ішінде сондай әкімдердің «көмегімен» жергілікті жерлерде 17 басқарма бастығы орнынан алыныпты. Ішкі істер министрлігі онсыз да бір қолын екі ете алмай отырғанда, бұл аяқтан шалумен бірдей деп қынжылыс танытты. Мәжіліске арнайы қатысып отырған кейбір облыс әкімдері бұл тілегіме құлақ асады деп білемін, деп ойын аяқтады.

Республикалық Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Б. Байекеновтың мәлімдеуіне қарағанда, қазір өз ішімізде шетелдік барлаушылармен ауыз жаласып кеткен ішкі жаулар (контрабанда) саны күннен-күнге көбейе түскен. Осының кесірінен қаншама байлығымыз шекарадан су тегін өтіп жатыр десеңізші! Ең қиыны, олар әртүрлі фирмалар мен ассоциациялар арқылы алыс-беріс түрінде жүзеге асырылады екен. Мұндай «заңдастырылған» қылмыстармен күресуде Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қызметкерлері дәрменсіздік танытып отырғанын ашық мойындады.

Жоғарғы Кеңестің атынан сөз алып сөйлеген осындағы заң шығару, заңдылық және құқық тәртібі мәселелері жөніндегі

комитеттің төрағасы Н. Акуев келесі сессияда бұл мәселелер бойынша құқық қорғау органдарының өкілдері өз ұсыныстарын ортаға салуларын өтінді.

Кеңес соңында қорытынды сөз сөйлеген Президент құқық қорғау органдарының жұмысына дәл қазіргі сәтте көңілі толмайтындығын білдіре келіп, таяу арада бұл салада түбегейлі өзгерістер жүргізбейінше, іс оңға баспайтындығын баса көрсетті.

Президент республикадағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне де үлкен жауапкершілік жүктелетінін қатаң ескертті. Журналистер қауымы әзірге Ішкі істер министрлігінен алған келеңсіз деректерді бадырайтып көрсетіп, халықтың арасында үрей туғызудан басқа ештеңе бітіре алмай жүргендерін, оқиғаның себеп-салдарына салиқалы түрде талдау жасауға өрелері жетпей жатқандығын сынға ала сөйледі.

Құқық қорғау өкілдерімен болған кеңес сол күні өз жұмысын аяқтады.

Кеңеске республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы С.Ә. Әбділдин, республика Премьер-министрі С. А. Терещенко жолдастар қатысып отырды.

**«Халық кеңесі» газеті,
18 сәуір, 1992 жыл.**

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУДІҢ ЖОЛДАРЫ КӨП

(Қазақстан Республикасының Халық депутаты, Семей облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, генерал-майор Мұрат Қалматаевпен сұхбат)

– Мұрат Дүйсенбіұлы, мен таяуда сіздің облыста арнайы іссапармен болып қайттым. Сіз ол кезде Алматыда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кезекті сессиясында едіңіз. Өзіңіз болмасаңыз да облыстық Ішкі істер басқармасындағы азаматтармен біраз жұмыс жасаудың мүмкіндігі туды. Көкпекті, Жарма сияқты алыс аудандарға дейін барып, түкпірдегі ауылдардағы учаскелік инспекторлардың қал-жағдайларына дейін таныстым, қарапайым халықтың сіздерге деген көзқарастарын да білуге тырыстым...

– Иә, қалай екен, біздің жұмысқа көңіліңіз толды ма?

Бір іссапар барысында бәрін біліп қайту мүмкін емес қой. Сондықтан, көрген-білгендерімді тағы бір ой елегінен өткізе отырып, өзіңізбен пікір алысқанды жөн көрдім.

– Дұрыс екен... Ұмытпасам, өткен сессия кезінде де сіз маған бір рет жолығып, ұйымдасқан қылмыс жөнінде әңгіме жүргізсек деген сияқты едіңіз. Бірақ, ол жолы уақыттың ыңғайы болмаған.

– Бұл жолы да сізбен сол тақырыпта әңгіме қозғағым келеді.

– Ол жайында айта берсе әңгіме көп. Неше түрлі себеп-салдар да алдымыздан шығады... Экономиканың құлдырауы, нарықтық қатынастың өзіндік қиындығы, қабылданған заңдардың орындалмауы, мемлекеттік құрылымдағы кемшіліктер, тағы басқаларды тілге тиек етсек, айта-айта жауыр болған ойларды қайта қозғағандай болып көрінбейміз бе?

– Кез келген нәрсе жөнінде әркімнің өз пікірі болатындығы белгілі. Халық қалаулысы ретінде, ішкі істер

саласының көрнекті қызметкері ретінде Сіздің пікіріңіздің орны бөлек деп түсінемін.

– Бұл сөзіңіздің де жаны бар. Олай болса қазіргі қабылданып жатқан заңдардың жүзеге асуы жөнінде айтып көрейін. Қазақта «Ата алмаған мылтығынан көреді» деген нақыл бар. Кейбіреулер өздері істің байыбына бара алмаған соң, «әттең мынандай заң болса», «мына заңның мына жері дұрыс емес» деп құр босқа даурығатындай көрінеді кейде. Мұны мен ішкі істер саласына байланысты айтып отырмын. Ал, солар жеке өз мүддесіне келгенде «Заңда тиым салынбағанның бәріне рұқсат» деген принципті алға тарта қоятынын қайтерсің?! Ендеше, заңда бәрін бүгеге-шігесіне дейін көрсетіп береді деп қол қусырып отырудың керегі жоқ. Бұрынғы заңдар да жетісіп тұрғаны шамалы еді ғой. Шындап жұмыс істеймін дегендерге бұл сылтау ғана. Егер істеген ісің тек халық игілігіне бағытталса, заңға қайшы келмесе, тайсақтамай өздігіңнен шешім қабылдай білген жөн.

– Енді, осы ойыңызды өз тәжірибенізбен байланыстыра айтсаңыз?..

– Мейлің, тәжірибе бөлісу мақсатында ғана бірер мысал келтірейін. Егер, ол басқаларға да қажет деп білсеңіз жазарсыз, болмаса өзіңіз білерсіз.

Біздің Семей қаласында 380 мыңдай адам бар. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда 1000 адамға бір күзет қызметкерлерінен (ППС) келуге тиіс екен. Сонда, біздің қалада осы қызмет саласы бойынша 380 милиционер болуға тиісті. Бірақ, дәл қазіргі кезде олардың саны бізде 156 ғана. Олай болса, әрбір күзет қызметкерлеріне 1000 адамнан емес, 2455 адамнан келеді. Мұндайда не істеу керек? Біз қаланы өз қызметімізге байланысты шартты түрде 14 шағын ауданға бөлдік те, оған ішкі істер басқармасына қарасты әр саланың жеке-жеке өкілдерін бекітіп қойдық. Содан кейін тағы бір айта кететін нәрсе, бір ауданға қылмыстық іздеушілер тобын, енді біріне тергеушілер, қылмыстық енді біріне МАЙ қызметкерлерін, тағы сол сияқты бөліп тастадық. Нәтижесінде бүкіл облыстың ішкі істер басқармасындағы

милиционерлер өздерінің негізгі міндеттерімен қоса, қылмысты ашуға да қатысатын болады. Үстеріне әскери үлгідегі арнайы киім киген ішкі істер органдарының қызметкерлері қай жерде, қандай жағдайда болмасын қылмыстың алдын алу басты борышым деп түсінгенде ғана халық алдында беделі артады.

– Озық тәжірибені бірден өмірге енгізу оңай шаруа емес. Сіздің жаңағы жұмыс тәсіліңізге ішкі істер министрлігіндегі басшылар қалай қарар екен?

– Бұл тәсілді мен соншалық озық тәжірибе дегім келмейді. Сәл ойлана жұмыс істеген адам үшін мұндай жұмыс әдістерін табу түк те қиын емес. Әйтсе де, әрбір қадамына күдіктене қарайтын басшылар да кездесіп қалады. Осы орайда тағы бір мысал келтіре кетейін.

Семейде еңбекпен түзеу колониясының саны – екеу. Аты «еңбекпен түзеу» деп аталғанымен заты басқаша екенін несіне жасырамыз. Сондықтан, бұл мекеменің де ішкі тірлігіне өзгеріс енгізетін уақыт баяғыда-ақ жеткен. Әрине, мұндағы тәртіп қатал болатыны белгілі. Алайда, сол қатал тәртіп адам тәрбиесіне негізделіп жатса, сөз басқа. Кейде орынсыз қаталдықтың өзі тәрбиеленушінің бойына қатыгездік пен кекшілдік қасиеттерін құйып жататынын байқай бермейміз. Мәселен, колонияда отырған адамдар үйіне бір айда бір-ақ рет хат жазуға немесе сәлем-сауқат алуларына рұқсат етіледі. Туған-туыстарымен кездесіп тұруға да белгілі бір уақыт өлшемі тағайындалған. Міне, осының бәрі адамның дұрыс жолға түсуіне жақсы әсер ете ме? Жоқ, қайта іштей қарсылық тудырады. Сотталғандарды қоғамнан, қарапайым адамдардан мүлде аластатып, жатбауыр болып шығуына әсерін тигізетін ескіліктің қалдығы десек, артық айтқандығымыз емес. Мен осы қағиданы өз бұйрығыммен бұзып, сотталғандар өз үйіне қанша рет хат жазамын, сәлем-сауқат аламын десе де, туған-туыстарымен қанша рет жүздесемін десе де рұқсат бергіздім. Бірақ, осы ісім үшін кезінде өзім де жазалана жаздадым. Енді, бұның бәрі дұрыс екен деп жатқан жоқпыз ба?

– Сіз Семей облыстық ішкі істер басқармасына бастық болып барардан бұрын республика Ішкі істер министрлігінде белді қызметтердің бірін атқарғандығыңызды білеміз. Одан бері де біраз уақыт өтті. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарағанда ІІМ-нің қазіргі жұмыс тәсілін қалай бағалар едіңіз?

– Қазіргі кезде қай салада да кемшілік іздесе, жетіп артылады. Бұрын бәрі орталықпен басқарылып, Мәскеуге жалтақтап үйренген біздер енді ғана өз аяғымыздан тұрып келе жатқандаймыз. Дегенмен, солай екен деп кемшілікке көзжұмбайлықпен қарау – қылмыспен тең.

Республика Ішкі істер министрлігіндегілер көбінесе «Осыншама қылмыс ашылды, осыншама қылмыс жасалынды» деп құрғақ деректер жинаумен ғана шектелетіндей әсер қалдырады кейде. Ал, сол деректердің ар жағында қандай күрделі мәселелер жатқанына жете көңіл бөлінбейді. Жылдық қорытынды есепте де, алқа мәжілістеріндегі баяндамаларда да осындай сарын байқалады.

Бір жерде ауыр қылмыс жасалынды десе, бәрі қопарыла солай қарай аттанады. Сөйтіп, жүргенде екінші жақтан одан зорғысы шығады. Бұл – ескі тәсіл. Осыдан келіп күштердің ара салмағы бұзылады. Мысалы, қылмысты іздестіру тобы мен экономикалық қылмысқа қарсы күрес тобының адамдары басқа салаларға қарағанда екі есе көп. Ал, ІІМ-нің штабында бар жоғы 20 шақты адам істейді. Штаб дегеніміз – нағыз ұйымдастыру, сараптап-саралау (анализ жасаушы) қызмет орталығы деп түсінем өз басым. Оның бастығы министрдің орынбасары болғанын қалар едім.

Сондай-ақ, бізде басқарушы адамдар тым көбейіп кеткен. Мәселен, облыстағы бір учаскелік инспектордың қанша бастығы бар екенін білесіз бе? Ерінбей тыңдасаңыз, санап берейін: Облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, оның үш-төрт орынбасарлары, қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімінің бастығы, оның екі орынбасары, аудандық ішкі істер басқармасының бастығы, оның

екі орынбасары, бір аға инспектор. Сонда бір учаскелік инспектордың үстінен он бір-он екі адам қадағалайды екен.

– Сол учаскелік инспекторымыз жергілікті шаруашылық басшысына тағы тәуелді. Себебі, оған жалақы беретін, көлік бөлетін – шаруашылық басшысы. Ендеше, учаскелік инспекторымен бірге басқалары да соның қалтасына түсіп кетті деген сөз ғой. Міне, «қалтадағы милиционер» деген ұғым қайдан шығады?

– Амал бар ма? Жағдай солай болса, не істейміз?

– Көзіңізге мақтағаным емес, сіздің облыстағы ел сақшыларының жағдайы жаман емес сияқты. Бір байқағаным, қалада тәртіп бұзушылық күрт азайғандай әсер етті.

– Мақтанарлықтай жағдайымыз шамалы. Әсіресе, пәтер тонау әрекеттері жиілеп тұр. Осыған байланысты халық арасына шығып, олармен жүзбе-жүз тілдесіп, сәтті ойлар сағатын өткізіп тұрамыз. Бұл әдіс те өз нәтижесін бере бастады. Әр қызмет саласындағы байланыстарды күшейтуге күш салынууда. Ол жөнінде жоғарыда айттым. Мысалы, МАИ қызметкерлері болсын, өрт сөндірушілер болсын милиция киімін кигеннен кейін бәрі де кез келген қылмыстың алдын алып, оны ашу басты міндетім деп білуге тиісті.

– Мұрат Дүйсенбіұлы, мен сізге соңғы сұрағымды қойып, әңгімемізді аяқтасам ба деймін. Сіз Тәуелсіз Қазақстан Республикасының бүгінгі милиционерлерін тек қылмысқа қарсы күресушілер ретінде ғана емес, оларды адам ретінде, азамат ретінде қандай дәрежеде көргіңіз келеді?

– Милиционерлер өздерін тек «алып кел, шауып келді» ғана білетін орындаушымын деп білсе ол – милиционер емес. Ең бастысы – көкірегі ояу, көзі ашық, саясаттан да, мәдениеттен де толық хабары бар, кез келген ортада өзін зиялы қауымның өкілі ретінде таныта білетін азаматтар ғана ел сақшысы болуға лайық деп түсінемін.

– Уақытыңызды бөліп тілдескеніңізге рақмет.

«Сақшы-На страже» газеті,
Семей-Алматы,
29 сәуір, 1993жыл.

ӨЗ ІСІНДІ СҮЙМЕСЕҢ, ШЫНДЫҚ ҮШІН КҮЙМЕЙСІҢ

Мемлекеттік тергеу комитеті Алматы қалалық бас басқармасының бастығы, әділет полковнигі Қозы Көрпеш Жапарханұлы Карбозов мырзамен әңгіме кезінде осы бір ойқазығы алдымызды орады:

– Былтырғы жылдың 6 қазанында Президент Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитеті құрылды. Содан бері де бір жылдан астам уақыт өтті. Өзіңіз басқарып отырған қалалық тергеу комитетінің бүгінгі жағдайы мен болашағы жайында не айтар едіңіз?

– Бүгінгі жағдайымыз жаман емес, болашақта да жаман болмайды деп ойлаймын. Ал қиындықтар болған, бола да береді. Бұл – өмір заңдылығы. Сол қиындықтарды жеңу үшін күресіп жатқан жоқпыз ба? Қалалық тергеу комитеті төрт аяғынан тік тұрды деп бүгінде нықтап айтуға негіз бар. Ең бастысы, кадр мәселесі толық шешілді. Алғашқы кезде осында қызмет жасауға тілек білдірген тергеушілер мен заңгерлердің бәрін жұмысқа қабылдадық. Өйтпегенде қайтеміз? Қазіргі кезде өз арамызда сұрыптау, тазалау жұмыстарын қолға ала бастадық. Пара алумен айналысқан өзіміздің 15 тергеушіні өзіміз ұстап, қылмысын мойнына қойып, ісін сотқа өткіздік. Олардың орнын биыл ғана жоғары оқу орындарын тәмамдаған жас түлектермен толықтырудамыз. Жалпы, біздегі қызметкерлердің 40 проценті жас маман. «Жас келсе іске» деген, ісіміз алға баса беретініне күмәнданбаймын.

– Әңгімеміз кадр мәселесіне қарай ойысты ғой. Ендеше, алдымен осы төңіректегі ойлардың басын ашып алайық. Жұмыстың ілгері басуы – адамның тек жас мөлшеріне ғана емес, оның қабілет-қарымына, кәсіби шеберлігіне де байланысты болып келеді. Бұл тұрасында не айтар едіңіз?

– Былтырғы жылдың басында қолында заңгерлік дипломы бар адамдардың бәрін жұмысқа қабылдауымызға тура келгенін

айттым. Жаңа мекеме құру оңай шаруа емес. Бос орындарды толтырып, іске кіріскеннен кейін, жол жөнекей кадрлар өз-өзінен сұрыпталып, кімнің кім екені, кімнің қолынан не келетіні анықтала түседі екен. Мен өзім оларды шартты түрде мынадай төрт топқа бөліп қарастырдым. Олар: жақсы жұмыс істейтіндер, орташа жұмыс істейтіндер, әйтеуір жұмыс істейтіндер, жұмыс істемейтіндер. Алдыңғы екі топтағылар жөнінде әңгіме басқа. Ал тиіп-қашып жұмыс істейтіндер мен мүлде жұмыс істемейтіндерден құтылудан басқа амал жоқ. Ондайларды тергеу орындарында қалдыруға әсте болмайды. Бірақ олардың кейбіреуін ынтасына қарай құқық қорғау органдарының басқа салаларында пайдалануға мүмкіндік бар. Мәселен, милициядағы күзет, т.б. сондай қызметтер.

Ал мүлдем жұмыс жасамайтындар қай жерге барса да жұмыс жасамайды. Ондайларды құқық қорғау саласының маңына жолатпау керек.

Кадрларды қайта сұрыптау кезінде арнайы комиссия құрып, 55 тергеушіні осы соңғы топтағылар қатарында жұмыстан босаттық. Олардың орнына жаңа қызметкер қабылдауда да талап күшейтілді. Мәселен, екі адам жұмысқа қабылдау жөнінде қатар өтініш жазды дейік. Екеуі де жоғары білімді заңгер, екеуінің де құқық қорғау саласындағы тәжірибелері бірдей. Тек, біреуі кейінгі кезде фирмада, т.б. «жылы жұмсақтау» жерде заңгерлік қызмет атқарған. Қайсысын қабылдаған дұрыс. Әрине, әлі қолы еш жерге былғанбаған азаматты қабылдаймыз.

– Қазіргі кезде адамдардың, әсіресе тергеушілердің қаншалықты әділ, таза жұмыс істейтініне көз жеткізу қиын. «Шортандардың» біреуі қолына түсіп, істі түбегейлі тергеу басталғанда алдынан «батпан құйрық» шыға келсе қайтпек? Мемлекеттен алатын айлығына қолы жетпей жүрген тергеушінің «сынып түсетін» жері де осы шығар?

– Оған сөз бар ма?! Алтын көрсе періште жолдан тайған ғой. Сондықтан да, біздер өзіміздің арамыздағы парақорларды өзіміз әшкерелеуге кірістік. Жігіттерге қашан да айтарым – аштан өліп бара жатсаң, да пара алма. Әрине, тіршілік тауқыметі

ешқашан таусылмайды. Қаражат жағынан қатты қысылсандар тікелей өзіме келіндерші дегенді әрқайсысына жолдастық ниетпен ескертіп отырамын. Мен ондай азаматтарға кез келген уақытта мекеме тарапынан көмек бергізуге дайынмын. Ол адам көп болса бір ай, не екі айдай ақшадан қысылар. Алайда өне бойы солай бола беруі мүмкін емес қой. Соған бола әлде кімнен алған пара бірде болмаса бірде желкесінен шығатыны сөзсіз. Міне, осынау бір шындықты кімге де болса ескертіп отырған артықтық етпейді деп ойлаймын.

– Ескерткен дұрыс қой, егер содан нәтиже шығып жатса. Тергеушілер мен судьялардың жаяу жүретіндері сирек. Мемлекеттің айлығына ғана қарап отырған солар кейінгі кезде қай жерден қаржы үнемдеп үлгерді екен деген сұрақ туындайды. Өйткені оларға коммерциямен айналысуға заң рұқсат етпейді.

– Тапқан табысын қалай үнемдеу әркімнің жеке шаруасы. «Қалай байыдың?!» деп біреуді бас салып тергеп, тексергенмен бәрібір ештеңе шықпайды. Мен өзім басқарып отырған мекеменің қызметкерлері жайында айтар болсам, баюды аңсайтын жігіттерді де талай рет кездестірдім. «Айлық табысым күн көруге жеткенімен, баюға жетпейді. Пара алсам, ұстайсыздар. Сондықтан, бұл саладан кетуіме рұқсат беріңіз» деп өтініш жазғандарды мен жақсы түсінемін. Олардың біразына алғысымды білдіріп, шығарып та салдым. Шындығын айтқаны үшін сөйттім. Әйтпесе, ол қызмет бабын пайдаланып, арам ниетін жүзеге асырамын десе, асырар еді. Сөйтіп, бәріміздің абырой-беделімізге нұқсан келтірер еді. Өз ісін шын сүймеген адам ешқашан шындық үшін күйе алмайды. Мәселен, сіз өз мамандығыңызды шын сүймесеңіз, мемлекеттің аз ғана айлығына қарап, отырмас едіңіз. «Есектің құйрығын жусаң да мал тап» деген қағиданы ұстансақ, сіздің де, менің де қолымнан бір «пысықтық» жасау әбден келеді. Бірақ, өз мамандығымызды қадір тұтқандығымыздан өз ісімізді орта жолда тастай алмаймыз. Мынау аумалы-төкпелі өмірде қара жерді аяғыңмен нық басып, досыңның да, дұшпаныңның да көзіне тура қарап жүргенге не жетсін!

– Біздің осы әңгімемізді оқыған адам: «Мыналар періштенің сөзін айтып отырған жоқ па?» деп ойлауы мүмкін ғой.

– Құқық қорғау органдарының адамдары мәшине мінбесе, олар кедейшілікпен өмір кешсе ғана тәртіп түзеледі, қылмыс құрықталады деп түсінсек, қателескеніміз. Мен өзім қарапайым қойшының баласымын. Қойшылардың кеудесіне кезінде самсатып орден мен медальдар тағып, оларды қаншама арқаға қаққанымен ең ауыр тұрмыс солардың басында еді ғой. Содан болса керек, бала кезімізден жақсы азамат болуды, сөйтіп жақсы өмір сүруді армандап өстік. Ешкімнің ала жібін аттамауға тырыстық. Өз басым осы тіршілікке шүкіршілік етемін. Біреулер байып жатса, оған іштарлықпен қараған ыңғайсыз емес пе? Ал егер ол заң бұзса, ұрлық-қарлықпен айналысса өз обалы өзіне. Ондайлардың жегені желкесінен шығатынына көзім әбден жеткен. Сөзім жалаң болмас үшін, мынадай бір мысалдар келтірейін.

Алматыда 17 ұйымдасқан қарақшылар тобы бар екені бұрын да айтылып жүретін. Тергеу комитеті құрылғалы бері солардың 12-сін әшкереледік. Жасаған қылмыстарының бәрі адам өлтірумен байланысты. Бұлардың көбісі бұрын жасалған қылмыстар. Бірақ, биыл ашылды. Яғни, қылмыс жасадың екен, ерте ме, кеш пе, бәрібір қолға түсесің деген өмір шындығы осы. Осы шындықты түсінген адам қылмыс жасар алдында сәл ойланар еді. Ең өкініштісі, сіздер мен біздер осыны көпшілікке түсіндіре алмай жүргендейміз бе, қалай?

– Ол үшін не істеу керек?

– Ол үшін ақпарат құралдарының өкілдері қылмыстың ашылу деңгейін тек жалаң сандар процентімен көрсетпей, оның арғы жағындағы мәселелерді ашып жазса деген тілек айтар едім.

– Жалаң көрсеткіштерді біздің қолымызға ұстататын сіздер. Сол көрсеткіштердің арғы жағындағы оқиғаларды қарапайым оқырмандарға талдап түсіндіретіндер де өздеріңіз болуға тиіссіздер. Олай болса, ендігі әңгімені осы төңіректен нақтылай, аса бір қауіпті қылмыскердің әрекетін мысалға келтіре отырып, әңгімелесек қайтеді?

– Ондай мысалдар жетіп артылады. Қайсысын сұрасаңыз, сонысын айтайын. Мәселен, Сәрсембаев Е.А. деген азамат басқарған қылмыстық топтық әрекеттері мынадай:

Сәрсембаев биыл көктемде есірткі және қару-жарақ сақтағаны үшін қолға түсті. Тексере келгенде одан алтын бұйымдары да табылды. Бұл заттарды ол «Алмаз» дүкенінен ұрлағаны анықталды. Жай ғана ұрламаған, күзетшіні атып өлтірген. Оның жанында өзі сияқты қандыбалақ қарақшының бірі Итахунов Б. деген серіктесі болған. Тергеу барысында бұлардың бұдан бірнеше жыл бұрын жасаған қылмыстарының бәрі ашылды.

Осы жылдың ақпан айында Алматыдағы жинақ банкілерінің біріне қарулы шабуыл жасап, 279 мың теңге мен 127 долларды алып кеткен.

1995 жылы «Нұр» деп аталатын дүкенге қарулы шабуыл жасап, 8 мыңды жымқырған. Одан кейін «Модные напитки» деп аталатын дүкенге қарулы шабуыл жасап, 336 мың теңге мен 300 АҚШ долларын, 300 неміс маркасын иеленген.

Ал 1993 жылдары «Луч» деп аталатын дүкеннің есігін сындырып кіріп, ондағы заттарды, «Ганга» дүкеніндегі мемлекеттік мүліктерді ұрлаған.

Сондай-ақ, Сәрсембаев 1993-94 жылдары Захаров С.М. деген танысымен бірге Алматыдағы 11 дүкенді тонағанын бүгін мойындап отыр.

– **Қозы-Көрпеш мырза, осы біздер әр саланың білікті мамандарымен баспасөз бетінде әңгіме жүргізе қалсақ, бәрі жақсы, бәрі орнында сияқты етіп сөйлейміз. Ал өмір шындығы басқашалау екенін халық жақсы біледі. «Караван» сияқты бейресми басылымдар кейде қара аспанды төндіріп жіберетіні тағы бар. Сіз бен біз манадан бері қарулы қарақшылар мен ұйымдасқан қылмыскерлер жөнінде ғана сөз қозғадық. Ал мына қаржы саласындағы алпауыттар мен банкі, кеден, салық сияқты қызметтегі құйтырқылар жөнінде не айтуға болады?**

– Қазіргі кезде құйтырқы қылмыстардың бәрі осы банкі, салық, шетел инвестициясын пайдалану, жекешелендіру қызметтері төңірегінде туындап жататыны рас. Таяуда біз тек осы

мәселелермен айналысатын арнайы бөлім құрдық. Оның нәтижесі де көріне бастады. «Номад-Банк», «Тараз-Банк», «Верненский» деп аталатын банктерде заң бұзып, талан-таражға жол берген Ивашкина, Мырзабекова, Ким деген адамдардың істері тексеріліп жатыр. Салық инспекциясының, салық полициясының салақтығын, жергілікті әкімшіліктің жалпақшешейлігін пайдаланып, халықтың ақшасын процентпен қайтарамын деп алдап жинап алып, қашып кететіндердің әрекеттері әдетке айналғандай. Бір өкініштісі сол, осындай жалған іскерлер мен өтірік банкротқа ұшырағандарға біздер Қылмыстық кодекстің 165-бабын бірден қолдана алмаймыз. Заң бойынша мұндайларға алдымен әкімшілік шара қолданылғаннан кейін ғана қылмыстық іс қозғауға болады. Соның салдарынан Смағұлов, Лобукова дегендер халықтың ақшасын сыпырып алып, бүгінге дейін жасырынып жүр. Әйтсе де «Недвижимость Казахстана» деп аталатын компанияның өкілі Мамажанованың ісі тергелу үстінде. «Айлы түн» траст компаниясының қызметкері Жақсыбаевтың ісін тергеп бітіріп, сотқа өткіздік. Ол тиісті жазасын алды. «Салтанат» фирмасының басшысы Бекбасаровтың да ісін аяқтап, сотқа өткіздік. Міне, қадағалау органдары алдын ала осылардың жолын кесіп, әкімшілік шаралар қолданып отырса, халықтың ақшасы желге ұшпас еді. Ал «Караван» газеті бұларды жарнамалап, халыққа жар салуға келгенде алдына жан салмады.

Толық іске кіріскеніне әлі бір жыл тола қоймаған Алматы қалалық МТК басқармасының тындырған шаруалары жөнінде әлі де айта түс десеніз нақты деректер жеткілікті, проблемалар одан да көп...

– Оның бәрін тізіп шығу міндет емес шығар. «Теңіз дәмі – тамшыдан» дегендей, Сіз бен біздің әңгіmemіз Алматы қалалық МТК басқармасының бүгіні мен болашағына тамшыдай үлес қосса, соның өзі үлкен олжа емес пе? Әңгіменізге рақмет.

«Егемен Қазақстан» газеті,
8 қараша, 1996 жыл.

Биылғы 9 айдың қорытындысы

Осы уақыт ішінде қала бойынша 10 мың 730 қылмысты оқиға тіркелді. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда бұл 41,8 процентке (18 мың 423) азайған.

Қасақана кісі өлтіру өткен жылмен салыстырғанда 16,8 процентке өскен. Яғни, былтыр ол 184 болса, биыл 215-ке жетіп отыр. Соған қарамастан оның ашылуы былтырғыға қарағанда ұлғая түсті (85,9%).

Осы уақыт аралығында 191 зорлау әрекеттері жасалынса, олардың ашылуы 93,3 процентке жеткен. Денеге жарақат салу былтырғыға қарағанда азайған (314/335), ал ашылуы 11,1 процентке көбейген.

Ұрлық-қарлық біршама азайғанымен, қарақшылық шабуыл жасау әрекеттері ұлғайған. Бұл қылмыстың ашылуы былтыр 37,0 процент болса, биыл ол 5,4 процентке көбейді.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСЫ

Өткен аптада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Вице-министрі, генерал-майор А.Ж.Ішпекбаев Алматыда іссапармен болды, қаладағы тәртіп сақшыларының жұмыстарымен егжей-тегжейлі танысты. Сол күндері ол кісімен арнайы жолығып, бірнеше сұрақтар қойған едік. Сауалымызға нақты жауаптар алдық:

– Алик Жатқанбайұлы, бір апта ішінде Алматы қалалық ПД-нің жұмысын тікелей өзіңіз қадағаладыңыз. Көңіліңізден шықты ма?

– Әрине, сіздер тұрып жатқан қаладағы тыныштық тегеурінді жігіттердің қолында екеніне күмәнданбаңыздар. Мен сонымен қоса ІІМ-нің Алматыдағы ашық есік күндерін өткіздім десем де болады. Қабылдауыма 29 адам келді. Оның үшеуі ішкі істер қызметкерлерінің үстінен шағымданса, екі адам із кесушілердің (уголовный розыск) үстінен арыз жазыпты. Тұрғын үй, көші-қон мәселесімен келгендер де жетерлік. Арыз-шағымдар кімнің үстінен жазылса, сол қызметкерлерімізді шақырып алып, арызданушылардың көзінше мәселені осында шештік. Кейбір арыздарға бұрыштама соғып, тиесілі жерлерге жібердім. Белгілі мерзімде олардың нәтижесі маған жазбаша түрде хабарланады. Вице-министрдің өзі араласпаса, бұл істер шешілмес пе еді? Мұны министрлік тарапынан жүргізілген шұғыл тексерістердің бірі деп түсінген жөн. Бес саусақ бірдей емес. Босап кеткен кейбір қызметкерлерімізге сабақ болсын дедік. Халықты арыз-шағым жазуға мәжбүр еткен тәртіп сақшыларын мандайынан сипамайтынымыз белгілі ғой.

– Ондайлар араларыңызда көп пе?

– Көп болмаса да бар...

– Бар болудың себебі неде?

– Бір себебі – ауыр қылмыстар жылдан-жылға көбейіп барады. Әр тәртіп сақшысына бір айдың ішінде ең аз дегенде

35 қылмыс ашу ісі жүктелген. Қазір олардың әрқайсысына ай сайын 50 қылмыстан келеді. Қылмыс көбейгенімен біздің штаттық кестеміз өзгерген емес. Жігіттер үлгермейді, соның салдарынан арыз-шағым көбейеді. Әйтсе де қылмысқа қарсы күресте босандық танытуға ешкімнің хақысы жоқ. Жоспарыңды орындасаң болды деп оларға жұмсақтық танытсақ, қылмыс өршіп кетпей ме?

– **Бұдан бұрындар жасалған шулы қылмыстардың көбісі ашылмай кетті. Мәселен былтыр «Отан» партиясы орналасқан ғимаратта жарылыс жасаған қылмыскер ұсталды ма?**

– Ұсталған жоқ. Іздестірілуде. Бұдан бірнеше жыл бұрын жасалған қылмыстарды ашу жөніндегі топ құрғанбыз. Болашақта барлық қылмыстар ашылады деп ойлаймын.

– **ПМ саласы жаңа қару-жарақтармен қамтамасыз етіледі дегенді естіп едік...**

– Қаржы бөлінді. Тендер өткізгеннен кейін ең мықты қаруларды сатып аламыз.

– **Қазақстанда заңсыз көші-қон ісінде былық-шылықтар көбейіп бара жатқан сияқты?**

– Көші-қон жөніндегі Заңға өзгерістер енгізетін кез келді. Себебі 1997 жылы Қазақстанға 70 мыңға жуық шетелдіктер келіп кетсе, былтыр бұл көрсеткіш 1 миллионнан асып түсті. Биылғы жылдың басынан бері 770 мың шетелдіктер Қазақстанға келгені белгілі болып отыр. Оның 80 пайызы ресейліктер, қалғандары өзбек-қырғыз ағайындар. Олар Қазақстанға келіп алып әр түрлі сауда саттықпен айналысады, елімізде арзан жұмыс күшінің көбеюіне әсер етеді.

– **Өз азаматтарымыз да шетелден келгендерге жалданып, арзан жұмыс күшіне айналып отырған жоқ па?**

– Ия, шетелдік компаниялар Қазақстан азаматтарын арзан күшке айналдырып алған. Жаңа Занда осы жағы қатаң ескерілуге тиісті. Болашақта шетелдіктер бұл жерде қанша табыс тапса, біздің адамдарға да дәл сондай айлық төлейтіндей жағдайға жеткіземіз. Арнайы рұқсатпен келген шетелдіктердің

біздегі құқықтары жөнінде ешкім анық білмейді. Ал, олардың өздері сайлау құқығынан басқаның бәріне иеміз дейтін көрінеді. Жаңа Заңда бұл жағы да ескеріледі. Шетелдіктер оқуға немесе туысқандарының шақыруымен келіп алған соң, осында қалып қоюды әдетке айналдырған. Сосын жасырын коммерциямен шұғылданады. Мұндайлардың бәрі алдағы уақытта анықталып, заң бұзғандарға шара қолданылады.

– **Осы келімсектердің кесірінен еліміз есірткі тасымалдау бекетіне айналып бара жатқан тәрізді?**

– Оныңыз рас. Қазір республика бойынша күн сайын 50-ден астам есірткіге байланысты қылмыстар әшкереленуде. Күн сайын 10 келіден астам «героин», «марихуана» сияқты өте күшті, әрі қымбат есірткі заттары тәркіленеді. Шетелдерде мұндай қылмас жасағандар өлім жазасына кесіледі.

– **Тайванда заңсыз есірткі бизнесімен шұғылданып жүріп ұсталған Қазақстан азаматы сол елдің заңы бойынша өлім жазасына кесіліп те кетті ғой.**

– Біздің елдің өтініші бойынша оған тағайындалған өлім жазасы өмірлік абақтымен ауыстырылды. Болашақта мәмілегерлік жолмен ол азаматтың жазасын өз елімізде өтеуге мүмкіндіктер қарастырылуда.

– **Көкшетауда, Қарағандыда, Шымкентте есірткі бизнесімен жең ұшынан жалғасқан сіздердің лауазымды қызметкерлеріңіз қолға түсті. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?**

– Кеңес үкіметінің кезінде мұндай деректер жарияланбайтын. Қазір халықтан жасыратын ештеңеміз жоқ. Ішкі істер министрі З.Тұрысбеков полиция қатарын тазалауды келе сала қолға алған болатын. Бұл іс енді ешқашан толастамайды. Соның нәтижесінде бұған дейін заң бұзған ішкі істер қызметкерлерінің алды 12, соңы 10 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айырылып, жазаларын өтеуде. Кейінгілерінің істерін таяуда сотқа өткізіміз.

– **Өткен аптада Оңтүстік темір жол торабы полициясының қызметкерлері Алматы вокзалында есірткі қылмысы-**

мен ұсталды деп естідік. Олардың қатарында басқа да құқық қорғау саласының белді қызметкерлері бар дейді. Сізге бұл жөнінде нақты деректер түсті ме?

– Түсті. Бұл іс соттан кейін толық жария етіледі. Қылмыскерлердің қатарында құқық қорғау саласының өкілдері де жеткілікті.

– Прокуратурадан да бар ма?

– Бар.

– Ұлттық қауіпсіздік комитетінен ше?

– Енді, бәрін тергеу көрсетеді ғой

– Әкімшіліктен ше?

– Әкімшіліктен жоқ.

– Әлеке, ашық әңгімеңізге рахмет.

**«Қазақстан-Zaman» газеті,
23 қыркүйек, 2005 жыл.**

ПАРА АЛМАСАҢ, АЙЛЫҒЫҢ ӨСПЕЙ МЕ?

Елбасының Жарлығы екі етілмеуге тиісті. Өкінішке орай, кейінгі жылдары біздің мемлекетте мұндайға жол беріле бастады. Себебі, оның алдында түлкі бұлаңға салып, мүләйімсіп отыратын шенеуніктердің көңіл түкпірлерінде арам пиғылдар бұғып жатқандай. Міне осы және тағы басқа сауалдарға жауап алу мақсатында біз әрбір сала бойынша құрылған кәсіподақ басшыларының әрқайсысымен жеке жолығып, әңгімеге тартқан едік.

«Алдымен бесігіңді түзе!»

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым қызметкерлері кәсіподақтарының төрайымы Майра Амантаева:

– Мен сізге мынаны айтайын, – деді ол кісі. – Елімізде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістердің бәрін алдымен халыққа жеткізетін – мұғалімдер. Мектеп оқушыларынан бастап жоғарғы оқу орындары студенттерін қосқанда бір күнде бір ұстаздың алдында қаншама шәкірттер өтетінін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясаты мен идеологиясын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын баспасөзден оқып, шәкірттеріне түсіндіретін – ұстаздар. Олардың аузынан шыққан әрбір сөз түпкір-түпкірдегі ауылдарға дейін тарап жататынын ескере бермейміз. Ұстаздың бір ауыз сөзі келер ұрпақтың бүкіл болашағын анықтайды. Ендеше, сол ұстаздар «Былырғы ең төменгі 6600 теңге айлық жалақымызды биылғы бюджетте 7 мың теңге болып бекітілген көлемінде дер кезінде беріңдерші!» деп бүкіл республикаға мәлімдеме жасайтындай не жазықтары бар еді? Жалақыны жоғарылат деп отырған жоқ, тек заң бойынша тиесіліні бер дейді.

Міне 2005 жыл басталғалы бір айдай уақыт өтті, бюджет саласы қызметкерлерінің айлығы бір тиынға да өскен жоқ. Өспек тұрмақ олар былтырғы желтоқсанның айлығын да ала

алмай, жаңа жылды ақшасыз қарсы алды. Ұлы Мұхтар Әуезовтің «Алдымен бесігінді түзе» деген қанатты сөзі бар. Егер біз ел қатарлы ұлт боламыз десек, алдымен ұстаздарымызды, ғалымдарымызды, өнер адамдарымызды, дәрігерлеріміз бен қайраткерлерімізді қадірлеуіміз керек. Қадірлеу деген – олардың әлеуметтік жағдайын көтеру деген сөз. Былтырғы ең төменге жалақы мен биылғы ең төменгі жалақының айырмашылығы 400 теңге ғана. Осы қаржыны мұғалімдердің стажы мен коэффициентіне қосқанда орташа айлықтары әрең дегенде 14-15 мыңға жақындайды екен. Ал, республика бойынша орташа айлық көлемі 22-23 мың теңгені құрайды. Мұғалімдердің мына айлықтары орташа айлық деңгейінен әлдеқайда төмен. Осы да әділдік пе? – деп Майра Тұрғанқызы өзінің атына келіп түсіп жатқан біраз жеделхаттарды қолымызға ұстатты.

Елбасының Жарлығы екі етілмесін!

Солтүстік Қазақстан облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы К.Қасенова:

«Біз Солтүстік Қазақстан облысы білім және ғылым қызметкерлері бюджет саласы қызметкерлерінің 2005 жылғы еңбек ақы көлемін былтырғы деңгейде қалдырғанына наразымыз.

Президент Республика еңбеккерлерінің II съезінде сөйлеген сөзінде бұл туралы қадай айтқаны есімізде. Ендеше «Елбасының сөзін екі етпендер, төмендегі шенеунік мырзалар!» дегіміз келеді».

50 пайызға көбейтілсе

Шығыс Қазақстан облысындағы мекемелер мен ұйымдардың кәсіподақ төрағалары (барлығы 12 адам) Үкімет пен Парламентке мынадай мәлімдеме жасапты:

«2005 жылдан бастап жалақымыз көтерілмек тұрмақ бұрынғының өзіне зар болып қалдық. Біз мемлекеттен артық ештеңе сұрамаймыз. Тек ақшаның күн сайын құнсыздануына орай орнын толтырып отырсаңыздар екен. Егер олай етпегенде

мемлекеттегі әлеуметтік жағдай қиындай келе соңы тығырыққа тірелетіні сөзсіз. Қазіргі бюджет саласы қызметкерлерінің жалақы мөлшері Республикадағы орташа жалақы көрсеткішінен екі еседей кем. Сондықтан, біздің айлығымызды 50 пайызға көбейтуді талап етеміз!»

Бір орын бос тұрады

Алматы облысы Қапшағай қаласындағы «Негіз» кәсіподағы қоғамдық бірлестігі атқару комитетінің төрағасы (тегі көрсетілмеген, қолын қойған):

«Сіздерден сұрайтынымыз – жалақымызды уақытында алуға және оны көбейтуге көмектессеңіздер екен. Ең жоқ дегенде былтырғы желтоқсан айындағы жалақымызды толық берсінші! Ауыл мектептері жылусыз қалды. Бұл мектептердегі бір күзетшінің орны қашан да бос тұрады. Үш адамның орнына екі адам жұмыс істейді. Сонда, үшінші адамның жалақысы қайда жұмсалып жатыр? Күзетшілердің мереке күндерінде жұмыс істеген уақытында заңдық негізде ақы да төленбейді. Бұл Еңбек туралы заңды өрескел бұзу ғой».

Түскі астары – пирожки

Қазақстан Республикасы мемлекеттік банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету мекемелері кәсіподағының төрайымы Рая Ахметова былай деді:

– Біздің кәсіподақ ұйымының құрамында екінші деңгейдегі банктермен қоса Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Еңбек министрлігінің, соттардың, прокуратураның, қаржы министрлігінің кәсіподақтары бар. Бұл саладағылардың бәрін қазір мемелкеттік қызметшілер деп атайды. Олардың қатарына хатшылар, операторлар, шаруашылық істеріндегі адамдар кіреді. Алайда, осы қарапайым қызметшілердің жалақылары тым мардымсыз. Кейде түскі үзіліс кезінде қыздар «бүгін сен кезекшісің деп» бірін-бірі дүкенге жұмсап жатады. Сондағы түскі астары – әрқайсысына екі талдан

пирожки ғана. Асханаға барып тойып тамақтануға қалталары көтермейді. Алатын жалақылары 5 мың теңгенің көлемінде ғана. Бұл адамдар қалай күн көріп жүргеніне таң қаласың. Мұндай жағдайға жол бермеуіміз керек. Тек айлыққа ғана қарап отырған қала қызметкерлеріне де көңіл бөлетін кез келді.

Әскердегі әділетсіздік қауіпі

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Станислав Аношенко:

– Кейінгі жылдары әскердегі сардарлардың жалақысы мүлдем көтерілген жоқ. Ал жалдамалы қызметшілер мен келісім-шарт бойынша еңбек ететіндердің жалақысы туралы сөз қозғаудың өзі ыңғайсыз. Олардың қатарына госпитальдағы медбикелер мен дәрігерлер, қоймалардың күзетшілері, әскери оқу орындарындағы ұстаздар, тағы басқалар жатады. Нарықтың қиыншылығы осылардың басына төніп тұрғанын несіне жасырамыз. Егер олар жұмысты тастап кетсе, әскери қауіпсіздігімізге де зиян келеді. Қорғаныс министрлігінің басшылары оларға көмектесуге тырыскандарымен, қолдары қысқа. Бюджеттен тыс қаржы бөліп бере алмайды ғой. Меніңше, 2005 жылдың бюджетінде Қарулы Күштер саласының қызметкерлері жайында арнайы мәселелер қаралуы керек деп ойлаймын.

Жыртық туфлимен жүреді

Қазақстан Республикасы ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Мұрат Молдабеков:

– Біздің кәсіподақ 40 шақты мекеменің кәсіподақ ұйымдарынан тұрады. Алты мыңдай мүшеміз бар. Бірақ санымыз аз болғанымен сапамыз жоғары. Біздің мүшелер профессорлар, академиктер дегендей. Олардың да айлықтары өте төмен. Ғылыми атақтарымен жұмыс стаждрын қосқанда 20 мыңнан әрең асады. Ғылым адамдарына көп ақша берсең, күндіз-түні жұмыс істеуге бар. Айлығы аз болса да сол жұмыстарын жалғасытыра береді. Өйткені, ғылым – олардың өмірлік мұраты. Жыртық

туфли киіп жүре беруден де қысылмайды. Себебі, қоғамдағы орындарын ғылыми жұмыстарының нәтижесімен есептейтін нағыз ғалымдар тіршілік тауқыметіне де шыдамды. Солай екен деп мұндай адамдарды қорлауға болмайды ғой. Біздің жоғарыдағы шенеуніктер ғалымдардың мардымсыз еңбек ақысын көбейтпек түгілі соның өзін оларға қимай отырған тәрізді.

Статистикаға кіргізуге ұялыпты

Қазақстан Республикасы мәдениет қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Светлана Шалахметова:

– Біздің ұйымға театр, кітапхана, мұражай, кино ұжымдарының кәсіподақтары кіреді. Ал енді олардың алатын жалақылары туралы айтудың өзі ұят. Сол ұяттылықтан болса керек, жыл сайын әр сала қызметкерлерінің жалақы мөлшері жарияланып тұратын статистикалық көрсеткіш кестесіне бізді кіргізбепті де. Осының өзі-ақ көп нәрсені айтып тұрған жоқ па? – деп қысқаша қайырған Светлана Минашқызына басқа сұрақ қояды артық санадық.

Түйін

Бұл адамдардың пікірлері ащылау айтылғанымен мемлекет саясатын бір ауыздан қолдайтындықтарын білдіріп отырды. Бар мақсаттары – қазіргі ақша құнсыздануының қарқынына сай жалақыларын уақытында көбейтіп отыру ғана.

Мен осы кісілердің әрқайсысымен жеке сөйлесу барысында «пара алуға мүмкіндігі бар адамдардың айлық жалақысын өсіру – паракорлықтың жолын кесудің бірден-бір амалы ма?» деген сұрақ қоюмен болдым. Оған мысал ретінде сот, прокуратура, полиция, кеден, салық инспекциясы, тағы басқа пара алуға мүмкіндігі бар сала қызметкерлерін мысалға келтірдім. Бәрі келіспейтіндіктерін ашық айтты. Жалақыларын өсіру арқылы паракорларды имандылыққа шақыруға тырысу – қасқырға күнде қой беріп «сен енді малға шаппа» дегенмен бірдей екенін

олар жасырмады. Осыдан келіп екінші пікір туындайды екен. Егер сен өз қызметінде пара алудың әдісін ойлап тапсаң, ал оны ойлап табу қиын емес, мемлекет тарапынан жалақыңды көбейтуге жағдай жасап алатын сияқтысың. «Заманың тазы болса, түлкі болып шал».

Айналып келгенде жалақысы төмен адамдар пара алмағаны үшін кінәлі болып қалатындай. Бұған сіздер қалай қарайсыздар?!!

**«Қазақстан-Zaman» газеті,
4 ақпан, 2005 жыл.**

ЖҮРЕГІНІҢ ЖЫЛУЫМЕН ЖЕҢЕДІ

Оның аты жөні – Байғожаев Серік Әбілқайырұлы. Полиция аға лейтенанты, Алматы қаласы Медеу аудандық ішкі істер басқармасының №67 учаскелік тірегінде инспектор болып істегеніне үш жыл. Жасы 27-де.

1997 жылы әскер қатарында болып қайтқан. Бұдан кейін әр түрлі жұмыстар істеген, 1997 жылы Медеу аудандық ішкі істер басқармасында анықтаушының (дознователь) көмекшісі қызметіне қабылданады. Бұл кезде ол университеттің заң факультетінде сырттай оқып жүрген. 2001 жылдан бастап осы учаскелік тіректе инспектор.

Қазақша ауызекі тілде еркін сөйлегенімен, негізі орыс тілді жігіт. Мен одан учаскелік инспектордың міндеттері мен проблемалары жайында сұрамайтынымды бірден ескерттім. Ол туралы біраз жаздық. Көпшілікке белгілі бола бастады.

Енді өз басынан өткерген оқиғалар төңірегінде, дәлірек айтқанда ашқан қылмыстары мен көрген қауіп-қатерлері турасында әңгімелеуін өтіндім. Себебі С.Байғожаевты маған ұсынған Алматы ІІБ бастықтары ол жайында жоғары пікірлер айтқан. Ендеше оның оқырманға айтары аз болмаса керек.

Бір қашқынды бір қашқынға қуғызып...

– 2001 жыл еді. Учаскелік тіректе бір заң бұзушының құжаттарын ретке келтіріп, енді оны абақтыға апарғалы отырғанмын. Сот бұл азаматты бес сөткеге қамауға үкім шығарған. Үкім шығардың алдында сот залынан қашып кетіп, біраз әуре-сарсаңға түсіргені де бар. «Неге қаштың?» десем, «адвокат жалдаймын» деп сылтау айтқансиды. Тағы қаша жөнеле ме деп бір көзім қағазда, бір көзім жаңағы жігітте.

Дәл осы сәтте бір оқушы қыз бөлмеге жүгіріп келіп, біреулер мойнындағы ұялы телефонын тартып алғанын мәлімдеді.

Айтуына қарағанда, ұрылар алысқа кете қоймаған сияқты. Қазір шықсақ ұстап алуымыз әбден мүмкін екен. Бір ұрыны қуамын деп жүріп мына алдымда отырған қылмыскерден айырылып қалсам қайтемін деп ойладым. Бұл – жазаға кесілген адам. Одан көз жазу – қылмыспен тең.

– Қазір біз ұрының соңына түсеміз. Сен бізден калмай қатар жүгіріп отырасың, ұқтың ба?! Ал егер қашуға тырыссаң, оңдырмаймын! – деп оған катаң ескерттім. Ол басын изеп, келіскен сыңай танытты.

Оқушы қыз үшеуіміз ұрылар кеткен жақты бетке алып жүгіріп келеміз. Көк базарға жақындай бергенімізде аялдамада отырған бір жігіт бізді көре сала тұра қашты. Қуып кеп бердік. Жанымдағы бұрынғы қашқыным бізден сәл кейініректеу келеді. «Алға түс. Ананы қуып жетіп ұста!» деп зекідім. Ол суырылып алға түсті. Жаңа қашқын мен бұрынғы қашқынның арасы жақындай түсті, «Токта, атам!» деп ақырып калып едім, бірінші кетіп бара жатқан бұрынғы қашқын қорыққаннан басын қос қолдай ұстап, отыра қалды.

Тексеру барысында ұры бұдан бұрын дәл осындай қылмысы үшін сотталып, таяуда ғана түрмеден шыққаны анықталды. Ұялы телефон мұның жанында болған екінші ұрының үйінен табылды.

Кісі өлтіруші құтылмады

– 2002 жыл еді. Қонаев көшесі мен Әйтеке би көшелерінің қиылысында әлдекімдер бір адамды өлтіріп кеткені жөнінде суыт хабар түсті. Дереву оқиға болған жерге келіп, куәлардан жауап алуға кірістім. Сәлден кейін жедел топ та жетіп үлгерді. Өлген адамның жасы 30-35-тер шамасында. Жүрек тұсынан пышақ салыныпты. Тексеру барысында бәрі анықталды.

Бірнеше адам бірігіп арақ ішкен. Өзбекстаннан келген Руслан деген жігітпен мына о дүниеге аттанған адамның арасында кикілжің шығады. Руслан қарулы, ешкімге араша бермейді. Пышағын жалаңдатқан оған қарсы келу қайда. Нәтижесі мынау.

Бірақ бұл қылмыскердің суреті табылмады. Бәлендей ерекше белгілері де жоқ. Дегенмен, іздеуге кірістік.

Бір күні Гоголь мен Қайырбеков көшелерінің қиылысында кетіп бара жатқан адамға назарым ауа берді. Куәлар сипаттаған кісі өлтірушіге ұқсайтын сияқты. Жай киіммен жүргем. Жаңағы жігітті тоқтатып, куәлігімді көрсеттім. Жеке басын анықтайтын ешбір құжаты жоқ. «Атым – Рахматулла» дейді. Ішкі істер басқармасына менімен бірге баруын өтініп едім, жаңа ғана сонда болып, тексеруден өткенін айтты. Күдігім одан сайын күшейе түсті. Басқармаға алып келіп тергеуге алған соң ол бәрін мойындады. Істі сотқа өткіздік. Мені оның сотына да шақырды. Сотта тағы да өтірік алдап «қылмысымды мойындап, өз еркіммен полицияға келгенмін» деп соғыпты. Жалған сөйлегенін бұл жерде тағы да әшкерелеуіме тура келді.

Ананың «мейірімі»

С.Байғожаевтың әңгімесі қызық. Ол бұдан кейін қалтаға түсушілерді қалай ұстағандарын, ол істі жүзеге асырудағы өздерінің «әдістері» жайында да баяндады. Бірақ ол жөнінде газетке жазбауды өтінді. Маскүнемдер туралы айтқандары да еріксіз ойландырады. Мынадай оқиға болыпты. Шешесі жалғыз ұлын қатты жақсы көрген. Ұлы да өнегелі азамат болып өсіпті. Әжептәуір қызмет істеген. Ақшаны да жақсы тапқан. Ақырындап арақ іше бастапты. Біраз уақыттан кейін нағыз маскүнемге айналғанын білмей қалған, нәтижесінде жұмыстан қуылған. Енді шешесінен ақша алып ішкен. Шешесі ақша бермесе «нашақорларға барып қосыламын» деп қорқытатынды шығарады. Әбден төзімі таусылған шеше учаскелік инспекторға арыз айтып келеді. Бұл іспен түбегейлі айналысқан инспектор Серік алдымен баланың шешесін әсіре мейірімділіктен арылуға шақырады. Баласы нашақор болмас үшін оған арақ алып бермеуге көндіреді. Маскүнем жігіттің өзімен әңгімелесіп, дұрыс жолға түсуге бағыт сілтейді. Көнбесе, заң талаптары бойынша жауапқа тартылатынын да ескертеді.

– Қазір сол жігіт арақ ішкенін қойып, бұрынғы қызметіне қайтып оралды. Шешесінің де алғысы шексіз, – деп өткен күндерді еске алады С.Байғожаев.

– Учаскелік инспектор болып істеу үшін ең алдымен елдің сеніміне кіре білуің керек, – дейді Серік менің әр түрлі «аңқаулау» сұрақтарыма қысқа ғана жауап қайтаруға тырысып:

– Ең бастысы, кез келген заң бұзушылықтың, отбасы кикілжіңінің, тағы басқа қым-қиғаш оқиғалардың себеп-салдарын дәл анықтап, әділ шешім қабылдай білген жөн. Сонда саған жәбір көруші тұрмақ шатаққұмарлардың өзі шын көңілімен көмектесуге тырысады. Әр адамның жүрегіне жол табудың амалдары көп. Оның ең бастысы – жүрек жылуыңды ешкімнен аямау...

Өзі әлі отызға толмаған жігіттің саликалы сөздері әркімге ой саларлықтай. Мен аға лейтенантқа іштей разы бола отырып, оған тіптен таңырқай қарағаным да рас.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
23 желтоқсан, 2003 жыл.**

ПОЛИЦИЯНЫҢ БҮГІНГІ БЕТ-БЕЙНЕСІ

Кейінгі жылдары полиция қызметкерлеріне деген көпшіліктің көңілі салқындап барады. Оның себебі жеткілікті. Әділ заңды жүзеге асырудың орнына полиция өзі заң бұзады, қылмыс жасайды, пара алады, тағы басқалар. Бұл қазір ешкімге құпия емес. Егер, кез келген адамды сөзге тартып, тәртіп сақшылары туралы пікірін сұрасаңыз, ең жоқ дегенде бір жағымсыз мысалды алдыңызға тартуы мүмкін. Таяуда Алматыдағы жүргізушілердің бірқатарынан МАИ қызметкерлері жайындағы пікірлерін білуге тырысып көріп едім, олардың көбісі менің сұрақтарыма күле жауап қайтарды. Кейбір әзілге үйірсектері МАИ қызметкерлері жайында біраз ащы мысқылдар да айтып үлгерді.

– Дегенмен, өзінді себепсіз тоқтатқан МАИ қызметкерлеріне пара бермеуге бола ма? – деп сұрадым.

– Тоқтатқан екен, міндетті түрде қолына бірдеңе қыстыруың керек. Әйтпесе, әртүрлі себеп тауып, айып салады.

Міне, мәселе қайда, «бәрібір себеп тауып, айып салады».

Сонда ол қандай себептер дегенге тоқталайық. Сіз жеңіл көлікпен келе жатқанда ағаштардың арасында немесе тағы бірдеңенің қалқасында жасырынып тұрған МАИ қызметкерлері сопаң етіп шыға келеді де, ала таяғын шошайта қояды. Тоқтауға тиіссіз. Ең алдымен құжаттарыңызды тексереді. Жол ережесін бұзбасаңыз да ол жүргізуші куәлігіңіз бен техникалық құжатты алып қалтасына салады. Сосын қандай жол ережесін бұзғаныңызды ескертеді. Айып салу үшін хаттама толтыруға кіріседі. Осы кезде өзіңіз шырылдап келіп оған пара ұсынасыз. Неге?

Біріншіден, айып көлемі сіз беретін парадан әлденеше есе көп. Екіншіден, жүргізуші куәлігіңізді қайтып алу үшін МАИ басқармасының табалдырығын тоздырумен уақытыңыз өтеді. Сондықтан, 200 бен 300 теңге аралығында пара бересіз де, жөніңізге кетесіз. Ол да риза, сізде риза.

Енді мынадай жағдайды қарастырайық. Сіз жол ережесін бұзған жоқсыз, бірақ МАИ қызметкерлері тоқтатты. «Кезекті құжат тексеру ғой» дейді. Болмаса, «Сіздің көлігіңіз сияқты көлік іздестірілуде» дей салады. Мұндайда оған тағы сол «параңызды» ұсынып, бәйек боласыз. Неге? Себебі, сіз техникалық байқаудан дер кезінде өтпеген шығарсыз. Ол жағы дұрыс болса, сіздің аптешкаңыз жоқ. Ол жағы дұрыс болса, дөңгелектеріңіздің қышыры азайған шығар. Ол жағы дұрыс болса, көлігіңіздің сырты кірлеу болуы мүмкін, сақтандыру полисіңіз болмауы мүмкін, тағы басқа ...

Міне, көрдіңіз бе, МАИ қызметкерлеріне пара берудің себептері мен тетіктері жетіп артылады. Сонда оған осыншама билікті неге берді және кім берді деген сұрақ туады. Мұның бәрі айналып келгенде ақша сауудың амалы екені көрініп тұрған жоқ па?

Бұдан біраз бұрын Ішкі істер министрінің арнайы бұйрығымен жол бойындағы МАИ бекеттерінің көпшілігі алынып тасталған. Бұл – МАИ қызметкерлері үшін тамаша «май шелпектің» өзі болып шыға келді. Енді олар кез келген бұтаның түбінде жасырынып тұрып ақша жинай береді. Егер, бағдаршам өшіп қалып, көліктер легі тығырыққа тірелген жағдайда МАИ қызметкерлерін ол жақтан кездестіре алмайсыз. Өйткені, олар бұтаның арасында бұғып отыр. Ақша қай жерде болса, олар сол жерде.

Мына бір қызықты қараңыз. Екінші Алматыдағы темір жол вокзалының алдына жеңіл көліктердің тоқтауға қақысы жоқ. Себебі, онсыз да жүргіншілері көп бұл жерден тысқарырақтау жерден көліктер тоқтайтын автотұрақ жасалыныпты. Енді сіз теміржол вокзалына көлікпен келсеңіз, еріксіз сол «қораның» ішіне кіріп тоқтауға мәжбүрсіз. Осы жерден шығарда міндетті түрде ақша төлейсіз. Қанша уақыт кідіргеніңіз есепке алынбайды. Вокзалдың алдына бір секөнтке аялдап, шығарып салушы адамыңызды түсіріп кете алмайсыз. Өйтсеңіз анадай жерде тұрған МАИ қызметкері алатаяғын шошайта қояды. Арғы жағы белгілі. Бұдан кейін МАИ қызметкерлерін паракор деп

кінәлаймыз. Ал, жаңағы автотұрақтың иесі кім? Онда аялдаудың неге белгілі бір мөлшері көрсетілмеген? Сұрақ көп, жауап жоқ. Заң бойынша белгіленген айыпты төлегіміз келмей, оларға өзіміз тықпалап пара ұсынсақ, мемлекеттік орындар енді оны заңдастыруға кіріскендей. Оның үстіне, тексеру кезіндегі МАИ талаптарын ешқайсымыз толық орындамаймыз. Кейбір жүргізушілер үшін ол талаптарды мүлтіксіз орындау қиындық тигізуі де мүмкін. Мәселен, шытынаған әйнекті ауыстыра қоюға, қышыры кете бастаған дөңгелектің орнына жаңасын сала қоюға кімнің қалтасы көтерсін. Сондықтан, сол ұсақ-түйек кемшіліктер үшін айып салуды МАИ-дың құзіретінен алып тастаса, қайтер еді деген ой келеді.

Таяуда осы және тағы басқа мәселелер төңірегінде Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының орынбасары полковник Сәбит Өтегеновпен әңгімелескен едік. Енді сол кездесуден біраз үзінділер келтірейік.

— Алматы қаласының ішіне алыс жақтан көкөніс тиеп кірген, тағы басқа тауарлар таситын үлкен көліктерді орынсыз тексермеу жөнінде МАИ қызметкерлеріне бұйрық бердік. Себебі, халық тұтынатын тауарлар құнының шарықтап өсіп кетуіне жол бойындағы тексерушілер кінәлі деген сөздер жиі айтылуда. Сондықтан, ондай көліктер жол ережесін бұзғанда ғана тоқтатылады. Ал қандай жүк әкеле жатқандарына МАИ-дың шаруасы болмауға тиісті.

Егер, осы қағида басқа жүргізушілерге де қолданылса, бәлкім олар МАИ қызметкерлеріне тоқтатқан сайын пара ұсынбас еді деген тағы бір ой келеді. Сәбит Нұркелдіұлы өзі тікелей жауап беретін сала — осы МАИ қызметі жайында біраз ойларын ортаға салды. Кемшіліктерді де жасырмады. Пара алған, қызмет бабын теріс пайдаланған, тағы басқа заң бұзған полиция қызметкерлерінің атын атап, түсін түстеді.

Биылғы жылдың жеті айы ішінде қалалық ІБ-нің 44 қызметкерінің үстінен қылмыстық істер қозғалыпты. Осы қылмыстардың бірнешеуін өздері ашып, өздері сотқа өткізіпті. Олардың

қатарына аға лейтенант Қ.Досходжаев, Б.Кегенбаев, Қ.Манатбаев, Т.Қошқарбаев, майор И.Сабырқұловтардың қылмыстық істерін жатқызуға болады. Бұлардың кейбіреулеріне сот үкімі шығып, жазаларын өтеуде.

Осы арада С.Өтегеновке мынадай мағынада сұрақ қойдым:

– Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлар мен ұйымдасқан топтар жасайтын қылмыстар жайында айтсақ, ешкім таңданбайды. Еттері үйреніп кеткен. Соған қарамастан иығына оқа тағып, арнайы үлгіде киім киіп, әділ заңды жүзеге асыру ісінде ант қабылдаған, тек арнайы жарғыға бағынатын полиция қызметкерлерінің титімдей де қылмыс жасауға қақысы жоқ қой?

Полковник С.Өтегенов менің сұрақ түріндегі бұл пікірімді толық құптай отырып, өз тарапынан былай деді:

– Иә, басқа құқық қорғау саласының қызметкерлеріне қарағанда, полицияның қоғамдағы орны өзгешелеу. Ол – көпшіліктің көз алдында. Сондықтан, ол киім үлгісімен де, жүріс-тұрысымен де елге үлгі болуға тиісті. Өкінішке орай, кейінгі жылдары полицияның беделі қатты түсіп барады. Оған жоғарыдағы мысалдардың өзі-ақ куә. Тергеу абақтысында айыпкерді қинау, қызмет бабын пайдаланып ақша талап ету, пара беруге мәжбүрлеу, тағы басқа толып жатқан сорақылықтарды жасырып-жабудың керегі жоқ. Баспасөз беттерінде, теледидарда ондайлардың бет-бейнесін ашық көрсетуге тырысудамыз. Жалпы, мұндай құбылыстар әлемнің кез келген елдерінде кездесетінін естіп те, көріп те жүрміз. Солай екен деп қатаң талап ешқашан өз деңгейінен төмендемейді. Заңды бұзған, жарғыны бұзған тәртіп сақшылары бәрібір жазасын алады. Әрине, полиция қызметкерлерінің өз міндеттерін адал атқаруын қадағалау үшін олардың әрқайсының жанына тағы бір қадағалаушы қою мүмкін емес. Тіпті солай еткеннің өзінде заң бұзғысы келген адам бәрібір заң бұзады. Сондықтан, ең алдымен кадр мәселесін дұрыс жолға қою қажет. Онсыз ештеңе өзгермейді.

– Кадр мәселесінің шешілетін уақыты жеткен жоқ па? ПМ академиясынан бастап бірнеше арнайы полиция мектептері

жыл сайын қаншама жас кадрларды даярлауда. Оның үстіне жоғары оқу орындарының заң факультеттерін бітіргендер бар. Қазір полицияға бұрынғыдай басқа мамандық иелері қажет емес дегенді жиі естіміз.

– Бәрі бірден өзгере қалмайды. Рас, осы саланың арнайы оқу орындарын бітіргендер қатарымызға жылда келіп қосылады. Олардың дені жиырмадан жаңа асқан немесе әлі аспаған, өмірден ештеңе көрмеген балғын жігіттер. Мәселен, әлдекімнің отбасындағы ұрыс-керіске байланысты іске әлгі жас жігіт қандай шара қолдануы мүмкін деп ойлайсыз. Иә, заңды білгеніңмен оны нақты жағдайға байланысты дұрыс қолдану үшін терең тәжірибе керек. Осыны ескере отырып, жас мамандарды біраз уақыт қайта баулу кезеңінен өткізуге тура келеді.

– Қайта баулыдыңыздар дейік. Сонда ол маман адал қызметкер болатынына қандай кепілдік бар?

– Ешқандай кепілдік жоқ. «Адам аласы ішінде» деген. Мүмкін ол жақсы маман болып шығар, ал ішкі дүниесінде не болып жатқанын қайдан білеміз.

– Ішкі істер органына қабылданарда кез келген адам психолог пен психиатрдың алдынан өтеді. Сөйтіп, оның қандай адам екендігі анықталады емес пе?

– Бұл сұрақты сол мамандардың өзіне қойған дұрыс болар еді. Дегенмен, уақыт өте келе адамның ақыл-ойы толысады, мінезі мен дүниеге көзқарасы өзгерістерге ұшырайды. Мұны екіншісі біледі. Басында дұрыс адам кейіннен бұзылуы да мүмкін. «Алтын көрсе періште жолдан таятыны» сияқты, айлығы шайлығына әрең жететін полиция қызметкерлерін әділ жолдан тайдыру бүгінде қалтасы қалыңдар үшін түкке тұрмайтын тәрізді. Алпауыттар одан да зорды сатып алатыны жасырын емес. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктер тудырған бүгінгі қайшылықтар жайында айта берсек, әңгіме көп.

– Қоғамдағы қайшылықтар мен әлеуметтік теңсіздіктер, тағы басқа қарым-қатынастардың барлығы заңмен реттелуге жатады. Оны ретке келтіретіндердің бірі – тәртіп сақшылары.

Егер, полиция қу құлқыны үшін сатылып кетсе, онда мемлекеттегі ішкі тәртіпті кім реттемек? Меніңше, құқық қорғау қызметіне қандай жағдайда да ымыраға бармайтын, елі үшін, мемлекеті үшін жанын пайда етуге даяр адал азаматтар келуге тиісті. Әскері мен полициясы әлсіз мемлекетте болашақ жоқ екенін неге түсінбейміз. Ал, мемлекет жоқ жерде ұлттық құндылықтар туралы сөз етудің өзі бекер. Ендеше, әрбір қару ұстаған адам өзін ұлт мүддесін қорғап тұрмын деп түсінуі тиіс.

– Сөз бар ма. Сондықтан, ИМ саласындағы оқу орындары екі жыл әскерде қызмет етпеген жігіттерді оқуға қабылдамағандары дұрыс болар еді. Отан алдындағы борышын сезінбей, өмірдің ыстық-суығын көріп шынықпаған балауыздардан жақсы полиция қызметкері шығатынына өз басым сенбеймін. Алдағы уақытта осыны заңдастыру жағын қарастыру керек сияқты...

Полковник С.Өтегенов бүгінгі полиция қызметкерлерінің кемшіліктерін жасырмай айта отырып, ол кемшіліктерден құтылудың амалдары жайында өз пікірін ортаға салуға тырысты. Себебі, мемлекетімізде құқықтық реформаны жүзеге асыру оңайға түспей тұр.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
18 қазан, 2003 жыл.**

«САДОВАЯ - 24» – ҚАСІРЕТ МЕКЕНІ

Бірде Патрульдік полиция қызметкерлері сол аулаға бас сұғып еді, үй иесі оларды қуып шығыпты дегенді де бір тұрғын теледидар алдында айтып қалды. Соңынан әлгі полиция қызметкерлері үй иесінен келіп кешірім сұрады дегенді естігенімізде өз құлағымызға өзіміз сенбедік.

Арада бір күн өткеннен кейін Алматы қалалық ішкі істер департаментінің қызметкерлерімен хабарласып, осы оқиғаның мән-жайын сұрастырғанымызда «Садовая -24» ПД-ның қалалық есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы тарапынан қатаң бақылауға алынып, біраз нәрсенің беті ашыла бастағанын айтты. «Қажет деп санасаңыз оқиға барысында түсірілген бейне-таспаны да көрсете аламыз» деген соң, қалалық ПД баспасөз орталығына келіп, «Садовая-24»-тегі тірліктің бәрін бүге-шігесіне дейін экраннан көріп шықтық.

10 тамыз, түнгі сағат 1.30. 1 жастан асқан баласын алдына алған орыс әйелі экран алдында полиция қызметкерлерінің сұрақтарына жауап беруде. Дауысы бәсең, бей-жай күйде сөйлейді. Аты шулы үйдің иесі осы әйел. Аты – Майя. Күйеуінің ныспысы – Сергей. Ол әзірге көрінбейді. Әйелінің айтуына қарағанда – нашақор. Үй толы адам. Сол жақ қабырғада қаздай тізіліп отырған бес-алты қыз беттерін көлегелсей береді. Әрқайсысының қолында шарап толы бөтелке. Бір-бір ұрттап қойып, өз-өздерінен мәз. Есінеп-күсінеп әрең жауап қайтарады. «Жәй әншейін, шарап ішіп көңіл көтеруге жиналды» дейді.

Үй иесі Майя жұмыс істемейді.

– Қайтіп күн көріп жатырсындар?– деген сауал қойылды.

– Ауламыздағы моншамызды жағамыз. Жуынушылар көп. Солардан түскен ақшаға ептеп күн көрудеміз,– дейді ол.

Үйдің бәрі тінтілді. Есірткі заттары табылмады. Жиһаз тартпаларынан дәрігерлік инелер мен «димедрол» деген дәрілер шықты.

Міне, есіктен екі қазақ жігіті кіріп келе жатыр. Үй тексеріске алынғанынан бейхабар, әрине. Аттары Арнұр, Ержан

көрінеді. «Мұнда неге келдіңдер?» деген сұраққа «Бір танысымнан қарызымды алайын деп едім» дейді.

– Түн ортасында танысыңды бұл үйден неге іздедің?

– Осында келуге тиіс болатын.

– Ол мұнда түн ортасында не үшін келуге тиісті?

Жауап жоқ. Тағы бірнеше жігіт келді. Келу себебін сұрағанда қайтарған жауаптарына кісі күлерліктей. Үй иесі Майя тергеуге алынды. Бірақ ертеңінде бұл үйге тағы да күзет қойылғанын мұнда келетін «түнгі қонақтар» әлі біле қоймаған сыңайлы.

11 тамыз. Түнгі сағат – 1.00. Бұл күні мұнда бір топ ер адам жиналыпты. Үй иесі жоқтығына қарамастан, олар мұнда өздерін еркін сезінеді. Осыдан-ақ бұл жер маскүнемдер мен нашакорлардың тұрақты мекеніне айналғанын аңғару қиын емес.

Түсіру камерасымен келген полиция қызметкерлеріне бәрі одырая қарасады. Моншаның ішінде бір сары шашты жігіт ұйықтап жатыр. Аты-жөнін айтуға шамасы жоқ. Жұлқылағанға тұрмады. Мынаны қараңыз, терезенің сырт жағынан біреу ішке қарай өрмелеп түсе бастады. Кенет көз қарықтырар жарықты көріп саскалақтап қалды. Бұл Руслан деген жігіт екен.

– Мен әншейін, мына терезенің алдында отыр едім. Арғы жақтан ит үрген соң қорқып кетіп, ішке кіргенім ғой... – дейді.

– Қайда тұрасың?

– Осы үйдің көршісімін. Мұнда жиі келемін. Әншейін, иттен қорқып...

«Түнгі қонақтар» легі толастар емес. Таня, Серега деген қыз бен жігіт ішке кірді. Бұлар Алматының шағын аудандарының бірінде тұратын көрінеді. Дима деген жігіттің білектері шұрық тесік. Мұнда өзіне «героин» ектіруге келіпті. Тағы бір Руслан деген жігіт «Айнабұлақ» ауданынан осылай қарай ат басын бұрыпты. Сол жақтан сатып алған есірткісін тамырына салдырып алмақшы екен. Есік алдына «ақ жигули» келіп тоқтады. Одан түскен бір топ қыз бен жігіт апыр-топыр үйге қарай беттеді. Камера ұстаған полиция қызметкеріне таңдана қарайды. Марат деген жігіт героинді Алматы облысындағы «Минсовхоздан» сатып алыпты. Осында алып келіп тамырына салдырып жүретінін жасырмады.

Таң атқанша «Садовая-24»-тің қақпасынан да, есігінен де, терезесінен де келушілер саны азаяр емес. Өрімдей жастардың арасында 40-тың о жағымен бұ жағындағы ересектер де баршылық. Олар үй иесі Маяның тұтқындалғанынан әзірге бейхабар. Енді бұнда жоламасы белгілі. Тағы бір нашақорлар мекенін басқа жерден табатыны анық.

Бейнетаспаны көріп болып кете бергенімізде ПД-ның қызметкері А. Жусанбай қолымызға екі парақ қағаз ұстатты. Онда мынадай сөздер жазылған: «Үстіміздегі жылдың басынан бері Алматының өзінде есірткіге байланысты 77 қылмыстық оқиға бойынша 792 адам қолға түсті. 2005 жылдың алты айында 143 келі 413 грамм есірткі заттары тәркіленсе, бұның алты келісі героин болып отыр».

Нашақорлықтың дертіне шалдыққандардың жас мөлшері шамамен 20-25-тен 50-ге жетіп жығылады. Тіпті араларында 17-18-дегі жасөспірімдер де кездеседі. Есірткі затты шамадан тыс пайдаланудан былтырғы алты ай ішінде 15 адам көз жұмса, биылғы жарты жылдықта бұл сан 59-ға жетіп отыр. Оның 55-і ер азаматтар, қалған 4-еуі отызға жетпеген әйелдер. Есірткіден қаза болғандардың барлығы Алматы қаласының тұрғындары.

Жастарды есірткіге тарту үшін ұйымдастырылған арнайы үйлер (притондар) саны әзірге қанша екені белгісіз. Олардың осы уақытқа дейін алтауы анықталып, үй иелері тұтқындалған. Алматы ПД-ның есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлері күшімен жыл басынан бері есірткіге қатысты қылмыстардың 92 пайызы ашылды. Бұл көрсеткіш көңіл жұбатқанымен, келешек ұрпақ тағдыры тұрғысынан қарастырғанда түкке тұрмайды.

Ия, «Садовая -24» сияқты адамдардың өмірін қор етіп, бақытсыздық апанына айналған притондарды түп тамырымен жою құқық органдарының басты міндеті. Ал, оларға көмек қолын созу – көпшіліктің парызы. «Хабар» телеарнасының журналистері арқасында бір қасірет мекені ойрандалды. Ал, ондайлардың жасырын түрде өмір сүріп жатқандарының саны қанша екенін әзірге ешкім дөп басып айта алмайды. Ең өкініштісі осы.

«Қазақстан-Zaman» газеті,

19 тамыз, 2005 жыл.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЙЫЛАДЫ
оған мен кепілдік бере аламын,— дейді Қазақстан
Республикасының ішкі істер министрі, ішкі әскерлер
қолбасшысы, генерал-лейтенант Қайырбек Шошанұлы
Сүлейменов мырза.

Осы сұхбат таспаға жазылынып алынып, қағазға түсер алдында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарық көрді. Бәлкім, заң қабылданғаннан кейін Қайырбек Шошанұлымен тағы да бір әңгімелескенде ол кісі бұл жөнінде басқаша айтар ма еді деген ой көңіл түкпірінде қылт ете қалғаны да рас. Дегенмен, диктафондағы әңгіме орта тұсынан аса бергенде министр мырза сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз пікірін түйдек-түйдегімен ортаға тастапты. Ендеше, министрмен екеуара сұхбатымызды басынан бастасақ, ол былай өрбиді екен.

— Қайырбек Шошанұлы, құқықтық реформаны жүзеге асыру жолында құқық қорғау органдарының өздері де біраз құрылымдық өзгерістерді бастан өткерді. Бұдан екі жылдай бұрын Ішкі істер министрлігі мен прокуратурадан тергеу құзыретін алып, өз алдына Мемлекеттік тергеу комитеті құрылған болатын. Одан ештеңе шықпай ақыры тарап тынды. Бұрынғы МТК-ның жарты міндеті ІМ-ге, жартысы ҰҚҚ-қа бөлініп берілді. Бірақ, көпшілік қауым ол жөнінде нақты білмейді. Сондықтан, алғашқы сөзді ІМ-нің қазіргі құрылымдық жағдайынан бастағанымыз дұрыс сияқты.

— Бұрынғы МТК тарағаннан кейін оның жартысы ғана емес толықтай міндеті Ішкі Істер министрлігінің құзырына берілді. Ұлттық қауіпсіздік комитетіне тек мемлекеттік биліктің жоғарғы сатысында отырған шенеуніктерге, яғни сол маңайдағы сыбайлас жемқорлық жолына түскендерге қарсы күрес міндеті жүктелді.

Бұл – тікелей Президенттің және Үкіметтің нұсқауларымен тағайындалатын шенеуніктерге қатысты қылмыстық істерді тергеу деген сөз. Ал, олардан кейінгілерге байланысты қылмыспен Ішкі істер министрлігінің тергеушілері айналысады.

ІІМ-дегі құрылымдық өзгеріс МТК тарамай тұрғанда-ақ бас-талған болатын. Алдымен бізде криминалды полиция құрылды. Оның құрамы – қылмысты іздестіру, ұйымдасқан қылмыс пен күрес және есірткіге қарсы күрес қызметтерінен тұрады. Сонымен қоса, әкімшілік полициясы да дүниеге келген. Оның құрамы – аумақтық өкілеттік полиция, жол полициясы, төлқұжат қызметі, көше тәртібін сақтау қызметі, айықтырғыш, тағы басқа салалардан тұрады. Әкімшілік полициясы жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Криминалдық полиция мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Бұдан басқа біз өзімізде арнайы тергеу Департаментін құрдық. Ішкі істер министрлігі айналысуға тиісті қылмысты істердің бәрі осы Департаментте тергеледі. Ал, елімізде жасалатын қылмысты ашып, тергеу ісінің 80-90 проценті ІІМ-нің мойнына жүктелгенін екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Сондай-ақ, Ішкі істер министрлігінде оперативті қызмет Департаменті деген сала да құрылған. Олардың негізгі міндеті – жергілікті жердегі қылмыстық ахуалға астыртын барлау жасау, сырттай бақылау, тағысын тағылар болып келеді. Сөйтіп, есірткімен айналысатындардың, кісі өлтірушілер мен ұйымдасқан қылмыскерлердің ұясын анықтауда олар із кесушілерге бағыт-бағдар сілтейді.

– Биылғы жылдың 18 ақпанында баспасөз беттерінде сіздің Қазақстан халқына арнаған үндеуіңіз жарияланды. Қылмысты құрықтау жолында бүкіл халықты жұмылдыруға тырысқан ізгі ниетіңіз түсінікті. Одан бері де, міне жарты жылдың жүзі болып қалыпты. Нәтижесі қандай, үміт ақталды ма?

– Мені халыққа Үндеу жолдауға итермелеген негізгі себеп, тек Ішкі істер министрлігіндегі қызметкерлердің жемқорлықпен айналысуына тосқауыл қою емес, бүкіл құқық қорғау

органдарындағы жемқорлыққа қарсы күрес ашу болатын. Жасыратын несі бар, қазіргі кезде қай саланың да қызметкерлері былық-шылыққа белшесінен батып болды десем, артық айтқандық емес. Мұндайда милиция қарапайым халыққа арқа сүйемесе, еткен еңбек еш кетті деген сөз. Сондықтан, Ішкі істер министрлігіндегілердің бәрі жемқорлар емес екендігіне және халықтың көмегі арқасында милиция киімін киген алаяқтардан арамызды тазартсақ деген мақсат өз нәтижесін бере бастады. Менің атыма жолданған хаттарды ең бірінші өзім оқимын. Кейбір жерлерде жергілікті милиция бастығының атына хаттар жазылуда. Оларға да сараптау жүргіземіз. Учаскелік милициялар халықпен қоян-қолтық араласып, еңбек ұжымдарында жиі-жиі жүздесулер ұйымдастыруларын талап етудемін және оны жасатамын да.

– **Қайреке, мен Сіздің назарыңызды жаңа Қылмыстық кодекстің 345-346 баптарына аударғым келіп отыр. Бұл баптар «Қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату» және «Көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау» деп аталады.**

– Ол үшін мен жаңа Қылмыстық кодексті қолыма алып, бұл баптардың мазмұнын толықтай қайта бір еске түсіріп көрейін,— деп министр мырза орнынан тұрды да, кітап сөресінен іздегенін тауып әкелді. Оқыды, сосын жауап беруге кірісті. — Көрінеу жазықсыз ұстау, қамауға алу мәселелеріне байланысты біздің қызметкерлеріміздің қылмыстық жауапқа тартылған кездері болған емес. Ал, егер ондай жағдайды бастан кешкен адам бар болса, маған хабарлассын, дереу шара қолданамын. Алайда, қылмыскерді қылмыстық жауаптан босатып жіберген кездер болды. Мен сеземін, біздің кейбір тергеушілер, анықтаушылар, із кесушілер өздері қолға түсірген айыптылардан пара алып, босатып жібереді. Бірақ, мұны дәлелдеу керек. Дәлелдей алмасаң, адамды жөнсіз айыптау да дұрыс емес.

– **Көрінеу қылмыс жасаған адамды сіздердің қызметкерлеріңіз ұстағанымен, кейін ол қылмыскер бостандықта**

жүргені туралы редакцияға хат жазатындар да бар. Сонда о баста сол қылмыскерді ұстап, қамаған милицияның кім екенін анықтау сіздер үшін соншалықты қиын ба?

– Кейде қылмыс жасаған адамды сол жерде ұстап, кінәсін мойнына қойып, ісін сотқа өткізгеннен кейін де ол қылмыскердің бостандықта жүретін кездері болады. Оның бәріне милиция кінәлі десек, қателесеміз. Мәселен, көшеде бір қаскүнем жазықсыз жанды жәбірлеп жатқан жерде қолға түсті дейік. Оны көрген куәлар да бар. Тергеу бітіп, іс сотта қаралған кезде куәлардың кейбіреуі о бастағы жауабынан тайқып, енді біреулері басқа жаққа көшіп кетуі мүмкін. Жәбір көрген адамның өзі де «сыртқы қысымнан» қорқып, о бастағы шағымынан бас тартады. Мұндай жағдайлардың талайын өз көзімізбен көрдік. Бұл жерде мен милицияны ақтағым келіп отырғам жоқ. Егер, милиция қызметкерлері заң бұзғанын көрген адам бар болса, дереу маған хабарлассын, шара қолданбасақ бізге серт. Халыққа Үндеу жолдаудағы себеп те осыдан туындаған.

– 1990 жылдан бері қылмысты құрықтаймыз деп жанталасып келеміз. Бірақ, түбегейлі өзгеріс байқалмайды. Қылмыстың асқынып тұрған бір түрінің бетін енді қайтара бергенде, ойламаған жерден екінші бір түрі қылаң береді. Бұл не өзі, өтпелі кезеңде қылмыстың қаулап өсуі шынымен-ақ заңдылық болғаны ма?

– Бірден айтайын, өтпелі кезеңде қылмыстың қаулап өсуі – заңдылық. Неге дейсіз ғой. Бір қоғамдық құрылыстан екінші қоғамдық құрылысқа өту кезеңі жүздеген жылдарды қажет етеді. Оған тарихтан мысалдар жеткілікті. Ал, біздер социализмнен капитализмге 10-15 жылдың ішінде өтуді көздеп отырмыз. Қоғам үшін бұл күтпеген сілкіністер туғызатын ауыр жағдай болып табылады. Ол – адамдардың сана-сезіміне де қатты әсерін тигізері сөзсіз. Мұндайда сабырлылық сақтап, аса бір байыппен жұмыс жүргізілмесе, соңы апатқа әкеліп ұрындыруы оп-оңай. Мемлекет билігі берік қолда тұрғанда жөнге келмейтін нәрсе жоқ. Қарапайым халық аңғармауы мүмкін, сондықтан мына мысалға тағы бір назар аудара кеткім келіп отыр.

1995 жылы қылмыс деңгейі 1990 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсіп кетті. Аса ауыр қылмыстар саны 1989 жылмен салыстырғанда бұл жылы төрт есеге көбейді. Елімізде қылмыстық ахуалдың ең шегіне жеткен тұсы 1995 жыл еді. Алайда дәл осы жылы жасалған қылмыс деңгейін енді осы 1995 жылмен салыстыра қарасақ, ол уақыт өткен сайын төмендеп келе жатқанын байқаймыз.

Биылғы жылдың соңғы жарты жылдық қорытындысын былтырғы жылдың осы уақытымен салыстырғанда, еліміздегі қылмыстың 25 процентке кемігенін көреміз. Қазақстанда енді бұдан былай қылмыс деңгейі 1995 жылғы көрсеткіштен әрі өспейтініне мен кепілдік беремін. Ал 2002-2005 жылдары аса ауыр қылмыстар саны күрт азаяды, сыбайлас жемқорлық деген кесапат мүлдем құрдымға кетеді.

– Оған қалай көзімізді жеткізесіз, әр нәрсенің себеп-салдары бар емес пе?

– Себебі, қазір жекешелендіру саясаты елімізде қарқынды түрде белең алды. Билік басындағылар «жылы-жұмсақты» молынан қарппып қалуға тырысуда. Жер бөлу, несие беру, белгілі нысандарды жекешелендіру ісіне келгенде олар меншік иесінің алдынан неше түрлі «тосқауылдар» қояды. Сөйтіп, пара беруге мәжбүрлейді. Міне, дәл қазіргі сәтте осы жемқорлардың желкесін қиып, жекешелендіру саясатын ойдағыдай өткізіп алсақ, одан кейін шіренген шенеуніктер ешкімге керексіз болып қалады. Меншік иесі өз мүлкіне өзі толық қожа болғаннан кейін ол әлдекімдерге пара беріп несі бар. Бір сөзбен айтсақ, еліміздегі қоғамдық құбылыс пен мемлекеттік құрылыстың өзгеруіне байланысты қылмыстың аса бір күрделі түрлері белең алады. Ал оған тосқауыл қоюда заңдық тұрғысынан да жаңаша ізденістер керек-ақ.

– Қайырбек Шошанұлы, сіз бұдан біраз бұрын жолдағы МАИ бекеттерін алып тастау жөнінде нұсқау бердіңіз. Дегенмен, кейбіреулер бұған қарсы пікір білдіріп, баспасөз беттерінде өз сөздерін айтып үлгерді. Осы жағына тоқталсаңыз.

– Жол бойындағы МАИ бекеттері алынғалы бері, әсіресе, көлік жүргізушілер, бизнесмендер, жекеменшік иелері мен мемлекеттік мекеме басшылары тарапынан айтылып жатқан алғыстар аз емес. Алайда, мені Жамбыл облысы әкімінің әрекеті таңдандырады. Бұл облыстағы көлік инспекциясы жол бойына өздерінің тексеру бекеттерін ашқан. Қайталап айтайын көлік инспекциясы – МАИ қызметкерлері емес. Бірақ облыс әкімі осы көлік инспекциясы қызметкерлерімен бірге МАИ қызметкерлерін де осы іске тарту жөнінде заңсыз нұсқау беріпті. Мен ол нұсқауды өзгерту жөнінде және оны орындамау жөнінде өз қызметкерлеріме бұйрық бердім. Сөйтіп, Жамбыл облысында МАИ бекеттерін қайта қалпына келтіруге тырысқан заңсыз әрекет жасалынды. Ал мен айтар едім, МАИ қызметіндегі ең көп паракорлар осы Жамбыл облысының үлесіне тиеді.

Криминалды полиция қызметінің бір өкілі «Караван» газетіне интервью беріп, жол бойынан МАИ бекеттерінің алынуына байланысты енді есірткі тасушылармен күрес қиындайды деп байбалам салды. Бұл – нағыз сатқындық. Ол адам меніңше сыбайлас жемқорлардың қысымынан қорыққаннан солай жасады немесе өзі солардың арасында жүрген алаяқтардың бірі. Байқауымша, баспасөз беттерін пайдалана отырып, менің әрекетіме күмән тудыруды мақсат тұтқан, жаңа бір күштер пайда бола бастаған сияқты. Оған мен бәрібір жол бермеймін.

Криминалды полиция қызметкерлерінің кез келген көлікті кез келген уақытта тоқтатып, тексеруге қақысы бар. Мен көліктерді тоқтатпау жөнінде ешкімге бұйрық бергенім жоқ. МАИ бекеттерін алу жөніндегі бұйрығымда да мен шұғыл іздестіру шараларын ұтымды ұйымдастыру үшін криминалды полиция қызметкерлері жол полициясы қызметкерлерімен бірге жандарына міндетті түрде із кесушілерді ала отырып, кез келген көлікті тоқтатып, тексеру жөнінде нақты көрсеткенмін.

Ал енді көлік инспекциясының қазіргі кезде қоғамға қаншалықты қажеттілігін түсіне алмаймын. Оны саралап, ой елегінен өткізген адам бар ма екен өзі? Бізде олардың «әрекеттері»

туралы деректер жетерлік. Олар бұрынғы МАИ қызметкерлерімен ауыз жаласып, былық-шылыққа белшелерінен батып болған. Мен МАИ бекеттерін алып тастап едім, жандары шығып кете жаздады. Себебі, көлік инспекциясының қызметкерлері өздігінен жолдағы көліктерді тоқтата алмайды. Сондықтан, олардың қастарында МАИ қызметкерлері ала таяғын көтеріп тұрса болды, қалғанын өздері-ақ жәукемдей береді. Міне, менің бұйрығыма жамбылдықтардың не себептен қарсы әрекет ұйымдастырғанын енді түсінген шығарсыз. Сөйтіп, жол бойын күзеткен көлік инспекциясының қызметкерлері әлі сол қалпында өз дегендерін істеп жүріп жатыр. Бұл жөнінде мен көлік инспекциясының қызметкерлерімен ақылдасып едім, олар мені қолдамады. Бұларды тексеріп жатқан да ешкім жоқ. Неге? Бұл сұрақты республикамыздың Бас прокурорына бағыттаймын. Көлік инспекциясы дегеніміз бүгінде сол бұрынғы МАИ-дың өзі болып отыр. Тек үстерінде милицияның киімі ғана жоқ...

– **Көлік инспекциясы негізі кімге бағынады?**

– Меніңше Көлік және коммуникация... деген министрлікке бағынады-ау деймін. Анығын білмеймін. Қысқасы, МАИ бекеттерін жолдан алып тастағанымыз үшін халық риза. Еске сала кетейін, үлкен қалалардан, облыс орталықтарынан шығар және кірер тұстағы бекеттерді қалдырдық. Олар керек. Тек жол бойындағы ұсақ бекеттер жойылады. Жүргізушілерден пара алуға ғана септігін тигізетін ол бекеттердің болғанынан болмағаны жақсы. Сыбайлас жемқорлықтың бастау алар бір жері де сол екенін ұмытпайық. Сондықтан, әркім өзі басқарып отырған салада жемқорлыққа жол ашады-ау деген кез келген ұсақ-түйекті дер кезінде құртуға тиісті. Бір айтарым, барлық сала қызметкерлері бір кісідей бұл іске қарсы күрес жүргізбесе, ел тағдырына қауіп төнеді. Бұл біздер үшін өтпелі кезеңдегі ең бір ауыр сын болмақ.

– **Әңгімеңізге рахмет.**

ҚАЗААГ тілшісі хабарлағанындай, шілденің 15-і күні Астанада ішкі істер министрі Қайырбек Сүлейменов

баспасөз конференциясын өткізіп, алғашқы жарты жылдықтағы оперативті қызмет жұмысының қорытындысына тоқталды.

– Осы уақыт ішінде республикамызда 67505 қылмыстық іс жасалған,—деді министр. —Елімізде қасақана кісі өлтіру 6,4 процентке азайғанымен, қарулы шабуыл жасау 21,4, тонау 8,9, дүние-мүлік ұрлау 22,1, соның ішінде мал ұрлау 33,7 процентке өсіп отыр. Бір ғана жақсы жәйт, өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда қылмыстың барлық түрлері бойынша оларды ашу 62,3 проценттен 65,5 процентке дейін өсті.

Қазір ішкі істер бөлімдерінің оперативтік-іздігіру аппаратының күшімен 226 қылмыстық топ, қылмыс әлемінің 344 жол бастаушысы есепке алынып отыр. Республикамыздың тергеу бөлімшелерінде жатқан 83 мың қылмыстық істің 3 мыңы аяқталып, сот шешімін күтуде. Шілденің 11-12-сі күндері Ішкі істер министрлігінде өткен алқа мәжілісінде жұмыс жүйесін жетілдіріп, құрылымдық өзгерістер жасау кеңінен талқыланған еді. Осыған орай, келешекте жергілікті жерлерде 9-шы бөлім ашылып, ол негізінен парақорлыққа қарсы күрес жүргізбек. Ұйымдасқан қылмыспен күресетін «Оңтүстік», «Шығыс» деп аталатын екі аймақаралық басқармалар құрылады. Қоғамдық тәртіпті сақтау әкімшілік полициясының құзырына беріледі.

«Егемен Қазақстан» газеті,
17 шілде, 1998 жыл.

ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ӘДІСІ ӨЗГЕРМЕЙІНШЕ, ІС АЛҒА БАСУЫ ЕКІТАЛАЙ

Құқық тәртібін қорғау өкілдері кейінгі кезде жиі-жиі баспасөз маслихаттарын өткізіп, қолдарынан келгенше қылмысқа қарсы күрес жүргізіп жатқандары жайында көпшілікті құлағдар етуде. Әйтседе, қоғамымызда орын ала бастаған ұйымдасқан қылмысқа қатысты күрес жолдары қандай болуы тиіс? Осы мәселеге байланысты белгілі құқықтанушы, қылмыстық істерді жүргізу кодексінің жобасын дайындауға атсалысқандардың бірі – аға заң кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның аға көмекшісі Тұрымжан Ысқақұлы Құдабаев мырзаны әңгімеге тартқан едік.

– Тұрымжан Ысқақұлы, қазіргі кезде республикамызда ұйымдасқан қылмыстың ұясы күннен-күнге көбейіп барады. Ал, біздер құқықтық реформаны жүзеге асырамыз, құқықтық мемлекет құрамыз деп желпінгенде айдарымыздан жел ескендей. Осынау қарама-қайшылықтардың сыры неде деп ойлайсыз?

– Елімізде экономикалық реформаны жүзеге асыру ісін қолға алғалы да

үш жылдай уақыт болып қалды. Бұл бастаманың тәуір жақтары да, теріс жақтары да қазір айқындала бастады. Дегенмен, бүкіл республика тұрғысынан алып қарағанда жағдай өте ауыр. Мұндайда құқықтық реформа туралы, құқықты мемлекет құру туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз ба деп ойлаймын. Өзіңіз ойлап қараңызшы, кез келген бір шаруаны қолға алмас бұрын алдымен оның жоспарын, жобасын жасап алмаушы ма еді. Қоғамның, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы да алдымен заңдылық тұрғыдан айқындалмаса, ол түптің түбінде күйреп тынады. Кезінде осыған мән бермедік. Енді келіп

қылмыс көбейді, ол неге олай, бұл неге бұлай деп бас қатырудамыз. Нарықтық қатынас кезінде, әсіресе, оның өтпелі кезеңінде қылмыс көбейіп қана қоймайды, оның бұған дейін ешкімге белгісіз жаңа түрлері, сойқанды түрлері бас көтереді.

– **Сол сойқандардың бас көтеретін күнібұрын білсек, бәлкім, алдын алар ма едік?**

– Ол үшін аса бір көріпкел болудың қажеті жоқ. Шетел заңгерлері мен

құқықтанушылары, қылмыс пен тұрмыс мәселесін зерттеушілері мұны соқырға таяқ ұстағандай етіп тұрып баяғыда-ақ айтқан, айтып та жатыр. Мысалы, қылмыстың қаулап өсуі ең алдымен әлеуметтік-экономикалық жағдаймен, қоғамдағы моральдық ахуалмен, адамгершілік-имандылық сипаттармен тікелей байланысты деген пікір соншалық бір жаңалық па? Бірақ, бізде бұған мән берілмейді. Оны айтасыз, өмірде бар қылмыстарды ресми мәліметтерге кіргізудің өзінен жасқаншақтаймыз. «Ауруын жасырған өледі» деген осы. Айналаңызға бір сәт зер салыңызшы, жыпырлаған «комоктар» мен казинолардан, аялдамалар мен дүкендердің алдында жолынды кескестеген алыпсатарлар мен саудагерлерден аяқ алып жүре алмаймыз. Солар үкіметке салық төлейді деп ойлайсыз ба? Оның үстіне енді банктердегі былық-шылықтарды қосыңыз. «Шапқасыз» несие алу мүмкін емес екенін қазір екінің бірі біледі. Айналып келгенде қарапайым халық зардап шегуде. Жұмыссыздық пен қайыршылық бар жерде қылмыстың неше түрлісі туындайды. Ендеше, тұрмыс түзелмейінше, қылмыс түзелмейтіні айдан анық.

– **Сонда ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күресу, оның түп тамырына балта шабу мүмкін емес пе? Қоғамымызды жайлап алған бұл сұмдықтың өзі қайдан келді? Шетел тәжірибелері не айтады?**

– Кеңес дәуіріндегі кең қолтық, бюрократтық апараттың шырғаландары, паракорлық, жоқты бардай қылып далитып көрсету, өтірік мәлімет беру, қосып жазу сияқты әрекеттер сол кездің өзінде партиялық-әміршілдік жүйеге тән қасиет бола-

тын. Қазіргі нарықтық қатынас кезінде сол сыбайластар мен жемқорлар өңін айналдырып шыға келді де, жіліктің майлы басын ұстап қалды. Нарық деген кейбіреулерге тіпті оңтайлы тиді. Айы оңынан туған бұрынғы құлқынқұмарлар мен алыпсатарлардың көбі бүгінде «іскерлер», «бизнесмендер» деген атқа ие болды. Өндірістердің тоқтап, жабылуы, ақшаның құнсыздануы, жаппай жұмыссыздық, құқық саласындағы быт-шыт ахуал – бәрі-бәрі ұйымдасқан қылмыстың өрістей түсуіне жол беруде.

Әйтседе, ұйымдасқан қылмыс жайында біздің білетініміз шамалы. Өйткені ол туралы тиісті зерттеулер бізде әлі жоқ. Баспасөз беттерінде заңгер-практиктеріміз ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресетін заңдар бізде жеткілікті деп, бұл ретте Қылмыстық кодекстің 17-бабына сүйенетіндерін білдірген-ді. Ал, мен әріптестерімнің мұндай пікірлеріне қосыла алмаймын. Жоғарыда көрсетілген кодекстің 17-бабы топтасып жасаған қылмысқа ғана қатысты. Ұйымдасқан қылмыс дегеніміз – мүлдем басқа нәрсе. Бір қиындығы, оның белгілерін айқындайтын құқықтық түсініктеме (правовое понятие) бізде әлі болмай отыр.

Шет мемлекеттерде ұйымдасқан қылмыс туралы әртүрлі тұжырымдар бар. Оларға тоқталмас бұрын мен ұйымдасқан қылмысқа байланысты өз ойымды білдіре кетейін.

Ұйымдасқан қылмыс – бүкіл қылмыстық әрекеттердің жымдаса келе бас қосқан түрі ғана емес, ол белгілі бір құрылымға негізделген, бір орталықтан басқарылатын, өзіндік идеологиясы мен саясаты бар, төменнен жоғары қарай қатаң бағыныстылықты, темірдей тәртіпті ұстанып, өзара міндет және «еңбек бөлінісін қатаң сақтайтын, қылмыстық жолмен тапқан қаржыларын айналысқа салуды реттеп отыратын, пайдакүнемдік пен жемқорлықтың жолына түскен алпауыттар десек, қателеспейтін шығармыз. Сонымен қатар, олар өзін-өзі қорғауға қатты күш салады, жеке бастарының қауіпсіздігі үшін ештеңесін аямайды. Қажет жерінде өздерін қорғайтын жасырын сақшылар ұстап, бес қаруы бойында жүреді. Ыңғайы келген тұста үкімет адамдарының іші-бауырына кіріп, олармен ауыз жаласа кетуге

дайын тұрады. Ішкі және сыртқы барлау жұмыстары да үздіксіз жүріп жатады. Арнайы «тапсырмамен» кеткен адамдары қолға түсіп қалған жағдайда құтылып кету үшін оған «қаржы қорынан» ақша бөлінеді. Ақшаға сатылған қаныпезерлер мен баукеспелерді жалдап ұстау – ұйымдасқан қылмыскерлердің ежелгі дәстүрі.

Ұйымдасқан қылмыскерлерлер көбінесе наркобизнеспен, рәкетпен, зинақорлықпен, тұрмысқа қажетті тәуір заттарды, жанар-жағармай, тағы басқаларды жымқырумен айналысады. Қаржы-несие саласында да олардың суық қолдары сұмдап жүреді. Олар тіпті өз «өкілдерін» жоғарғы заң шығару органы мен атқару үкіметтерінің құрамына кіргізуге дейін бара алады. Сөйтіп өздеріне қарсы қолданылатын заңдардың дүниеге келуіне барынша бөгет жасап бағады. Шетел сарапшыларының айтуына қарағанда, ұйымдасқан қылмыскерлердің басты мақсаты – үкімет билігінің тұтастығын бұзу, әсіресе, құқық тәртібін қорғау органдары мен сот жүйесінің арасына сына қағу болып табылады екен.

– Түреке, бұл өз пікіріңіз ғой. Енді жаңағы сұрақ негізінде шетелдік

әріптестеріңіздің тәжірибесіне толығырақ тоқтала кетсеңіз...

– Меніңше, Италия мемлекетіндегі құқық қорғау тәжірибесіне баса назар аударуға болады. Бұл елде ұйымдасқан қылмысқа қарсы қолданылатын заң әр жылдары қабылданып, бірін-бірі толықтыра түсіп, ақыры біртұтас заң негізін қалаған. Бірер мысал келтірейін. Егер құқық қорғау органдары бір адамды ұйымдасқан қылмысқа қатысы бар деп күдіктенсе, сол сәтте оның дүние-мүліктерінің құны мен орташа айлық табысының ара салмағы таразы басына тартылады. Сондай-ақ, күдікті адамның экономика саласына қатысы бар-жоғы анықталып, оның отбасы мүшелері, туған-туыстары, соңғы бес жылда онымен қызметтес болғандардың бәрінен жауап алынады. Осы іске қатысты өндірістер мен фирмалар, қаржы мекемелері

құқық қорғау органдарды талап еткен мәліметтерді сөзсіз беруі тиіс. Тексеріс барысында күдікті адамның орташа айлығының көлемі оның дүние-мүлкінің құнынан әлдеқайда асып кетсе, дереу тәркіленіп, мемлекет қорына өткізіледі. Оның иесі экономика саласындағы қызметінен шеттетіледі. Егер ол лауазымды адам болса, соттың шешімін қасақана орындағысы келмесе, үстінен қылмыстық іс қозғалып, екі жылдан төрт жылға дейінгі уақытқа бас бостандығынан айырылады. Сот шешімін абайсызда орындамағандар бір жылға сотталады. Егер кінәлі адам экономика саласынан алыстатылғанына қарамастан басқа жеке адамдардың, мекемелердің құқығын пайдаланса, қол үшін берген кейінгілерді де сот тиісті құқығынан айыра алады.

Италияда ұйымдасқан қылмыстары үшін сотталғандардың дүние-мүлкі мен қаржы-қаражаты міндетті түрде тексеріліп тұрады. Ондай адамдар табысы 25 миллион лирден асса, құқық қорғау органдарына 30 тәулік ішінде ақпар беруге тиіс. Көрсетілген мерзімде хабарланбаса, ондай адам 2 жылдан 6 жылға дейін сотталуы және 20-дан 40 миллионға дейін айып төлеуі мүмкін. Оған қосымша бар дүние-мүлкі тәркіленеді.

Италияда ұйымдасқан қылмыспен күрес жөніндегі арнайы парламенттік комиссия жұмыс істейді. Бұл комиссия ұйымдасқан қылмысқа қарсы қабылданған заңдардың орындалу барысын қадағалайды. Оның осал тұстарын қайта жетілдірумен айналысады. Жасаған жұмыстары жайында парламентке жылына бір рет есеп беріп отырады.

Ал, Америкада сәл басқашалау. Онда 1970 жылдан бері ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресетін Ұлттық кеңес құрылған. Сол жылы ұйымдасқан қылмысқа қарсы арнайы заң қабылданған. Оның орындалуын қадағалау, жүзеге асыру міндеті Әділет министрлігіне жүктелген. Лауазымды адамдардың қылмысын мойнына қойып, ол жөнінде дәлелдер жинап, тексеру жүргізетін, сотқа істі өткізетін де сол мекеме...

– **Байқап қарасақ, ұйымдасқан қылмыспен күрес жөніндегі ішкі, сыртқы тәжірибелер аз емес екен. Бұрынғы КСРО**

кезінде бізде сәл асып-тасқан басшылардың орташа айлық жалақылары есептелініп, көлденең табыспен күн көргені анықталса, дереу жазаға тартылып жататын. Ал, қазіргі кезде түйені түгімен жұтқандарды көрсек те, көрмеген-симіз. Оларға қарсы қолданатын заң жоқ деген жай сылтау емес пе?

— «Заманына қарай заңы» деген де бар ғой. Ол кездегі заңдар негізінен мемлекеттік меншікті қорғауға арналған. Нарықты экономика кезінде жеке меншік туралы заң үстемдік етеді. Үкіметіміз жаппай жекешелендіру саясатын жүргізуде. Көп ретте жекешелендіруге байланысты заңдарды дұрыс пайдаланбау әртүрлі қылмысқа кеңінен жол ашып отыр.

Сіз бен біздің айтып отырған бұл әңгімеміз көпшілікке қозғау салар деген сенімдемін. Ойды ой қозғайды, айтпаса сөздің атасы өледі деген... Бүкіл ғұмырымды осы заң саласында өткізгендіктен, көкейде жүрген бірер пікірді ортаға салу бұрын да көңілде бар еді. Оған өзіңіз себепкер болдыңыз, рақмет.

— Өзіңізге де көп рақмет.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
24 қыркүйек, 1994 жыл.**

САЛҒЫРТТЫҚ САЛДАРЫСЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ БӘСЕҢДЕТІП ЖІБЕРДІ

Таяуда Алматы облыстық құқық қорғау органдарының үйлестіру кеңесі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданған уақыттан бергі атқарылған жұмыстарының қорытындысын шығарды.

Аталмыш заң қабылданғалы бері сыбайлас жемқорлыққа қатысты 82 қылмыстық іс қозғалыпты. Оның 42-сі облыстық прокуратураның, 22-сі облыстық ішкі істер басқармасының, 12-сі Алматы қаласы және облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің, 6-ы облыстық салық полициясы

комитетінің үлесіне тиеді екен. Осы 82 қылмыстық істің құрамындағы 29 іс биылғы жылдың алғашқы төрт айының көрсеткіші.

Облыс прокуроры – үйлестіру кеңесінің төрағасы Ғарифолла Өтебаев мырза бұл жерде ұлттық қауіпсіздік комитеті мен салық полициясы тарапынан салғырттық байқалатынын айтты. Оларда шұғыл іздестіру қызметі, із кесушілер, тағы басқа қосымша қызметтер бар. Соған қарамастан көрсеткіштері өте төмен. Ал тек заңдылықты ғана қадағалайтын, мұндай қосымша қызметтері жоқ облыстық прокуратураның көрсеткіші жоғары. Мұның себебі неде? Себеп, тек жұмысқа, өз ісіне деген ықылас, жігерде жатса керек деді ол.

Ал енді, жоғарыдағы 82 қылмыс қандай жағдайға байланысты қылмыстар дегенге келер болсақ, олардың 28-і паракорлық, тағы 28-і қызмет бабын пайдаланып қылмыс жасау, 5-еуі қызмет бабын асыра пайдалану, 7-еуі заңсыз сый-сияпат алу, 6-ауы қызмет құжаттарындағы бұрмалаушылықтар болып келеді.

Бұлардың ішінде құқық қорғау органдары тарапынан жасалған қылмыстар да жетерлік. Мәселен 11 қылмыс ішкі

істер органдары қызметкерлерінің үлесіне тисе, екеуі ұлттық қауіпсіздік комитетінің, төртеуі салық полициясының, сегізі салық комитетінің үлесіне тиеді. Осылардың ішінде 3 әкім, 2 судья, 3 кеден қызметкері бар. Сонымен қоса 47 мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері де сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс жасап үлгеріпті.

Дегенмен, қылмыс ашылғаннан кейін оның нәтижесі сотта үкім шығып, кінәлілердің жазаланумен өлшенетіні белгілі. Әзірге қаншама істің сотқа жөнелтілгенін ғана білеміз. Олар мыналар: 39 қылмыстық іс сотқа жіберіліпті, 16 іс тоқтатылып, өндірістен алынған, 6 істі тоқтата тұру ұйғарылған.

Жалпы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданғалы бері Алматы облыстық прокуратурасы тарапынан 229 тексеру жұмыстары жүргізілген. Оның 85-і биылғы жылдың алғашқы төрт айына қатысты. Осы тексерулер кезінде 300-ден астам заң бұзушылық әрекеттері анықталған. 397 лауазымды адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 41 қылмыстық іс қозғалған.

Облыс прокурорының бірінші орынбасары өз баяндамасында біраз кемшіліктердің басын аша сөйледі. Әзірге сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмысты ашуда аудан, қала прокурорлары тарапынан істелген жұмыстар көлемі ауқымды. Ал ішкі істер басқармалары бұл іспен айналысуды мүлдем жиыстырып қойған сыңайлы. Бұл саланың басшылары сыбайлас жемқорлық мәселесін өздерінің орынбасарларына немесе криминалдық полицияның бастығына сілтей салатын көрінеді.

Мәселен, прокуратура тарапынан тексеру жүргізген кезде Ұйғыр аудандық ішкі істер басқармасы тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы ешқандай жұмыс жүргізілмегені белгілі болған. Ал, Панфилов аудандық ішкі істер басқармасында басқа құқық қорғау органдарымен бірлесіп жұмыс жасау жөніндегі жоспардың өзі жасалынбаған. Бұл жөнінде үйлестіру кеңесінде талай рет айтылғанымен, олар ешқандай қорытынды шығармапты. Оның үстіне сыбайлас жемқорлыққа қатысты бірде-бір

қылмыс ашылмаған. Осы аймақта сыртқы экономикалық байланысқа шығатын көптеген өндіріс ошақтары бар екенін ескерсек, мұнда сыбайлас жемқорлықтың белгісі де жоқ дегенге сену қиын. Дәл осындай жағдай Талдықорған, Кербұлақ аудандарында да қалыптасып отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ішкі істер басқармасы тарапынан ешқандай бағдарлама жасалынбаған. Бұл жөнінде Талдықорған ауданында бірде-бір қылмыстық іс қозғалмаған.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа тікелей жауап беретін облыстық ішкі істер басқармасына қарасты тоғызыншы басқарманың жұмысы да мәз емес.

Бұлардың құрамында 34 білікті маман бола тұра, заң қабылданғалы бері 23 ғана қылмысты ашқан. Оның тек 6-ы ғана сотқа жіберілген, 12 қылмыстық іс мүлдем жабылып, екеуін тоқтата тұру туралы шешім қабылданыпты.

Алматы қаласы және облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көбінесе паракорлық, асыра сілтеушілік, жалған құжат жасау, құқық қорғау органдарындағы орта буын басшыларының қызмет бабын пайдалануы сияқты көріністерге көбірек көңіл бөледі. Бірақ жеке кәсіпкерлікке бөгет жасап жүрген лауазымдылар, экономикалық контрабанда, банк-кредит саласындағы былық-шылықтар назардан тыс қалған. Талдау көрсеткеніндей, құқық қорғаушылар тергеу жүргізуде, бір іс бойынша қылмысты дәрежелеуде әрқайсы әртүрлі заңдарды қолданады. Мәселен, 1998 жылы ұлттық қауіпсіздік комитеті «сыбайлас жемқорлық» деп нүкте қойған 8 іс тексере келгенде қарапайым қылмысты істер болып шықты. Мұның өзі тергеушілердің заң білігі төмен екендігін аңғартады. Биылғы жылдың сәуір айында облыстық прокуратура ҰҚК департаментіне тапсырған 9 азаматтық істің жағдайын тексерді. Бұл істер сотқа жіберіліп, көлік иелерінің құжаттарын жоғалтқанын анықтағанға дейін мәшинелері жол полициясы басқармасының автотұрағына қойылған. Себебі бұл көліктерге кедендік салық төленбеген. Тексеру барысында

автокөліктің 5-і ғана орнында бар болып шықты. Қалған 4-ін :ЖПБ қызметкерлерінің қайда жібергені белгісіз. Бұл жөнінде ҰҚК департаменті ештеңе білмейтіні таңдандырады. Олар қайта тексеру жүргізбеді. ЖПБ мен кеден комитеті де істі жабулы қазан жабулы күйінде қалдырды. Соның салдарынан мемлекетке келген зиян мөлшері де анықталмады. Тек облыстық прокуратураның араласуымен ғана іс қайта қаралып, өз шешімін тапты. Салық полициясының тергеу саласы кеңейтілгенімен оңды нәтиже көрінбей отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданғалы бері бұл салада 6-ақ қылмысты іс қозғалған, оның 4-і пара алу, 1-і заңсыз сыйлық алу, 1-і қызмет бабын пайдалану болып келеді.

Облыстық кеден комитетінің жұмысы да оңып тұрған жоқ. Сыбайлас жемқорлық бойынша 1998-99 жылдар аралығында бірде-бір қылмыстық іс қозғалмаған. Прокуратура тексергенде анықталғандай, мұндағылардың өздері заң бұзатындығы белгілі болды. Мәселен «Достық» кеденінің қызметкері Т.Жолдасбеков контрабандалық жолмен Қытайдан келе жатқан екі мәшине спиртті бері қарай өткізіп жіберген. Бұл жөнінде қазір тергеу жүріп жатыр. Осының өзі-ақ кеден комитетінің басқару аппаратында селкеуліктердің көп екенін аңғартады. Оның үстіне табыс салығын жасырушы лауазымды адамдарды жауапқа тартудың орнына мұндағылар олармен ауыз жаласып кеткен.

Облыстық құқық қорғаушылар тарапынан банк саласында қозғалған қылмыстық іс жоқтың қасы. Ал нағыз сыбайластар осы салада екенін елдің бәрі жақсы біледі. Заңсыз жолмен табылған қаржылар, шетел алпауыттарымен ауыз жаласа отырып, жалған кәсіпорын құру ісі, сөйтіп халықтың байлығын сыртқа тасу әрекеттері жетіп артылады. Бірақ оларды әшкерелеуге келгенде шорқақтай бастаймыз. Байқап қарасақ, қай жерде мемлекеттік меншік көп болса, сол жерде сыбайлас жемқорлар шыбынша үймелеп жүреді екен.

Бірнеше жылдан бері бейберекет жүргізілген жекешелендіру саясаты кезінде мемлекет мүлкі тегіннен-тегін немесе өте

арзан бағамен жеке адамдардың қолына өтіп кетті. Мұның өзі экономика саласына қылмыскерлердің жиналуына жол ашты. Соған қарамастан құқық қорғаушылар бұл мәселе бойынша заңсыздықты көрмейтіні таңдандырады.

Әсіресе, ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде жағдай ушығып тұр. Небір шұрайлы жерлер мен ауыл шаруашылығына бөлінген миллиондаған қаржы-қаражат талан-таражға түсті. Соның салдарынан жер-жердегі кәсіпорындардың халыққа еңбекақы төлеу қабілеті төмендеп кетті. Бюджет бітуге айналды. Үкімет еңбекақы төлеу үшін не істерін білмей дағдаруда. Мұның өзі халықтың наразылығын тудыратыны сөзсіз. Осының бәріне себепкер тек сыбайлас жемқорлар екеніне көзіміз жетті. Енді шегінерге жер жоқ.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
4 маусым 1999 жыл.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ЕЛІМІЗДІҢ КЕЛЕШЕГІ ҮШІН КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске айрықша көңіл бөлінуі тегін емес. Көп жағдайда Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделі тап осы жемқорлықты ауыздықтауға байланысты екені мәлім. Дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін бұл індетке тоқтау салуымыз міндет. Өкінішке қарай нақты деректер өмірдің ащы шындығын алдымызға тартады. Биылғы маусым айынан бері ғана азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты арыз-шағымдарының саны 140-тан асып жығылыпты.

Үстіміздегі жылдың маусым айының 1-і күні өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қоғамымызға дерт болып жабысқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту көзделген болатын. Президент онда құқық қорғау органдарына арнайы тапсырмалар берді. Сондай-ақ, олардың өз қатарына құқықтық тәртіпті нығайтуға ұсыныс жасалды. Өйткені, кейінгі кезде дәл осы сыбайлас жемқорлықпен тікелей күрес жүргізуге тиісті құқық қорғау органдары қызметкерлерінің үстінен арыз айтушылар саны көбейіп бара жатқаны жасырын емес. Еш жерден әділдік таппаған адамдар Мемлекет басшысының атына, Қауіпсіздік кеңесіне хат жазып, шағымдануға дейін барып жүр. Президент өткен жолы берілген тапсырмалардың орындалу барысын қадағалады. Биылғы маусым айынан бері ғана азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты арыз-шағымдарының саны 140-тан асып жығылыпты. Нақтылай айтсақ, ішкі істер органдарының үстінен 36 өтініш, прокуратура органдарына – 21, қаржы полициясына – 17 арыз-шағым келіп түскен. Бұған қарап құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өзі қой терісін жамылған қасқырға айналып кеткен бе деген ой туады. Қасқырға қой баққызып қойған соң басқалардан не сұрарсың. Мұны көрген әкім-қаралар мен шенеуніктердің тіпті ошыраңдағаны сондай, ар-ұят дегенді ұмытып, абыройдан жұрдай болып шыға келіпті. Оған төмендегі деректер дәлел:

Қарағанды облысындағы 16 лауазымды тұлға бүгінде тергеушілердің алдында мәлііп отыр. Алматы, Қостанай облыстарына және Алматы қаласы бойынша – әрқайсысынан 11 лауазымды тұлға қармаққа іліккен. Шығыс Қазақстан облысындағы олардың «әріптестерінің» саны – 10, Астанада – 9, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында – 8-ден, Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Павлодар облыстарында – 6-дан, Маңғыстау облысында – 5. Сондай-ақ, Ақтау қаласы әкімінің екі орынбасары, Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары, Аякөз қаласының әкімі, Курчатов қаласы әкімінің орынбасары, тағы басқа аймақтардың әкімдері сыбайлас жемқорлықпен айыпталып, тергеушілердің алдында жауап беруде.

Жалпылай айтар болсақ, әр деңгейдегі әкімдер мен жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне қатысты – 18, қаржы полициясының қызметкерлеріне қатысты – 5, әділет органдарының қызметкерлеріне қатысты – 4, прокуратура қызметкерлеріне – 2, кедендік бақылау қызметкерлеріне қатысты – 2, Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілеріне қатысты – 3, салық органы қызметкерлеріне қатысты – 5, Жоғарғы Соттың Сот әкімшілігі комитетінің қызметшілеріне қатысты – 7, денсаулық сақтау жүйесі қызметшілеріне қатысты – 4, орталық мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен банкі қызметшілеріне қатысты – 6, жеке меншік құрылымдардың басшыларына және жеке тұлғаларға қатысты 16 қылмыстық іс қозғалған. Сонымен қатар, Қызылорда облысындағы 18 жасырын мұнай зауыты анықталып, жойылған. Мұндағы уақытша сақтау бекеттерінен 455 тонна мұнай, 118 тонна мұнай өнімдері табылған. Осы зауыттар ай сайын 1 миллион доллардың мұнайын шығарып отырған. Қаржы полициясы тұрғын үй саласындағы қылмыстардың да бетін ашты, 54 қылмыстық іс қозғалды.

Қауіпсіздік Кеңесінде бұдан басқа да заң бұзушылықтар жөнінде ашық айтылды. Мемлекет басшысы тікелей өз бақылауына алған Кеңес жұмысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа әдістеріне көшеді деген сенім мол.

«Президент және Халық» газеті,
28 шілде, 2006 жыл.

ҮРЕЙ ҮЙІРГЕН КЕЗЕҢ

Өзімізді өзіміз алдарқатып, «Бізден тамаша ел жоқ» деп даурығып жүргенімізде айдай әлемнің алдында әшкере болып біткендейміз. «Ауруын жасырған өледі» дегендей, тығырыққа баяғыда тірелсек те шындыққа тура қарай алмайтын бейшара мінезіміздің кесірінен осындай күйге түстік. Әр кезең сайын бір теориясымақты ойлап тауып, көнбіс халқымызды «жарқын болашаққа» қарай жетелей беріппіз.

Сөйтіп, құлама жардың жағасынан бір-ақ шықтық. Енді не істерімізді білмей дағдарудамыз. Ойлап таба қоятын теориясымағымыз да таусылды. Бар үмітіміз қазір «нарықта». Оның қарық қылмайтынына да кейінгі кезде көзіміз жете бастағандай.

О бастан бір қателескен соң қойсаңшы. Бір қателіктен бір қателік туындап жүре береді екен де. Жалпы, біздің қоғамның даму барысындағы қателік деген жетіп артылады. Сондықтан, мемлекеттік құрылымымыздың бір ғана саласы – құқық тәртібін қорғау органдарындағы проблемаларды тілге тиек ете отырып, бүгінгі қаулап өскен қылмысқа қарсы күрес жайында ой толғағанды жөн көрдік. Ең бастысы, қылмысқа қарсы күресті жолға қоймай тұрып, экономикалық, әлеуметтік салада оң өзгерістерге қол жеткізем деу бекершілік екенін түсінетін кез жетті.

Алысқа бармай-ақ қайта құру кезеңінен бергі жылдар төңірегіне көз жүгіртіп қарайықшы. Өзімізше ізгі ниетпен жасаған әр қадамымыз жаңа қылмыстарға жол ашуға себепкер болыпты.

Ең алғашқы бәлекет кооперациядан басталды. Лениндік кооперацияның басты қағидасын түсінбедік пе, түсінсек те әдейі солай жасадық па – ол жөнінде тіпті арнайы заң шығарып, тастай бекітіп тастадық. Сөйтіп, алыпсатарларды алшаңдатып қоя бердік. Олар енді «көлденең табатын табысы 100 сомнан аспаса», қолдарындағы қымбат бағалы бұйымдары

«қайта сату үшін сатып алынғаны дәлелденбесе» жауапқа тартылмайтын болды. Соңында құқық тәртібін қорғау өкілдерін көпе көрнеу алаяқтардың алдында жығып беріп, қарап отырдық. Бұдан кейін дүкендердің сөрелері жылан жалмағандай бос қалды. Қоймадағы заттар «құрдымға» кетті. Алыпсатарлар аз уақыттың ішінде «қонданып» шыға келді де, «пысықай» (предпримчивый) адамдарға айналды. Оны да біз заңдастырып жібердік. Құқық тәртібін қорғау өкілдері енді олардың маңайынан жүруді қойды.

«Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» дегендей, бұған милицияның шамасы жетпейтінін түсінгеннен кейін «олар сатылып кетті» деген сенімсіздік туғаны да рас. Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері көмекке жіберілгені де есімізде. Бірақ, одан да ештеңе шықпады...

Таяуда республика Ішкі істер министірлігінде өткен мәжілістердің бірінде министр М. Берсенев қазіргі экономика саласындағы алпауыттар құқық тәртібін қорғау органдарының уысынан шығып бара жатқанын қынжыла ескерте келіп, олар енді шетелдің миллионерлерімен ауыз жаласа бастағанын тілге тиек еткен. Қылмыстың күрт өсіп кетуіне басты себепкер де солар екен. Себебі, олар халықты «занды түрде» білдірмей тонаса, қарақшылар олардың өзін тірідей тонайтын көрінеді.

Бұларға қарсы күресуге тиісті милиция қызметкерлерінің бүгінгі ахуалына келетін болсақ, тұрмыстық жағдайын, адами күн көрісін айтпағанның өзінде көшеде киіп жүретін киімінің (форма) өзі тапшылыққа айналыпты. Қару-жарақ онсыз да жетіспейді. Көлік мәселесі күннен-күнге қиындай түсуде.

Айта берсе проблема шашететектен. Қылмыс пен жазаның арасындағы арасалмақ та күнне-күнге алшақтап барады. Оған негізгі себеп, тергеуші мамандарының жетіспеушілігінде екен. Бұл саладағы білікті мамандардың көбісі құқық тәртібін қорғау органдарынан күн сайын кетіп жатыр. Соның салдарынан қаншама қылмыс ашылмай қалғаны жайында да жиі-жиі деректер келтірілуде. Алайда, үкімет тарапынан жасалған нақты шаралар

әзірге байқалмайды. «Мұндай енжарлықтың өзі қылмыспен тең деп түсінемін. Қылмыс жайлаған қоғамда біздей сақшылардан сорлы ешкім жоқ шығар» деген еді, таяуда облыс орталықтарының бірінен келген қатардағы учаскелік милиционер. Шынында да солай сияқты. Бұндай жағдайда экономикалық реформалар таяу арада жүзеге асып, жағдайымыз жуық арада түзеледі дегенге сену де қиын.

**«Халық кеңесі» газеті,
01 қаңтар, 1992 жыл.**

«САҚШЫ» ГАЗЕТІ ШЫҒАТЫН БОЛДЫ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бұрыннан «На страже» газетін орысша шығарып келгені баршаға белгілі. 1990 жылғы қыркүйек айынан бастап сол газеттің бір беті ана тілімізде жарық көре бастаған. Үстіміздегі жылдың сәуірінен бастап газеттің жартысы орысша, жартысы қазақша шығатын болған. Енді, міне, министрлік басшылығының шешімімен «Сақшы» газеті қазақ тілінде шыққалы отыр. Осыған орай, біздің тілшіміз министрдің бірінші орынбасары, ішкі қызмет генерал-майоры Қайырбек Шошанұлы Сүлейменов жолдасқа жолығып, сұхбаттасқан еді.

– Қайырбек Шошанұлы, қуаныштарыңыз құтты болсын! Естіп жатырмыз, сіздің министрліктің «Сақшы» газеті қазақ тілінде шығатын болыпты. Бұл – көптің тілегі еді. Оған кезінде біздің «Халық кеңесі» де үн қосқан. Семейлік бір топ милиция қызметкерлері қазақ газеті қажет екенін айтып хат жазған. Оған өзіңіз жауап берген едіңіз. Әйтсе де, кешігіңкіреп шығып жатқан сыңайы бар. Оның себебі неде болды екен?

– Әр істі бастау қиын екенін өзіңіз де білесіз. Оның үстіне үстемелеп өсіп отырған баға еңсемізді езіп тастады. Енді егемендік алған кезімізде экономикалық қысымнан көз аша алмай отырғанымыз бар. Көптің тілегі бір басқа да, басшының көкейі бір басқа болған кездерді де естен шығармауымыз керек. Ана тілінде газет шығару мәселесі көптен бері көтеріліп, бірақ шешімін таппай келе жатқанын бұрыннан да білетінмін. Министрдің бірінші орынбасары болып қызметке келген күннен бастап алғаш айналысқан шаруам да осы мәселе болды.

Тіпті, 1991 жылдың наурыз айында министрдің арнайы бұйрығына қол қойылып, онда тайға таңба басқандай, 1992 жылдың қаңтар айынан қазақ газеті шығарылсын деп анық жазылғанына

қарамастан оқырман қолына «Сақшы» газеті тимей қалды. Неге деген сұрақ тумай ма? «Дәме бар да дәрмен жоқтың» кері ме бұл? Жоқ, олай дей алмаймыз. Ендеше бұйрық неге орындалмай қалды? Әрине, қазіргі нарықты экономика қинап тұрғанын айтып, ауызды қу шөппен сүрте салу оңай. Мұның сыры әріде жатқан сықылды. Шындықты бүркемелемей айтар болсақ, құлықтың жоқтығы ғой. Әйтпесе, қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, республикада осынша көңіл бөлініп жатқанда, Ішкі істер министрлігінде ана тілінде газет шығару ісі неге тығырыққа тіреліп келді. Тұйықтан шығатын жолдың табылмағаны ма? Осы ойлар мені де мазалады. Содан біртіндеп осы газетті шығару жолдары қарастырылды. Алдымен газетті шығару үшін «Дәуір» баспаханасынан рұқсат сұрадық. Орайы келгенде баспахана директоры Әнуарбек Сағымбайұлы Тілеулесов жолдасқа шын жүректен алғыс айтқым келеді. Сол кісінің қолдауы бізді де қанаттандырды. Содан барып газетімізді Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне тіркеттік.

– Сөзіңізді бөлгенім үшін кешірім өтінем, «Сақшы» газеті қашан тіркеліп еді?

– Газетті осы жылдың бас кезінде, анығырақ айтар болсам, қаңтар айының аяғында тіркетіп алғанбыз.

– Ендеше, «Сақшыны» шығару мәселесі неге осыншама кешеуілдеп қалды?

– Қазіргі жағдайды өзіңіз де білесіз. Экономикалық қиындық, қаржы тапшылығы бар, оның үстіне бұл газетке басшылық тарапынан құлық болмағанын да айтып өттім. Тіпті, «Сақшыны» тіркетіп алған соң, сол үшін сөз естіп те қалғаным бар. Осындай себептермен кешігіңкіреп шыққалы отыр. Бір тәуірі, сең қозғалды.

– Газетке кімдер жазыла алады? Таралымы қанша дана болмақ?

– Біздің газетке бұрын тек қана ішкі істер органдарының қызметкерлері жазыла алатын еді. Қазір құпия газет емес. Тұрғын халықтың қалағаны жазыла алады. Біздің алдын-ала есебіміз бойынша «Сақшы» газетінің таралымы 30 мың дана

болмақ. Газеттің редакторы Базарбай Исаев жер-жерге арнайы хат жазған. Оған аудандық және қалалық ішкі істер бөлімдері бастықтарынан жеделхаттар түскен.

Бытырғы газетке жазылу науқанында Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт (бұрынғы Ленин) аудандық ішкі істер бөлімдерінің бастығы Рысдәулет Әбдікәрімов жолдас «На страже» газетінің 1001 данасына жазылуына халыққа мүмкіндік жасаған еді. Биыл «Сақшыға» жазылуда да осындай өнеге танытар деп отырмыз. Мұндай ізгілікті істі қазақтар шоғырланған аудандық ішкі істер бөлімдерінен де күтеміз.

– Егер құпия болмаса, республика ішкі істер органдарында қанша адам қызмет ететінін білуге бола ма?

– Бұрын, әрине, қызметкерлер саны айтылмайтын еді. Қазір жариялылық заманы емес пе. Жақында «Российская газета» өз республикасында 521 мыңнан астам милиция қызметкерлері барын жазған еді. Ендеше, біз несіне жасырамыз. Біздің республикадағы ішкі істер органдарында 76 мыңнан астам қызметкер бар. Соның ішінде қазақтар да аз емес. Олардың өздері жазылса, оның үстіне әр қызметкер «Сақшыны» насихаттап, бірнеше азаматтың жазылуын қамтамасыз етсе, «Сақшының» таралымы аз болмас еді.

– Қазақстан Республикасының ішкі әскер басқармасы «Қалқан» дейтін газетін апта сайын шығарып жатыр. Он екі беттік газетті әскерлерге тегін таратып отыр екен. Сіздерде, жаңа өзіңіз айтқандай, жазылу барысы жақсы болса, газетті ай сайын бір рет емес, аптасына шығару жағын қарастырмайсыздар ма?

– Бұл көбіне қағаз проблемасының шешілуіне байланысты. Қазақ газетін биылша ай сайын бір рет шығара тұрып, келер жылдан бастап апталық газет етуге тырысып көрерміз.

– Қазақ газетінің алғашқы саны шілде айында шыға ала ма?

– Жазылу тәсілдерінің қиындығына байланысты «Баспасөз одағымен» келісіп, жарты жылдыққа жазылу науқанын тамыздың он бесіне дейін создық. Осы мерзім ішінде «Сақшыға»

жазылып қалу керек. Ал, «Сақшының» шілде мен тамыз айындағы сандары бірігіп, тамыздың соңғы жұмасында шығатын болады.

– Газеттің әр санының бағасы қанша сом болмақ? Индексі қандай? Екінші жартыжылдыққа жазылу бағасы ше?

– Өзіңіз білесіз, қазір баспахана шығыны, қағаз бағасы, «Баспасөз одағы» арқылы газетті таратуға қажетті қаржы күрт өсіп жатыр. Осыған байланысты газеттің бір данасының бағасы 5 сом. Жарты жылға жазылу бағасы 30 сом. Индексі – 65411. Әрине, амалсыздан осылай етуге тура келіп отыр. Жаңа жылдан бастап, егер газет шығынына кететін қаржы бірқалыпты болса, бағасын қайта қарармыз деп ойлаймыз. Біздің ішкі істер органдарының қызметкерлері, әсіресе, қазақ азаматтары мен қазақша білетін ағайындар «Сақшыға» жазылу науқанын ұйымшылдықпен өткізер, біздің игі бастамамызды қолдар деп сенемін.

– Әңгімеңізге рақмет.

**«Халық кеңесі» газеті,
31 шілде, 1992 жыл.**

ТЕРГЕУШІГЕ ДЕ ТІРЕК КЕРЕК
(ҚР ішкі істер министрінің орынбасары,
генерал-майор Рүстем Қайдаровпен сұхбат)

Біздегі ішкі істер саласында қазіргі кезде 3 мың 40 тергеуші жұмыс істейді. Өткен жылы осы тергеушілердің қолына 190 мың 779 қылмыстық істер келіп түскен. Егер бір тергеуші бір жыл ішінде 40-45 қылмысты істі қарауға тиісті екенін еске алсақ, онда ішкі істер саласында 4 мың 240 тергеуші жұмыс істеу керек екен. Ендеше, дәл қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде 2 мыңдай тергеуші жетіспейді деген сөз. Ал қылмыстар саны күннен күнге өрши түспесе, әзірге бәсеңдер түрі байқалмайды.

– Рүстем Есімханұлы, қазіргі кездегі қылмысты әрекеттердің қаулап өсіп кетуі себептер жөнінде құқық қорғау органдары өкілдерімен әңгімелесе қалсақ, бәрінің айтатыны біреу. Ол – бүгінгі экономикадағы және саяси өміріміздегі дағдарыс салдарынан дегенге әкеп саяды. Бұл енді, елдің бәріне белгілі жағдай болды. Алайда, солай екен деп құқық қорғау органдары қол қусырып отыра алмайды. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің орынбасары, тергеу жөніндегі Бас басқарманың бастығы ретінде өзіңіз бұл жөнде не айтар едіңіз?

– «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген сөзді атам қазақ кезінде бекер-ақ айтқан ба деп ойлаймын кейде осы. Себебі заман ағымы сәл бұлаң етіп еді, осыны күтіп жүрген жылмақайлар бір-ақ күнде арсалаңдап шыға келді емес пе? Енді, міне «түлкі» алдырмай, «тазы» шалдырмай әуре сарсаңға түскен жайымыз бар. Құқық қорғау өкілдері қанша жанталасқанмен қылмыс азаяр емес. Мына қалпымызбен таяу арада қылмыстың жолын түгелдей кесеміз деп ешкім үзілді-кесілді айта алмас, сірә. Қазіргі кезде көп қылмыстар түрі қандай, оған қарсы

күрес қай деңгейде жүріп жатыр деген сауалдардың басын ашып алу керек сияқты. Олай етпесек, бірді айтып бірге кетіп қалуымыз мүмкін.

– Менің сізден сұрайын дегенім де осы еді.

– Ендеше, тыңдаңыз. Бұрынғы тоқырау жылдарын, темір құрсаулы құрылымға негізделген КСРО-ны қанша жамандағанымызбен, ол кезде белгілі бір жүйе, қатаң тәртіп сақталғанын несіне жасырамыз. Әрине, ол кездері өктемдік пен бюрократизм, көзбояушылық, тағы басқа келеңсіз құбылыстар жөнінде әңгіме бір басқа. Бірақ дәл қазіргі кездердегідей бейберекетсіздік, қылмыстың адам естімеген түрлері аз еді ғой. Рас, ол кезде де қоғамда тәртіп бұзушылар, ұры-қарылар, бұзақылар, жеке адамдар мен мемлекет мүлкіне қол сұғушылар кездесіп қалатын. Қандай ізгілікті қоғамда да, өркениетті мемлекетте де мұндай оқиғалар бой көрсетпей тұрмайды. Бірақ ол қылмыстарға дер кезінде тосқауыл қойылып, кінәлілер тиісті жазаларын алатын. Тәртіп қатаң сақталды, заң бұлжытпай орындалды. Бұдан бес-алты жыл бұрын «бәлен жерде атыс болыпты, тапа-тал түсте мұздай қаруланған қарақшылар үй тонапты, вагон-вагонымен мемлекет мүлкін тасып әкетіпті» дегенге таңданар едік. Ал саудагерлікпен айналысып жүргендерінде қолға түсіпті дегенді естісек, жерге кіріп кете жаздайтынбыз. Қазір мұның бәріне етіміз үйреніп алғандай. Өйткені, кейбіреулер мұны нарықтық қатынастың бір белгісі деп түсінсе, енді біреулер жоқшылықтың салдарынан деп кешіріммен қарайды.

– Келесі біреулер мұның себебі тәртіптің жоқтығынан, құқық қорғау өкілдерінің өздері жемқорлармен ауыз жаласып кеткендіктен-ау деп топшалайды.

– Оныңыз да рас. Осы өмірдегі болып жатқан заңсыздықтардың бәріне құқық тәртібін қорғаушылар, милиционерлер кінәлі деп түсінеді көпшілік. Себебі прокуратура, сот қызметкерлерінен гөрі милиционерлерлердің іс-әрекеті халықтың көз алдында өтіп жатады. Қақаған қыста, аптап ыстықта күндіз-түні көшеде жүретін, сендей сапырылысқан көліктердің жол тәртібін

сақтауын қадағалайтын, шыбын жанын шүберекке түйіп, төбелес пен атыс-шабыстардың ортасында жүретін де солар. Сөйтсе де жұртшылыққа ең алдымен жаман атты болатын да осы ел сақшылары.

– Генерал мырза, осы арада тағыда сөзіңізді бөлейін. Бұл әңгіmemіз де көптен бері айтылып жүрген жайттардың бірі. Көпшілік болған соң не демейді? Қайсы бірінің аузына қақпақ қоямыз. Сондықтан, мына өзіңіз тікелей басшылық жасап отырған тергеу басқармасы саласындағы жұмыстар төңірегінде ой қозғасақ...

– Қазақстанда тергеу қызметінің құрылып, жұмыс істей бастағанына биыл алтыншы сәуірде 30 жыл толады екен. Міне, осы қарсаңда өткенімізді бір ой сарабына салып, болашаққа болжам жасай кеткен де дұрыс. Тергеу саласындағы өзекті мәселелерді айта берсек, әңгіmemіз ұзаққа созылары сөзсіз. Сондықтан, бүгінгі іс-ахуалымызды цифрлар тілімен қысқаша сипаттап берсем деймін.

Заманның өзгеруіне байланысты бұрынғылардың бәрін іске алғысыз етіп, лақтырып тастадық. Ал оның орнына жаңадан ойлап тапқан әзірге ештеңеміз жоқ. Мәселен, бұрынғы жылдары бір тергеуші бір жылда 40-45 қылмысты істерді қарап шығуға тиісті болатын. Ал, бүгінгідей қылмыстың шарықтап өсуі салдарынан бір тергеушіге бір жыл ішінде жүзден астам істі ашып, дәлелдеуіне тура келеді. Бұл дегеніңіз өте ауыр жұмыс екенін екінің бірі біле бермейді де. Мынаған қараңыз, өткен жылы республика бойынша 200 мың 873 қылмыстық оқиғалар тіркеліпті. Яғни, оның алдындағы жылмен салыстырғанда қылмыс көлемі 15,5 процентке өсе түскен. Мұның ішінде өте ауыр қылмыстар саны 32 мың 122-ге жетіп жығылыпты. Осы деректі біз тағы да мұның алдындағы жылмен салыстырсақ, ауыр қылмыс көлемі 20 процентке өскенін байқар едік. Жасалынған қылмыстардың 190 мың 779-ы тергеушілердің қолынан өткен. Енді дәл бүгінге дейін республика бойынша қанша тергеуші жұмыс істейді дейсіз ғой. Айтайын, барлық жиыны бізде күні бүгінге дейін

3 мың 40 тергеуші ғана бар. Егер жоғарыда көрсетілген қылмыстар санына бөлсек, бізде әлі 2 мыңдай тергеуші жетпейтіні белгілі болып шыға келеді. Қарапайым, есеп- қисап тілімен айтсақ, бүгінде штатта 4 мың 240 тергеуші болуға тиісті.

– Қылмыстың алдын алу, оны ашу, сосын жазалау деген үш процестің ортаңғысы, яғни қылмысты ашу міндеті тергеушілердің мойнына жүктеледі. Егер, қылмыс ашылмаса, ол дәлелденбесе, қылмыскерге тиісті жаза қолдану да мүмкін емес. Олай болса осы қылмыскерлерді дер кезінде ұстаған із кесішілердің (уг.розыск) еңбегі де еш кетті деген сөз ғой. Сондықтан, ең алдымен, тергеу жұмысын жолға қою қажет шығар.

– Менің негізгі айтайын дегенім де осы еді. Тергеушілердің қазіргі материалдық жағдайы, моральдық әл-ахуалы сын көтермейді. Мына бір дерекке тағы да назарларыңызды аударайын. Республика бойынша бізде әзірге 3 мың 40 тергеуші бар дедік Оларға арнайы берілген көліктің саны 199 ғана. Сонда бір тергеушіге қанша көліктен келетінін есептей беріңіз. Заң бойынша 8 тергеушіге бір машинадан бөлінуге тиісті. Мынадай қиын жағдай да ол мүмкін бе? Әрине, жоқ. Сонда қаланың бір басынан екінші басына салпақтап жаяу жүрген тергеуші қайтіп онды іс бітіре қойсын. Оның үстіне бір қылмысты іске байланысты бірнеше адамнан жауап алауға тиісті. Шақыру қағазы бойынша тергеушіге келуге тиісті куәгерді мекеме басшылары жұмыстан босатпайды, себебі оған жұмыста жоқ уақыты үшін ақы төлемейді. Бұдан кейін тергеуші өзіне қажетті адамды жаяу-жапылап іздеп, қаланың әр бұрышында қаңғып жүргені. Осы тығырықтан шығу үшін тергеушіге көмекші ретінде бір старшиналық қызмет ашу жөнінде рұқсат алғанбыз. Ол адамның еңбек ақысы жергілікті өкімет тарапынан қаржыландарады. Қылмыстың азаюына мүдделі жергілікті басшылардың біразы бұған қол ұшын беріп те жатыр. Дегенмен, көпшілігі әзірге үнсіз отыр. Осы арада мен, біздерге көлік жағынан, бейнетаспа, жазутаспа сияқты тергеушіге қажетті құрал-жабдықтар бөліп, көмек

көрсете білген Балхаш мыс қорыту өндірістік бірлестігінің басшысына, Жезқазған түсті металлургия ғылыми-өндірістік бірлестігінің басшысына алғысымды білдіре кеткім келеді.

– Бұл жалғанда біреуге күнінді түсіре көрмесін. Өзін қиыннан жол тауып, бір амалын таппасаң, кімге-кім қарасатындай заман қазір. Облыстық ішкі істер басқармалары, аудандық ішкі істер бөліміндегі тергеушілердің хал-күйі қалай екен?

– Дұрыс айтасыз, біреуге күнінді түсіре көрмесін де. Заманның қиындығына қарамастан тергеушілердің жағдайына қатты көңіл бөлетін Семей облыстық ішкі істер басқармасының, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстық, Алматы қалалық ішкі істер басқарма бастықтарының игі істерін атап өткен жөн. Мәселен, Қостанай облысында бүгінгі кезде 8 тергеушіге бір машинадан бөлініп отырғаны қуантарлық жәйт. Ал жаңағы атап өткен облыстарда көлік мәселесі толық шешілмегенімен, тергеушілерге көмекші бөлу жағдайлары біраз шешілген сияқты. Басқалар да осылардан үлгі ала білсе деймін.

– Иә, тергеу ісінде өзекті проблемалар көп. Соның бірі, тергеушілердің мәртебесін (статусын) бекіту ісі талайдан бері сөз болып келе жатқанын білеміз. Бұл қажет те. Себебі, жасалған қылмыстың бүге-шігесін тергеушіден басқа ешкім білмейді. Бірақ, қылмыскерге жаза кесу, сотта оның ісін қарап, үкім шығару жұмыстарына тергеушілердің қатыстырылмайтыны түсініксіз. Сот мәжілісінде судьяның алдынан сәл бір қиыншылық шыға қалса болды, сол істі қайта тергеуге жібере салатын сияқты көрінеді маған. Бұған сіз қалай қарайсыз?

– Бұл сөзіңіздің жаны бар. Тергеуші істі қолға алып тексере бастағанда оның қандай күйде болатынын бір сәт көз алдымызға елестетіп көрейікші. Ол өзінің тікелей бастығына қарап бір жалтақтаса, прокурорға қарап екі жалтақтайды. Сондай-ақ ол қылмыскердің алдында, оның туған-туысқандары мен қорғаушысының алдында заңдылықты сақтау тұрғысынан тағы

жауапты. Осыншама ауыртпалықты көтеріп, қылмысты істің бүге-шігесін ашу жолында маңдай терін аямай төккен тергеушіні сот мәжілісіне қатыстырмау, кейбір түйткіл тұстарды оның өз көзінше сұрамау әділдікке жата ма? Міне, сол үшін тергеушінің ресми мәртебесін көтеретін уақыт жетті деп білемін. Бұл орайда біз арнайы заң жобасын да жасап қойдық. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің келесі сессиясына осы жобаны ұсынбақ ойымыз бар. Сол сияқты Қылмысты істер кодексі мен Қылмыстық істерді жүргізу кодексіне де өзгерістер енгізіп, оны түбегейлі қайта қарап шығатын мезгіл баяғыда-ақ жеткен. Бірақ...

— Ойыңызды түсіндім. Осы мәселені Жоғарғы Кеңестегілердің, Жоғарғы Сот пен Прокуратураның назарына газет арқылы жеткізсем дейсіз ғой. Бірақ, біздің «Сақшы-На страже» газетінің үні олардың құлағына жетпей жатқанын осы арада сіздің де есіңізге сала кеткім келеді. Сондықтан, бұл ой-пікірлеріңізді тереңдей жазып шығып, «Халық кеңесі» немесе «Егемен Қазақстан» сияқты көпшілік оқырмандарға кеңінен тарайтын газеттерде жариялау керек. Ал, сіздер болашақта өз газетіміздің де мәртебесін көтеріп, республикамыздың көптеген оқырмандарына кеңінен тарайтындай жағына көмектессеңіздер қандай ғанибет болар еді.

— Сіздердің тараптарыңыздан ондай үлкен талап болса, неге қостамасқа. Қолдан келгенше министрлік тарапынан материалдық жағынан көмек беруге біз де тырысып көрейік.

— Рақмет...

«Сақшы-На страже» газеті,
25 ақпан, 1993 жыл.

ХАЛЫҚТЫ СҮЛІКТЕЙ СОРҒАНДАР

«Алып қойды, жеп қойды», «атып кетті, шауып кетті» деп ақпарат құралдары қаншама дабыл көтергенімен одан ештеңе өзгермейтініне көптің көзі жете бастағандай. Ешкім қазір ештеңеден тайынбайды, ал жемқорлар ештеңеден қаймықпайды. «Өтпелі кезеңде осылай болуға тиісті» деп кейбір шенеуніктер елді алдарқатып қойғысы келетінін қайтерсің. Бұл пікірмен мүлдем келісуге болмайды.

Егер бұған дейін шыққан және шығып жатқан заңдарға назар салсақ, олардың арасынан өтпелі кезең үшін жасалынған жеңілдіктерді кездестіре алмаймыз. Керісінше, қатаң тәртіп пен қылмысқа қарсы күрестерді күшейту амалдары молынан қарастырылған. Ендеше бос белбеулікке жол беріп отырған кім? Ол – билік басында отырғандардың өздері дегенді жиі естиміз. Осы рас па?

Мұны дәлелдеу бүгінде ешқандай қиындық тудырмайды. Құрылғанына бір айдың ғана жүзі болған Салық полициясы комитетінің қызметкерлері бізге таяуда мынандай деректер ұсынған. Оны мұқият оқып шыққан адам нарық қатынастарының тығырыққа тірелу себептері – дұрыс заңды әдейі бұрыс пайдаланудан туындағанына көз жеткізер еді. Соның салдарынан қарапайым халық қазір кедейліктің қамытын мойнына киіп, өзінің табан ақы, маңдай терімен тапқан азын-аулақ тиын-тебеніне қалай қол жеткізерін білмей отыр.

Есесіне қайдағы бір компаниялар мен фирмалардың жеке-леген өкілдері көлденең табыспен қалталарын қампита түсуде. Мәселен, өзіміздегі тұралап қалған өндірістерге жан бітіріп, отандық тауарларды молынан шығару үшін шетел инвестицияларын тарту қажеттігі нарыққа көше бастаған 90-шы жылдардың басында қолға алынған болатын. Осы істі жүзеге асыру үшін 1994 жылдың 27 желтоқсанында «Шетелдік инвестициялар туралы» арнайы заң қабылданғанды. Оның 22-бабының

1-тармағында «шетел қатысатын кәсіпорын жарғылық қорын шетелдік инвесторлардың салымы ретінде Қазақстан Республикасына әкелінетін мүлік кеден бажын төлеуден басталады» деп жазылған.

Шетел капиталын тарта отырып, тоқтап қалған өндіріс орындарын іске қоссақ, сөйтіп әлемдік бәсекелерде топ жармаса да әзірге өз қажеттігімізді өтеуге жарарлықтай тауар шығарсақ деген оң ниеттен туындаған осы бап сол кезде-ақ қақпақылға түсіп жүре берген екен. Заңның негізінде үкіметіміз шетелден келетін қандай тауарлардан кеден бажын алмау қажеттілігі жөнінде арнаулы қаулы шығарған. Бұдан кейін Қазақстандағы фирмалар мен компаниялардың көбісі «Глотур», «Достық-Интерватто», ТРК «Мир» сияқты шетелдік фирмаларға жол тауып, олардың жеңілдіктерін пайдалана бастаған. Дәлірек айтсақ, біздегі фирмалар шетелден келген арзан тауарларды өткізу үшін делдалдықпен айналысқан. Себебі, өздері шығарған отандық тауарлар қымбат болғандықтан, шетелден келген арзан тауарлармен бәсекеге түсе алмайды. Міне, мәселенің мәнісі қайда жатыр.

Нәтижесінде біздің базарларымызда отандық тауарлар көзден бұл-бұл ұшты. Оның орнына шетелдік арақ, темекі, тағы басқа арзан қолды бұйымдар қаптап кетті. Сөйтіп шетел инвестициясын тарту арқылы ұшпаққа шығамыз деген ұшқыр ой құрқиялға айналды. Шетелдік тауарлар тасқынына төтеп бере алмаған отандық тауар өндірушілердің бәрі қалтарысқа кетіп, күн көрудің басқа амалдарын қарастырды. Заңды жолмен жүріп, таза бизнеспен айналысудың түкке де қажеті жоқ екендігіне көзлері жеткен олар енді табыс салығын қалайда жасырып қалуға тырысты. Салық жинаушылар мен құқық қорғау өкілдеріне пара бере бастады. Мемлекет бюджеті күрт азайды. Жалақы ала алмаған халықтың кейбір тобы еріксіз ереуілге бой алдырды. Міне, заң шығарушылар мен оларды орындаушылардың білместігі немесе салақтығы мемлекетке қаншалықты зиянын келтірді десеңізші!

1997 жылдың басында парламентте «Шетелдік инвестициялар туралы» заң қайта қаралып, оған біраз өзгерістер енгізілді.

Мұнда енді керісінше отандық тауарларға салынатын салық азайтылды. Дегенмен, кейбір шетелдік компанияларға тиесілі жеңілдіктер әлі сол күйінде сақталуда. Яғни, олар шетелдің арзан тауарларын әлі де әкеліп базарларымызға үйіп төге береді деген сөз.

Салық полициясы комитетінің соңғы мәліметіне қарағанда, шетелден «жеңілдікпен» келіп жатқан кейбір тауарлардан салық алынбаудың салдарынан ғана мемлекет бюджетіне 5,7 миллиард теңге зиян келіпті. Бұл дегеніміз бюджетке 76 миллион доллар көлемінде қаржы түспей қалды деген сөз. Сонда бұл қаржы қайда кетті дейсіз ғой. Кеден сақшылары мен тәріп сақшылары мұндай жағдайды қалт жібермей, өздерінің «алым-салықтарын» алып отыратыны анық. Ал, оларды ұстап, қылмысын ашып, мойындату сол құқық қорғау өкілдерінің өздеріне жүктелген. Қасқырға қой бақтырған деген осы. Таяуда шетелдерден әкелінуге тиісті арнайы тауарлардың тағы бір тобының тізімі бекітіліпті. Барлық құны – 70 миллион доллар. Бұлардан кеден салығы алынбайды. Яғни, бюджетке 20 миллионнан астам доллар түспей қалады. Оның қызығын тағы да кеден тексерушілері мен жол сақшылары, тағы басқа сақшысымақтар көретініне күмәнданбай-ақ қояйық. Міне, қылмыс төркіні қайда жатыр. Ал осы қылмысқа жол ашуға кімдер себепкер болып отыр деген сұрақ туады. Оның жауабын әзірге ешкім айта алмайды. Салық полициясы комитетінің қызметкерлері «өздерің білесіңдер ғой» дегендей бұл жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды.

Ендеше, Үкіметте осыған тікелей жауапты адамдардың біреуі үн қататын кез келген сияқты. Бәлкім, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң күшіне енгеннен кейін бұл сұрақтардың жауабы табылар ма екен?! Оны уақыт көрсетер. Ол күн де алыс емес тәрізді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
13 маусым, 1998 жыл.

ШЕН-ШЕКПЕН ҚАЛҚАН БОЛМАЙДЫ **жемқорлар мен парақорлардың** **жолы кесіледі**

«Ұлттық қауіпсіздік туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдар жарыққа шығып, іс жүзінде қолданыла бастағалы да міне, бірнеше күндер өтті. Осы аралықта Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі, Бас прокуроры, тағы да басқа лауазым иелері «Егемен Қазақстанның» бетінде өз ойларын ортаға салып үлгерді. Бұл ретте Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы не айтар екен деген оймен Алматыдан Астанаға телефон шалғанбыз. Төраға демалыста екен. Комитеттің баспасөз қызметінің жетекшісі Кенжеболат Бекназаров Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары, генерал-майор Слэм Құдысұлы Әбсәметов мырза біздің сұрағымызға жауап беруге дайын екенін мәлімдеді. Сөйтіп, телефон мен факсті қатар қолдана отырып жазып алған сұхбатымыз төмендегідей.

– Слэм Құдысұлы, жақында қабылданған «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдар жөнінде, сол бойынша іске асырылып жатқан нақты шаралар жайында әңгімелеп берсеңіз.

– Жоғарыда аталған заңдарда ұлттық қауіпсіздігімізге төнетін қатер, сыбайлас жемқорлық пен оған қатысты құқық бұзушылыққа тұңғыш рет заңдық тұрғыда анықтама берілді. Қазіргі уақытта осыларды жүзеге асыру жолында нақты шаралар белгілеп жатырмыз.

Президенттің нұсқауына сәйкес, жоғары лауазым иелеріне қатысты сыбайлас жемқорлық фактілерін тексеру үшін комитет жанынан – ҰҚК, ПМ, салық полициясының кәсіпқой мамандарынан тұратын арнайы топ құрылды. Бұл арнайы топтың

жүргізетін маңызды жұмыстарын алдағы уақытта оқырмандарымызға айтатын боламыз.

– **Жарайды, оны алдағы уақыт көрсетер. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сыбайлас жемқорлыққа қатысты бұған дейінгі жұмыс нәтижелері қандай?**

– Бұл бағытта комитет бірсыпыра қызмет атқарды ғой деп ойлаймын. Нақтырақ айтсақ, сыбайлас жемқорлыққа байланысты 140 іс тергелуде. Әртүрлі деңгейдегі әкімдер мен олардың орынбасарларына қатысты – 20, сот – 11, прокуратура – 12, кеден – 10, ішкі істер қызметкерлеріне қатысты – 80-нен астам қылмыстық істер қозғалды. Осы мәліметтердің өзінен-ақ біраз нәрсені пайымдауға болатын сияқты.

– **Ендеше, алдағы уақытта тағы біраз «атышулы» істер пайда болғалы тұр десеңізші.**

– Біз қай істі қарасақ та, оның «атышулы» болатын, болмай-тынына назар аудармауға тырысамыз. Ең маңыздысы – лауазым иелерінің отырған орнына, шен-шекпеніне қарамастан, құқыққа қарсы іс-әрекеттеріне тосқауыл қою ғой.

– **Кейбір сәттерде журналистік мамандықтың та арнаулы қызметке ұқсастығы бар. Мәселен, біз де сіздер сияқты ақпарат жинаумен айналысамыз. Сондай ақпараттың бірімен сізді қазір құлағдар еткім келіп отыр. Мүмкін сіз ол жайында естіген де шығарсыз. Атырау облысында «Теңіз Шеврон Ойл» бірлескен кәсіпорны жұмыс істейтіні белгілі. Ал, соған қатысты елді мекенді, газ өңдеу зауытын, мұнай өндірісін, қоймалар мен тұрғын үйлерді, мейманханаларды шетелдік қарулы күзетшілер қорғайды-мыс деген дерек бар. Осы рас па? Егер рас болса бұл қарулы күзетшілердің іс-әрекеті Қазақстан заңдарына қайшы келмей ме?**

– Әрине, бұл біздің заңдарымызға қайшы келеді. Әсіресе, Ата заңымызға. Конституциямыздың 5-бабында «...заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады» деп анық жазылған. Дегенмен, сіз айтып отырған жайт тыңғылықты тексерілетін болады.

– Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ендігі бір қызмет аясы шетел барлауына қарсы тұру екендігі белгілі. Иран шпиондарының ұсталуын кейбіреулер Қазақстанда «шпионаманияның басталуы» деп бағалап жатты. Осыған байланысты қандай пікір білдірер едіңіз?

– Қазіргі Қазақстанның мемлекеттік құрылымын дамыту кезеңінде халықаралық қоғамдастыққа батыл еніп, экономикадағы интеграция процесін жеделдете түсуі оның сыртқы саясаттағы белсенділігіне тікелей байланысты болмақ. Осыған орай ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету саласында шетелдік арнаулы қызметтермен тікелей байланысып, оларға қарсы тұра қызмет атқарып жүрген қарсы барлау бағыты да маңызды істерді шешу үстінде. Шетел барлауының күш-жігері ең алғашқы кезекте республиканың қорғаныс-өнеркәсіптік әлеуеті, сыртқы саясаттағы қызметінің артықшылығы, елдегі экономикалық және құқықты реформалардың іске асуы жөніндегі ақпараттарды жинауға бағытталған.

Тіпті, кейбір арнаулы қызметтер осындай жабық түрдегі ақпараттарды жинаумен айналыса жүріп, республиканың саяси және экономикалық жағдайының дамуына өз ықпалын жүргізуге мүмкіндік беретін алғышарттар жасауға ұмтылуда.

Бұл әңгіменің ауқымы өте кең. Мен сізге шет жағын ғана айттым. Оның бәрін нақтылап жатуға жағдай көтермейді. Десе де, шпионаманияға қатысты объективті пікірдің қалыптасарына сенгім келеді.

– Сізге мынадай бір жайт жөнінде айтқым келіп отыр. Есіңізде болар, былтырғы жылы Ресей Федералдық қауіпсіздік қызметі өз жүйесінде «Сенім телефоны» дегенді енгізгені бар. Ал олардың қазақстандық әріптестері осындай жаңалық жөнінде не ойлауда?

– Бұндай қызмет жүйесінің тиімді екені сөзсіз. Оның нәтижесі де мол. Бірақ, бұл айтарлықтай жаңалық емес. Қай жерде заңсыз іс-әрекет жүріп жатыр немесе болғалы жатыр, ол жөнінде кез келген азаматтың құқық қорғау органдарына, оның ішінде

ұлттық қауіпсіздік орындарына хабарлауы – азаматтық парызы. Қауіпсіздік органдарындағы кезекшілік қызметтердің телефондары тәулік бойына жұмыс істейді. Одан бөлек өздеріңіз күнде байланыс жасайтын баспасөз қызметтері де бар.

Бізге азаматтардың телефон шалуы арқасында түрлі оқиғаларға тосқауыл қойылған жайттар жетерлік. Оның ішінде, сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан қылмыс, паракорық, шетел азаматтырының күдік туғызарлық іс-әрекеттері, тағы басқа түрлі оқиғалар болды. Мәселен, таяуда ғана осындай көмектің нәтижесінде біз құқық қорғау саласының бір топ қызметкерлерін 4 мың доллар пара алып жатқан жерінде қолға түсірдік.

– ТМД елдерінің арнаулы қызметтерімен байланыстырыңыз қандай, нақты нәтиже бар ма?

– Ең бастысы, ТМД-дағы әріптестерімізбен байланысымыз серіктестік және өзара тиімділік тұрғысында дамуда. Оның ішінде ұйымдасқан қылмыс, терроризм, наркобизнес, радиолық және радиоактивтік материалдар айналымдарына қарсы күрес бойынша өзара келісімдеріміз бар.

Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа елдердегі әріптестерімізбен бірлесе отырып есірткі, қару-жарақ және басқа да контрабандалық сыртқы сауда жүктерінің жолына тосқауыл қою мақсатында күрделі іс-шаралар өткізілді. Бұлардың бәрі кезінде баспасөз беттерінде жарияланды да. Қазақстандағы ғарыш айлағы – Байқоңыр арқылы Ресейге есірткі, контрабандалық заттар тасумен айналысқан халықаралық топ жөнінде тоқтала кетейін. Осынау оқиға барысында 11 адам Мәскеуде, 7 адам Қызылорда облысында тұтқындалды. Нәтижесінде 200 килограмм есірткі, ондаған атылатын және суық қару түрлері, заңсыз жолмен жеткізілген шетелдік валюта, оның ішінде есірткі үшін төленген 70 мың доллар тәркіленді. Есірткі тасымалдауға олар Ресейдің әскери әуе күштеріне қарасты АН-12 ұшағын пайдаланғанын қайда қоясыз. Ұсталғандардың арасында милиция офицері мен кеден инспекторы, әкімшіліктің бұрынғы лауазымды қызметкері, белгілі бизнесмендер де бар.

– Еліміз үшін аса маңызды болып табылатын «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңның қабылданғанын жоғарыда айттық. Әйтсе де, сол заңның 19-бабында былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасы Бас прокурорының ұсынуымен уәкілетті мемлекеттік орган ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметін тоқтата тұрады». Осыған байланысты енді саяси партиялардың қызметі тоқтатылады-мыс, бұрынғы саяси қудалаудың басы осы болмақ деген тәрізді әңгімелер айтылуда. Бұл жөнінде не дер едіңіз?

– Бұл – жай ғана қауесет. Занда «тоқтатылады» деп емес, «тоқтатыла тұрады» деп жазылған. Жалпы, саяси партияларды ешкім де түбегейлі жауып тастайын деп жатқан жоқ. Конституцияда барлығы нақты көрсетілген.

Бүгінгі күнге дейін жабылған партия болса, айтыңызшы. Әлде, ондай дерек сіздерде бар ма? Қазақстандағы партиялардың бәрі тіркеуден өткен, олар қорқатын себеп әзірге көрінбейді. Саяси көзқарастары үшін саяси қудалаудың заманы келмекке кетті. Қазіргі Ұлттық қауіпсіздік комитеті ең алдымен жеке адамның, содан кейін ғана қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Олай болса, ешкім де, ешқандай партия да саяси көзқарасы үшін ешқашан қудаланбайды.

– Қазақстанда қаптап жүрген діни ұйымдар мен әртүрлі секталардың жұмыстары қалай реттелмек? Олар тарапынан біздің ұлттық қауіпсіздігімізге төнетін қауіп-қатер бар ма? Діни ұйымдардың, оның ішінде вахабизмнің іргеміздегі Өзбекстанда қандай қимыл жасағандары баршамызға мәлім. Оларға сіздер тарапынан тыйым салынған жайттар болды ма?

– Қазіргі таңда ортодоксалды ислам, христиандық бейресми топтардың белсенді іс-әрекеттерімен сипатталатын діни фактордың бой көрсетуі алаңдаушылық туғызуда. Даму үлгісі терроризм мен экстремизмге, әскери жасақ құруға алып келетін

мұндай діни ұйымдардың іс-әрекеті Қауіпсіздік комитетінің айналысатын жұмысы екендігі жасырын емес. Қолдағы мәліметтер исламдық діни қозғалыстар мен вахабизм бағытындағы ұйымдардың республика аумағында өз қызметтерін белсенділікпен жандандыра түскендіктерін байқатып отыр. Олар әртүрлі тәсілдерді пайдалануда. Бірі үгіт-насихат сипатындағы кітапшалар таратса, енді бірі радикальды исламды насихаттау үшін өздерінің эмиссарларын бізге жіберуде. Ондайлар тиісті құжатсыз келуі былай тұрсын, өз уағыздарында исламның басымдық алуын, Орта Азияда бірегей ислам мемлекетінің құрылуы қажеттігін, реакциялы діни-мистикалық вахабизм ілімі туралы кеңінен насихаттайды. Өз қатарларына жергілікті адамдарды тартып, соның негізінде заңсыз ұйымдар құруға тырысуда. Бұл айтылған жайттардан исламдық фундаментализмнің белгілерін байқау қиын емес.

Оңтүстік Қазақстанда діни бағыттағы қимыл-әрекеттерінен экстремистік белгілер байқалған бір топ шетел азаматтарына қатысты қылмыстық іс қозғалды. Олардан реакциялы-ислам бағытын насихаттайтын көптеген әдеби құралдар алынды.

Аталған бағыттағы әрқилы діни қозғалыстардың қимылын толық, нақты реттейтін Қазақстан Республикасының заңдылық күші бар актілерін дайындау – бүгінгі таңда аса маңызды әрі кезек күттірмейтін шаралардың бірі. Сонда ғана, біз бұл қауіпті түбегейлі реттеп, оған бақылау орната аламыз.

– Дұрыс екен. Алыс та болса жақын тұрғандай пікір бөліскеніңіз үшін рақмет!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
29 шілде, 1998 жыл.**

ШЕТЕЛДЕН ЖҰМЫС ІЗДЕП АЛДАНҒАНДАР

Кеше Алматы қалалық қаржы полициясы департаменті тергеу бөлімінің бастығы подполковник Шайсұлтан Ахметов журналистермен жүздесіп, Қазақстан азаматтарын шетелге апарып «жарылқамақшы» болған Атанова Гүлсара деген азаматшаны жауапқа тартып жатқандарын хабарлады. Атанова қылмыстық жауапкершіліктен құтылу мақсатында осы департаменттің инспекторына 500 доллар пара беріп жатқан жерінде қолға түскен. Нақтырақ айтсақ, оқиға төмендегідей болған:

Салмин А.Г. деген азамат «Коммерчале-Италия» ЖШС-ның «Вакансия» газетінде жарияланған хабарландыруы бойынша оның директоры Г.Атановаға жолығады. Келісім бойынша Салмин оған 1500 АҚШ долларын төлейді, қолынан ол жөнінде қолхат алады. Сөйтіп, Лондонға барып жұмысқа орналасу үшін белгілі мерзімді күтуіне тура келеді. Бірақ, Атанова уәдесін орындамайды. Ақыры Салмин қаржы полициясына шағымданған.

Қаржы полициясы «Коммерчале-Италия» ЖШС-інің Қазақстан салық орындарында тіркелмегендігін анықтаған. Сондай-ақ, Алматы қалалық әкімдігінің жанындағы экономика жөніндегі комитетінен алынған мағұлматтарға қарағанда, бұл фирманың Қазақстан Республикасы аумағынан сыртқа жұмыс күшін шығаруға арнайы рұқсаты да жоқ екендігі белгілі болды. Тексеру, тергеу барысында Атанова қылмыстық жауапкершіліктен құтылу үшін қаржы полициясының бір инспекторына 500 доллар пара ұсынды. Бұл жөнінде инспектордың өзі жоғары орындарға хабарлаған.

Қазір оның кәсіпкерлікпен заңсыз айналысқаны және лауазымды адамның өз міндетін орындауына бөгет жасап, пара ұсынғандығы жөніндегі екі іс біріктіріліп тергеу жүріп жатыр.

Атанованың алаяқтық әрекетінен зардап шеккендер қазіргі кезде лек-легімен қаржы департаментіне келіп арыздануда.

Атанова бұған дейін «Гарант» қоғамдық қорының президенті болған. Кейіннен «Коммерчале-Италия» деген ЖШС-ны ашқан. Тергеу барысында Атанова Англиядағы «Англофиль» деген фирмамен шартқа отырғандығын, ол фирма кейінгі кезде уәдесінен тайқып, бұл Қазақстаннан жіберген азаматтарды жұмысқа қабылдамай жатқанын айтып, ақталуға тырысқан. Интерпол арқылы тексеру жүргізгенде «Англофиль» атты фирма бүкіл Ұлыбританияда жоқ екендігі анықталды.

Сондықтан, шетелге барып жұмыс істеуге ниет еткендер ең алдымен арадағы делдал фирмалардың құжаттарын мұқият тексеріп алып, іскерлік байланысқа түскендері абзал.

**«Егемен Қазақстан», газеті,
18 наурыз, 2003 жыл.**

СӨЗ СОҢЫ

Хрестоматияға баспасөз бетінде жарияланған, құқық тақырыбына жазылған барлық мақалалар енгізілмеді. Оның бір себебі, кезінде қолда сақталмаған материалдардың бәрін газет беттерінен іздеп табу қиынға соқты.

Ұқыпты адамдар әр жарияланымның түпнұсқасын немесе оның шыққан күні мен айын, жылын, басылым атын көрсетіп, түзілім жасап отырар еді. Біздің оған уақытымыз болмапты, ұқыптылығымыз бен ыждаһаттылығымыз да жетпепті.

Сондай-ақ, күндердің күнінде ұстаздық жолға түсеміз-ау деп те ойламаппыз. Ал, осы мақалардың басын қосып, хрестоматия ретінде ұсынуды әріптестеріміз құлаққағыс етпегенде, бұл істі тіпті де қолға алмайтындай екенбіз.

Сонымен, төрт кітап кафедраның, факультеттің ғылыми кеңесі талқылауынан өтіп, баспаға дайындалды. Міне, бірінші томның соңғы беті де жабылды. Не есімізде қалды, нендей тағылым алдық? Тәуелсіздік жылдардың отыз жылғы аралыған қамтыған осынау мақалалардан не түсіндік?

Ата заңымызда Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықты мемлекет екендігі баса көрсетілгенін жақсы білесіздер. Біз сол жылдардан бастап еліміздің жаңа қоғамға аяқ басқанына куә болдық. Демократияның дәмін таттық. Заңдылық сақталғанда ғана адам құқығы ең асыл мұраттардың бірі ретінде асқақтатап, зайырлы, дамыған, өркениетті ұлттық мемлекет құра алатынымызға сендік.

Құқықты реформаны жүзеге асыру барысында сол жылдары мемлекет тарапынан біраз жұмыстар жүргізілді. Мемлекеттік тергеу комитеті деген құрылым дүниеге келді. Прокуратурадағы, Ішкі істер министрлігіндегі, Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі тергеу қызметтері осы мекеменің құзырына берілді. Бірақ МТК көп ұзамай тарап тынды. Сөйтіп, бұл реформаның ғұмыры ұзққа бармады. Жұмыссыз қалған білікті тергеушілер басқа саларға ауысып кетті. Тіпті кейбір қылмыстық істердің құжаттары да ұшты-күйлі жоға-

лып кеткенін өз көзімізбен көрдік. Дәл осы сияқты Сот жүйесіндегі реформалардың да басы күптей, аяғы жіптей болып барып тынды.

Ал, біз – журналистер, еліміздегі өзгерістер мен оқиғалар жайында өз пікірлерімізді білдіруге тырыстық. Реформаторлардың өздерімен сұхбаттар жүргізіп, өзекті ойларды ортаға салдық. Апелляциялық, кассациялық негізде сын мақалалар жаздық.

Әрбір мамандықтың атқаратын өзінің саласы бар. Мысалы, сот, прокуратура, тергеу органдарынсыз зайырлы мемлекетті көзге елестету қиын. Қоғамдағы заң бұзушылықтардың, қылмыстардың, келеңсіз жағдайлардың алдын алатын – құқық қорғау органдары.

Ал, енді осы органдар өз ішінен шіріп бара жатса, кемшілігін кім айтады, халыққа кім жеткізеді? Құқық қорғау органдарында да қателіктер болуы, тіпті кейбір кездерде қызметкерлердің өздері коррупцияға баруы мүмкін. Ондай деректерді халық БАҚ арқылы білуге тиісті. Бұл жағынан келсек, БАҚ құқық қорғау органдары мен халықтың арасындағы дәнекер болып саналады.

Олардың жақсы жақтарын да, қателіктерін де халыққа сол қалпында әсірелеусіз, қоспасыз жеткізуге тырыстық. Құқық саласы жөнінде жазатын журналист ең алдымен адам құқығын қорғау үшін күреседі, әділеттікті іздейді. Кейбір кездерде нақақтан күйіп, істі болған адамдарға араша түседі, қоғамдық қорғаушы міндетін атқарады. Сондықтан, журналист заң тақырыбын білікті заңгерлерден кем білмеу керек екенін дәлелдеуге тырыстық.

Кезінде мүлт кеткен тұстарымыз да аз емес. Соның салдарынан төрт рет сотқа тартылдық. Үстімізден қылмыстық іс қозғалған сәттер де кездесті. Бірақ, журналистің атына кір келтірмей, дұрыстығымызды дәлелдеп шыққанымызды да кейінгі ұрпаққа мақтанышпен жеткізігіміз келеді. Бүгінде соның бәрі тарихқа айналды. Журналистік шеберліктің шыңдалған тұстары да осы кезеңдер еді. Ол жайында айтылар ойлар алдағы уақытта да ортаға түсер. Уақыт ағысы қалай аунаса да журналистика өз шындығынан айнамайды. Осы тұрғыда болашақ журналистерге бұл мақалалардың септігі тиіп жатса, біздің де журналистік ізденістеріміздің босқа кетпегендігі деп білеміз.

С.Жұмабекұлы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

І. Бөлім. Ақиқатқа бастар жол

Ату жазасы.....	6
Ату жазасына кесілгендер.....	14
Асуда ат ауыстырғанымызбен.....	24
Жайықтың жағасында жайсаң ел бар.....	28
Әкімнің әміршіл, соттың солқылдақ	36
Дербестік – даралану емес	39
Жаза тым жеңіл көрінді.....	46
Жазықсыз сотталсам да ақталмадым	48
Жалған ақша жасаушылар сотталды.....	56
Жарға жыққан жағымпаздық.....	58
Сот қылмыспен күреспейді... ..	71
Журналисті сотқа беру	78
Жекешелендіру – жеке шешу емес	84
Жең ұшынан жалғасқан судьялар	89
Жол жиегі жеке адамның меншігі емес.....	92
Заң бойынша өмір сүргің келсе... ..	99
Заң бұзбаған кім қалды.....	102
Заң жолындағы күрес – ар жолындағы күрес	105
Заң өзгерді, милиция, сен де өзгер	111
Заңды сақтау – арды сақтау	118
Заңдылықты сақтау – басты қағида	126
Заңсыз саудаға жол жоқ	130
«Зорландым» деп өтірік зорыққан қыздар	131
Өрімдей қыздың өлігін қорлап... ..	137
Сот медицинасы және моргтегі мәйіттер.....	143
Сот дербестігі туралы айтылар ойлар аз емес.....	148
Сот тәуелсіздігі түбегейлі шешілді ме?.....	154
Судья да өзіміздей адам	160
Судьяның бір сыры.....	162
Шартты шырғалап... ..	165

II. Бөлім. Құқықтық журналистика қадамдары

«Алынбайтын қамалдарға» амал бар ма?	174
Ажал мен абақтының арасында.....	178
Бес оқушы өртеніп кетті.....	190
Генерал жауаптан жалтарды. Неге?.....	194
Екінің бірінің қолынан келе бермейді	197
Жүректе ұйыған қан	200
Инспектордың бір күні.....	206
Инспектордың жаңа мәртебесі	209
Көршіден келген кесел	213
Қайсыбірін айтайық... ..	225
Қара қылды қақ жарғанға не жетсін!	228
Қарпып қалуға асыққан.....	234
Қыздар жүр көшеде «өзін сатып»	242
Қыршын кеткен құлыным-ай!.. ..	252
Милицияда мүмкіндік көп	261
Оқталмаған «Муха»	263
Өлмей қалғаны үшін кінәлі... ..	268
Өлікті көрден қайта қазып қарағанмен... ..	26
Полиция мен журналистердің ашық әңгімесі	280
Прокуратура өзіне-өзі сын көзімен қарағанда	281
Бас прокурор мүдірмесе екен	284
Сыртыңнан полиция бақылап жүр.....	286
Ашық тонау басталды	291
Тонауға тосқауыл.....	294
Теміржолдағы келеңсіздіктерді кім шешеді?.....	297
Тұрғын үй дауы	299
Сары Алмасты түрмеден кім шығарды?.....	302
Түрмеден шығаруды кім ұйымдастырды?	304

III. Бөлім. Журналистік айғақтамалар

Алыпсатарлар алшандай бере ме?.....	308
Аспанда «асыр салған» шенеуніктер	314
Бұл сөзімді басқалар білсе ғой!.. ..	316
Дәрігерлер де қылмыскерді қолдады	321
Доллар арқалап тағы да бой тасалады	327
Есірткі елге қауіп	329

Абайла! Ғасыр дерті қасыңда!.....	331
Ақыл-ойыңды тонатпа!	333
Жемқорлық – жымқыру мен қымқырудан... ..	337
Кәсіпкерлікті қақпақылға салмайық!	347
Қанішердің қолынан қаза тапқан... ..	354
Қара пышақтың әлегі.....	359
Қарақшылар бәрібір құтылмайды	363
Қамаудағылар – журналистер емес екен	365
Құрылтайшысы – екеу, қожайыны – біреу	367
Қылмысқа – бүкілхалықтық тосқауыл.....	375
Қылмыспен күресудің жолдары көп.....	378
Өз ісінді сүймесең, шындық үшін күймейсің	383
Құқық қорғаушылардың қылмысы	390
Пара алмасаң, айлығың өспей ме?	394
Жүрегінің жылуымен жеңеді.....	400
Полицияның бүгінгі бет-бейнесі	404
«Садовая-24» – қасірет мекені.....	410
Сыбайлас жемқорлық жойылады.... ..	413
Ұйымдасқан қылмыспен күрес... ..	421
Салғырттық салдары... ..	427
Сыбайлас жемқорлықпен күрес... ..	432
Үрей үйірген кезең	434
«Сақшы» газеті шығатын болды	437
Тергеушіге де тірек керек... ..	441
Халықты сүліктей сорғандар.....	447
Шен-шекпен қалқан болмайды... ..	450
Шетелден жұмыс іздеп алданғандар.....	456
Сөз соңы.....	458

Оқу басылымы

Серік Жұмабекұлы

**ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА**

Хрестоматия
1-том

Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *А.Т. Акылова*

ИБ №

Басуға 12.06.2025 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84/16. Көлемі 26,8 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №

Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды



Серік Жұмабекұлы

1982 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Бұдан кейін Қазақ ССР Республикалық кітап музейінде ғылыми қызметкер, «Жалын» баспасында редактор, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің органы «Халық Кеңесі» газетінде бөлім редакторы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органы «На страже-Сақшы» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім редакторы, Халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінде бөлім редакторы, «Президент және Халық» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Қазақстан» РТРК АҚ-да жетекші маман және редактор-сценарист қызметтерін қоса атқарды. 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде аға оқытушы.

Публицистикалық жанрда жазылған жеті жинақтың авторы. «Әр жылдар іздері», «Қыран қайта түледі», «Ұстаздың жан жылуы», тағы басқа кітаптарын кезінде оқырман жылы қабылдады.

Ол – ұзақ жылғы журналистік тәжірибесін теориямен ұштастырып, ғылыми айналысқа түсіру жолында еңбек еткен ұстаздардың бірі.

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.

